



3

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫН
АНТОЛОГИЯСЫ



ТАРИХИ
ЖЫРЛАР





«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»
ЖОБАСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Тәжин М.М., төраға
Балаева А.Ғ., жауапты хатшы

Әзібаева Б.У.
Әлбеков Т.К.
Жүсіпов Н.Қ.
Керім Ш.Т.
Күзембай С.Ә.
Қазтуғанова А.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қирабаев С.С.
Қоңыратбай Т.Ә.
Қорабай С.С.
Матыжанов К.І.
Пангереев А.Ш.
Рахымов Б.С.
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

3
ТОМ

ТАРИХИ
ЖЫРЛАР

Алматы, 2019

УДК 398
ББК 82
Д 15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы Матыжанов К.І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*), Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*), Әуесбаева П.Т. (*жауапты шығарушы*), Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Акматалиев А.А. (Қырғызстан), филология ғылымдарының докторы, профессор Керім Ш.Т., филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсадық А.А.

Д 15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: П.Т. Әуесбаева, Н. Елесбай. – Алматы: Brand Book, 2019.

ISBN 978-601-7218-29-4

Т. 3: Тарихи жырлар. – 2019. 584 б.

ISBN 978-601-7218-32-4

Дала фольклоры антологиясының 3-томы тарихи жырларға арналған. Томға «Еңсегей бойлы ер Есім», «Абылай хан», «Хан Кене», «Сәтбек батыр», «Бөгенбай батыр», «Қабанбай батыр», «Өтеген батыр», «Олжабай батыр», «Ер Жәнібек», «Райымбек батыр», «Барақ батыр», «Ағыбай батыр», «Жанқожа батыр» сияқты тарихи эпостың таңдаулы үлгілері топтастырылды.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

**УДК 398
ББК 82**

ISBN 978-601-7218-32-4 (том 3)
ISBN 978-601-7218-29-4 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2019



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

... Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемге дәріптеуге тиіспіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклоры антологиясы» он томдық топтамасының 3-томына тарихи жырлардың таңдаулы үлгілері енгізілді.

Тарихи жырлардың жадтан жадқа ауысып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып келген үлгілері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана хатқа түсе бастады. Кеңестік кезеңде бұл санаттағы туындылардың көпшілігі қатал цензураның елегінен өткізілгенімен қалай болғанда да, жинау жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Оларды алғашқы кешенді түрде жазып алу, жинау шаралары Ә. Диваевтың Жетісу-Сырдария (1920) және Ленинград мемлекеттік университетінің (1925 – 1926, құрамында М. Әуезов пен Ә. Марғұлан бар) ғалымдары ұйымдастырған Орталық Қазақстан, Семей, Жетісу экспедициялары кезінде жүзеге асырылды.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорларында сақталған 70-тен астам тарихи жырлар мен олардың көптеген нұсқалары әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдардың, қолжазбатанушы мамандардың, рухани мұраға қызығатын ел адамдарының ерен еңбегінің арқасында жинақталды. Олардың арасында халыққа кеңінен танымал болған тарихи туындылардан бөлек Жошы хан, Қасым хан, Жалаңтөс баһадүр, Баян, Қабылан, Қорлыбай, Қошқарбай, Марқабай, Науша, Көтібар мен Есет, Бөлек, Байсейіт, Байқазақ, Балуанияз, Досан, Ерден, Ермағамбет т.б. ондаған хандар мен батырларға арналған тарихи жырлар кездеседі. Алайда кеңестік идеология асқындап тұрған кезеңде бұл асыл қазыналарды толық жариялауға, халық арасында насихаттауға, іргелі түрде зерттеуге тыйым салынды. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары ғана олардың мәтіндерімен терең танысып, ғылыми жүйеге түсіріп, түпнұсқа негізінде жарыққа шығаруға мүмкіндік туды.

Томға жыр мәтіндерін іріктеу барысында түрлі ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікір алмасу жиындары өткізіліп, отандық, таяу және алыс шетелдердің танымал ғалымдарынан ақыл-кеңестер алынып, арнаулы ғылыми сарапшылар бекітілді. Мамандардың ұсыныстары, ғылыми сарапшылардың ой-пікірлері Институттың ғылыми кеңесінде талқыланып, ғалымдар тарапынан мақұлданды. Соның нәтижесінде томның құрылымы анықталып, құрастырушылар құрамы белгіленді. Ғылыми сарапшылардың қорытынды тұжырымы негізінде ұсынылып отырған томға ел тарихының түрлі кезеңдеріндегі ірі оқиғаларды, ерлік істерді баяндайтын 13 тарихи жырдың таңдаулы нұсқалары іріктеп алынды.

Томды баспаға дайындау кезінде жырлардың мәтіндері қадім, төте араб, латын жазуларындағы қолжазбаларымен, өзге де нұсқаларымен, басылым үлгілерімен салыстырылып, қате оқылған, болмаса қалып



кеткен сөздер, тіркестер, қысқартылған тұстар, ілгерідегі редакциялық өзгерістер қайта қалпына келтірілді. Басылым оқушыларға, студенттерге, жалпы оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін ішінара бейәдеп сөздер мен тармақтар қысқартылып, орнына көп нүктелер қойылды. Туындының мазмұнына нұқсан келтіретін кейбір ұғымдар, тіркестер, тармақтар түпнұсқа қалпын сақтап, әр беттің аяғында қысқаша түсініктер берілді.

Томның құрылымдық жүйесі «Дала фольклорының антологиясы» онтомдығына қатысты тарихи эпостың қысқаша анықтамасы, батырлардың иллюстрациялық бейнелері, жырларға байланысты шағын түсініктер, шығарманы жырлаушы-жеткізушілердің, фотосуреттері, ноталар, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) сияқты қосымшалардан құралды. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік әр беттің соңына берілді. Иллюстрацияға Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің қорындағы суреттер пайдаланылды.

Томның электронды, аудио нұсқалары бүгінгі заманға лайық форматта дайындалып, сайттарға орналастырылды және олардың дерегін білдіретін арнайы коды кітаптың мұқабасында көрсетілді. Халық туындыларын орындаушылар жыршылық дәстүрге байланысты Қазақстанның шығыс, орталық, батыс, оңтүстік және Жетісу өңірлерінен шақырылып, қобыздың, домбыраның сүйемелдеуімен әр мектепке тән мақамдармен жырланды және арнайы студияда жазылды.

Томның кітаби, электронды, аудио нұсқаларының сапалы дайындалып, әлемдік стандарттарға сәйкес шығуына атсалысқан ғалымдарға, редакторларға, жыршыларға, музыкатанушыларға, студия мамандарына, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ барша жанашыр қауымға ризашылығымызды білдіреміз.



ТАРИХИ ЖЫРЛАР



Тарихи жырлар — фольклорлық мұраның кең арналы бір саласын құрайтын, өзіне тән көркемдік-идеялық ерекшелігі бар, бай мазмұнды, тарихи сипаты басым жанр. Бұл санаттағы жырлардың сюжеттік желісіне өмірге нақты болған саяси-әлеуметтік мәселелер, тарихи тұлғаларға қатысты оқиғалар, халықтық, мемлекеттік мүдделер арқау болады. Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, тарихи жыр — батырлық эпос пен тарихи өлеңнің арасында қалыптасып, дамып, халықтық туындыға айналған. Дегенмен, олар шынайылық пен көркем қиялдың үйлесімінен туындағандықтан, кейде тарихи мәліметтердің шындыққа дәл келмеуі, оқиғалардың жылнамалық негіздерінің ауытқуы, кейіпкерлер есімдерінің өзгеруі т.б. жайттар жанрдың өзіндік ерекшелігін айқындап береді. Тарихи жырлар XV—XIX ғасырлардың аралығын қамтып, Қазақ хандығы құрылғаннан бергі ұлттық тарихтың түрлі кезеңдерін, әр дәуірде халықтың басынан өткен басты-басты оқиғаларды бейнелейді. Мәселен, «Батыр Жәнібектің өлеңі» жырында Керей ханнан кейін таққа отырып, қазақ халқының қалыптасуына, оның жер аумағының ұлғаюына айрықша үлес қосқан Жәнібек сұлтанның жас шағындағы ерлік істері баяндалады. «Есім хан», «Орақты




батыр», «Олжаш батыр», «Сәтбек батыр» сияқты туындыларда XVII ғасырдың оқиғалары, ал көптеген жырларда Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Өтеген, Жәнібек, Олжабай, Барақ, Райымбек сияқты ондаған батырлардың жоңғарларға қарсы жасаған ерліктері, жорық жолдары суреттеледі. Жырлардың ендігі бір тобында — Кенесары мен Наурызбайға, Бекет пен Ерназарға, Саурық пен Сұраншыға, Байсейітке, Жанқожаға т.б. арналған туындыларда Ресей және Қоқан басқыншыларымен болған күрестер баяндалады.

Фольклортанушы ғалымдар бұл жанрды зерттеуде «тарихи жыр», «тарихи эпос», «кенже эпос» деген түрлі терминдерді пайдаланып келгенімен, олардың негізгі мазмұны бір-бірінен ашақ кетпейді. Сондықтан томды баспаға дайындау барысында құрастырушылардың ұсынысымен және сарапшы ғалымдардың ортақ келісімімен «Тарихи жыр» термині қабылданып, қолжазбалар қорында сақталған аса мол мұраның ішінен бұл томға «Еңсегей бойлы ер Есім», «Абылай хан», «Хан Кене», «Сәтбек батыр», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Өтеген батыр», «Олжабай батыр», «Ер Жәнібек», «Барақ батыр», «Райымбек батыр», «Ағыбай батыр», «Жанқожа батыр» сияқты жырлар таңдалып, олардың озық нұсқалары енгізілді.





Есім хан.
Суретші Н. Қарымсақов



Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (513-бума).

ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ

«Еңсегей бойлы ер Есім» жыры — XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы Қазақ хандығының тарихын, Тәуекел, Есім, Тұрсын хандардың өмірін, әскери жорықтарын, халықтың сол кезеңдегі тыныс-тіршілігін шынайы баяндаған көркем туынды. Есім хан Шығайұлы (т.ж.б. — 1628) 1598—1628 жылдар аралығында әкесінің мұрагері ретінде хан тағына иелік етіп, бүкіл хандық бір орталыққа бағынған ірі мемлекет құрғаны, ел іргесін кеңейту, күш-қуатын арттыру және сыртқы жаулардан қорғау жолында аянбай тер төккені, сол мақсатта жанын да пұда еткені тарихтан белгілі. Ол әділ билеуші, ержүрек батыр, білікті қолбасшы, тәжірибелі саясаткер, бітімгер-дипломат болғандықтан, «Еңсегей бойлы ер Есім» атанып, есімі ел есінде мәңгіге сақталып қалды. Оны ержүрек хан туралы ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен аңыз-әңгімелер, арнау-толғаулар мен өлең-жырлар айғақтайды. Соның бірі — белгілі ақын-жыршы Қазанғап Байболұлы жеткізген «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры. Туынды оның түп атасы Шыңғыстан бергі тарихи деректерден және әкесі Тәуекел туралы мәліметтерден басталғанымен, сюжеттің негізгі желісіне тікелей Есім ханның өміріне және оның айналасына, ел билеу үлгісіне, жауынгерлік жорықтарына, Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан аумағындағы саяси жағдаяттарға қатысты тарихи оқиғалар арқау болған. Әсіресе, қатаған елінің билеушісі Тұрсын ханға, Әбілғазыға, Жиәмбет жырауға, есімдері қалың оқырманға беймәлім Алатау, Сүлеймен, Жақсығұл, Сиқымбай т.б. жүзден астам тұлғаға байланысты аса құнды тарихи деректер, тың мәліметтер молынан қамтылған. Сондықтан бұл шығарма ел тарихын толықтыруда аса құнды дереккөзі болып табылады деуге толық негіз бар.

Қазанғап ақын бастапқыда жырды ел арасына ауызша таратып, XX ғасырдың отызыншы жылдары ғана өз қолымен хатқа түсірген. Жырдың бір нұсқасын 1938 жылы И. Ырсымбетов деген жинаушы көшіріп, Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған. Туындының кейбір үзінділері «Ана тілі» газетінде (1990, 31 мамыр), «Төле би» (1991, 2008), кейін «Бабалар сөзі» жүйіздік сериясында (2009, 56-т.) жарық көргі. Шығарманың Қытай қазақтары арасынан шыққан ақын Боранбай Ләмжанұлы жырлаған тағы бір нұсқасы жергілікті «Шалғын» журналында жарияланды (1987, 3-саны). С. Қасқабасов, М. Мырзахметов, С. Дәуітұлы, С. Сәкенов сияқты ғалымдар тарихи эпосқа байланысты жазған еңбектерінде «Еңсегей бойлы ер Есім» жырына қатысты өз ой-пікірлерін білдіргі. Томды баспаға дайындау барысында туындының Қ. Байболұлы мен Б. Ләмжанұлының нұсқалары және олардың басылымдары салыстырылып, текстологиялық тұрғыда зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде Қазанғап нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың қорынан алынды (513-бума).

Кірісу

Төле дейді ұраным,
 Қоғалы дейді тұрағым.
 Бақтиярдан ажырап,
 Бәйдібек бай Жәнібек,
 Жалғыз ұлы — Жарықшақ
 Домалақ деген ананың,
 Албан, суан, дулат боп,
 Бөлініп бері шығамын.
 Жарылғамыс, жанту боп
 Жаныстан келіп тарадым,
 Патша менен ханы көп,
 Байы менен жарлы көп,
 Ілгергі өткен заманның.
 Ұлы Шыңғыс ханыңды
 Алдымен баян қылайын.

Хан Шыңғыс

Өте ерте заманда қазақ, өзбек болып аталмай тұрып, күншығыста бір хан болған. Хан неше жылдай перзент көрмей жүргенде, әйелі құрсақ көтеріп, бір күні қыз туады.

Туғанда қызының реңі қараңғы үйді жарық етеді. Хан: «Бұл қызымды ерге бермеймін», — деп, қызына темірден сарай салдырып, соның ішіне қойып бағады екен. Күндердің бір күні темір үйдің ішіне иненің жасуындай тесіктен күннің сәулесі түсіп, қыздың бойы соған балқып кетіп, жүкті болады. Ханның бұған қаһары келіп, неше күн ас ішпей, азаптан дағдарып, ақыры туған қызын өлімге бұйырады.

Ханның туысқан інісі қарындасына артықша жаны ашып, жаллаттардан¹ жасырып қызды сарайдан алып шығады. Қарындасымен жыласып қоштасқан соң: «Іле бойы адам, ақыры біреуге кез боларсың», — деп, тіл-лә сандыққа² салып, Іле дариясына ағызады.

Орнына бір жазықтыны өлтіріп, киімдерін қандап, жаллаттарға да, ханға да қызды «өлді» деп жариялайды.

Екі адам моңғолдардан шықты аңға,
 Зер салды³ тамаша етіп дарияға.
 Жарқырап алтын сандық келеді ағып,
 Йасукей⁴ баһадүрмен қалды таңға.
 Сандықтың таңдап бірі ішін алды,
 Екеуі уәдесінен қажымады.

¹ Жаллат /араб/ — жендет, жазалаушы; баскесер.

² Тіл-лә сандық — алтын сандық.

³ Зер салды — назар салды.

⁴ Йасукей — моңғол тайпасының батыры, билеушісі. XII ғасырда өмір сүрген, Шыңғыс ханның әкесі.

Ішінде бір қыз жатыр шала-жансар,
 Аспанға нұры шығып жарқырайды.
 Ол қызды таңдағаны кетті алып,
 Қараса, өзі жүкті, пайымдайды.
 Өзінің рәсімінше неке қиып,
 Қасына бір күндерде жақындайды...

Дүниеге бір күн бала пайда болды,
 «Ділікүнболдақ» деген жерінде еді.
 Қатындар кіндік кескен назар салса,
 Оң қолы қан уыстап жұмулы еді.
 «Зілінде¹ үлкен патша болар» десіп,
 Аттарын Темушин деп қойыпты енді.
 Жұрт сұрап даражаға жеткеннен соң,
 Лақабын сонан кейін Шыңғыс дейді.
 «Қожа – нұрдан, төрелер – сағымнан» деп,
 Бұл сөздің осылайша мағынасы еді.
 Тоғыз ұл туды артынан аналары.
 Он екіге келгенде әкесі өлді.
 Санаға² 1237 толғанда,
 Жасында жиырма екі патша болды.

Темушин өсе келе өзінің ақылымен, ерлігімен жұрт көзіне түсті. Тоғыз ұл оны күндеп, көре алмайтын болды. Бір күні анасы оған: «Сенің мыналармен анаң бір болса да, атаң басқа еді. Бір күні болмаса, бір күні зорлық қылар. Осылар есейіп, өз беттерімен кеткенше, Іленің басына барып, садақ атып күн көр. Іленің беті құстың жүні болса, сенің тірі екеніңді білемін. Мына алтын жүзігімді қай кезде жіберем, сонда кел. Онан бері келме», – дейді.

Темушин Іле басына барып, аң атып, құс жүнінен кепе қылып жатады. Садақ жасап, оқ жонады. Табақ жасап, табақтарына «Хан табағы», «Жасауыл табағы» деп ат қояды.

Дәл осы кезде моңғол елінің ханы өліп, кімді хан қоярын білмей, моңғолдар дағдарады. Ел хандыққа таласып, бөлініп, келісе алмай, ақылы зерек Темушиннің анасына келіп, ақыл салады.

Әйел оларға: «Менің алдыма талапкерлердің бәрін жиыңдар. Аспанға садақ тартсын. Кімнің садағы сағымға тоқтаса, соны хан сайландар», – дейді. Талапкерлер жиылып, садақты қанша тартса да, ешбірі сағымға тоқтата алмайды. Сонда әйел: «Ендеше, мына жүзікті алып, Іле басындағы менің балама барыңдар», – деп, жүзігін беріп, баласына ел басшыларынан бірнеше адам жібереді.

Шақырушылар барған жерде Темушин бұларға қарсы садақ тартпақ болады. Келгендер жүзікті көрсетіп, анасы шақыртқандығын айтты. Темушин отырып: «Ендеше, мен жанды нәрсеге мініп бармаймын», – дейді. Келгендер ойласып, ағаштан иіп арба жасады. Темушин арбаға

¹ Зілінде – негізінде, түбінде.

² Сана /араб/ – жыл.

мінді. Жүргенде арбаның қаңқылдап дауысы шықты, сондықтан арба қылған ұстаның атын «Қаңқулы» деп қойды. Соның өзін халық бері келе «Қаңлы» атап кетті.

«Қаңлы» деген сөз «арбалы» дегенді білдіреді. Арба қылған ұста келе жатып: «Енді осы хан болатын болды ғой, жанассам¹, қор болмаспын», — деген оймен өз аяғын шотпен шауып, ақсақ болды. Соған Темушин мейірі түсіп: «Арбаны істеп берген осы ғой», — деп бірге мінгізіп алды. «Қаңлы елінде хан бар, кәделі елде қаңлы бар» деген қазақта мақал бар. Және «Хан жоқ болса, қаңлыдан хан көтер» дейді. Бұл мақалдар содан қалған. Қаңлы елі әлі күнге дейін өзге қазақпен: «Арбаға ханмен бірге мінгенбіз», — деп талас етеді. Бұл таластың мәні осылай. «Түрік патшасы қаңлыдан» делінеді. Олар Шыңғыс ханнан қашып барған 300-400 үйдей қаңлы тұқымынан. Шыңғыс халықтарды қырып, опаттап, өзіне бағындырып жатқанда, үш жүз-төрт жүздей қаңлы араб жұртына қашып барады. Шыңғыс ханнан кейін оның немересі Алаку² деген хан араб жұртының Абесения руынан болған «Мутауакәл-Алала» деген патшасын Бағдат шаһарынан қумақшы болады. Баяғы Шыңғыс заманында қашып барған қаңлылар өсіп, құралданып қалған екен. Араб патшасы қорқып, Бағдаттан қашпақшы болып жатқанда, бұлар патшаға келіп: «Сен ұрысқа қарсы тұра алмасаң, тілхатпен патшалықты бізге бер. Шыңғыс хан нәсілдерімен біз ұрысамыз», — дейді. Патша тілхатпен патшалықты береді. Олар Шыңғыс немересімен ұрысып, жеңіп, қуады. Мұнан соң қаңлылар арабпен қатар түрікті де билейді.

Түріктің хандық тұқымы қаңлыдан қалған. Түріктің осы күнгі патшасы да сол тұқымнан делінеді.

Арбасын даярлап,
Кілемге алтын салады.
Қызмет етіп, ардақтап,
Еліне алып барады.
Хабар тапты Шыңғыстан
Моңғолдардың тамамы.
Хабар айтып жұртына
Теп-тегіс жинап алады.
Садағын тартып аспанға,
Сағымға тоқтап қалады.
«Сағымға ілген садағын
Төрелер», — деген мақал бар,
Осы еді себебі.
Жеті мәрте оқ атты,
«Осыдан мысал, әлеумет,
Жеті жүз жыл әулетім,
Дүниенің жүзіне
Хандық құрар», — деп еді.
Әмір Темір патша да,

¹ Жанассам — жақындасам.

² Алаку (Хулагу) — Шыңғыс ханның немересі. 1217—1265 жылдары өмір сүрген.

Шыңғыс ханның нәсілінен¹,
 Айналып бәрі төре еді.
 Орыс алып жоғалтқан,
 Кенесары, Наурызбай,
 Ақырғы жері бұл еді.
 Құлақ салсаң, әлеумет,
 Бұл да Шыңғыс әулеті.
 Тәуекел ханнан баяндап
 Әңгіме қылып берелі.

Тәуекел хан:

Ал тыңдасаң, әлеумет,
 Түркістан атты қалада,
 Дешті-Қыпшақ далада,
 Баласына Үш жүздің
 Тәуекел атты төреңіз
 Хан болып көп жыл тұрады.
 Он сегізде хан болып,
 Қырыққа жасы кеп еді.
 Осынша хан болғанмен,
 Бір перзенті жоқ еді.
 Жері байтақ, елі бай,
 Алтын-күміс, қазына сай.
 Иісі қазақ баласы
 Лақап қылып сол күнде
 «Хандардың ханы» дер еді.
 Қазақстан жұртының
 Атырабын болжасаң,
 Еділ, Жайық, Қапқазбен
 Бір шеті Жаркент, Құлжамен,
 Омск пен Томск,
 Ауған, Бұқар арасы,
 Есепсіз жұрты көп еді.
 Зарлаушы еді дәйімі:
 «Жүз жасасам да, Раббым²,
 Ақыры ажал келеді.
 Аяды перзент», – дегенді.
 Бір күн айтты зар жылап,
 Гүлханым деген зайыбы
 Ханыңыздың бар еді:
 – Қосылған жастан алалым³,

¹ Әмір Темірдің бесінші атасы – Қарашар ноян Шыңғыс ханның немере інісі (Қожамқұли-Бек Балхи «Тарих-и Қыпшақи». 542-б).

² Рабб /араб/ – тақсыр; ие, еге, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі, бүкіл әлемнің қожасы, патшасы.

³ Алал – халал /араб/ – шарият бойынша рұқсат берілген; заңды; некелеп алған жұбай.

Сөзіме енді құлақ сал,
 Оңашалап айтайын
 Білдірейін сырымды:
 Бұрынғы жастық күнім жоқ,
 Сақалым болса ағарды,
 Не қылғанмен, қартайдым.
 Құдайға зарым жетпеді,
 Датымды кімге айтамын.
 Немере сүйіп, ұл көрді
 Өзімнен соңғы қатарым.
 Сорлы болдық сіз бен біз
 Қуарған ағаш мысалы,
 Абайлап мұны байқағын.
 «Өліп кетсе ханымыз,
 Орнына өзім болам, — деп, —
 Қазына, мүлкін алам», — деп,
 Жыбыртқылап¹ сөзі бар,
 Алмас болды тілімді,
 Сөзім өтпей барады,
 Уәзірлерді байқадым.
 Көзім тірі күнінде,
 Тәж-тағымды тастайын.
 Шаһар мен шаһар қыдырып,
 Қалендер² болып жүрейін.
 Құдай берсе тілекті,
 Қайтып таққа мінейін.
 Диуана³ болып көлбар⁴ ап,
 Қолыма аса алайын.
 Әулие қоймай, қыдырып,
 Бәріне бір-бір барайын.
 Осы жасқа келгенше,
 Естімедім дауысын
 Үйімнен ешбір баланың.
 Бәшәрат⁵ бірі бермесе,
 Көзімнің жасын көрмесе,
 Ендігі сөздің қысқасы,
 Меккеге таман барайын.

Гүлханым сонда сөйледі,
 Ханға қарап қамығып.
 Қол ұстасып зарлады,
 Екеуі де тарылып:
 — Жақсы күнде жолдасым,

¹ Жыбыртқылап — мәтін бойынша жымысқы, ішкі қулығы бар дегенді білдіреді.

² Қалендер /парсы/ — диуана, дәруіш, ел аралап жүретін тақуа жан.

³ Диуана /діни/ — ырызығын көптен тілеп, кәсіпсіз жүретін діндар, тақуа адам.

⁴ Көлбар /диалек./ — қалта, дорба.

⁵ Бәшәрат /араб./ — хош хабар, жақсы дерек.

Жаман күнде ажырап,
 Қалайын сізден неғылып?
 Дәулетіңе серік ем,
 Күлгеніңде қуандым,
 Жыласаңыз, қуарып,
 Халықтан шығып, тарынып.
 Аударып қоныс көрейін,
 Жұрттан шығып жаңылып.

Сенімен бірге көнейін,
 Құдайдан мен де тілейін.
 «Алал жүріп, ақ тұрса,
 Қырық күнде берер, — деуші еді, —
 Әйелдердің тілегін»,
 Несіне айта берейін?
 Берместен, Құдай қасарса,
 Етегіңнен ұстап ап,
 Сіз өлген жерде өлейін.

Қайғымен әбден қамыққан,
 Перзентті ойлап зарыққан,
 Хан мен көріп ханымын,
 Салы деген уәзірдің,
 Сондағы айтқан сөзі еді:
 — Қадірлі Тәуке¹ ханымыз,
 Насихат сөзге құлақ сал.
 Қыдыруың қашпайды,
 Дамыл қылып біраз күн,
 Тақтыңызда² қарар³ ал.
 Ел ішінде әзіз⁴ көп,
 Мұстажап дұға⁵ адам бар.
 Жарлық қылып қайырды,
 Сынықтардың көңілін ал.
 «Кіші Мекке» деуші еді,
 Әзірет Сұлтан, Арыстан бап,
 Оларға түнеп, құрбан шал.
 Басыңнан қылып садаға,
 Асыңыздан қайыр бер,
 Қылып көр қолда барында,
 Ықтияры кетпестен
 Құдай берген малың бар.
 Құдайдың берген шағында,

¹ Тәуке — Тәуекел ханның қысқартылып берген есімі.

² Тақты, тақыт — тақ.

³ Қарар /араб/ — бұйрық, жарлық; шешім.

⁴ Әзіз /араб/ — қымбатты, аяулы, ардақты.

⁵ Мұстажап дұға /араб/ — дұғағөй, әулие.

Ханға рауа¹ қырық қатын,
 Біреу түгіл, онды алғын,
 «Біреуінен болмаса –
 Біреуінен» дегендей,
 Ол болмаса, тағы да ал.
 Құдайдың берген шағы бар,
 Жасық жер дақыл² бермейді,
 Адамын тауып алғын да,
 Сүдігер³ етіп, дақыл сал.
 Биесін тауып жем берген
 Жабыдан тұлпар туады,
 Әуелі сөйтіп өшіңді ал.
 Жаңа астың қырықтан,
 Сен қатарлы кедейлер
 Қатыны түгіл, малы жоқ,
 Құдайдың ол да пендесі,
 Осыларды жадыға ал.
 Болмаса тағы айтайын:
 Жала қып ешкім әкетпес,
 Білдірместен жасырын
 Бозбаланың көңілін ал.
 Бір жағынан тағы да,
 Тәуіп⁴, құшнаш⁵, бақсыға,
 Молдаларға оқытып,
 Алланы айтып, зікір сал.
 Есің барда етек жап,
 Армансыз мұны қылып қал.
 Бәрінен де болмаса,
 Онан соң айтар сөзім жоқ,
 Маңдайыңның соры бар.
 Жұрт иесіз қалмайды,
 Тон жағасыз болмайды,
 Біріміз хан болармыз,
 Қайда барсаң, сонда бар.

«Жүйе» деп бәрі шулады
 Мәжілістегі адамдар.
 Салының айтқан сөзіне
 Арқасынан қағады.
 Тәсіл келіп бұл сөзі
 Ханыңыздың өзіне:
 «Жайымды білер құрбым», – деп,
 Ден қойды қатты өзіне.

¹ Рауа /парсы/ – рұқсат.

² Дақыл – астық.

³ Сүдігер ету /диал/ – жер жырту.

⁴ Тәуіп – тамыр ұстап, үшкіріп ем-дом жасаушы, емші, балгер.

⁵ Құшнаш /көне./ – ем-дом жасаушы; балгер, тәуіп.

Ойланды хан қиял қып:
«Бала күннен қосылған
Теңгеріп алған бойыммен,
Алғаным қашпас, иншалла,
Гүлханым сынды ханымға
Әуелі адам салайын.
Жүруші еді «алғын» деп,
Әуелі байқап сынайын».

Ойланып мұны ханымыз,
Гүлханым сынды ханымға,
Әуелі адам салады.
Ханынан алып хабарды,
Гүлханым енді біледі
Елінің қылған кеңесін.
Көмейі бос бұл жалған
Разылық бергендей,
Бұдан артық не десін?
«Барамын мен де қартайып,
Бірақ әлі де үміт бар,
Сонда да маған сенбесін.
Таңдап алсын, дұрыстап
Ақылды, пайым данадан,
Ұяты бар жақсыдан.
«Кіші қатын, — кәрілер, —
Кісі қатыны» деуші еді.
Жастар жанап, қырындап,
Қарамасаң арыңа,
Алал істер арам боп,
Үй іші топыр болмасын.
Нәсіп болып бір сұлу
Ала қалса көп елден,
Жасқа ауып ниеті,
«Кәрі-құры» демесін...

* * *

Естіген соң ер Тәуке
Гүлханымның жауабын,
Халыққа салды хабарды.
Тұранның жалпақ еліне,
Дешті-Қыпшақ жеріне
Жайылды тегіс бұл сөзі:
«Тіллаға тартып аламын,
Жақса егер адамы».
Дүниеге көңілі ауып,
Көрсетпекке қыздарын,

Қолдарынан жетектеп,
 Үзіріне¹ барады.
 Кейбіреуі ертелеп,
 Кейбіреуі кешелдеп,
 Ордаға қарай самғады.
 Ұялды хан бұл істен,
 Салған соң халық қауғаны.

Отырып тақта, назар сап,
 Қапа болып, қамығып.
 «Еріккен Құдай екі күйеу
 Қылады» деген сөз бар-ды.
 Дана Салы уәзірін
 Оңашаға шақырып,
 Осыған ақыл салады:
 – Қарашы қазір тысқары,
 Тағы да бұған амал тап,
 Қандай қылсақ болады?
 Қыздарын қолдан жетелеп,
 Мазамды алып барады.

Уәзір Салы не деді?
 Ханға жауап береді:
 – Айналайын хан тақсыр,
 Тағында тыныш отыршы!
 Осы келген жұртыңа
 Менің өзім барайын.
 Ұят болса, бұл істі
 Қылдырмас еді Құдайым.
 Мастықпен қылған жерің жоқ,
 Бұл да өзіңнің талайың...
 Дүние үшін бастарын
 Базарға салып бәрі жүр,
 Айналып оң мен солына,
 Бәрі емес, біреуін,
 Бір дұрысын қарайын.
 Әдемілеу, аласа,
 Орта бойлы, дембелше,
 Айырқұйрық мүшелі,
 Күләлі жақсы сиырдай,
 Біреуін таңдап алайын.
 Жаққаны маған бар болса,
 Сізге де жағар ақыры,
 Арғысын ары өзің біл,
 Қойныңызға салайын.

¹ Үзір (хұзыр) — құзыр, құзырында болу, алдында болу, қабылдауында болу.

Осыны айтып ер Салы,
 Аралап бір-бір қарады
 Келгендердің тамамын.
 Ешбір адам жақпады,
 Орта жүздің елінен
 Абиырлы реңдер¹
 Бірінің тапты хабарын.
 Құштар еді көп бала,
 Айымқыз дейді аттарын.
 Алып қалды осыны,
 Дүние беріп аямай,
 Разы қылып қалғанын.
 Оңашаға апарды,
 Хан да барды қамданып,
 Құпиялап айтайын
 Онан соң не болғанын:
 Дәуірін сүріп неше жыл,
 Қайғы кетіп көңілінен,
 «Берер, — деп, — Тәңір ақыры»
 Бірнеше жыл шыдады.
 Уақытсыз бола ма
 Сонда да нышан² болмады.
 Бір күні тұрды қамығып,
 Артықша етіп наланы:
 «Пешенемде жоқ екен,
 Не қылсам да, болмады».
 Бөлінді түрлі қиялы,
 Шақырып алып кішісін,
 Ханның айтқан жауабы:

— Айымқыз, болды әулие түнегенің,
 Құдайдан бір ер бала тілегенің.
 Ешбір жан бір дегенде тәуір көрмес,
 Бәрі де жеккөрінішті тіленгеннің.
 «Үмітсіз жалғыз шайтан» деген сөз бар,
 Үмітпен сарғайыпты реңдерің,
 Кетемін енді, міне, жаһан кезіп,
 Кеудемнен жан шыққанша жүре берем.
 Ұл түгіл, қызын Құдай аяп қойды,
 Болғанда қайғырмас ем бір ермегім.
 Өмірің менде тұрсаң, өтер босқа,
 Болмасын саған обал, өсіп-өнгін.
 Бар, рұқсат, мен риза, Құдай риза,
 Айнал да Әзіретті жүре бергін!

¹ Реңдер — жақсылар, ұлы адамдар.

² Нышан — белгі.

* * *

Осыны айтып хан Тәуке,
 Рұқсат берді Айымға,
 Қалмайын деп забырға¹.
 – Рақым қылдым, ойланып
 Сенің де жас жаныңа
 Бір баланың зарпынан²
 Жапанға қаңғып барамын.
 Жүрер болса бірлесіп,
 Бәйбішені Гүлханым
 Жолдас қылып аламын.
 Көңілдегі болмастан,
 Қаңғырып кетіп барамын.
 Тілегімді бермеді,
 Көзімнің жасын көрмеді.
 Болмасына көз жетті,
 Бұл қиялды қоямын.
 Егіліп жүріп ер Тәуке
 Астанасын айналды.
 Хан тағына хан етіп
 Уәзірді Салы сайлады.
 Ханның тастап киімін,
 Қалендер³ киді лыпасын⁴.
 Тәңірге мойын ұсынып,
 Қолына алды асасын.
 Бірлесіп шықты Гүлханым,
 Тастап зерлі торқасын.
 Ханға қарап тарынып,
 Бір сөзді сонда сөйледі
 Төгіп тұрып көз жасын:

– Мұңдасым, ақылдасым, құлағың сал,
 Иесіз қалды, шіркін, дүние-мал.
 Бір жерде өліп кетсең, кебін болар,
 Әжетке⁵ жарарлықтай дүние ал.
 Жиреніп, көмген адам, ерінбейді,
 Зеріңнің⁶ көз жұмғанша керегі бар.
 Тұл қалып жеті жылдай тумай жүрген
 Жылқыда құла торы бір байтал бар.
 Е, тақсыр, баяндайын алдыңызда,

¹ Забыр (зәбір) – қиянат.

² Зарпы – қайғы, мұңы.

³ Қалендер /парсы/ – қайыршы, кезбе, дәруіш.

⁴ Лыпа – киім.

⁵ Әжет /араб/ – қажет іс, жұмыс.

⁶ Зер – алтын, асыл тас.

Байталдың адам тәріз ақылы бар.
 Зарлансам кей уақытта, кісінеп кеп,
 Иіскеп тұрушы еді бұл жануар.
 Һәм¹ жолдас, һәм мінерге көлік болсын,
 Хайуан да болса, ақыл осында бар.
 Түбіңіз — Шыңғыс ханнан келе жатқан
 Нақышты дүрри гауһар² бір жүзік бар.
 Салсам деп итаяққа ойлаушы едім,
 Ішінде алтын сандық тұрған шығар.
 Мәбада³ сізден бұрын ажал жетсе,
 Саусағым шірімесін, қолыма сал.
 Еңбек, мал әлдекімге бұйырасың?
 Дүние мұндай болсаң, адыра қал.

Хан қолына жүген алып, жылқыға келіп еді, құла байтал көзінен жасы шұбырып, ханның қасына келіп тұра қалды. Хан көңілі бұзылып аяп кетіп, мойнынан құшақтап, жылап тұрып айтты:

— Деуші еді хан Тәуекел патша мені,
 Мінбекке жүгендедім, хайуан сені.
 Адамнан сорлы болып мен шығып ем,
 Қасартты мендей қылып Құдай сені.
 «Таптым ғой бір қылмыстан», — деп ойлаушы ем,
 Жануар, себеп қылды саған нені?
 Ұрықсыз жаралғанда мақұлық жоқ,
 Ағаш та жапырақтап, мәуе⁴ береді.
 Биылғы шашқан ұрық жазға шығып,
 Мамыр боп дүние-жиһан көгереді...
 Жануар, Құдай иіп, құлын тусаң,
 Тағы бір ниетім бар көңілдегі.
 Мұбада Құдай маған бала берсе,
 Ат қылып, жақсы ниет, мінсін соны.
 Қуансақ, қуарсақ та бір жүрейік,
 Қосылып, қайда барсақ, екі сорлы.

Осыны айтып Тәуекел,
 Жүгендеп мінді биені.
 Гүлханыммен екеуі
 Ел-жұртымен қоштасып,
 Арыздасып, жыласып,
 Бет алып енді жүреді.
 Жер-жиһанды кезеді.
 Әулиеге ат айтып,

¹ Һәм — және.

² Дүрри гауһар — дүр гауһар, гауһар шашты.

³ Мәбада (Мүбада) /араб/ — егер де, алда-жалда.

⁴ Мәуе — жеміс, жидек, миуа.

Қорасанға қой айтып,
 Бір перзентті тіледі.
 Бір күндері болғанда,
 Ыдырыс нәби, Ысқақ бап,
 Бұған да келіп түнеді.
 Болмады ешбір бәшәрат¹,
 Онан да өтіп жөнеді.
 Ешбір белгі болмады.
 Әулие қоймай қыдырды,
 Етегін шеңгел² сыдырды.
 Нағышбанға³ бармақшы,
 Бәрінен үзіп күдерді.
 Бәйбішесімен екеуі
 Қоқанменен айналып,
 Бұқараға кірді аралап.
 Баһауиддинге түнеді,
 Белгілі нышан болмады.
 Қарадария дегенді
 Қайтты енді жағалап.
 Байталын отқа қояды⁴,
 Тағамын ішіп саялап.
 Жарылып дария күңіреңді,
 Бір хайуан шығып келеді,
 Кеудесі жылқы, басы адам,
 Осындайша сүйегі.
 Байталға келіп асылды,
 Иіскелеп, аймалап,
 Түсіп кетті қайтадан,
 Байталы қалды арам ап⁵.
 «Иншалла, ат болсын,
 Құлындаса балалап».
 Жүрегі кетті жарылып,
 Жыласты біраз қамығып.
 Бір дауыс келді ғайыптан,
 Ұйықтаса көз ілініп:
 «Талабың сонда болады,
 Қашқарда бар Базұрық⁶».
 Бейшаралар қуанды
 Көргендей әзір жұбанды.

¹ Бәшәрат /араб/ — хош хабар, жақсы дерек.

² Шеңгел — тікенді өсімдік.

³ Нақышбан (Нақышбанди) — Ходжа-и бузурук және Шахи-и Нақышбанд атымен кең танымал болған Нақышбанд Баһауиддин бин Бурхан ад-дин Мұхаммад әл-Бұхари (1318-1389) — XIV ғасырдағы ортаазиялық сопылық ағымның ірі өкілі.

⁴ Отқа қою — шөпке жіберу, ат шалдыру.

⁵ Арам ап — дем алып.

⁶ Базұрық (бүзірік) /парсы/ — үлкен, ұлы. Мәтін бойынша «әулие» мағынасында қолданылған.

Жалаңаяқ, жалаңбас
 Қашқарға бармақ талабы.
 Келе жатса жеделдеп,
 Жолықты сансыз саудагер,
 Танымайды ешбірі,
 Хан мен мынау ханымын,
 Алыс-жуық, жақыннан
 Жай-күйлерін сұрады.

Көп саудагерден: «Алыс-жақыннан естіген-білген не хабарлар бар?» — деп сұрап еді, саудагерлер жамырасып, жүрген жерлерін, алған бұйымдарын, тапқан пайдаларын айтысты. Екі мүсәпірді бұлардың сөзі тойдырмады. Ақыр соңында біреуі: «Қашқарда Аппақ қожа Ешен деген пайда болды. Ешен рақым етсе, тумаған әйел ұл туып, жылағандар қуанады екен», — деді. «Көп сандалғанымыздың бірі дағы, соған да бір барып, зиярат¹ қылайық», — деп, хан мен ханым Қашқардың жолына түсті. Бірнеше күн жол жүріп, табандары ойылып, Қашқарға кетті.

Ерлі-қатын бірлесіп,
 Жол тартты бұлар қабағат²,
 Бола ма деп дәрамат³.
 «Аппақ қожа пірім⁴», — деп,
 Зарлайды жолда етіп жат⁵.
 Аянбастан жүрген соң
 Аяқ-қолы болды жарақат.
 Еңбектері жансын да,
 Осынша тартты әсірет⁶.
 Бір күндері болғанда,
 Астанаға бас ұрып,
 Қожаны қылды зиярат.
 Түнде жатса жазғандар,
 Дәрет суын жолына
 Әзірлеп қылды қызмет.
 Жақсы-жаман жауап жоқ,
 Қылғанымен көп пұрсат⁷.
 Бір күндері болғанда,
 Қожасынан түңіліп,
 Көңілі тағы бұзылып,
 Гүлханым айтты Тәукеге:
 — Жер-жаһанды аралап,

¹ Зиярат /араб/ — көрісу, зират ету, құлшылық.

² Қабағат — орасан, керемет, қатты, өте, тез.

³ Дәрамат /парсы/ — шапағат, қайырым.

⁴ Пір — қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Қолдаушы, қорғаушы.

⁵ Жат ету — еске алу, жалбарыну.

⁶ Әсірет — қасірет, қайғы.

⁷ Пұрсат /араб/ — мүмкіндік, мүрсат.

«Бір бала» деп зарладық,
 Өмір өтті заяда,
 Босқа жүріп сандалдық,
 Өлі әулие бермеді,
 Тірі әулие жебей ме?
 Болмады перзент лайық.
 Онан дағы, патша,
 Қызылбасқа баралық,
 Алтынға тең тартсақ та
 Бір бала сатып алайық,
 «Өзімізден туды» деп,
 Әмбеге¹ хабар салайық,
 Елде қалсын сүйегің,
 Қой, енді елге барайық!

Хан айтты: «Бәйбіше, бұл не дегенің? «Тауып алмай ұл болмас, сатып алмай құл болмас» деген. Кісінің шырағын кісі шығармас еді, елге не деп барамыз? Онан да жалғыз жанды күйттеп, Меккеге баралық», — деді. Екеуі түнімен ұйықтамай жатып, таңға жақын көзі ілінді. Тәукенің түсінде аспаннан нұр түсіп, бәйбішенің етегіне кіріп, нұр қайтып көкке шығып, ай болып туып, бара-бара оншақты ай болып бытырап кетті.

Ұйқыдан шошып оянып, қуанғаннан жылап, бір-біріне жориды:

— Бәйбіше, мен бір түс көрдім,
 Осылайша баяны.
 Сен де соны көрдің бе,
 Елестейді алдымда,
 Көргендей әзір өңімде.
 Ай болып туды жарқырап,
 Бара-бара көбейді,
 Ұрығының бәрі хан болып
 Дариды екен көбіне.

Ұзақ өмір көп жасап,
 Жанады екен шырағым.
 Сұрағаным қабыл боп,
 Болады екен мұрадым.
 Қызығын еркін көрмеспін,
 Құдыққа түсіп құладым.
 Бүгін өлсем арман жоқ,
 Естісем даусын баланың.

Біріне-бірі жорытып,
 Кірді шат боп ажары.
 Қуанып бұлар тұрғанда,
 Білінді Ешен хабары.

¹ Әмбе — бәрі, жалпы.

Сәлем беріп байғұстар
Тағзым етіп тұрады.
«Жанар болды еңбегің
Башарат¹ бүгін көрдің», — деп,
Арқасынан қағады.

— «Бір бала» деп, бейшара,
Талай жерге сандалдың.
Әулие қоймай қыдырдың,
Бәрінен бар хабарым.
Жағасында дарияның
Су тұлпар шауып биеге,
Бір Құдай салды назарын.
Мінер аты белгісі
Туатұғын баланың.
Пәлен күнде туылар,
Пәлен айда білініп.
Есің кетіп көріп ең,
Есім қой атын балаңның.
Аллаһу әкбар, рұқсат,
Бар, жолыңнан қалмағын!

Бата алып бұлар жөнеді,
Қуанып елге домалап,
Көңілдері шадыман,
Төте жолды жағалап.
Бірнеше күн жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Адам шықты алдынан,
Келе жатыр еді жазғандар
Алтайдың тауын аралап.
Салы уәзір хан болып,
Тұрушы еді орындап.
Хан кеткеннен қапа боп,
«Тілегін Құдай берсін, — деп, —
Көзінің жасын көрсін», — деп,
Дерек салып әр жұртқа,
Сұраушы еді хабар сап.
Іздеушілер жолығып
Амандасты қолын ап.
Елдің жайын сұрады,
Тағам ішіп, демін ап.
Еліне есен келеді,
Қарсы алды халқы қуанып.
Әр түліктен мал сойып,
Той қылып жұртқа береді.

¹ Башарат — жақсы дерек, хош хабар.

Есімге жүкті болып ханым тұрды,
Биеден құла торы сөз білінді.
Жүні жоқ қара құлын құлындапты,
Жабыдан түрі бөлек неше қилы.
Бір бауға адам бармас қоя беріп,
Жанына жан жолатпай бағып жүрді.
Шапқанда шаңына жан жете алмайды,
Бақшадан бақшаға ырғып қуаныш қып,
Гаухардан нақыштатып ер қылдырды.
Енді мен иесінен сөз қылайын,
Су тұлпар бола берсін осы түрлі.

Бірнеше уақыт өткен соң,
Гүлханым жүкті болады.
Құрсағы шығып томпайып,
Бара-бара ұлғайып,
Тоғыз ай, он күн тауысып,
Бір ұл бала туады.

Жүзі жарық баланың,
Тұрғанындай шам жанып.
Ханнан алды сүйінші,
Елі-жұрты қуанып.
Қазынаның ашып ауызын,
Сыйменен халқын суарып,
Есім қойды аттарын,
Пірінің сөзін ойланып.

Түсірмей жерге қолға алып,
Жібекке орап бағады.
Алтын бесік жасатып,
Гаухардан шеге қағады.
«Жараға берік болсын», — деп,
Киелі дәрі жағады.
«Әмбеден әзіз болсын», — деп,
Алтынмен жуып алады.
Жетіге жасы жеткен соң,
Оқуға ауды талабы.
Он беске жасы жеткенше
Әртүрлі ғылым алады.
Осы жастың ішінде,
Білгір, тапқыр артықша,
Адам болды саналы.
Топ ішінде сөйлесе,
Олай емес, бүй десе,
Халқы көріп таң қалды,
Бұл сықылды дананы.
Су тұлпардан туғаны,

Қара жорға ат болды.
Желден жүйрік жануар
Иесіне тап болды.

Мініп алып Есекең,
Баптанып қарсы жауына
Тартады садақ толғанып.
Өнерге сонша жетілді,
Теңгені дәлдеп, обаны,
Тастайтын болды аударып.
Ғылым, өнер үйреніп
Есейген соң Есекең,
Хан, уәзір кеңесіп,
Қосынға қойды сардар қып.
Жетіге Есім жеткенде,
Анасы туған бір қызды,
Ханымша қойған аттарын.
Бір ұл, бір қыз көрген соң,
Артықша Құдай берген соң,
Қайта жасап екеуі,
Қуанышпен шаттанып,
Ажыратпай қасынан,
Пәруана¹ болып басынан,
Отырғызып қасына,
Тағына бірге апарып.
Қай түрлі іс болса да,
Түсініп алсын аңғарып.
Ие болса халыққа
Артымда кейін соң қалып.

Есім Қашқарға аттанды

Бір күні қайтты жеке өзі
Хан Тәукенің алдынан.
Келе жатса баласы,
Алдынан шықты анасы.
Бетінен сүйіп аймалап:
«Айналайын Ешеннің
Түскен-ай, — деді — саясы.
Өмірің берсін, шырақтар,
Ақыры Құдай аласы».

Сонда Есімге қаял² түсіп:

— Менен де жақсы көретін ол — қандай Ешен? — деп, анасынан сұрады.

¹ Пәруана /парсы/ — түнде жарықты айнала ұшатын көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу; садаға.

² Қаял — қиял.

— Шырағым, сен бітпей тұрғанда, неше жыл көз жасымыз көл болып жүріп, Қашқардағы Аппақ қожа деген Ешеннің себебінен пайда болған-сың, — деп, анасының айтып тұрғаны:

Гүлханым сонда сөйледі:
 — Сұрап алған оғланым,
 Не күндер өтті басымнан,
 Қайғылы күнге шыдадым.
 Көз жасымнан көл тұрған,
 Гүлханым сынды анаңның.
 Әулие қоймай қыдырып,
 Бәріне бір-бір барғанмын.
 Төбе көрсем, бір түнеп,
 Бір малдан құрбан шалғанмын.
 Болмаған соң бәрінен,
 Естігенбіз Қашқардан
 Бір әулие хабарын.
 Аппақ қожа піріңнің,
 Тәңірі салды себебін.
 Тумай тұрып аталып,
 Қойылған сонан намдарың¹...
 Сізден кейін туылған
 Ханымша — мынау ділмәрің.
 Сол күндер естен шығып жүр
 Туған соң екі қарағым.
 Жақсылығын көрген соң,
 Болса да алыс, ықыласпен
 Әрдайым еске аламын.
 Бейнетін қатты көрген соң,
 Рәтін² көрсет, Құдай-ау,
 Алдымда екі баланың.

Анасы осылай деген соң,
 Білді Есім жайларын.
 Тумай тұрып, әуелі
 Бәшарат сонан болғанын.
 Құмар болды көрмекке.
 — «Бір көрсем» деймін қаялым,
 Бармаққа ауды талабым.
 «Жақсылық көрген жеріңе,
 Еңбекте де жет» деген
 Нақылы бар сананың.
 Дуамен ер көгерер,
 Көпке арзысын³ бір басым,

¹ Нам /парсы/ — ат, есім; даңқ, атақ.

² Рәт /парсы/ — қызық, қуаныш.

³ Арзысын — тең келсін.

Дұғасын барып аламын.
Ата-анам, бер рұқсат,
Керек емес тәж-тағың,
Қашқарға енді барамын.

Мәжілістен келіп хан Тәуке
Ұлының көрді зарлығын,
Білді сұрап анығын.
Қоймасына көз жетті,
Арада қанша сөз өтті.
Қанып апты ханымнан
Қашқарда Ешен барлығын.
Көтеріп басын ер Тәуке,
Ұлына айтты: «Шырағым,
Бір насихат айтайын.
Керегін кейін білесің,
Сөзімнің тыңда кәмілін¹.
Шекарасы – Қазығұрт,
Шаһары – Ташкент, Самарқанд,
Қатаған деген бір жұрттың
Шибани дейді хандығын.
Осыдан үлкен жауың жоқ,
Арада өткен қысас көп,
Келе жатыр бұрыннан
Атадан ата дұшпан боп,
Дос пенен қасты байқағын,
Жетеді енді пайымың.

Пәлен ғарда² қазына бар,
Осы күнде көріп кел,
Білдірмей жұртқа, жасырын.
Салы атты уәзір бар,
«Өл» десе өліп-тірілген.
Дос пенен қасты байқасаң,
Үлкені осы досыңның.
Қырық жігітті сайлап ал,
Палуан нағыз айлалы,
Келгенше барып тосам мен
Тілеп алған жалғыз ұл,
Досы келсін қасына,
Дұшпанын алыс қашырған,
Қуанып барып, күліп қайт,
Аллаһу әкбар, рұқсат,
Артымда жалғыз нәсілім!
Бір кетсең қайтып көрмеспін,

¹ Кәміл /араб/ – толығы, толықтық, түгелдік, кемел.

² Ғар /араб/ – үңгір.

Та – қиямет¹ болғанша.
 Жоруы осындай түсімнің:
 Қолыңнан сусын бермедің,
 Көзіңмен көрмей өлгенім,
 Бойыңды аулақ қашырдың.
 Бір Тәңірі, саған тапсырдым,
 Аман бол, жалғыз нәсілім».

Хан Тәуке баласына бата берді,
 Қазына – алтын, күміс артады енді.
 Қасына қырық жігіт сайлап алып,
 Қашқарға аттың басын тартады енді.
 «Шырағым, қияметте² көрермін», – деп,
 Тәуекел жылап-еңіреп қайтады енді.
 Аң атып, тамаша етіп тау мен тасты,
 Күндері шаттықпенен өте берді.
 Арада таулар асып, сулар кешіп,
 Қашқарға бір күндері барып кірді.
 Халқымен Аппақ Ешен отырғанда,
 Іздеген хан ұлынан хабар келді.
 Ер Есім қырық жігітпен аттан түсіп,
 Иіліп әдеппенен сәлем берді.
 Ап келген тартуларын тамам беріп,
 Хал-жайын Тұранының айтады енді.
 Білмейді ойын-қызық тамашамен,
 Арада алты-жеті ай өтеді.
 Ер Есім Ешенінде жата тұрсын,
 Хабарды Тәуекелден айталы енді.

Хан Тұрсын Түркістанды шапты

Сол заманда Ташкентке
 Қараған көп халықтың
 Қатаған дейді намдарын.
 Шибани ханның нәсілінен,
 Шаһ Тұрсын дейді хандарын.
 Қарақалпақ, Қатаған
 Самарқанд, Жызақ, Қоқанмен
 Сұраушы еді барлығын.
 Мұсылманның кетірген
 О басынан, әлеумет,
 Алалық деген шендерін.
 Хан Тұрсыннан сөйлейін,
 Түсініп бәрін, аңғарғын.

¹ Та – қиямет /араб/ – қияметке дейін, ақырзаманға дейін.

² Қиямет /араб/ – ауыр азап, бейнет, о дүниеге барғанда әрбір адам сынақтан өтетін зауал мен сауал күні.

Бір күні айтты шаһ Тұрсын,
 Жиып алып жұртына:
 – Арқан дәулет¹, құлақ сал,
 Бір пайдалы сөзім бар.
 Жеткілікті бөріңе
 Осы жолы дүние-мал.
 Ежелгі қазақ – дұшпаның,
 Бұл сөзімді жадыңа ал.
 Түркістанды Тәуекел –
 Қазақтың қазір ханы сол.
 Қартайған ғана шалы бар,
 Қымыз ішіп, мас болған,
 Халқының аңқау әлі бар.
 Ұлы кетті Қашқарға
 Адамын алып жарамдар².
 Қарауылсыз, күтімсіз,
 Бейқам жатқан жайы бар.
 Шөлейтпенен барайық,
 Олжа, жесір талайық.
 Білінбей барып түнінде
 Түркістанды шабайық.
 Бір аяқ жансыз жіберіп,
 Әуелі хабар алайық.
 Неше жылғы кегіңді
 Сөйтіп бір енді алайық.
 Осы жолы тілімді ал,
 Бірің қалмай, бөрің бар.
 Қызыл тұмсық боласың³,
 Есепсіз қанша дүние-мал.

Осындай деп хан Тұрсын
 Ташкенттен шықты сайланып.
 Желбіретіп туларын,
 Жалаң қылыш байланып.
 Қатаған деген елінен
 Есепсіз қосын айдалып.
 Түркістанды қамады,
 Түн ішінде айналып.
 Нақақ төкті қандарын,
 Есепсіз халықты жамғарып⁴...

Түркістанды қалың қол
 Айнала қоршап алады.

¹ Арқан дәулет (Дархан дәулет) – емін-еркін алаңсыз өмір, кең дүние, мол байлық.

² Жарамдар – жарамды, іс келетін.

³ Қызыл тұмсық болу – олжа алу, дүниеге ие болу.

⁴ Жамғару – жинау, басқару.

Қатты састы халығы,
 Жекеге шыққан ер болса,
 Ортаға алып қамады.
 Қарайғанды оқ жұлып,
 Тартылды қазақ заманы.
 Бөксе жағын бөрі жеп,
 Кеуде болды аманы.
 Қорықса да қой өлді,
 Дұшпандар тұтты жағаны.
 Жанды қарға ұшқызбай,
 Осындай болды лаңы.
 Зеңбірек, мылтық, оқ атса,
 Жұлдыздай болып ағады.
 Тәуекел айтты жұртына:
 – Тірлік бұмен болмады.
 «Мың күн жүріп жаманат
 Ілінгенше басыңа,
 Бір мәртебе өл, – деп, – жақсы атпен»,
 Машайықтың кебі¹ еді.
 «Қырық жыл қырғын болса да,
 Ажалды өлер адамы».
 Қазынаның аш ауызын,
 Испаһанлы² қылыш ал.
 Өлсең қалсын денеңде,
 Сауыттар кигін жағалы.
 Қазам жетсе, кебінім
 Жылдамдатып кигізгін,
 Алтын айдар гүләні³.
 Шошып тұрмын мен бүгін,
 Заманым қандай болады?

Ханымша атты қыздарын,
 Бауырына қысып ап,
 Сүйіп-сүйіп алады:
 – Өлгенде көрген шырағым,
 Жазым болсам майданда,
 Заманың қандай болады?
 Бұрынғының нақылы
 «Сұрап алған жалғыз ұл
 Жолда, жұртта қалады».
 Армансыз болып өлер ем,
 Осындайда бір көрсем
 Артымда жалғыз баланы.

¹ Кебі – сөзі.

² Испаһанлы – испаһандық.

³ Алтын айдар күлә – алтын тәжі баскіім.

Халқын жиып Тәуекел,
 Майданға шықты қамданып.
 Артына ерді ерлері,
 Баршасы да сайланып.
 Доп¹, зеңбірек қояды,
 Жау тарапқа оңғарып.
 Сары жай тартып, оқ атты
 Тудың түбін болжал қып.
 Көрсетті хан өнерді
 Есік-есік жол салып:
 «Тірлікке қайрат қылайын,
 Заман жоқ келер айланып».
 Сілтегенде Тәуекел
 Он адамнан жамғарып.
 Мұнар болды жер-жаһан.
 Күннің көзі қызарып.

Үріккен қойдай қашып жүр,
 Қай тарапқа бет алса,
 Жапырақтай түсіріп,
 Кәріңіз қылды тамаша.
 Сел болып сайдан қан ағып,
 Нөсер болды оңаша.
 Құмдай боп қаны ағып тұр,
 Жаны шығып, жерге құласа.
 Кім бар, кім жоқ белгісіз,
 Әдиса² таң-тамаша.
 Тәуекел атты ханыңыз
 Он бес жерден жаралы,
 Денесін бір күн қараса.
 Есі кетіп, сандалып,
 Құлады жерге жанаса.
 Туы құлап қалыпты,
 Есін жиып бір уақта
 Оң-солына қараса.

Хан есін жиып, жан-жағына қарап еді, туы құлап, халқы қашып, ада болғанын көрді. Гүлханым бәйбіше мен жеті жасар қызы Ханымша қолға түсіп, зарлап, қалың жаудың ортасында тұр екен. Хан өлерінде айтты:

— Замандас, жау да болсаң, құлағың сал,
 Азырақ саған айтар арызым бар.
 Баршамыз мұсылманның баласы едік,
 Мұхаммед шапағатшы Ақ пайғамбар.
 Тән бердім, күмәні жоқ тағдырына,

¹ Доп (топ) /парсы/ — екі дөңгелекті, бітелелі зеңбіректің түрі.

² Әдиса /араб/ — таңғажайып оқиға.

Ажалым сенен себеп болған шығар.
 Сипай көр жетім-жесір маңдайынан,
 Бір қыз бен Құдай берген жалғыз ұл бар.
 Пәтшағар, бейәбиір¹ қылып жүрме,
 Біріңе, тірі болса, қатын болар.
 Жалтандап, жетімсіреп қалар болды,
 «Атам, — деп, — хан Тәуекел», кімге асылар?
 Бүгінгі ажал маған, ертең саған,
 Құдай — бір, кезек — екі, ойланыңдар!
 «Басыңды жомарт кессін» демеп пе еді,
 Жанымды, жаллат болсаң, қинамаңдар.
 Сүйегім ит пен құсқа жем болмасын,
 Хан Тұрсын, замандас ең, тасалай сал...

Қаза жетіп Тәуекел
 Дүние салды осылай.
 Дұшпанын шауып мұқатып,
 Хан Тұрсынның көңілі жай.
 Қуанып елі теп-тегіс,
 Төрт түлік малға болды сай.
 Олжа, жесір үлесіп,
 Не қылғанмен болды бай.
 Мал айдалып шымалдай²,
 Дүние кімді тасытпас,
 Жарлысы да, байы да,
 Кәрісі де, жасы да,
 Бәрі шалқып қуанды-ай.

Ташкент барды хан Тұрсын,
 Көңілі тасып, шаттанып.
 Ерлердің көңілі раушан,
 Есепсіз қанша олжа алып.
 Қатыны шоры³ жұмсады,
 Мастықпен бәрі паңданып.
 «Артым қандай болар» деп,
 Өкінбейді ойланып.
 Сұрап алған Ханымша
 Қорлық көрді мал бағып.
 Өмірі өтті осымен,
 Ертелі-кеш сандалып.
 Опасы жоқ дүние-ай,
 Гүлханымдай бәйбіше
 Су әкеліп, от жағып,
 Қылмасына лаж жоқ,

¹ Бейәбиір — абыройсыз.

² Шымал — майда құмырсқа.

³ Шоры — кәнізек, күң.

Қолына балта, шот алып.
Бұлар тұрсын қорлықпен
Қашқардағы баладан,
Енді Есімнен қозғалық.

Есім Қашқардан қайтты

Аппақ Ешен қолында
Қашқарда жатты бес-алты ай.
Қызметкер бар аз адам,
Ішкені болып таза шай.
Зеріксе, шығып аң аулап,
Қару-жарақ бәрі сай.
Әмбені бір-бір мас қылған,
Бозбаланың саудасы-ай.
Бір күні ұйықтап кеткенде,
Бір іс көрді ер Есім:
Түркістанды өрт алып,
Қараңғы тұман боп тұрды,
Көпке дейін ашылмай.
Атасы тұр теріс қарап,
Тәжісі жоқ басында-ай.
Қарындасы, шешесі,
Салы уәзір — үшеуі
Аяқ-қолы шынжырлы,
Тұман түскен басына-ай.
Қарғалар шулай бастады,
Жақындап еді қасына-ай.
Аппақ қожа Ешені,
Тұйғын салды бір нұсқап,
Қырғын сап бұған қосылды-ай.
Қашқар жақтан жел тұрып,
Шаһардан тұман ашылды-ай.
Бір қол шығып ғайыптан,
Атасының тәжісі,
Киіліп қалды басына-ай.
Жылай берді оянып,
Түсінен жаман шошыды-ай.
Айғайлап қатты жылады,
Түсінің әлгі дерегі.
Бәрі шошып оянып,
Жігіттер жиылып келеді.
— Ханның ұлы ханзада,
Ойбай, тақсыр, не? — дейді, —
Шошынсаң, тақсыр, періден,
Ешенге хабар берелі.
Тәуіп, құшнаш, балгерге,
Дем салдырып көрелі...

Жылаудан бала тынбады,
Айтуға аузы келмеді.
Жалғыздың жары — бір Құдай,
Жаратқан болсын көмегі.
Ата-анасы қорлықта,
Баласы болса, далада.
Көрсетпесе қайратын,
Баланың не керегі.
— Жігіттер, несін сұрайсың?
Бір сыр болды халыққа,
Хан Тұрсын болып себебі.
Қайранда өткен атакем,
Насихаты көп еді,
Байғұс басым білмеппін,
Осынша маған деп еді.

Үрей боп бұлар тұрғанда,
Ешеннің білді сарынын.
Әлейкі алып сөйледі,
Түрін көріп бәрінің:
— Тағдырға тән бер, шырағым,
Сөзін тыңдап піріңнің,
Хайуан да сыйлар ұлығын.
Әмбеден де зары бар
Ойлап тұрсаң өлімнің.
Қанаты бүтін жан бар ма?
Ұнатам көңіл сынығын.
Насихат сөзін естігін,
Сөзін тыңдап кәрінің.
Тәкаппарлық қылмайсың,
Кем-кетіктен жетілгін,
Өткен іс келмес орнына
Ақырын Хақтан өтінгін.
Мүләйім болып, сынық бол,
Үлкейген сайын кішіргін.
Расқой бол шын сөйлеп,
Хақ жолына ұсынған.
Асқанға қанша жаза бер,
Көңілін аула кішінің.

Қаласында Самарқан
Әмір Темір патшадан
Қалған екен бір қылыш,
Жазып алса, он бес кез,
Бүктеп келсе, бір уыс.
Осыны беріп Есімге,
Байлап жатып беліне:
— Қан ұрттамай, шырағым,

Қатысына түспейді,
 Бұяғына¹ түсінген,
 Ырымға алған пал қылып².
 Әкең сойған қойының
 Сақтап едім ілгері
 Ту қара қойдың асығын.
 Дабылға тілла³ иіргін,
 Оңқадан тұрса, оңладың,
 Басқасы болса, насырың,
 Жолың болсын, бар, балам,
 Хан Тұрсынды қашырғын.

Ешені насихаттап бата берді,
 Ақылын бастан-аяқ айтады енді.
 «Жан балам, есендікпен көрсетсін», – деп,
 Қоштасып, шығарып сап, қайтады енді.
 Келеді жардан ырғып, тастап сырғып,
 Көргенше шыдай алмай ата-ананы.
 Бәрінен жігіттердің озып шығып,
 Тұлпарға қамшы басып жөнеледі.
 Көргенше шыдай алмай елін-жұртын,
 Жас төгіп жолда зарлап еңіреді:
 – Түркістан, шаһар Сайрам аман ба екен,
 Қазағым киіз туырлық, керегелі?
 Жараным Дешті-Қыпшақ аман ба екен,
 Жарлы-бай, жақсы-жаман, жас пен кәрі?
 Қамқорым, дұғагөйім аман ба екен,
 Көретін күн бар ма екен ата-ананы?
 Сүйенішім, таянышым әм қанатым –
 Ханымшам ағакелеп көрсе мені.
 Алғыскөй, қыбылагерім⁴ аман ба екен?
 «Дұғамен ер, – деген сөз, – көгереді».
 Жолықсам сау-саламат осыларға
 Мекке мен күзерлер⁵ ем Мединені.
 Алматы, жеті дуан, шаһар Сайрам,
 Өзбек, Ақмешітім, Қазалымен,
 Ата-анам қайтып шыдап отыр екен,
 Бір сағат тайдырмайтын назарынан.
 Түсімді көргеннен-ақ шошып едім,
 Сенбеймін бұл жағыма, ойбай, қайдам...

¹ Бұяғына – бұл жағына.

² Пал қылу – ойлау, бал ашу, қиялдану.

³ Дабылға тілла – алтын дабылдың беті.

⁴ Қыбылагер – «жол көрсетуші, үлкен» деген мағынада.

⁵ Күзер – қатқан мұздың үстіндегі жол. Бұл жерде «екі араны жол қылушы, жиі қатынаушы» мағынасында.

Осыны айтып ер Есім,
 Тұлпарға қамшы салады.
 Еті қызса жануар,
 Жұлдыздай болып ағады.
 Қызған сайын шабады,
 Үй жыққандай екпіні,
 Көлденең ұшқан құс болса,
 Омырауда қағады.
 Көтеріліп үйрек ұшқанша
 Жұмарланып қалады.
 Қусырылып жердің танабы,
 Артында жатып қалады.
 Қара тасқа кезіксе,
 Жаңғақтай қылып шағады.
 Кейбір тастан от шығып,
 Шамдай болып жанады.
 Неше тауға кезіксе,
 Анда-санда қалады.
 Бір күн шапса су тұлпар,
 Айшылық жолды алады.
 Жер-жаһанды күңіrentті,
 Көргенше ата-ананы.
 Келе жатса, алыстан
 Көреді бір топ қараны.
 Жайылған көп пада¹ екен.
 Отынға жүрген қатынға
 Баланың түсті назары.
 Жасырынып тыңдап тұр
 Қатынның айтқан ғазалын².

Анасының зары:

– Қашқардың жолы қашықта-ай,
 Сүйегімді жасытты-ай!
 Лаж бар ма тағдырға,
 Көрер күн болса осындай?
 Алатауда ақша қар,
 Ташкентте залым Тұрсын бар.
 Айналайын атыңнан,
 Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,
 Отыз үш мың сақабә
 Медет бер тақсыр, Әліайдар³!
 Тоқсан тоғыз мың машайық,

¹ Пада /парсы/ – табын, мал (ірі қара) табыны.

² Ғазал – шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең.

³ Әліайдар – Әлішердің лақап аттарының бірі, арабша арыстан дегенді білдірді.

Сұлтанлы-арпыл назар сал.
 Кәтте¹ Базырық² әзіздер,
 Болсаңдаршы хабардар
 Тұз-наныңды татып ем,
 Аппақ қожа қолымды ал.
 Бір патшаның зайыбы ем,
 Отын, сумен болдым қор.
 Әулие қоймай қыдырып,
 Сұрап алған жалғыз ұл,
 Еш болмаса хабар ал.
 Жолбарыс, қабылан сақтаған,
 Торғайдың қалың бадалы³.
 Аспаннан бұлт қашырар,
 Құбыланың соқса самалы.
 Бейнет, қайғы, жылаумен
 Әл-дәрменім қалмады.
 «Сусын» десе беруші ем,
 Шекер менен алуаны.
 Қара су болды ауқаты,
 «Атам» деп кімге шағады.
 Залымдарды ұрмады
 Жас нәресте обалы.
 Жеті жасар қызымды
 Ортаға күнде алады.
 Қабырғасы қатпаған,
 Кімге де тиді залалы?
 Армансыз боп өлер ем,
 Бір көрсем жалғыз баланы.

Дәйімі зарлаумен күнім өтті,
 Ұстадым күн жебелеп, балта-шотты.
 Қамқаны⁴ апта киіп тастаушы едім,
 Сол күнім қазір менің қайда кетті?!
 «Дәулет бер қартайғанда» деген екен,
 Шағымда өлетұғын имендетті.
 Талайға қол қайырды⁵ қылып едім,
 Алдыма бірде-бірі келмей кетті.
 Ханымшам, қайран жаным, ерке қызым,
 Жалтаңдап әркімдерге өмірі өтті.
 Қосылған бала күннен керт⁶ Құдайым,
 Әйтеуір, менше қорлық көрмей кетті.

¹ Кәтте /парсы/ — үлкен, зор.

² Базырық (бүзірік) /парсы/ — үлкен, ұлы. Бұл жерде — әулие.

³ Бадал — ұйысып өскен қалың бұта, ағаш шоғыры.

⁴ Қамқа /көне/ — зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.

⁵ Қол қайыр — жақсылық, жәрдем, көмек.

⁶ Керт — «уәде» деген мағынада.

Құдайдан өліп-талып сұрап ап ем,
Құлыным Есім атты қайда кетті?!
Тимесе ол дүниеде, бұл дүниеде
Пайдасы жалғызының тимей кетті.

Осындай деп Гүлханым,
Зарлайды қатты қамығып.
Арқан-жібі қолында
Ескі тонды жамылып.
Қанша мықты болса да,
Шыдасын енді не қылып?
Анасы бүйтіп тұрған соң,
Тұра алмады сабыр қып.
Атынан түсті секіріп,
Тұра алмады бекініп.
Айғайласып көрісті,
Анасымен өкіріп.
Осылай бопты ел-жұрты,
Көрмесе бәрі өтірік.
Айтуға аузы бармастан,
Құшақтасып жыласты.
Азғана емес бұларға
Хан Тұрсынның лаңы.
Құшақтап Есім анасын,
Өксіп жылап тұрады.
Анасы айтып жылайды:
— Сұрап алған оғланым,
Бір жыл айтсам таусылмас,
Басымнан өткен мұңдарым.
Мен білмеймін ұрыста
Қазақтың қандай болғанын.
Хан Тұрсын қосын жиып кеп,
Қамал қылды жарым ай
Түркістан атты қалаңа.
Ұрыс болды неше күн
Шаһар менен далада.
Жазым қылды әмбені.
Қараңғылық орнады
Бала менен шағаға.
Сонан қайтып көрмедім,
Көп қосынмен атаңыз
Шығып еді далаға.
Бөксеңді қойды бөрі жеп,
Қадамың жетті жаңада.
Екі көзім далада,
Сорлы көңілім балада.
Серуендеп сен жүрсің,

Баланың көңілі далада.
 Атаң сорлы ашынып,
 Бара жатып майданға
 Бармағын тістеп зарлады:
 «Бір перзент» деп қоймап ем,
 Қыдырып Дешті даланы.
 Өлі менен тірі ісі жоқ,
 Жастық қойып басына,
 Сусыны нәсіп болмады».
 Атаның кегін жібермес
 Баласы болса алалы.
 Төмен етек әйелмін
 Жауға қылар шама жоқ.
 Қазынадан айырылдық,
 Сол қырғында талан боп.
 Кеудеден жаны шыққанша
 Зарлап кетті «бала» деп.
 Ажалға ара тұрмайсың,
 Қисайған сүйеп басынан,
 Армансыз болып кетеді
 Қолыңнан қойсаң кебіндеп...

Есім анасына: «Енді жылама, «Өткенге өкінбе, жетпесті құма» деген. Сен осы бойыңмен ешкімге білдірмей, осы жерде тұра бер. Мен қарындас пен Салы уәзірді тауып алып келейін. Үшеуің Түркістанға қарап жүре беріңдер», – деді.

Өзі жансыз бөтен кісі болып, хан Тұрсын алдына бармақ болды. Осы атырапта үш хан болушы еді. Олар – айтылып отырған хан Тәуке, хан Тұрсын және Үргеніш жағын билейтін Әбілғазы баһадүр хан. Есім хан Тұрсынға осының жіберген елшісі болып бармақ болды.

Осылай етіп ер Есім,
 Анасына айтты: «Жауап бер,
 Заман шіркін айналып
 Қараң кетіп, ағың кел.
 Жазым болсам қапыда,
 Халқымды бассыз тағы жер».
 Осылай деп ер Есім,
 Қамшы басты атына.
 «Елшімін» деп танытты,
 Қатағанның жұртына.
 Бір тараптан шу шықты,
 Қарап еді артына.

Ханымша:

Байқады қарап шамалап,
 Біреулер қуып келеді

Жеті жасар баланы.
 «Қашасың ба, залым», — деп,
 Ортаға алып сабады.
 Әрқайсысы бір түртгі,
 Жәкөтайлап жылады,
 Ешбір рақым қылмады.
 Біреулер кеп сол жерде
 Өңгеріп алды сабалап.
 Есімге келіп тығылды,
 Жолаушы деп шамалап.
 «Айналайын, көкөтай,
 Мыналарды тоқтатшы,
 Барайын бірге өзім-ақ».
 Қарындасы Ханымша,
 Қараса байқап, назар сап.
 Дірілдейді бейшара,
 Қамаласа, ортаға ап.
 «Мен-ақ алып жүрем», — деп,
 Тоқтатты бала илалап¹.
 Қыз бейшара жылайды:
 — Қашқарға кеткен көкекем,
 Келер күнің бар ма екен?
 Жамалыңды сағындым,
 Атам өліп, жетім боп,
 Көрінгенге таңылдым.
 Алуа² ішкен шекермен,
 Атала³ ішіп қаңғырдым.
 Сабалайды ортаға ап,
 Мен бұлардан түңілдім.
 Жеті жасар күнімде
 Осыншалық қылғандай,
 Ойбай, Тәңірі, не қылдым?

Осылай деп жылады,
 Ешбір рақым қылмады.
 Қаһары келіп Есімнің
 Түгі тесіп шығады.
 Әрқайсысын бір іліп,
 Найзамен шаншып ұрады.
 Өліктерін жасырып,
 Оңаша жерге тығады.
 Қарындасын құшақтап:
 — Айналайын бауырым,

¹ Илалау — айла қылу, амалдау.

² Алуа /араб/ — май мен ұн, қант қосып жасаған тәтті тағам.

³ Атала — суға талқан немесе ұн салып пісірген сұйық ботқа.

Туысқаным, туғаным,
 Қарындасым Ханымша!
 Қашқарға кеткен сорлы ағаң,
 Мен едім ғой, — деп жылады...

— Шырағым, мынау аттың бірін мініп, біреуін жетелеп, падада жүрген шешеңе жет. Қарындарыңды тоқтап¹, атқа мініп, Түркістанға қарай жол тарта беріңдер. Жолда қашқындар жолықса, ертіп алыңдар. Мен хан Тұрсынды бір жайлы қылып барамын, — деді. Есім елші пормасына түсіп, ханның алдына кіріп келеді. Хан орнынан ыршып түрегеледі. Елші бірнеше күн елшіханада қонақ болып жатты. Елші бала алдына кіріп келсе, хан орнынан еріксіз ыршып тұра беретін болды. Бұлай деп айтқанға сенбеген соң, уәзірлер бір күні ханның етегіне киіз тігіп қойды. Бала кіріп келгенде, хан киізді көтере түрегеліп, сонда сенді. Баланың қағазын көрсе, Үргеніштегі Әбілғазы баһадүр ханның елшісі. «Әбілғазы баһадүр күллі мұсылман хандарын шақырып, бір үлкен мәжіліс құрмақшы еді, соған сізді шақыра келіп едім», — дейді бала.

Хан бұған нанды. Жарамды ерлерін алып: «Әңгіменің ішінде бола-лық», — деп, Үргенішке жүріп кетті.

Есім хан көтерілді

Есім далаға шығып, ілгері айтқан хабары бойынша Үш жүздің баласын тегіс жинап, хан көтерілді. Әскер құрып, сап түзеп, елеулі ерлерін іріктеп шығарып, сап алдына қойды. Сол күнде Үш жүздің баласында атақты төрт батыр болар еді. Ұлы жүздің Бөгежілі елінен Шабайұлы Жақсығұл деген мерген еді. Қоңыраттан Алатау деген батыр еді. Кіші жүз алшын-жаппаста Бөрітоғашұлы Жиёмбет деген еді. Үйсіннен Сүлеймен батыр. Қай үйсін екені белгісіз.

Далаға шығып ер Есім,
 Жинады қазақ жаранын.
 Тұтқындарын босатып,
 Шақ қылды қосын тамамын.
 Сапсыз² ерлер жиылды,
 Айтайын бір-бір хабарын.
 Ұлы жүзден — Жақсығұл,
 Бөгежілі затынан,
 Руы еді жаныстан.
 Шабайдың ұлы Жақсығұл,
 Әуеде ұшқан аққудың
 Шашар еді қандарын.
 Ер Алатау қоңыраттан,
 Батыры еді әмбенің.

¹ Тоқтап — тойғызып.

² Сапсыз (хисапсыз) — есепсіз, мол.

Бөртоғашұлы Жиёмбет,
 Алшын дейді, аңғарғын.
 Үйсін батыр Сүлеймен,
 Білмеймін ру намдарын.
 Пана қылды қазақтар.
 «Атасының орнына
 Есім болды хандарың.
 Нәсілі — Шыңғыс төреден
 Қабыл тұт мұны барларың.
 Құтты болсын тақымың,
 Мүбәрак¹ болсын қадамың.
 Жолың болсын, әумин!»
 Дуылдасып қалың жұрт,
 Кілемге алтын салады.
 Қазығұрттың басына
 Хан көтеріп шығады.
 Ту көтерді сарын қып
 «Есім хан» деген ұранды.
 Шаппаққа енді қамданып,
 Ташкенге қосын шығарды.
 Сансыз ерлер жиылып,
 Дүркін-дүркін айдады.
 Білдірместен шаһарын
 Түн ішінде қамады.
 Әр дарбаза аузына
 Мыңнан әскер қояды.
 Зеңбірек атып, талқандап,
 Ордасын ханның бұзады.
 Аллалап тегіс ұран сап,
 Қазақтың бәрі ұрады².
 Атқан садақ қалаға
 Қардай болып борады.
 Тұман боп оқтар түтеді,
 Өткізбеді аспаннан
 Жайын ұшқан қарғаны.
 Тастан берік сарайды
 Дәрі қойып ақтарды.
 Найзамен түйреп кәрісін,
 Жасының басын жояды.
 Харап³ етіп халқын,
 Өз қылғанын қылады.
 Жақсығұл атты мылтығын,
 Қалың топқа жобалап.

¹ Мүбәрак /араб/ — берекелі, қасиетті, құтты.

² Қазақтың бәрі ұрады — «лап қойды, ұрысқа айдады» деген мағынада.

³ Харап /араб/ — қирау, быт-шыт болу; қиратушы.

Талқандады саптарын,
 Қабаттап өтіп қидалап.
 Қазақтар болды шадыман,
 Қатағандар жыламақ,
 Алатаудай батыры
 Қасқырдай тиді аралап.
 Жиёмбет асты бәрінен
 Тұс-тұсына қуалап.
 Сауытқа тиген оқ болса,
 Жерге түсті домалап.
 Сүлеймен батыр жұмылды,
 Қабаттап қырқып, жаралап.
 Өшпенді баз жазғандар¹,
 Қашқан жауға қатын ер,
 Күші жетпес жазғандар
 Өлігін жүр сабалап.
 Кейбірі кейіп сөгіп жүр:
 «Ұрайын қызыңды, өлдім-ақ».

Ташкеннің қырғын салды қаласына,
 Алалық бастан кірген арасына.
 Ордасын бір күн, бір түн ойран етіп,
 Келтірді өзі қылған жобасына.
 Сапсыз қазақтарға олжа түсті,
 Үлесін алып жатыр бас-басына.
 Қазына-мүкамбалын² артып алды,
 Өрт қойып хан Тұрсынның ордасына.
 Бірқатар қатағаннан кетті қашып,
 Бармаққа Үргеніште хан қасына.

Есім хан айтты: «Халқым, құлағың сал,
 Олжаны тақсымымен³ үлесіп ал.
 Алдынан жолын тосып іс қылайын,
 Хан Тұрсын Үргеніштен қайтқан шығар.
 Қасыма ығай-сығай жүзің ілес,
 Өзгеңіз осы арадан қайтыңыздар.
 Әйтеуір жауды шаншып, намыс әпер,
 Болса да қанша олжа өздерің ал».

Шығарды Шыңғыс ханнан қалған туды,
 Туды ұстап жарқыратып, тұлпар мінді.
 Туына хан Шыңғыстың жасын сүртіп,
 Ішінен тарқатты Есім сары суды⁴.

¹ Баз жазғандар — кейбір пенделер.

² Мүкамбал (мукамал) /араб/ — дүние-мүлік, қазына, байлық.

³ Тақсым /араб/ — бөліс, үлес.

⁴ Сары су — қайғы, мұң.

Сайланып, іріктеніп өңшең батыр,
 Ерлердің наһансінген¹ бәрі жүрді.
 Бір порым бәрі бірдей сыпайылар,
 Өнерпаз ығай-сығай неше түрлі...
 Сырдария бадалына жеткен кезде,
 Азырақ Бұқар жақтан шаң білінді.
 Хан Тұрсын хабарланып қайтқан екен,
 Үш мәрте «Есім хан» деп дабыл ұрды.
 Қасына бірін-бірі жолатпастан
 Атысып екі жақтан оқ жаудырды.
 Найзамен хан Тұрсынды шаншиын деп,
 Есім хан тұлпарымен дарияға ұрды.
 Ақыры араласып, кескілесіп,
 Сырдария қызыл қан боп ағып тұрды.
 Ешені Аппақ қожа берген семсер
 Он бестен, жиырмадан қан қып тұрды.
 Қайтпай, қашпай екі жақ,
 Қырғын қылды қабағат².
 Қарсы шапқан ер дейміз,
 Қашқынға болмай маламат³.
 Хан Тұрсын келіп күрзі ұрды,
 Есім ханға дауамат⁴.
 Сүрініп барып түзелді
 Астындағы тұлпар ат.
 Ақылы ауып тоқтады,
 Күшпенен қылды парасат.
 Жүгіріп келіп найза ұрды
 Жиёмбет деген азамат.
 Тобышақ жазым боп кетіп,
 Хан Тұрсын түсті домалап.
 Қайырылып қожа жөнелді,
 Сүлеймен кетті қуалап.
 Қатағандар тоқтатты,
 Тұс-тұстан найза сидалап.
 Араласып шауып жүр
 Қалқан ұстап паналап...

Қаһарланып Жиёмбет
 Ұстады найза қолына.
 Араласты аянбай
 Қатағанның тобына.

¹ Наһан — үлкен, зор, алып.

² Қабағат — орасан, керемет, қатты, өте, тез.

³ Маламат /араб/ — айыптау, кінәлау, сөгу, мін тағу, ұрысу.

⁴ Дауамат /араб/ — жалғасы, үздіксіз, дайым.

Хан Тұрсынға күрзі ұрды,
Сүйенді аттың жалына.
Ту ұстаған адамын
Екі бөлді атымен
Келтірді батыр табына.
Қатағанды қашырып,
Қойша айдады алдына.
Қашқанменен қоймады,
Түсті ерлер соңына.
Әр жерде аттан түсіріп
Сұлатты көбін жолына.
Ақырында қашқындар
Жеткізбей кетті шаңына.

Хан Тұрсын қашты жұртымен
Үргеніштің көліне.
Қарамады қайырылып
Қырғын тапқан еліне...
Есім хан айтты айғайлап:
— Залым ит, бар ма арманың?
Айнымай келді басыңа
Өзіңнің қылған ылаңың.
Сен қылғанды мен қылдым,
Сенен артық не қылдым?
Пендем де, қатын-балаларым
Қорқады деп ойлама,
Шыдасаң, тағы шындадым!
Арманда қалсаң бұл сапар
Тағы қайта қамданғын.
Сенімен бармын, хан Тұрсын,
Сынғанша қылыш-балдағым!

Осыны айтып, ер Есім
Үлеске садды олжаны.
Дүниеге кенелді
Қасына ерген ерлері.
Сауыт-сайман, асыл зат
Шат болысты келгені.
Қайтты енді жұртына,
Жадырай түсіп елдері.

Қайтып келді Есім хан
Түркістан атты қалаға.
Тамаша болды неше күн
Бала менен шағаға.
Атасының басына
Қатым Құран түсіріп

Әдия¹ беріп молдаға.
 Жұртына болды ұлы той.
 Неше күн өтгі арада...
 Үргеніштің ханы еді
 Әбілғазы баһадүр:
 «Жарасқын, — деп, — екеуің»,
 Түсе берді араға.

Әбілғазы баһадүр хан:

— Ассалаумағалейкүм,
 Арқан дәулет Есім хан!
 Үргеніштен келемін,
 Әбілғазы баһадүр
 Деуші еді мені қанша жан.
 Бітімге келген жайым бар,
 Сөз тыңда, уәзір, сыпамен.
 Хан Тұрсынмен жау бопсың,
 Қандым көп сөз араңнан.
 Пенделері себепкер,
 Жақсы-жаман Құдайдан.
 Насихат айтам, тыңдасаң,
 Жолдас болған кісімін
 Тәуекел хан атаңмен.
 «Әкемнің көзі көрген» деп,
 Бір мәрте тұтсаң қадірден.
 Жыламасын жас бала,
 Қорқыңыздар Құдайдан,
 Қайтыңыздар райдан.
 Насырани², жуит³ қарсы емес,
 Бәріміз де мұсылман.
 Өсер ғана басың бар,
 Шырағым, сенен сұрадым,
 Өз жұртың да аз емес,
 Тілеуін соның сұрағын.
 Босатып бер пендеңнен
 Хан Тұрсынның адамын.
 Құсемет⁴ кетсін араңнан,
 Кідірут⁵ кінә шығарғын.
 Өлмесе де, өлімші,
 Білдің бе Құдай ұрғанын?
 «Алдыңа келсе, құнын кеш

¹ Әдия (хадия) /араб/ — сый, сыйлық.

² Насырани — христиан. Иса пайғамбардың жолын ұстанушылар.

³ Жуит (жудей) — еврей. Мұса пайғамбар дінін ұстанушылар.

⁴ Құсемет (құса) — қайғы, мәтін бойынша «кек, ыза» деген мағынада.

⁵ Кідірут (кідурат) /парсы/ — арақатынастың бұзылуы, кедергі, жауыздық.

Әкенің» деген сөзі бар,
 Машайықтың ұнауын.
 Біріңе-бірің мұнан соң
 Ала көзбен қарама,
 Нан сындырып, шартнама,
 Ортаңа Құран қоямын.
 Әкең қатар хан едім,
 Бейәбиір¹ қылмағын.
 Пайғамбар жасын жасап ем,
 Бір жолға, балам, сыйлағын.
 Пәтті бәби себеп ән²,
 Құранның сөзін аңдағын.
 Көнбесеңдер мұныма,
 Менің жайым — Үргеніш,
 Бірің өліп, бірің қал,
 Қызығыңды көріп тұрамын.

Әбілғазы баһадүр
 Осындай көп сөз нұсқады.
 «Кештім», — деді ер Есім,
 Құрмет етіп патшаны,
 Құсеметтерін тастады.
 Қағаз қылып шартнама,
 Хан Тұрсын Құран ұстады.
 Өтірік қана өтініп,
 Иламен көзін жастады.
 «Құлығым асып осыдан,
 Бізге болсын», — деді де,
 Қолына ұстап бір бізді
 Лақтырып тастады.
 Әбілғазы сөйледі:
 — Бұдан кейін жамандық
 Қайсысың қылсаң, мабада³,
 Аруақ ұрсын ұранмен,
 Қияметке дейін оңалма!
 Ұрық, нәсілің құрысын,
 Ағаштай боп қуар да!
 «Әумин» десін періште,
 Машайық болсын дұғада.
 Батагөйің мен болдым,
 Үргенішке қайтамын,
 Сау болғын енді, жан балам,
 Тапсырдым сені Құдайға.

¹ Бейәбиір /парсы/ — абыройсыз.

² Пәтті бәби себеп ән (фаатбаға сабәбән) — Олда бір шара қолданды. Каһаф сүресі, 84-аяты.

³ Мабада /парсы/ — құдай сақтасын; қалай болғанда да.

Есім хан айтты бір сөз: «Құлағың сал,
Баһадүр Әбілғазы, арызым бар.
Мынау іс осылайша тындым болды,
«Кеңге кең, — деген еді, — тарларға тар».
Адамнан, Әзіреті бермен қарай
Жауымен ғазат¹ қылған падишалар.
Қырық жыл күндіз-түнгі ғибадаттан
Ғазатқа бір-ақ қылыш артық шығар.
Баласын мұсылманның жылатпайық,
Өр жақта қалмақтайын дұшпаным бар.
Омск, Томскінің айналасы,
Темір хан, Атас пірас² кәпір шығар.
Хан Тұрсын мына жұртты аңғарып тұр,
Зерек қас надан достан артық шығар.
Тапсырдым баршаңызды бір Құдайға,
Көргенше қайта айналып, кім жоқ, кім бар».

Қалмақты алуы

Еңсегей бойлы ер Есім,
Талап етті жүргелі,
Ниетін қылып ілгері.
Темір ханның жұртына
Жүзі ауды өрдегі.
Қалың қалмақ қара қол,
«Атас пірас» дінді еді.
Неше сапар жұрт шауып,
Жетім-жесір, жәбір қып,
Төрт түлік малын неше айдап,
Бүлдірген еді елдерді.
Тіпті тыныштық бермеді
Қайғымен өтіп қазақтар,
Шашынан көп еңіреді.
Атасы өліп біреудің,
Інісі өліп біреудің,
Біреулер жардан айырылып,
Жазылар малдан қамығып.
Жалғыз-жарым саяқтап,
Не ерлер өлген зорығып.
Үш алаштың баласы
Жылаушы еді күніге.
Қысасы³ бар бәрінің
Қуанады жүргелі.

¹ Ғазат — діни соғыс, қасиетті соғыс.

² Атас пірас (аташпараст) /парсы/ — отқа табыну.

³ Қысас /араб/ — құн; жаза; есе; сазай; кек, есесін алу, қас, өш.

Күшті боп қалмақ сол күнде
Өзгелер, сірә, ел ме еді?
Нәсілі кетті түзеліп,
Шыңғыс хан осы дінде еді.
«Жеті ықылым халқы
Жердің жүзін алған», — деп,
Айтып едім ілгері.
Заманнан неше бері қарай
Он үшінші тақсым Шыңғыс хан,
Шежіре нұсқа көргені.

Жолға қарап көз сүзіп,
Қыналап, қамдап ат мініп,
«Құны, — деп, — басым арымның»,
Үш жүз енді сайланды,
Қам қылып жатыр барғалы.
Қос ат, жарақ қамданып,
Қылыш, мылтық байланып,
Қош айтысып, қоштасып,
Көрісіп қолын ұстасып,
Әбілғазы, хан Тұрсын
Сарпай¹ беріп қайтарды.
Қайта-қайта дайындап,
Ішкі арманды айтады:
«Селтеңдеген неме еді,
Кім біледі сайтанды?»

Сол уақытта Есім хан
Біреуін қоймай айттырып,
Жинап алды қазақты,
Жұртты аузына қаратты:
— Есікке, жұртым, бекем бол,
Дұшпаның көп оң мен сол,
Алдыңғы жағым оңланса,
Артқы жағым алақ-ты,
Болжаңдар шартарапты!

Жуық арада келмеймін,
Барған жерге өрлеймін.
Қанағатсыз ел еді,
Қатағанға сенбеймін.
Бұған да түсін, ер, деймін.
Үш жүз қазақ баласы,
Үш би сайла, ойласып,
Таянышымды кім деймін?

¹ Сарпай — киіт, сыйға жабатын қымбат бағалы шапан, киім.

Аузы бар бақандай,
Қайратты болсын ер деймін.
Жасып туған атадан,
Басқара алмаса қор, деймін.
Осалға өкім бермеймін!
Жақсығұл мерген, елде қал,
Қылатын сенің ісің бар,
Шолғыншы болып айланып,
Асынып мылтық байланып,
Елдің шетін електеп,
Некен-саяқ деректеп,
Рақат ұйқы көрмейтін,
Шолғыншы болып жүр деймін.
Алдымдағы қалың жұрт,
Анықтап айтшы билерді,
Аттарын, сірә, кім деймін?

Үш жүздің енді баласы
Қарар тауып ойлады.
Ынтымақпен сайлады:
Құдайберді жаныстан —
Ең әуелі болғаны.
Орта жүздер сайлады
Арғын Шаншар мырзаны.
Қаздауысты Қазыбек
Осыдан тарап шығады.
Кіші жүз — алшын Жидебай,
Баласы мұның — Әйтеке
Шежіреде шығады.
Ескі ұлт нұсқада
Осындай дейді хабары.

Атап-атап берейін
Енді Есімге келейін.
Жеті мың әскер жинап ап,
Қалмаққа деді жүрейін.
Қалған жұрты тарқады,
Қайыр-қошын айтады:
«Ақ жүзді абырой бергін, — деп, —
Көздің жасын көргін, — деп, —
Есен барып, сау қайтқын,
Сапары еді қатерлі...»

Хан Тұрсындай ханымыз,
Ағармапты көңілі,
Жаулықпен өткен өмірі.
Темір хандай қалмаққа

Жасырын сәлем айтады.
Қағазында не депті
Қанеки, оқып байқалы.
«Жанабыңа үрметлу¹,
Темір хан, саған көп сәлем!
Достық сөзін байқағын,
Жазылған мынау хатымнан.
Есім хан саған бара жатыр,
Жарамды, жаулы адаммен.
Оза шауып, мал алған,
Шығаннан шыққан ерлері,
Жүрегі өскен қолайдан.
Досыңды шақыр қасыңа,
Жау тірелді маңайдан,
Дұшпанды бездір панайдан.
Достығымды білдірдім,
Пешене көр маңайдан.
Егей-сығай адамы
Қозғалтпасын қалаңнан.
Қайратың болса, өлтіргін,
Ханнан шырақ өшіргін,
Біреуін тірі жіберме
Осы барған адамнан.
Нан пісіп тұр деміне,
Осы биыл таланмен».

Сөздің енді қысқасы,
Қалмаққа тиді намасы.
Қағаздан қатты шалынды
Темір хан деген патшасы.
Шапқыншылар жүрдіріп,
Жаудың түрін білдіріп,
Бүлінді қалмақ немесі.
Әскербасы, онбасы,
Қарауылшы, құрбасы,
Арбаға таңып зеңбірек,
Оқ-дәрісін түгендеп,
Хабарланды топбасы.
Қарауыл қойып күтініп,
Берік болды қаласы,
Шаһар мен Дешті даласы.
Жол-жолға мерген төктіріп
Жай-жайына сап қылып,
Бұқтырма болды арасы.
Темір хан жүр жол тосып,

¹ Үрметлу /диалек./ – құрметті.

Қалың қолмен бас қосып:
«Келетін жолы — осы, — деп, —
Ұрысатын жердің басы», — деп,
Бір парсаң¹ жерде арасы.
Мұның жайы мұнымен,
Енді Есімнен қозғашы.

Еңсегей бойлы ер Есім
Келе жатыр сап қылып,
Жер қайысқан қосынмен,
Шенінен пенде шошыған.
Қызмет етіп сышалар²,
Ажырамайды қасынан.
Кигені темір көк сауыт,
Алтыннан жалпы жығалы,
Көкке шығып мұнары.
Жасанған жаудың алдында
Ажалды киік тұрады.
Дүркіреген дүбірі
Түстік жерге шығады.
Күншілік жерден елеуреп,
Керең болып құлағы,
Панайында тұрмады.
Жаралған хайуан шошынып,
Тауларға үркіп шығады.
Таймаған бағы басынан,
Талқылы туған жасынан.
Бет алған жер қашық па?
Ақбөкендей жосыған.
Аралап киік, аң атып,
Кез келгенді сұлатып,
Бірнеше күн жол жүрді,
Азғана емес, мол жүрді,
Қалмаққа жақын кеп кірді,
Көрмеген жер тосыннан.
Аралап келді қонбаққа,
Бір өзеннің басынан.
Шөлейтке қонды қапылдан,
Су таппады жақыннан.
Көп қосын кетті су іздеп,
Рұқсат алып ханынан.
Аттарын жалпы суғарып,
Су құйып меске тақсымен³.

¹ Парсаң /парсы/ — қашықтық өлшемі, шақырым.

² Сыпа /көне/ — жауынгер, әскери шендегі қызметкер.

³ Тақсы — ыдыстың бір түрі.

Бүлдіргенге кез болып,
 Тере берді қызығып,
 Жүгіре түсіп атынан,
 Хабарсыз бәрі артынан.
 Қосты бағып бір өзі
 Қап еді жалғыз Есім хан.
 Сапсыз қосын сау етіп,
 Түсе қалды тосыннан.
 Кебенек шекпен киіп ап,
 Шыға берді бөлініп,
 Жүре алмай қалды жұртында,
 Торы шолақ байталмен.
 Астында тұлпар аты жоқ,
 Қалмаса игі еді майталман.
 «Кім, — деп, — шаһар, тек жайың?» —
 Сұрайды жауап Темір хан.

— Мен өзім — нәсілім төре, қазақ — затым,
 Түркістан, Сайрам дейді шаһарым атын.
 Есім хан — осы күнде жұрттың ханы,
 Қалмақтың талап етер уәлаятын.
 Қасында егей-сығай ерлері көп,
 Төбені, сары жай тартса, аударатын.
 Бет алса қай тарапқа, талқан қылар,
 Ешкімнен сыңайы жоқ жасқанатын.
 Егескен қанша патша болғанменен,
 Жеңіліп, қара жерді жастанатын.
 Баршасы ат суғарып кетіп еді,
 Солардың азғыны едім қос бағатын.

— Қарасам, қай патшадан кем шығарсың
 Ақылға бірқатардан кең шығарсың?
 Қараға¹ сендей тұлға бітпеуші еді,
 Бір ермен жұрт иесі тең шығарсың?
 Кебенек² шекпен киіп, елеусіз боп,
 Еңсегей бойлы Есім хан сен шығарсың?
 Оңаша Лат-Манат³ кездестірді,
 Дұшпаным мен іздеген сен шығарсың?
 Қанжармен жүрек-бауырың араласса,
 Саспағын, бәлем, енді тыншығарсың.

¹ Қара — «қарапайым, қара халық» мағынасында.

² Кебенек (көне) — малшылар аязда, жауын-шашында киетін, жұқа киізден тігілген сырт киім.

³ Лат-Манат — Ислам дінінен бұрынғы араб құдайлары. Мәтінде қалмақтардың табынатын иесі, құдайы деген мағынада.

Айтты да қалмақ мынаны,
Ерлерін тегіс жияды,
Көзінің жанып мұнары.
Айнала қамап, айғай сап,
Қылыштарын шығарды.
Қысылды енді ер Есім,
Арасында қас-кірпік
Көргеннен соң мынаны,
Қатты арман қылады.
Астында тұлпар аты жоқ,
Састырды жау тосын кеп,
«Аңдыған жау — осы» деп,
Ақырынан сүйінтсін,
Әуелі тұр басым боп,
Сыр берместен тұрады.
Аз кідірсең, қызығы
Арт жағында болады.
Білінді қосын хабары,
Алдын бастап келеді
Жиёмбет батыр — сардары.
Ақырында түсініп,
Әуелінде дағдарды,
Жаудың түрін аңғарды.
Айғай-сүрен салысып,
Қолына найза алысып,
Кимелесіп жақын кеп,
Ажыратты хандарды,
Жеткеріп Құдай жамғарды.
Тоғысып біраз, соғысып,
Екі әскер айырылды
Біріне-бірі батпады.
Екі жақ та байқады
Қарауыл қойып күтініп,
Кездескен жерде ұмтылып,
Жай-жайына жатады.
Рауаж¹ тауып дін ислам,
Кәпірдің қашқай сайтаны.
Бір уақытта таң атып,
Сүбі садық² білінді.
Намазын оқып мұсылман,
Құбылаға жүзін үйірді.
Салауат айтып Расулға,
Салды дұға, зікірді.

¹ Рауаж /араб/ — дамыды, өсіп, таралу, өсу, кеңею.

² Сүбі садық (субухсадық) /араб/ — таң, таң шапағы, рауан.

Қайратты ерге күн туды,
Көрсететін ер тұрды.
«Аллалап» бәрі ұран сап,
Майдан жерге жиылды.
Қалмақ, қазақ екі жақ,
Қаңды жұртқа қаһар бар.
Түйіліп дабыл ұрылып,
Сап түзеп майдан құрылып,
Сырнайдың дауысы білінді.

Майдан

Екі жұрт келді қаптап майданына,
Keң қойып майдан жерді аңғарына.
«Қырғында кімнің басы жойылар», — деп,
Қауіште қорқағы мен сардары да.
Барша жан тіршіліктен күдер үзіп,
Қой айтып Қорасанға жалбарына.
Әркімге мынау ажал елестеді:
«Құдайым, қуат берсе, — деп, — қалғаныма».
Не қырғын, не ұрыстар болып өткен,
Заманда әр патшаның заңдарында.
Боялған неше сапар жердің жүзі,
Келеді ұрық болып қалғаны да.
Шейіттік нәсіп болса, жақсы өлім,
Кісідей ағайынды иманына...
Жекеге қалмақтардан шықты біреу,
Таң болып, жұрт түңіліп тұрғанында.
«Қазақтан қандай сабаз шығады?» — деп,
Қырдағы көзін тікті, ойдағы да.

Жекеге шықты бір қалмақ,
Қолында кездей шоқпары.
Оң мен солға айғайлап:
«Талапкер!» — деп айтады.
Қарсы қарап ұмтылып,
Оң мен солға жүгіріп,
Қарсы жауға қасарып,
Долдығынан жас алып,
Екпіндетіп ат шауып,
Қорқар емес жасқанып.
Бұяқтан да талапкер,
Есім ханнан бата алды.
Жүгіре барып шанышып,
Тездіктен дайын боп қалды.
Қарсыласқан қазақтың

Келдесі¹ ұшты аспанға.
 Насыр қалмақ мақтаңды.
 Шауып шықты жесір боп,
 Иесіз аты бос қалды.
 Шалқая барып артынан,
 Қара жерді жастанды.
 Насырдан шықты қатты айғай:
 – Қатынға теңе қашқанды!
 Қара жермен теңейін,
 Қорықсаң, қайтып келмейін!
 Есім хан, саған біл деймін,
 Келелеп айда дұшпанды!

Ыза болып Есім хан,
 Бұрылды оң мен солына,
 Жасанған қазақ қолына:
 – Кім берсе бұған жазаны,
 Шашайын алтын жолына.
 Жұрт үшін туған бар ма екен
 Иісі қазақ ұлында?!
 Жаяулап келіп бата алып,
 Шыдай алмай Сүлеймен,
 Ақ жалау найза қолында,
 Жүре берді жолына:
 – Еншіңді, Насыр, беремін,
 Ажал жетсе өлермін,
 Жұлдызым туса оңына.

Атқан оқтай зырқырап,
 Көзін таймай самғады,
 Шаншар жерін пайлады²,
 Анда-санда бұрқ етіп,
 Шіреп ұстап найзаны,
 Жүректен шаншып Насырды
 Көтеріп алды қолына.
 Лақтырып жіберді
 Қалмақтардың тобына.
 Намысқой басты жүрегін,
 Берген соң Құдай тілегін,
 Іс айналып оңына.
 Артынан келіп інісі,
 Барып түсті жанына,
 Жекелеп еді тағы да.
 Үлкен кілем көтеріп,
 Түсетін жерін ескеріп,

¹ Келде (кәлла) /парсы/ – бас.

² Пайлады – байқады, сезді, білді, аңғарды.

Өлтірмей қалмақ жабыла.
 Сүлеймен тұрды тіктеніп:
 «Талапкер!» — деп тағы да.
 Сүлеймен күдер үзді майдан жерден,
 Екеуін жайлап салды ербеңдеген.
 Қалмақтың енді сапы бәнт¹ боп қалды,
 Ілесіп кеткендей-ақ өлгендермен.
 Темір хан ыза болып айғай салды,
 Бірқатар күдер үзіп келгендерден:
 — Қазақтан азғана әскер шошындың ба?
 Қозыдай қалмақ едің көгендеген.
 Қырылып, иә қырылатын күнің туды,
 Келіпті азғана әскер төменгі елден.
 Күш көрсет, оза шауып, олжаланып,
 Бұл жерге неге келсін «өлем» деген.
 «Болса да қырық жыл қырғын күндіз-түні, —
 Бекер ме еді, — ажалды өлер» деген.
 Ешуақытта жау санасып ұрыса ма,
 Ерлерім, жоқ боп кеттің дікендеген.
 Бірме-бір пышақтасып өле бергін,
 «Екеудің бірге күші келер» деген.

Осылай дей айғайлап,
 Айналдырды көтеріп,
 Қамшы алып басына,
 «Біреуің қалмай ұмтыл», — деп,
 Има² қылды қосынға:
 — Әкең де болса, аяма,
 Бекер қорқып, шошынба!
 Тілеген жауың тұсыңда,
 Көрнек көрсет осында!
 Пәстеген көңілім тындырсаң,
 Жарақ қылып күрзі ұрсаң,
 Тоқтаусыз қыз беремін
 Есім ханның басына.
 Біреуі қалмай қалмақтар
 Майдан жерге ағылды.
 Құмырсақадан қалың-ды,
 Борандай түтеп жабылды.
 Артынан демеп, төніп тұр
 Айнымайды қалыбы³.
 Айланбаса оңына,
 Көптің қиын айбыны.

¹ Бәнт /парсы/ — бекіту, байлану; байлаулы; арқан, бау.

² Има /араб/ — ишара, түспал, ым, ымдау.

³ Қалыбы /араб/ — жүрегі.

«Аллалап» бәрі ұран сап,
 Қарсы шапты қазақ та
 Жанын қиып ғазатқа¹.
 Дариядай толықсып
 Екі әскер қосылды.
 Шыққандай жайын толқыны,
 Бесін шашып онынан
 Озық ерлер ұмтылды.
 Тозаңы ұшты аспанға,
 Күннің көзі тұтылды.
 Үні бітіп ерлердің,
 Қап-қараңғы боп тұрды.
 Атасы кетіп баладан,
 Іні айырылды ағадан.
 Алтын жаға сауыттар
 Жыртылып тозды жағадан.
 Қара жерді қандады,
 Қандалмай жер қалмады.
 Өліктер бігеп аңғарды,
 Бидайдың орған бауындай,
 Қыр менен адыр, сайларды.
 Сел болып сайлар қан ағып,
 Нөсер басты ойларды.
 Ажалсыз шығар сырылып,
 Қырғыннан аман кім қалды.
 Сүлеймен батыр, Жиёмбет,
 Қылып жүр ерлер тойларды.
 Ешкім осал демейді,
 Қоңырат Алатау ер еді
 Ұрыстың алған әдісін,
 Керіп тартып қылышын.
 Бәрі де ұлы сардар-ды.
 Қойдай қырып айдап жүр,
 Кез келгенін жайлап жүр.
 Шымалдан көп ел екен,
 Шегірткемен тең екен,
 Есекең барып еңсерді,
 Көрмеген қырғын ел екен.

Өліктер қалды төбе боп,
 Қазақтар аз, қалмақ көп.
 Қосылып тұр күн сайын,
 Тұс-тұсынан жәрдем кеп
 Көкте дұшпан, жерде шөп.

¹ Ғазат (ғазуат) /араб/ — дін соғысы, қасиетті соғыс.

Ұрыс қызды қабағат,
Ұдайы төрт күн қырғын боп,
Бесінші күн толғанда,
Ұлы сәске болғанда,
Қаз-қатар құды артынан,
Үркітіп жауын жалпымен,
Қалмақтар қашты тоз-тоз боп.
Қашқан жауға қатын ер,
Артынан шанышты, қуып кеп.
Қойдай қырды қалмақты,
Кім санайды түгендеп?
Шәріне тақап, жақын кеп,
Дарбазасын бұзбаққа
Ой қылды қазақ жалпы көп.
Кетпен ұрып ақырындап,
Дүркіреп келді жақындап.
Қайта құды артына
Борай хан деген біреу кеп.
Елеместен ұрысты,
Жатушы еді ғапыл боп.
Ер Алатау шанышты,
Алдынан тура қарсы кеп.
Күрзі ұрған зарпына,
Жөнделді, аттан ауып кеп.
Қармақтай жұлып ап кетті,
Кете берді көкпар боп.
Сүлейменге күрзі ұрып,
Атынан доптай ұшырды.
Болжамай кетті, «өлді» деп.
Жиёмбет батыр қоста еді,
Қалып еді зақым жеп.
Кез келгенді аман қоймады,
Не ерлерді жайлады,
Әмбеден күші басым боп.

Батыр Борай

Ұрыста қарсы шығып, қарысқанның,
Өлтіріп, басын кесіп, төкті қанын.
Өрек боп, еңбекпенен қуғанында,
Осынша қалың қазақ жасығанын.
Әзірге қазақтарға болды зауал¹,
Төгілер, күні болса тасығанның.
Халықтың үріккен қойдай болды бәрі,
Бармады ешбір пенде алдына оның.

¹ Зауал — қиындық, кесепат.

Бас тығып батыр ерлер қойдай ықты,
Болмаса бір-ақ өзі Есім ханның.

Қуады оңын оңға, солын солға,
Дестелеп¹, не ерлерді қойды жолға.
Кездеспей адамына жүрген қазақ,
Пана іздеп, тау мен адыр, тасынан да.
Бытырап алды-алдына кетті тозып,
Бастары қай уақытқа қосыларда?
Уақытында ерге лайық дұшпан шығар,
Дұшпаның биік болсын досыңнан да.
Өрек боп², көңіл тасып, ұран салып,
Борай хан жетіп барды Есім ханға.

Сонда Есім хан сөйледі:
— Издеген жауың — мен, — деді, —
Жамандық тамыр табылар,
Сөйленсін әуел сыр, — деді. —
Аты-жөнің кім болар,
Көрмеп едім ілгері?
Деніңнің сау күнінде,
Бүгінді ғанибет біл, — деді. —
Шынардай болып көріндің,
Болжап тұрсам, келімің³.
Алтын жығаң қисайса,
Бір нұсқау шығар өмірің.
Түсінемін аяғын,
Ұрысатұғын көріндің,
Сенімен мен теңелдім.
Армансыз сөйлеп, мүдденді айт,
Патшасы — мен өлімнің.
Асығып сөйлеп, азамат,
Тікесінен ұрындың.
Шылауды Құдай оңғарса,
Ерде кие бар болса,
Есебін табар Есім хан
Сен сияқты көрімнің.
Борай хан сонда сөйледі:
— Түсіндім, Есім — сен, — деді, —
Көрмеп ем мен де ілгері.
Ерлігің мен шерлігің
Көз алдымда тұр, — деді. —
Адамыма кездестім,
Бір өлім ақыр шын, — деді. —

¹ Дестелеп — мәтін бойынша «жинап, бөлектеп» деген мағынада.

² Өрек боп — мәтін бойынша «өршеленіп, айбаттанып» деген мағынада.

³ Келімің — «келбетің, түр-тұрпатың» деген мағынада.

Келген екен түрің де,
Тумайды сендей ұл, — деді. —
Аман қайтсақ біреуміз,
Дос-дұшпанға сын, — деді. —
Менің жасым ілгері,
Кезегімді бер? — деді. —
Жасың кіші баласың
Оттай қаулап жанасың,
Білмейсің атаң шамасын.
Уызың кеппей, қу бала,
Осынша қарсы шабасың.
Мен жайымды сөйлесем,
Күні бұрын жыларсың.
Сансыз қол дес бермеді,
Сен неге тұлға боласың?
Менің атым — Борай хан,
Неден үміт қыласың?
Меніменен соғыссаң,
Құдайыңа барасың.
Азғантай қазақ, шошайып,
Аламын деп келдің бе
Мәнжүрдің¹ дардай қаласын?
Садағым тартып көрейін,
Өлмесең, бәлем, мерейің,
Кезегің беріп, кәнеки,
Қасқайып қарап тұрасың.

«Мақұл», — деді Есім хан,
Қарсы тұрып көлденең,
Пәсейер ақыр өрлеген.
Тасығанға зауал бар,
Не кешпейді пендеден...

Садақты қолға алады,
Жерде тұрып шамалы.
Майысып аты, бүк түсіп,
Үзеңгіде табаны,
Шыдай алмай барады.
Қабат-қабат сауытын,
Күшімен барып қабады.
Жыртып барып тоғызын,
Торқаға барып шыдады.
Аппақ қожа пірінің,
Аруағы жар болып,
Тоқтатқан екен залалды.

¹ Мәнжүр — халықтың аты (манжурлар). Қытайдың соңғы Шиң патшалығын құрушы ел.

Жыртылып барып тоқтады
Сауыттың алтын жағасы,
Қиын екен шамасы.
Қызыр Ілияс шылаулап,
Қашаннан бергі панасы.
Өлмегенін білген соң,
Кезегін берді ағасы:
«Қалай қылсаң, олай қыл,
Былай барып, былай тұр,
Арманда, балам, қалмашы».

Есекең де садақ ап,
Толғанып неше шіренді,
Үзеңгіге аяқ тіреді,
Оңай деп пе бұл ерді?
Шыдай алмай, жіберді.
Екінші тартса, үзгендей
Жібектен иген шідерді.
Көкірегіне Борайдың
Оғы барып тірелді.
Өтпесе де сауыттан,
Тоздырып барып торқасын,
Дарыды етке бір елі.
Шыдамай Борай зарпына,
Жасы ағып жылап жіберді.
Жығыса алмай мұнымен,
Қылыштасып шабысты,
Найзаласып алысты,
Садақтан үзіп күдерді,
Жай-жайына ажырап,
Күн батқан соң түнеді.
Таң атқан соң айғайлап,
Майдан жерге жөнелді,
Қарама-қарсы келеді.
Күндегіден бетер боп,
Ұрыстары үдейді.
Зарпына тау-ғас күңіренді,
Алыса алмай алысып,
Өткерді неше күндерді,
Алысып ұдайы түндерді.
Күрзілесті кезекпен,
Ақыры бір күндері.

Алысып үш күн, үш түн ұрыс қылды,
Күрзі ұрып, қылыштасып, неше қилы.
Күрзімен Есекеңді ұрып еді,
Су тұлпар шыдай алмай тізе бүкті.

Шаң шығып, майдан жерді кетті қаптап,
 «Өлді» деп, сыртта жүрген қауіп қылды.
 Борай хан екшінімен кетті өтіп,
 Неше уақ есеңгіреп атта тұрды.
 Қуатын денесіне әбден жиып,
 Майданға төрезада қайта кірді.
 Тоқтамай, Борай ханды кетті жұлып,
 Ұран сап, үш қайтара жерге ұрды.

Көтеріп жерден алып, көкке атты,
 Сауыт-сайман, анжамы¹ жарқырапты.
 Айналып қара құстай келе жатыр,
 Түсерде, доптай ұстап, қағып апты.
 «Ініңе енді, жәке, разы бол», — деп,
 Тас байлап аяқ-қолын, шынжырлапты.
 «Шынымен бәрің тозып кеттің бе?» — деп,
 Халыққа ата үкіммен хабар айтты.
 Тау-тасқа шілдей болып тозған халық,
 Сай, тасқа, пана жерден теріп апты.
 «Қазағым, бұлай боп ел болмайсың», — деп,
 Есім хан қапаланып бір сөз айтты:
 — Өлімде малы-басың, күнде талан,
 Алты ауыз ала болсаң бұл сияқты.
 Өр жағың — қалмақ, қытай, бұяғы — орыс,
 Қатаған не қып жатыр артқы жақты?!
 Артынан Есім ханның ере берсең,
 Сендерді жұрт қылармын бір сияқты.
 «Қалмаққа қысас, ғазат», — деп,
 Күніге айтып, ерледің,
 Құлаққа маза бермедің.
 «Неше сапар қырған», — деп,
 Тыншымастан еңіредің.
 Қатаған қылды ондай іс,
 Барып қайтып Қашқарға,
 Арасында келгеннің.
 «Жұртым үшін тудым», — деп,
 Сендер үшін келгенмін.
 Ат болғандай үйіліп,
 Борайға дес бермедің.
 Ит пенен құсқа жем болып,
 Мұнда қалсаң, өлгенің.
 Күштерің болды белгілі,
 Өрексіген ерлерім.
 Қу әдетті қойсаңдар,
 Қалмаққа тағы өрлейін.

¹ Анжам /парсы/ — ат саймандары (ер-тоқым).

Енді келіп Есім хан,
 Бір сөз айтты Борайға:
 – «Бір нәрсе десем, жарай ма?
 Аман қалсаң осыдан,
 Кетерсің, батыр, талайға.
 Иманды болып өлгендер
 Кіреді алтын сарайға.
 Келте қылып айтайын:
 Пайғамбарға үмбет бол,
 Жарай ма бұл сөз, жарай ма?»

Тәсір¹ қылды бұл сөзді,
 Борайдың жақсы мінезі.
 Мұсылман болды кәлима² айтып,
 Не қылайын ұзайтып.
 Әскербасы қып қойды,
 Орын беріп зорайтып.
 Алтын сауыт кідірді,
 Арғымақ тұлпар міндірді.
 Көрсетіп көпке өрнегін,
 Олай-бұлай жүрдірді.

Қайтадан бәрі жол тартып,
 Қалмақтың барды шәріне.
 Баяғыдай қараса,
 Азаймапты өлі де.
 Жетім-жесір, саяқты,
 Олжа қылып талапты,
 Кезіккен аман қалмапты.
 Қамал қылды қаланы,
 Бейсарамжал³ тамамы,
 Қалмақтың жалпы адамы.
 Ынтымақ қылып ханымен,
 Ойласып жасы-кәрімен,
 Қазаққа қалмақ қарады.
 Жарасып, қалмақ-қазақ тату болды,
 Шақырды хабар беріп, қалың елді.
 Дүр, маржан, алтын-күміс, жауһар шашып,
 Бастады Есім ханды шәріне енді.
 Той қылып, неше күндей жұртын жиып,
 Ізетпен неше түрлі күте берді.

Қалмақтың бағындырды қалаларын,
 Көңіл қош, қылып жатыр қалағанын.

¹ Тәсір /араб/ – әсер.

² Кәлима /араб/ – сөз, әңгіме.

³ Бейсарамжал /парсы/ – бейғам, қамсыз.

Мешіт пен медресе бина¹ қылып,
Дінге сап, жол үйретіп және бәрін.
Бұл күнде Омскінің айналасы
Бір қала намын айтар Есім ханның.
Алтыннан айбалтасы – белгісі бар,
Бар дейді он шақты үйлі төре тағы.
Солар да осал патша болмап еді,
Аумат² бақ жүргізер де аруағын...
Алдынан Есім ханның көңілі қош,
Хабар ап білмедік-ау арғы жағын.
Бұзылды Есім ханның бір күн түсі,
Қайғыда аңғарады аналарын.

Бір күн жатып түс көрді,
Былайынша түстері:
Қой бағып қапты, қойшы боп,
Бөріге бір күн түс болды.
Аузын ашып арандай
Кез келгенін тістеді,
Барған сайын күштеді.
Кез келгенін талады,
Өрлеп кетіп барады.
Сабаншының жолындай
Шұбатылып қалады.
Есеңгіреп, сандалып,
Қалғаны тіпті шамалы.
Қатты шошып оянып,
Осылайша аяны:
«Хан Тұрсынды ант ұрған
Бола ма, бұл іс болады».
Көптен кейін талаурап,
Тағы ұйқыға барады.
Көзі ілініп кеткенде,
Гүлханым көрді ананы:
«Айналайын, жалғызым,
Мені мұнша ұмыттың,
Көңілді тіпті суыттың,
Пайдасын көріп жүрсің ғой
Алыс пенен жуықтың.
Ата-анасы бір-ақ пұл
Өзінің көңілі тынықтың.
Итке күнін бермесін,
Артындағы халықтың,
Осыншалық тарылттың.

¹ Бина /араб/ – құрылыс, ғимарат.

² Аумат – бағы жану, жолы болу.

Күн-түн қатып жетпесең,
Өлеріме жуықпын.
Қарға сені желіндеп,
Мұзға барып туыппын.

Қандай боп сені тапқанмын,
Бұтасын қоймай шатқалдың.
Толғағың тіпті ауыр боп,
Ұдайы үш ай жатқанмын.
«Әмбеден әзіз болсын», — деп,
Алтынға бөлеп баққанмын.
«Көңілі раушан болсын», — деп,
Бесігіңе айнала,
Гауһардан шеге қаққанмын.
Өлмесең, балам, деректе,
«Еркек» деп сені тапқанмын».

Тағы да шошып оянды,
Әртүрлі болып қиялды.
Ұйықтамады бір түнге,
Таң-тамаша болады.
— Алдымнан жүріп оңалсам,
Артқы жағым қараңғы.
Бұяғын бассам қолыммен,
Бұяғынан¹ ұрады.
Біреуінен құтылсам,
Біреуі даяр тұрады.
Аппақ қожа Ешенім,
Сен таппасаң есебін,
Арт жағымда өсегім.
Тумастан тұрып себеп боп,
Жақсылық қылған кісі едің.
Қолымды қойып көксіме²,
Қалендер болып кетемін.
Қори алмай қор болдым,
Қазағым, сені қайтемін?...
Ер Есім осылай деп жылайды зар,
Көзіне кең дүние көрінді тар.
Жар бопты Аппақ қожа бабалары,
Тағы да ұйықтап кетсе, аяны бар:
«Шырағым, ер тарықпай, молықпайды.
Мойныңа «нар» деп жүкті артқан шығар.
Туғаннан туысы артық, талқылы едің,
Қайтсең дағы еліңнің қамын жегін.

¹ Бұяғым — бұл жағым.

² Көксіме /түркі/ — «көкірегіме» деген мағынада.

«Сары алтын — сабыр түбі» деген сөз бар,
Тәңірден іс ақырын сұрай бергін.
Бек сайлап, бажың¹ алып мынау елден,
Кідірмей енді еліңе сапар еткін.
Бір үлкен енді алдыңда майданың бар,
Онан соң дәулет, рақат, тыныштық көргін.
Көп заман нәсіліңнен бақ арылмас,
Өр болып жұрт иесі әулеттерің,
Рұқсат, Аллаһу әкбар, барғын, балам,
Нәсіліне болдың зауал бір тайпа елдің».

Бір түнде үш ұйықтап, үш оянды,
Бәшәрат² белгі көріп, әбден қанды.
Сүлеймен, Жиёмбетті шақырып ап,
Көргенін құпиялап баяндады.
Ойласып Алатаудай сардарына:
«Ешкімге сездірме, — деп, — осы халді».
«Темір хан, енді бізге рұқсат бер», — деп,
Бегіне шырындықпен сөзін салды.
— Қас едің әуелінде, енді доспыз,
Көруге қайта айналып болдым зарлы.
Ынтымақ, бірлік, тірлік күн көрейік,
Күш келсе, біз де мүштеп³, жасқағанды.
Таяныш керек кезде болысайық,
Ел жауын бірдей көріп, басқаларды.
Қайысқан жеті жүз нар қазына артып,
Жау-жарақ, жол жабдығын тастамады.
Есекең аттың басын тартты елге,
Қоштасып, қалды шулап қалмақ халқы.

Хан Тұрсын қазақты қайта шапты

Барып қайтты ғазатпен
Қалмақтың мекен қалаға.
Бір жыл өтті арада,
Қайтардың ханды жаңада.
«Хан Тұрсынмен шартнама —
Құран қағаз болған», — деп,
Айтып едім бағана.
Сөйледі бір күн хан Тұрсын
Уәзір, сыпа⁴, данаға:
— Есім ханды жібердік
Алдауменен итеріп

¹ Бажы /парсы/ — мүлік салығы; алым-салық.

² Бәшәрат /араб/ — хош хабар, жақсы дерек.

³ Мүштеп (мүштап) /парсы/ — жұдырықтап.

⁴ Сыпа /көне/ — жауынгер, әскери шендегі қызметкер.

Қалмағы көп қалаға.
 Өлмей тірі қала ма?
 «Өлтірдік, — деп, — тамамын,
 Қырдық, — деп, — жалпы адамын», —
 Құпиялап жансызы
 Темір ханнан хат әкеп,
 Білдірді маған жаңада.
 Қашқын, босқын бар болса,
 Артынан қуып тауысқан,
 Шаһар Жаркент, Құлжада.

Сөзімді қабыл көрсеңдер,
 Артымнан жалпы ерсеңдер,
 Ойым соған кетіп тұр
 Бел ауырмас олжаға.
 Олжа, жесір үлес бар,
 Қарық боласың барғаның.
 Қатынды бол бойдағың,
 Кетпейді босқа қармағың.
 Армандасың қалғаның,
 Бай боласың барғаның,
 Төрт түлік малын айдағын.
 Буаз қатын кез келсе,
 Жау болар нәсілі есейе,
 Ішін тіліп жайлағын.
 Нәрестелер кез келсе
 Найзамен түйреп жамғырғын.
 Қазақтан там-тұм қойсаң да,
 Төреден тұқым қоймағын.
 Қазаққа, міне, аттандық,
 Қалмағын қапыл, қалмағын!

Бір уәзірі сөйледі,
 Құдайменде аты еді,
 Қатағанда заты еді:
 — Болмайды бұл іс жөн, — деді. —
 Не істер өтті ілгері.
 Не деп едің ілгері?
 Тағы бірге діндері.
 Тураға тура жаратқан,
 Қиянатқа жүрмейді.
 Сен пәсейтем десең де,
 Көрмейсің бе, өрлейді?
 Аққа зауал бермейді,
 Арамның ауы жүрмейді.
 Есім ханға Құдай жар,
 Көзі жоққа Құдай бар.

Бата қылған сертің бар,
 Оның да сансыз халқы бар,
 Әуелін құртсаң, арты бар!
 Бұл райдан қайтыңдар,
 Кесірің тиер халыққа.
 Міскіндерді налытпа,
 Тоба қылған барлыққа,
 Зорлықтың түбі қорлықта.
 Алдына келер пенденің,
 Бақ-дәулет тұрмас қалыпта.
 Кең жерге қанағат қылмаған
 Тұс болар ақыры тарлыққа.
 Хан, қаралар, не дейсің
 Мына сөзім анық па?

Насихат Құдайменде айтты дана:
 — Зауал бар алтын тақта падишаға.
 Сынбайды ақ иіліп, қара өрлеп,
 Пәтуа, әдіс, нұсқа кітапта да.
 Халықты кесіріміз ұрып кетер,
 Жөнді іс жөнделеді алыста да.
 Есім хан Құдай үшін бел байлаған,
 Ғазатқа әуел баста барыста да.
 Хан Тұрсын, кесапатың көпке тиер,
 Аруақ ұшынды боп¹ жабысса да.
 Ойландым, мына істің түбі ауыр,
 Жалпы көп, өздерің біл не қылсаң да!

Хан Тұрсын көзін алартып,
 Қатты нықтап сөйледі:
 — Ерлердің белін босатып,
 Мынаған қаза бер, — деді. —
 Былай-олай жүрсек те,
 Өткізерміз дүниені.
 «Уайым арты тұңғиық,
 Озбыр өлмес» деп еді.
 Жұмыстың бәрі Құдайдан,
 Әзірге пайда жегені.
 Бүркен де өзің жата бер,
 Намыс қылсаң ергелі.

Осылай деп хан Тұрсын,
 Жинады қосын елінен,
 Ташкент деген шәрінен,
 Сырдария, Мырзашөл,

¹ Ұшынды боп — «көз тиіп, ауру жабысып» деген мағынада.

Қоқан, Бұқар төрінен.
 Келіп жатыр көбінен
 Жас, кәрі, құрбы теңінен.
 Қылыш, мылтық байланды,
 Сауыт-сайман сайланды,
 Арғымақ мініп жөнімен,
 Пенде жүрмес шенінен.

Армансыз болып сайланды,
 Дүркіретіп айдады.
 Жар шақырып деректеп,
 Бос қалғанды қоймады.
 Қырғын салды қазаққа,
 Самалын Құдай оңдады.
 Кезіккендер қырылып,
 Алды-алдына аңдады,
 Қара жерді қандады.
 Буаз қатын кез келсе,
 Ішін тіліп жайлады.
 Бас қамында анасы,
 Шырылдап жылап баласы,
 Бесіктер қалды жол-жолда,
 Найзамен түйреп жамғарды.
 Өлікпенен бөгеді
 Қыр менен адыр, сайларды.
 Ошаң¹ етер кісі жоқ,
 Сапасыз көрді пайданы,
 Төрт түлік малын айдады.
 Тозғыны шығып қазақтың,
 Бір бөлігі ауды Бұқарға
 Жиделі Байсын барғалы.
 «Ұлы жүз алты ауыпты
 Байсынға» деген сөзі бар,
 Хан Тұрсынның заманы,
 Ең әуелі барғаны.
 Бес ауыпты мұнан соң,
 Әзіз Төле нұсқасы,
 Сонда айтылар қалғаны.
 Шежіреден оқыңдар,
 Сөзімнің болса жалғаны.
 Көбірек ауқым Шуға ауды,
 Отан қылып тұрғалы.
 Кейінірек күнінде
 Үш ата өткен заманда,
 Қонтайшы деген бір қалмақ

¹ Ошаң – мәтін бойынша «қарсы келер, қайрат көрсетер кісі жоқ» деген мағынада.

Бері қарай тағы айдады.
Бір бөлігі ұрысты
Қарсы тұрып жаулармен,
Біреуі жоқ сау қалған
Ұрысқанның көбі төре еді —
Нәсілі аз боп қалмағы.
Алалық болып бірлігі,
Осындай болып тірлігі,
Әлі жеткен басып жеп,
Бірінен бірі басым боп,
Нәрестені зарлатып,
Сол себептен патшалық
Мұсылманда қалмады.

Анасы мен қарындасының қоштасқаны:

Жаудың түрін көрген соң,
Жақындап дұшпан келген соң,
Гүлханым мен Ханымша
Қоштасып зарлады:
— Айналайын анажан,
Қандай заман, күн болды,
Қорлықпен жасап күндерді.
Бұрынғы ұрыс өтірік,
Осы жолы шын болды.
Беталдыма қаңғырып,
Талап еттім жүргелі.
Қатағанның елдерін
Табым жоқ¹ қайта көргелі.
Тірі қорлық көргенше,
Сазайы² болып жүргенше
Пенденің жақсы өлгені!
Бір арманым көңілімде:
Жәкемді Есім көрмедім,
Саулықта сәлем бермедім.
Тіріміз болса қорлықта,
Ит-құсқа жем өлгенім.
Бір кетсем, сені көрмеймін.
Жау сияғы жаман боп,
Жыға-жыға шаншады,
Ұстамастан жағамнан
Ақ батаңды бер деймін,
Бұл дүниеден көрмеймін.
Сайрам су, Бадам, Ақсу бар,

¹ Табым жоқ — «көңіл күйі жоқ» деген мағынада.

² Сазайы — мәтінде «жазалы, күнәлі» деген мағынада.

Тау сағалап қашайын
 Жоғарылап өрлейін.
 Бөлеңнен құтқар, Құдай-ай,
 – Артым – жау, алдым – ел деймін.

Қия алмастан құшақтап,
 Гүлханым өксіп жылады.
 «Аһ» деп лебін шығарды:
 – Зарлай-зарлай қайғымен,
 Көзімнің алды мұнарлы.
 Білсем бола ма, шырағым,
 Құдайым мұндай ұрарды.
 Он ай сені көтердім,
 Омыртқам менің бүгілді,
 Аязды күні айналдым,
 Бұлтты күні толғандым.
 Түн ұйқымды төрт бөлдім,
 Қабыртқам¹ менің сөгілді.
 Өліңнен өлі айырылдым,
 Көремін қашан тіріңді?!
 Ақ батамды берер ем,
 Біле алмай тұрмын, шырағым,
 Қайта айналып көруді.

– Қайыр қош енді, ана, қайғырмағын,
 Аяғы мынау болды айырылғанның.
 Пайғамбар шапағатқа отырғанда
 Күнінде қияметтің жолығармын.
 Құдайдың жылатпаған пендесі жоқ,
 Көз жасын көре берсе зар қылғанның.
 Ханымша тірі ғайып² жоғалды, – деп,
 Бәріне сәлем айтқын, оңлылардың.
 Тас қамал, қорған тас қып қалай берді,
 Аралап, пана тұтып, таудың бәрін.
 «Хан қызы шаш тараған» деп айтады,
 Сайрам суда бір бөлек таудың нәмін.
 Хан Тұрсын Ханымшаны таппай қалды,
 Болжаса сарамжалдап жұрттың бәрін.
 Әр жаққа талаптыны деректетті,
 Алғын – деп – сансыз дүние тапқандарың.
 Шымкенттің өр жағы Алатаудың,
 Аңғарын тегіс қара, шатқалдарын.
 Ханымша Алатаумен арыздасты,
 Қуғыншы көргеннен соң жаудың бәрін:

¹ Қабыртқам /диалек./ – «қабырғам» деген мағынада айтылған.

² Ғайып /араб./ – жоқ болу.

– Айналайын Құдай-ай,
Жалғыздық түсті басыма.
Өркеш-өркеш тасы бар,
Сайрам су басы осы ма?
Сазан ата, Сарыайғыр,
Балдыберек, Қасқасу,
Белгісізбін басында.
Суын беріп кебіндеп
Көметұғын пенде жоқ,
Ажал жетсе осында.
Шешемнен тірі айырылдым,
Әкемді алып жасымда.
Бәйшешектей солдым ба
Сегіз-тоғыз жасымда?
Қарға, құзғын, ит пен құс
Келеді қазір қасыма.

Қарлы тау, мият¹ жолдасым,
Жәкем келсе қалмақтан,
Менен сәлем дегейсің.
Жылай, зарлай мен сорлы,
Көктей солды дегейсің.
Ұядан жұбай бір ұшқан
Тай-құнандай тебіскен,
Әм іздерім, сұрарым,
Әм сүйеуім, медеуім,
Кейіннен келсе деректеп,
Сазаната, Сарыайғыр,
Менен сәлем дегейсің!

Жас нәресте баланың
Қабыл болып көз жасы,
Ғайып болды сол жерде,
Білінбестен қарасы.
Артынан қуған дұшпанның
Таба алмай қалды әмбесі.

Қарлы тау асқар биік басындағы,
Сарыайғыр, Сазаната қасындағы.
Бәрінің осы айтқанның белгісі бар,
Елдер де аңыз қылады қасындағы.
Өрт шалып, олжа, жесір қолдан қолға,
Тайған соң кімнің бағы, осы дағы.
Бейнеті дүниенің ысапсыз² көп,

¹ Мият /парсы/ — көңілге медеу, тірек, сүйеніш.

² Ысапсыз — есепсіз, көп.

Шашыңнан, есептесең, басыңдағы.
 «Таба алмай, осылайша сыр көрдік», — деп,
 Жоқшылар қосынға кеп қосылады.
 Хан Тұрсын Ханымшадан күдер үзді,
 Не қылсын таппаған соң осы бәрі?
 Мергеннен Жақсығұлдай сөз сөйлейін,
 Жұртқа ие шалғыншы¹ еді басыңдағы.

Жақсығұл мерген

Зерігіп кеткен еді тауға таман,
 Аң атып, жолбарыс пен аю, қабылан.
 Үш жүзге аты шыққан даңғар еді,
 Атақты озық мерген осыншадан.
 Аспаннан аққуды атып түсіреді,
 Жердегі былай тұрсын жүгірген аң.
 Болжаса жолдың бойы кесілген бас,
 Көп өлік, жердің жүзі қып-қызыл қан.
 Хан Тұрсын елді қырып, қойған жамсап,
 Байлауда бірқатары қалғандардан.
 «Қалайын бір атысып Құдай үшін,
 Өлгенде артықпын ба осынша жан?»

Қарлы тау зорға шықты ең басына,
 Дәрісін оң келтірді жамбасына.
 Бастады қатағанға қырғын түрін,
 Тоғыстың Бадамменен арнасында.
 Түтінін түтініне қосты атып,
 Жаңғырық пайда болды тау-тасына.

Жақсығұл атты мылтық топ үстіне,
 Кез келген тұра алмады ат үстінде.
 Тең екен Сұрмергенмен батыр сабаз,
 Оқ атып құлайды жау үсті-үстіне.

Базыға іштен өтіп тура барды,
 Базыны қос өкпеден туралады.
 Ысқырып оғы барып түскен жердің,
 Арасы үріккен қойдай ашылады.
 Қызығып қырғынына тұрғаныңда
 Оқ-дәрі жақындапты жаныңдағы.
 «Қориын қалғанымен енді өзімді
 Шаң жетпес, сірә, жалғыз қашырғалы».
 Артынан қуғандарын атып тастап,
 Бадалмен қайтты ығыстап басыңдағы:

¹ Шалғыншы — шолғыншы, барлаушы.

«Алдынан Есім ханның жол тосайын,
 Жарар, — деп, — әжетіме осы дәрі».
 Әулиеата тарапқа
 Сапар тартты Жақсығұл,
 Аңғырттырақ¹ жақсы ұл.
 «Алдынан шығып кезіксем,
 Ел түрін баян қылайын,
 Бұл болды сары уайым.
 Аң кезіксе, атып жеп,
 Өлмес ауқат² қылайын».
 Жұртқа басшы сабазым,
 Қалып тұр өзiр ұятқа,
 Жұтатқан малын байдай боп,
 Ісі тынды бұяқта.
 Жылап-жылап алады,
 Елді ойлап аулақта.

Хан Тұрсын олжаны үлеске салды

Хан Тұрсындай ханыңнан
 Енді баян қылайын:
 Қатағанда қуаныш,
 Қазақтарда уайым.
 Төрт түлік малдан кемі жоқ,
 Ұшы қиыр шегі жоқ,
 Бұзауы қалса, санатып,
 Лағы қалса қаратып,
 Қолбала малдай түгендеп,
 Саяғы болса шідерлеп,
 Жер жаһанды шаңдатып,
 Дабыл, сырнай аңыратып,
 Азғана жол арада,
 Дария Шыршық жағасы
 Барып кірді қалаға.
 Мақтанып қатын-балаға:
 «Мұндай олжа бола ма?»
 Сүйінтпесе соңынан,
 Әзіргісі бояма:
 — Хан Тұрсын атқа мінген соң,
 Қазақты аман қоя ма?
 Хан ұлына — қасқалдақ³,
 Бек ұлыма — безгелдек⁴,
 Теп-тегіс барғам, көр, — деді. —

¹ Аңғырттырақ — аңғал.

² Ауқат — тамақ, ас.

³ Қасқалдақ — тырна тәрізділер тобының сутартарлар тұқымдасына жататын құс.

⁴ Безгелдек — құстың түрі. Дуадақтар тұқымдасына жататын ең ұсақ өкілі.

Оза шапқан оңды алғын,
 Қырқа шапқан қырықты алғын,
 Белгілі батыр бесін ал,
 Таңдап-таңдап естіні ал.
 Аты ұрғашы демегін,
 Іске жарар ісі бар,
 Саргерделер¹ сегізді ал,
 Саралап барып семізді ал,
 Затында бар негізді ал.
 Қамалды бұзған қатын ал,
 Жаманнан бойың сатып ал,
 Жақсы-жаман парқы бар.
 Қос-қос жетім, қос-қос жесір,
 Әуелінің арты бар.
 Аңдап алсын оңлылар,
 Есіктің де төрі бар.
 Санаққа барған сорлылар
 Пұшығың барып көрім² ал,
 Көрім болса, көріп ал.
 Отын алғыш, су құйғыш,
 Жалықпасаң көбін ал.
 Ақсағың барып қонысты ал,
 Мінасарға дұрыс бар,
 Әрқашан десең жетеді
 Бас-басыңа тоғыз пар.

Жастарың барып жасын ал,
 Маржан тіс, қара шашы бар.
 Күл, көмірден көбірек,
 Құдай қосар басы бар.
 Шалдарың барып кемпір ал,
 Үй-ішіңе қормал.
 Кәрі-құры демегін,
 Мұның да әйел аты бар.
 Қайдан құлақ шығарса

Қазаншының еркі бар.
 Саудагерің түйе ал,
 Көші-қонға жүйе мал.
 Бәріңе де жетеді,
 Жүйе-жүйе ие бар.

Қымызға құмар жылқыны ал,
 Жауға көрікті сырты бар.

¹ Саргерделер — сардарлар, әскер басы.

² Көрім — «дұрыстау, әдемі» деген мағынада.

Кереге бойлы арғымақ,
 Қазақтан сансыз мүлкім бар.
 Қыстақтарың сиырды ал,
 Ұзамайтын үйір мал.
 Шешілетін күндерің,
 Жүрегінде түйін бар.
 Қалағаның қойын ал,
 Шаруа, байлыққа ойы бар,
 Сүті шырын, еті бал,
 Тегін олжа демегін,
 Арт жағында ойым бар.
 Есі кеткен ешкіні ал,
 Есіңді жинар ешкі мал.
 Тау-тасқа қарғып оттаған,
 Ауру, сауға емі бар.
 Мыңдап, жүздеп жетеді,
 Екі беті Шыршықтың
 Шегірткедей сансыз мал.
 Алтын менен күміс бар,
 Сауыт-сайман, қылыш бар.
 Хан Тұрсынға сыбаға
 Қанды жұртта ұрыс бар.

Олжадан бәрі құрсан¹ боп,
 Жай-жайына тарады,
 Елді-еліне барады.
 Әйелдерін – су құйғыш,
 Малшы қылды баланы.
 Кемпірлер алып баласын,
 Қай іске келсе шамасы,
 Сол орынға қояды.
 Әйтеуір босы болмады.
 Құл менен күң, шоры боп,
 Күндер өтіп барады.
 Гүлханым бір күн бала алып,
 Жұбатып қиял ойланып,
 Айтыпты осы наланы.
 Әлі күнге мақал боп,
 Айтады қазақ тамамы.

Анасының зары:

– Отын алған біздің қыз,
 Суды құйған біздің қыз,
 Қызметкер, күң, шорымыз.

¹ Құрсан боп (хурсанд) /парсы/ – көңілді, қуанышты.

Еңсегей бойлы ер Есім
 Есен барып, сау қайтса,
 Біздің қызға осындай
 Ұқсар ма екен сіздің қыз?
 Жылама, бөпем, жылама,
 Жүгермек, бөпем, жылама!
 Алатау қарлы, Бадалым,
 Тауысты әзір адамың.
 Еңкейген кәрі күнімде
 Тағы да тұс болғаным.
 Көретін осы күнім бе,
 Быламық ішер асым ба?
 Жасаған жасқа обалым.
 Он сан өлім, аз ауру,
 Не қып нәсіп болмадың?
 Қосқанмен алмай қосақтап,
 Тәуекел, сенен қалғаным.
 Ұлым кетті Ұрымға,
 Ханымшам кетті Қырымға,
 Баласындай жаулардың.
 Бетіңнен сүйер күн бар ма?
 Тіріңді әлі білмеймін,
 Ханымша атты шырағым,
 Басымда дәулет барында,
 Жанымнан жалпы түңілдім,
 Әулие қоймай қыдырдым,
 Өлдім-талдым дегенде
 Тырнағыма іліндің.
 Алдым кешу, артым тар,
 Қарауылы өлімнің.
 Тірі қазақ тілектес,
 Қай уақта көзге көріндің?
 Шүкірден басқа сөзім жоқ,
 Тобадан бөлек кебім жоқ.
 Ерден кие кете ме?
 Тілімнен қате етті ме?
 Аппақ Қожа әулие
 Қашқардан ұзап кетті ме?
 Жоқ, дүниеден өтті ме?
 Шарапатың көрмедім,
 Иә, бәшәрат¹ бермедің.
 Жылама, бөпем, жылама,
 Жүгермек, бөпем, жылама!

¹ Бәшәрат /араб/ – хош хабар, жақсы дерек.

Ал, бөпем, әлди-әлди, жыламағын,
Көңілді босатады жылағаның.
Нәресте тілсіз, ессіз, зарары жоқ,
Қайтейін, күйгенімнен бұрап алдым.
Жас күнде көрсеткенге шүкір деп ем,
Бүкшеңдеп қартайғанда жүре алмадым.
Көп жылап, тілегімді бермеді ме,
Ақыры не боларын біле алмадым.
Алдымен бір күн күлсем, он күн жылап,
Сорлатарлық, қорлық өмір ұнағаның.
Жалғызым, көріп өлсем арманым жоқ,
Дерегің өлі-тірі біле алмадым.
Адам боп, алдаса да, артта қалсын,
Береке мыңын беріп, бір адамның.
Батаңды, өлтірмесең, тілегім бер,
Қорлыққа бұдан артық шыдамадым.

Осындай деп жылады,
Етпетінен құлады
Керең болып құлағы,
Боп еді сәрі уағы¹
Көзі ілініп барады.
Аппақ Ешен пайда боп,
Басын сипап тұрады.
Осылайша аяны:
«Біраз күндік бейнетің
Енді кірер дәулетің.
Тұйғының қонып тұғырға,
Түзеледі сәулетің,
Іс айналар оңына.
Ұзын баулы ақ сұңқар
Бекітіп байла қолыңа.
Аштықтың бар тоқтығы,
Тоқтықтың бар жоқтығы,
Бейнеттің түбі – рақат,
Жылатқанды – жырғатар.
Қуанышың бар соңында,
Қайтайын енді жолыма,
Жылай берме, зарланып...»
Ұйқыдан кетті оянып,
Жори берді қуанып.
Осындай түстің түрлерін
Көрмеуші еді ілгері,
Лүпілдеп кетіп барады,
Басылып қалған жүрегі.

¹ Сәрі уағы – таң мезгілі, шапағы, арайы.

«Рахманы болсын, — деп, —
 Айнымай түсім келсін, — деп, —
 Есен келіп Есім хан,
 Көз жасымды көрсін, — деп, —
 Жазасын жаудың берсін, — деп, —
 Аллаһу әкбар» — деп еді.

Сыртынан дұшпан сезеді,
 Хан Тұрсынның қатыны
 Байқаусызда кеп еді.
 Кідірместен жылдамдап,
 Ханға келіп не деді?
 Баяндап айтып береді:
 — Айнымай кетіп жүрмесін,
 «Әумин» иттің дегені.
 Хабар айтып халыққа,
 Жар шақырып, анықта.
 Ойланбаған іс — ойран,
 Қиянатың көп еді
 Қамыңды сен же, — деді.

Хан Тұрсын соғысқа даярланды

Хабар айтты хан Тұрсын
 Қарасты жәмі¹ халқына.
 Бағынған жалпы жұртына,
 Қоқан, Бұқар, Әндіжан,
 Жалалабат, Наманған,
 Қатаған, тәжік, сартына:
 — Жетіден жетпіс жасаған
 Кәрі-жасың қалмасын,
 Ақсақ, соқыр, ауру мен
 Қатынды тастап артыңа.
 Біреуіңді қоймаймын,
 Сенімен әуел ойнаймын.
 Бұғып қалған сабаздар,
 Болады шексіз тойларың.
 Қырдағы мен ойдағың,
 Тасадағы, сайдағың
 Қос-қос жетім, қос жесір,
 Қалың, олжа алғаның.
 Тайсалдырып, тайсалтпа,
 Іске жарар балаңды,
 Інің менен ағаңды.
 Басын тартып қалғанның

¹ Жәмі, жәми /араб/ — барлық, бүкіл, барша.

Мал-басы таланда,
Көресің пәле табанда.
Насихат айтып арыздас,
Бала-шаға, қатынмен,
Үйдегі қалған адамға.
Кім өліп, кім қайтады
Көреді қайсы заманда.
Тағы бір сойқан болады,
Түркістан, Шымкент, Сайрамда.

Осындай деп хан Тұрсын,
Үйінде пенде қоймады.
Қалмай келді бәрі де,
Қырдағы мен ойдағы,
Даладағы, таудағы
Бура, бота, тайлағы.
Армансыз болып, қамданып,
Іріктеп сайлап ат мініп,
Белгілі батыр, сардары,
Биі менен бек, хандары.
Даярланған қырмандай,
Жер бетін өрт шалғандай.
Құмырсқадай өрмелеп,
Мысалы, шіркей, көбелек,
Жердің жүзін қаптады,
Жүрген жерін таптады.
Қамын жесін қазақтың,
Армансыз болып қамданды.
Шекарасы бұрында
Белдің шығып қырына
Қарауыл қойып күтініп,
Қазығұртқа жайлады.
Зеңбірек тізіп биікке,
Аттарына сайлады,
Келетін жауға аңғары.
Түнде ұйықтап түнеріп,
Баспалап қарап, тынбады.
Оқ-дәрі, сайман тасытып,
Садағын жонып қырлады.
Шақырым жерде желбіреп,
Жыбыр-жыбыр тулары.
Еріккендер атып ап
Аспаннан ұшқан қарғаны,
Кез келгенді қандады.
Еліріп тұр көп қосын,
Тап бергенді ап беріп,

Бір шаң шықса қуғалы.
Дұшпан шықса тұсынан,
Дап-дайын сойқан салғалы.
Күн-түн келіп қосылып,
Дариядай тасып кернейді.
Барған сайын өрлейді.
Жау санасып ұрысса,
Иесіз қазақ баласы
Оннан бірге келмейді.
Көптің келсе қолынан,
Жуық арада бермейді.
Қатағандар қам емес,
Қам қалатын жан емес.
Есім ханның алдынан,
Өрлеп кеткен Жақсығұл
Айтайыншы мергенді.

Әулиеата тараптан
Бір хабарын білген-ді...
Бара жатыр бұл жазған
Кеше, күндіз салақтап,
Жан-жағына алақтап,
Жалғыздықтан зерігіп,
Дәрмені қалмай ерігіп.
Мергендігі тағы бар,
Біразырақ бағы бар.
Аянбай жүріп барады.
Көлденең тауға кезігіп,
Үстіне шығып қарады,
Жаһанға назар салады.
Алыс жерде шаң шығып,
Көз ұшында шамалы,
Жақын тартып барады.
Ақ туы бар басында
Кез боп қалды қосынға.
Шырамытып, елеріп,
Жақындады қасына.
Сыбызғы, сырнай дауысын,
Жақтырғандай құлағы,
Есім ханның ұраны
Елеріп біраз тұрады.
Құшақтап кеп көрісіп,
Айғай салып жылады.
Езуінен емеріп,
Көп қосын да шулады.
Мергенің айтты мынаны:

– Келдің бе, тақсыр, аман боп?
Арнаған жауға шаршы көп.
Екі көзім жолыңда,
Кеше, күндіз алаң боп,
Күнім өтті қараң боп.
Бұяғыңды білмеймін,
Бұяғың кетті талан боп.
Ілгерідей заман жоқ,
Алдың ел, артың арам боп,
Тапсырып па ең жұртыңды,
Хан Тұрсынға адам деп?
Несін айта берейін,
Иісі қазақ ұлынан
Қашқан, босқын болмаса,
Тігерге тұяқ қалған жоқ.

Осылайша деп еді,
Есім хан жылап жіберді.
Есінен танып көп уақыт,
Ақылына келеді.
Сөз қатпай жанға түнерді:
– Атаңа нәлет, хан Тұрсын!
Хан Тұрсынды ант ұрсын!
Алдыменен сендіріп,
Арт жағынан іс қыпсың,
Қара болсам, мені ұрсын,
Жүйесіз болса, оны ұрсын!
Екі аруақ, Құдайға,
Шет болып өзі ұрынсын.
Келтірмесем алдыңа,
Тауыспасам ұрығын,
Есім хан атым құрысын!

Жақсығұл, саған айтамын:
Аңғырт, шалыс адамсың,
Адам емес, надансың,
Қапқа тыққан сабансың!
Мергендігің болмаса,
Мысалы, бір қабансың.
Бас ие болып, бата алып,
«Еркекпін» деп қалғансың.
Етегі салпы ер дулат,
Қопал халық тамамсың.
Шыдай алмай өрмелеп,
Тауға таман барғансың,
Сөйтіп қапыл қалғансың.

Алдымен келіп аптығып,
Қазақтың құрттың баласын.

Сүйеп айтсаң болмай ма,
Қырғын деген оңай ма?
Бұғып жатқан қазақ көп
Әлі тоғай-тоғайда.
«Есіл мерген өлді» деп,
Күйінер ем сыртыңнан
Сол қырғында томпайып,
Көшпен өлсең болмай ма?
Жалғыз тұлға болар ма ең,
Бірге адассаң болмай ма?
Құдіреті кең біреу бар¹
Тілсіз балалар өлгенше,
Сен жаман, өлсең болмай ма?
Арт жағымнан жау шығар,
«Алдымды ел етемін,
Кейінгі балалар қамы», — деп,
Ел қорғауға кетемін.
Алдым тар, артым қараңғы,
Тірлік қайтіп етемін.
Қарыса алмай қор болдым,
Қазағым, сені қайтемін!

Есім хан осылай деп күйіктенді,
Өрт болып, неше жанып, күйіп тегі.
Ажалы келген күні табытқа атар,
Тақтағы патшаларды биіктегі.
Құранда неше жерде дәлел айтқан,
Ақты кім сындырады иіп тегі...
Осындай қатты күйіп жылаған соң,
Сол тауды осы күні «Күйік» дейді.
«Бәлеге — сабыр, — деді, — қазаға ырза»,
Бел байлап тәуекелге, жүріпті енді.
Түбіңе не кірмейді, дұшпан не деп,
Пендесі кеміте алмас білікті ерді.
Есім хан одан келіп шақпақ шаққан,
Аңғарсаң одан бергі биіктерді.
Пейілі қатағаннан кегін алмақ,
Баласын Үш алаштың жиып тегі.
«Жақсылар, енді жұмыс не болсын?» — деп,
Ойласып, сөз салады іріктерді.

¹ Біреу бар (Бір уә бар) — Алла тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым.

Есім ханның халқын соғысқа үгіттеуі

Халыққа айтты Есім хан
 Күйікте естіп, күйініп:
 – Шақпақтың өттік тауынан
 Жуалыға жиналып,
 Отырмыз әлі қауырман.
 Мынандай болып ақыры,
 Айырылыппыз бауырдан.
 Туысқан, туған бәрінен,
 Ағайын, құрбы, жәмінен,
 Бастар кетіп малымен,
 Бір жыл өтті ұдайы,
 Шыққалы біз ауылдан.
 – Ергелі саған, сұлтаным,
 Ұрысқа ұрыс ұласып,
 Құтылмадық дауылдан,
 Жаман болдық аурудан.
 Күн-түн қатып, қыр асып,
 Түнде ұйқы, күндіз тыныштық жоқ,
 Қатыңқы қабақ салынған.

Биттеп-құрттап жабығып,
 Зорығып жалпы келеміз,
 Ілгері бассaq өлеміз.
 Жүрегіміз шайылды
 Пәлен-түген деменіз.
 Бір-ақ уыс боп қалдық,
 Қай жауға шыдас береміз?
 Қатағандар қанша ел,
 Қырғыннан аман ылди-өр,
 «Құмырсқа мен шымалдай», –
 Деп айтады көргендер,
 Өзің-ақ өлтір қолыңмен,
 Ел билеген төреміз.

Сабыр қылып шыдайық
 Құдайдан күтіп тұрайық,
 Аман қалған ел бар ма екен?
 Шотымызды шабуға
 Әр жерге дерек салайық,
 Қосылуға лайық
 Таусылып қалса қалың ел,
 Қалғанымыз ұрық болайық.
 Көппенен жауды жаулаңыз,
 Әр қиялға аумаңыз.
 Жауласып нені бітірдің
 Үркердей қазақ шоштайып?

Есім хан айтты: «Халқым,
Осы ма ойың бәріңнің?
Құрымады қопал қалыбың.
Тірлігің қорлық әм бейнет,
Мал-бастан тегіс айырылды.

Сірә бір, халқым, ел болып,
Ынтымаққа келмейсің.
Аз емессің әлі де,
Мысалы, қара жердейсің,
Шегірткемен теңдейсің.
Қысас талап болдық деп,
«Былай-олай жүр» дейсің.
Олжаласаң мақтанып,
Қырылсаң, маза бермейсің,
Күбежектеп сөйлейсің.
Бір адам шаншып түсірсең,
Біріңді-бірің «балуан» деп,
Мақтай сөйлеп «ер» дейсің.
Ала болса алты ауыз,
Қорлықтан басқа көрмейсің.
Бөксеңді қойды бөрі жеп,
Осынша қорлық көрсең де,
Тірі боп тағы, өлмейсің.
Құдайдан соңғы патша
Менің атым — Есім хан,
Тіке-тіке сөйлейсің.

«Жұрт» деп едім сендерді,
Мінездерің өзгерді.
Бірақ қалмақ қашырып,
Қаншаңа ажал кез келді.
Күйеу жолдас қалмаққа,
Барып ем ертіп сіздерді.
Бұл айтқаның жөн емес,
Бір басымның қамы емес,
Ел қоритын Есім хан,
Қашанғы жүрер дейсіңдер?
Болмаса, қойдым мен, — дейді. —
Дәрет қыла бір сайға,
Оңаша бір күн барып ем.
Құтырған бір ит кез келді,
Қапқанына қырық күн
Есептесем күндіз-түн.
Құтырамын мен де енді,
Кесірім ұрар сіздерді,

Құтылар жерің кез енді».
Үркіп қашты қанша жұрт,
Қағылысып «тез» деді.
Бір-екеуін атты да:
«Тыңдашы халқым, сөз, — деді. —
Бір насихат кез келді.
Қуып ем жалғыз құтырып,
Бәрің қаштың ұмтылып.
Құтырыпсың бәрің де,
Қатағанды жұт қылдың,
Рас па, бұл сөз өтірік?»

Осындай Есім деп еді,
Бәрі де ұнап, жөн көрді:
«Түсінбеп едік ілгері».
Басшысына әр жұрттың,
Сәлем қағаз береді.
«Құдайберді, Жидебай,
Құдайберді өлген соң,
Әлібек деген баласы
Орнына би боп тұр, — деді, —
Шаншар мырза Орта жүз
Қолыңмен қойған би, — деді. —
Жиделі Байсын төрінен,
Ауқымы елдің Шуда еді.
Ауып көшіп Арқаға,
Еділ, Жайық жағалап,
Ноғайлымен бір, — деді, —
Қалған шығар ұрықтық
Жұрт емес пе бұл, — деді, —
Армансыз айтып қамданған,
Сабырлықпен қыл, — деді, —
Жүрген шығар бәрі де,
Алқымына таянып,
Дерегің білсе, келеді»,
Сол жерде бұл сөз боп еді.
Осыдан мысал қып жүрміз
«Құтырған Сарыбұлақ» дегенді.

Есім хан қуаттанды көргеннен соң,
Қазағы іркес-тіркес жөнделген соң:
— Қырғынға екі сапар ұшыраппыз,
Тұрайын қайтіп шыдап, көз көрген соң.
Әлі де неше қырғын көрмейсіңдер,
Қасарып, қысас жолын іздеген соң.
Бейнетті дүниенің, рақаты бар,

Сопы боп, тәркі¹ дүние безбеген соң,
 Пәленді неше түрлі сөндірермін,
 Лайық заманыма кез келген соң.
 Өлгенше маңайымнан жүргізбеймін,
 Не болсаң, ол бол, қазақ, мен өлген соң.

Билерге жазған сәлемі:

Осындай деп ер Есім,
 Атап-атап билерге,
 Сағыныш қағаз береді.
 Әбілғазы баһадүр,
 Болған бұрын басында.
 Өкпесін айтып, өкініп,
 Саясатпен жекіріп,
 Қағазда мынау дегені:

«Әбілғазы баһадүр
 Дұғай сәлем досыма!
 Боп едің ғой басында,
 Алдамаққа әдісқой,
 Сен екенсің ашына.
 Аман болып қатаған,
 Қырылған қазақ қырылсын,
 Бір келіп кет қасыма.
 Не деп едің басында:
 «Кетті, — деп, — іс жасынға».
 Ағарғанда сақалың,
 Әуел сенен қапамын,
 Болғаның «аға» осы ма?

Бұдан артық не дейін?
 Көзіме әуел бір көрін,
 Иә, өлтіріп, өлейін.
 Жұмыс кетті қандай боп?
 Отырып ең дардай боп,
 Сенен бұзық адам жоқ.
 Екі жүзді қардай² боп,
 Жорғалап тіпті болмадың.
 Обалы саған көп елдің,
 Бала менен шағаның.
 Хан Тұрсын өзін өлтіріп,
 Қоймас па едім тамамын.
 Құрып кетсе бір тайпа ел,

¹ Тәрік /араб/ — безу, құтылу, қалдыру, тастап кету, бас тарту.

² Қар /көне/ — бұзық әйел, опасыз, жезөкше.

Жүктермін сенің мойныңа,
Хан менен қара обалын.
Міне, өкініш, пұшайман¹,
Тілін қайдан алып ем
Сен сияқты қабанның!
Құдайдан қорықсаң, қысқа сөз:
Үркіп барған шеніңе
Қазақтың ұлы болса кез,
Білдірмесіне білдіріп,
Көшпесе «көш» деп, қайтар тез».

Билерге айтқан сәлемі
Мынамен тұрсын мына сөз:
«Мына сәлем ханыңнан
Қабыл көргін жаныңмен.
Құдайберді баласы
Әлібек деген жанысқа.
Әкеңнің берсін иманын,
Аман еді барыста,
Шалқайма жатып алыста.
Жақында болса сырласып,
Айғайлаған алысқа.
Хан Тұрсынмен, мінеки,
Тағы түстім жарысқа.
Ер өледі намысқа,
Барларыңды қарышта.

Менің [мынау] дерегім –
Иә, өлтіріп, өлемін.
Бұяқтан қаппыз мұндай боп,
Ояқтан тасып кеп едім.
Естігенде, жүре бер,
Біреумізге серт болды,
Өзір осы келгенім.
Ұлы жүздің бәріне айт,
Жасың менен көріңе айт.
Сіргелі мен қаңлыға айт,
Жалайырға барып қайт.
Жетіден жетпіс жасаған
Іске ілінер қалмасын,
Істің қиын жайын айт.
Суанға, албан сәлем айт,
Дулат атам ұлына айт,
Жалғанын айтпа, шынын айт.
Блди менен өріңе айт,

¹ Пұшайман /парсы/ – қапа болу, өкіну, қайғы.

Оңың менен солыңа айт,
 Қатыны кетсе, байына айт,
 Жесірі кетсе, қайнына,
 Әкесі өлсе, ұлына айт.

Екінші сәлем айтайын —
 Орта жүз Шаншар еріме,
 Басшы деймін еліме.
 Білдіргін хабар тезінен,
 Құрбы, қатар теңіңе,
 Арғын, найман еліңе,
 Көші-қонмен жүрген-ді
 Сарыарқаның жерінде.
 Тоқсан бір баулы халық еді,
 Сансыз қыпшақ шегіңе.
 Қоңыратың да қалмасын
 Сырдария шенінде.
 Бала-шағаңа арыздас,
 Кім өліп, кімдер қалады,
 Разы болып өлімге.
 Қатаған қыпты былайша іс
 Қалмақта жүрген жерімде.

Үшінші саған сәлемім —
 Кіші жүз алшын Жидебай,
 Есекең жауға бармайды,
 Алды-артын жинамай.
 Түрін аңда наманың,
 Әлім ұлы, байұлы,
 Алшын, жаппас, тамамен,
 Жетірулар хабарын.
 Хатым тисе қолыңа,
 Екі көзім жолыңда.
 Бір күн де болса, кідірсең,
 Әуелі түсем соңыңа.
 Ас ішсең, шала іш, тоймағын,
 Күліңді жерге қоймағын.
 Шаң болса жүз бен қабағың,
 Лай болса аяғың,
 Жумастан бері жөнегін¹.
 Енді арманда қалмашы,
 Үш алаштың баласы,
 Ақыр бір Құдай аласы.
 Басың болса өлімде,
 Малың болса, таланда,

¹ Жөнегін — жөнелгін, барғын.

Бұл да ғой ада қалғаның.
 Иә, адам бол, ада бол,
 Ең қысқасы, болғаным —
 Үйде қалса, қоймаймын,
 Әуелі соны жайлаймын.
 Бұрынғы ұрыс ойыншық,
 Хан Тұрсынмен ойнаймын.
 Ол жеңсе қылар білгенін,
 Мен жеңсем, тұяқ қоймаймын.
 Сөзі тамам наманың,
 Кезігелік сол жерден,
 Ертелі кеш келе бер.
 Мен издесем табайын,
 Түркістанның ар жағы,
 Шымкент жақын күншілік,
 Арыстың салқын аралы».

Осындай хабар айтты елдеріне,
 Қара көк шынжыр балақ ерлеріне.
 Сарыарқа, Еділ, Жайық, Сібірдегі,
 Көкшетау, Орынбордың жер-жерінде.
 Лаж жоқ бұғып жатқан жазған халық,
 Бәрі де бөлінеді елді-елінде.
 Олжа боп жетім-жесір, қираған жұрт,
 Баршасы қайыл болып¹ өлгеніне.
 Шымал мен шегірткедей еніп жатыр,
 Тау күйіп, тас өртеніп жүргеніне.
 Топ-топ боп, будақ-будақ шаң шығарып,
 Жер күйіп, күн қараңғы жүргенінде.
 Қос атын, азық-түлік қамдап алып,
 Жарамды ат сайлап мініп ерлері де.
 Айбалта, алтын сауыт, тіллә қалқан²,
 Ерлердің жарасқылық жүргеніне.
 Ағаш үй, киіз туырлық, жазған қазақ,
 Білмеймін кез боп қалды іргеліге.
 Армансыз алды-артын жинап болды,
 Неше ай, неше уақыт күндерінде.
 Шалғыншы³ алды-артын тығыздайды,
 Күтініп, қарауылдап түндерінде.
 Сақасын иірмекке қолына алды,
 Бар еді Ешен берген ілгеріде.
 Үстіне тіллә дабыл⁴ тастаушы еді,
 Бет алып жау тарапқа жүргенінде.

¹ Қайыл болу /араб/ — разы болу.

² Тілла қалқан — алтын қалқан.

³ Шалғыншы /көне/ — шолғыншы, барлаушы.

⁴ Дабыл — ертедегі ұрмалы саз аспабы.

Ту қара қойдың асығы,
Қашқардан келген асылы.
– Тайғақ кешу, тар жолда
Көз жасын көр жесірдің,
Жетім-жесір, балалардың,
Бола ма мүддем, болмай ма?
Бәйгеге тіктім басымды.
Пірім берген ақ сақа,
Осы күнде мен қапа,
Көрейінші бір опа.
Алдап кетіп жүрмегін,
Жұмыс болып бейопа.
Алшың да сенің жаудікі,
Тауаң¹ да сенің жаудікі,
Бүке-шікең жаудікі,
Хан Тұрсындай хандікі,
Іс ағына айналса,
Бір-ақ оңқаң менікі.
Төтендесе оныкі,
Тураласа менікі,
Оңқаңды көрсет, жануар.
Осындай деп ұстады,
Тастауына нұсқады.
«Әумин» деп қол жайып,
Иісі қазақ жасқанды.
«Аллаһу әкбар», – деді де,
Тіллә дабыл үстіне
Лақтырып тастады.
Дірілдеп барып қисайып,
Оңқасынан жанышталды.
«Оңлайтын күнің бар ма?» – деп,
Қазақтар шулап жіберді
Күңіrentіп тау мен тастарды.
Айғай салып «Алла» деп,
Есім хан төре бас салды.
Нәзір² айтып пірлерге,
Салауат айтып Расулға,
Иман айтып Құдайға,
Енді ұрысқа бастады:
– Әбиір алып осыдан,
Орнаса мүлкім орнына,
Аппақ Ешен жолына
Түйеден нар тоғыздан,

¹ Тауаң – асықтың тайқа түскен беті.

² Нәзір /араб/ – діни салтпен берілетін қайыр, садақа.

Сиырдан бұқа тоғыздан,
 Қойдан қошқар тоғыздан
 Тәжі, тағым әдия¹.
 Кегін алсам қазақтың,
 Хан Тұрсындай доңыздан,
 Тілегім осы бастаған.

Балдыберек деуші еді,
 Сайрам су бір саласын.
 Домбыра шалды бір төбе,
 Азат биік бас жағы,
 Басына шығып төбенің.
 Нағыра² шалды Есім хан,
 Күңіренді тау мен тастары.
 Хайуандар үркіп інінен,
 Құстар тайып у-шудан,
 Жүгірген аң, ұшқан құс
 Дірілдей бәрі бастады.
 Хабарланды даусынан
 Күншілік жер арасы,
 Хан Тұрсынның әскері,
 Қимылдай бәрі бастады.
 Жатқан жері — бел үсті,
 Қазығұрттың бас жағы.
 Екінші рет айғайда,
 Көшіргендей аспанды,
 Жүрексіздер жасқанды.
 Жүрді ерлер ілгері
 Дүйсенбінің күнінде.
 Жылай берді зарланып,
 Ыстық, суық көп көріп.
 Тарынды көріп жерлерді,
 Күндіз-түнді білмеді.
 Жақсығұл айтты: «Есім хан,
 Ғайып болған Ханымша
 Сонау тұрған жер, — деді. —
 Қалаған тасын көр, — деді, —
 Қаратөбе жер, — деді. —
 Алатаудың қастары,
 Қарамұрттың бас жағы».

Жылап айтты Есім хан:
 — Е, кермісің, кермісің,

¹ Әдия (хадия) /араб/ — сый, сыйлық.

² Нағыра /парсы/ — барабан тәрізді музыка аспабы; дауыс, айғай.

Қаратөбе сенбісің?
Көзіме суық көріндің,
Шымкенттің өрі сенбісің?
Қазақтың ұлын жайлатып,
Қатағанға байлатып,
Төрт түлік малын айдатып,
Талан қылған жермісің?

Е, кермісің, кермісің,
Қоңыртөбе сенбісің?
Жетпіске жеткен жасында
Ата-анамды зарлатып,
Аяқ-қолын байлатып,
Пенде қылып айдатып,
Тарындырған жермісің?

Е, кермісің, кермісің,
Шутөбе осы сенбісің?
Таянышым, сүйенішім —
Қабырғамда қанатым,
Таласып емшек еміскен,
Тай-құлындай тебіскен,
«Ағамды жалғыз көрсем», — деп,
Жолығуға зар болып,
Әркімдерден түрткі жеп,
Жалынып жауға, жалтаңдап,
Көре алмастан арманда,
Ғайыптан болған жалғанда,
Қарындасым Ханымша
Зар жылатқан жермісің?

Апырмау, қайдан сені көргенім-ай,
Көріндің көзге суық жерлерім-ай!
Не қырғын, не пәлені өткеретін,
Түркістан, Шымкент, Сайрам ерлерім-ай!
Ойлансам есеп қылып, бір жыл бопты,
Қалмақтың барып қайттым өрлеріне-ай.
«Кір төгіп, кіндік кескен жерім ғой, — деп, —
Әйтеуір отаным», — деп, келгенімді-ай!
Не қырғын, неше ойран істер көріп,
Бейжал уақыты жоқ өлмедім-ай!
«Алды ел, арты дұшпан боп жүрсін», — деп,
Құдайым көп ермекті бергені-ай!
Су құйып, отын алып, «жалғызым» деп,
Бейшара тірі сүлде жүргенің-ай!
Қандарын қатағанның суша ағызсам,
Бадамның Сайрам сумен өрлерінде-ай.

Түркістан – өскен жерім, Шымкент қала,
 Бір жағың Шолаққорған, Созақ жана.
 Сыртымнан қарай-қарай «келеді» деп,
 Жүрген-ді тілеулес боп қатын-бала.
 Тілеуін солардың да қабыл етіп,
 Өткен күн екі айналып келсе жаңа.
 Ұядан екеу едік ұшқанымда
 Бұл күнде жеке тамыр болдым дара.
 Көгертіп арт жағымды дуа¹ алғызып,
 Сүйінтсін ақырынан Алла Тағала.
 Бейнетті қайғыменен жояр ем-ау,
 Көріссе сау-саламат ғаріп² ана...

Сырбаз ет, сары қымыз Шымкент едің,
 Семіз сөз, салқын жайлау бір кент едің.
 Жайылған шымалдай боп төрт түлік мал,
 Аңқайып қалыпсың-ау, дүр кент едің.
 Алдымнан келерімде пәле дайын,
 Айналып жыл құсындай бір кетемін.
 Есім хан айтқанынан өзгермесе,
 Бір қара қарсы жауға көрсетермін.
 Болмаса Құдай бекер, Құран жалған,
 Баласын өзімдей қып еңіретермін.
 Қорымал мендей қазақ біте бермес,
 Жүз жасап парлағанда мен де өтермін.
 Бір көрсем қайта айналып, қазақ, сені,
 Берсе егер ықтиярын көп кетердің³.
 Артымнан бұл қалыппен ере берсең,
 Бәлеге қарсы келген міндеткермін.
 Өнерлі Түркиядай болмасаң да,
 Ауғандай, Иранменен қып кетермін.
 Өлгенше өзім, қазақ, қор қылмаймын,
 Онан соң ит пен құстың жеп кетерін.
 Шұбалған шаңы шығып, жауым шығар,
 Тездетіп саптарыңды, ту көтергін.

Шыдамай Есім хан келеді,
 Дүбір жақын кеп еді.
 Арғымақтар еліріп,
 Алды-артына төнеді.
 Қайта-қайта пысықтап,
 Насихат айта береді:

¹ Дуа /араб/ – біреудің басын айналдырып, жадылау үшін бақсы-балгерлердің ішірткісі; әсер, ықпал.

² Ғаріп /араб/ – бейшара, мүсәпір, міскін.

³ Көп кетердің – «қайтып айналып келмейтін, о дүние» деген мағынада.

– Үлкені едің алаштың,
Басшысы ең Ұлы жүз жаныстың,
Әлібектей өз аға,
Жақын келдік жауыма.
Ту ұстаған ерімсің,
Таяу тұрған соңыма,
Әзір боп оң мен солыңа.
– Жақсығұлдай мергенім,
Оғың тайса, өлгенің,
Мылтығыңды ал қолыңа.
Түнерген қалың тобына,
Түтінін қос түтінге.
– Алатаудай батырым,
Бар күшінді шақырғын.
Әзір бол сен де тобыңа,
Дайын бол сен де тобыңа.
– Дайын бол Шаншар, сабыңа.
Өлмей пенде қайтпасын,
Қайта-қайта дайында.
Ажырайып, қарулан,
Сескенер дұшпан айбынға.
Құшақтасып өле бер,
Адасқан көппен қалыңға.
– Жидебай батыр, жиналғын,
Дестелеп тобын жамқарғын.
Әлімұлы, байұлы
Жетірулар жамдарың,
Қамданғын, ерлер, қамданғын!
– Сүлеймен қайда, бармысың?
Алды-артын шол қосынның,
– Жиёмбет батыр, сардарым,
Дос пен қасты аңлағын.
Дабыл түйіп, ұран сап,
Желбіреткін туларды.
Сескендіргін қуларды,
Аңырат енді сырнайды.
Топтың қойып ішіне,
Жүрексіз жаман қуларды.
Жау сарыны ұлғайды
Бара-бара еліріп,
Судан шыққан жануар,
Астында тұлпар тұрмайды,
Ортекедей ойнайды.
Дәл сол күні, халқым-ау,
Есім хан түрін айтайын:
Алдын бастап әскердің,
Айдай болып жамалы,

Жарық болып қараңғы,
Тілла жаға, көк сауыт
Басында тәжі жағалы.
Гауһардан көз орнатқан
Алтын кемер белінде,
Бүктеме семсер қолында,
Айбалта алтын қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Етек-жеңін сыбанып,
Сақал-мұрты тебіндеп,
Жиырмаға жетпеген,
От шашырап көзінен,
Тірескен аман кетпеген.
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз тоңып,
Жауатын күндей түнеріп,
Жауап қатпай пендеге,
Жан-жағына еліріп,
Күн түскендей жарқырап,
Сәулесі басып әлемді,
Көргенше құмар ұрысты.
Бір саласы Бадамның,
Дейтұғын Тоғыс бір жер-ді.
Қалған қазақ қарсы кеп,
Тоғысқа келіп тоғысты.
Екі жағы өзеннің
Екі бөлек боп түсті.

Шатырын тікті хан Тұрсын
Шатыртөбе дегенге.
Тауға қарай ығысып,
Арқасын сүйеп кемерге,
Бадамға жақын өзенге.

Есім хан да сап тартты
Мыңбайырды жағалап,
Орда қонды бір ұшы,
Қоғадай халқы жапырып,
Қоғалы деген өзенге.
Үркер мен айдай тоғысып,
Қас пенен дос кез келді.
Белтек шықты ортадан,
Мұны да баян қылайын:
Ханы еді қырғыздың
Ер Көкім би деген-ді.
Алатауды жайлаған,
Киіктей болып ойнаған,

Бұлаң-бұлаң тауларды
 Өтен қылған¹ неме еді.
 Бір тайпаға тең еді,
 Қырғыз деген ел еді,
 Жұлдыздан да көп еді.
 Сыбайлас жұртқа белгілі,
 Есім хан мен хан Тұрсын —
 Екеуінің дерегі.
 «Жеңген жаққа қосылып,
 Олжа алсам», — деп еді,
 Бұл да үміткер ел еді.
 Дүниеге көзі тоймаған,
 Пікірлі айтты ниетін.
 «Маған жәрдем бергін», — деп,
 Екі жақ та кеп еді.

Қағазбенен хат беріп,
 Мүддесін жазып ап келіп,
 Хан Тұрсынға Есім хан
 Елші қылып жіберді.
 Нама сөзі бұл еді:
 «Хан Тұрсын, саған сәлемім,
 Жасың үлкен аға едің.
 «Ақыры болар бір жайлы,
 Мұсылман ғой», — деп едім.
 Бұрынғың да ауыр іс,
 Қашқарға барып кеп едім.
 Құнын кешіп әкемнің,
 Жетім-жесір, баланың,
 Іні мен үлкен ағаның,
 Төрт түлік мал тамамын.
 Әбілғазы бітіріп,
 Сақалыңды құрметтеп,
 Тапсырдым да Құдайға,
 Пәлен-түген демедім.
 Кешіріп ауыр күнәңді
 Өз көңілімдей көрдім де,
 Ант пенен сертке сендім де,
 Азат қылып жібердім.
 «Надан достан — зерек қас»,
 Таяныш сені деп едім...
 Дұшпанға ғазат жөнедім,
 Жайылған мал, жалпақ үй,
 Мынау бопты өнерің,
 Кездестім, қайтып кеп едім.

¹ Өтен қылған — «отан қылған, мекен қылған» деген мағынада.

Әуелі менен өтініш,
 Білмегенді кешіріс.
 Құдай, аруақ күтейін,
 Алдыңнан тағы өтейін,
 Кім өліп, кімнің қалуы
 Пешенеде жазылыс,
 Жарамайды асығыс,
 Даяр тұр ғой бір ұрыс.
 Аяғы қозы, лақтан,
 Бұзау, тана, торпақтан,
 Төрт түлік мал әмбесін¹,
 Қалдырмастан тамамын,
 Үй мұкамбал, айнамды,
 Жырытмастан² біреуін
 Жарамасын, жарарын,
 Жетім, жесір, кәрі, жас,
 Құл менен күң, қарабас,
 Бесіктегі баланың,
 Досыңменен ойласып,
 Жай бағыстап, жайғасып,
 Нысапқа келіп бергейсің.
 Ханға десең бұяғын
 Осылармен тынайық,
 Құдайға жөн қылайық,
 Дінге қылыш ұрмайық.
 Мың толғанып, ойлаңдар,
 Үмбеті бәрі Пайғамбар.
 Көрмеген бар, көрген бар,
 Қырықта қызыр, мыңда уәлі³,
 Дуалы ауыз ерлер бар,
 Жалғыз-жарым, кәріп⁴ бар.

Хан Тұрсын аға, не дейсің?
 Тездікпен жауап бергейсің!
 Егер жазым боп кетсең,
 Дүниеге екі келмейсің.
 Жөнделіп жөнге жүргейсің,
 Қысқасы сөздің, өлмейсің».

Елші болып Көкім би,
 Амандасып, көрісіп,
 Хан Тұрсын барды алдына.
 Жауаптасып, сөйлесіп,

¹ Әмбесін — барлығын, түгел.

² Жырытмастан /диалек./ — «жыртпастан, бөлместен» деген мағынада.

³ Уәлі /араб/ — айтқаны келетін қасиетті, дуалы ауыз.

⁴ Кәріп (ғаріп) /араб/ — бейшара, мүсәпір; шарасыз, жарымжан.

Отырды барып жанына,
 Қағазды беріп қолына.
 Мағлұматын білдірді,
 Әрқилы кеңес жүрдірді,
 Уәзір, сәргер, жәміне.
 Құлақ салып отырды
 Қайтатын жауап сарынға.

Қатағандар бас қосып,
 Мәслихат құрып, ойласып,
 Неше күн-түн жиылып,
 Бір жерге ерлер үйіліп,
 Хан Тұрсынның жауабы:
 «Есім хан, рас айтқаның,
 Мынаны оқып байқағын.
 Жап-жас қана басыңмен
 Осынша жасқап қайтардың.
 Ұнаған жақтан есіріп,
 Семірген екен сайтаның.
 Басында ер боп қылып ем,
 Лоққыңнан¹ неге қорқайын?
 Ұзыннан өш, қысқа кегім бар
 Бұрынғы тек атаңның,
 Соның зарпын² қайтардым.
 Бұл олжа кеткен қиынға,
 Айналып келмес жиюға.
 Арыстанның аузына,
 Түрікпеннің түбіне,
 Перғана, Бұқар кенітке,
 Қарақалпақ, қатаған,
 Өзбек, сарт, тәжікке,
 Дария мен шөліне,
 Қыстақ-қыстақ еліне,
 Бөлек-бөлек ауылға,
 Ылди менен өріне,
 Өлі менен тіріге.
 Болар ма еді бірі сеп,
 Келе алмай тұр бергім де,
 Үлесіп тозған әркімге,
 Мұны қайтіп жинайын,
 Дуана³ боп қайтіп ақтайын?
 Алтын, күміс, гауһар тас
 Дүниемен сыйлайын.

¹ Лоққы — күш көрсету, байбалам, бопса.

² Зарпы — қайғы, мұң.

³ Дуана — ризығын көктен тілеп, кәсіпсіз жүретін адам, дәруіш.

Түтінге салық салсам да,
Өстіп ізет қылайын.
Тиместікке шарт қылып,
«Өткен іске тоба» деп,
«Бала орнына бала» деп,
Жөні келсе «аға» деп,
Көңілімді ағартып,
Қайтадан іні қылайын.
Мұны қабыл қылмасаң,
Қасарып тағы шындасаң,
Қыласың да білгенің.
Қолынан не келеді,
Азғана елдің дерегі?
Әуелі менен көп еді,
Шілдей тозып қазағың,
Қалғаны болса, жөнелді.
Үркердей сорлы ел болдың,
Еріксең жемім сен болдың,
Қалай қылсаң, олай қыл,
Екінші пәлен деме енді!
Көкте дұшпан, жерде қас
Қатағанның елі еді.
Шегірткедей орады,
Қорықсам мұндай қылмас ем,
Көп айтып, азбан¹ сойылмас,
Күштеріңді көрелі».

Мұңайып, пікір ойланып,
Алдырған нанын сарттай боп,
Көкім би қайтып келеді:
— Өздерің оқып көріңдер,
Білмеймін қағаз не дейді.

Есім хан оқып көрсетті
Қағазды қазақ ұлына,
Бұрылып оң мен солына:
— Қара қол, дана, кәрі, жас,
Бәріңе де тәуір ме?
Айналды жұмыс ақырға,
Ойланбаңдар мен үшін,
Жорысаң көрген бұл түсім.
Артымда жылар балам жоқ,
Қатын, інім, ағам жоқ.
Бар болса қапты бір шешем,
Өлі, тірі хабар жоқ.

¹ Азбан — айғыр, бұқа, қошқар сияқты аталық малдың піштірілгені.

Қайда барсам, әзізбін,
 Іс тұтпаңдар «маған» деп.
 Жұртым үшін туғанмын,
 Қынай белді буғанмын.
 Қорыққаның қайт ауылға,
 Ұрынбай тұрып қауырға¹.
 Көкім би, тағы барғын да,
 Шекараға тез келсін,
 Шартнамаға қол қойсын!
 Тігерге тұяқ қоймасын,
 Қазақтың жеңсе баласын.
 Арманда, қапы қалмасын,
 Егер оны мен жеңсем,
 Осындай дедім жобасын.
 Қимап едім ілгері,
 Осы ма еді білгені?
 Кім өліп, кімнің жыласын
 Пешенеңде сынарсың,
 Қараны, Құдай, табарсың!

Қарар қылды ұрысқа
 Бітіре алмай қалыс² та.
 Екі жақ та мөр басып,
 Қол қойысты қағазға.
 Көкім би жазды намасын,
 Жарысты күтіп қарарсың.
 Ұрыстан хабар білінді,
 Дабыл, керней ұрылды,
 Үсті-үстіне түйілді.
 Қорқақтары шошыған,
 Ерлері атқа жүгірді.
 «Жекеге кім шығар?», — деп,
 Көргенше жұрт құмар боп,
 «Кімнің аты жесір боп,
 Иесіз босқа қалар?» — деп,
 Майданға барша үңілді.

Майдан

Қатаған, қазақ қарады,
 Есірік, аңқау, ер шалыс
 Қазақтың бірі бар еді.
 Серендеген жаманы,

¹ Қауыр /ж.с./ — ию-қиу, қарбалас, абыр-сабыр.

² Қалыс — тікелей қатысы жоқ, бейтарап, ара ағайын, жамағайын; мәтінде «елші» деген мағынада.

Көрнекті еді қарамы¹.
 Болмады шығар адамы,
 Оң-солына қарады.
 Кеткен еді олжаға,
 Некеленген алалы²,
 Жүруші еді шыдамай
 Шыққанша ұрыс хабары,
 Қалмастан сабыр қарады.
 Есім ханнан бата алып,
 Ала атына аттанып,
 Шекесін тартып жібекпен,
 Майданға жетіп барады.
 Ат ойнатып көлбеңдеп,
 «Жеке!» — деп айғай салады.
 Ол жақтан да табылды
 Мінасар байғұс адамы.
 Өзі сыпат бір байғұс,
 Қарама-қарсы барады.
 Екі жақтан ырғалып,
 Біріне-бірі көз салып,
 Шанышуға келгенде
 Екеуі қалды тоқталып.
 Әлі тұр ерлер, әлі тұр,
 Найзалары шоштыып.
 Жұрт қайран боп қалады:
 «Жын ұрды ма бұларды?»
 Ет пісірім тұрады.
 Шыдай алмай Сүлеймен,
 Барып көрсе аттанып,
 Жүрегі болмай шаншуға,
 Көздерін жұмып тұр екен.

Екі салды қамшымен:
 «Сендерді Құдай алсын, — деп, —
 Сорлылар, неғып жүрсің?» — деп,
 Кейіп-кейіп екеуін,
 Екі жаққа қайтарды.
 Онан кейін Сүлеймен
 Өзі келді Есімге:
 — Түсіп тұр бір сөз есіме.
 «Сағындым», — деп ата-анам
 Кіріп еді түсіме.
 Екі-үш күндік өмірім,
 Өтермін кіші бесінде.

¹ Қарамы — көлемі, үлкендігі, саны, мөлшері, шамасы.

² Алалы — адалы, некелеп алған жары.

Аруақ жолдас хақым бар,
 Жас бала, жесір қатын бар,
 Қарайлап, қармап, қарай жүр,
 Бір ердің деп тұяғы,
 Орнына санай жүр.
 Сиқымбай деген ұлым бар,
 Он алтыда жасы бар,
 Жалғыз еді өзімде,
 Ісі орнына келмей жүр.
 Нешеуі менен өлерін,
 Майданға кірмек табым бар¹.

Осыны айтып Сүлеймен,
 Майданға қарай самғады,
 Атқан оқтай парлады.
 Сабыншының жолындай
 Шұбатылып шаң қалды.
 Боз арғымақ астында
 Ошақтай көрмес аңғарды.
 Хан Тұрсынға жалтаңдап:
 Бос қойма деп майданды.
 Хан Тұрсын бұған жұмсады
 Қараман деген сардарды.
 Көрген соң ерлер қарасын,
 Екеуі де оңланды.
 Жаман кетер дерексіз,
 Жақсылардан ат қалады.

Қараман шапты зырқырап,
 Шатыртөбе бауырынан.
 Сүлеймен барып айқасты,
 Мыңбайырдың тауынан.
 Айғай, сүрен бергенде,
 Тігілісіп келгенде,
 Қараман батыр жығылды
 Қара арғымақ сауырынан.
 Болжай алмай халық тұр
 Арылғанша шаңынан.
 Артта қалды мал-басы,
 Хан Тұрсынға көз жасы.
 Қарамандай ерінің
 Аспанға ұшты найзасы.
 Сүлейменге бұйырды
 Ат, қылыш, сайман, олжасы.
 «Әттең ғана ерім, — деп, —

¹ Табым бар — талабым, ойым.

Арманда болып қалдың», — деп,
Хан Тұрсын басын шайқады.
«Неғылып шыдап тұрсың?» — деп,
Інісіне айтады,
Өлгенін бұл да байқады.
Ақыры қандай боларын,
Әуелгі ісі шайналды.
Атының белін тартады,
Үйіне сәлем айтады.
Түрлі қиял ойланды,
Жалаулы найза қолға алды.
Атқан оқтай жылыстап,
Сүлейменді пайлады.
Сілкінткен ерлер бір елді,
Қазасына кез келді.
Мұны да шанышты жүректен,
Өкпесіне тірелді.
Бұл да түсті олжаға,
Шарайна қалқан, күдері.
Несін айта берейін,
Сүлейменнен сол күні
Жекелеп келіп оны өлді.
Уақыты шам кеші боп,
Барабан, дабыл ұрылды,
Жай-жайына қайтады.
Қарауылдар ұйықтамай,
Шолғыншылар жортады.
Атырабын байқады,
Бүркеніп жатыр көрпесін
Есеңгіреп қорқағы.
Сүлейменді Есім хан,
Түнімен алып қасына:
— Үзеңгі жолдас, сырласым,
Бір гүлі тәжім сен едің.
Бақ серіктес басымда,
Әбиір берсе осыдан,
Арт жағынан шошыма.

Ұйықтамай таңды атырды.
Намаз оқып халық тұрды.
Ұрысқа құлақ сап тұрды
Бүгін қандай боларын,
Қазақты бір күн шат қылды,
Хан Тұрсындай ханыңыз:
— Оңтайлы енді кім бар? — деп,
Таң-тамаша боп тұрды.
Көңілінен өткеріп,

Жаманды-жақсы парық қылды.
 Бар еді бір ер кезеңді
 Зарпы тиген көп елге.
 Олжа, жесір, жетім қып,
 Қазақты қанша жамсаған.
 Әр аттанып келгенде,
 Жылаған бала жұбанып,
 Зарпынан үркіп, шұбалып,
 Қазақтар шошып түсінен,
 Ұйқыдан шошып оянған
 Айрылмас батыр дегенде.
 «Жастығыма ап жатсам,
 Кезіксе, — деп, — Сүлеймен», —
 Шықпай тұрып үйінде
 Нәзір айтып піріне.
 Хан Тұрсын айтты хабар қып,
 Самсаған қалың көп елге,
 Жоғары мен төменге:
 — Күйе жағып бетіне,
 Жамандар, сенен түңілдім.
 Көп болар әлі бұл күнің,
 Келген жерден сүріндің...
 Өзіміз қылған жұмыс та,
 Датты кімге айтайық?
 Қазақтан шықса бір жалғыз,
 Құлай кетіп жантайып,
 Дөңбектей боп тоңқайып,
 Жығыласың, қаласың,
 Барасың да шолтайып.
 Ауыздарың ашылып,
 Бұзылған тамдай аңқайып.
 Туғанда бос туып ең,
 Қылжырайып, қисайып...

Басында неше шауып, олжаны алдың,
 Мен емес, жалпы бәрің олжаландың.
 Қоймастан түтін тергеп, адам санап,
 Өзіме тоқтатпадың қолда барын.
 Шашыңның есептесем түгі жетпес,
 Қолыңда сап-шоты молдалардың.
 Шыршыққа малдың қаны судай аққан
 Олжасы Арқа, Жаркент, Құлжалардың.
 Тегін ас, етің түгіл сүйекке өтіп,
 Еңкейген, еңбектеген ырзаландың.
 Тізеден қан болғанда, беліңнен май,
 Білмейсің мұны неге, мырзаларым?
 Құл жұмсап, шоры от жағып, көңілің хош,

Тегін мал, аузың аста, құрғамадың.
 Ойланшы, енді ақырың не болады,
 Есім хан, жазым қылып, жеңсе бәрін?
 Құдайдың мендей баста ұрғаны жоқ,
 Сөзіме өзім айтқан тұрғаным жоқ,
 Самалы Есім ханның оңала ма?
 Барады «шу» дегеннен ырғағы көп.
 Әзіреті Адамнан бермен қарай
 Бақ-дәулет бір қалыпта тұрғаны жоқ.
 Жамшит, Заһақ, Перидон, Сам-Наримен
 Жаһанды неше талқан қылмады кеп.
 Ескендір, Шаддат, Намірет, Сүлейменге
 Еш опа, айтады ғой, қылмады деп.
 Рүстем дүниені дүр сілкінтіп,
 Ақыры жазым еткен інісі кеп.
 Өзінің әмірі жүрсін заманыңда,
 Жан болған осылар да ақылы көп.
 Шеріден Әзірет Әлі бақ қайтқанда,
 Мауия зорлық қылған ақыры кеп.
 Қашырған дәу, періні Куһе Қаптан
 Алмадай тауларды атқан опырып жеп.
 Ер Асан Пайғамбардың сүйген ұлын
 Жайлаған заһарменен¹ қатыны кеп.
 Опасы дүниенің сол-ақ екен,
 Мысалы, әуелі бар, ақыры жоқ.
 Тұқымын бір тайпаның құртар болдым,
 Шулатып құлағымды «кесірлі» деп.
 Жаман ат қияметке алып кеттім,
 Адамнан өлі-тірі кесірім көп.

Қалды ма ажал шіркін таянып-ай?
 Түс көріп түрлі-түрлі, қиялым-ай.
 Айрылмас, жекеге бір өзің шықшы,
 Кәдімгі істі бастап баяғыдай.
 Қойша айдап, көше қырып-шауып,
 Шыршықтың қып тасташы аралыңдай.
 Кірбіңі көкіректің бір ашылсын,
 Тамырым үш жүз алпыс оянып-ай!
 Қар жауып кірпігіңнен, мұздар тоңып,
 Қайтпайтын қасарғанды ада қылмай.
 Қазақ пен қатағанның қандарына
 Қара жер бір қаларсың боялып-ай!

Хан Тұрсын осылай деп бата берді,
 Қойдан қошқар, түйеден нар атап енді.

¹ Заһар /араб/ – у, улы зат.

Сауыттан алтын жаға тоғыз берді,
 Құнымен бір-бір қыздың қатар еді.
 Бүктелген бір-ақ уыс семсер берді,
 Деміне шақырымнан тартар еді.
 Заманынан Әмір Темір бері қарай
 Бұрышында қазынаның жатыр еді.
 Он кілем, бір қап күміс тағы берді,
 Қатарынан бес жүз адам жатар еді.
 Біреуін өзге жерге апарғанда
 Пәлен алтын, тілләдан сатар еді.
 Жететін жеті пұтқа зерлендірді,
 Баяндап қайсыбірін айталы енді.
 Хан Тұрсын қазынаға сондай толық,
 Лақап қылса Қытаймен қатар еді.
 Қырғынмен неше сапар таусылады,
 Қымбат шаһар Қоқан мен Бұқар еді.
 «Адамның жанынан бөлек табылар», — деп,
 Сол күнде жердің жүзі айтар еді.
 Хан Тұрсын қазынаның аузын ашты:
 «Тарынған басын малға сатар», — деді.
 Айрылмас армансыз боп шықты жеке,
 Баяндап майдан жерді айталы енді.

Айрылмас батыр

Енді батыр қам қылды,
 Үстіні¹ еді айбынды.
 Қаһарына шыдамай
 Сауыттары айырылды.
 Жетеуінен өтер деп,
 Сегізі әлде қайтер деп,
 Тоғыз қабат жам² қылды.
 Қалың мақта ішінен
 Сырытып барып, жайдырды
 Керіктің³ қалың терісін,
 Басына қалқан қойдырды.
 «Түтеген мылтық тиер» деп,
 Көзінің алдын тор қылды.
 Кемінің бәрін толтырып,
 Тіллә дабыл төңкеріп,
 Қара арғымақ жабдықтап,
 Бөктергісін тоқ қылды.
 Шекесін тартып жібекпен,

¹ Үстіні /парсы/ — тіреу, діңгек.

² Жам — құрылған тұзақ; қақпан; қазылған ор, шұңқыр. Бұл жерде «қорғаныс қылды» деген мағынада.

³ Керік — жираф, ауыспалы мағынасында — жүйрік ат.

Жалаулы найза қолға алып,
Көрнекті үлкен төбедей,
Дарияға жүзген кемедей,
Майдан жерге кеп тұрды.
«Жеке, жеке!» — деп тұрды.
Қазақтан барды бір жігіт,
Бата алып жекеге.
Бір-ақ шаншып түсірді,
Келіп еді төтеге.
Қолындағы найзасын,
Жығылды барып көтере.
Артынан келіп ағасы,
Оның да келмей шамасы,
Бір кездей шығып көтерді,
Арқасынан найзасы.
Лақтырды халқына,
Көрінбей кетті қарасы.
Жерге түсіп мида боп¹,
Күл-күл болды денесі.
Жетеуі келіп қазақтан,
Жекеге шығып ұрысып,
Қара жерге жайласты.
Оңына келсе он шауып,
Қырынан қырық шанышты.
Аударылып, ат шауып,
Жарқыратып жон асты.
Келмеген соң еш адам,
Садақ тартқың келе ме,
Керіп-керіп құлашты.
Әрбір атқан оғынан
Он бес адам сұлатып,
Не қылса батыр жарасты,
Қазақ халқы бір састы.

Жекеге ешбір адам келмей тұрды,
Атқан оқ бірді-бірді ұрындырды.
Көздеген не ерлерді көкке ұшырып,
Мауыртта² туға жақын келіп тұрды.
Қосынға мауырттыңда араласса,
Алдынан дүркіретер жүзді, мыңды.
Қазақтан сапсыз кеп олжа алған,
Үзіп жеп, оза шауып, неше түрлі.
«Сүлеймен, не Жиёмбет бірің кел!» — деп,
Айғайлап шамалыға келіп тұрды.

¹ Мида боп — майда боп, паршаланып.

² Мауыртта — «уақытында, мерзімінде» деген мағынада.

Сүлеймен батыр

Естіген соң сарынды,
Қамданып батыр Сүлеймен,
Қабаттай шапты қалыңды,
Шаршамапты қалыбы.
Ошақтай болып ойылып
Шапқан жері айырылды.
Үй жыққандай екпіні
Жауаптасып азырақ,
Қарама-қарсы боп тұрды.
Айрылмас сонда сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
– Қош, палуан, келесің,
Сын-сипатың төресің.
Аты-жөнің баянда,
Кім деген өзің немесің?
Осал неме емессің,
Мына түрің тұрғанда
Қара тасты бөлесің.
Біріміз абиыр алармыз,
Халқың үшін келгенсің.

Сүлеймен сонда сөйледі:
– Асылым қазақ еді,
Баяндайын жайымды.
Жақсы-жаман болсам да,
Көңілімде арман қылатын
Бір адамым бар еді.
Жылаған бала жұбанып,
Қалың қазақ халқыма
Тіпті даңқы зор еді.
Жолығып өлсем арман жоқ,
Көңілімде мүлік неме еді.
Шыққанымда ауылдан,
Қорасанға қой айтып,
Әулиеге ат айтып,
Тілеп едім Құдайдан,
Көпті көрген бір ерсің,
Сол айтқаным сенбісің,
Айрылмас деген ер еді.
Айрылмас айтты атынан,
Баяндап ұрық затынан:
– Мұратыңа жетіпсің,
Дұрыс ниет халқыңнан.
Менің де шықпай жадымнан,
Тілеуші едім сыртыңнан.

Қырғынында Шибан хан
Бір сұлу жесір алыпсың.
Бір ата, бір анадан
Туып ем сол қатыннан.
Табыса алмай екі жұрт,
Бара алмай осы қаупынан.
Кектеспін сол уақыттан.
Дос пенен қас болсам да,
Бір қумақшы ем артыңнан.
Ұрыспай қайтсақ, һәм намыс,
Дос екенбіз, қас болдық,
Ер ажалы жақыннан,
Бір ажалы қатыннан.
Әйелге ажал баладан,
Ақ та күйер жаламен.
Өлтіреміз, өлерміз,
Қалды ма перзент артыңнан?

Сүлеймен айтты: «Жүйелім,
Бұл сөзіңе күйемін.
Өзі өліп, арты бар,
Сиқымбай деген бұл күнде
Он алты жасар жиенің.
Өзіңе тартса, қор болмас,
Құдайдан осы тілегім.
Келіп едік екеуміз
Екі жұрттың ары үшін.
Құда деп, құн кешпейді,
Ибәт¹ болар білемін,
Сатпайық сүйек, көп елді.
Шартнама Құран боп еді,
Өлтіріп, яки өлсек те
Бір-бірімізге ырза боп,
Қияметте көрейік.
Ізетің болса қыла бер,
Кезегіңді берейін.
Армансыз қамдан, қайыным,
Айтқан жездең мен едім».

Айғай салды: «Берік бол!» — деп,
Шатыртөбе барды да.
Алатаудың жанында,
Айғайына селк етті,
Халықта жүрек қалды ма?
Аты үркіп біреудің,

¹ Ибәт (нибат) /араб/ — қорқыныш, үрей.

Домалап түсті алдына.
 Ұрыс деген оңай ма?
 Иман айтып Құдайға,
 Оқ келеді зырқырап,
 Сүлеймен қарсы жайында.
 Қақ жүректен тиеді,
 Шыдай алмай зарпына,
 Жер кеміріп жануар,
 Боз арғымақ сиеді.
 Босатты жүйе-жүйені,
 Ері кетіп быт-шыт боп,
 Тоқымға желдік мінеді.
 Тоғыз қабат өтіп сауыттан,
 Кезегін алып атпаққа,
 Айрылмас келді жайына.
 Қайым тұрды¹ жолына,
 Толғап-толғап садағын,
 Өткірін алды қолына.
 Нысана қойып атқанда
 Тоғыз белді төңкеріп,
 Кетпеннен тоғыз өтетін.
 Бар күшімен тартқанда,
 Сәскелік жерге кететін.
 Кенеп осал болар деп,
 Жібектен күш берілген.
 Тарамыстап, пайыл қып,
 Қарағаштың қаттысын,
 Қатырып әбден желіммен.
 Жұмсамайтын бекерден,
 Керегіне келгенде,
 Төрт адам жерден көтерген.
 Ұстаға Әлім соқтырған
 Орай төбе затында.
 Мақтасы қалың қамзолға,
 Әлсіз боп оғы тірелді,
 Етіне дарып бір елі.
 Сайрамда сансыз бап,
 Әзірет Сұлтан жар болып,
 Сүйеп қалды бұл ерді.
 Сәл болғанда үш алаш²,
 Үзіп еді күдерді.

Әрқайсында дауыстап,
 Айрылмас тағы үш атты.

¹ Қайым тұрды /араб/ – түзу тұрды.

² Үш алаш – үш жүз (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз).

Ақылдан танып базында,
 Ердің қасын ұстапты.
 Сонда дағы дәс беріп¹,
 Бәріне де шыдапты.
 Сауыттар тозып жұлдыздай,
 Шіріген жерде бөздей қып,
 Шілте қылып жіберді.
 Жарыла жаздап халықтың
 Қалбыр² болған жүрегі.
 Бұрыннан даңқын біледі,
 Көрсетті қанша өнерді,
 Армансыз қылды бұл ерді.
 Тауысқанын құралдан
 Есім хан да түсінді.
 Қалмақтан артқан қазынаның
 Бәрінің теңін шештірді,
 Өткізіп көзбен келтірді.
 Алтын жаға кіреуке
 Тоғыз қабат даярлап,
 Қалдырмастан керегін,
 Еріне гауһар орнатқан,
 Жабдықтаған алтынмен,
 Тіллә дабыл төңкеріп:
 «Жаңалап ат мінгін, — деп, —
 Армансыз боп жүргін», — деп,
 Көк арғымақ төбедей,
 Алып келіп ұсынды.
 Киіп алып жаңасын,
 Ескі анжамын шешінді.
 Жарқырайды айдай боп,
 Тұрпаты келіп пішімді.
 Тартпасын қатты тартқанда,
 Көк арғымақ астында
 Уыс боп белі қысылды.
 «Армансыз бол, ерім, — деп, —
 Кезегіңді бердім», — деп,
 Айрылмас та ұсынды.

Сүлеймен шықты айғайлап,
 Мыңбайырдың төріне:
 «Кезегімді бердің бе?»
 Шыдатпай садақ сындырды
 Шіреп-шіреп көрді де,

¹ Дәс беріп /парсы/ — қол беріп.

² Қалбыр — жұқа қаңылтырдан жасалған ыдыс, ұн елейтін елеуіш. Бұл жерде «шошыған, қорыққан, үріккен» деген мағынада.

Лақтырды Есімге
Ортасынан бөлді де.
Мұны да алды жаңалап,
Енді тәуір келді ме?
Қалмақтар соққан сары жай,
Темір ханның елінде.
Садақты қолға алады,
Толғап-толғап қарады,
Түнерді жаман қабағы.
Көк арғымақ бүк түсіп,
Үзеңгіде аяғы.
Тықыршып аты барады,
Өлмесе де белі үзіліп,
Қашан оғы кеткенше,
Талмаусырап қалады.
Үй жыққандай екпіні,
Гулеп оғы барады.
Төсіндегі сауыттың
Ортасынан жарады.
Талқандап жыртып әмбесін,
Денесіне сәл дарып,
Әлсіз боп оғы қалады.
Үш мәртебе жіберді,
Бірінде батты бір елі.
Төртінші барып атқанда
Тура тимей, жантайып,
Сәл-сәл дарып етіне,
Сауыттың бәрін талқандап,
Қаңғырып кетіп барады.
Там қаралы төбе еді,
Шалқасынан аударды.
Шөгіп жатқан түйе екен,
Онан өтіп, кезігіп,
Өлтіреді жануарды.

Кезегі болды күрзінің,
Атысумен болмады.
Бір-біріне ұран сап,
Атқан оқтай зырқырап,
Тіктеп ерлер шабады.
Шанышқанда тіктесіп,
Найзалар күйреп қалады.
Қатты тасты тесетін
Бұларды не қып аяды?
Сол күні түс болғанда
Түсіре алмай бір-бірін,
Оннан, жиырма найзаны

Отын қып ерлер санады.
 Болмаған соң онымен,
 Жағасынан алады.
 Аудары алмай бір-бірін,
 Аттарға заһар салады.
 Қандар сиіп, тобышақ,
 Жата-жата қалады.
 Күрзілесіп салысты,
 Шекелесіп алысты.
 Нәубетпен¹ күрзі ұрғанда,
 Бүк түсіп аттар, тізерлеп,
 Қара жерге барысты.
 – Ертең келіп ұрысайық,
 Кеш болып тіпті қалыпты.
 Қосына барып қоныпты.
 Таң атып, күн шыққан соң,
 Қайтадан майдан жаныпты.
 – Амандасып, қоштасып,
 Арыздасып алайық,
 Ажал жақын қалыпты.

Айрылмас айтты: «Жезде, бір түс көрдім,
 Хабары Пайғамбардың дұрыс дедім.
 Бұрын да, неше сапар аян берген,
 Айнымай келіп жүрген мініскерім.
 Иншалла, екеуміз де шейіт болдық,
 Сіз бен біз, айтуынша, пейіштеміз.
 Есім хан біздің жұртты жеңеді анық,
 Аяғы бір жайлы боп бұл істердің.
 Серт бойы қатағаннан тұқым қоймас,
 Мен сізге дайындаймын бір іс деймін.
 Қатыным қаңлы қызы жүкті еді,
 Көрмедім, арманым сол, туыс жерін.
 Осыдан бір ұл бала туса керек,
 Шалынып құлағына періштенің.
 Нәсілі қатағанның содан қалар,
 Ақырын Құдай білер әр істердің.
 Ақыры шанышқылы болып тарар,
 Ақиқат түсіндірді мәніс жерін.
 Бұған да «Айрылмас» боп ұран қалар,
 Арасы бөлінгенде әр істердің,
 Болмаса, күшім емес біліс менің.
 Барғын да Есім ханға құпиялап
 Сүйінші сездірместен сұрап келгін.

¹ Нәубет/араб/ – кезек, рет.

Баламды, өз балаңды дайындағын,
 Қатынның тарылтпасын мукаммалын¹.
 Ұлыңды ұлымменен табыстырып,
 Шығарсын өкпе-кінә жалындарын.
 Сыртымнан иә ырза боп, лағынет айтар,
 Көргенде, сонда сенер зайыр² бәрін.
 Сәскеде мені, ортақ, өлтірерсің,
 Жазуы құдіреттің, қайғырмағын.
 Болған соң мені өлтіріп, сені өлтірер,
 Бір мерген біздің елде тамырларың.
 Сіз мені өлтірсең де дос тұтыңдым,
 Туынан Асан, Үсен тауып алғын.
 Есім хан сансыз бапқа қойсын мені,
 Ұрпағы, жұрнағы еді Шаһариардың³.
 Есекең осыларды жайғастырса,
 Саған да, ханыңа да ырзамын.
 Жетеді енді халқың мақсатына,
 Зар жылап, басып жүрген азуларын.
 Хан Тұрсын емес, бәрін Құдай қылған,
 Пендесі екі қылмас жазуларын.
 «Тағамының әнжамы»⁴ деп Құран оқыр,
 Бәрін де әнжамыңның дайындағын.
 Патшаның сіз бен бізге әмірі уәжіп,
 Айтқанын мойнымызда қалдырмайын.
 Болмаса екеумізге ұрысар жөн жоқ,
 Түсініп, бұрыннан соң қайылдандым⁵.
 Жиғаннан мұсылманға иман артық,
 Лә иләһа иллаллаһ, мұсылманмын».

Сыр берместен пендеге
 Арыздасты екеуі.
 Аманаттай болды да
 Дүниенің қаупі кетеді.
 Жылыстап барып Сүлеймен
 Қосынына жетеді.
 «Сездірме», — деп, білдіріп,
 Оңашалап төндіріп,
 Баяндады кептерді.
 Көп өтініш етеді.
 Манзұр⁶ көріп тамамын,

¹ Мұкаммал /араб/ — дүние, мүлік.

² Зайыр — анық, ашық.

³ Шаһариар — [/парсы/ — төрт, яр /түркі/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады.

⁴ Тағамының әнжамы/парсы/ — «дәм-тұзының біткені» деген мағынада.

⁵ Қайылдандым — мойындадым, көндім.

⁶ Манзұр /араб/ — айқын.

Кейінгі жақта боларын,
Есім хан шарт етеді:
— Аруағыңды сыйлармын,
Мал түгіл, басым қиярмын,
Құдайдан ерлер, күт, — деді,
Көп уәде береді.
Кідірмей қайта жөнеді,
Айрылмасқа келеді.
Кәдімгі дұшпан қалыпта
Аянбай ұрыс береді.
Қабатын жазып семсердің,
Сүлеймен келіп төнеді.
Мойнынан бір шапты,
«Лә иләһа», — деп еді,
Басы жерге домалап,
Атынан жерге құлапты.
Қайғы-қамнан тиыш тапты,
Айрылмастай батырың
Ақырет сапар жөнеді.
Хан Тұрсын жыртып жағасын,
Халқы шулап жылапты.
Әнжамын бүткіл жинап ап,
Семсерін бүктеп, тығып ап,
Жетелеп барды қосынға
Ер Сүлеймен қара атты.
Қатағандай елінің
Айбындысы жайланды,
Қырсығына айналды.
— Сүлейменнің келдесін
Алып келген адамға
Беремін, — деп, — көп дүние, —
Жар шақырып хан Тұрсын,
Оң мен солға айналды.
Қылып жатыр болжалды,
Онымен де болмады.
— Төмен қып тұр жүзімді,
Қайғы басты өзімді.
Бір шаһарды сұрапты,
Беремін, — деп, — күмәнсіз,
Нұрбике деген қызымды.
Білінді жұртқа дерегі,
Күш-қуаты кем еді.
Дүниенің бар керегі,
Аты шыққан ұранға,
Бір туылған шағында,
Белгілі халыққа нәмдері
Бар еді Танау мергені.

Танау мерген

Мынандай еді түрлері:
 Аққуды атып аспаннан
 Аң құтылмай қашқаннан,
 Сары жай жонып, тартқанда,
 Өткерген қара тастардан.
 Қуып атып киікті,
 Түтінге түтін қосқаннан,
 Үш атқанша, бір атып,
 Болғанша қимыл, құлатып,
 Аспаннан ұшқан тырнаны
 Жол жағалай шұбатып.
 Қырына алса қырық атып,
 Қып жүрген ісі ілгері,
 Қатаған төнті елдері.
 Айнытпай барып тигізген
 Ұстап тұрса бір адам,
 Шақырым жерде теңгені,
 Көз жұмғанша демде еді.
 Жұбатпаса көңілін,
 Хан Тұрсын өзір дендеді.
 Қол қусырып алдына
 Изетпенен келді енді.
 Шыға келді тосыннан:
 – Міңдеткермін осыған,
 Қызыңды барып алармын,
 Басқа олжанды бер, — деді. —
 Нақты қылып алмасам,
 Жарамайды екен далбасаң.
 Тәуекел ханмен ұрысқанда
 Алдап едің ілгері.
 Шығарып едің есіңнен,
 Оқ тигізіп төсінен
 Себеп боп менен өлген-ді.
 Бергін де көрсет, жата бер,
 Сәскелік болсын жердегі.

 Жадына түсіп ілгергі,
 Ұялып ханың терледі.
 Несін мақтап айтайын,
 Қысқа сөзбен тартайын.
 Тауыспайды тергенмен,
 Кем емес еді бергеннен,
 Айрылмасқа ілгергі.
 Бұйырар болса өзіне
 Мергенің де зерленді.

Сүлейменнің шамасы,
 Екеуінің арасы
 Жеті шақырым жерде еді.
 — Зер шынас¹ болсаң байқағын,
 Қай жерін пайлап атайын?
 — Жақынырақ кел, — деді, —
 Өз көзіңмен көр, — деді. —
 Көкірегінде сауыттың,
 Теңгедей ашық жер, — деді.

Толғап-толғап садағын,
 Шіреп, тартып жіберді.
 Екпіні тұрған самалдай,
 Зырлап оғы жөнелді.
 Көкірегiнен қақ жарып,
 Сауыттарын дал-дал ғып,
 Қаңғырып оғы жөнелді.
 Бірнешеуді сұлатты,
 Жерді қауып құлатты.
 Қосынға тура кеп еді,
 Жерге батып жарым кез
 Жантайып барып тірелді,
 Үркітті тағы көп елді.

«Алла» деп аттан құлады,
 Жалғаннан ісі тынады.
 Үш түрегеп, жығылып,
 Ашуына тығылып,
 Саламат қылсын иманды,
 Жан тәсілім қылады.
 Хандардан шынар құлады,
 Не болар екен бұяғы²...

Таң қалды екі қосын мергенге енді,
 Тәсін қып көрмеген де, көрген де енді.
 Мысалы, қардай борап, тұттай төгіп,
 Мылтықтың дүркін-дүркін оғы келді.
 Опырып оңынан оң, солынан қырық,
 Ажалы жайлап жатыр келгендерді.
 Түгiнiн тұмандай қып шұбатып тұр,
 Танауың рас терлеп, төнгенде енді.
 Айдады оңын оңға, солын солға,
 Боятты қызыл қанға қара жерді.

¹ Зер шынас (зар шынаст) /парсы/ — алтын танушы адам.

² Бұяғы /диалек./ — бұл жағы.

Қарғадай құстан қашқан, үркітіп тұр,
 Әркімге әртүрлі бақ берген енді.
 – Мал түгіл, тәжі-тақтым әдия, – деп,
 Хан Тұрсын тарына ма бергенге енді. —
 Оғыңды жалпылама қор қылмастан,
 Әр жерді туралап ат, көргендерді.
 Арманда Есім хан да болып жатыр,
 Жақсығұл сол күндері ауру еді.
 Баласы Сүлейменнің ер Сиқымбай,
 Атамды көрейін деп іздеп келді.
 «Жарым күн бұрын келсем, көрер ем», — деп,
 Зарланып арманда боп, жылай берді.

Ер Сиқымбай

– Дүниеден өттің, ата-еке,
 Ғазатпен қылыш жастанып,
 Іс қылмадың жасқанып.
 Ақыл-есім жарым боп,
 Жапа шектім жас қалып.
 Ағы, көгің мен едім,
 Бір күн бұрын келмедім,
 Жастық қойып басыңа,
 Қолымнан су бермедім.
 Бір шешіліп сөйлесіп,
 Өз көзіммен көрмедім.
 Ұлым, қызым дедің де,
 Нелер күнді көрмедің.
 Әл бөпем деп, өсіріп,
 Қызығымды көрмедің.
 «Орнында бар оңалар,
 Артымда қал», — деп едің.

Есім хан айтты: «Балажан,
 Жылай берме зарланып.
 Мен сияқты сен болдың,
 Атадан сен де соң қалып.
 Біреуге ата болармыз
 Қатын алып, мадданып.
 Өлгенмен арты ілеспес
 Жайбағыстап жамдалып¹.
 Атаға ұқсап туған ұл
 Ісін тұтар арланып.
 Өлгеннің даңқын асырар,
 Дабысын жайып намдар қып.

¹ Жайбағыстап жамдалып — ақырындап жинап, орнына келтіріп.

Ішінде болсын ендігі іс,
Сырыңды алар көп дұшпан,
Дабыр қылып сырды жаймалық,
Мына жаумен ойналық...»

Есім хан көп насихат сөзін берді:
— Бір Құдай аман қылсын өзіңді енді.
Тапсырған мал-мүліктің берді бәрін,
Аруақ сыйлап, Сүлеймен сөзін енді.
Шамада әр нәрсеге талабы бар,
Бұл бала осал емес, көзі көрді:
— Бір мерген харап¹ қылып тұр халықты,
Парласам қайтер еді өзіңді енді?
Ақжолтай боп, қадамың маған жақса,
Қылар ем бір уәзір өзіңді енді.
Сиқымбай айтты: «Тақсыр, жүйелі сөз,
Он тақсым палуандық өзі, — деді, —
Түнінде бір әдиса² іс қылайын,
Келмейді күндіз ебі, көзім көрді».
— Жолың боп, есен барып, сау қайтқын, — деп,
Барша жұрт қойдай шулап бата берді.
Күн батып, құтпан уақыты болғаннан соң,
Сиқымбай топтан шығып жүре берді.

Майдан тарқап кеш болды,
Қарауыл қойды кешке енді.
Аярлық киіп киімін³,
Сиқымбай сөзін ескерді.
Мысықтай боп кеп өтті,
Секіріп барып, топ етті.
Құмырсқадай жорғалап,
Төрт аяқтап сырғанап,
Білдірместен қарасын,
Әскердің жарып арасын,
«Үлкен тудың қасы, — деп, —
Хан Тұрсын орны осы», — деп,
Шамалап мұны көздепті.
Діттеген⁴ жерге кеп жетті.
Әрқайсысын іздеумен,
Біраз уақыт боп кетті.

¹ Харап /араб/ — қирау, быт-шыт болу; қиратушы.

² Әдиса /араб/ — таңғажайып оқиға.

³ Аярлық киіп киімін (аяр /араб/ — қу, айлакер; ержүрек) — мәтінде «жасырын қимылдауға ыңғайлы киім не өзін танытпау үшін қарсы жағының киімін кию» мағынасында.

⁴ Діттеген — межелеген, көздеген.

Издеп жүріп Танауды
Хан Тұрсынға кез болды.
Дәрі сүйкеп мұрнына,
Тонап алды тамамын,
Қымбат баға жарарын,
Тәжі, сауыт-сайман, әнжамын.
Сақал-мұртын күзеп ап...
Шұбар-шұбар ала қып,
Бояу жақты етіне.
Қағаз жазды басына:
«Келемін ертең қасыңа!
Сүлеймен ұлы Сиқымбай
Осындай қылып кетті де.
Еншіңді беріп, даярлап,
Жетемін ертең аяңдап.
Енді қыраж¹ жөндеп қой,
Болмаса, үлкен болар той.
Айтқанымды қылмасаң,
Өрекісіп, егер шындасаң,
Әйелің, еркек белгісіз...».
Осындай қылып жасқады,
Түзетіп кетті патшаны.
Жиған-терген мүлігін,
Бір жыраға тықты да,
Қосынға жақын тастады.
Шығып барып далаға
Қайтып келді және де.
Адамы бөлек бастығы,
Танау мерген нұсқауы,
Мұны да тауып ұстады.
Дәрілеп, мұрнын көтерді,
Көп қосыннан өтеді.
Салбырап кетіп барады
Шуы түскен қойдай боп,
Сүйретіліп бас жағы.
Кідірместен алып кеп:
«Тартуым, — деп, — Есім хан», —
Теуіп-теуіп басына,
Лақтырып тастады.
Түн ішінде оянып,
Тамам адам қуанып,
Даярлап дарды, құрдырып,
Түн ішінде тындырып,
Халық көзіне көрсетіп,
Таңертең дарға асқалы,

¹ Қыраж — алым-салық.

Жайластырып болды да,
Құрсандықпен¹ ұйықтады.

Лезде жазғы таң атты,
Памдаттың² болды уағы.
Екі әскер, екі жақ,
Жай-жайына тұрады,
Дабыл, сырнай даусымен
Керең болды құлағы.
Төтелеп құстар ұша алмай,
Іннен безіп хайуандар,
Қашыңқырап тұрады.
Сарыны алып әлемді,
Күннен-күнге күшейіп,
Қиын болды ұрыс сияғы.
Жел көтеріп тозаңды,
Екпінімен шаң тынады.

Хан Тұрсыннан азырақ
Айтайыншы хабарды.
Сәскеге жақын оянды,
Тұра салып ұялды.
Жауап қатпай пендеге,
Төмен қарап тұрады,
Қарамақ түгіл, бұғады.
Екі көзден бөлегін,
Тасалап жауып, паналап,
Қарай алмай, сығалап,
Бет-аузын шарып орап ап,
Жас ағып көзінен,
Аурумын деп шығарды.
Киімдерін кидіріп,
Бір уәзірін шығарды.
Не әмір айтса сыбырлап,
Ишарат ыммен қылады.
Керең болды құлағы,
Бас жағынан хат тауып,
Жылай берді есі ауып.
Мәнісіне түсініп,
Өсік көңілі кішіріп:
— Есіл ғана мергенім,
Асқар тауым, інім, — деп, —
Түбіне жетті жүгермек.
Иә өліп, бүгін қырыл, — деп, —

¹ Құрсандықпен (хұрсанд) — ризалық сезіммен, қуанышты, шат-шадыман.

² Памдат (Бамдат) /парсы/ — таңғы уақыт; таң намазы.

Әлемет¹ баста бүгін, — деп, —
 Құмырсқадай өрмелеп,
 Қардай жауып төтеле,
 Шықпай-ақ қой жекеге.
 Құшақтасып өле бер,
 Біреуге күшің жете ме?
 Өзі азғантай қазақты
 Қырып тастап, төтелеп,
 Біріне оның боласың,
 Жүзің бірін сабайсың.
 Үркердей боп халқы тұр,
 Көптіктен болса, боласың.
 Оның халқы көшпелі,
 Сен — қыстақтың баласы.
 Хайуан қатар даладан
 Не қылып кейін қаласың?
 Бұрынғыдан жаман қып
 Шулатайық баласын.
 Қайтпай, қашпай ұрысып,
 Тұқымдарын тауысып,
 Өшірелік қарасын.
 Өршісең жауды аласың,
 Өршеленсең, боласың.
 Малы-жаны, жесірі
 Бұрынғыдан бетер боп,
 Үйме-үйге тарасын.
 Көтере бермей табасың,
 Хан Тұрсынның тұсында
 Жеті ата, жеті пұстыңа²
 Теп-тегіс бай боласың.
 Егер мұны қылмасаң,
 Құдды осындай³ боласың.
 Күннен-күнге сұйылып,
 Жасып кетіп барасың.
 Біреуіңді жіберсем,
 Жүректерің жоқ па еді,
 Жау, санаса, көп пе еді?
 Аяқтарың талтайып,
 Ауыздарың аңқайып,
 Аралдағы томардай,
 Қапқа тыққан сабандай,
 Өліп-өліп қаласың.
 Боққа ұйлыққан қарғадай,

¹ Әлемет /диалек./ — әуре, әбігер, әуре-сарсаң.

² Пұстың, пұстын /парсы/ — тері, қабат. Мәтінде «жеті ұрпағыңа дейін» мағынасында.

³ Құдды осындай — дәл осындай.

Жел ұшырған тозаңдай
 Ада болып барасың,
 Әкем берген малымды ал,
 Қазынада барымды ал!
 Азсынсаң оны тағы да ал,
 Тағы түгіл тағымды ал!
 Сүлейменнің баласын,
 Көңілімде арман қалмасын,
 Сонау тұрған көрдің бе?
 Иә өлі емес, тірі емес,
 Дардың болжа ағашын,
 Танау мерген қарасын.
 Жаңбырдай жауып барыңдар,
 Ажыратып алыңдар
 Келтірместен шамасын.

Осындай деп сөйледі,
 Майданның жеке өрнегі,
 Үстін-үстін түйіліп,
 Дауылдың даусы кернеді.
 Ар жағына бір шауып
 Ат тұяғы тас қауып,
 «Сиқымбайлап» ұран сап,
 Нағыра¹ тартып жіберді.
 Иман айтып әрқилы
 Үйінен үзіп күдерді.
 Хайуандар безіп інінен,
 Адасып бір-бірінен,
 Тау мен тастар күңіренді.

— Хан Тұрсын, Хан Тұрсын!
 Хан Тұрсын, сені ант ұрсын!
 Білді ме ешкім мәнісін?
 Сүйегіне дарысын.
 Тақсым-тақсым қылып ем,
 Салған тамға² қабыл боп,
 Үстіне жаққан дәрісін,
 Ерлердің жібер асқанын.
 Түрі бар Рүстем дастанның,
 Қолы қатты қандысын,
 Қоймай айда жандысын.
 Шошынсаң, ерлер, жекеден,
 Тобыма кел төтеден.

¹ Нағыра /парсы/ — барабан тәрізді музыка аспабы; дауыс, айғай.

² Тамға — таңба.

Он екі алуан ойнады,
 Жалғыз аяқ, жалғыз қол,
 Үстінде қаз тұрады,
 Кейде жатып қалады.
 Бұл жағынан айналып,
 Бұл жағынан шығады.
 Түсіп қалып жалп етіп,
 Қарғып шыға қалады,
 Айнымай кетіп барады.
 Шақпақ бөркі басында,
 Торы арғымақ астында,
 Түтінге шауып көлденең,
 Сондай-ақ туар пендеден.
 Қуса, жетіп қашқанды
 Қуса, теңдік бермеген,
 Кіріптар болып көрмеген.
 Әзіреті Жүсіптей,
 Мысалы, рең, сияғы.
 Кисе, киім жарасқан,
 Жаңа ашылған қызыл гүл,
 Тартқандай жарық қараңғы.
 Барған сайын өрлейді:
 «Қайратымды көр! — дейді, —
 Сүлеймен ұлы Сиқымбай, —
 Танысаң, міне, мен!» — дейді.
 Ыза болып хан Тұрсын,
 Қамшы алып қолына,
 Оң мен солға сермейді.
 Біреу тұрды орнынан
 Рұқсат алып жүргелі,
 Қоқаннан келген тәжіктен.
 Алтынменен малынған,
 Ат пенен тон торлады,
 Көрмеген мұндай ілгері.
 Қолдан соққан моладай,
 Келген екен қарамы¹:
 — Тұз-наныңды көп жеген,
 Қасыңыздан дәндеген,
 Жолдасың қалды жарамай,
 Тәуекел деп баралы.

 Бөктергісін тоқ қылып,
 Тіллә қылыш² өңгерді.

¹ Қарамы — түр-әлпеті, дене бітімі.

² Тіллә қылыш — алтын қылыш.

Түсінгелі болмай тұр,
Майданның жайын білмеді.
Бұл да жүрді ілгері,
Екеуі қарсы кез келді.
Жауаптасып, қатысты,
Түсінікті болмай тұр,
Бір-біріне тілдері.
Аттарын сабап бауырға
Бір-біріне тездеді.
Даяр ма еді кездері,
Шаншар жерін көздеді.
Қорқатын болса өлімнен
Майданды неге іздеді?

Қолтыққа таяп найзасын,
Қолдарына алады.
Құстай ұшып барады,
Қарсы найза салады.
Қағып тастап Сиқымбай
Қолындағы найзасын:
«Дәл жүректің басы, — деп, —
Жанды жерің осы», — деп,
Толғап-толғап салады.
Жарым кез шығып арқадан,
Жантайып барып шалқадан,
Айналдырып көтеріп,
Көкке қарап ырғытты,
Жерге түсті шамалы.
Ілінбестен олжаға
Аты қашып барады.
Ендігі іс не болсын?
Мұнымен де болмады...

Сиқымбай ұран салды оң мен солға,
Жекеден тайлығыпты барша жан да.
«Қорықсаң, енді өзім барайын», — деп,
Найза ұрып, қылыш шапты кез болғанға.
Мысалы, көктен жауып, жерден еніп,
Қозғалды толқындай боп қатаған да.
«Жас бала жау бетінде жалғыз-ау», — деп,
Тықыршып Есекең де жата алмады.
Ұран да «Алаш» деген көкке шықты,
Қайбірін санай бердік атағанға?
«Аллалап» екі әскер араласты,
Қорқыныш керек екен бас аманда.
Адамның қаны кетті судай тасып,

Нөсер боп шаң-топырақ тасалаңда¹.
 Бидайдың бауындай боп қалды өлік,
 Үйіліп төбе-төбе қыр мен сайда.
 Жиёмбет, ер Алатау, ер Сикымбай,
 Айдап жүр оңын оңға, солын солға.
 Ет қызып, дүбіріне шыдай алмай,
 Хан Тұрсын бұл да шапты, Есім хан да,
 Дүние қараңғылық шаңдарына,
 Қарасаң, қарлы боран аңғарына.
 Кезіккен, кездескенді шауып жатыр,
 Бытырап әрқайсысы алды-алдына.
 Айырылды ұл атадан, іні ағадан,
 Атасы парық қылмай балаларына.
 Белгісіз кімнің бары, кімнің жоғы,
 Есен ер есептелер қалғанында.
 Жол тауып атылған доп² жүре алмайды,
 Тоғыстың қандар толып сайларына.
 Не қырғын, неше ойран болып өткен,
 Шымкенттің Бадам менен сайларында.
 Ұдайы үш күн, үш түн ұрыс болып,
 Қол қойды төртінші күнге айналуға.
 Есекең ыңғайланып түсті жолға,
 Семсерін испаһанлы алды қолға.
 Жиырма, жиырма бес басын алып,
 Нөсердей қан ағызып әр ұрғанда.
 Шуылдап жүрген жері қойдай үрікті,
 Жаратқан Құдай артық басқадан да.
 Су тұлпар атқан оқтай зырқырайды,
 Жануар рас қызып тасқағанда.
 Аузына сақал-мұртын бұрап тістеп,
 Хан Тұрсын ларза³ түсіп патшаға да.
 Ат басып не ерлердің жүрегінен,
 Торы шолақ толып жатыр ақсаған да.
 Мысалы, сондай болып қалды өлік,
 Пал қылып, бидай орып тастағанда.
 Қараңғы жердің жүзі шаң мен тұман
 Ұқсайды күндізгі күн кеш болғанға.
 Әзірге бұл ұрыстан көз жетпей тұр,
 Тоғыстың сай-шұқыры бос қаларға.

Бытырап алды-артына кетті әркім,
 Білінбей ұдайы ұрсып күн менен түн.
 Қадірі аманшылық, сау күнінде,

¹ Тасалаңда — тар жерде, қысылтаянда.

² Доп (топ) /парсы/ — ерте кезде соғыста пайдаланған зеңбірек түрі.

³ Ларза /парсы/ — тербеліс, зілзала.

Бағасы бір-ақ бақыр¹ өлігіңнің,
Тас күйіп, тау жаңғырып дауысына,
Адасып хайуандар таппады інін.
Қақ жарып қалың топты, тасқа батып,
Жақсығұл атқан оғы батырыңның,
Сабынан қабатталған түйреп өтіп,
Шығып тұр ол шетіне саптарының.
Оғы бар пиаладай мылтығының,
Жарығы жасылдай боп атқанының.
Қоңыраттың Алатауы оннан шаншып,
Домалап басы жерге жатқанының.
Он беске оза шауып өрлейді ерлер,
Бәрі қап ұят-аят, жасқанудың.
Сиқымбай жұлдыздай боп қырғында жүр,
Тау менен бәрін кезіп шатқалының.
Семсерін екі жақтап, керіп шауып,
Дағы қап-қара тасқа батқанының.
Жиёмбет жолбарыстай нағыра тартып,
Ойлайды: «Бір жетсем, — деп, — тудың түбін».
Сауытын топтан шығып сілкінгенде
Бұршақтай оғы төгіліп көздерінің.
Қашырып қатағандар қайтарып тұр.
Бәрі де барып-қайтып екпіндінің.
Ұдайы алты күн-түн қырғын болды,
Болғанда, ұрық қалмас², бір апта, он күн.

Есім хан айтты: «Жануар,
Судан шыққан неме едің,
«Су тұлпар» деген сен едің.
Атқан оқпен жарысқан,
Жұлдыздай сені дер едім.
Көденең ұшқан құстардың,
Көденең ұшқан үйректің,
Қанатын басып жөнөдің.
Ерге лайық ат туар,
Маған серік сен едің.
Жалықтың ба, жолдасым,
Шабандау сені көремін,
Осы бүгін керегің.
Хан Тұрсынға бір жеткіз,
Иә өлтіріп, иә өлейін.
Сеніменен бір қылыш,
Бір-ақ сақа керегің.
Мирас едім бабамнан,

¹ Бақыр — мәтінде «ақша» деген мағынада.

² Ұрық қалмас — тұқым қалмас.

Дабылға тiллә салғаннан.
 Қызырдай боп дарып ең,
 Үшеуiңдi алғаннан.
 Қалып едiң басында
 Ықпалы жүрген әлемге.
 Алты ықылымды сұраған,
 Әмiр Темiр нәмiнен,
 Жылаған бала жұбанған.
 Бүктесем сиып уысқа,
 Қандасам түсiп қатысқа,
 Тағыммен тiллә тең едiң.
 Опаңды көрсет, жануар,
 Сенi мен менiң мерейiм.
 Хан Тұрсынға барайын,
 Қарсыласып қарайын».

Осындай деп Есекең,
 Iлгерiлеп айдады.
 Атқан оқтай самғады,
 Шапқан жерi ойылып,
 Будақ-будақ шаң қалды.
 Жерошақ құрлы көрмедi
 Алдындағы аңғарды.
 Оң мен солға айналды.
 Керiп тартып қылышты,
 Оңынан келсе, оң шапты,
 Қырына келсе, қырық шауып,
 Алдындағы аман қалмады.
 Аждаһадай¹ демiне,
 Келедi тартып әмбенi,
 Шенiне пенде бармады,
 Ойнаса бұрын, шындады.
 Осындай ерлер көп едi,
 Баршаны ажал ұрлады,
 Тұтқа болып тұрмады.

Бiр жерлерге келгенде,
 Қирата шауып көп елдi,
 Қылышынан қан тамған,
 Тұла бойы қызыл қан,
 Алдынан үркiп мың мен сан,
 Оза шауып қиратқан,
 Тәж киiп, жiбек шырмалтқан,
 Саптарын бұзып ұзақтан,
 Сансызды қырып қазақтан,

¹ Аждаһа – айдаһар.

Әнжамы сай өтімді,
 Көне бура секілді,
 Хан Тұрсынға кез келді.
 Ол да мұны іздеген.
 Арада қанша сөз болды:
 – Келдің бе жеке кезіме,
 Құмар едім өзіңе.
 Жолыға кеттің көзіме.
 Неше сапар алдандым,
 Сенімсіз сеніп сөзіңе.
 Себеп боп халықты жамсаттың,
 Құдайыма мың шүкір,
 Көрсетті ме көзіме!
 Сонда да әуел сыйладым,
 Армансыз болып қамданғын,
 Кезек бердім өзіңе.

Хан Тұрсын айтты: «Қарағым,
 Артық еді талабың.
 Кірді ме сайтан ойыма,
 Бұзықтар бұзып қойды ма?
 Өткен іс келмес орнына,
 Құдайдан шығар әр жұмыс.
 Пәтті бәби – себеп ән¹,
 Жазулы Құран бойында.
 Күтініп, жина күшіңді,
 Қол қойдым ауыр ойынға».

Осындай деп семсермен,
 Есім ханды үш шапты.
 Қалқанын бөліп әуелгі,
 Жаңалап бәрін ұстапты.
 Екіншіде сауыттар
 Шіріген бөздей қирапты,
 Тілген жерін уатты.
 Үшінші зақым ұрғанда,
 Өтіп барып тоғыздан
 Қабатын қырып киімнің,
 Екі елі дарып етіне,
 Ары бармай тоқтапты.
 Есекең де қамданды
 Бітірген соң нәубетті.
 Бұған да кезек үш келді,
 Бір-біріне тұс болды.
 Анжамдарын талқандап,

¹ Пәтті бәби себеп ән (фаатбаға сабәбән) – Ол да бір шара қолданды. Каһаф сүресі, 84-аяты.

Сүйектерін кеспеді,
 Сол сипат семсер өтпеді.
 Қапаланып, сұс болды,
 Өкініп бармақ тістеді.
 Қылыштасып болмады,
 Найзаласып қалады.
 Түйреп өгіп сауыттан,
 Тәніне тоқтай қалады.
 Әр істің бар себебі,
 Уақытымен болады.
 Ада қылды екеуі
 Он бестен отыз найзаны.
 Қылмаған соң бұлар кәр¹,
 Аударыспақ ойнады.
 Ұстасып бір-бір қолынан,
 Бір қолдар аттың жалынан.
 Майысып аттар бауырлап,
 Неше уақыт өтті сонымен.
 Шалығып қанша, шаршады,
 Жүректері айнып қабынан.
 Бірнеше уақ боп кетті,
 Күрзінің келді нәубеті.
 Бұрынғы анжам тасталды,
 Күрзімен ойын басталды.
 Хан Тұрсынның бар еді,
 Бірнеше пұт салмағы
 Болаттан соққан шоқпары,
 Өткерген қанша патшаны...
 Түнеріп Есім қабағын,
 Үзеңгіге тіреп аяғын,
 Қабаттап қалқан ұстады.
 Үш мәртебе айғайлап,
 «Берік бол!» — деп тастады.
 Жерге жетіп сәскелік,
 Жаңғырықты жердің тастары.
 Қалқандары дал-дал боп
 Шоқ болып жерге тасталды.
 Тізе бүгіп су тұлпар,
 Дүр сілкініп, жасқанды.
 Ақылы айнып Есімнің,
 Тізгіні аттың бос қалды...
 «Кезегіңді сен де ал», — деп,
 Ұсынып басын нұсқады.
 Есім хан жиды қуатын,
 Шіреніп қармап қолына.

¹ Кәр — қаһар, ашу-ыза, ызбар; қиыншылық, таршылық.

«Жәдігер¹ менен болсын, — деп,
Беріп еді Борай хан, —
Салмақты күрзі ауыр, — деп, —
Зарпынан өлген көп ел, — деп, —
Бірнеше пұт салмағы».
Бір атқа өзін арттырып,
Ап жүрушы еді шідерлеп.
Толғап-толғап алады,
Айнала шауып майданда,
Анадай жерге барады.
Гулеп барып бір салды.
Құлақтары шыңлады.
Күркіреген күндей боп,
Тау менен тас жаңғырып,
Бездірді іннен хайуанды.
Хан Тұрсынның есі ауып,
Шаңнан тұман орнады.
Белі үзіліп атының,
Қисая барып құлады.
Есін жиып бір уақта
Хан Тұрсын тұрды орнынан,
Жамбасын сүйеп қолымен.
Тағы бір атты жеткеріп,
Мінгізді біреу тобынан.
Туына қайта қыңырықтап
Қайтайын деді жолымен,
Қашудың ұят-арымен.
Сөйтіп ерлер тұрғанда,
Қалың оқ жауған жаңбырдан
Бір оқ келіп тиеді
Есім ханның қолына.
Саусақ жақтан жарып кеп,
Тоқтады тұйық тұғылдан.
Қосыннан шықты бөлініп,
Зақымет ауру мұңымен:
«Бар ма, — депті, — талапты ер,
Тіліп, ыстар оғымды?»
Әмбеге бір-бір көрінді,
Алуға болмай шамасы,
Шайқады басын әмбесі.
Ешкімнің табы болмапты.
Тістеніп тұрып тістерін,
Қолына алды пышақты,
Қабағын шытса, ұят-ты.

¹ Жәдігер /парсы/ — жақсының көзі, тұяғы; айтулы, тарихи жайға арналған архитектуралық кескіндеме ескерткіш.

Жарып келіп тұғылдан
 Ысытып алып тастады.
 Біразырақ қан ақты.
 Ақ дәрісін жақты да,
 Шүберекпен байлапты,
 Елеместен зақымын.
 Елеуреп тағы батырың,
 Тартпасын тартып атының
 Майданға қарап ат шапты.
 Талқандап бұзып сап-сапты,
 Аңғарады жау жақты.
 «Келтірме, — деп, — жақынға», —
 Жүгіріп жаяу, атты да,
 Қатағандар шулапты.
 Аңғарлы салып құлақты,
 Қарсы келсе жамғарып,
 Жетер жерін ойланып,
 Лақтырып өлігін,
 Алдын ашып атының,
 Жиёмбеттей батырың.
 Пәйтін¹ түсіп барудың,
 Тіпті жақын шамалы,
 Есік пен төрдей араны.
 «Алла» болып ұраны,
 Ту ұстаған Қораны,
 Испаһани қылышпен
 Төбесінен бір шапты.
 Бар күшімен нұсқапты,
 Қақ жарып барып, тас қапты.
 Екі жаққа керіліп,
 Атымен теңдей бөлініп,
 Қора батыр құлапты.
 Қара жерді қабады,
 Қисайып туы барады.
 Тасмас деген біреуі,
 Түсірмей ұстап алады.
 Нәсілі тәжік ел еді,
 Өзі қопал неме еді.
 Бұрыла алмай артына,
 Екпінімен тұлпардың,
 Ағып өтіп барады.
 Оңай емес, өршіл жұрт,
 Қатағандар қамады.
 Қолынан түсіп бәрінің
 Асығыста жарағы,

¹ Пәйт /парсы/ — аяқ, табан; негіз, тірек.

Тас кесекпен сыбады,
Кез келгенмен ұрады.
Қорыққандай от басып,
Айнала шауып құрлады.
Айналып кетті қырынға,
Туына қайта ұруға.
Әр тарапқа сүріліп,
Кезіккен жауға ұрынып,
Қашықтатты араны.
Басым көріп ерлерін,
Туынан өтіп желгенін,
Қораны екі бөлгенін
Болжаған соң ер Есім
Көңілі өсіп, айғайлап,
Айтқан мынау ұраны.

Хан шақыруы:

— Қымыз ішіп, сырбаз жеп,
Қанды қызыл алашым!
Айран ішіп ағарған,
Қарыны кең алашым!
Сүйегі тың май жілік,
Миы толық алашым!
Қатаған, сарт, тәжікті
Аямай шаншы, алашым!
Кең далада кең өскен,
Ысырап қып көп ішкен,
Малға сайлы алашым!
Өзіндей қылып жылатқын
Қатағанның баласын!
Абиыр берсе осыдан,
Үш алаштың баласы,
Ер басына ілесіп,
Қос-қос жетім аласың,
Шылауды қызыр ұстаса,
Абиыр беріп, бақ қонса.
Бағың тайып басыңнан,
Досың кетіп қасыңнан
Туың құлап, Хан Тұрсын,
Алтын жығаң қисайса,
Ұлы жүз, Орта, Кіші жүз,
Қалауынша қыларсың,
Қос-қос жесір аларсың,
Ұлы жүздің ағасы,
Елтірі тонның жағасы,
Әлібек би қыласың.

Құдайберді баласы,
Қамыстан көп жанысым,
Өрнекті жұрт табысың.
Жақсығұл қайда мергенім,
Көрнекті қайрат көргенім,
Жыға шанышқын, ерлерім!
Сіргелі, қаңлы, жалайыр,
Қара ағаштай дулатым,
Қарсы жауды шулатқын.
Ер Алатау – қоңыратым,
Жау бетінде миятым.
Тоқсан бір баулы қыпшағым,
Олжаға толсын құшағың.
Арғын, найман, қызайым,
Дүркін-дүркін айдағын,
Алшын, жаппас, адайым,
Жидебай, сені қалаймын.
Білінсін ерлер сыңайың,
Талқылы боп талайың.
Ер Жиёмбет, қайдасың?
Жыға шанышқын найзасын.
Танып тұрсың сыңайын,
Бостау тартып келгенің.
Бәрекелді, ерлерім!
Иісі қазақ баласы,
Қос жесір, жетім аларсың.
Қалауыңша қыларсың!
Қайда кеттің көрінбей,
Сүлейменұлы Сиқымбай?
Жалықпай жауға шабатын,
Жаңа талап, ерінбей.
Мінген атың кер дөнен,
Түтінге шап көлденең.
Ел жоғары, жау төмен,
Бәрекелді, ерлерім!
Іс ағына айналса,
Қызыр дарып, бақ қонса,
Көрген түсің оңалса,
Хан Тұрсынның, иншалла,
Тәжі, тақтың аларсың,
Қазына, мүлкін таларсың!

Осындай деп сөйледі,
Қуаттанып досынан
Ерлердің бәрі өрледі.
Ашылып барып, жауындай,
Тудың түбі түнерді.

Ынтымақ қылып, бірлесіп,
Тізе қосып екеуі,
Ер Алатау, Жиёмбет
Туға қарай жүргелі,
Ер Сиқымбай артынан
Бұларды қорып демеді.
Тұс-тұсына әзір боп,
Топтанып ерлер келеді.
Әзір беті қайтқандай,
Шегірткедей ел еді,
Тауларды өлік бөгеді.
Сел болып сайдан қан ағып,
Нөсердей боп келеді,
Хан Тұрсын халқы көп еді.
Қоралаған қойдай қып,
Тұс-тұсына бөледі.
Қиратып, шаншып, аралап,
Ірілерін саралап,
«Өлдім, талдым» дегенде,
Туға жақын келеді.
Таймас деген батырың
Асылы тәжік елі еді,
Өзі қорқақ неме еді.
Елеңдеп екі құлағы,
Шу-шу жақын келгенге,
Зорғадан туды ұстап тұр,
Ерлерді байқап көргенге
Жылап, мұрны сорайып,
Өлейін деп қылжиып,
Осалдап байғұс келеді.
Пұшайман болып алғанға:
«Неге ұстадым?» — дер еді.
Жиёмбет батыр бір шауып,
Келеді де бөледі.
Таймас батыр жер қауып,
Ажал жетіп өледі.
Туы құлап, хан Тұрсын:
«Не болсаң, халық, ол бол», — деп,
Ташкентке қарай жөнеді.
Жұлдыздай ағып арғымақ,
Құстай ұшып келеді.
Шілдей тозып қосыны,
Бұлар да қашып жосыды.
«Аллалап» бәрі ұран сап,
Артынан қазақ қосылды.
Өршігіп барып, қуанып,
Қашқан мен қуған шұбалып,

Түсіргендер артынан,
Әр жерде олжа бір алып,
Қара жерді қандады.
Епшілерді сонда көр,
Оза шауып олжа алды.
Ұмтылғаны озық ап,
Ерінген қорқақ құр қалды.
Біреулер жүзді алғанда,
Біреулер зорға бірді алды.
Орта буын оңды алды.
Есім хан қырып ысапсыз,
Етекпенен айналды.
Қазығұрттың астымен,
Шымкент, Сайрам үстімен,
Сауыршымен төтелеп,
Келеспенен жағалап,
Семізін қырып, саралап,
Қойға шапқан қасқырдай,
Оза шауып аралап,
Қуып, қырып жөнелді,
Теп-тегіс қуып келеді.
Көкім би де бүйректен
Бұл да қырып қосылды
«Олжа алам» деген тілекпен.
Екі жақ болып жөнелді,
Сапсыз қашқан көп елді.
Екі ажырап қатаған,
Бірі өрде, бірі жотамен.
Пәс жағын¹ қырып Есім хан,
Бір тарабы өр еді,
Қатаған қашып келеді.
Қазығұрттың өр жағы
Бұлың-бұлың сайы бар,
Тауға жақын жер еді.
Тас біткен тауменен,
Биік жота бел еді.
Сонан қалған атақ боп
«Көкінің белі» демегі.
Қашқан менен қуғандар
Бәрі де Ташкент айдады.
Бәрі де сонда қосылар
Үш тайпаның аймағы.
Бұл жерде ешкім қалмады,
Қырдағы мен ойдағы,
Тасадағы, сайдағы.

¹ Пәс жағы — төменгі жағы.

Ташкентке қуып, қашып бәрі барды,
Сән кетіп бір жағынан, бірі сәнді.
Бас кетсе бір жағынан, бірі олжа алып,
Болғанда бірі малсыз, бірі малды.
Ұғынар енді халық айтпасам да,
Басында ант қып қойған шарты бар-ды.
Кез келсе еркек тұқым, бірін қоймай,
Кезіксе буаз қатын, ішін жарды.
Тапқанға еркек бала сүйінші айтып,
Үлесіп жетім, жесір қатындарды,
«Нәресте қатағаннан» десе біреу,
Тең тартып сүйегіне тіллә алды.
Үлесіп сүйіншіге тауысыпты,
Қайысып нарларға артқан қазынаны.
Жылшылық жерге қашса, қуып сұрап,
Қауышты жерді қоймай аралады.
«Бар болса жер жүзінде қатаған», — деп,
Өтініш әр патшаға хабар салды.
«Дүниені, бірі қалса, бұзады», — деп,
Зер¹ беріп, сәлем-сауқат, көп жалбарды.
Қамданып бір топ адам қашқан екен,
Паналап Әбілғазы ханға барды.
Есім хан қуып барды арт жағынан,
Бір адам сүйінші айтып осыларды...

Хан тілегі:

— Қош, патша, амандасып сәлем бердім,
Көргелі бармасаң да іздеп келдім.
Ақыры мынау жұмыс, мұндай боп тұр,
Сенімді еркек патша басында едің.
Бір ауыз сенің тіліңді алмағанда,
Тұқымы құрымас еді бір тайпа елдің.
Өзгесі аман болып қалмас па еді,
Өлтіріп хан Тұрсынды-ақ қояр едім.
Жамандық, жақсылығым болғаннан соң,
Сен қалдың обалына тәмәм елдің.
Бір тобын қашып келген жасырыпсың,
Қоймаймын біреуін де, шартым менің.
Баласын Әзірет сұлтан өлтірген соң,
Қараған қожа Ахмет тамам елің.
«Дүниеде түйір халқы қалмасын», — деп,
Сөзі бар пәтуа, кітап көнелердің.
Сол кісі жазу десе, қоймас па еді?

¹ Зер — алтын, асыл тас.

Ондай-ақ әулие емес, бір пенде еді.
 Сақаптар Мәуияға аунаған соң,
 Қырғанын білмеуші ме ең Әлі Шердің.
 Сақаба, әулиені қоймай қырған,
 Көңіліне жақпаған соң тамам елін.
 Сыйласа «мұсылман» деп қырмас еді,
 Бұлар да сол сияқты жауым менің.
 Қаласаң мейлі алтын, мейлі жұрт ал,
 Не жайлы қатағанды тәуір көрдің?

Сөйледі Әбілғазы сонда тұрып,
 Өтініп, қол қусырып, құлдық ұрып:
 – Бәрі де тағдырдағы жазу шығар,
 Ақырын ойланамын қайдан біліп.
 Пайғамбар ғайып ісін болжамаған,
 Жазасы – тауысыпсың бәрін қырып.
 Жібермек тіпті құртып – Құдайға қас,
 Бұлар да дүниеде болсын ұрық.
 Зерің де, шаһарың да керек емес,
 Қоймасаң, қыз берейін тарту қылып.
 Бұтаға қорғалаған торғай қалар,
 Қайтпаған нәмірт нәйүміт, көкке шығып.
 «Болса да көпір, нәйүміт¹ қайтпасын, – деп, –
 Оғына халықты ұстап қарам қылып,
 Зеріңді, тағымды ал, жұртымды да ал», –
 Жалынып қайта-қайта құлдық ұрып...

Есім хан лажы жоқ, бермек болды,
 Иіліп тұрғаннан соң мойын ұсынып,
 Қоштасып, көп дүние алып қайтып кетті. –
 Зер, алтын, ізет қылған тіпті көп-ті.
 – Бұзық халық саған бір сыр көрсетер, – деп,
 Дайындап қайта-қайта айтып кетті:
 Ант пенен бұл халыққа уәде де жоқ,
 Сонда бір сөйлесермін саған, – депті.
 Әзірше алып қалды ажыратып,
 Сөйлейін қалғандардан біраз кепті.
 Біраз күн сыр берместен жүріп еді,
 Бір күні хан қызына ғашық бопты.
 Төсектен бір күн түнде ұрлап алып,
 Жабылып, ортаға алып, арын төкті.
 Түсініп анық бұзық екеніне,
 Есітіп Әбілғазы қаһары кепті.
 Түгелдей дарға аспақ боп тұрғанда,
 Жиылып уәзірлері арыз етті:

¹ Нәйүміт – үмітсіз.

– Әй, тақсыр, баста сұрап өзің алдың,
Көп айтып, зарлап еді бұзылғанын.
«Тілеген жаңбыр, еңбек басқа» дейді,
Бұрыннан ескі көне адамдарың.
Семірсе арық адам басқа тебер,
Май етер бақсаң ауызды арық малың.
Онан да екі-екіден алысқа айдап,
Таратып әр патшаға жібер бәрін.
Бұл жәбір, бұл жаза да соған жетер,
Мүсәпір түрткісі бар барша адамның.
Бұл күнде Ауған, Бұқар арасында
Бар дейді сол таралған қатағанның.
Бір шеті шаһар Бұқар атыраптан,
Бір шеті «Қайсар Күләп» дейді намын.
Бұл жақтан бір жайлы боп қайтып еді,
Бұл жақта не боп жатыр Есім ханың?
Хан Тұрсын Ханабадта бой бермей тұр,
Өзгенің тамам етіп қырды бәрін.

Ада қылып Есім хан,
Еркек жынысын жайлады,
Бала да болса жамдады.
Буаз қатын кез келсе,
Ішін жарып жамғарды.
Бір қалғанда бір күні
Қаңлы қызы кез болып,
Даяр тұрды жаллаттар
Басын кесіп алғалы.
Айрылмастың қатыны,
Тапсырып кеткен осыны,
Түсініп жайын аңдады.
Есім хан дос еді,
Атасы оның әм тағы.
Қызы тұр зарлап жалынып,
Тарылды бұл да налынып,
Батпай тұр сұрап алғалы.
Жауап берді Есім хан,
Естіп мұны барша жан:
– Шешілсін, досым, қапаң, – деп, –
Байдың қызы Дарқан, – деп.
«Шанышқылы» дейді туылып,
Дарқан боп содан таралған,
Сұрасаң тарих санадан.
«Олай емес, бұлай», – деп,
Біреулер мұны сөйлейді:
«Туылған егіз ұл, – дейді, –
Құдайназар – ағасы,

Ерназар дейді інісі.
Құдайназар, Дарқан боп,
Аталады бәрісі,
Жайылған мәшһүр жабысы.
Ақиқат жер — бұл, — дейді. —
Інісінен Ерназар
Туылыпты үш бала.
Таралған қалың ел», — дейді
Шежіре сана білгені.
Баба Дербіс әулие
Болған екен пірлері.
«Шаныш, құлым» деген себептен,
Ат тағылып келеді,
Дуалы ауыз ілгері.
Сол заманнан бері қарай,
Өсіп-өніп көбейіп,
Іргелі жұртқа теңелді.
Болмағанда мұндай іс,
Бір тайпадан көп еді,
Патшалы ел еді,
Нағашылы, жиен боп,
Қаңлы, шанышқылы дегені.
Заманында Қоқанның
Сіргелі мен дулатқа
Сүйек қас боп кеп еді.
Арада істер көп еді...
Бұлардан көңілі тынған соң,
Қосынын жинап Есім хан
Ханабадқа жөнелді,
«Хан Тұрсын сонда», — деп еді.
Ташкентпенен арасы
Сәскелік қана жер еді.
Оң бетінде Шыршықтың
Бір шақырым бар еді.
Қатын, қызын, малайын
Бірге алып қасына,
Құтылып жалғыз кеп еді.
Басқадан үзіп күдерді,
Бұрыннан соң істетіп,
Бекем еді қаласы,
Тегіс еді даласы.
Салынған жері дөңестеу,
Биік еді шамасы,
Аспап, әнжам сай қылып,
Пенде бұзып кірмейтін
Болат еді қақпасы.
Саяхат, дәріханасы,

Ортасына қойылып,
Мүкәмбалы жиылып,
Керекті нәрсе үйіліп,
Алтын, күміс әмбесі,
Амандап барып бір өзі,
Қасында жоқ жолдасы.
Хан Тұрсындай ханыңның
Болар еді үш қызы,
Қоңырбике, Айбике,
Нұрбике дейді нәмдері...
Есім ханның келерін
Анасы шексіз біледі,
Тауысқанын көп елді.
Үш қоржын бас алтынды
Арғымаққа салдырып,
Жол қаражат жам қылып,
Әлі деген қызметкер
Бар еді сарты, алдырып.
Арыздасып, қоштасып,
Жыласын қанша, сықтасып:
– Қияметте көрермін!
Есім ханға тұс болмай.
Шоры болып жүргенше,
Жарылқасын алдынан,
Тірі болсаң, шырақтар,
Бізден де қалсын ұрық деп,
Ерге таңдап тиерсің.
Қор болмайтын дүниенің бар,
Қалағаның киерсің,
Өздерің тауып жүйесін, –
Деді де енді анасы,
Құшаққа кеп еңіреді.
Есім ханнан ілгері
Шығарып жолға жіберді.
Күн-түн қатып жүреді,
Орта жүз тобықты еліне
Әлі сартты басшы қып,
Тұс боп соған келеді.
Ерлерге таңдап тиеді.

Еліне тобықтының нәсіп болды,
Қаңғырып, Тәңірі айдап тура келді.
Жазылған пешенеге жұмыс болар,
Әлі сарт тура бастап алып келді.
Атақты ерлер шығып ұрығынан,
Нәсілінен қыздың тұяқ қалыпты енді.

Шәкәрім санасын жазған¹ екен,
«Ақиқат бұл — мамамыз анық», — дейді.
Есім хан Тұрсын ханмен не қып жатыр,
Қамал қып Ханабадқа барып па еді?

Хан қамалы:

Жиылып барып көп қосын
Айналасын қоршады.
Жақындап барып ілгері,
Жол таппады көргелі.
Есігі болат темірден,
Шапса қылыш жүрмеді.
Биіктен тартып садағын
Дүркін-дүркін жіберді,
Қардай болып түнерді.
Тағы өлтірді көп ерді,
Оққа ұшырып жіберді
Алатау батыр дегенді.
Жарып өтіп жүректен,
Сауыттарын талқан қып,
Қара жерге тірелді,
Жазым қылды көп ерді.
Оқ жерден жетер сырлығып,
Серпіліп қосын жөнелді.
Жалғыз өзі сұс қылды,
Қуғыншы қазақ көп елді.
«Әдіс қылсақ, қайтер», — деп,
Оң жағына келеді.
Қарғадан сақ хан Тұрсын
Оларды да көреді,
Әдісқой әккі неме еді.
Жауған қардай садағын
Тартып-тартып жіберді.
Сап-сабымен қиратып,
Тағы өлтірді көп ерді.
Әр оғынан он өлді,
Қырына келсе қырық өлді.
Айналып келсе арқадан,
Құлата берді шалқадан.
Бірқатары тағы өлді,
Инедей көзге ілмейді.
«Тауысар оғым» демейді.
Сол жағынан кеп еді,
Ашылды үдеп өнері.

¹ Санасын жазған /араб/ — жылын жазған.

Қиратты тағы нешеуін,
 Болмаса ақыр өледі.
 Қайтсін байғұс хан Тұрсын,
 Таусылып қалды көмегі.
 Атырабын қаланың
 Төрт тараптың тамамын,
 Неше дүркін ат шауып,
 Әлденеше айналып,
 Есім хан үзді күдерді.
 Әр айламен ептеді,
 Түнінде де кетпеді.
 Атқан оғы аспандап,
 Таса жерге жетпеді.
 Зеңбірек, мылтық, доп атса,
 Қаласынан өтпеді.
 Ісі шала болған соң,
 Алысқа ұзап кетпеді.
 Ең қиын жауы осы еді,
 Өлтірмей кетсе, еп пе еді?
 Мұның дағы кетпейді.
 Мінажат қылып зарланып,
 Бірнеше күнді өткерді.
 Ұйқы көрмей, ас ішпей,
 Диқат¹ болып шарлады,
 Болмай тұр мақсат-мұраты.

Ерте тұрып Есім хан,
 Таң қарасы болғанда,
 Тамашалап айналып,
 Биікке пәс зер салып²,
 Көзін тігіп тұрады.
 Ербең етті бір нәрсе,
 Анық байқап көргенше,
 Қаланың шығып басына
 Бір әйел келді қасына.
 Шошайтып қолын нұсқалап,
 Су шығатын бұрышына,
 Мезгіл-мезгіл тұрады.
 Су кіретін жер екен,
 Анықтаса сияғы.
 «Тілегінді берем», — деп,
 Әйелге уәде қылады.
 Хан Тұрсынның қатыны,
 Осының айла-ақылы.

¹ Диқат /араб/ — көңіл аулау, назар салу, көңіл бөлу.

² Биікке пәс зер салып — жоғары-төмен зер салып мағанасында.

Ерлерін өңкей жияды,
Тесігінен сияды.
Қосынды жиып, шақ болып,
Қақпасын талқан қылады.
Ұйқысын тездеп оятып,
Даяр болып тұрады.
Ақырын барып қозғады,
Ұйқысынан оянды.
Түсінеді өзі де,
Үстінде жоқ құралы.

Есім ханның жауабы:
– Пайғамбардың сүннеті,
Жауап сәлем бердім мен,
Жәке, не қып айырылдың
Дария шалқар көліңнен,
Ажырап құрбы теңіңнен?
Біреуі де қалмады
Мың кісілік әрқайсы,
Жора-жолдас бегіңнен,
Қазақтан көп еліңнен.
Бағың тайып астыңнан,
Тәжің түсті басыңнан.
Арылды құрал тәніңнен
Бәрі кетті қашыққа,
Енді өзіңді жасытпа!
Пешенеде бар шығар,
Көресіз де Тәңірден.

Хан Тұрсын айтты: «Шырағым,
Не қылса Құдай, ұнадым.
Анықтап білмей сөзіңді,
Керең боп тұр құлағым.
Өлмесе бәрі жойылсын,
Оларды не қылайын?
Осы ма еді уайым?
Тәжі-тағым тауысса,
Саған табыс қылайын,
Інімсің ғой, қияйын.
Дүниеде қызық өлімді,
Нәубет-нәубет көрулі,
Дүниеге тұлға бол,
Тұл қалғанға ие бол,
Бәрі саған берулі.
Ел түгіл, тақ, жерімді,
Қылып ем мен де тәнтімін,
Қылғаныма шыдайын...»

Есім хан сонда сөйледі:
 – Асы жапы¹ пендеміз.
 Кісі ақысын жедің бе?
 Жылатып жетім, жесірді,
 Сөз айтып, қорлық бердің бе?
 Маған да кезек келді ме?
 Бар шығар көп қатамыз,
 Тәуекел атты атамыз:
 «Ит пенен құсқа жем қылмай,
 Айналайын, хан Тұрсын,
 Жасыра кеткін», – деді ме?
 Гүлханымдай анамыз,
 Үстіңде бүтін киім жоқ:
 «Быламық іштім, етім жоқ,
 Айналайын, хан Тұрсын,
 Құлақ салшы», – деді ме?
 Қарындасым Ханымша
 Әрқайсыңа жалтақтап,
 «Жәкетай», сірә, деді ме?
 Арам, алап жегізгем,
 Ұлым, қызым дегізген,
 Қарсы тұрып ажалға,
 Енді жәрдем берді ме?

Хан Тұрсын сонда сөйледі:
 – Қам сүт емген пендемін,
 Пенде боп нені көрмедім?
 Қасарғанға қасарып,
 Қарсы қылыш сермедім.
 Мен де жаза бергемін
 Өзім де тірі күнімде.
 Зарлап тұрса бір адам,
 Көз жасын қабыл көрмедім.
 Ханның басын хан алар,
 Қардың басын қар алар.
 Қуып қашып кезекпен
 Қарайып дүние жоғалар,
 Жазуға не шара бар?
 Жақсы адам жанды қинай ма,
 Жаманның ісі табалар.
 Өліге азар бергенмен
 Мына сөзің бара бар.
 Иман айтып Құдайға
 Намаз оқып алайын.
 Көрдім, көндім, Құдай-ау,

¹ Асы жапы (ғаси жапи) /араб/ – күнәкар, қатыгез.

Иманымды сұрайын,
 Жетерсің ақыр мүддеңе,
 Сабыр қып, ерлер, тұра бер,
 Жаның шығып бара ма?

Есім хан қабыл көреді,
 Азырақ сабыр береді.
 Дәрет суын даярлап,
 Қатыны жақын кеп еді,
 Бармағын тістеп, бас шайқап,
 Теріс қарап бұрылып:
 «Е, опасыз», — деді енді.
 Әйеліне түнерді.
 Екі рекет намазбен
 Құбылаға жүзін жіберді.
 Салауат айтып Расулға,
 «Лә иллаһа», — деп еді,
 Толғап-толғап садағын,
 Мекірегін¹ жіберді.
 Жүрегінен қақ жарып,
 Қара жерге қан тамып,
 Түйреп оғы қадалып,
 Шымырқанып, шырқанып,
 Қашан жаны шыққанша,
 Сірә, бір сыр бермеді.
 Отырып еді тізерлеп,
 Сол бойынша жөнеді.
 Тәуіп, құшнаш жүрегін,
 Сыбанып екі білегін,
 Ақтарып жарып көреді.
 Додаланып, шырғалып,
 Самал тұрса ырғалып,
 Шудасындай түйенің
 Жүрегінің түгі бар еді.
 Сүйектерін түгендеп,
 Жаназа оқып, кебіндеп,
 Сағанасын² тұрғызып,
 Жалаулап белгі жүргізіп,
 Бұйырған жерге көмеді,
 Ханабадта деп еді.

— Надан достан — зерек қас,
 Әттең, дүние, опаң жоқ,
 Ап жатырсың себеп боп.

¹ Мекірегін жіберді — мәтін бойынша «огын жіберді» деген мағынада.

² Сағана — сәулет өнері мен мүсін өнерінен туындаған өнер туындысы.

«Жазым болды-ау бір ер», — деп,
Мен де өтермін дүниеден,
Осындай болып кезек кеп.
Есім хан жылап жіберді:
— Дүниеге тоймас қу көзім,
Тыңдың ба, сірә, — деді енді.
Ақтарып көрсе қазынасын,
Алтын, күміс, гауһар тас,
Қуанысып кәрі, жас:
«Кемі жоқ, тіпті көп еді,
Қытайдай мүлкін», — дер еді.
Төгілген жері теңелді.
Бөгеді олжа көп елді,
Бәрін де артып келеді.
Тәуекел ханның тәжісі
Бір сандықта тұр екен,
Көңілі шат боп, қуанып,
Басына Есім киеді.

Хан Тұрсынның қатынын,
Айтайын енді ақырын,
Күн сайын сыйлап кетеді.
«Жүйе» деп тентек мақұлын,
Жайылып жастық болады,
Қабағына қарады.
Осындай ізет көрсе де,
Күн сайын азып барады.
«Қандай, — деп, — мұның себебі?» —
Есім хан бір күн сұрады.
Қатынның мынау жауабы:
— Хан Тұрсынның маған қызметі,
Осындай боп ізеті:
Қырық қойдың май жілігі
Әр күніне дайын боп,
Тұрушы еді қайыл боп.
Жақсылығын айтамын,
Азбай, тақсыр, қайтейін,
Өлгеннен соң жазым боп,
Өгейсіндім соны деп...

Есім ханның қаһары кеп:
— Опасыз жалған әйел, — деп, —
Болса да мен дұшпан ем,
Сондай күткен еріңді
Маған ұстап бердің, — деп, —
Кімге опа қыласың?
Берейін саған жаза, — деп,

Қинап-қинап өлтірді,
Қатын да кетті тамам боп.

Қатынның мынау болды ақыр түбі,
Гибрат ал үлкен-кіші, ойлап мұны.
Еркексіз әйелдің де күні болмас,
Әйелсіз еркектің де болмас күні.
Опалы алалына кез қылмаса,
Бір опық жегізеді ақыр түбі.
Бұл дүние ол дүниеге залалы бар,
Осындай кесапаттың тисе бірі.
Өз байын дұшпанына ұстап берді,
Осындай-ақ бір еркек жақсылығы.
Күткеннен опа қылса, қылар еді,
Бар ма еді еш нәрседен тапшылығы.
Түбіне не ерлердің әйел жеткен
Ойлағын, үлкен-кіші, жақсы, мұны.
Есімді анасына келтірелік,
Осындай тақалды ақыр жаудың түбі.

Ана насихаты:

Енді келіп Есім хан
Анасын іздеп жолықты.
Аман-есен көріпті,
Ботадай боздап, көрісті.
Өкпесін айтып зарлады,
Жүрегі қалған шемен боп.
— Өтірік пе, рас па,
Түсім бе осы, өңім бе,
Қозым, сені көргенім?
Көргеніме сенбеймін,
Елестеп қаял жүр деймін.
Не көрмедім дүниеде?
Алысқа кетсең, арман боп,
Қалбыр жүрек боп өлдім.
Бірақ өлім көрмедім,
Туғаның кейін болған соң,
Өлгеннің қадірін білмейсің,
Басыңа келсе білесің,
Ата-анасын алдында ал,
Баланың дағы қалмасын.

Сен де мендей боларсың,
Үйленіп, қатын аларсың,
Қатын-бала табарсың,
Ұл сүйіп, қызды боларсың,

Өз жайыңа қонарсың,
Өзен, суға барарсың...
Атаң кетті жайланып,
Көрмей қалдың арманда
Қартайған әкең қарасын.
Мені қайдан табарсың?
Ұялас ұшқан сұңқарың,
Қанат-құйрық жұбайың,
Іздеп, сұрар жекжатың,
Артта медеу, миятың,
Ханымшаң кетті қай жаққа,
Оны қайдан табасың?
Қайта жасап ата-анаң,
Іні мен бітіп қарындас,
Түгендер ме еді шаласын.
Арт жағыңнан көгертіп...
Перзентті, балам, боласың.
Қызба табан желікпе,
Әрдәм қиял¹ ойыңыз,
Мас буын әлі бойыңыз.
Елде жаршы қойдырып,
Төрт түлік малдан сойыңыз.
Ақ батамды берейін,
Құтты болсын тойыңыз!
Өлгенге Құран оқытып,
Сағанасын бекітіп,
Қосылып ем он бес жасымда,
Бірге жатсам қасында,
Құдай қосқан жолдасым
Баба атада қап еді.
Терең қазып тепкілеп,
Қасына бірге қойыңыз.
Келеді, балам, жақындап,
Түсімде көрген осы кәп,
Біздің де болар тойымыз.
Мүдделі осы ойымыз...
Топырақтан бір түріп,
Ақ туына жүгіріп,
Мақшардың жарқын күнінде,
«Үмбетім» десе Пайғамбар,
Өткенге тоба келтірдім.
Көргенге шүкір бір уа бар²
Насихатым және де:
Жалаңаш, шөлейт жер еді,

1 Әрдәм қиял — әрдайым қиялдану, ойға кету, әртүрлі ойларға шому.

2 Бір уа бар — Алла тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым.

Байтағыңды тұрғызба
 Түркістан атты қалада.
 Ауасы салқын, жері саз,
 Тірлікке бейнегі аз,
 Сары қымыз, сырбаз ет,
 Көңілің қош, қысы-жаз,
 Шымкент, Сайрам жарасар,
 Осында тұрсаң жарасар.
 Әзірет Сұлтан атасы
 Сансыз баптың жайы бар.
 Көгері жайлау Алатау,
 Еріксең, әрқилы аңы бар.
 Екі Келес, бір Талас,
 Қозыбағар, Иірқас,
 Төңіректе сәні бар.
 Асанқайғы сөзі бар.
 Наны тәтті, ісі күш,
 Бір қиялға ауыр іс,
 Еңбекпен күн көретін
 Ташкент деген бір шаһар.
 Әділ сұрап, қатты тұт,
 Көшпелі, қопал жұрт еді,
 Сақтаған ғана айуан мал.
 Жыламасын бұқараң,
 Нашардың бағы боп жүргін,
 Жетім-жесір, балалар.
 Олжаға көп жүгірме,
 Дүниені жетер бүгінге,
 Адамымен жолдас боп,
 Ғаріптердің көңілін ал.
 Дуасы алтын емес пе,
 Жеттік пірден бата ал.
 Берекесін сан мыңға арзытсын,
 Артымда, балам, аман қал!

Бұл да шала қалмасын,
 Көкім бидің сөзі бар.
 Тірлігі Есімнің,
 Осындайша көп еді,
 Сарамжал¹ қылып кеп еді.
 Қимай тұр көзі беруге.
 Қашырғанда серік боп,
 Бұл да қырып кеп еді.
 Қырылып, қашып біткен соң

¹ Сарамжал – бәрін орын-орнына келтіріп тұратын, ысылған, бес аспап.

Хан Тұрсынның байтағын¹
 Көкім би жайлап қап еді.
 Былай шығып Есім хан,
 «Былай тұрғын» демеді.
 Ер Көкімнің сондағы
 Айтқан сөзі бұл еді:
Көкім би Ташкентке бек сайланды:

— Армансыз, ер Есім хан, олжаландың,
 Бір тайпа түгел алып олжаларын.
 Арманың бұл жалғанда қалғаны жоқ,
 Мүддеңнің бәрі болып, ырзаландың.
 Ынтымақ, ауызбірлік қып тұрайық,
 Сайлы жұрт жасаған жау қырса бәрін.
 Найыбың өзіңнен соң мен болайын,
 Баласын қырғыз-қазақ бір санағын.
 Артыңнан мен інің боп сүйенейін,
 Қолайтты, қатты жауға жұмсап алғын.
 Бір шеті халқыңыздың Қапқаз болды,
 Бір шеті Қытай болып шегараңның.
 Ұрыссақ, еш патшадан бос келмейміз,
 Баршасы түгел тұрса бұқараңның.
 Бытырап ауызбірлік болмаған соң
 Русия жақындатты Қырым ханын.
 Халқымен Ауған, Бұқар шырын болып,
 Үйреніп ғылым, өнер бірталайын.
 Кәшірге оң жақтағы қарсы тұрып,
 Кірейік қоластына Түркияның.
 Қамын да балалардың ойлау керек,
 Еңбексіз жегеннен соң жұрттың нанын.

Сөзінің мынау айтқан жөні келді,
 Бас изеп жұрттың бәрі «тура» деді.
 «Шағылып орыстан да қалып ек», — деп,
 Ұнатып «мақұл» десті көбі де енді.
 Мысалы, әскер басы адамдай қып,
 Іштері бір-біріне жылы келді.
 Ташкеннің найып сайлап қаласына,
 Неше уақ халқы тыншып, тыным болды.
 Осымен біраз уақыт кетті өтіп,
 Халқы шат, сансыраған халі кетіп.
 Есім хан жақсы жерден үйленген соң,
 Келеді ұл ержетіп, қыз бойжетіп.
 Бір күні ер Есім хан қамданады:
 «Зиярат қыламын, — деп, — Қашқар өтіп».

¹ Байтағын /парсы/ — астанасын.

Әртүрлі асыл, қымбат нәрсе алды,
Нәзірім осы болсын, көрсем жетіп...

«Барамын, — деп, — Қашқарға», —
Есім батыр қам қылды,
Уәзір, ханын жам қылды.
Уәзірі — Жақсығұл,
Алшын-жаппас Жиёмбет,
Сүлеймен ұлы Сиқымбай,
Ілгеріден уәзір бұл.
— Көкім би, саған бұйрық бұл!
Ташкентті жасап, қаласын,
Ойран болған ордасын,
Түзетіп, жасап, тәуір қыл,
Тапсырдым саған, мұны біл!
Осы күнде Ташкентте
«Көк күмбез» деген орын бар.
Піна¹ қылған Көкім би.
— Дайындадым артымды,
Болжап байқа халқыңды —
Ер Жиёмбет, Жақсығұл.
Елден өткен жау болса,
Бос келместен, аңдып тұр.
Қашқарға барып келейін,
Көрмеп едім неше жыл.

Көп айтысып қоштасып,
Кідірместен жүреді.
Бірнеше күн жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Аман-есен көреді.
Құшақтасып, көрісіп,
Жайы-күйін терісіп,
Аңсап тіпті кеп еді,
Әңгімесі көп еді.
Хан Тұрсын жайын қалдырмай:
«Тамамдап бәрін жайладым,
Қашқанын тауып, қоймадым,
Тауыстым, — деп, — адамын», —
Бәрін де айтып береді.
— Бір күптігөй арман бар,
Ақыреттік уайым.
Құпия баян қылайын.
Хан Тұрсынның қатынын,
Сауыт-сайман, әнжаммен,

¹ Піна, бинә /араб/ — құрылыс, ғимарат.

Ұстап ап зина қып едім.
Айтқан сөзі батылдың:
«Игілігін төсектің
Хан Тұрсыннан көп көрдім,
Сенен көрдім, азамат,
Игілігін үйірлік
Салмағы ауыр бөксемнің,
Есесін оның жеткердің...»
Пұшайман болып, ойланып,
Айтқан сөзін жек көрдім.
Заманым қандай болады,
Кешер ме осы күнәмді?

Аппақ қожа ойланып,
Қиялданып сөйледі:
— Ғайып ісін болжал қып,
Пайғамбар да демеді.
Құдай өзі біледі.
Сонда дағы, шырағым,
Жұбатпасам бір кеппен,
Көңіліңе келеді.
Жәседің¹ сенің қойылар,
Қоспа судың өзені.
Бір замандар болғанда,
Сары жүзді, қой көзді
Адам алып, ем қылар
Бір нәрсеге тәніңді.
Кешілмесе сол уақта,
Күптігөймін мен енді,
Ақыретің болсын, — деп,
Сонда да дұға береді.
Осы сөздер мақал боп,
Көп заманға келеді.
Құлақтанып біреулер,
Біреуден біреу есітіп,
Әңгімеде дер еді.

Өр жағынан Шымкенттің
Тіке құйған саласы,
Сайрам су оны дер еді.
Қасқасу барып құйылған,
Айналып бір тығырдан,
Қоспа өзені сол еді.
Қуандық, жаныс бір ата,
Отан қылған жер еді.

¹ Жәсед /араб/ — мәйіт, өлік.

«Нарбай сазы» деп еді.
 Байжігіт, Жандар дейтұғын,
 Ағайынды неме еді.
 «Бар, — деп ашып, — дүние», —
 Адамның басын көреді.
 «Қазандай үлкен», — деп еді.
 Отқа салып, күйдіріп,
 Жауырына аттың себеді.
 Жақты ма бұл іс өзіне?
 Бардам болып, өрледі,
 Онан соң кемдік көрмеді.
 Тірі күнде есітгім.
 Осы адамдар өздері
 Кешегіде бар еді.
 Есім ханның мұрдесін
 Осы күнде сол дейді.
 Өтірік пе, рас па
 Шежіре сана дегені.

Есім хан қайтпақ болды көп күн жатып,
 Қожамен мауқын басты қона жатып:
 — Тақсыр-ау, сырттан дұға қып тұрыңыз,
 Алыстан ғайып-ана, сәлем айтып.
 Енді жүз қияметте көрісерміз,
 Үзілсе нәсіп болмай және қайтып.
 Бегімен, ерлерімен амандасты...
 Қашқардан Шымкент, Сайрам келді қайтып.
 «Елеуреп елдің жайын біліп тұр», — деп,
 Хандарға ұзақ-жақын сәлем айтып...
 Қазаққа сондай заман болған емес,
 Көсіліп қол-аяғын тыныш жатып.
 Ілгергі көнелерден бір сөз қалған,
 Сылтау қып, тарынғанда, осыны айтып:
 «Есім хан, Сиқымбаймен өліп, тағы, —
 Айтатын, — күн көрдік», — деп мақалдатып.
 Байтағы онан кейін Шымкент болған,
 Ташкентте Көкім бидей бегі жатып.
 Жаз болса, Алатауды жайлап жүрген,
 Ұлы жұрт, кіші жұртқа желі тартып.
 Дегені «Үлкен Орда», «Кіші Орда»,
 «Бәйбіше» деген жер бар бүгін де артық.
 Қызығын дүниенің көріп өткен,
 Жау жүрмей маңайынан онан қайтып.
 Онан соң күллі қазақ мамыр болды,
 Мал бітіп, қарын тойып, тәуірленді.
 Қой бітіп, қоңсы қонып қарасына,
 Қарны аш, жалаңаштар іздеп келді.

Мүддесін көңілдегі әркім істеп,
 Диқандар сүдігер қып тәуір жерді.
 Желпініп жүйрік атпен көкпар шауып,
 Қаламай халқы ауырды қалыпты енді.
 Тәсімін сауда-саттық әркім істеп,
 Қауіпсіз әр патшаға барып келді.
 Жетім ұл, жесір қатын мың қой айдап,
 Бозторғай ұя салды жүніне енді.
 Жаман қыз, жаман қатын былай қалып,
 Сұлу қыз, жүйрік атты бәрі іздеді.
 Пұшық қыз кер шолақты таңдап тиіп,
 Мінәсар әркім сүйіп теңін тапты.
 Отырып халық орнында, хан тағында,
 Дұшпанға құлақтары түрулі еді.

Хан өсиеті:

Шақырып Есім айтты қазақ ұлын:
 – Қадірін білісу керек бұл дәуірдің.
 Көлденең, қарсы жауға неше шаптық,
 Кейде жау, кейде барып жұртқа ұрындық.
 Сырбаз жеп, қымыз ішіп, ақымақ боп,
 Зілінде жарамайды көшпелігің.
 Даланың жазын жайлап, көгін көктеп,
 Өнерсіз тағы садда¹ аңқаулығың.
 Қалалы, орнықты ел болмадыңдар,
 Киіз туырлық ағаш үй тірлігің.
 Қарның тоқ, уайымың жоқ болғаннан соң
 Қамы жоқ инедейін кейінгінің.
 Қай жерге қарсы жауың қуып, шаншып,
 Қатты жау қалмақ еді кердең-күрдең.
 Талқыңа қуып шығып, белін буып,
 Салмақты патшаларға теңелдірдім.
 Менен соң күнің қысым, малың талан,
 Көп болар алты ауыз боп көрген күнің.
 Парласам бір-ақ жүзге жасым келер,
 Түбіңе жетер түбі алалығың.
 Бұл жақта — жапон-қытай, бұл жақта — орыс,
 Біреуі алмай қоймас өнерлінің.
 Менен соң қилы-қилы заман болар,
 Қоңсы боп шегір көзді адам қонар.
 Атаны бала рая² қылмайтұғын,
 Ағаға іні қарсы табан қояр.

¹ Садда /парсы/ — қарапайым, аңқау.

² Рая (рия) — мойындамау, алдау.

Бірінді-бірің шағып, күнде өлтіріп,
Мал-мүлкің, қатын-балаң талан болар.
Соратын теспей қаның, басшы болып,
Ақырың осыменен тамамдалар.
Біріңнің бақайыңнан бірің тартып,
Мен емес, мына күндер саған болар.
Мейлің қор, мен кеткен соң, мейлің зор бол,
Менен де санаулы күн ада болар.

Қос-қос орда, қос орда
Қосылып қонбас бізден соң.
Бала сыйлап атасын,
Құрметтемес бізден соң.
Жетегіне ағаның
Іні жүрмес бізден соң.
Ауызбірлік, ынтымақ,
Бола бермес бізден соң,
Бала қамын ойланып
Ер тумайды бізден соң.
Ғылым-өнер үйреніп,
Қазақ болып қарайып,
Халық болмас бізден соң.
Қарсы тұрып қарасып,
Жаумен ұрыспас бізден соң.
Берекелі күндер боп,
Мамыр болмас бізден соң.
Тиын пара жеместен,
Төре жүрмес бізден соң.
Қалай болсаң, олай бол,
Өзім, қазақ, өлген соң.

Есім хан осылай деп еді,
Барша жұрт жылап жіберді...
Дүниеге кімдер келмеді,
Құдайдан бөлек өледі.
Солар да дүниеден кетті өтіп,
Санаулы уақтылы күндер жетіп.
Есім хан балаларын үйлендірді,
Тегі бар, сұлу қыздан деректетіп.
Екі ұл екі қатыннан пайда болған,
Қояйын аттарын да мәлім етіп:
Деуші еді Көркем Уәли, Уәлибақы,
Хан болды, бұларға да кезек жетіп.
Баласы бәйбішенің хандық тимей,
Араз боп Үргенішке кетті өтіп.
Арасын есептесең төрт атамен

Тоқтайды хан Абылай ханға жетіп,
Қолында Төле бидің түйе бағып,
Біраз күн жәбір көрген, тарлық жетіп,
Сол күнде мәшһүр болып хан сайланған,
Қонтайшы тұрғанында күш көрсетіп,
Қасым хан — отыз ұлдың біреуі еді,
Хан болды Кенесары одан өтіп,
Наурызбай, Кенесары өлгеннен соң
Қарады Русияға, хандық кетіп,
Түсінде Тәуекел хан он ай көрген,
Осылар сол көргені тарап кетіп,
Бәрі де осал кісі болған емес,
Дұғасы Аппақ қожа дарып кетіп,
Әмбесі Шыңғыс ханның нәсілі еді,
Баяндап бас жағында айтып еді.
«Қожа — нұрдан, төрелер — сағымнан» деп,
Шежіре санада да айтушы еді.
Тарайды Әмір Темір осы ұрықтан,
Бәрі де бұл әулеттің барыт еді.
Жеті жүз елу жылдай жұртқа ие боп,
Сұраған төрелердің нәсілі еді.
Қалдырмай мұны дағы баяндайын,
Бір сөзді хан Абылай деген еді.
Абылай ханның дегені:
«Мысалы, біз — жолбарыс,
Бізден қабылан өнеді.
Қабыланнан қасқыр туылар,
Қасқырдан түлкі төменгі».
Қан шеңгелдеп туылған
Қасым хан қабылан боп еді.
Қасқырдай шапқан жауына
Наурызбай, Кене төре еді.
Ешкім осал демеген
Кене менен Науан төрені.
Орыспенен ұрысып,
Алдынан қашқан бұлтылдап
Түлкісі Сыдық төре еді.
Хандығы кетіп, тауысып,
Пәстеп-пәстеп кеп еді.
Шыңғыс ханның нәсілінен
Мұнан соң хандық түгелді.

Арасында қазақтың
Шежіре сана аралас
Бұдан үлкен әңгіме,
Болған емес тағы да.

Нысаны¹ бар жерлердің
Сөздерінің бәрі рас.
Таусылды өлеңі
Мұны жазған ақынның.
Перзенті жаныс затының
Қазанғап атын дер еді.
Осы сөздің ішінде,
Жаныстың халқы нәсілінен,
Құдайберді баласы
Әлібек би боп аталды.
Алты ұлы бар осының:
Бесінші ұлы — Төле би.
Ең кенжесі — Елібай.
Мұны жазған ақының
Сонан барып тарайды.
«Үш алаштың баласын
Сұраған үш би» деп айтар
Қазақтардың мақалы.
Қаздауысты Қазыбек
Бұл кісінің баласы,
Айтып ем Шаншар мырзаны.
Кіші жүздің билерін
Жидебай деп атайды,
Заманнан бері қарай.
Есептесек болжал қып,
Сегіз ата тарайды,
Санап қоссам баланы.
Атадан ата тарауы...
Тамамдайын бұларды.
Есім хан төре, патшадай
Баршаны жеткіз мұратқа,
Қол жайып дұға қылалы.



¹ Нысаны — белгісі.

Бірінші мақам

Баяу

Орындаған: Омаров Жәкен
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

3 Ал, Тө - ле дей - ді ұ - ра н(ы)ем Қо - га - лы дей - ді тұ - ра-ғ(ы)ем.

5 Бақ - ти - яр - дан а - жы - рап, Бәй - ді - бек бай Жә - ні - бек,

7 Жал-ғыз ұ - лы Жа - рық - шак, До - ма - лақ де - ген а - на - ның.

9 Ал - бан, су - ан, ду - лат боп, Бө - лі - ніп бе - рі шы - ға - мын.

11 Жа - рыл - ға - мыс, жан - ту боп, Жа - ныс - тан ке - ліп та - ра - дым,

14 Пат - ша ме - нен ха - ны көп, Ба - йы ме - нен жар - лы көп, Іл - гер - гі өт - кен за - ман ның.

16 Ұ - лы Шың - ғыс ха - ның - ды, Ал - ды - мен ба - ян қы - ла - йын,

Ал - ды - мен ба - ян қы - ла - йын.

Екінші мақам

17 Асықпай

19 Ек(і)а-дам мон-ғол-дар-дан шық-ты аң-ға, Зер сал-ды та-ма-ш(а)е-тіп да-ри-я-ға.

21 Жар-қы-рап ал-тын сан-дық ке-ле-д(і)а-ғып, Йа-су-кей Ба-һа-дүр-мен қал-ды таң-ға.

23 Сан-дық-тан таң-дап бі-рі і-шін ал-ды, Е-ке-уі уә-де-сі-нен қа-жы-ма-ды

25 І-шін-де бір-қыз жа-тыр ша-ла жан-сар, Ас-пан-ға нұ-ры шы-ғып жа-р-қы-рай-ды.

Ол қыз-ды таң-да-ға-ны кет-ті а-лып, Қа-ра-са, ө - зі жүк-ті, па-йым-дай-ды.

2 27 Қайыру

28 Са - на - да мың е - кі - жүз о - тыз же - ті

29 Жа - сын - да жиыр - ма - е - кі оу пат - ша бол - д(ы)ей

ей - - - - - беу!

Үшінші мақам

30 Орташа, жігерлене

33 Ал тың-да-саң, ә-леу мет, Түр-кіс-тан ат-ты қа-ла-да, Деш ті-Қып-шақ да-ла-да,

35 Ба - ла - сы - на Үш-жүз-дің Тә - уе - кел ат - ты тө - ре - ніз,

37 Хан бо - лып көп-жыл тұ - ра - ды. Он се - гіз - де хан бо - лып,

39 Қы - рық - қа жа - сы кеп е - ді. О - сын - ша хан бол - ған - мен

40 Бір пер - зен - ті жоқ е - ді. Қайыру

41 Ау - ған, Бұ - қар а - ра - сы, Е - сеп - сіз жүр - ты көп - е - ді.

Төртінші мақам

42 Орташа

44 Қа-һар-ла-нып Жи-ем-бет Ұс-та-д(ы)оу най-за қо-лы-на.

47 А-ра-лас-т(ы)ай а-ян-бай Қа-та-ған-ның то-бы-на. Хан Тұр-сын-ға-күр-зүр-ды

Сү-йен-ді ат т(ы)ең жа-лы-на. Ту ұс-та-ған а-да-м(ы)ен



Байболов Қазанғап (1889-1946) — белгілі халық ақыны, жыршы. Қазіргі Түркістан облысының Төлеби ауданына қарасты Ұзынбұлақ аулының аумағында дүниеге келген. Балалық шағында Бекасыл, Сайрам, Шымкент медреселерінде білім алып, ауылдық мектептерге ұстаздық етеді. Араб, парсы, көне түркі тілдерін біршама меңгеріп, аударма жұмыстарымен де айналысады. Ақындық, жыршылық өнерге де ден қойып, эпостық мұраларды үйреніп, оларды жағта сақтап, Оңтiстiк өңiрiнiң халқына кеңiнен таратты. Қазақстан Жазушылар одағының 1934 жылғы тұңғыш съезiне қатысып, бүкiл қазақ елiне танылады. Отызыншы жылдардан бастап баспасөз беттерiнде өлең, толғаулары жиi жарияланып тұрады. Оның бiр топ шығармалары «Халық қаһары» (1949), «Халық ақындары» (1953), «Пернедегi термелер» (1965) т.б. жинақтарға басылым көредi. Ақынның соңында қалған әдеби мұраларының арасында өлең-толғауларынан бөлек «Төле бидiң тарихы», «Еңсегей бойлы ер Есiм», «Өкiрiк Найман туралы» т.б. тарихи жыр, дастандары бар.



Абылай хан.
Суретші Ж. Қайрамбаев

АБЫЛАЙ ХАН

«Абылай хан» – қазақ халқының тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін, оның ынтымақ-бірлігін сақтау үшін аянбай күрескен, сол мақсатта жанын да құрбан еткен даңқты ханның, батыр-қолбасшының өмір жолын көркем бейнелеген тарихи жыр. Туындыға басты кейіпкердің ауыртпалыққа толы балалық шағы, ержету кезеңі, алғашқы ерлігі, қол бастап ел билеген кейінгі жылдарындағы аса күрделі кезеңдері арқау болған. Абылай тұсындағы Қазақ хандығының тыныс-тіршілігі, жоңғарларға қарсы қанды шайқастар, қол жеткен ірі жеңістер, ел ішіндегі маңызды оқиғалар, Төле би бастаған халыққа танымал тұлғалардың, батырлардың елеулі ерліктері, көрші елдермен болған дипломатиялық қарым-қатынастары эпикалық дәстүрде оқырманға нанымды әрі әсерлі жырланады. Жыр сюжетінде көрініс беретін кейіпкерлердің, оқиғалардың, шайқастардың, географиялық атаулардың шынайы өмірге болғандығына тарихи, ресми құжаттық дереккөздері, сан-салалы ғылыми зерттеулер айқын дәлел болады.

Абылай хан туралы алғаш ой-пікірлерін қалдырғандардың қатарында А.И. Левшин, Ш. Уәлиханов, М.Ж. Көпеев, Құрбанғали Халид, Ш. Құдайбергiұлы сияқты ғалымдар мен зиялы қауымның өкілдері болды. Атақты бабасына қатысты деректерге, аңыздар мен өлең-жырларларға айрықша қызыққан Ш. Уәлиханов 1855 жылы «Абылай туралы жыр» аталған эпикалық туындыны ел арасынан жазып алып, жеке мұрағатында сақтаған. Кейін белгісіз себептермен Мәскеудің Орталық мемлекеттік Әдебиет және өнер мұрағатына түскен қолжазбаны академик Ә. Марғұлан тауып, орыс тіліндегі аудармасын ғалымның бес томдық шығармалар жинағына (1961) енгізген. Кеңестік кезеңде Абылайға байланысты шығармаларға тыйым салынып келгенімен, жариялылық жылдары, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін жыр нұсқалары «Абылай хан» (1993, 1995) атты жинақтарда, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2010, 57-т.) басылым көргі. Жыр мен оның нұсқалары жөнінде әр кезеңдерде М. Әуезов, С. Мұқанов, Н. Смирнова, Р. Бергібаев, С. Қасқабасов, Б. Рақымов, С. Сәкенов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Еліміздің қолжазбалар қорында Абылай ханға қатысты жырдың Көкбай Жанатайұлы, Олжабай Нұралыұлы, Салық Жаяу Мусин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шерияздан Сұлтанбайұлы сияқты ақын-жыршылар және есімдері белгісіз адамдар жеткізген он бес нұсқа сақталған. Томды баспаға әзірлеу барысында туындының қолжазба нұсқалары сараланып, олар баспа үлгілерімен салыстырылып, А. Тоғастапұлы жинаған белгісіз жыршының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (Ш.657, 2-дәптер).

Қазіргі тұрған жерім Алтай тауы,
Адамға жақсы болар деннің сауы.
Бұрынғы Қалдан, Абылай заманында
Қалмақ, қазақ шабысқан елдің жауы.

Екі ортада бос адам жүре алмаған,
Басынан қалмақ, қазақ құралмаған.
Мал басын бір біреудің тартып алып,
Көңілі еш нәрседен тына алмаған.
Жесір-жетім халықты шауып кетсе,
Артынан бітім қылып сұралмаған.
Қалмаққа қазақ қолы қатты тиіп,
Арқада сол себепті тұра алмаған.

Қалмақтың Қалдан деген болған ханы,
Еш ханнан кейін емес бар-ды сәні.
Ажал жетіп Қалдан хан өлгеннен соң,
Қалмақтың сонан кейін бітті мәні.

Абылай уақытында Қалданның толған күні,
Кемітуге болмайды біттей міні.
Абылайға бостандық бергенінде,
Тәуірліктің ашылды сонда шыны.

Күйеуі әскер басы қонтайшысы,
Қазақты шаппақ болған келер қысы.
Шарышты әскер басы жібермек боп,
Қазақты шауып алмақ келсе күші.
Шарыш, Қалдан қонтайшы екі арада
Еркелеп сайран еткен бұлбұл құсы.
Шөкаман батыр екен қатар жүріп,
Дұшпаннан қалмайды екен биттей мысы.

Қалмақтан жеке батыр Шөкаман-ды
Өзіне теңгермейді ешбір жанды.
Қазақ елін шабам деп батыр жиып,
Арқаны Ұлытаумен бетіне алды.
Олжа алатын қалмақтан ел қалмасын,
Қасына ере алмаған жаман қалды.
«Шөкаман батыр барса, қауіп жоқ», — деп,
Жүре алмаған қатын мен бала қалды.
«Малы көп қазақты шабамын», — деп,
Жолында неше түрлі қала қалды.
«Шарыш пен ер Шөкаман келеді», — деп,
Жер дүние сол бір кезде қарай қалды.

Бұл сөзбен енді қалмақ тұра тұрсын,
Ендігі сөз қазаққа мойын бұрсын.
Орта жүз бастап қазақты жиып жатыр,
Қандыруға болады құлақ құршын.

Орта жүз мына сөзге намыстанды,
Бұл дағы азулымен жарысқан-ды:
«Біз барып ханымызбен бас қосайық,
Батыр көп, бізде де бар арысланды».

Ханға барып баршасы басын қосты,
Осы жолдан қалдырмайды басы босты.
«Орта жүздің батырын жиып алып,
Ұлытауға барсын да тіксін қосты».

Қалмаққа біраз үй Ұлы жүзден қараған-ды,
Ол уақытта екі орта аламанды.
Хан еді сол уақытта Әбілмәмбет,
Сөз байлап шабысуға тараған-ды.
– Ұлы жүзден ел менен жер кетіпті,
Ертіп ап қалдырмайық жарағанды.
Батыр көп Орта жүзде неше түрлі,
Азуын айға қарай балағанды.

Тоғылтып Ұлытауға жайылайық,
Үш жүз боп бір Құдайға сиынайық.
Әр батыр атқа мінер қалдырмасын,
Тұс-тұстан ұран салып құйылайық.

Бет түзеп қазақ шықты қалмағына,
Екі жақтың біз қараймыз салмағына.
Соғысты екі жағы істей берер,
Тарихта аттарының қалмағына.

Мың жеті жүз отыз бірінші жылы басталыпты,
Әуелден қазақ, қалмақ қастасыпты.
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетіп,
Ел, жер жібермеске құсталыпты.
Басынан Орта жүздің батыры көп,
Ұлы жүз жуастықпен бос қалыпты.
Хабарды Ұлы жүзге жіберген соң,
Әрине, жібермек боп хош алыпты.

Тағы да жіберіпті Кіші жүзге:
«Қалмақпен шабысамыз, келсін бізге.
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетті,
Намыс шығар, ойлаңдар ол да сізге».

Ести сала Кіші жүз жүріп жатыр:
 «Туғызамыз қалмаққа, — деп, — заманақыр».
 Түтігіп, атқа мініп айғай салып:
 «Кіші жүз, — деп, — батырлар, ұран шақыр!»

Кіші жүз әуелден-ақ жауынгер-ді,
 Аспаннан тілегенін Құдай берді.
 «Ұлытау — жиылатын жеріміз», — деп,
 Батырлар тоқтамастан жүре берді.

Бар еді Ұлы жүздің Төле биі,
 Халыққа орда болған оның үйі.
 Үш жүздің баласына бата беріп,
 Орыспен де сыры бар тұрған күйі.
 Ұлы жүз Орта жүзден бұрын қарап,
 Мағлұм бітім қылып алған сыйы.
 Көп біледі, ісін де Төлем білер,
 Қалай айтсаң Төкеңнің артық миы.

Төкеңе жетім-жесір сия берген,
 Құдайым жақсылықты қия берген.
 Алдына жүгініскен кісі келіп,
 Тоқтатып тентекті бір тыя берген.

Бір жылы сәлем берді жетім бала,
 Түбіне мына сөздің байқап қара:
 «Әй, ата, қолыңызға бала болам», —
 Жауапты айтып еді елді жара.

— Атың кім, қай елсің, балам? — деді, —
 Жөніңді айт, сонан кейін алам, — деді.
 — Атым жоқ айтатұғын, сіз қойыңыз,
 Өмірімше қасыңызда қалам, — деді.

— Сәлем бердің қасыма жағалап кеп,
 Мені тауып алыпсың сығалап кеп.
 Үстіңдегі киімің жалба-жұлба,
 Тымағыңның атын қойдым «Сабалақ» деп.

Түйе бақ, «Сабалақ» деп атты қоям,
 Тілің жақсы, сөзіңе әбден тоям,
 Жақсы болсаң ұлымсың, Сабалағым,
 Ырым қып мал келген соң қойды соям.

Сабалақ түйе менен жылқы бақты,
 Төлеге қалай айтса әбден жақты.

Төле би құл да қылды, ұл да қылды,
Кім білер осындайға берер бақты.
Ұлы жүзге шақырған келді хабар,
Алдынан Төле бидің сөз боп тарар.
Орта жүзден Жидебай батыр барып:
— Лайықтаңыз, халқыңыздан қанша барар?

Төле би айтты:

— Елі кеткен, жері кеткен біз, — деп айтты, —
Халық болсаң, бұл сөзге қыз, — деп айтты, —
Қолдан келмес қатын мен бала қалсын,
Тіл алған атқа мінерсіз, — деп айтты.

Сабалақтың Төле биден рұқсат сұрауы:

Сабалақ: «Рұқсат болса, барам, — деді, —
Тіліңді не айтсаң, алам, — деді, —
Рұқсатпен, ей, ата, батаңды бер,
Тіліңді алмай кетсем харам», — деді.

Төле би:

— Шырағым, жылқыңды бақ, бара алмайсың,
Ту ұстап тұлпар мініп тұра алмайсың.
Көп ішінде батырлар толып жатыр,
Жақсы деп ат қойғызып сыналмайсың.

Сабалақ:

— Ей, ата, менің сөзім болмас ірі,
Кешіңіз ғапу етіп болса міні.
Өзімнен артық емес көрген батыр,
Өліп кетсем боламын көптің бірі.

Төле би:

— Рұқсат бердім, балам, жолың болсын,
Қасыңа Қызыр Илияс жолдас болсын!
Бақ алып, абырой алып осы жолы,
Қасыңа қанша адам қоңсы қонсын.

Төле би аямады баталарын,
Сөзімнің кешіре гөр қаталарын.
Сабалақты қасына қосып беріп,
Ұлы жүздің жіберді батырларын.

«Ұлытауда жиылып бастарың қос», —
Орта жүздің қосып берді шақырғанын.
Батырлар басын қосып келе жатыр,
Ұлытаудан естілді ақырғаны.
Ұлытауда Орта жүз жатыр екен,
Тіккені қос пен басқа шатыр екен.
Жан-жаққа қарауылға біреу қойып,
Тау басында қарауылшы отыр екен.

Мына жақтан толқыған қол келеді,
Ешкімнен кемдігі жоқ мол келеді.
Сол уақытта бір батыр айғай салып:
«Мынау бізге кімдерді теңгереді?»

Кешікпей жетіп келді хабаршысы,
Батырлардың көтеріліп ұшты құсы.
Ат-айғыр ерулікке сойып жатыр,
Малдарын айтып сойып келіп күші.

Кіші жүзден тағы да ұран шықты,
Батырлар мың кісілік болып мықты.
Орта жүз ерулікке малын сойып,
Қалдырмай семіз малдың бәрін жықты.

Үш жүз түгел жиылып, басын Ұлытауға қосып, мал айтып сойып,
Шақшақұлы Жәнібектен бата алды. Үлкен Әбілмәмбеттің әмірі бойынша,
қалмақ келіп қалады деп, қалмаққа қарай тез жүргізгені:

Үш жүздің баласы боп тартты шеру,
Батырлар енді тоқтап болмай еру.
Бірнеше күн Ұлытауда жатып қалдық,
Алланың салған ісін көзбен көру.

Үш жерге үш бөлек боп жиылыпты,
Тұс-тұстан көп халайық құйылыпты.
Ту ұстап, тұлпар мінген өңшең батыр:
«Құдайым, жолды қыл», — деп сиыныпты.

Қалмақ, қазақ қарысып жүріс қылды,
Бас қосқанша ұрыс жоқ, тыныс қылды.
Қалдан хан, Әбілмәмбет заманында
Екі ортада аламандық бір іс қылды.

Екі әскер бір жерде түйісіпті,
Қалмақ, қазақ екенін білісіпті.
«Шөкаманға қай адам келеді?» — деп,
Қалмақтар өз тілімен күлісіпті.

Қалмақтан Қалданның жиені — Қонтайшының баласы Шарыш деген батырды Қалдан өз орнына жіберіп, Шөкеман батырды қосып жіберіп, «Қазақты жесір-жебір қылып алып кел», — деп күшін жиып жіберген екен. Сонда Шарыш бала: «Өзіме ханды шығарсын», — деп кісі салыпты, ал қазақ қолы: «Әуелі батырлар шықсын», — деп, ханды шығармайды. Қалмақтың белгілі, атышулы батыры Шөкеман шығыпты.

Сонда Шөкеманның айтқаны:

Шөкеман: «Мен шықтым!» — деп айғай салды,
Жұрт үндеспей сол жерде аң-таң қалды.
Батырлар «барамын» деп айтпаған соң,
Сабалақ бата тілеп ханға барды.

— Жолың болсын, шырағым, балам, — деді, —
Көрінді қазіргі жер тараң¹, — деді. —
Бір батыр Шөкеманға қарсы шықпай,
Аузы болды халықтың сараң, — деді. —
Қызыр Илияс басшы боп, Сабалағым,
Қайтып кел осы араға аман, — деді. —
Буының қатпағандай жас баласың,
Атышулы батыр еді жаман, — деді.

Сонда Сабалақ «тоқтатпа» деп айтқаны:

— Әбеке, ол да біреу, мен де біреу,
Бөгеттеп тоқтатпаңыз болып іреу,
Ол дағы бір қалмақтан туған шығар,
Болмайды ешбір адам көкке тіреу.

Сабалақ атқа мінді «иә, Құдайлап»,
«Не болса да болады, — деп басын байлап, —
Әбиірді, Құдайым, береріңде,
Шөкеманға тоқтатпай өзін айдап».
Бетін түзеп қалмаққа алғаннан соң,
Мол қылып қару-жарақ алды байлап.
Төленің жылқысынан таңдап алып,
Басынан мініп еді атын сайлап.

«Абылайлап» ат қойды Шөкеманға,
Қорқатұғын барған соң ол бір жан ба?
Өліп кетсе қазақтың бір баласы,
Ол жеңілсе, қалмаққа болар таңба.

¹ Тараң — тар.

Шөкаман айтты:

— Ажал айдап келдің бе, бала? — деді, —
Сөзіме менің айтқан қара, — деді. —
Мен қалмақтың батыры Шөкаманмын,
Сені қалай қылған қазақ пана? — деді. —
Бойымдағы қаруым түрі мынау,
Көзге қалай көрінеді, сына, — деді. —
Найзамның қандауына жарамайсың,
Әуелгі белгі байқалса, осы ара, — деді.

Сонда Сабалақ айтты:

— Арғы атам — Абылай, өз атым — Әбілмәнсүр,
Көп халық мені тілеп ту ұстап тұр.
Сен Шөкаман болсаң, қалмағыңның
Не боларын білмейсің мақтанып құр.

Ауызбен қырғанменен түк өнбейді,
Надан қалмақ бар болсаң, күшіңмен қыр,
Үйден шықпай қазақты жоқ қылмақсың,
Жолшыға кесір болар айтылған құр.

Екеуі найза алып қағысады,
Қолына қылыш түссе шабысады.
Меңгеріп бірін-бірі алмаған соң,
Екі батыр бірін-бірі бағысады.

Ашүмен найза салды қарсыласып,
Қазір де біреу алар күші тасып.
Шөкаманның жүрегіне найза отырып,
Қорқырап жығылады қара басып.

«Мен Абылай!» — деп ат қойды қалмақтарға,
Енді артын¹ қалмақ күшін салмақтарға.
Қалмақтар шуылдасып қашып жатыр,
Ажалдан құтылғаны болады ар ма.

Ат қойып қазақтар да тура шапты,
Ту жығып Абылайға берген бақты.
Қазақты сонша жерден жоқ қылам деп,
Оңай жылдам алатынды қайдан тапты.

Артынан қашпай қалған Шарыш батыр,
Қалмақтар тоқтамастан қашып жатыр.

¹ Артын — «күшін» деген мағынада.

«Артынан ту ұстаған Шарыш па?» — деп,
Абылай бөгелместен келе жатыр.

— Хан жиені, әкем — Қонтайшы, атым — Шарыш,
Хан орнына келгенім елге таныс.
Шөкемандай батырымды өлтіріпсің,
Қазіргі майдан төбе жерге барыс!

Сол жерде тоқтамай-ақ салды найза:
— Шарыш, ұрысатын сөзден тайма.
Найза үстінде талай жан кететұғын
Иә саған, иә маған болар пайда.

Қылыш шауып Шарышты өлтіріпті,
Басын кесіп, Әбілмәмбетке келтіріпті.
Шаршап келіп сол жерде Әбілмансұр
Бір төбенің басына желпініпті.

Қалмақтар бөгелместен қаша берсін,
Қалған малды қазақтар баса берсін.
Үйден шықпай қазақты жоқ қылам деп,
Қалмақтың бос күпірі таса берсін.

Қалмақты қашуменен бостырайық,
Хан менен қазақ басын қостырайық.
«Алаштап» қазақ сонда ұран салды,
Кім аман, кім жаман деп сыр сұрайық.

Үш жүз боп бір төбеге жиылыпты,
Қалмақтар бос қашумен қырылыпты.
Басшы адам баршалары аман болып,
Мал айтып, бір Құдайға сиыныпты.

Ес жиып хан: «Сабалақ келсін, — дейді, —
Бұл халық кім екенін білсін, — дейді. —
Шөкеман мен Шарышты бірге өлтірген
Дұшпаннан кек әперген көрсін», — дейді.

Ханның өз кісісі барып шақырыпты,
Сабалақ шаршаңқырап отырыпты.
Батырлар шаршағанды керек қылмас,
Хан шақырды деген соң құлпырыпты.

Сабалақ сәлем беріп ханға келді,
Көп халық құмарланып көзбен көрді.
Батырлар, құрметті адам бәрі түгел
Әбілмәмбет оң тізеден орын берді.

– Сабалақ, ұран салдың «Абылайлап»,
Мен тұрдым төре ме деп, «я, Құдайлап»,
Жөніңді айт, я шырағым, білмек үшін,
Қалмақты қойша қырып кеттің айдап.

Басынан қалмақ, қазақ бар егесі,
Шөкаманның қатты тиді төбелесі.
– Сұрасаң, атам атын мен айтайын,
Боламын Қанішер Абылай немересі.

Соғыста жолы болған Абылай-ды,
Көтеріліп жүрегім қабындайды.
Өз атымды сұрасаң – Әбілмансұр,
Туысы жоқ, ешбір адам бағынбайды.

«Бауырым!» – деп Әбілмәмбет беттен сүйді,
Бұрынғы еске түсіп, іші күйді:
– Қайда екенің таба алмай жүруші едік,
Қос пенен шатыр тігіп, тіксің үйді.

Уәлибақи әкесінен жалғыз бала:
– Білдіремін, көп халық, сөзге қара,
Үш жүз боп осы арада бас қосыппыз,
Абылайды осы арада хан ғып қара.

Сол жерде көп халайық: «Болсын, – деді,
Бір жерге орда тігіп қонсын, – деді, –
Арғыннан Шақшақұлы Жәнібек бар,
Хан көтеріп, бәрі бата берсін», – деді.

Сол жерде халық жүрді ордасына,
Енді ешкім қоймайды болмасына.
Барысымен сол жерге көп халайық,
Мал айтып, бата қылды молдасына.

Малдарын тойын қылып соя берсін,
Қызыққа бозбалалар тоя берсін.
Неше күн арада қызықпенен
Дұшпан жоқ, ат пен адам тоя берсін.

Шақшақұлы Жәнібек бата бермек,
Абылай-Әбілмансұр хан көтермек.
«Абылайлап» ұран салып көтеріпті,
Халық тұр түгел жиылып көзбен көрмек.

Хан көтеріп Абылайдың атын берді,
Аямай арғын Жәкең бата берді.

Әлі де қызығына тойғаны жоқ,
Рақаттанып сол арада жата берді.

Үш жүздің атышулы батырлары
Ту ұстап Абылайдың қасына ерді.
Бұрынғы ханның орны Ұлы жүз-ді,
Орта жүз: «Бізде болсын», — деп сөзге келді.

Үш жүздің баласы боп танысады.
Қызықпен сөз сөйлесе жарасады,
«Қалмақпен екі арамыз тоқтамайды», — деп,
Орта жүз соны айтып тарасады.

Бас қосып жиылды ертең тағы халық,
Ду көбейіп бұрынғыдан болды жарық.
«Хан тұрмаққа Үш жүзбен таласты», — деп,
Естілді Жәнібек пен ханға барып.

— Жәнібек шақырады, келсін, — дейді, —
Сөз жөнін біз айтамыз, көрсін — дейді, —
Үш жүздің баласынан үш адам боп,
Төлеге ханды алып барсын, — дейді. —
Кімге айтса Төле би түзу айтар,
Абылай атасына сәлем бергіз,
Қасыңа мақұл болса ерсін, — дейді.

Хан болып, халық болып сөз байлады,
Жүруге Төле биге ыңғайланды.
Үш жағынан тоқсан кісі бармақ болып,
Келісіп осы сөзге ырайланды.

Хан менен тоқсан кісі жүріп кетті,
Ортада бірнеше күндер өтті.
Төле би ой өзенінде отыр екен,
Бөгетсіз тоқталмастан барып жетті.

Олжадан бірнеше тоғыз ала барған,
Құрметтеп әкелгенін талап алған.
Апарған қалмақ малы жаманы жоқ,
Басынан тәуірлерін қарап алған.

Хан барып Төле биге берді сәлем:
— Өзіңізден кеткеннен жаңа келем.
Үш жүз болып хан қойып таласады,
Билігін сізге айдайды, кімге ерем?

– Жолың болсын, шырағым, аман келдің,
Батыр болып хан қойды, көзбен көрдім.
Үш жүздің баласының бөтені жоқ,
Мен дағы тілеулеспін, бата бердім.

Абылай, өзің қара мына сөзге,
Көңіл шіркін байқалса жаһан кезбе.
Ұлы жүз, Кіші жүзге мүмкін емес,
Жау ішінде, лайықсың Орта жүзге.

Осыменен Төле би сөз байлады,
Тұруға Орта жүзге ыңғайланды.
Орта жүздің бірі еді Доңғалақ батыр,
«Билікті құп алдық», — деп көз жайнады.

Осыменен батырлар қайтпақ болды,
Ол күні Төле биге қонақ болды.
Үш жүзден үш басшыға ат мінгізіп,
Сыйға сый деп солай жол қылмақ болды.

Жаза берсең болмайды сөзді қосып,
Халық жатыр артыңда ханды тосып.
Жәкең айтқан әуелі үшеу бармай,
Тоқсаны әлі жүр бәрі жосып.

Төле би Абылаймен жеке шықты:
– Шырағым, сенен жақсы халық епті.
Үш жүз болып бас қосып барғанында
Қалмаққа күшің асып болдың мықты.

Жазғытұрым халық маған көрісетін,
Амандықпен қолдарын берісетін.
Бітіспеген халықтың дауы болса,
Маған келіп үлкен сөз бітісетін.

Абылай, болды сенің көңілің ақ,
Жүргенде таза болып Құдайға жақ.
Ел жаяу, мен ат үсті көрісетін,
Өзіңе көрісерде атымды таяқпен қақ.

Төлеге мына жұмысты істеді деп,
Бұрынғыдан артығырақ бітеді бақ.
Атымнан түсе қала көрісемін,
Жар болып Қызыр Илияс болады жақ.

Жүргізді қонақтарын қош-қош айтып:
– Барарсың баршаларың қолға қайтып.

Орта жүзге бармаққа бата бердім,
Кейінге Қазыбекке сәлем айтып.

Тоқсан кісі келеді ханмен қайтып,
Көңілдерін көтеріп өлең айтып.
Таянып жатқан жерге келгеннен соң,
Ес ұлы Алпысбайдан хабар айтып.
«Хан келеді!» — деп батырлар шабысады,
Найзаларын ойын қылып қағысады.
Алдынан қанша батыр дайын тұрып,
Кешікпей амандыққа табысады.

Жәнібек Әбілмәмбетке сәлем берді,
Әуел бастан хан Абылай кемеңгер-ді.
«Орта жүзде тұрғаның құтты болсын!» —
Сол жерде қазақ болып бата берді.

Үш жүздің баласы сол жерде тарайды. Енді еліне қайтпақ болады.
Ханды арғын елі алып, Шақшақұлы Жәнібектің елге таратқаны:

Ханды алып арғын елі қайтпақ болды,
Бет түзеп бір өзенге қонбақ болды.
Батырлар атқа міне бірге жүріп,
Сол күні хан қасында бірге болды.

Еліне қайтқандары амандасып,
Көкшетау орда тігіп жатпақ болды.
Жәнібек Қазыбекке хат жіберіп,
Кейінгінің амандығын білмек болды:

«Ханымыз Орта жүзде Абылай-ды,
Іздесек ондай адам табылмайды.
Қасына ерген батыр қызығынан
Дүниеде үйі-түзін сағынбайды.
Қалмақты жесір-жебір шауып алып,
Дұшпанға қалай айтса бағынбайды.
Жүректе түзушілік бәрі де бар,
Жөнсіз еш адам жағынбайды».

Ес ұлы жіберіпті Алпысбайды,
Дұрыс хабар береді деп сөзге жайлы.
Қазыбекке хат пенен хабар берсін,
Көкшетауға орданы ыңғайлайды.

Алпысбай жүріп кетті хатты алып,
Үш күнде Қазекеңе жетіп барып:

– Хан Абылай Орта жүзге келе жатыр,
Осы жолы жүрістің бәрі қарық.

Жәкең мен хан Абылай сәлем берер,
Бір екі-үш күнде халықтың көзі көрер.
«Көкшетауға орданы тіксін», – деді,
Бәрін көріп дұшпандар арттан ерер.
Төле би сізге айтты: «Ханын көрер,
Хан түзелді, халықтың дауы бітер.
Хан мен биі халықтың түзелмесе,
Ел болмайды, халықтың сәні кетер».

Үй тігіп, Көкшетауды түзеттірді,
Ханға арнап тіккен үйді күзеттірді.
Ақсақал атқамінер қарсы шығып,
Тілдерін шешендер де безеп тұрды.

Хан Абылай Қазекеңе бұрылады,
Дұшпан көрсе бұлардан сырылады.
Қалған қол Көкшетауға тура тартып,
Қош айтып хандарынан жырылады.

Сәлем беріп Қазекеңе барды бұлар,
Мұнан былай ақсақалдар билік құрар.
Ханменен атқамінер қатар келіп,
Тентекті тез тоқтатып ауызға ұрар.

Жүріп кетті Абылай Бурабайға,
Тоқтау қылып бұзақыны тұра алмай ма?
Ордаға хан Абылай түскеннен соң
Жиғызып елдің басын құрамай ма.

Барып түсті Абылай ордасына,
Жақсы ат айтып сойғызды молдасына.
Ақсақал, батырларды жиып алып,
Айтқан аттың етін берді жолдасына.

Хан елі жеріменен болған толық,
Жаз жайлау Бурабайдай жерге қонып,
Билері үлгі салған елдеріне,
Толықсып тұрған жері әбден болып.
Болғанда аттарыңды өрге айда,
Қыс қыстап Сарыарқаның жерін жайла,
Қалмақтың қашып барған сөзі қайда?

Қалмақтың қашып барғандарының Қалдан ханға Шөкаман мен Шарышты естірткені:

Шөкаман батыр болғанда, Шарыш – ханның көзі,
Әрине, енді сөйлер келді кезі.
Қалғандары артынан келе берсін,
Қалмақтың жылап келіп айтқан сөзі.

Сөз беруге Қалданнан рұқсат сұрап,
Құтылып кеп Қалданға айтты жылап:
– Шөкаман, Шарыш балаң ұрыста өлді!
Осыны айтып келген қалмақ кетті құлап.

Мұны естіп қалмақтар қалды шулап,
Өз тілімен жылайды, айтып, дулап.
Мұндай қайғыға мықтанып белді бумақ:
– Шарыш пенен Шөкаман батыр болса,
Ондай адам қалмақтан қайдан тумақ?
Қалдан менен Қонтайшы өліп кетсек,
Бақтарың басыңнан кетер зулап.

Сол сөзді айтып жылады Қалдан ханы,
Сол уақытта кірмейді елдің сәні.
– Абылайды жерінен ұстап берер
Қалмақтан ұл туа ма батыр, кәне?!

Батыр шықты қалмақтан Жалбы деген,
Ол дағы қатарына қайғы жеген:
– Қасыма толық қылып әскерді қос,
Абылай қайда болса барам, – деген. –
Шарыш пен Шөкаманды жоқтамасақ,
Бұл дүние, тірлігің харам, – деген. –
Қолдан келсе әкелем Абылайды,
Иә болмаса соларша қалам, – деген.

Қалдан хан: «Отыз мың әскер ерсін, – дейді, –
Тірі ұстап Абылайды келсін, – дейді, –
Жер дүниеге естіліп ұсталғаны,
Абылай ханды не қылғанын көрсін», – дейді.

Отыз мың әскер ертіп жүрді жалпы,
Екеуіне күйінеді қалмақ халқы.
«Абылайды өлтірсек бітеміз», – деп,
Бір-біріне айтады, сөздің салты.

Түзу тартып қалмақ қолы жүре тұрсын,
Қиын болар келтірмек сөз бұрышын.
Қалмақ, қазақ арасында бітім болмай,
Кетірді екі жақтың көп тиышын.

Абылайдың Ұлытауға аңға барып, қапылыста қолға түскені:

Абылай Ұлытауға аңға барған,
Батырлар Көкшетауда елде қалған.
Абылайға орынсыз жер кездеседі,
Халыққа бір кемшілік болған арман.

Ұлытауға таянып келгенінде
Уақ Өтеген батырды ұстап алған:
«Қасыңдағы Абылай қай жерде?» — деп,
Өлтірмек боп Өтегенге дүре салған.

Өлтірсе де Өтеген шын айтпаған,
Сөзінен бастапқы айтқан бір қайтпаған.
«Осы жерде Абылай бар шығар», — деп,
Сол жерге қалмақ қолы тұрақтаған.

Қалмақ қолы Ұлытауды аралайды,
Қиын жерге қандай адам паналайды,
Таяу жерде хан Абылай ұйықтап жатыр,
Қапылыста ұсталды, жарамайды.

— Жеке батыр мынау жатқан ер ме? — деді, —
Абылай болса осы ара белде, — деді. —
Қапылыста ұйқыда ұстап алдық,
Қазақтың ханы Абылай сен бе? — деді.

— Сұрасаң, Абылай — мен, — деп айтты,
Қапылыста қолға түсті, енді қайтты?
«Атымды жасыруға болмайды», — деп,
Өлтірсе де қалмаққа шынын айтты.

Абылай мен Өтегенді жүрді алып,
Осы айтқан сөзіне әбден қанып,
Қалдан хан бұл екеуін тірі көрсін,
Оған шейін барады өзі де арып.
Қай уақытта асқандыққа тосқандық бар,
Қазір де хан Абылай болды ғаріп.
Жоғарылаған адамды үлгі қылсақ,
Қазір де осы күнде қылсақ парық.

Не қылса да Жаратқаннан болды пәрман¹,
Ұйқыда түскеніне қылған арман.
Қапылыста талай батыр қапы тауып,
Хан Абылай қалмаққа кете барған.

¹ Пәрман /парсы/ — әмір, бұйрық, жарлық; қарқынды екпін; күш, қуат.

«Абылайды қалмақ кеп ұстады», — деп,
 Елдегі батырларға хабар барған.
 «Несіне Абылайдан қаламыз?» — деп,
 Үш-жүздің баласына хабар салған.
 Үйсін Төле би орыспен сөзі бар-ды:
 «Абылай кетті өлтірмей, енді қамдан.
 Тірі кетіп Абылай ел болмаспыз,
 Оны іздемей болмайды артта қалған».
 Кіші жүздің ханы еді Әбілқайыр,
 Орыспен сөзі бар-ды әбден зайыр,
 «Орыспен екеуің сөйлескейсің
 Ханымызды тірі әперсін, жауап қайыр».

Орта жүз хабарласып атқа мінді,
 Бәріне сәлем айтып хабар қылды.
 Орта жүзден атқа мінер біреу қалса,
 Кімде-кім осы сөзге болсын мінді.

Үш жүз боп батыр, жақсы бәрі жүрді:
 «Қайтеміз тірі қалып қалған күнді».
 Батыр, жақсы, баршасы қайғыменен
 Отыра алмай үйінде болып жыңды.

Төле би мен Әбілқайыр ханның орысқа айтқаны:

Хан мен би Тевкелев деген жандаралға айтқан сөзі:
 — Қазақ боп саған айттық, келді кезі.
 Абылайды қалмақ ұйқыда әкетіпті,
 Кім екенін орыс, қазақ көрген көзі.

Орысқа: «Абылайды әпер, — деген, —
 Иә болмаса туыңды қалмаққа көтер, — деген.
 Абылайды ұрыспен әпермесең,
 Қазақ халқы сендерден кетер, — деген. —
 Осы сөзді сендерге қатты айтамыз,
 Иә болмаса сөйлегеніміз бекер, — деген. —
 Абылай байқағанға ұлт адамы,
 Ұқсаңыз, осы сөз де жетер», — деген.

Жандарал айтты: «Төле мен Әбілқайыр,
 Жіберерміз хабарға Малбар майыр¹.
 Қалмақ, қазақ арасы бітім болар,
 Дейміз ғой: «Абылайды бізге қайыр».

¹ Малбар майыр — Миюллер майор.

Бермесе, қалмақпенен сөйлесерміз,
Қазақ пен орыс болып кездесерміз.
Орыс болып арашаға жарамаса,
Түтігіп қару-жарақ сермесерміз».

Осы сөзді айтып жіберді қалмағына:
«Орыс, қазақ жарармыз салмағына.
Орыс пен қазақ бірге қатар барар,
Шыдағаннан көрерміз зардабына».

Абылайды алып барғаны:

Абылайды алып барды хандарына,
Не көрмейді Алланың салғанына.
— Тоқтатпастан зынданға апарып сал,
Қалданның кім тұрады пәрманына.

Тоқталмай қағаз алып майыр барды,
Өтірік жоқ, бұл сөзден зайыр бар-ды:
«Абылайды өлтірме — ұлт адамы».
Қазіргі тексеруден айырып алды.

Тоқталмастан қазақтың қолы келді,
Қарауылшы келгенін көзі көрді.
— Мына жақтан қалың қол келеді, — деп,
Қалданға тоқталмастан хабар берді.

— Абылай үшін ол келген қазақ, — деді, —
Түк өнбейді, ол күлкі мазақ, — деді, —
Ортасынан Абылайды іздеп таптым,
Басына іздегені азап, — деді.

Алдынан бір кісіні: «Бар, — деп айтты, —
Түгел өлмек өздеріне ар, — деп айтты, —
Алдынан әскерімді шығарамын,
Арты бөгет, қыстың күні қар», — деп айтты.

Осы сөзді айтып қазаққа барды біреу,
Сөзінің күпірлігі көкке тіреу:
— Тіл алсаң, өздеріңе қайтқан жақсы,
Алдыңнан әскер шығып қарша күреу.

— Әй, қалмақ, әуел бастан мақтанасың,
Біз келді деп, әрине, сақтанасың.
Ұйықтап жатқан ханымды ұрлап алып,
Әрбірден соң «ақпын» деп ақталарсың.

Үш жүздегі қазақтың қалғаны жоқ,
Соғыста өлсе, Абылайдың арманы жоқ.
Ұрыларша ұйықтап жатқанда ұстап алып,
Кеуде көтеріп, бостан-босқа болмаңдар тоқ.

Ханыңыз Абылайды жіберіп, ұрыс қылсын,
Бізді жеңсе, сонан тыныш қылсын.
Ұйқыда жатқан жерде ұстап алып,
Әділетпен осындай бір іс қылсын.

Қалмақ қайтты ханына айтпақ болып,
Қазақ жатыр сол жерде қонақ болып.
Абылай хан қолына түскеннен соң,
Дұшпанның отырады қаны толып.

Тоқтамастан келген кісі қайтты дейді,
Ханына естігеннен айтты дейді.
«Абылайды ұйқыда ұстапты деп,
Сол сөзді келген қазақ айтты», — дейді.

Сонда Қалдан: «Рас, ұйқыда түсті, — дейді, —
Қалай айтса Абылай болар күшті, — дейді. —
Жекпе-жекке шығатын бізден батыр бар ма?
Байқайық осыменен істі, — дейді. —
Қалған батыр Абылайдай емес шығар,
Бізде де батыр бар ғой күшті», — дейді.

Сонда қалмақтан бір батыр болды дайын,
Әуел бастан біледі ұрыс жайын:
— Жекеге екі жақтан батыр шықсын,
Қазақ батыры жеңсе, беремін Абылайын.
«Ұйқыда ұстады» дегеніне бердім тілек,
Қолға түскен кісісін босқа ұрмайын.

Елшісін жіберіпті осы сөзге:
— Елші байлам айтып келсін бізге.
Екі ортаға батырды шығарамыз,
Ұрыспенен отырсын көзбе-көзге.

Осылайша байладым, жөнін айтсын,
Батыр өлсе, тоқтамай елге қайтсын,
Тілегені өздерінің осы болар,
Әрине, енді қазақ несін айтсын.

Елші барып бұларға айтты сөзін,
Сәті болса келтірер, ал кезегін.

Қасына қос батырды қосып беріп,
Жұмысты бітсін дейді тезбе-тезін.

Екі елші басын қосып сөз байлайды,
Таң атқан соң шықпаққа ыңғайлайды.
— Ханымызды жіберсең, біз дайынбыз,
Қоя бер, — деп батырлар тіл шайнайды.

Белдеу жерге екі жағы жиылыпты,
Қалың қол екі жақтан құйылыпты.
«Абылайды осы жолы аман бер», — деп,
Мал айтып, бір Құдайға сиыныпты.
«Бата бер!» — деп тілейді Тоғалақ батыр.
«Кім барады?» — деп халық ойлап жатыр:
«Абылаймен барған батыр өліп кетсе,
Басымызға түсті, — деп, — заман ақыр».

Тоғалақ батыр арғыннан қаракесек,
Лайықтап айтады сөзін өлшеп:
Жүрегім Абылай үшін тоқтатпайды,
Әбиір алып халыққа аман келсек.

Жиылған халық сол жерде берді бата,
Кешірілсін сөзімде болса қата.
Қалмақ пенен қазақтың үлкен басы,
Екі жақ не болады деп жүрек қапа.

Екі батыр барды да майдан құрды,
Өз тілімен екі жақ тілеп тұрды.
Әбиір беріп Тоғалақ батырына,
Өлтірмей, ұстап алып жерге ұрды.

Қалмаққа: «Тірі бар да, қайт, — деп айтты, —
Ханың шыншыл болсын, айт, — деп айтты. —
Қалдан хан екі айтпайтын түзу болса,
Үйіңе тыныш барып жат», — деп айтты.

Өлмей қайтып батыры ханға барды,
Қалай өлмей келді деп аң-таң қалды.
Батыр сөзі әуелден өктем еді,
«Білім бар», — деп Қалдан хан ғажаптанды.

Қалдан айтты: «Батырлығы күшті кісі,
Өлтіруге жетті ғой мұның күші.
Қан шығарсам ортаға жарамас деп,
Түзулікке барады мұның ісі».

Халқы айтты: «Қалдан хан, қайтеміз? — деп, —
Қалай жауап қазаққа айтамыз? — деп. —
Абылайды алдымызға алдыралық,
«Сені апарып дарға тартамыз», — деп.

Қалмақ қолы шаһарға барып кірді,
Жеңілгенін басынан халық білді.
Қазақ та бөгелместен ол да қайтты,
«Бір жақсылық болар», — деп іштен күлді.

Хан Абылайды зынданға салған еді,
Көңілі тіршіліктен қалған еді.
Қапылыста қалмаққа қолға түсіп,
Қылышын сермемеген арман еді.

«Тоқтатпай Абылайды алып кел», — деп,
Жендеті кісі өлтіретін барған еді.
Өлтіре ме деп Құдайға көп жалынып,
Қызыр Илияс пірден тілегені жәрдем еді.

Жолдас пен Абылайды алып жүрді,
Көкшенің қақ ортасын жарып жүрді.
Өліп кетсем қай адамнан артықпын деп,
Көңілі бұл дүниеден қалып еді.

— Әй, Өтеген, қалмаққа жасымайық,
Ажал жетсе өлтірер, бас ұрмайық,
Ханға бармай кәзір¹ де өлтірмейді,
Білгенімізді тоқтатпай жасырмайық.

Қалдан ханның қасына келді алып,
Мына сөзді байқаңыз қылып парық.
Қалдан ханның қасында бір орын тұр,
Абылай барып отырды елді жарып.

Ол орынды, әрине, сынмен қойған,
Абылайдың кетті шығып уайымы ойдан.
«Мынау орынды маған қойған шығар», —
Орындыққа қасында артын қойған.

Хан қасында Абылай кетпеді ығып,
Отырса да өлгені жүнін жығып.
«Жасығанмен біздерді бос қоя ма,
Несіне отырамын босқа бұғып?»

¹ Кәзір /диалек./ — қазір.

Қалдан айтты: «Отырыпсың орындыққа,
Абылай, әлі көңілің толымдықта.
Жендеттер өлтіруге алып келді,
Батырсың, өлсең дағы біттей ықпа.

Мен шақырттым, Абылай, арманың не?
Орындықты тая қойып, кел қасыма.
Дарға тартып қазір де өлтіремін,
Өлімде ойың болса, қайғыңды же».

— Бірінші арман — ұйқыда қолға түстім,
Кім аларын білер едім артық күштің.
Қапылыста қолыңа тұтқын болып,
Бостан-босқа соғыспай оққа ұштым.

Екінші арман — қазақты отырықшы қыла алмадым,
Ел қылып өзімді-өзім сыналмадым.
Ел қылып басын қосып келгенімде
Бұйрығы осылай болды бір Алланың.

Үшінші арман — төрт атадан жалғыз едім,
Тұқым жоқ ұядағы байғыз едім.
Арманым осыменен болды тамам,
Қызықтап ақырында көргізбедің.

Қалдан сөзі:

— Әмірсана төрт атадан — ол да жалғыз,
Тілейміз тілек қылып артта қалғыз.
Тұқымының жоқтығын арман қылды
Сүлейменнің құсындай ойлап байғыз.

Өз тілімен айтады Қалдан ханы,
Абылайдың кіріп тұр сонда жаны:
«Әмірсанаға атымды қосып айтты,
Ақыры түзу келсе сөздің мәні».

Абылай тілін ұғып: «Құлдық, — деді, —
Әмірсанамен екі жалғыз болдық, — деді, —
Жалғызыңа атымды қосқаннан соң,
Ақырында көрмеспіз қорлық», — деді.

Қалдан айтты: «Сен неге құлдық дейсің?
Қалмақша біздің тілмен сөйлемейсің.
Рұқсат деп мен саған айтқаным жоқ,
Болмай қалса сөзің, қайғы жейсің.

Абылай айтты: «Әмірсамен атым бірге,
Өзің хансың, сәбетшің¹ тіліне ерме.
Әмірсамен екеуің бірдей дедің,
Айтқаныңды қайтып алып менен көрме».

— Мына сөзің, Абылай, болды қиын,
Сені іздеген орыс, қазақ бәрі жиын.
Әмірсамен атыңды қостым, рас.
Босатамын алдыңа тілеп сыйын.

Мұның артын Әмірсамен дос қылайық,
Қалмақ, қазақ мұнан соң қас қылмайық.
Сөзіміздің артынан байлау болып,
Бастарын бітімменен қостырайық.

Абылай, саған берем аға қызын,
Халқыңнан сені көрем бойың ұзын.
Күнде бау үзілмейтін сүйек болып,
Бұрынғы қалмақ, қазақ айттым ізін.

Абылай: «Не десеңіз мақұл, — деді, —
Сөзіңіз қалай айтса ақыл, — деді. —
Мені іздеп орыс, қазақ келген болса,
Алдыртып алдыңызға шақыр», — деді.

Бір күнде хан Абылай елден асты,
Біраз күн әуреледі есіл жасты.
Қалдан хан рұқсатты бергеннен соң
Бір Құдайға сиынып артын басты.

— Қазаққа шақырушы барсын, — деді, —
Сүйінші қазақтардан алсын, — деді. —
Абылайдай ханымыз босады деп, —
Сөзіне қалай айтса нансын, — деді.

Қазаққа сүйінші деп кетті шауып:
«Абылай босады, — деп, — қылма қауіп».
«Абылайлап» баршасы ұран салып,
Біреу қалмай шабады қылып сауық.

Абылайға сәлем берді «алдиярлап»,
Көргеніміз рас па деп бәрі зарлап.
Ақсақалдар құшақтап көріседі,
Аман-есен көрдік деп, я Құдайлап.

¹ Сәбетшің (совет) /орыс/ — кеңесшің.

Басшылар ханына көріседі,
 Қасына тоқтамай-ақ келіседі.
 Абылайдан босатқанын бәрі сұрап,
 Жүрегі әбден қанып сенді деді.

Қалдан хан қазақтарды қылды қонақ,
 Қалданның қалай айтса ақылы мол-ақ.
 Қалмақтар Қалдан барда көрген қызық,
 Қалданнан соң қызығының бәрі шолақ.

Ақымақ болса Абылайды өлтірмей ме,
 Өз қылығын өзіне келтірмей ме.
 «Мен дағы Абылайды өлтірдім», — деп,
 Шайтан туын көтеріп лепірмей ме.

Абылайға ағасының қызын берді,
 Қалмақтың зияпатын бәрі көрді.
 «Мен дағы апамнан қалмайын», — деп,
 Жалғыз бауыры апасының қасына ерді.

Қалдан айтты: «Шырағым, тоқта, — деді, —
 Бізден басқа қыз берген жоқ па? — деді. —
 Осы сапар баланың өзі барсын,
 Көңілді барамын деп соқпа», — деді.

— Тіліңізді, жан ата, алмаймын, — деп, —
 Апамнан неғылса да қалмаймын, — деп, —
 Осы жолы апамнан алып қалсаң,
 Өмірімше мен жылап зарлаймын, — деп.

— Абылай, бала саған ерсін, — деді, —
 Бір жыл тұрып апасын көрсін, — деді. —
 Бір жылдан соң бұл бала мауқын басып,
 Қайтадан өзімізге келсін, — деді.

Көп жасаумен Қалдан хан қызын берді,
 Қалмақ, қазақ бергенін көзі көрді.
 Ағасынан туған бір ұл, бір қыз,
 Қыз түгіл бір баласын қосып берді.

Хангелді мен дулаттың қалғаны жоқ,
 Қалай айтса халықтың көңілі тоқ.
 Үйсіннен келгендерін қалдырмады,
 Не деп айтса Абылайдың арманы жоқ.

Орыстан келген майырдың қайтқаны:

Майыр қайтты Абылайға хошын айтып,
Көңілдің бір-біреуге досын айтып.
— Жол болды, біз де іздеп келіп едік,
Жақындығын білдіріп қосып айтып.

Абылай айтты: «Рақмет келгеніңе,
Қошеметтеп мені жақсы көргеніңе.
Орыс, қазақ баршаңыз іздеп кепсің,
Құданың тәубе қылдым бергеніне».

Қалдан хан Абылайға амандасты:
— Сенен мен аямадым мал мен басты.
Қазақ, қалмақ екі ара тоқтау болсын,
Мұнан былай тоқтамаса жарамас-ты.

Қош айтып екі жағы кетті жүріп,
Көп халық жолы болып қайтты күліп.
— Абылайды аман-есен алып қайттық,
Біреуің сүйінші сұра елді біліп.

Біреуі елге кетті сүйінші сұрап,
Қалың қол келе жатыр елге құлап.
«Өлген ханымыз тіріліп келеді» деп,
Той қылып, сою керек болса пырақ¹.

Үш жүз боп барғаннан соң тойын қылды,
Жан көрмеген әртүрлі ойын қылды.
Абылай өзі болып тұрғанында
Қай жердегі патша да мойын бұрды.

Өзі тимей Абылай тигені жоқ,
Дұшпандығын көз көрмей атылмас оқ.
Иек асты аңдыған жауы болса,
Батырларға айтады «көтере соқ».

Ұрысы жеке бұл емес, толып жатыр,
Жиылған Орта жүзден өңшең батыр.
Өзіне қарсы келген дұшпан болса,
Көрсеткен дұшпанына заманақыр.

Әкесі жоқ, басында жетім бала,
Құданың бергеніне байқап қара.
Қазыбек, Жәнібек пен Төле билер,
Алдынан өте алмаған төре қара.

¹ Пырақ — қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар, жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ.

Абылайдың өзінен Қасым туды,
Өзгесінен артығырақ басым туды.
Кенесары, Наурызбай — бел баласы,
Қасымнан неше түрлі асыл туды.

Абылай Қызылжардан үй салғызды,
Мирас қылып артына үй қалғызды.
Жосып жүрген халыққа тоқтау салып,
Ақылмен бәріне де тіл алғызды.

Абылайдың билеріне кімдер жетті,
Өзі хан ел бастаған ғаділетті¹.
Біраз күн дүниеде сайран қылып,
Опасыз дүниеден ол да кетті.

Абылай барда ұрлық, зорлық сөз жойылған,
Билерге «Жеті жарғыш» ат қойылған.
Өзі білген ғадалетін аяған жоқ,
Өзі өлгенше тайған жоқ сөзі орнынан.

Жас жетсе, ажалға келер жылдам,
Тәубе қылса, күнәға ғапу қылған.
«Ажал жетіп маған таяды», — деп,
Әзірет Сұлтан жанына өсиет қылған.

Абылай талай жанның кемеңгері,
Заманында қалай айтса болған ері.
Ақылы талай жаннан артық екен,
Әзірет Сұлтан оң жағына қойған жері.



¹ Ғаділет — әділет.

Орташа

Орындаған: Құрманғалиев Тілеулес
Ноғаға түсірген: Игілік Баян

3 О, қа - зір - гі тұр - ған же - рім Ал - тай та - уы,

5 А - дам - ға жақ - сы бо - лар ден - нің сау - ы. Бұ - рын - ғы Қал - дан, Аб(ы)лай за - ма - нын - да,

6 Қал - мақ, қа - зақ ша - быс - қан ел - дің жа - уы.

7 Е - к(і)ор - та - да бос а - дам жү - р(е)ал - ма - ған,

9 Ба - сы - нан қа - зақ, қал - мақ құр(а)л - ма - ған. Мал ба - сын бір бі - реу - дің тар - тып а - лып,

Көң - і - лі еш нәр - се - ден ты - н(а)ал - ма - ған.



1
 2
 1
 2
 3
 4
 5
 6
 7
 8
 9
 10
 11
 12
 13
 14
 15
 16
 17
 18
 19
 20
 21
 22
 23
 24
 25
 26
 27
 28
 29
 30
 31
 32
 33
 34
 35
 36
 37
 38
 39
 40
 41
 42
 43
 44
 45
 46
 47
 48
 49
 50
 51
 52
 53
 54
 55
 56
 57
 58
 59
 60
 61
 62
 63
 64
 65
 66
 67
 68
 69
 70
 71
 72
 73
 74
 75
 76
 77
 78
 79
 80
 81
 82
 83
 84
 85
 86
 87
 88
 89
 90
 91
 92
 93
 94
 95
 96
 97
 98
 99
 100
 101
 102
 103
 104
 105
 106
 107
 108
 109
 110
 111
 112
 113
 114
 115
 116
 117
 118
 119
 120
 121
 122
 123
 124
 125
 126
 127
 128
 129
 130
 131
 132
 133
 134
 135
 136
 137
 138
 139
 140
 141
 142
 143
 144
 145
 146
 147
 148
 149
 150
 151
 152
 153
 154
 155
 156
 157
 158
 159
 160
 161
 162
 163
 164
 165
 166
 167
 168
 169
 170
 171
 172
 173
 174
 175
 176
 177
 178
 179
 180
 181
 182
 183
 184
 185
 186
 187
 188
 189
 190
 191
 192
 193
 194
 195
 196
 197
 198
 199
 200
 201
 202
 203
 204
 205
 206
 207
 208
 209
 210
 211
 212
 213
 214
 215
 216
 217
 218
 219
 220
 221
 222
 223
 224
 225
 226
 227
 228
 229
 230
 231
 232
 233
 234
 235
 236
 237
 238
 239
 240
 241
 242
 243
 244
 245
 246
 247
 248
 249
 250
 251
 252
 253
 254
 255
 256
 257
 258
 259
 260
 261
 262
 263
 264
 265
 266
 267
 268
 269
 270
 271
 272
 273
 274
 275
 276
 277
 278
 279
 280
 281
 282
 283
 284
 285
 286
 287
 288
 289
 290
 291
 292
 293
 294
 295
 296
 297
 298
 299
 300
 301
 302
 303
 304
 305
 306
 307
 308
 309
 310
 311
 312
 313
 314
 315
 316
 317
 318
 319
 320
 321
 322
 323
 324
 325
 326
 327
 328
 329
 330
 331
 332
 333
 334
 335
 336
 337
 338
 339
 340
 341
 342
 343
 344
 345
 346
 347
 348
 349
 350
 351
 352
 353
 354
 355
 356
 357
 358
 359
 360
 361
 362
 363
 364
 365
 366
 367
 368
 369
 370
 371
 372
 373
 374
 375
 376
 377
 378
 379
 380
 381
 382
 383
 384
 385
 386
 387
 388
 389
 390
 391
 392
 393
 394
 395
 396
 397
 398
 399
 400
 401
 402
 403
 404
 405
 406
 407
 408
 409
 410
 411
 412
 413
 414
 415
 416
 417
 418
 419
 420
 421
 422
 423
 424
 425
 426
 427
 428
 429
 430
 431
 432
 433
 434
 435
 436
 437
 438
 439
 440
 441
 442
 443
 444
 445
 446
 447
 448
 449
 450
 451
 452
 453
 454
 455
 456
 457
 458
 459
 460
 461
 462
 463
 464
 465
 466
 467
 468
 469
 470
 471
 472
 473
 474
 475
 476
 477
 478
 479
 480
 481
 482
 483
 484
 485
 486
 487
 488
 489
 490
 491
 492
 493
 494
 495
 496
 497
 498
 499
 500
 501
 502
 503
 504
 505
 506
 507
 508
 509
 510
 511
 512
 513
 514
 515
 516
 517
 518
 519
 520
 521
 522
 523
 524
 525
 526
 527
 528
 529
 530
 531
 532
 533
 534
 535
 536
 537
 538
 539
 540
 541
 542
 543
 544
 545
 546
 547
 548
 549
 550
 551
 552
 553
 554
 555
 556
 557
 558
 559
 560
 561
 562
 563
 564
 565
 566
 567
 568
 569
 570
 571
 572
 573
 574
 575
 576
 577
 578
 579
 580
 581
 582
 583
 584
 585
 586
 587
 588
 589
 590
 591
 592
 593
 594
 595
 596
 597
 598
 599
 600
 601
 602
 603
 604
 605
 606
 607
 608
 609
 610
 611
 612
 613
 614
 615
 616
 617
 618
 619
 620
 621
 622
 623
 624
 625
 626
 627
 628
 629
 630
 631
 632
 633
 634
 635
 636
 637
 638
 639
 640
 641
 642
 643
 644
 645
 646
 647
 648
 649
 650
 651
 652
 653
 654
 655
 656
 657
 658
 659
 660
 661
 662
 663
 664
 665
 666
 667
 668
 669
 670
 671
 672
 673
 674
 675
 676
 677
 678
 679
 680
 681
 682
 683
 684
 685
 686
 687
 688
 689
 690
 691
 692
 693
 694
 695
 696
 697
 698
 699
 700
 701
 702
 703
 704
 705
 706
 707
 708
 709
 710
 711
 712
 713
 714
 715
 716
 717
 718
 719
 720
 721
 722
 723
 724
 725
 726
 727
 728
 729
 730
 731
 732
 733
 734
 735
 736
 737
 738
 739
 740
 741
 742
 743
 744
 745
 746
 747
 748
 749
 750
 751
 752
 753
 754
 755
 756
 757
 758
 759
 760
 761
 762
 763
 764
 765
 766
 767
 768
 769
 770
 771
 772
 773
 774
 775
 776
 777
 778
 779
 780
 781
 782
 783
 784
 785
 786
 787
 788
 789
 790
 791
 792
 793
 794
 795
 796
 797
 798
 799
 800
 801
 802
 803
 804
 805
 806
 807
 808
 809
 810
 811
 812
 813
 814
 815
 816
 817
 818
 819
 820
 821
 822
 823
 824
 825
 826
 827
 828
 829
 830
 831
 832
 833
 834
 835
 836
 837
 838
 839
 840
 841
 842
 843
 844
 845
 846
 847
 848
 849
 850
 851
 852
 853
 854
 855
 856
 857
 858
 859
 860
 861
 862
 863
 864
 865
 866
 867
 868
 869
 870
 871
 872
 873
 874
 875
 876
 877
 878
 879
 880
 881
 882
 883
 884
 885
 886
 887
 888
 889
 890
 891
 892
 893
 894
 895
 896
 897
 898
 899
 900
 901
 902
 903
 904
 905
 906
 907
 908
 909
 910
 911
 912
 913
 914
 915
 916
 917
 918
 919
 920
 921
 922
 923
 924
 925
 926
 927
 928
 929
 930
 931
 932
 933
 934
 935
 936
 937
 938
 939
 940
 941
 942
 943
 944
 945
 946
 947
 948
 949
 950
 951
 952
 953
 954
 955
 956
 957
 958
 959
 960
 961
 962
 963
 964
 965
 966
 967
 968
 969
 970
 971
 972
 973
 974
 975
 976
 977
 978
 979
 980
 981
 982
 983
 984
 985
 986
 987
 988
 989
 990
 991
 992
 993
 994
 995
 996
 997
 998
 999
 1000
 1001
 1002
 1003
 1004
 1005
 1006
 1007
 1008
 1009
 1010
 1011
 1012
 1013
 1014
 1015
 1016
 1017
 1018
 1019
 1020
 1021
 1022
 1023
 1024
 1025
 1026
 1027
 1028
 1029
 1030
 1031
 1032
 1033
 1034
 1035
 1036
 1037
 1038
 1039
 1040
 1041
 1042
 1043
 1044
 1045
 1046
 1047
 1048
 1049
 1050
 1051
 1052
 1053
 1054
 1055
 1056
 1057
 1058
 1059
 1060
 1061
 1062
 1063
 1064
 1065
 1066
 1067
 1068
 1069
 1070
 1071
 1072
 1073
 1074
 1075
 1076
 1077
 1078
 1079
 1080
 1081
 1082
 1083
 1084
 1085
 1086
 1087
 1088
 1089
 1090
 1091
 1092
 1093
 1094
 1095
 1096
 1097
 1098
 1099
 1100
 1101
 1102
 1103
 1104
 1105
 1106
 1107
 1108
 1109
 1110
 1111
 1112
 1113
 1114
 1115
 1116
 1117
 1118
 1119
 1120
 1121
 1122
 1123
 1124
 1125
 1126
 1127
 1128
 1129
 1130
 1131
 1132
 1133
 1134
 1135
 1136
 1137
 1138
 1139
 1140
 1141
 1142
 1143
 1144
 1145
 1146
 1147
 1148
 1149
 1150
 1151
 1152
 1153
 1154
 1155
 1156
 1157
 1158
 1159
 1160
 1161
 1162
 1163
 1164
 1165
 1166
 1167
 1168
 1169
 1170
 1171
 1172
 1173
 1174
 1175
 1176
 1177
 1178
 1179
 1180
 1181
 1182
 1183
 1184
 1185
 1186
 1187
 1188
 1189
 1190
 1191
 1192
 1193
 1194
 1195
 1196
 1197
 1198
 1199
 1200
 1201
 1202
 1203
 1204
 1205
 1206
 1207
 1208
 1209
 1210
 1211
 1212
 1213
 1214
 1215
 1216
 1217
 1218
 1219
 1220
 1221
 1222
 1223
 1224
 1225
 1226
 1227
 1228
 1229
 1230
 1231
 1232
 1233
 1234
 1235
 1236
 1237
 1238
 1239
 1240
 1241
 1242
 1243
 1244
 1245
 1246
 1247
 1248
 1249
 1250
 1251
 1252
 1253
 1254
 1255
 1256
 1257
 1258
 1259
 1260
 1261
 1262
 1263
 1264
 1265
 1266
 1267
 1268
 1269
 1270
 1271
 1272
 1273
 1274
 1275
 1276
 1277
 1278
 1279
 1280
 1281
 1282
 1283
 1284
 1285
 1286
 1287
 1288
 1289
 1290
 1291
 1292
 1293
 1294
 1295
 1296
 1297
 1298
 1299
 1300
 1301
 1302
 1303
 1304
 1305
 1306
 1307
 1308
 1309
 1310
 1311
 1312
 1313
 1314
 1315
 1316
 1317
 1318
 1319
 1320
 1321
 1322
 1323
 1324
 1325
 1326
 1327
 1328
 1329
 1330
 1331
 1332
 1333
 1334
 1335
 1336
 1337
 1338
 1339
 1340
 1341
 1342
 1343
 1344
 1345
 1346
 1347
 1348
 1349
 1350
 1351
 1352
 1353
 1354
 1355
 1356
 1357
 1358
 1359
 1360
 1361
 1362
 1363
 1364
 1365
 1366
 1367
 1368
 1369
 1370
 1371
 1372
 1373
 1374
 1375
 1376
 1377
 1378
 1379
 1380
 1381
 1382
 1383
 1384
 1385
 1386
 1387
 1388
 1389
 1390
 1391
 1392
 1393
 1394
 1395
 1396
 1397
 1398
 1399
 1400
 1401
 1402
 1403
 1404
 1405
 1406
 1407
 1408
 1409
 1410
 1411
 1412
 1413
 1414
 1415
 1416
 1417
 1418
 1419
 1420
 1421
 1422
 1423
 1424
 1425
 1426
 1427
 1428
 1429
 1430
 1431
 1432
 1433
 1434
 1435
 1436
 1437
 1438
 1439
 1440
 1441
 1442
 1443
 1444
 1445
 1446
 1447
 1448
 1449
 1450
 1451
 1452
 1453
 1454
 1455
 1456
 1457
 1458
 1459
 1460
 1461
 1462
 1463
 1464
 1465
 1466
 1467
 1468
 1469
 1470
 1471
 1472
 1473
 1474
 1475
 1476
 1477
 1478
 1479
 1480
 1481
 1482
 1483
 1484
 1485
 1486



Кенесары хан.
Суретші А. Исмаилов 1941 жыл

87
 كينه صاري ناوروز بايد نياب قرغونده آخردنجان جور سغني
 دژگور و دنيك داناسي اوي سيز لارا كا اوي بوجان بول آرقه نيك فاناسي آخردن نيكيه صاري
 خان آبلار دنيك بالاسي كينه صاري ناوروز باي طور لاي اوزون كيكه بول باقداغى قراقدنيك
 آوزني نيك بالاسي اوصطه لار كينه آلا قولنه قيصاچي ميان بالغه كينه صاري
 ناوروز باي قرغون ببولدي آمانه ايله دان اوتوب خان كينه اوردولاطقه باورالي
 صول جاقاغنى قراچا بين قوصليب باروب آعالى
 باريب ايدى اوردولاط بارغانين قبول ائمادى آصا اولار اوزى حيدر دى
 صيلا مای دوز طجيباردى سينب كيكه خلق مان خان كينه اوزى كوردردى
 كوزى كونه بولغانده قاطلاندى قاطلاندى خان قاملان آطلاندى
 قول آصطه كيكه چيكلان قوشچي ديكان ايلدى آندى قاره آجا حيدى چوئكلان ايل
 قالي سينه اوصطه بايلاردى خان بولوب قاتقان ميكلار كا صاطو وينه قالي نيك بايلانسيك
 توغوز تويا آر بيلديروب اوندولاطنيق قير بيران قيصاچيان جاغين توزا كيكه
 خان كينه كابران باق قوجانان آوجا كوت دوزلوط قاره آجا حيدى ايل كيكه
 ماميت لغلى با براق بالغوجه مدداول كيكه جاننيق قايدو ميه جولداس
 خان كينه كاجيل بيل بيران جوغارغى دان صوفا قار جوپه سين تاويب تو ميه كا
 آطه ميديطيه اوتبايدى آصيل دان صوفا قارخان كا دوزلوط دى سويدى خان كينه
 ميه جولداس ميه ديكانه صونقار لار جايدى قاطلان جو رطنه صالدى قانا طدى
 قاره آجا حيدى كوت دوزلوط خان آوزينه قارابنه آلت مينيك كيه آطلانوب
 آق صوفا ديكان اوزان مان جايدى براق بولاطوى بول سفوده كينه خان
 توره قاملدى بربوزوب جو رطدى آوزينه قارادى قوتى لاتوب قرغونديك
 خاتونه ميه قيز داريه قوص قوصقه بولوب طارادى

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры (1202/3-бума).

ХАН КЕНЕ

«Хан Кене» жыры – Ресей империясының басқыншылық әрекеттеріне ашық қарсылық көрсеткен, XIX ғасырдағы аса ірі ұлт-азаттық көтерілістің білікті қолбасшысы, жаужүрек батыр, ұлттық рухты оятқан қазақтың соңғы ханы туралы баяндайтын көркем шығармалардың бірі. Жырда аты аңызға айналған Кенесарының ел билеуегі өзіндік ұстанымдары, орыс пен қоқандықтардың қосарлы билігінен зардап шеккен халықтың қайғы-қасіреті, ханның маңайындағы Наурызбай бастаған батырлардың ерлік істері, басты кейіпкердің қолбасшылық шеберлігі, ашық майдаңдағы соғыс әрекеттерінің шынайы суреттері, көтерілістің шырқау шегі мен жеңілістің трагедиялық көріністері айшықты да көркем тілмен кестеленеді. Бес қаруы мен қобызын қатар ұстап, көтерілістің белортасында батырлармен иық тірестіре соғысып жүріп, жалынды жырымен жауынгерлердің рухын көтерген Нысанбай жыраудың санасына сіңіп, жүрегін жаралаған өкініш пен қайғы-мұң көркем кестеленіп, жырды ащы жоқтаумен аяқтауға мәжбүр еткен. Бұл әгіс – жыршының бейнелеу тәсілдерімен астасып, оның көркемдік деңгейін айшықтай түскен. Жыр тарихи дереккөзі ретінде де, көркем шығарма тұрғысында да аса маңызды.

Қазақ зиялылары С. Жантөрин мен Т. Сейдалин шығарманы алғаш хатқа түсіріп, кейін орыс тіліне аударып «Записки Оренбургского отдела императорского Русского географического общества» журналында (1875) жариялаған. XX ғасырдың басында жырдың «Кенесары, Наурызбай» атты Ж. Шайхисламұлының нұсқасы Қазанда жеке кітап болып басылып шықты (1912). Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдары Нысанбай жырының Ж. Басығарин жазып алған нұсқасы Х. Досмұхамедұлының бастама-сымен Ташкентте (1923), кейін Н. Төреқұловтың араласуымен Мәскеуде (1924) жеке кітап болып жарық көргі. XX ғасырдың екінші жартысында бұл жырлардың жариялануына тыйым салынып, ұзақ жылдар қолжазбалар қорларында жатып қалғаны белгілі. Тек ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана олар қайта қаралып, нұсқалары жинақталып, «Хан Кене» жинағында (1993), «Батырлар жыры» топтамасында (2008, 7-т.) басылды. Туынды туралы Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, С. Қасқабасов, Ж. Тілепов, П. Бисенбаев т.б. ғалымдар зерттеулер жазды.

Еліміздің қолжазбалар қорында Кенесары мен Наурызбайға қатысты Нысанбайдың жырынан өзге Ж. Шайхисламұлының «Кенесары, Наурызбай», К. Жанатайұлының «Абылай–Кенесары», Қ. Қаратаевтың «Кенесары, Наурызбай», С. Керімбековтің «Кенесары», Д. Әлімбаевтің «Кенесары», И. Жылқайдаровтың «Кенесары, Саржан» т.б. нұсқалар жинақталған. Томды баспаға дайындау барысында аталған нұсқалар толығымен сараптаудан өтіп, олар басылым үлгілерімен салғастырыла зерттелді. Нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев жеткізген Нысанбайдың «Хан Кене» нұсқасы іріктеліп, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды (Ш.1202, 3-гөптер).



Дүри жауһар данасы,
Әркімнің Алла панасы.
Жан біткенге несібе —
Дарияның аққан саласы.
Үйсіздерге үй болған,
Би — отанның ханасы.
Кенесары, Наурызбай —
Абылай хан-ды бабасы,
Әуелгі мекен-тұрағы —
Көкшетаудың даласы.
Жазғы жайлау қонысы —
Ұлытаудың саласы.
Өте залым болмаңыз,
Мұсылманның баласы.
Ақырында олардың
Қырғыздан болды қазасы.

Кенесары ер болды,
Ел ішінде бір болды.
Қашқан, босқан жиылып,
Өз алдына қол болды.
Жұртқа тиіп кесірі,
Әркімдерге сор болды.
Қарсы келген адамның
Көзінің жасы көл болды.
Ақылменен іс қылмай,
Ақырында қор болды.
Қырғызға барып қырылып,
Ит пен құсқа жем болды.

Абылай ханның баласы
Асып туған Қасым-ды.
Арғы тегін сұрасаң,
Шынжыр қатар асыл-ды.
Саржан атқа мінген соң,
Төренің бағы ашылды.
Қарсы келген егесіп
Дұшпанның көңілі басылды.
Жалғыз Саржан не болар,
Есенгелді қосылды.
Кімге апарып теңейміз
Наурызбай сынды жасынды?!

Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап.
Жауды үркітіп, қашырды

Ақ алмастай жарқылдап.
Зәресін алды дұшпанның
Найзағайдай шартылдап.
Қасына ерген төлеңгіт
Олжаға батты қарқылдап.

Кенесары, Наурызбай
Мұсылманға жан тартты.
Ерегіскен дұшпанның
Жылқысын алып, зарлатты.
Азырақ күн бақыты
Жанған оттай қаулапты.
Бір күндері болғанда
Тортөбел атын ұрлатты.
Бас себебі сол болып,
Қырғызға қарай жол тартты.
Іргелі жұртқа кез болып,
Батырларды қан тартты.

Көзімен көріп, бұл сөзді
Нысанбай еді жырлаған.
Бар күнәсі қырғыздың —
Жалғыз атты ұрлаған.
Атын алған қырғызға
Хан үйінде жынданған.
Ерегіспен бұздырды
Қанайдың тамын сырлаған.

Күмісті садақ, алтын оқ
Кенекең жауға жолықты.
Ақ білегін сыбанған
Балуанды тойға жолықты.
Алыстан тоят көздеген
Ақ сұңқарға жолықты.
Айшылықты бір басқан
Қас тұлпарға жолықты.
Асқындаған пейілінен
Кенекем зорға жолықты.
Нөкерімен теп-тегіс
Бір ажалға молықты.

Ұсталар алар қолына
Қысқашы мен балғаны.
Тасқан нәрсе төгілер,
Бұл сөздің бар ма жалғаны?
Қырғыздан қорлық көрген соң,

Кененің көп-ті арманы.
Іледен өтіп жөнелді
Өр дулатқа барғалы,
Сол дулатпен қосылып,
Қырғыздан кегін алғалы.
Барып еді ер дулат
Барғанын қабыл алмады.
Кене ханның сөзіне
Құлағын да салмады.

Асаулар үзді шідерді,
Сыйламай дулат жіберді.
Сиынып барған елінен
Кене хан үзді күдерді.
Дегені болмай қалған соң,
Қабағы ханның түнерді.
Күздігүні болған соң,
Қырғызға қарап үдерді.

Қазан айы болғанда
Қатуланды, қаттанды.
Іріктеп алған ерлермен
Хан қамаудан аттанды,
Құз асып қалың Шөңгірден,
«Қосшы» деген ел шапты.
«Қоқилатып» қырғызды
Қос-қосқа бөліп таратты.

Қалшаны ұстап байлатты
Хан болып халқын меңгерген.
Қарадан шыққан хан еді
Нашарды зорға теңгерген.
Қалшаға қырғыз баласы
Жалынып қана күн көрген.
Тартуына іркілмей,
Отаулатып қыз берген.
Қисайған жыға түзеліп,
Кененің ісі жөнделген.
Қоқаннан ауған көп дулат,
Қарағаштай ел келген.
Мәмбеттің ұлы Байұзақ,
Балқожа, Медеу ер келген.
«Жауың қайда? Мен — жолдас», — деп,
Хан Кенеге дем берген.

Сол елменен күшейіп,
Төрелер жайды қанатты.

Қарағаштай көп жұртты
Хан аузына қаратты.
«Аттансын, — деп, — көп қосын», —
Жұртқа салды санатты.
Сайлап алды ақ алмас,
Тастан қайтпас болатты.
Сегіз мыңдай кісі боп,
Өңшең байыр манапты.
Бұл сапарда Наурызбай
Таудан үлкен талапты.
Үш қамалды бір бұзып,
Қырғызды жаман талатты.

Қырғыздан түскен олжаға
Бір төлеңгіт бармады.
Бұл сапарда қазақтан
Біреу олжа алмады.
Көп дулатты хан Кене
Ақылменен алдады.
«Қызыл тұмсық болсын», — деп,
Олжамен аузын қандады.
Екіншілей аттанды,
Естіген дулат қалмады.
«Олжаға мырза» дегеннен,
Жалғызы қалмай аңдады.

Тау суындай сарқырап,
Байұзақ келді төменнен.
Көңілі бітті айқасып,
Кенесары зеренмен,
Тілеулес болып олжаға
Наурызбай — асыл беренмен.
Он екі мың әскермен
Тағы аттанды кемерден.
Зеңбірегін асырды
Абылай аспас кезеңнен.
Құлақ шыңдап, көз тұнды,
Ақыл, айла, өнермен.
Кенесары, Наурызбай
Атадан асты дегенмен.

«Абылай аспас асудан
Асамын», — деп өрледі.
Оңайлықпен қазаққа
Асуды қырғыз бермеді.
Әр жерлерден құралып,

Қырғыздың қолы кернеді.
 Бесінге дейін атысып,
 Қазақтың әлі келмеді.
 Қарабалта, Соқылық
 Аңғарынан шаң асты.
 Қырғыз-қазақ екі жар¹,
 Ескі жолға таласты.
 Сол уақытта хан Кене
 Амалынан адасты.
 Қырғызды айдап шыға алмай,
 Батырлар сонда бір састы.

Үйінде еркек қалдырмай,
 Қырғыз да шыққан айдатып.
 Соғысты қылды қазақпен,
 Төскейде атты ойнатып.
 Қызықсын деп асуға, —
 Қазына төкті жайнатып.
 Асуға төкті тайғақ қып,
 Қазанға суды қайнатып.

«Абылай аспас асудан
 Асамын», — деп өктеді.
 Асуын тастап қырғыз да
 Бас қамын қып кетпеді.
 Ойдан атқан зеңбірек
 Тау басына жетпеді.
 Жесір менен мал алып,
 Бұл сапар олжа етпеді.

Сол уақытта хан Кене
 Жар етті Жаппар иені.
 Біза болып сол жерде,
 Алдырды екі түйені.
 Шөгеріп салып түйеге
 Зеңбірегін сүйеді.
 Тұрғызып қойып атса да,
 Сонда да тауға тимеді.

Атасы өткен Абылай,
 Тілеуді берген бір Құдай.
 Былтырдан алған басшысы —
 Шапырашты Бұғыбай.
 «Бұғыбай басшы қайда?» — деп,
 Шақырып алды Наурызбай.

¹ Екі жар /диал./ — екі жақ.

– Әй, Бұғыбай, Бұғыбай,
Қорлық болды бұл қалай?
Жол таба алмай қамалдық,
Амал тапшы бұған-ай!
Былтыр өзің келгеннен
Ханның алдың жарлығын.
Тар жол, тайғақ кешуде
Қолдың алдың жабдығын.
Бір ізіңнен жүргіздің
Үш алаштың барлығын.
Жалғыз жолдан аса алмай
Тастың тарттым зарлығын,
Бұл сапар алдым ашылмас,
Дүниенің шектім тарлығын.
Сасқан жерде жол тауып,
Білінуші еді нарлығың.
Осы бүгін, Бұғыбай,
Қырғыздың көрдім қорлығын.

Алатаудан аса алмай,
Қазақ жолы байланды.
Бес күн ұдай атысып,
Түгесіп келдім айламды.
Осындайда болмаса,
Көремін қашан пайдаңды?
Осы бүгін күн батпай,
Көрсетші қанат жайғанды.
Тау басында қырғызға
Бір тигізші найзамды.
Айналайын Бұғыбай,
Аралатшы майданды!

Бұғыбай сонда сөйлейді:
– Қысылып тұр-ау жанымыз.
Тау басына жете алмай,
Болмады, сірә, сәніміз.
Жауыңды шаншып беруге
Келмейді, Науан, әліміз.
«Жол тап» деген сөзіңнен
Төгіле қалмас арымыз.
Көп кешікпей, Науанжан,
Ханға таман барыңыз.
Баруға көңілің тілесе,
Ханнан жарлық алыңыз.
Томағамды сыпырып,
Қамау тасқа салыңыз.

Мұны естіп Наурызбай
Алдына барды Кененің:
— Түсі суық тартқанда
Төрт қырланған жебенің.
Ажал оғы келгенде
Қорғаны болмас көбенің.
Қолына толды қырғыздың
Басы тау мен төбенің.
Рұқсат берсең, Кенеке,
Барайын соған деп едім.

Салатұғын алдыма
Бұғыбай басшы ер еді.
Әдіре қалғыр Алатау,
Асуға қиын жер еді.
Қамалын барып бұзайын,
Кенеке, жауап бер, — дейді. —
Отыз жігіт сайланып,
Қасыма менің ер, — дейді. —
Тау басына барған соң,
Ойынымды көр, — дейді.

Кене хан сонда сөйлейді:
— Дұшпаннан бітсін ар, — дейді. —
Қолдағы өңшең батырдан
Іріктеп бәрін ал, — дейді. —
Көңілің шапса, Науанжан,
Ертерек сонда бар, — дейді. —
Екі-үш жүздей кісімен
Ойынды барып сал, — дейді.

Наурызбай тағы сөйледі:
— Алладан жәрдем күтейін,
Ата-бабам жар болса,
Бір мұратқа жетейін.
Былырғы қылған азасын
Қырғыздың бүгін өтейін.
Екі-үш жүз кісі көбірек,
Онша алып, тақсыр, не етейін.
Әскерден отыз батырды
Іріктеп алып кетейін.
Тәңірі қосса қырғызға
Бір тамаша етейін.
Қиын жерде хандарға
Болады сүйеу қарашы.
Қысылған жерде әркімнің

Тәңірім болсын панасы.
Көп кісі қаптай шабуға
Арқаның бар ма даласы?!
Аз кісіге жақсы екен
Алатаудың арасы.
«Мақұл», — дейді хан Кене
Наурызбайдың сөзіне.
Сол уақытта Науанның
Жан көрінбес көзіне.
Иесі тілек қылған соң,
Береді рұқсат өзіне.
Қайтармады меселін
Ұмтылып тұрған кезіне.

— Қауырсынды, қанатты,
Таудан үлкен талапты,
Ер көңілді, қалма! — деп,
Жұртқа салды санатты.
Қалың қолдан саралап
Алады өңкей манапты,
Ерегіскен соғыста
Тастан қайтпас болатты.
Тауға қарсы түйлікті
Сұңқардай жиып қанатты.

Отыз жігіт жөнелді —
Тамам қолдың беглері¹.
Бұғыбайды басшы ғып,
Қиын жолды көргелі,
Тау басында қырғыздың
Жазасын барып бергелі,
Қамалын бұзып, жол салып,
Бейітін ашып келгелі.
Жаз жайлауы сары дала,
Қыс қыстауы Қарғалы,
Наурызбай кетгі бөлініп,
Тау басына барғалы.
Қамалып тұрған қырғызға
Бір бүлікті салғалы.
Кенесары бастығы
Төменде тұрып қалғаны.
Талап етіп ұрынды
Жаңадан бір жол салғалы.
Сауысқанның аласы,

¹ Беглері — бектері.

Ағынан көп қарасы.
 Кене хан сонда сөйлейді —
 Абылай ханның баласы:
 — Қол көрінбес шаң болды
 Алатаудың арасы.
 Қарағаштай көп қазақ,
 Ханға болдың қарашы.
 Ойда — қоқан, қырда — орыс,
 Хакім болды қаласы.
 Кімнен таяқ жегендей
 Біздің қазақ баласы!
 Алдырып жүрген дұшпанға —
 Ауызының аласы.

Дін мұсылман әлеумет
 Бірге мінсе кемеге,
 Үш алаштың баласы
 Тізгінін берсе Кенеге.
 Ер басына аяқтай
 Тас көтерсек жебеге.
 Тау басына шығатын
 Жол салмасқа немене?!
 Байұзақ датқа түйсініп
 Бұл жауаптың тегіне.
 Айтайын деп бір сөзді,
 Жетіп барды көбіне:
 — Ханның көңілі соғады
 Таудан бір жол саларға.
 Бір талапқа бет қойды
 Тау басына барарға.
 Бекініп жатқан қырғыздың
 Қамалын бұзып аларға.
 Ұят шығар төреден
 Бөлініп біздер қаларға.

«Әйтелік», — деп Байұзақ,
 Қамшы басты бекерге.
 «Таудан жолды салайық,
 Жабыл!» — деді нөкерге.
 Аттан түсіп алдымен,
 Өзі бір тасты көтерді.
 Басшы болды Байұзақ
 Бір қайратты етерге.

Байұзақ аттан түскен соң,
 Қасына түсті ханымыз.

Ханымыз аттан түскен соң,
Төгілер болды арымыз.
Бұзбасақ та ол тауды,
Түсе қалдық бәріміз.
Жабырласып қол қойдық,
Жасымыз бен кәріміз.

Сол уақытта қарасақ,
Тау басынан шу шықты.
Қаптаған қара тұмандай
Мұнарланып бу шықты.
Бу десек, мылтық түтіні,
Отыз көкжал бөрімен
Наурызбай төре сол шықты.

Бір кезеңге таластық,
Жау жоғары, біз төмен.
Жеткен екен қамалға
Наурызбай атты сұр берен.
Қарқарадай астында
Байұзақ берген көк дөнен.
Күн шығыс жаудың шетінен
Қамалға кірді көлденең.

Ор қояндай бұлғиған
Көк дөнен ат астында.
Қамзол ішік құнтиған,
Ақ орамал басында.
Көрұғылға бергісіз
Отыз көкжал қасында.
Сол уақытта Наурызбай
Жиырма бес жасында.

Хан Кене мұны көрген соң,
Қалмады сабыр, қарары.
Қиын болды батырға
Таудан шығып барары.
Наурызбайды көрген соң,
Өлімнен кетті хабары.
Түтеген мылтық ішіне
Көзінің кірді жанары.
Наурызбай кірді қамалға
Күн шығыс жаудың шетінен.
Шыдай алмай хан Кене
Ат қойды таудың бетінен.
Шөке адым жерге бармай-ақ
Кетті ханның еркінен.

Сыпырылып қалып барады
Көк бурыл аттың көтінен.

Наурызбай кірді қамалға
Жанған оттай бұрқылдап,
Көк дөнен ат астында
Ор қояндай бұлтылдап.
Батырлардың найзасы
Найзағайдай жылтылдап.
Мұнан кірген батырлар
Онан шықты алқылдап.

Хан Кененің арманы —
Құмбелден жатпақ жай алып.
Наурызбай шықты қамалдан,
Найзасы қанға боялып.
Не жаны қалсын Кененің
Наурызбайдан аянып!
Тарта берді шылбырдан,
Қылышын тасқа таянып.
Кене хан жөней берген соң,
Қалуға нөкер ұялып,
Тұс-тұсынан ат қойды,
Түйсініп қазақ оянып.

Кене хан кетті ұмтылып
Шыққалы таудың басына.
Өлімге белін байлады
Әзелде¹ жазған басына.
Қатарласып жөнелді
Кене ханның қасына.
Екі мыңдай кісі боп
Шықты таудың басына.

Сол уақытта хан Кене
Жар етті Жаппар Алланы.
Қабат-қабат оратып,
Қырық арқанды жалғады.
Тартып алды ойдағы
Зеңбірек пен арбаны.
Бір-екі рет атқанда
Күңіреніп кетті жан-жағы.
Есік-тесік қиратып,
Қырғыздың шықты дал-далы.

¹ Әзелде /араб/ — әуелде, ертеректе; ертеде; мәңгілік.

Келгенін ханның көрген соң,
Наурызбай төре есірді.
Бүгежектеп жүрген ер
Еркінше шауып көсілді.
Жазыла алмай жүр еді,
Түйіні жіптің шешілді.
Қойға кірген бөрідей
Қырғызға салды кесірді.
Бір кіргенде ап келді
Тізілтіп неше жесірді.
Бас-басына таратып,
Жігіттің көңілін өсірді.

«Абылай аспас асудан
Асамын», — деп өктеді.
Наурызбайдың ерлігін
Қырғыз, қазақ сөкпеді.
Төренің алдын орады,
Қырғыздар мерген төккелі.
Бәлені бастан кетіріп,
Хан айласын еткелі.

Зеңбіректі туралап,
Төте жерден бір атты.
Адам мен малды қабаттап,
Топырлатып құлатты.
Жөңкіліп жүрген қырғыздың
Жолшыбай көбін сұлатты.
Қамалған қатын-қыздарын
«Қоқилатып» жылатты.

Қызыққа тоймай батырлар
Тереді таудың шиесін.
Бұл сапарда Наурызбай
Жар етті Жаппар иесін.
Қамалын бұзды қырғыздың,
Соғыстың тауып жүйесін.
Алып шықты үш жүздеп
Айғыр менен биесін.
Атан демей, нар демей,
Жетпіс-сексен түйесін.
Бөліп берді бәріне
Сыбағалы тиесін.

Наурызбай гүл-гүл жанады,
Ақ білегін сыбанып.

Жауды аралап қырады,
Қолына жасыл ту алып.
Шын қаһарға мінеді,
Ақша беті қуарып.
Бозбалаға сөйлейді
Ағасын көріп қуанып:
— Абылай аспас асуда
Кенекем дүкен құрғаны.
Батырлардың жараспас
Майданға кірмей тұрғаны.
Кенекем келді біз үшін,
Үш алаштың қорғаны.
Аянбай бүгін іс көрсет,
Таманың батыр Құрманы!
Кеудедегі шыбын жан
Ар-намыстың құрбаны.

Жар бола көр біздерге
Атамыз өткен Абылай!
Осындай қиын жерлерде
Тілеуді бергей бір Құдай.
Сендер едің қанатым,
Меңдібай, Дулат, Ағыбай,
Арғыннан шыққан үш жігіт —
Шәкір, Жәуке, Толыбай.
Ұмтылыңдар, ерлерім,
Жан-жағыңа қарамай.

Мылтықтың оғы от алмас
Құндақта дәрі тұтанбай.
Ақ кіреуке, көк сауыт
Таза жүрсе, тотталмай.
Мылтықтың оғын жібермес
Шығыршығы жұқармай.
Жаман жігіт тозады
Жауды көрсе қотандай.
Атақты ердің бірі едің
Иісің шыққан жұпардай.
Аянбай бүгін іс көрсет,
Табыннан қабан Бұқарбай!

Тайынбай жауға кіріңдер,
Айбынды туған ерлерім!
Мінген атың тобышақ,
Күмісті қылыш белдерің.
«Осындайда керек», — деп,

Көзімнің майын бергенмін.
Ат мініп, жарақ асқалы
Бәрі осы ма көргенің!

Наурызбай батыр сөйлейді:
— Жара жоқ менің етімде.
Ойын салды бозбала
Алатаудың бетінде.
Мұнда қылмай қайратты
Қосқа барып өкінбе.
Он екі самқал¹, жүз мылтық,
Кенекем келген секілді,
Кенекем келіп қосылды,
Кім тұрар оның бетінде?!
Ықпалың жүріп тұрғанда
Қылыңдар жауға өкімді.
Істерің жақса, бектерім,
Бұл соғыстың ретінде
Ұстатармын қолыңа
Қос-қосынан жетімді.

«Жарасалық» дегенде
Бергендей қырғыз бар малын.
Бітіре алмай төре жүр
Көңілдегі арманын.
Бетіне келер қырғыз жоқ,
Алып жатыр жан-жағын.
Және бұзды сол күні
Ақсудың барып қорғанын.
Соншама мықты берік еді
Ақсудың салған қаласы.
Екі жүз үйдің мекені
Ақсудың аяқ саласы.
Сегіз мыңдай бар еді
Сол күнгі қолдың шамасы.
Қорғанды бұзып, мал алды
Айман батыр ағасы.

Кенесары, Наурызбай
Келтіріп жүр кертіне.
Шауып, жаншып, талатты
Қырғызды қоймай еркіне.
Бір бөлек қырғыз қалмады,
Қашып барып беркіне.

¹ Самқал — аяғы бар ұзын мылтық.

Бақыты шауып тұрғанда
Кене хан жетті сертіне.

Шауып алды тал түсте
Аспара мен Меркені.
Он екі мың кісінің
Көбі дулат халқы еді,
Егескенде мұқату —
Хан Кененің салты еді.
Меркенің тұтқан ұлығы
Мәделі деген сарт еді.
Ақауыз деген арғымақ
Мәделі берген ат еді.
Ауызға кіріп сөз болған,
Тұлпардан артық зат еді.

Дұшпаны қайтіп кемітер
Кене хан мен Науанды!
Дабысы кетті күңіrentіп
Аспара мен Дуанды.
Қалың жатқан қырғызды
Жеңгеніне қуанды.
Қарақыстақ, Шөңгірге
Ұйысқан қырғыз қамалды.

Қол сыймады жүргенде
Алатаудың бауырына.
Дулатты хан жұмсады
Өшіккен қырғыз жауына.
Түсіп жатыр көп қырғыз
Кене ханның ауына.
Он мың кісі ат қойды
Кекіліктің тауына.

Мұнарланып шаң болды
Қызылсудың саласы.
Бұл сапарда жар болды
Хан Абылай бабасы.
Қырғызға лық толыпты
Алатаудың арасы.
Қол алдында жүр екен
Қырғыздың бір данасы.
Наурызбайға кез болып,
Тұра қалды жанаса.
Кәрібоз деген кісі екен,
Ер Қанайдың баласы.

Кәрібоз сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ей, Наурызбай, ер төрем,
Қарайып жүрмін қаныма!
Аза қорлық көрсетіп,
Қатты баттың жаныма.
Не жазығым бар еді
Кенесары ханыңа?
Бітті деп көңілі тынбады
Қырғыздағы арына.
Алмаған ары қалды ма
Қырғызда оның тағы да?

Құсшыны шапты шулатып
Қарақыстақ, Шөңгірден.
Қалшаны ұстап байлады
Хан болып халқын меңгерген.
Абылайдың тұсында
Қылған ісің жөн келген.
Қырғыздың жолы бар ма еді
Қалыңсыз саған қыз берген?

Қыстай шаптың елімді,
Малымды салдың телімге.
Босатып қондың, бостырып
Атамекен жерімді.
Бұрыннан-соңнан бар ма еді
Елшіге ниет өлімді?
Жаманқарамды өлтіріп,
Бір сындырдың белімді.
Тіріме қылсаң болмай ма,
Өлгенім саған не қылды?
Атаңның ақы бар ма еді
Есқожа, Қанай көрінде?

Ашуын бұған бассын деп,
Жерімді саған тастадым.
Бұл алғаның емес пе
Үстімді келіп басқаның,
Жалғыз-жалғыз ат мініп,
Қорғалап тауға қашқаным.

Не себептен хан Кене
Қырғызға мұнша өшікті?
Ақ қалпақты қырғыздан

Қазаққа берді несіпті.
Ат мініп, садақ асынған,
Бізді аямай кесіпті.
Есіркесең болмай ма
Жолыңда жатқан бесікті?

Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар маңырайды.
Мейірімсіз мұнша іс қылдың,
Көп мұсылман зарлайды.
Төрелер, қайда барсаң да,
Рақымсыз атың қалмайды.
Не қалмақ пен шүршіттің
Қырынан шықсаң болмай ма?!

Наурызбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Жақсы айтасың, Кәрібоз,
Тату едім сенімен.
Қонысты кәуір¹ алған соң,
Кенекем көшкен жерінен.
Бауыры суып ол жақта,
Қарашы болған елінен.
Он екі кісі жібердік
Бекбатырдай еріммен:
«Бізге қоныс берсін, — деп, —
Қоқидың салған көлінен».
Екі ай жатты тұтқын боп
Жанқараш, Жантай бегіңнен.
Аулыңыз баса қонған соң,
Азар шыққан өлімнен.
Жаманқараңды өлтірдім
Өзіңнің салған жолыңмен.

Кім таласар Құдайдың
Пендеге берген бағына?
Қорған болып халқына,
Әркім шықсын табында.
Қанайыңа мен қылдым
Кекті болған шағымда.
Сенің ақың бар ма еді
Андасымның тамында?
Білмеймісің, Кәрібоз,
Мойныңдағы жазаңды?
Жанқараш пен Жантайың

¹ Кәуір — кәпір, жау, дұшпан.

Айтып иман, зарланды.
«Қойдым» деп бізге ант берсін
Арағың мен бозаңды.
Арағыңды қоймасаң,
Кенекем алар мазаңды.
Кәпірге ғазат¹ қылғандай
Наурызбай берер сазаңды².

Кәрібоз тағы сөйледі:
— Келтірермін кезіңді!
Ықпалың асып тұрғанда
Айта бер, төрем, сөзіңді.
Асқар тауға, Наурызбай,
Теңгере берме өзіңді.
Алтын жығаң қисайса,
Қырғыздар ояр көзіңді.

Талап алып, Наурызбай,
Малымды салдың телімге.
Аямадың, Наурызбай,
Басымды салдың өлімге.
Қорғанда жатқан қорқытып,
Аттарын алдың бегімнің.
Тастап көштің ол жақта
Атаң қонған Абылай,
Қанды көйлек еліңді.
Кіші жүзге сыя алмай
Тастай көштің жеріңді.
Төлегенұлы Жанқабыл
Ерлікке мықты, сенімді.
Тоқсан кісіңді өлтірген
Алып па едің кегіңді?!
Бітеу сойып басыңды
Қоқанға берген теріңді.

Мейманаң тасса³, Наурызбай,
Досың кетер панадан.
Хақтан бұйрық келгенде
Жаның шығар қанадан.
Сенің атаң — Ер Қасым
Туғаныңда анадан,
Қан шеңгелдеп туышты
Шараналы баладан.

¹ Ғазат — діни соғыс, қасиетті соғыс.

² Сазаңды /диалек./ — жазанды.

³ Мейманаң тасса — көңілің тасса.

Көп қорқытпа, Наурызбай!
Күнім түссе көрермін,
Бұйрық болып Құдадан,
Қаза жетсе өлермін.
Арманда болып кетпеспін,
Бір соғысқа келермін.
Жаппар ием жар болса,
Сазанды әлі-ақ берермін!

Ержан кеткен түн қатып,
Хан қылған соң өкімді.
Төрт жүз кісі бөлініп,
Қалың қолдың шетінде,
Барлап қарап келгелі,
«Жау бар ма, — деп, — бетінде»
Түнде кеткен аз кісі
Қаталанып, өкінді.
Жасанған жауға жолығып,
Ержан бір түскен секілді.

Ханға келді Наурызбай:
— Ержан жауға барыпты,
Бүгін мойны талыпты.
Қаталанып ініңіз,
Бармағын тістеп, налыпты.
Кенеке, айтпай қайтейін,
Ініңіз қолды болыпты.

Пенде болып қырғызға,
Ержанның көңілі шөкпесін.
«Ержан тұтқын болды», — деп,
Қырғызға дабыл кетпесін.
Бізді жоқтап Ержекем
Көзінің жасын төкпесін.

Жолығыпты аңсызда
Ержан батыр аранға,
Ағасы өлсе алдында,
Інінің күні қараң да!
«Аттансын, — деп, — батырлар», —
Шашалық жарлық хабарды,
Енді мұнда, тақсыр хан,
Тұрмағымыз арам-ды.

Маған жауап беріңіз,
Екі-үш жүз кісі алайын.

Көп кешікпей, Кенеке,
Ержанды іздеп барайын.
Асуына шығармай
Иіріп алып қалайын.
Қан құстырып келейін
Сақау қырғыздың талайын.

Кене хан жауап бермеді,
Наурызбай бүй деп келген соң.
Келіспестей көрінді
Наурызбайды бөлген соң,
Қырғыздың қолы көбейіп,
Жақынға келіп төнген соң.
Қолға толды Самсы мен
Қызылсудың кемері.
Шығар мезгіл таянды
Ат пен ердің өнері.
Бір мезгілдер болғанда
Ұзын бойлы, жебелі,
Күрең қасқа ат мініп,
Шеннің ұлы Бедері
Жекелеп кірді майданға,
Ер Қанайдың немері.

Бедері кірді майданға:
— Жеке, батыр, жеке! — деп.
Қарсы қарап тұрады:
«Ке-ке¹, батыр, ке-ке!» — деп,
Жақын жерден шөкелеп,
Қазақтан ешкім шықпады
Жылдамырақ төтелеп.

Байұзақ датқа сөйледі,
Ашуланып, ақырып.
Халқына қарап сөз айтты,
Оң-терісті сапырып:
— Не қылып тұрмай отыр?! — деп,
Батырларын шақырып,
Дулаттан шыққан батырдың
Талайына батырып.
Қолға толды Самсы мен
Қызылсудың арасы.
Қысылған жерде әркімнің
Тәңірім болсын панасы.
Қарағаштай көп қазақ,

¹ Ке-ке — «кел-кел» сөзінің қысқарған түрі.

Ханға болдың қарашы.
Бедер кірді майданға,
Қырғыздың бір баласы.
Оның бізден артық па
Атасы мен анасы?!
Бедерге қарсы барыңдар,
Бізден бір батыр данасы.
Таусылдың ба Мәмбеттің
Найза ұстаған баласы?
Батырлардың майданда
Қызбас болды ойыны.
Қайғыға толды бұл сапар
Қазақтардың қойыны.
Байұзақтың сөзіне
Бастамады тойыны.
Еш адам басын көтермей,
Төменге түсті мойыны.

Қырғыздың қолы көбейді
Әр жерлерден құралып.
Қыстай мінген қазақы ат
Тастап жатыр тұралап.
Шыдамады Наурызбай,
Киіміне қыналап,
Түрегелді орнынан,
Шыбықтай белі бұралып.
Қамзол ішік үстінде,
Бауын үзіп белсеніп,
Ақауыз атқа мінді де,
Түсті таудан теңселіп,
Қатуланып жөнелді,
Алғалы жауды еңсеріп.

Наурызбай сөйлеп жөнелді:
– Батырлар, құлақ салыңыз!
Қарағаштай көп қазақ,
Бақытты болсын ханымыз.
Жау қарасын көргенде
Қайтпасын бастан бағымыз.
Ержан түсіп қырғызға
Дұшпанға кетті арымыз.
Онан біздің артық па
Майданға кірмей, жанымыз?!
Ержан үшін жарассын
Ақбоз атқа қанымыз.
Қарағаштай көп қазақ,
Іс көрсетер күн бүгін.

Ержан түсіп қырғызға,
Бізге қайғы күн бүгін.
Арманда болған ер үшін
Кегін алар күн бүгін.
Қылыштасып майданда,
Қол сілтесер күн бүгін.
Таудың басын алсын тұман,
Жаппар ием болсын панаң,
Қырғыздарға бермей аман,
Ұмтылыңдар, келсе шамаң,
Болсын жауға ақырзаман,
Жаннан кешер күн бүгін!

Наурызбайдың сөнді зары,
Ұрыстың қызсын базары.
Кенекемнің қошқарлары,
Қайтпасын жаудан назары.
Болыңдар қырғыз тажалы¹,
Қол ұстасар күн бүгін!

Наурызбай мұны айтады,
Тартып-тартып жіберді
Ақауызды жамбасқа.
Қолын салып суырды,
Тұрсынбай берген алмасқа.
Артына көзін салмады
Үйдегі қалған мал-басқа.

Наурызбай шыға шабады
Кекіліктен зырқырап.
Бедер шапты қасқа атпен
Құйындай шаңы бұрқырап.
Сонда басын көтерді
Отырғандар көзі жылтырап.

Наурызбайдың сөзіне
Батырлары шыдамай,
Хан қасынан ұмтылды
Меңдібай, Дулат, Ағыбай,
Арғыннан шыққан үш жігіт —
Шәкір, Жәуке, Толыбай.
Олардан кейін қала ма
Табыннан қабан Бұқарбай!

¹ Тажал (дәжжәл) — (араб) діни ұғымда, ақырзаманда шығатын жалғыз көзді адам.
Мәтінде «жауыңа қайтпас қайратты бол» деген мағынада.

Сегіз кісі жөнелді,
 Наурызбайдың соңынан.
 Бұл сапарда төренің
 Жұлдызы туды оңынан.
 Шаба алмайды қазақы ат
 Тас пен таудың тоңынан.

Бедер сонда сөйледі:
 – Патшазада баласың,
 Алдыңа айдап, қырдың сен
 Қырғыздың қатын-баласын.
 Жеке келсең болмай ма,
 Ақылың асқан данасың!
 Тайғандарыңды¹ ертіп,
 Төрем, қайда барасың?

Жолсыз істі қылмаған,
 Наурызбай асыл ер еді.
 Артына қарап сол жерде,
 Батырларын көреді.
 Оларға қарап сөз айтып,
 Қайтуға жарлық береді.

Әрбіреуің шерге ұсап²,
 Келдіңіз бе, нарымыз?
 Шығасы болса кеудеден
 Бүгінгі күн жанымыз,
 Келгенменен, ерлерім,
 Қорғауға келмес халіңіз.
 Берсе тәңірім абиыр³,
 Түсірген атымды алыңыз.
 Жазым болсам, артымнан
 Сүйегіме шабыңыз.
 Қырғыздың айтқан сөзінен
 Төгілер болды арымыз.
 Сөзге сынық болмайын,
 Ерлерім, кейін қалыңыз!

Бедер менен Наурызбай
 Жақындасып барысты.
 Астындағы мінген ат
 Ауыздыққа қарысты.
 Ат үстінде алысты,

¹ Тайған – қырғыз тазысы, жүйрік ит.

² Ұсап /диалек./ – ұқсап.

³ Абиыр /диалек./ – абырой.

Найзаменен салысты,
Бір-біріне жабысты,
Керегедей қабысты.
Ерлерінің артына
Мініп-мініп қалысты.

Және қайтып екеуі
Бұрқ-сарқ етіп айқасты.
Айқасып қалған мезгілде
Төренің асты айласы,
Қайраттың тиді пайдасы.
Шолтаң етіп Бедердің
Аспанға шықты найзасы.
Бедер шығып жолыққан
Қызылсу, Самса бауырынан.
Наурызбай шығып жолыққан
Кекіліктің тауынан.
Айқасқанда екеуі
Өшігіскен жауынан
Бедер барып жығылды
Күрең қасқа аттың сауырынан.

Қыстай шауып жол болған
Шу менен таудың арасы.
Бұл сапарда жар болды
Хан Абылай бабасы.
Қырғыз аттан жығылып,
Батып еді қарасы.
«Я, Құдайлап» шуласты
Үш алаштың баласы.

Аллаға Науан сиыңды,
Аузы кетпей тілектен.
Қайраты көп болған соң,
Найзасы аумай білектен,
Шанышқан екен Наурызбай
Ер қырғызды жүректен.
Сыртына шығып найзасын,
Жерге басып тіреткен.
Суырылмай темірі,
Қанменен қатты-ау жібектен.
Әр тараптан қырғыздар
Жағалай шауып жиектен,
Тұс-тұсынан ат қойды
Үміткер болып сүйектен.

Жалғыз шапты Наурызбай,
 Жауға қарсы еруге.
 Арасы алыс дауыстап
 «Барма, мұнда кел» деуге,
 Шауып барып Бұқарбай,
 Ат үстінде көлбеді,
 Өткізіп қашты шылбырын
 Ер Бедердің белбеуге.

Үш ай тоқсан күн еді
 Шаруа шешкен күйегін.
 Науан бұл жол ағытты
 Ерлігінің тиегін.
 Түсіріп төре кеткенде
 Кене хан қақты иегін.
 Бұқарбай батыр ап келді
 Ер Бедердің сүйегін.
 Қазақ, дулат жиналып,
 Мақалай қылды сүйегін!

Ағыбай батыр шабады,
 Қашқан атын көреді.
 Қырғыздан қорқып таймады,
 Ол да қайсар ер еді.
 Алып ханға келеді,
 Тарту қылып береді.

Бұқарбайды мақтады:
 – Бәрекелді, ерсің! – деп,
 Ағыбайды шақырды,
 – Атын алып келсін, – деп, –
 Сүйекке шапқан ер болар,
 Атын соған берсін, – деп, –
 Сүйекке шапқан ер болар,
 Әркім мұны көрсін, – деп, –
 Жауға шапқан батырлар
 Намыстанып өлсін, – деп. –
 Көңілде үлкен ер едің,
 Сүйекке неге шаппадың?!
 Жарамады олжа деп,
 Ағыбай, атқа шапқаның,
 Сүйекке шапқан ер екен,
 Бұқарбайды мақтадым.

Ағыбай батыр қорланды,
 Екі жағына сыймады.

Ішін жарып өлерге
Жанынан пышақ таппады.

Олжаболат баласы
Ер Бедердің артынан.
Ораз кірді майданға,
Озып жүрген халқынан.
Ол да айтулы ер еді
Сұңқар құстай талпынған.
Ораз келді жұлқынып,
Бастан ауған бағы бар,
Қатын түсіп қазаққа
Қарайып жүрген қаны бар.
Аза қорлық кірген соң,
Тек шықпаған жаны бар.
Жаны нағып шыдасын,
Дүниенің не сәні бар —
Наурызбайдың қосында
Некелеп алған жары бар.

Шуыменен қопарып,
Ораз шапты ар жақтан.
Екі беті қызарып,
Наурызбай шапты бер жақтан.
Қырғыз, қазақ екі жар
Қарап тұрды жан-жақтан.

Найзаларын көтеріп,
Бірін бірі көздеді.
Ашуланған батырлар
Жолыққанша төзбеді.
Бірін бірі аямай,
Ет жүректі мегзеді.
Ораз батыр жығылды,
Найза бұрын кез келді.
Ақбоз аттың сол жақтан
Ораз барып жығылды.
Қайтып адам болмастай,
Шыбын жаннан түңілді.
Тілге келмей сол жерде
Жер бауырлап сүрінді.

Баяғы сөзден Ағыбай
Қарайған екен қанына-ай.
Жеткен екен төпелеп
Наурызбайдың жанына-ай.

Түсіріп төре кеткенде
Шауып барып Ағыбай,
Көтеріп алды Оразды
Телқоңыр аттың жалына-ай.
«Қоқилатып» қырғызды
Бермей кетті тағы да-ай.

Қазір оңға қарап тұр
Наурызбайдың жұмысы.
Әзір аса біткен жоқ
Хан Кененің тынысы.
Қара ала атты бір қырғыз,
Жаңқараш бидің інісі,
Жекелеп кірді майданға,
Батыр екен мұнысы.

Наурызбай қарсы шабады
Жеке шыққан батырға,
Тайынбай қарсы келеді,
Қашатұғын қатын ба?!
Жалақтатып найзасын
Жетіп келді жақынға.
Алақтатып састырып,
Батырды ұрды қапыда.
Жеке шыққан батырдың
Бәріне берді ақылды:
«Орнынан тұрмай жатсын», — деп,
Найзасын қатты батырды.

Қызыл ала қан қылды
Қызыл судың жиегін.
Науан бұл жол ағытты
Ерлігінің тиегін.
Жақын жерде қырғыз жоқ,
Өзі алып қалды сүйегін.

Шапқан сайын Ақауыз
Жерді тарпып өктеді.
Наурызбайдың ерлігін
Қырғыз, қазақ сөкпеді.
Екі мың қырғыз жиылды
Қазақпен соғыс еткелі.
Ерлердің алдын орады
Жаяу мерген төккелі.

Жекелеп енді соғыспай
Қырғыздар тұрды бекерге,

Хан иек қақты нөкерге.
Арба арысын көгерді,
Зеңбірекке оқ берді.
Құлағына от берді.
Асығыс атты байламай,
Алдында әскер жоқ болды.
Зеңбіректің аузынан
Сылдыр-сирек топ келді.

Зеңбіректің ауызы
Қолдың болды көбіне.
Сегіз кісі ұшырды
Сылдыр-сирек шетінен.
Бір боз атты ұшырды
Қолдың арғы бетінен.

Мұны көріп қырғыздар
Ойран болып бүлінді.
Қасында тұрған Наурызбай
Сұңқардайын ілінді.
Және оқтап атқанда
Бір керемет білінді:
Ұрмай-соқпай, зеңбірек
Ортасынан бөлінді.

Қырғыздар шыдап тура алмай,
Қаша берді алақтап.
Наурызбай кетті соңынан
Найзаменен шабақтап.
Бір-біріне ат қойды
Қырғыз, қазақ жан-жақтап.
Бір тозаңның астынан
Гүл-гүл жанып, ыржақтап,
Шыға келді Наурызбай
Тоғыз ат алып салақтап.

Он бес атты ап келді
Меңдібай, Дулат, Ағыбай.
Он екі атты ап келді
Шәкір, Жәуке, Толыбай.
Он төрт ат бар қолында
Қабан менен Бұқарбай,
Құрбан келді төрт атпен,
Нөпірі шығып тұлпардай.

Бәрі келіп қосылды
Қызылсудың беліне.

Көңілі бітті Науанның
Тұз татырған еріне.
Науан тағы жөнелді
Таудың төскей өріне,
Қашып барып қырғыздың
Қамал соққан жеріне.

Жөңкіліп жүрген қырғыздың
Наурызбай үстін қаптады.
Сегіз мерген бір жерде
Бөліне шіреніп жатқаны.
Жалғыз барған төрені
Бәрі тегіс атқаны.
Шара бар ма Құдайдың
Бұл сапарда қаққаны,
Қой боғындай қорғасын
Қаза болып таппады.
Мылтығын тастап тас-тасқа,
Қайта қашты мергені.
Лап қоя шапты қырғыздар
Мергеннің атын бергелі.
Жалғыз шауып Наурызбай,
Қырғыздың жолын кернеді.
Үшеуін шаншып өлтірді,
Бесеуі тірі, өлмеді.
Бес мергенді тірі айдап,
Ханға алып келгені,
Сегіз мылтық өңгеріп,
Тарту қылып бергені.

Сол уақытта Ақауыз
Жер тарпиды оянып.
Наурызбай жүр үстінде,
Қылышы қанға боялып.
Қанына қырғыз қарайды,
Несіне тұрсын аянып.
Наурызбайдың үстіне
Бәрі келді таянып.
«Аллалап» жүрген қырғыздың
Желі тұрды оңынан.
Ай мүйізді қошқардың
Бәрі тартты қоңынан.
Ақауыз ат құлады
Қырғыздың атқан оғынан.
Наурызбайға ұмтылды
Қалың қырғыз шоғынан.

Қызылсу мен Дуанның
Аңғарынан шаң асты.
Қырсықтың алды емес пе,
Төреден әркім адасты.
Қырғыз, қазақ екі жар
Наурызбайға таласты.
Қырымда жүрген Бұқарбай
Атына қамшы бір басты.
Үзеңгісін шығарып,
Наурызбайға жанасты.
Бұқарбайдың алдына
Наурызбай алды мінгесіп.
Жауға түсіп қалмасқа
Қаша берді «шүү» десіп.
Наурызбайды тұтпаққа
Қырғыз да қуды ілесіп.
Қазақтан адам аз болды
Бермейтұғын тіресіп.
Қорғайын деп қырғыздан,
Ағыбай сыртын айналды.
Шамасы келсе тіресіп,
Қорғамаққа ойланды.
Бұқарбай мен Наурызбай
Салар еді ойранды.
Мінгесуі бір атқа
Олардың қолын байлады.
Сол уақытта қырғыздар
Басқын жетіп өрледі.
Жалғыз өзі Ағыбай
Қорғауға әлі келмеді.
Алдыңғы жеткен қырғызды
Араға түсіп кернеді.
Қолындағы найзасын
Оңды-солды сермеді.

Атасы өткен Абылай,
Тілеуді берген бар Құдай.
Бұқарбай мен Науанға
Ұмтылды қырғыз жабыла-ай.
Шәкір де жетті бір жақтан,
Қабан менен Меңдібай.
Кертайлақ атты жеткізді
Жәуке менен Толыбай.
Кертайлақ ат жеткен соң
Мініп алды Наурызбай.

Сиынады батырлар
 Аузы кетпей тілектен.
 Шұбыртпалы Ағыбай
 Талайды шанышты жүректен.
 Араласып, Шәкірдің
 Мылтық тиді білектен.
 Итшілесіп, сілкісіп,
 Қорғап шықты түбектен.

Бұл сапарда Құдайым
 Ерлердің жолын оңдады.
 Кертайлақты мінсе де,
 Ақауыз аттай болмады.
 Астына мінген атына
 Төренің көңілі толмады.
 Артынан жеткен қырғызға
 Ұмтылуға болмады.
 Сонда да Тәңірі жар болып,
 Тұтылып жауда қалмады.
 Құтылып келіп Наурызбай
 Ханның түсті қасына.
 Көріп еді көп істі
 Өзелде жазған басына.
 Келе сөйлей береді
 Құдайменде ағасына:

— Тау суындай сарқырап,
 Дулат жатыр ереңде.
 Қырғыз тұтқын қылыпты
 Ержан сынды беренді.
 Қырғыз тұтқан шағында
 Арманда кеткен зеренді¹:
 «Екі ағам, бір інім бар,
 Издер ғой мені», — деген-ді.
 Сүйдеп айтқан Ержанның
 Ағасының бірі — сен.
 Ұзақ күнгі майданда
 Бір көрмедім сені мен.
 Бір нәсілдің ішінде
 Мұнша қалай тудың кем?
 Жауға қарсы бармастай,
 Қатынменен болдың тең!

¹ Зерең /к.с./ — қымыз құятын сәнді, зерен аяқ, сырлы тостаған. Мәтін бойынша, «асыл, мықты» деген мағынада.

Сені қара басты ма
Қолыңа найза алмастай?
Жүрегің ұшып кетті ме,
Жауға қарсы бармастай?
Қызметі сенде бар еді,
Ержанды естен салмастай!
Намысы сенде бар еді,
Артынан тірі қалмастай!

Ала бір таудың жылғасы,
Бауырында ойнар құлжасы.
Тар жерде жолдас болады
Ерлердің найза құрдасы.
Белсеніп жауға шабады
Жігіттің жанған мырзасы.
Ержан болса қасымда
Бөлекше туған тұлғасы,
Болар ма едім қазаққа
Әзіл сөздің олжасы?!

Балалы арқар баурайды,
Баласыз арқар маңырайды.
Күйік қылмай көзіме
Жасаған сені алғай-ды!
Сүйегімнен бұл таңба
Өлгенімше қалмайды.
Ержан жауға түскенше
Сен жауға түссең болғай-ды!

Ендігі жерде сөйлейін
Болған істі бастағы.
Бәрі де жау боп көрінді
Алатаудың тастары.
Елден бұрын Нысанбай
Жоқ сұмдықты бастады.
Қобызы қалды қосында,
Түзеді бетін қашқалы.
Өз басын алып құтылмақ,
Іздемеді басқаны.
Алты ай шауып жол болған
Шу менен таудың арасы.
Бұл сапарда қазақтың
Болмады қабыл тәубасы.
Рүстем менен Сыпатай —
Дулаттың нағыз баласы
Үндес болды қырғызбен,

Әне, ауыздың аласы!
 Он екі мың дулатты
 Қашырды түнде, расы.
 Жамандық қылған мұндардың
 Мойнына болсын жазасы.
 Қазақтың көбі қырылды,
 Қанды ма екен табасы?!

Сол барғаннан төрелер
 Елге қайтып келмеген.
 Үй, жамағат, малы мен
 Халқын, жұртын көрмеген.
 Құтылуға қырғыздан
 Тілегін Құдай бермеген.
 Қырғызда қалды тұтылып,
 Не еткенін ешкім білмеген.

Кенесары мен Наурызбайды жоқтау

(Нысанбай жыраудың қырғыздан қашып құтылып, елге келген соң
 Кенесары, Наурызбай төрелерді жоқтаған есепті айтқан азырақ сөзі)

Қоғамы күшті ер еді
 Киімді бала тудырған.
 Бқпалы жүрген ер еді
 Алтынды қылыш будырған.
 «Абылайлатып» ат қойып,
 Дұшпанды көрсе құдырған!
 Көп сарғайтып келместей,
 Кене хан, саған не болды?

Тұлпардан сайлап ат мініп,
 Дорбадан жемін жегізген.
 Жем орнына бал беріп,
 Қысырдың сүтін емізген.
 Басқан қалың жау жетсе,
 Алып та шығар теңізден.
 Кенекемді қалдырып,
 Көкбурыл, саған не болды?

Патшада бар алтын тақ,
 Жасынан Жаппар берген бақ.
 Зілді қара бүркіттей
 Шабытты туған сұғанақ.
 Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
 Бір анадан жалғыз тақ.
 Көп сарғайтып келместей,
 Наурызбай, саған не болды?

Кенекем менің кеткен соң,
Заманым қалды тарылып.
Салтанатты хандардан
Жетім қалдым айырылып.
Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайырылып.
Балдағы алтын ақ берен
Тасқа тиді майырылып.
Кемшілік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып.
Жаңбыр жаумай су болды
Пұлы қымбат манатым.
Тасқа тимей кетілді
Балдағы алтын болатым.
Топшысынан үзілді
Екі бірдей қанатым.
Кенесары, Наурызбай,
Асыл туған манабым!
Қырғыздан біткенге ұсайды¹
Тағдырлы ажал сағатың.
Жаның қайда жай табар,
Жадында Жаппар болмаса?!
Көңілің қайда жай табар,
Көрерге дәулет болмаса?!
Қолдың көркі болар ма
Барабан, керней болмаса?!
Жұлдыздың көркі болар ма,
Ішінде бір Ай болмаса?!
Халықтың көркі болар ма
Басқарған ханы болмаса?!
Кенесары мен ішінде
Ер Наурызбай болмаса?!

Халық иесі хандарды
Қалай айтсам, мін бар ма?!
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн бар ма?!
Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн бар ма?!
Хандарынан айырылған
Иесіз жұртта сын бар ма?!
Кенесары, Наурызбай
Бір көрінер күн бар ма?!

¹ Ұсайды — ұқсайды.

Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық.
Жауды жасқап, жапырып,
Жауған қардай борадық.
«Абылайлап» ат қойып,
Дұшпанның алдын орадық.
Кене хан жазым болған соң,
Шіл боғындай тарадық.
Көрінгеннен қорғалап
Кісі аузына қарадық.
Өзіміз шапқан Созақта
Сарттан ақыл сұрадық.

Наурызбай төре кеткен соң,
Бастан ауды бағымыз.
Кенесары кеткен соң,
Иесіз қалды тағымыз.
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,
Байланды тіл мен жағымыз.
Азғанымыз емес пе,
Қойшыдан сынды сағымыз.
Артында қалған жетім ел,
Келіспей кетті сәніміз.
Ақырында, әлеумет,
Осындай болды халіміз.
Бұл қиссаны шығарған
Нысанбай деген жыршы еді,
Кене ханның тұсында
Жұрттан озған сыншы еді.
Айтқан сөзі үлгілі,
Құлақтың бір құрышы еді.

Өлең-жырға Нысанбай
Мәшһүр шешен, нар еді.
Бір естіген адамдар
Сөзіне тағы зар еді.
Көзімен көріп, сөз қылған
Соғыста өзі бар еді.

♩ = 70

Толғана

Орындаған: Әдікеев Қазыбек

Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

Е - е _____ Дү-ри жау-һар да-на-сы(е) е - е - е - е - е - е е - е

е - еу, Әр - кім - нің Ал - ла па - на - сы. Жан біт - кен - ге не - сі - бе -

Дә-рия - ның ақ-қан са - ла - сы. Үй - сіз - дер - ге үй бол - ған.

Би о - тан - ның ха - на - сы. Ке - не - са - ры, Нау - рыз - бай

А - бы - лай хан - ды ба - ба - сы. Өу - ел - гі ме - кен - тұ - ра - ғы -

Көк - ше - тау - дың да - ла - сы. Жаз - ғы жай - лау қо - ны сы - ы -

Ұлы - тау - дың са - ла - сы _____ Ө - те за - лым бол - ма - ныз,

Мү - сыл - ман - ның ба - ла - сы. А - қы - рын - да о - лар - дың

Қыр - ғыз - дан бол - дау қа - за - сы. -

ы - - - - е - е - е - е - еу.

Екінші мақам

Тебірене

Ей, Ке - не - са - ры ер бол - ды, Ел і - шін - де бір бол - д(ы)е.

Қаш - қан, бос - қан жи - ы - лып, Өз ал - ды - на қол бол - ды.
 Жұрт - қа ти - іп ке - сі - рі, Өр - кім - дер - ге сор бол - ды.
 Қар - сы кел - ген а - дам - ның, Кө - зі - нің жа - сы көл бол - ды...
 А - қыл ме - нен іс қыл - май, А - қы - рын - да қор бол - ды.
 Қыр - ғыз - ға ба - рып қы - ры - лып, Ит пен құс - қа жем бол - ды.
 А - бы - лай хан - ның ба - ла - сы





Хан Кене (Нысанбай нұсқасы).

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры (1202/3-бума).

Нысанбай жырау Жаманқұлұлы (1822-1883) – күрескер ақын, жыршы-жырау. Сыр бойында дүниеге келген. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы, жорық ұраншысы болған. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін еліне оралып, бейбіт өмір кешеді. Көзімен көріп, өзі куә болған оқиғаларды жинақтап «Кенесары, Наурызбай» атты көлемді жыр шығарып, ел ішіне таратады. М.О. Әуезов 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» еңбегінде Нысанбайды «Бұқардан кейінгі аса ірі жорық жыршысы» десе, С. Мұқанов 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» зерттеуінде: «Нысанбай XIX ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады» деп бағалайды. Нысанбай жыраудың қатарынан неше күн жыр айтса да бір айтқанын қайталамайтын, тілге бай, ерекше дарын иесі екендігін айғақтайтын деректер кездеседі (жыршының фотосуреті сақталмаған).

СӘТБЕК БАТЫР

«Сәтбек батыр» — Ресей отаршылдарының қолшоқпары, казак-орыстардың қарақшы атаманы Ермакты жекпе-жек арпалыста өлтіріп, ел аузында аңыз болып қалған батырдың сол оқиғасын көркем бейнелеген туынды. Оның негізгі идеясы — Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясатын, зорлық-зомбылық әрекеттерін әшкере ету, ел тәуелсіздігі жолындағы күресте Ермак сияқты гүлей күштің де кедергі бола алмайтынын, осы мақсатта жанын құрбан етуге дайын тұрған ержүрек батырдың тұлғасын жалпақ жұртқа жария ету. Туындының өзге тарихи жырлардан және эпикалық дәстүрден бөлек өзіндік ерекшелігі бар. Егер эпикалық жырларда «мінсіз батырдың» бейнесі дәріптелемін болса, бұл шығармада басты кейіпкер басында әлсіздік танытады. Бойын қорқыныш билеген Сәтбек тіпті туған қызын жау қолында қалдырып, қашып кетпек те болады. Бірақ жағдайды ақылға салып, күш-жігерін жинағаннан соң жауларына жасырын барып, олардың көзін бір-бірлеп жояды. Ермакты қызы Бәтіш байлаудан босатқан итінің көмегімен жеңеді. Сондықтан жырда батырды әсірелей бейнелеу, көркем қиял қосу, басқа да «мінсізденгіру» тәсілдері қолданылмай, оқиға шынайы баяндалады. Бұл — эпикалық дәстүрге кезгесе бермейтін сирек құбылыстардың бірі.

XX ғасырдың басында ақын, жыршы А. Сабалұлы «Сәтбек батыр» жырын ел арасынан жазып алып, Қазанда (1909) жеке кітап түрінде басып шығарады. Кейін ол Ш. Хусаинов пен ағайынды Кәрімовтердің баспаларынан (1911, 1915) қайта басылып шықты. Кеңестік кезеңде шығарманың жариялануына тыйым салынып, тек ел өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары «Бабалар сөзі» жұзтомдық сериясына (2009, 56-т.), ҚХР Шыңжаң өлкесінің Үрімжі қаласында жарық көрген «Дастандар» жинағына (2011, 1-т.) енгізілді. Жыр туралы Г.Ф. Миллер, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, Б. Рақымов т.б. ғалымдар қалам тартып, ой-пікірлерін білдіргі.

Еліміздің қолжазбалар қорында туындының Ақылбек Сабалов, Күсембек Байқұттыұлы, Әуелбек Қоңыратбаев, Жұматай Мәдиев, Нұрғали Бейсеков, Мұстафа Еренов есімді белгісіз жинаушылар жеткізген нұсқалары сақталған. Томды баспаға дайындау барысында барлық нұсқалары сараланып, текстологиялық тұрғыда зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде шыңжаңдық Шерияздан Сұлтанбайұлының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Жыр мәтіні М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған «Дастандар» жинағынан алынды (Үрімжі. Шыңжаң халық баспасы, 2011, 1-т., 498—505-б.).



ҚАЗАҚ АҰЗ АДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Сәтбек

- «Алди тўрип сизгә қилар зорлық,
қолғиған тартып السا ол «бир қорлық.
дўниә – ай тўраы жоқ шыр айналан,
тўрмасн жалған қолда болжап болдық.
- «Міқти «жўр ویلاعانسн قولمەن سستەپ،
تاستان تەمیر شىعارىپ، كەرىمىش تىكتەپ.
«وز قولىندا بولسا دا قاناعات جوق،
كەڭەيتپەك ول برگەسن زورلىق سستەپ.
- «الدىتى ساتبەك مىرزا ەكى قاتىن،
«تىل جەتىپ، ايتىپ بولماس سالتاناتىن.
قاس قىلغان توغىز جاۋىن بىردەي قىرىپ،
پاتشاعا اۋزى بارىپ ايتقان «داتىن.
- «شەككەنى پارلاپ شانا قارا كەرگە،
نە بەرمەس تالاپتانسنا سانالى ەلگە.
بەرگەن سولگ مال مەن باسنى «بىر قۇدايم،
قوندىرعان ەكى اۋىل قىپ ەكى جەرگە.
- «ساتبەكتىڭ تالابىنا ەل تاڭ قالدى،
«وزى دە ماڭىزدى جان، تىم بايسالدى.
ايمامى قۇداي داۋلەت بەرگەننەن سولڭ،
توقالعا ورال تاۋدان ورىن سالدى.
- «وتىز كۇن بايبىشەدە تۇرادى ەكەن،
«وتىز كۇن توقالىندا تۇرادى ەكەن.
«كەرمەگە قوس قوڭىردى قاتار بايلاپ،
سەيلىدى ەكى ورتادا قۇرادى ەكەن.
- «باتىستان ورس شىقتى ورتەي كوشىپ،
سۇيرەتىپ كوك ارباسن جەردى كەسىپ.
قازاقتىڭ قىستاۋ، جايلاۋ، كوكتەۋلىگىن،
كەلەدى كەمىرىپ جەپ، «بولىپ – «پىشىپ.
- «قازاقتىڭ كەڭ دالاسىن پاسىپ الماق،
«بەلەن دەپ بودامعا الىپ، «مورىن باسپاق.
«سايلىغان سالداتى بار سان مىڭدالان،
«كونبەسەڭ بەس اتاردان وعىن شاشپاق.
- «اۋەلدە ويى ارام دەپ تەكتەمەگەن،
«كەڭ قۇرساق قازاق ەلى كەت دەمەگەن.
«اقىرى «وز جەرنەن شىققاندا ايداپ،
«ەل تامساندى قورلىق دەپ بۇل ئەدەگەن.
- «زورلىققا كونبەيمىز دەپ قازاق شىقتى،
«بەلدەسىپ ايقاسىپ «جۇر تالاي مىقتى.
«كۇشتىگە كومەگى كوپ «الى كەلمەي،
«السىز ەل امالسىزدان كەيمىن نىقتى.

Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы. Дастандар. 1-том.

Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2011.

Әлді тұрып, әлсізге қылар зорлық,
Қолыңнан тартып алса, ол бір қорлық.
Дүние-ай, тұрағы жоқ шыр айналған,
Тұрмасын жалған қолда болжап болдық.

Мықты жүр ойлағанын қолмен істеп,
Тастан темір шығарып, кірпіш тіктеп.
Өз қолында болса да қанағат жоқ,
Кеңейтпек ол іргесін зорлық істеп.

Батыстан орыс шықты өрлей көшіп,
Сүйретіп көк арбасын, жерді кесіп.
Қазақтың қыстау, жайлау, көктеулігін
Келеді кеміріп жеп, бөліп-пішіп.

Қазақтың кең даласын басып алмақ,
«Бағын», — деп, боданға алып, мөрін баспақ,
Сайланған салдаты бар сан мыңдаған,
Көнбесең, бесатардан оғын шашпақ.

Әуелде ойы арам деп тектемеген,
Кең құрсақ қазақ елі «кет» демеген.
Ақыры өз жерінен шыққанда айдап,
Ел тамсанды: «Қорлық, — деп, — бұл не деген?!»

«Зорлыққа көнбейміз!» — деп қазақ шықты,
Белдесіп айқасып жүр талай мықты.
Күштіге көмегі көп әлі келмей,
Әлсіз ел амалсыздан кейін ықты.

Бір қисса сөз сөйлейін сол заманнан,
Анадан өлмей қалмас туған адам.
Мекені Қызылжардың ар жағында
Өтіпті жалғыз жігіт бір ұядан.

Аты екен ол жігіттің — Сәтбек мырза,
Көрген жан құрметіне болады риза.
Жігіттер басы жұмыр не бар деме,
Кез қылған бір пәлеге Жаппар Құда.

Алыпты Сәтбек мырза екі қатын,
Тіл жетіп айтып болмас салтанатын.
Қас қылған тоғыз жауын бірдей қырып,
Патшаға аузы барып айтқан дәтін.

Жеккені парлап шана қарагерге,
Не бермес талаптанса саналы ерге.

Берген соң мал мен басты бір Құдайым,
Қондырған екі ауыл қып екі жерге.

Сәтбектің талабына ел таң қалды,
Өзі де маңызды жан тым байсалды.
Аямай Құдай дәулет бергеннен соң,
Тоқалға Орал таудан орын салды.

Отыз күн бәйбішеде тұрады екен,
Отыз күн тоқалында тұрады екен.
Кермеге қос қоңырды қатар байлап,
Сейілді екі ортада құрады екен.

Үш ұлы бәйбішенің, бір қызы бар,
Дүние-ай, үшбу жалған жан-жағы тар.
Аты екен сол қызының — Бәтіш сұлу,
Көрген жан оған ынтық, болады зар.

Тоқалдың да бірнеше баласы бар,
Екі қатын болған соң арасы тар.
Осы бір кенері кең дүниеде
Жақсылық пен жамандық таласы бар.

Жүреді Сәтбек мырза күліп-ойнап,
Жаманға алыс, жақсымен көңіл аулап.
Ауылында бәйбішенің бір ай жатып,
Соғымын сойдырыпты әбден жайлап.

Ауылында бәйбішенің бір ай жатты,
Алланың нәсіп қылған дәмін татты.
Соғымын тоқалының сойдырмаққа
Пар шегіп қос қарагер соған тартты.

Келеді қос қоңырды ентелетіп,
Түс ауа жетемін деп үміт етіп.
Сәскеде бір шай ішіп шығып еді,
Болғанда кіші бесін келді жетіп.

Тоқалға аттан түсе амандасты,
«Ағалап» балалары жабырласты.
Кіргізіп есік ашып әдемі үйге,
Жасаулы дайын тұрған шайдан ішті.

Алаңсыз жүрген адам көңілі жай,
Жүрегі тулады аттай, япырым-ай!
Өзіне не болғанын өзі білмей,
Төңкерді бір шыны да шай іше алмай.

Ер Сәтбек сыртқа шықты шыдай алмай,
 Қия ма ерді қатын Құдай алмай:
 – Сағынып, бір ай жатып келген мырзам,
 Не болды бүгін сізге аунай алмай?

Сондағы тоқалына айтқан сөзі,
 Ішіп-жеп айырмайды екі көзді:
 – Бір сұмдықтың болғанын көңілім білді,
 Бар ма екен бір дұшпанның құрған тезі?

Ойлады: «Қайта ауылға барайын, – деп, –
 Қолыма бар қаруды алайын», – деп.
 – Жегіп бер, малшыларым, көшевамды¹,
 Қайталай түнделетіп салайын, – деп.

Құдайым артық көрген Сәтбек ерді,
 Әр істі жақсы-жаман көзі көрді.
 Айтқанын мырзасының екі қылмай
 Қос боз ат көшеваға шегіп берді.

Алыпты алтыатарын қанжарымен,
 «Алла» деп жалғыз жүрді сайманымен.
 Болғанда түн ортасы мезгілі дәл,
 Келеді екі ақбоздың пәрменімен.

Қораға Сәтбек мырза келеді енді,
 Байлаулы тоғыз атты көреді енді.
 Сайлаған қару-жарақ, түсі суық
 Келгенін бір дұшпанның сезеді енді.

Айналып малшысының үйіне енді:
 «Білейін, не сұмдық, – деп, – мынау сырды?»
 Дыбыс жоқ үй ішінде, тас қараңғы,
 Кесілген он екі бас көрді көзі.

Көрді де жаны ұшты бұл сұмдықты,
 Шам алып, өз үйіне кіріп кетті.
 Есікті бар пәрменмен ашып қалса,
 Бәйбіше мен үш ұлын өлтіріпті.

Қайта кеп, қонақ үйге көзін салған,
 Тентектің заманы ғой мынау жалған.
 Шай ішіп самауырмен отыр екен
 Бәтiштi тоғыз адам ортаға алған.

¹ Көшева (кашовка) /орыс/ – шананың әдемілеп жасалған жеңіл түрі.

Көрдi де Сәтбектiң де ұшты жаны,
Қалмады бұрынғыдай ердiң сәни:
«Отарлап екі жаққа ой бөлмесем,
Көрем бе мен де осындай оқиганы?»

Басымды алып қашып жөнелмейiн,
Кiсiдей жол таба алмай бөгелмейiн.
Басымды алып қашсам намыс болар,
Не көрсем, Бәтiшiммен бiр көрейiн».

Қорада күзетшi жоқ олар қойған,
Ойында қорқыныш жоқ, көңiлi тойған.
Көркiне Бәтiшжанның қайран қалып,
Айырылып отыр бәри ақыл-ойдан.

Қараса тонаушы екен түрлерiне,
Бiрiнiң бiрi көнбес тiлдерiне.
Жас қызға жасөспiрiм көңiлi ауып,
Қиыспай отырыпты бiр-бiрiне.

Ойлады: «Бiраз сабыр қылайын, — деп, —
Олар да ат көздеуге¹ шығады, — деп. —
Шыққанын босағада аңдып тұрып
Желкеден қиып түсiп тұрайын», — деп.

Соны ойлап ауыз үйге кiрiп тұрды,
Көңiлiн Бәтiш үшiн бұрып тұрды.
«Өлсем де айла, қайрат қылайын», — деп,
Қолына алмас қылыш алып тұрды.

Басшысы тоғызының — кәпiр Жармақ,
Бiр-бiрден ат көздеуге болды бармақ.
Қолға алып өткiр қылыш, аңдып Сәтбек,
Қол кезiп ұрайын деп тұрды арнап.

Бiр-бiрлеп ат көздеуге шығып жатыр,
Желкеден бар күшiмен ұрып жатыр.
Мөлшерi сегiз болды кесiлген бас,
Қалыпты ендi жалғыз Жармақ кәпiр.

Шықпаған ендi жалғыз Жармақ қалды,
Ойламас ол уақытта бас пен малды.
Бекiнiп түгел типыл қиратуға
Қолына ақ алмасын тағы да алды.

¹ Ат көздеу — аттарды байқау, көру. Яғни аттардың орнында бар-жоқтығын қарау.

Есіктің қиюынан сығалады,
 Қауіп жоқ, сырттағы істі кім ұғады.
 «Бұлар неге кешікті, келмеді?» — деп,
 Шығуға ол да сыртқа ырғалады.

Серендей көрінеді бойы биік,
 Қарайды есік жаққа мойын бұрып.
 Тыңдайды құлақ салып, сырттан дыбыс,
 «Бір хабар келе ме?» — деп көзін сүзіп.

«Ат көздеуден бір хабар келмеді, — деп, —
 Болмаса, «аттар жоқ» деп келмеді», — деп,
 Бұл жұмбақ шешілмейтін сыр болды оған,
 Келеді: «Өзім барып көрейін», — деп.

Келеді ыңыранып Жармақ кәпір,
 Құдайға сиынып тұр Сәтбек батыр.
 Аямай-ақ алмаспен кетгі салып,
 Жан қалмас қорыққанменен бұдан ақыр.

Барады ер Сәтбектің іші күйіп,
 Әркімнің шыққан тауы болсын биік.
 Сол қолын ақ алмасы алып түсті,
 Дәл тимей, желкесінен жаза тиіп.

Сол қолын қиып түсті, оң қол қалды,
 Шап беріп қабырғадан ұстай алды.
 Көтеріп бір қолымен үйіріп жүр,
 Байқасаң көп адамнан мынау әлді.

Асты-үсті ыстық үйдің түгел тақтай,
 Барады оны үйіріп жел қаңбақтай.
 Алысып халі келмей жүргенінде
 Айтты атын астындағы жалғыз Хаққа-ай¹.

Байлаулы қорасында бір иті бар,
 «Босанса, болысар», — деп қылады зар.
 Алыстан даусын естіп жұлынады,
 Мойнында темір арқан шынжыры бар.

Алысып жыға алмады Жармақ итті,
 Болар ма күші басым, мұндай мықты.
 Жыға алмай жағаласып жүргенінде
 Бәтiшi даусын естіп, шам ап шықты.

¹ «Астындағы мініп жүрген атын Құдайға нәзір етті» деген мағынада.

Барады қысып Жармақ Сәтбек ерді,
Ағызды қысқан сайын қара терді.
Жыға алмай жағаласып жүргенінде
Әлгі итін Бәтіш барып қоя берді.

Кетірді қара төбет кәпір сәнін,
Жіберді жаһанамға оның жанын.
Қылтасын келе салып, қиып түсті,
Сақтауы, міне, осындай бір Алланың.

Жығылды малғұн сұлап, Тәңір атып,
Саусағы Сәтбек ерге кетті батып.
Жанынан Құдайдан соң болды себеп
Қара иті отыз сомға алған сатып.

Тағдырдан ажал келсе адам қалмас,
Ажал жетіп келген жан бұға алмас.
Пайдасы тиді оған осы жолы
Ірбіттен жүз теңгеге алған алмас.

Сол жерде демін алып біраз тұрды,
Алланың салғанына мойын бұрды.
Пар шеккен екі ақбозат көшевамен
Бәтішті кіші ауылға алып жүрді.

Бекітіп тамам үйдің қақпаларын,
Жөнелді иен тастап соның бәрін.
Болғанда таң мезгілі жұлдыз сөніп,
Кез қылды бір пәлеге тағы Кәрім.

Тоқалы шықты алдынан панар жағып,
— Жалғызым, не болды? — деп зар-зар қағып.
Алдынан жүгіре шығып сұрағанда:
— Екен, — деп, — Бәтіш ауру, — берді жауап.

Жан-жаққа түніменен адам кетті,
Үйез бен судияға хабар жетті.
«Сәтбекті жау өлтірді», — деген дүбір
Бір түнде жер мен көкті күңіrentті.

Таңертең үйез бенен судия келген,
Жанына би мен болыс ере келген.
— Жалғаншы, өтірікші, бұл қалай? — деп,
Сәтбекті «өлі» деген тірі көрген.

Сәтбек айтты: «Жақсы кепсің, ұлықтарым,
Алдында дайын тұр ғой жұмыстарың.

Басымда қатты қиын жұмысым бар,
Бір ақыл табыңыздар ұғып бәрің.

Басыма түсті менің заманақыр,
Түбінде бір жаман іс бола ма ақыр.
Не дейсің мына іске, әй, ұлықтар,
Бір ауыл түгел өліп, қан боп жатыр».

Және де өліп жатыр тоғыз орыс,
Шошиды оны көріп би мен болыс.
Қайратқа жалғыз қылған жұрт сүйсініп:
— Жарайды, бәрекелді, — дейді, — дұрыс!

Билер айтты: «Өлгендер жата тұрсын,
Бір адам жандаралға хабар қылсын.
Қолында низамы бар елге жайған,
Өзі келіп, айырсын оң-бұрысын.

Сол күні кісі кетті жандаралға,
Бұл хабар тез таралды оң мен солға.
Ат, азық, қару-жарақ жиып жатыр:
— Бар қазақ саламыз, — деп, — жанды ортаға.

Жандарал мұны көріп кәрін төкті:
— Қазақ, — деп, — бұл не деген туған мықты?
Бір орысқа он қазақ құнын кесем,
Тез әкел, тергейміз! — деп бұйырыпты.

Сайланып аттандырды жүз он орыс,
Күштінің қылған ісі бәрі дұрыс.
Қарсыласса, қалдырмай қырып тастау,
Бұл әмір низамына емес бұрыс.

Сайланып жүз он орыс жолға шықты,
Асынған қанжар, мылтық бәрі мықты.
Суыт жүріп кеп тапты Сәтбек ерді,
Қабағын қарыс жапқан бәрі уытты.

Ас ішпей үш күн, үш түн Сәтбек жатты,
Қайғысы үш ұлының жанға батты.
Қайғының қасіретінде жатқанында
Бір күні жүз он орыс байлап апты.

Бүкіл ел мұны көріп атқа мінді,
Шақырып әртүрлі ұран, жасақ жиды.
— Жанға жан, төгеміз, — деп, — қанға қанды, —
Малдарын Құдай үшін айтып сойды.

— Болмасын, — деді Сәтбек, — арты жаман,
Әзірше арандаспа, халқым, маған.
Тексерер алып барып өзер болса,
Соқтықпа жанған отқа жарқылдаған.

Келеді жүз он салдат жаяу айдап,
Тақтай қып, екі қолын артқа байлап.
Алдына ақ патшаның айдап барып,
Низамға салыстырып жазаламақ.

Алдына ақ патшаның айдап барды,
Шеккізіп жол азабын қинап барды.
Болғанмен басты кеспек, тіл кеспек жоқ,
Кек қайнап, қызыл тілі сайрап барды.

Ақ патша сарайында отыр қырын,
Қазақтан кім көрді екен мұның түрін?
— Айт, — деді, — қылғаныңның бірін қоймай,
Жазықсыз сонша адамды неге қырдың?

— Айт, — деді, — бастан-аяқ қылғаныңды,
Білмейсің жаза басып тұрғаныңды.
Сұраусыз орыс жоқ деп ойладың ба,
Аямай ел-жұртың мен туғаныңды.

Естісем, олар біздің шарлаушымыз,
Қорғайтын ел мен жерді арнаушымыз.
Сегізін бастығымен бір-ақ қырдың,
Бітпестей ауыр қайғы бұл ісіміз.

Олар бір бейбіт әскер жайын жүрген¹,
Сен, сірә, кімсің өзің жалғыз жүрген?
Қарсылық патшаға қылған ісің,
Бұзақы, тентекпісің ел бүлдірген?

Айтып бер қылмысыңды бір-бір бастан,
Неліктен патшаға кегің тасқан?
Сөйлемей енді сенің амалың жоқ,
Жер пана болмас саған, ұшсаң аспан.

Ер Сәтбек жауап берді көзі жайнап,
Өшпестей көкіректе кегі қайнап.
Үш ауыз арыз айтып қарап тұрды,
Тұрса да мылтық кезеп, қылыш сайлап.

¹ Жайын жүрген — тыныш, жай жүрген.

Сөйлейді майыстырып орыс тілін,
Жасынан өнер қуып, закон білген:
— Жіберіп қырғыншы мен қарақшыны,
Халықты жайын жатқан кім бүлдірген?

Қырған кім әуелі елді, білемісің?
Сенбесең, бірге жүріп көремісің?
Бұл іске бола алмаймыз біз жығынды,
«Қазақ» деп бізді сыртқа тебемісің?

Біз бейбіт халық едік жүрген жайын,
Қастық жоқ бізде ешкімге тұрған дайын.
Әділдік қылсаң егер шындық мынау,
Сен тыңда, мен сөйлейін істің мәнін.

Сол күні сол ауылға барып едім,
Келгенін сол дұшпанның біліп едім.
Өзі қырып салған соң мен де қырдым,
Өзіне өз қылғанын қылып едім.

Өлтірген олар сол күн он алты адам,
Бір ауыл, үш ұл менің қатын-балам.
Жоқ еді алты аласым, бес бересім,
Тексеріп әділдік қыл, болмай шабан.

Бар еді жалғыз қызым жаннан артық,
Олжалап әкетіпті олар тартып.
Үш ұл мен өлтіріпті қатынымды,
Жалғанда қорлық бар ма бұдан артық?

Азапқа көне алмадым тірі көрген,
Кім шыдар мұндай іске басқа келген?
Желкеден алдыңғы үйде қырып тұрдым
Орысты ат көздеуге бірден келген.

Тоғызын өлтіріпшім нақ сол жерде,
Қалған жоқ сол арада тірі пенде.
Өзіне өз қылғанын сөйтіп қылдым,
Мінеки, өтірік жоқ сенгендерге.

Қорлыққа олар салған көне алмадым,
Поштасын жандаралдың тонамадым.
Қидым мен жанға жанды, қанға қанды,
Ешкімнен: «Бұл қалай?» — деп сұрамадым.

Өзіне өз қылғанын қылғаным сол,
Өлтірген әуел адам ол — қандықол.

Бар болса әділдігің, айыра көр,
Патшасың неше атаңнан ақылың мол.

Шарлаушы бұдан кейін жібермесең,
Қазақты басқа жұрттан кем көрмесең,
Қайтарып жер мен суын өздеріне,
Зорлықпен жерімізді бүлдірмесең.

Тарыдай қылмысым жоқ, арым таза,
Әділдік болмас маған берсең жаза.
Бұзылып аймақ елім атқа мінсе,
Қозғалса мазаң кетер кең сахара.

Ақ патша жандаралмен дүкен құрған,
Шындыққа көзі жетті анық тұрған.
Жалтарды жазалауды қайла тауып,
Мынадай әдіс тапты ол антұрған:

«Тарланы, сахараның жолбарысы,
Кең тұсау, ұзын арқан ең жақсысы.
Жай сипап, сауырынан жүгендемек,
Не болар бірер істің тайталасы?»

Әзірше қате демей қылған ісін,
Бұйырсам қандай жаза жетер күшім.
Шошынса, жік түседі өрісіме,
Қонысым, іргем кеңіп ілгерілесем.

Бұл халық сахарада анау жатқан,
Жері кең, байлығы мол иен жатқан.
Низамға салыстырса жаза жоқ деп,
«Әділ» деп, мені еліне қылар мақтан».

— Жаза жоқ, — патша айтты, — қайтасың, — деп,
Айдалып қорлық көрдің, қасірет жеп.
Шен берем жеті ғалам, аласың ба,
Еліңе патша үшін қызмет істеп?

— Сенен, — деді Сәтбек, — шен алмаймын,
Елді айдап, саған жағып, сандалмаймын.
Ат жаман «бодан» деген басыбайлы,
Сен үшін жаман атақ таға алмаймын!

Ол үшін жазаласаң тұрмын даяр,
Мен емес қызмет істеп жанын аяр.
Сырғытып елін айдап, жерін алсаң,
Патша бүйте берсе кімге жағар?

Патша, онда сені кім жағалар?
Шуағың қалмас ықтап, ел саялар.
Шен алсам қызмет істеп патшадан:
«Боданға сатылған», — деп жұрт табалар.

Шеніңді жеті ғалам мен алмаймын,
Алдаған құр сөзіңе сене алмаймын.
Сен үшін жан сауғалап, қызмет қылып,
Боданға елді сатып бере алмаймын!

Көнбесін ер Сәтбектің патша білді,
Ойлады: «Бұл қиын, — деп, — сөзі зілді.
Жұрты бар, қатал тисем қарсы шығар».
— Әзірше еліңе қайт! — деп бұйырды.

Ер Сәтбек аман келді үйге қайтып,
Кетсе де асқар таудай қайғы артып.
Тайсалмай ақ патшаның қарсы алдында
Егесіп, тірескенін берді айтып.

Сәтбектің ерлігіне елі қайран:
— Тиді, — деп, — қалың елге үлкен пайдаң.
Орысты жарым қарыс бастырмаймыз,
Бар халық сахарада болсақ та ойран!

Бар қазақ осылай деп уәделесті.
Береке-бірлік құрып, болмақ күшті.
Көнерді қайғы тозып, бақыт таймай,
Ер Сәтбек мұратына сөйтіп жетті.



Бірінші мақам

Орындаған: Құрманғалиев Тілеулес
 Нотаға түсірген: Жекен Махаббат

орташа

3 О, әл - сіз - ге әл - ді тұ - рып қы - лар зор - лық,


5 Қо-лың-нан тар-тып ал-са ол бір қор-лық. Дү-ни(е) ай тұ-ра-ғы жоқ шыр ай-нал-ған

7 Тұр-ма сын жал ған қол-да бол жап бол дық. Мық ты жүр ой-ла-ға нын қол мен іс-теп,

8 Шы - ға - рып тас - тан те - мір кір - піш тік-теп.

Болса да _____ өз қо-лың-да қа-на-ғат жоқ, Кең-ейт-пек ол ір-ге-сін зор-лық іс-теп.





Шерияздан Сұлтанбайұлы (1933-2005) — жыршы, ақын. ҚХР Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағына қарасты Сарысүмбе қаласында дүниеге келіп, Үрімжі қаласында қайтыс болған. Үрімжі ұжымдық мамандар дайындау курсына, Шыңжаң партия мектебінде білім алған. Шыңжаң кооператив мектебінде, Қазына институтында, Шыңжаң жеміс-жидек серіктестігінде қызмет атқарған. Кезінде ақын, жыршы, шежіреші болған әкесі Сұлтанбайдан үлгі-өнеге алып, жасынан батырлар жырын, қисса-дастандарды жаттап өседі. Кейін мол тәжірибе жинақтап, шығармашылығын халық арасында кеңінен таралған ірі батырлық, ғашықтық тарихи жырлармен толықтырады. Олардың қатарында «Абылай», «Бөгенбай батыр», «Кешубай», «Еспенбет», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Ер Тәуке», «Сәтбек батыр», «Қыз Жібек», «Қалқаман—Мамыр» сияқты эпостық туындылар болды. Бұл шығармалар әр жылдары жергілікті «Шалғын», «Мұра», «Алтай аясы» журналдары мен «Қазақ қиссалары», «Қазақтың ғашықтық жырлары» жинақтарында жарияланған. Ақын ШҰАР және Қытай Халық Республикасы фольклоршылар қоғамының мүшесі болды.



Бөгенбай батыр.
«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. (Алматы, 1999).

БӨГЕНБАЙ БАТЫР

«Бөгенбай батыр» жыры – XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының даңқты батыры, дарынды қолбасшы Қанжығалы Бөгенбайдың жоңғарларға қарсы күресін, жеңісті жорықтарын, тарихи тұлғасын айшықтайтын халық туындыларының бірі. Оның ел тәуелсіздігін қорғаудағы елеулі ерліктерін, адами қасиеттерін сол кезеңнің кемеңгер абыздары Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара мен Жанкісі жыраулар жырға қосып, халық арасында гәріптеген. Жырда жоңғарлардың тынымсыз шапқыншылығынан сансырап «Ақтабан шұбырындыға» айналған қазақтардың Сыр бойынан Сарыарқаға аууы, қас батырдың көшті аңдыған қалмақтың 400 сарбазымен жалғыз шайқасып, тас-талқан еткен көзсіз ерлігі, алапат соғыстардың салдарынан тарыдай шашылып кеткен елінің басын біріктіріп, олардан тұрақты әскер жасақтап, жан-жақтан анталаған жауға қарсы жорыққа аттануы эпикалық кең құлашпен баяндалады. Туындының сюжеттік желісінде бүгінгі күнге дейін жалпақ жұртқа көп мәлім болмаған Толыбай, Досай, Атан, Жантай сияқты батырлардың ерлік істері, олардың өзара ынтымақ-бірлігі, Бөгенбайға деген достық пейілдері, сыйластық қарым-қатынастары көркем әрі әсерлі суреттеледі. Әсіресе, жорық жолында аты белгісіз бидің ауылында жас өрен Абылайды алғаш көріп, оның болашағын болжап, өзімен бірге алып кетуі де жырдың өзіндік ерекшелігін аңғартады.

Бөгенбай батырға қатысты жырдың алғашқы нұсқаларының бірін С. Аманжолов 1927 жылы шығысқазақстандық Құсайын Мүсәпірұлының айтуынан жазып алып, кейін жеке кітап түрінде жарыққа шығарды (1935). Кеңестік идеологияның салдарынан ғалымдардың назарынан сырт қалған жыр нұсқалары тоқсаныншы жылдары ғана жариялана бастады. Нақтылап айтқанда, «Алмас қылыш» (1993), ҚХР Шыңжаң өлкесінің Үрімжі қаласында жарық көрген «Қазақ қиссалары» (1984, 2-т.) жинақтарында, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2006, 2010; 29, 58-т.), басылым көрді. Шығарма жөнінде Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Б. Рақымов, С. Сәкенов т.б. ғалымдар тарихи жырға байланысты жазған еңбектерінде пікірлер білдірді.

Еліміздің қолжазбалар қорында Бөгенбай батыр туралы М. Жағайұлы, М. Байбатыров, Қ. Мүсәпірұлы, М.Ж. Көпеев, Е. Беркімбаев, Т. Ерғалиев, Ә. Наурызбаев т.б. жеткізген бірнеше нұсқасы сақталған. Томды баспаға әзірлеуде жырдың барлық қолжазба нұсқалары мен басылым үлгілері салыстырыла зерттеліп, көкшетаулық Молдажан Жағайұлының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорынан алынды (517-бума, 2-дәптер).

Сөйлейін бір хикая өткендерден,
Артында аты қалған батыр ерден.
Дерегім дәлелдейін тіл мен құлақ,
Мен емес шежіре оқып көзбен көрген.

Болмасын тағы менде мақтау, боқтау,
Тек қана істеп кеткен істен тоқтау.
Аяңды жақсы үйренбей жорға болу
Әуелі атқа да ұят шоқырақтау.

Естіген талай сөзді кәрі құлақ,
Қылмай ма естіген сөз мида тұрақ.
Қартайып ми азайып шайқалса да
Сөйлейін білгенімді бір азырақ.

Ескі сөз ертегілер ел аузында
Бір жерге қосыла алмай жүр бытырап.
Айтқан сөз біреу олай, біреу былай,
Жыртылған ескі нәрсе тозыңқырап.

Шуда жіп, жуан ине — бар құралым,
Көрейін еңбек қылып құрап-жамап.
Бір шебер мәшинеге салса ерінбей,
Болмай ма жұрт көрелік жап-жақсы зат.

Ескіні жаңалыққа айналдырған,
Ағымы заманның бізге сабақ.
Жасарып мен де жаңа болмаймын ба,
Тусам да бұл заманнан бұрынырақ.

«Олақтық оңбасын» деп қарғаймын да,
Деп айтып қателесем басты құлақ.
Ізінен ғылым-білім шықпаған соң,
Шіркін-ай, болмай тұр-ау ұнамдырақ.
Алды-арты қараңғыға бірдей тұйық,
Сөкпеңіз, тыңдағандар, мені сынап.

Байқасақ бұрынғы замананы
Болыпты төрелерде қазақ ханы.
Ел қамы, шеннің қамы екі түрлі,
Төрелер қайсысы болып табылады?

Сәмеке, Әбілқайыр, Әбілмәмбет,
Бұлардың қарауында қазақ қалды.
Басшысы ойлап кетіп бас пайдасын,
Қалыпты орындалмай ел арманы.

Қалмақтан соққы көріп Сыр бойында
Дәлел сол Арқаға ауып шұбырғаны.
Қазақтың белгісіз ғой арғы жері,
Белгілі көзге түсер із шамалы.

Әйтеуір Сыр бойында жүрді дейді,
Сығанақ деген қала орталығы.
Ғасырдың он екі, он бес арасында
Құралып Сыр бойынан табылғаны.

Кім болды, қайда жүреді одан бұрын,
Белгісіз кімнің кімге бағынғаны.
«Ақтабан шұбырынды» дейтін жорық
Көтеріп шымылдығын айқындады.

Жаулық боп қазақ-қалмақ ортасында,
Ел шауып бір-бірінен жылқы алады.
Ел қорғап еңбек қылған сол жаз бойда
Қазақтың қол бастаған батырлары.

Біреуі сол батырдың — ер Бөгенбай,
Орта жүз руынан арғын табы.
Бөкеңнің тоғызыншы атасы екен
Арғынның нәсілінен Қанжығалы.

Атанып Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Артқыға осы күнде ұран қалды.
Жас Жантай ақылшы, Атан жеткіншегі,
Бөкеңнің жамағайын туыстары.

Екі жүз жиырма жылдай бұдан бұрын
Қалмақпен Бөкең сонда соғысқаны.
Ескі сөз естігеннің есте барын
Отырмын әңгіме ғып қозғағалы.

Сөз қылып қозғайтыным бір Бөгенбай,
Батырлар Бөкең тұсында болған талай.
Тозғындап Сырдан қазақ үріккен кезде
Бастары кеткен екен қосыла алмай.

Ел бермей ерге билік қаша берген,
Есалаң қасқыр тиіп үріккен қойдай.
Әр таптың батырлары өз бетімен
Ел сақтап кеткен екен айырыла алмай.

Бастарын батыр бидің қосқан кезі,
Тұсында таққа мінген хан Абылай.

Бөкеңді жеке талдап сөйлеушінің,
Әлеумет, тыңдасаңыз жайы осылай.

Ер өткен Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Сол ердің өмір тарихы болған қандай?
Нобайлап жұрт айтқанмен әңгіме ғып
Тіпті көп қалған жері орындалмай.

Отыз жас шамасында Сырдан көшкен,
Тарихтан әркім іздеп жүр таба алмай.
Мың жеті жүз жиырма үшінші жылы шамасы
Үркіпті Сыр бойында қазақ қалмай.

Ел екен бейбіт жатқан жайлап Сырды,
Қапыда қалмақ шауып қырғын қылды.
Үрерге ит, сығарына биті қалмай
Бет алып Сарыарқаға ел шұбырды.

«Ақтабан шұбырынды» дейтұғын сол,
Жолшыбай аштан өліп көп қырылды.
Келгенде Ұлытауға біраз тоқтап,
Қалғаны қырылғаннан есін жиды.
Жанына жау жарасы батқан халық
Сол жерде сұрыптапты батыр биді.

Ол кезде батыр Бөкең тақуа¹ адам,
Ешкімді күшім бар деп жауламаған.
Қазақтың қара ғана биі болып
Тоқтатып елді тыйған дау-жанжалдан.
Амалсыз атқа мінген батыр болып
Көрген соң қазақ қорлық қалмақтардан.

Жолдассыз бір жағдайда жалғыз жүріп,
Арқаның қоныс қарап жерін шалған.
Жолдассыз жалғыз жүру себеп мынау —
«Бай салғырт, батыр аңғырт» дейді омырау.
Сарысу, Нұраға кеп елдің алды,
Қалмақты қолға түскен қылған талау.

Арғынның кейін қалады қалың елі,
Азғана ел бөлініп шыққан қанжығалы.
Баласы жеті момын быт-шыт болып,
Қалмақтың қатты тиген соққылары.

Сары жетім Кіші жүзде шақшақ елі,
Шыңғысқа тобықтыға бертін келді.

¹ Тақуа — діндар, діншіл, таза.

Атығай-қарауыл мен бәсентинге
Арғынның дүрмегінде жүре берді.

Дейтұғын «жеті момын» осы халық,
Бұлар момын шешейден туған анық,
Момынның бір баласы Қанжығалы
Деп солай дәлелдейді кәрі тарих.

Қалмақтар бұл алапта көшіп жүрген,
Арқаның кең даласын кешіп жүрген.
Орталық мәдениет жоқ бұларда да,
Даланың аңындай боп босып жүрген.

Бір күні елін жиды ер Бөгенбай,
Кейінгі ел келуіне аялдамай.
Жолдасы төрт батырға ақылдасты —
Толыбай, Досай мен Атан, Жантай.

— Жетпеспіз көшпен қуып қашқан елді,
Буайық тәуекелге байлап белді.
Ашығып ел жүдесе қиын болар,
Бетке алып күн шығысқа жүргім келді.

Дейтұғын Мәмбет ұлы Атан батыр,
Бөкеңмен бала жастан қосқан ақыл.
Толыбай, Досай, Жантай қошеметпен
Батырдың айтқан сөзін көрді мақұл.

Мейрамның Толыбай батыр ол бір ері,
Айдабол сүйіндіктен шыққан тегі.
Аз елмен ол да көшіп, елін бастап,
Бөкеңмен қанаттас боп келген еді.

Бұл жерде түгел де емес қанжығалы,
Жаусырап озып шыққан батырлары.
Іретті жігіттері — бәрі жатпас,
Малмаяқ мешеулері¹ кейін қалды.

Жинағы бес батырға ерген елдің
Үй дейді екі-ақ жүздей ел долбары².
Сөйлесті кеңес қылып жол жабдығын
Аз елдің басын құрап батырлары.
Бөгенбай сөз беріпті Атан ерге,
Екен деп бұл не айтады сынағалы.

¹ Мешеу — артта қалған, әлсіз.

² Долбар — шама, жуық, мөлшері.

Сөйледі сөз берген соң Атан батыр,
Кісі екен майда сөзді, жібек ақыл.
— Шырмалған жау торына деп айтады
Сақтанбай бейбіт жатып қазақ қапыл.
Ел шеті жаудың беті осы қоныс,
Айтайын ұнатсаңыз мен бір ақыл.

Іреттеп қол жартысын бөліп алып,
Ел сақтап қалсын мұнда екі батыр.
Ашыққан қазақ та жау, қалмақ та жау,
Қалуы елдің ессіз емес мақұл.

Толыбай Досаймен елде қалып,
Бөкеңмен Атан, Жантай ереді ақыр.
Бір жүздей адам ертіп қол мөлшері
Бет алып күншығысты келе жатыр.

Нұраның басын көктей кесіп өтті,
Есілдің аңғарына қойып бетті.
Бейсауат көз үшінде бір топ қара
Көзіне батырлардың көрініпті.

Білмейді аң ба, мал ма, я адам ба,
Көрген соң ол да қашып жөнеліпті.
Бұлар да болжай алмай не екенін
Ат қойып қашқан затты қуып кетті.

Бұл қашқан құлан болды байқағанда,
Шоқтай боп жұбын жазбай жөнеліпті.
«Аң болса, қумайық», — деп тоқтағанда,
Кездейсоқ бір қос атты бола кетті.

Батырлар ақылдасты мұны көріп,
Келмейді шақырса да атой беріп.
Күншығыс қайсысы деп бетін түзеп
Барады қашып кетіп ол жөнеліп.

«Шалғыншы-қарауылшы», — десті бұлар,
Бұл жұртын дүрліктірмек хабар беріп.
Аптығып аласұрды Жантай батыр:
— Суытбай біз де ізінен жөнелейік.

Жантайға Бөкең сонда ақыл салды:
— Шұбалып қолдың арты кейін қалды.
Аттары арық шеру, бәрі мешеу,
Бізге еріп олар, сірә, жүре алмайды.

Далаға тастап кету жөн бола ма,
 Ылғи жас, жол көрмеген балаларды?
 «Асығыс — шайтан ісі» деген қайда,
 Емес пе «Бас амандық — олжа алды».

Үшеуі ақылдасты сонда тұрып,
 Жүретін жолдарына мақсат құрып:
 — Қуайын қос аттыны, — дейді Бөкең, —
 Кейін қайт екеуіңіз сабыр қылып.

Шашылған қолдың артын жинап алып,
 Тоқтарсыз бір-екі күн тынықтырып.
 Жобамен менің кеткен келерсіздер,
 Құдайға тапсыр кетсем жазым болып.

Дейді Атан: «Лайық па жалғыз бару?
 Бізге ұят, үлкен намыс сізден қалу.
 Артында бекіністе қалың жау бар
 Қос аттының, жөні сол — қайта салу.

Жолдаспен бірге өлгенде арман бар ма,
 Аянбай ашық жұмсап жауға қару.
 Жата ма батырлыққа, — дейді, — Бөке,
 У ішіп көре-біле өле қалу?»

Болмайды Бөкең қанша тоқтау салса,
 Алысты оймен шолып, оймен шалса.
 Жүректің кілтін ашып шын сырының
 Сөз айтты Бөкең сонда бір тамаша:
 — Жеткіншек бауырларым, ұқ, — деп айтты, —
 Залымнан зәбір көріп жұрт жыласа.
 Жаудан кек әперетін елін қорғап,
 Құдайдан зарыққан ел ер сұраса.
 Сол елдің бірі болып есептеліп,
 Артымда өзім өліп, ізім қалса.
 Барлаушы өткен күнді болмай қоймас,
 Сол кезде атыңды атап аузына алса.
 Өлсем де болмаймын ба өлмегендей
 Ісім боп сүйінерлік жұрт таңдаса.
 Тигенге өзің тимей шыдау қиын,
 Қорлыққа көне беру айуанша.
 Жауменен жағаласпау бұрыс па екен
 Құр жылап, көз уқалау балаларша.
 Ел қорғау — ерге борыш кешілмейтін,
 Ер сол ғой сол борышын жақсы атқарса.
 Шарықтап дүниені кезген шақта
 Қыранның құйрығы бар қанат талса.

Сол құйрық сіз болмақсыз, бауырларым,
Ағаңыз жазым болып жауда қалса.
Қазақтың қалмаққа жоқ еш жазығы,
Тексеріп әділ Құдай өлшеуге алса.
Құралып бір қосылар қазақ басы,
Жете алмай жайлаулары кейін қалса.
Алдынан жер босатып, қоныс тауып
Қоялық жолымызды Алла оңдаса.
Көп заман жүрдім кірмей мұндай іске,
Көз жұмып құр шұлғумен сопыларша.
Қазақтың тегіс сәлем баласына
Ризамын құрбандыққа мені шалса.
Толғанып долдық¹ билеп кетті батыр,
Арбасқан апсинменен² оқ жыланша.

Мынадай Бөкең тағы айтты нұсқа:
— Атанжан, жас Жантайды байқап ұста.
Қанды көз, алғыр қыран мұзбалағым
Қалмасын жазым болып түсіп тасқа.

Шабыты келсе тұғыр таңдамайтын
Ұқсаған мінезі бар қыран құсқа.
Алыстан көруші едің ақылменен,
Кетпесін жолдас болып асығысқа.
Халқына қауіп туған уақытта,
Түскеннен арманы жоқ сандалысқа.
Ерігіп ер келсе, қақпа бетін,
Жалғыз-ақ үзеңгі бауын мықтап ұста.
Екеуі қала берді амандасып,
Бет алып тартты жалғыз күншығысқа.

Хош айтып жүріп кетті Бөкең батыр,
Астында жамбы кер ат, қолда шатыр.
Көк мұнар жайып қойған керегедей
Бетке алып тізбек тауды келе жатыр.
Шағында талма түсте шыққан екен,
Күн батып, намазшамның болды-ау ақыр.
Кездесіпті сол арада бір үлкен көл,
«Тынығып, қонайын», — деп ойлады ақыр.
Кер атты таң асырып байлап тастап,
Қаперсіз қалды жатып бейқам батыр.

Өзінің мезгілінде таң бозарды,
Көлден құс «тұр» дегендей қиқу салды.

¹ Долдық — ашу.

² Апсин (Әфсүн) /араб/ — дуа, сиқыр, арбау.

Суатқа дәрет ала барған батыр
 Сол жерден бір айбалта тауып алды.
 Екі аттың ізі жатыр құмға батқан,
 «Қалған, — деп, — қос аттыдан», — мұны аңғарды.
 «Иншалла, жолым болар бұл сапарда», —
 Деп Бөкең жау қаруын ырымдады.

Айбалта болып қияқ қара қапты,
 Жебесі жырта қарыс ырғай сапты.
 Ығында бір биік тұр осы көлдің,
 Балтаны соған шығып жерге шапты.
 Суырып қалтасынан орамалын
 Сабына айбалтаның ту байлапты.
 «Кез болса Атан шешер осыны», — деп,
 Қалдырды Бөкең сөйтіп бір жұмбақты.
 Жөніне жүріп батыр кете барсын,
 Сөйлейін енді азғана артқы жақты.

Атан мен батыр Жантай кейін барды,
 Шашылған қолдың артын жиып алды.
 Тынығып бір-екі күн сол арада
 Жобамен Бөкең кеткен аяңдады.
 Бұлар да әлгі көлге келді жаңа,
 Тартады қарыны ашқандар судан қауға.
 Сал байлап бозбалалар көлге түсіп,
 Кәні боп тойып қалды жұмыртқаға.

Тынығып, тыраңдасып жатты көлде,
 Қарауыл қарау керек Атан ерге.
 Басына бір биіктің шығып еді,
 Балтаны ұңғылатып шапқан жерге.
 Сабына орамалдан ту байлапты,
 Ұйғарды мұны істеген Бөкеңдерге.
 Бөкеңнің оймен шешіп бұл жұмбағын
 Мәнісін түсіндірді жатқан елге:

— Балтаны Бөкең болар жерге шапқан,
 Ол мысал осы арада жат деп айтқан.
 Сабына балтаның ту байлағаны,
 Қарауыл қатты қойып деген «сақтан».
 Айналып бір келеді осы араға,
 Тапқаным менің осы бұл жұмбақтан.
 «Осы көл, — десіп, — бізге жайлы қоныс», —
 Тойғандар жұмыртқаға бек ұнатқан.

Орнығып аунап-қунап бұлар жатыр,
 Асады жұмыртқа әкеп күнде бақыр¹.

¹ Бақыр — мәтінде «қазан» мағынасында.

Түс көріп ұйқысында қатты шошып,
 Ақыра түрегелді Жантай батыр:
 – Атты ертте, ал жүрелік, жатып болмас,
 Атанды қарауылдан жылдам шақыр!
 Кісі екен шапшаң мінез, тым күйгелек,
 Қоймады көпшілікке дегбір ақыл.

Мұны естіп қарауылдан Атан келген,
 Сұрайды: «Не болды?» — деп Жантай ерден.
 Қанталап екі көзі, ашу билеп,
 Атанға айтты сонда түсін көрген:

– Шошындым қорқынышты бір түс көріп,
 Теңізге Бөкем түсті қайық мініп.
 Көтеріліп көл жүзінде қалың толқын,
 Қып-қызыл судың беті қанды көбік.
 Қайығы батар-батбас суға толып,
 Жүрмейді ессе дағы бір жөнделіп.
 Қағып жүр көп толқынды қанатымен,
 Аспаннан ақтұйғын құс ағып келіп.
 Білмеймін ақырының не болғанын,
 Жорышы, зерек едің, ой жіберіп.

Ойлады жорымаққа Атан түсін,
 – Қосасыз қорқынышқа мұның несін?
 Қорқыныш емес, түсің қуаныш қой,
 Жориын, бересіз бе сүйіншісін?

Бөкешім көлге жүзсе олжа дағы,
 Теңіздей тегін олжа табылмағы.
 Қолына ескек алып қайыққа мінсе —
 Жамбыгер астындағы арғымағы.
 Малтығып қайық суға жүзе алмаса —
 Арықтап жануардың болдырғаны.
 Майданға кірген болар осы сағат,
 Жүр екен аттан келмей ердің бабы.
 Кездескен көл жүзінде қалың толқын —
 Қаупі бар қамалаған жау болмағы.
 Қаптаған судың бетін қанды көбік —
 Ол жаудан маңыз кетіп қырылғаны.
 Толқынды қағып жүрген ақтұйғын құс —
 Бөкеңдей аруақты ердің бағы.
 Нәрсе жоқ бақыт жеңбес дүниеде,
 Түсіңнің осы болды жорымағы.
 Шабытқа ұшар күнің әлі кейін,
 Батырдың алғыр қыран мұзбалағы.
 Сабыр қыл, тоқта, Жантай, жібермеймін,

Бөкеңнің бар ма есінде тапсырғаны?
Тоқтады амалсыздан Жантай ақыр,
Тоқтатты Атан толғап айтып ақыл.
Кездесті қандай кепке, қайда барды,
Жаңағы жалғыз кеткен Бөкең батыр?

Арқаның Бөкең кезді сар даласын,
Танысып бәрін көрді сай-саласын.
Жағалап Кәрітауға кірген кезде
Бір қалың көрген екен қол қарасын.
Бұл жерді мекен қылған Шиң деген жұрт,
Қазаққа дұшпандығы тіпті басым.
Деп естіп: «Ұлытауға қазақ келді», –
Табуға жиған екен бозбаласын.
Қос атты – осы қолдың шалғыншысы,
Мөлшерлеп өлшегенде сөз шарасын.
Қалмақтың бұл бір тобы байқағанда,
Айтады таратқандар ат атасын.

Білмейді Бөкең қолдың кім екенін,
Пері ме, я шайтан ба, жын екенін.
Соғысқа бірінші рет кірген жері
Осы екен бақытын сынап ер Бөкеңнің.

«Тимесе өзі маған, мен тимеймін,
Неғылам қанын жүктеп бұл шіркіннің».
Қалмақша ұран салып, қамап алды,
Сезінді сонда батыр жау екенін.

Төрт жүз қол бір кісімен соғыс салды,
Доптай боп талай бастар домаланды.
Кетеді біреу ұрып, біреу шауып,
Біреулер атып та жүр нысананы.
Шарайна белдік белде, сауыт-сайман,
Бастыра киген батыр дулығаны.
Күмістен нақыстаған алтынменен
Қылыштың жарқылдайды балдақтары.
Ашулы арыстандай түсі суық,
Тандырды жауды есінен айбаттары.
Сықылды жайдың оғы шапшаңдығы,
Қашқанды құтқармайды арғымағы.
Мысалы тұтатылған бір сіріңке
Тоғайды қалың орман жандырады.
Өлген өліп, өлмеген жан сауғалап,
Қалмақтың қалың қолы ыдырады.
Соғысқа кірмей бата шеттеп жүрген
Ішінде күрең атты біреу бар-ды.

Ақырда Бөкеңменен қарсыласып,
Қасында аз кісі бар, осы қалды.
Астында күрең тұлпар сондай жүйрік,
Күннен-күн асқан сайын зымырады.
«А, шіркін, жылқы болсаң осындай бол!» — деп,
Батырдың көңіліне ат ұнады.

Әр жерде мұны Бөкең бетке алды,
Қуғанмен Жамбыгер ат жете алмады.
Қаша ұрыс салып жүріп осы қалмақ
Батырға қатты берген соққыларды.
Қашады ұрады да, жеткізбейді,
Аяғы бұл соғыстың көпке ұзайды.

Бөкеңнің астындағы Жамбыгер ат
Жануар мойны қатып арықтады.
Сүрініп, алды-артынан белі солқылдап,
Көсіліп бұрынғыдай шаба алмады.
Шабысқа желіс тұрсын жарай алмай
Бір кезде оқыранып тұра қалды.
Жолдастан айырылғалы дәл жеті күн,
Жоқ екен содан бері тыныққаны.
Тор соққан тобығынан ақиықтай
Есіл ер аттан қор боп тарығады.
Болмайды қанжығасыз ер сірәсіз,
Жантайдың түс көрген осы шағы.
Аттан күй кеткен соң көп соққы жеп,
Батырдың өзі дағы қалжырайды.
Еңкейіп сонда Бөкең ат үстінен
Қолына жұдырықтай бір тас алды.
Айналып ұрмақ болып келген жауды
Маңдайдан сол таспенен періп қалды.
«Таңдамас бақыт бопты» деген осы,
Өкіріп күрең аттан жау құлады.
Қалмақтың аттан түсіп кесті басын,
Батырға мұның дағы өткен зары.
«Қылам, — деп, — тірі болсам сені қоныс», —
Сол таудың тасын Бөкең ырымдады

Қамданды енді Бөкең атты ұстауға,
Ат екен қару қылар мініп жауға.
Үстінде ер-тоқымы, құйрық тігіп,
Бет қойып ат қашады Кәрітауға.

Көп құды ұстаймын деп атты батыр,
Қуғанмен ат жеткізбей келе жатыр.
Ат кіріп Кәрітауға адастырып,
Батырға ұстатпай-ақ кетті-ау ақыр.

Соғысқан бағанағы жерге барды,
 Үйіліп төбе-төбе өлік қалды.
 Үш жүз тоқымды жинап алып,
 Баяғы балта шапқан көлге салды.
 Тынбастан тығыз айдап екі арада
 Көліне өзі қонған жақындады.
 Отырған қарауылда батыр Атан
 Шоғырмақ қарасынды көзі шалды.
 «Япырмай, жау болар ма, неғылған топ?!» —
 Ақылға салып Атан көп ойланды:
 «Ақырын күтіп байқап көрейінші,
 Нобайы Бөкең кеткен жобаларды».
 Бермеді қолға хабар дүрліктіріп,
 Бар екен сол сияқты сабырлары.
 Отырды үміт-қауіп қарасында,
 Сөйткенше Бөкең дағы келіп қалды.
 Үш жүздей ер-тоқымды жылқы айдаған
 Екені мұның Бөкең танылады.
 «Сүйінші, келе жатыр Бөкешім!» — деп,
 Ойдағы жатқандарға айғай салды.
 Атты шауып, жаяуы жүгірісіп,
 Қой менен қозыдай боп жамырады.

Қосылды бір-біріне сол арада,
 Ат мінді мінгескендер жеке-дара.
 Ат мініп жабдықтады ер-тоқымды,
 Мал сойып, тамақтанып, батты олжаға.
 Баяғы балта шапқан тау басына
 Белгі қып тастан қалап үйді оба¹.
 Жүрсін деп ұмытылмай көңілімізде,
 Ат қойған осы тауға «Балтақара».
 Биігі Балтақара дейді осы күн,
 Осындай себептерден қалған жора.
 Шалқары Балтақара дейді осы күні,
 Үлкен көл жұмыртқалы сол арада.
 Тынығып осы арада біраз жатты,
 Қайғылы Бөкең ойлап Күрең атты.
 «Не екен, — деп, — ер қанаты, білесіз бе?» —
 Атанға Бөкең айтты бір жұмбақты.
 «Ат болмақ ер қанаты» деген сөзді,
 Байқамай Атан сонда айтып салды.
 «Күреңді іздеп таппай жүрмейін», — деп,
 Наза боп батыр тұрмай жатып апты.
 — Жүзден жүйрік мініп ала жаздан

¹ Оба — тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әртүрлі төбешік, төмпешік.

Соққысы бір қалмақтың жаман батты.
Қашқанда құтылады, қуса жетет,
Шіркін-ай, сол ат мені таңырқатты.

Батырдың қарап тұрсаң жағдайына,
Сұлуға ғашық болған ер сияқты.
«Қайтсе де сол атты іздеп табармыз», — деп,
Жас Жантай, ақылшы Атан мақұлдапты.
Бар қолдың ренішсіз барлығы да
Іздеуге бет түзеді Күрең атты.

Атты іздеп Кәрітауға қайта келді,
Қасына ту көтеріп бар қол ерді.
Арылтып Кәрітаудың сай-саласын,
Күреңді қашып кеткен іздейді енді.

Жүргенде бөлек-бөлек тауды сүзіп,
Бір топқа ат ерімен кез келеді.
Шаптырды сүйінші Бөгенбайға,
Бір аптық далақ қағып жетіп келді.

Аузына «ат» деген сөз түспей қалып,
«Ерімен, ерімен», — деп айта берді.
«Тауды айтып ерімен деп тұрсың», — деп,
Мазақ қып әлгі адамға жұрт күледі.
Қазақтың ұзын бұраң жалпақ тілі
Сол тауға «Ереймен» деп атақ берді.
Ереймен атаныпты содан былай,
Болмаса негізгі аты Кәрітау еді.

Аттың сыны:

Жұрт көріп таңырқапты Күрең атты,
Бір сыншы айналдырып көп сынапты.
Тұлпардың мүшесі бар денесінде,
Таңдамас арық-семіз күй мен бапты.
Күдірден күдір асса,
Тұлғасы жануардың бар сияқты.
Мынау ор, мынау ылди демес шапса,
Жалғыз-ақ болар депті басы қатты.
Алды-артын айналдырып көріп-көріп,
Мүшесін түгел талдап баяндапты.
Түйенің шоқтық жері өркешіндей,
Кетпейтін ер мойнына тиянақты.
Салпы ерін, кең танаулы, қалың езу,
Ойламас шөлде жүрсе сусамақты.
Сүрінбес қиын жерде, я жығылмас,

Тік бақай, жуан сіңір, сом тұяқты.
 Дыбысты түстік жерден сезетұғын
 Естігіш, сергек екен тік құлақты.
 Кең келген көтендігі ала майлы,
 Күй таңдап керек қылмас жарамақты.
 Кең құрсақ, кебеже қарын, қабырғалы,
 Жесе де тамақ қылар топырақты.
 Құндыздай¹ құлпыратын асыл жүнді,
 Тер төгіп көксемейтін аунамақты.
 Қыл түбі құйрығының жуан екен,
 Білмейтін сары аязда бұл тоңбақты.

Қысқа жон, ұзын бауыр жазық екен,
 Үстіне мінген адам болар бақты.
 Өткізіп сыншының сынауынан,
 Ер салып атты Бөкең мініп апты.

Ол тағы Кәрітауды аралады,
 Бір тайпа ел көшіп жүрген табылады.
 Адам жоқ қол көтеріп қарсы келер,
 Шығармай қыннан қылыш шауып алды.
 Соғыста Бөкең кірген бітсе керек
 Бұл елдің бас көтерер батырлары.
 Қазына, қамқа, торғын алды бұйым
 Толтырып тоғанаққа² талай нарды.
 Алмайды қара малды мал екен деп,
 Айдапты табын-табын жылқыларды.
 Ат мініп, киім киіп, батты олжаға,
 Батырдың құстай түлеп жолдастары.
 «Күн көріс қара малын қылсын, — депті,
 Жазықсыз кемпір мен шал, балалары».
 Біреулері наразылық қылса керек:
 «Осы елге мал қалдыру жарамайды».
 Сөйлепті үгіт сөзін ақыл айтып,
 Бөкеңдей қол бастаған ағалары.
 — Өзіңе қарсы келіп қаруласқан
 Өзіне-өзі обалы жаудың қаны.
 Кемпір-шал, жас балада жазық бар ма,
 Сондайың өздеріңнің қайда қалды?
 Өлшеусіз жыртқыш болу жарай ма екен,
 Дым шығып кете беру шектен өрі.
 Кеселі ер жолының — ынсапсыздық,
 Ашылып кете берсе тіпті араны.
 Өзімшіл, күншіл, күндес, көрсеқызар,

¹ Құндыз — кеміргіштер тобына жататын терісі бағалы аң.

² Тоғанақ — бума, жүк, тең.

Қалдыру керек сондай салт-сананы.
Қысқаша түсіндіріп ақыл сөзін,
Ақырын осыменен тамамдады.
Олжаға әбден тойып, ырғап-жырғап,
Кейінгі Сарысудағы елге барды.
Елде жоқ тамақ, киім жүдеу екен,
Ауқат қып судан сүзіп балықтарды.
Батырдың ең алғашқы сапарында-ақ
Бұрынғы шараға ел толып қалды.
Қараша, қауыз¹ туды, салқын түсіп,
Қам қылды ел осы араға қыстағалы.
Ел үшін еңбек қылған ер Бөгенбай
Атақты батыр басшы сол жерді алды.

Осы жыл Сарысуды қыстап қапты,
Халінен кейінгі елдің хабар алыпты.
Кіші жүз ауды деген хабар келді,
Бетке алып Ырғыз, Торғай, Орал жақты».
Атығай — қарауыл мен бәсентиін
Момынның бірталайы сонда қапты.
Тобықты, сарыжетім, шақшақ, момын
Бастары ел ауғанда қосылмапты.
Арғынның қалың елі орталықта,
Даласын Арал, Каспий жағалапты.
Әр елдің өз ішінен шыққан батыр
Бөкеңдей ол да халқын асырапты.
Қалмақтың көшпелі елін Арқадағы
Тұс-тұстан қойдай қырып шапқын сапты.
Халқына Кіші жүздің бастық екен,
Хан болып Әбілқайыр мінген тақты.
Мың жеті жүз қырқыншы жыл шамасы,
Патшаға сол бастапты бағынбақты.
Патшадан дүбарандық шен алмаққа
Өзеннен Еділ деген қала сапты.
Разы болмай бұған қалған момын,
Тауыпты содан кейін бұл алапты.
Білмеймін кездескенін қандай себеп,
Сары жетім шақшақ елі көшпей қапты.
Әр батыр қоныс алып өз күшімен
Қалмақты қуып, шауып жер босатты.
Бастаған батырлардың тізесімен
Қоныс қып Сарыарқаны ел тарапты.
Бөгенбай Толыбаймен бұрын келіп,
Шақырған «кел мұңдалап» аруақты.

¹ Қараша, қауыз (қауыс) — Мерген шоқжұлдызының уақыты, қарашаның екінші жартысы мен желтоқсанның алғашқы жартысы.

Момын мен сүйіндіктің көршілігі
 Жобасын байқасаңыз сол сияқты.
 Таласы әркімдердің бар осыған,
 Сөз айтса мен тоқтатар ем тиянақты.
 «Бөгенбай Толыбаймен ел шапқанда, —
 Дейді олар, — өзге батыр қайда қапты?»
 Қиссасы әрқайсының бір-бір дәптер,
 Жеке айтып керек қылар талдамақты.
 Қуандық, сүйіндіктің ауған елі
 Таяп кеп Ұлытауға тоқырапты.
 Қуандық руынан Тілен батыр,
 Әңгіме бұл ерде де бар сияқты.
 Ол үшін еңбек қылып батырлықпен
 Көшпелі қалмақ елін тынбай шапты.
 Тіленнің тізесіне шыдай алмай,
 Қалмақтар көшіп, қашып бой ұзатты.
 Қасқырдан үріккен қойдай қашқан қалмақ
 Бір тауды бекініс қып қорғалапты.
 Артынан қуған батыр тауып алып,
 Бұл елді осы жолда жаман шапты.
 «Тілек жоқ Тілен келсе біздің» деген,
 Қалмақта мақал болып сөз тарапты.
 Шөгерген бір салаға тоқсан нарды,
 Жүк артқан бәріне де тоғанақты.
 Арылтып осы таудың ой-шұңқырын,
 Мұны да батыр Тілен іздеп тапты.
 Тоқсан нар шөгерген тау нар шөккендей,
 Мәңгілік өлмейтұғын атақ қапты.
 Қарқаралы, Қарағанды арасында
 Нобайы осы таудың бар сияқты.

Ел үшін қысылған шақ ер сандалып,
 Жан жолдас, жақын-туыс жауда қалып,
 Ерлерді жеке-жеке талдамасақ,
 Болмай ма түсініксіз сөз былғанып.
 Батыр қайда барды мұнан кейін,
 Азғана соны талдап сөз қылайын.
 Қамы үшін қазақ жас баланың
 Қыс жатты Сарысуды қоныстанып.
 Көңілі тоқырамай бұл араға,
 Жаз тағы көрмек болып жерді шолып.
 Қосылды көшіп келіп осыларға
 Кейінгі көп арғыннан біраз халық.
 Сабырлы Қантай келді қарауылдан
 Бөкеңнің мұнда екенін хабарланып.
 Сүйіндік Күлікұлы Сексен келді,
 Өзінің туыстарын ертіп алып.

Атаны сүйіндіктің ту көтеріп,
Қосылды Толыбайға ұран салып.
Сүйіндік, момын болып басын қосып,
Осы екен шыққан жері ыңғайланып.
Момын мен сүйіндіктің көршілігін
Бұрын да сөйлеймін ауызға алып.

Артқы елден жаяу-жалпы келіп жатыр,
Мал бөліп келгендерге беріп жатыр.

Үй болды бес-алты жүз жаз шыққанша,
Он шақты қолбасшысы болды батыр.
Май туды, бие байлап бой көтеріп,
Шалғынды көкорайға құрды шатыр.
Жағдайға келешекте жол сызбақ боп
Бас қосып батыр, билер толғайды ақыл.
Сол жерде сөз сөйлепті топты жарып
Сүйіндік руынан Толыбай батыр.

— Ей, Бөке, сізбен еріп көшіп келдім,
Көп болмақ қарашысы сіздей ердің.
Ел сақтап үйде жаттым, еңбегім жоқ,
Ризамын, бірдей ғып олжа бөлдің.
Түбінде іздеп бізді таппай қоймас,
Салмағы кейін жатыр қалың елдің.
Тігіліп ел алдынан қарақшы боп
Таңдаулы шұрайлысын алсақ жердің.
Ұранын сүйіндіктің шақыруға
Келеді «Құлболдылап» ту көтергім.
Бірің би, бірің батыр қандай, Бөке,
Қол жайып ықыласты бата бергін.

Қантай би көтеріліп қолын жайды,
Шақырып «әуминге» Бөгенбайды.
— Ерлердің әруақты бірі болып,
Тудырсын алдыңнан күн, арттан айды!
Күліктің төрт баласын қосып беріп,
Көшірді бір тайпа ел ғып Толыбайды.
Бастарын Есіл, Нұра кесіп өтіп,
Далбаны бетке алғанға көш ұқсайды.
Осымен осы батыр бара тұрсын,
Сөйлейін тағы талдап Бөгенбайды.

Батырлар ақылдасты жер шалмаққа,
Бір жерге ел қондырып жұрт салмаққа.
Әуелі елдің алдын орнықтырып,
Сол жерге артын әкеп жинамаққа.

Түзетіп содан кейін жол жабдығын,
 Аяусыз қалмақ жаудан кек алмаққа.
 Аттанды Жантай шешен қасына ертіп,
 Тағы да Бөкең өзі мінеді атқа.
 Тапсырды қалған елді Қантай биге:
 «Ат пенен күш жина, — деп, — азаматқа».
 Досайды басшы қылды қалған қолға:
 «Сақ болып жата бер, — деп, — малды бақ та».
 Қалмақтың қалың көшкен сүрлеуімен
 Тағы да тартты үшеуі күншығысқа.

Шықпаған осы жолда көп қол алып,
 Әншейін көріп қайтпақ жерді шолып.
 Үшеуі ақылдасты жүрер бетін:
 «Қай жерді көреміз, — деп, — сынға салып».

Сөйлейді екеуіне ер Бөгенбай:
 — Бір іс жүр енді менде орындалмай.
 Тасымен жауды жығып ырымдап ем,
 Сол тауға жөні келмес қоныстанбай.

Жолдас боп Атан, Жантай қасына ерді,
 Батырдың айтқан сөзін мақұл көрді.
 Екеуін таныстырып Ерейменге
 Алғашқы соғыс болған жерге келді.

Бөкеңнен бұлар кіші жас шамасы,
 Дейді екен ат атамай — «отағасы».
 Басына бір биіктің келіп түсті,
 Жақпар тас, аққан бұлақ айналасы.

Отырды кеңес құрып биік тауда,
 Мақсатын көңілдегі орындауға.
 Күндік жер көрінеді сол биіктен,
 Егерде ерінбесе көз қарауға.

Қырандай биік таста отыр қонып,
 Болмайды жер шаршысын көзбен шолып.
 Айдын көл жарқыраған талай-талай
 Көргенде көз сүйінер жатыр толып.

Тоғайлар бітік шыққан көп қалың ну,
 Кәусардай бұлақтардан ағады су.
 «Жаз жайлау, қыс қыстауға бірдей екен, —
 Деседі, — лайықты қоныстану».

Теп-тегіс жазық екен айналасы,
 Туды ғой адам жерден, жер — анасы.

Еметін жер емшегін заман болса,
Халықтың өзгертіліп салт-санасы.
«Сары бала, қара қазан» жағдайына
Табылар түгел болып шаруасы.
Егерде беріп кеткен Ерейменге
Үш ердің ақылдасып бар бағасы.

Осылай белді байлап, бекітті ойды,
«Істерміз көшіп келіп, — дейді, — тойды».
Сәйкес қып жаратылыс порымына
Тау мен көл, бұлақтардың атын қойды.

Көрінді жарқыраған екі үлкен көл,
Арасы екеуінің жап-жақын жер.
Тауы бар арасында аққан бұлақ,
Ат қойды Бөкең соған деп «Қоржынкөл».

Үш таған таудың аты «Керегетас»,
Дәл солай жаратылыс, анығы рас.
Порымына сәйкес келген жердің аты,
Бәрі де Бөгенбайдан қалған мирас.

Обалы Қоржынкөлге бір жақын тау,
Кездескен осы арада алғашқы жау.
«Өзіне-өзі обалы шіркіннің», — деп,
Сол тауға «Обалы» деп ат қойыпты-ау.

Тағы да талай жерге қойған атты,
Санауға бәрін түгел басым қатты.
Алысты отырғанда көзбен шолып,
Өздері отырған тау ұмыт қапты.

— Ат қоймай осы тауды мен ұмыттым,
Атан, сен екеумізден бұрын шықтың.
Қарауыл таудан көп қараушы ең,
Ал енді атын сен қой бұл биіктің.

Батырлар басын изеп ырғайды көп,
Бірі айтып, бірі шешіп ұнайды деп.
Отырды сол арада тәмсіл¹ қылып,
Ат қойған Атан батыр «Бірғайлы» деп.

Басынан Бірғайлының аттанды ақыр,
Жағалап оңтүстікке келе жатыр.
Басына бір биіктің шығып еді,
Бауыры толған шұңқыр қара тақыр.

¹ Тәмсіл — өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме.

Порымына жаратылыс сәйкес қылып
 Ат қойған «Мың шұңқыр» деп Жантай батыр.
 Шеттегі шыға беріс тауға келді,
 Түсетін аспан жерге ыстық еді.
 Тастарын күнге қызған қолмен басып,
 Сол тауға «Күншалған» деп атақ берді.

Сол бетпен барған екен Қаракөлге,
 Бір аю ақырышты жақын жерде.
 Атқалы қолға садақ ұстағанда
 Бөгенбай былай дейді Жантай ерге:

— Итке де қыласың ба оқты шығын,
 Қой, тоқта, ұят болар, батыр, мұның.
 Қамшымен жүгіртіп кеп бір тартқанда,
 Шығармай қатқан екен аю дымын.

Үш батыр осылайша жүріп жер шалыпты,
 Халыққа көшіп келер жол салыпты.
 Сыртында Қара көлдің биік шоқы
 «Аюлы» сол себептен аталыпты.

Сол жолы Ерейменге көшіп келді,
 Қондырды Бірғайлыдан Атан ерді.
 «Атанның Қаратауы» атанғаны
 Қыстап қоныс қылғаннан кейін еді.

Шағындау бір көлге кеп Жантай қонған,
 Көрген мал көшершілік арық болған.
 Сол жерде мал семіріп майдан баспай,
 Себебі сол болыпты «Майкөл» қойған.

Бөгенбай өзі қонды Қоржынкөлге,
 Жұрт салды жауды таспен жыққан жерге.
 Ырымын ойындағы орындады,
 Үлкендер айтушы еді әңгімеде.

Маймасар осы көлде қайтыс болды,
 Бөкеңнің бірге туған інісі еді.
 «Ат өлмей, өзі өлсе де қалады», — деп,
 Басына бір биіктің дәпіндеді¹.
 «Майекең» деп атаймыз сол биікті,
 Моласын менің дағы көзім көрді.

Сол кәрі тағы айтайын мынадайды,
 Бертін ол заманнан сөзі ыңғайлы.

¹ Дәпіндеу /араб/ — жерлеу, арулап қою. көму.

Бауырына Ерейменнің қоныстанған
Белгілі Қарқабаттың Өтеубайы.

Өтекең қылжыр, қисық, сотқар адам,
Кісінің айтқанына бағынбаған.
— Мен жердің негізгі атын қолданам, — деп,
«Кәрітау» деп бір шоқыға ат байлаған.

Баласы Өтеубайдың Зілқара да,
Мирас боп бірден-бірге жер қалады.
Алдына Сейпаланың тұрған биік
Әлі де «Кәрітау» деп аталады.

Осымен бірінші жорық бітсін тоқтап,
Барады сөйлей берсем сөз бұлақтап.
Абылай Бөгенбайды жолдас қылып,
Айтып жүр әңгімеде жұрт қосақтап.

Кішкене тоқталайын Абылайға,
Ол күнде ол Абылай жүрген қайда?
Туды ма, тумасы ма, кім біледі,
Қалайша жолдас болған Бөгенбайға?

Арқадан оңтүстікке қалмақ қашты,
Тауынан Талқы, Құлжа әрмен асты.
Қуып бара жатқанда сол қалмақты
Абылай Бөгенбайға душарласты.

Ол күнде Абылай хан болған жоқ,
Хан тұрсын, жөні түзу жан болған жоқ.
Бір бидің бағады екен қой, түйесін,
Кімдерді қорламаған бұл жоқшылық.

Сол биге сәлем бере Бөкең барды,
Жолдасы Атан, Жантай батырлар-ды.
Сынменен бақытын сынап Абылайдың
Қоярда қоймай биден сұрап алды.

Тоқтадым сөйлемей-ақ ендігіні,
Әрине, мен айтпай-ақ жұрт біледі.
Абылай Бөгенбайға кездескені
Мың жеті жүз отыз сегіз — сол жыл еді.

Екінші жорығында Абылайдың
Үш жүз боп басын қосқан мезгілі еді.
Құтылып Сабалақ аттан Әбілмансұр,
Сол топта кім екені белгіленді.

Бөкеңнің бірінші жорық жүрген кезі
Бұл тұстан он, он бес жыл бұрын еді.

Өтекең қылжыр, қисық, сотқар адам,
Кісінің айтқанына бағынбаған.

— Мен жердің негізгі атын қолданам, — деп,
«Кәрітау» деп бір шоқыға ат байлаған.

Баласы Өтеубайдың Зілқара да,
Мирас боп бірден-бірге жер қалады.
Алдына Сейпаланың тұрған биік
Әлі де «Кәрітау» деп аталады.

Осымен бірінші жорық бітсін тоқтап,
Барады сөйлей берсем сөз бұлақтап.
Абылай Бөгенбайды жолдас қылып,
Айтып жүр әңгімеде жұрт қосақтап.

Кішкене тоқталайын Абылайға,
Ол күнде ол Абылай жүрген қайда?
Туды ма, тумады ма, кім біледі,
Қалайша жолдас болған Бөгенбайға?

Арқадан оңтүстікке қалмақ қашты,
Тауынан Талқы, Құлжа әрмен асты.
Қуып бара жатқанда сол қалмақты
Абылай Бөгенбайға душарласты.

Ол күнде Абылай хан болған жоқ,
Хан тұрсын, жөні түзу жан болған жоқ.
Бір бидің бағады екен қой, түйесін,
Кімдерді қорламаған бұл жоқшылық.

Сол биге сәлем бере Бөкең барды,
Жолдасы Атан, Жантай батырлар-ды.
Сынменен бақытын сынап Абылайдың
Қоярда қоймай биден сұрап алды.
Тоқтадым сөйлемей-ақ ендігіні,
Әрине, мен айтпай-ақ жұрт біледі.
Абылай Бөгенбайға кездескені
Мың жеті жүз отыз сегіз — сол жыл еді.

Екінші жорығында Абылайдың
Үш жүз боп басын қосқан мезгілі еді.
Құтылып Сабалақ аттан Әбілмансұр,
Сол топта кім екені белгіленді.
Бөкеңнің бірінші жорық жүрген кезі
Бұл тұстан он, он бес жыл бұрын еді.

Бірінші мақам

Орындаған: Құрманғалиев Тілеулес
Ноғаға түсірген: Игілік Баян

Асықпай

3 Е, Сөй - ле - йін бір хи - ка - я өт - кен - дер - ден,

5 Ар-тын-да а-ты қал-ған ба-тыр ер-ден. Де-ре-гім дә-лел-де -йін тіл мен құ-лақ,

Мен е - мес ше - жі - р(е)о - қып көз - бен көр - ген.


Екінші мақам

6 Жет - кін - шек ба - уыр - ла - рым, ұқ, - деп айт - ты,

8 За - лым - нан зә - бір кө - ріп жұрт жы - ла - са.

Жау-дан кек ә - пе-ре-тін е - лін қор-ғап, Құ-дай-дан за-рық-қан ел ер сұ-ра-са.





Бөгенбай батыр (М.Жадайұлы нұсқасы).
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен
қолжазбалар қоры (517-бума 2-дәптер).

Жадайұлы Молдажан (1879-1958) — халық ақыны, жыршы, әдеби мұраларды жинаушы. Ақмола облысының Егіндікөл ауданында туып-өскен. Ол 1916 жылы қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның «25 июнь» жарлығына наразылығын білдіріп, Ерейментау өңірінде өткен көтеріліске қатысады. Кейін көзімен көрген оқиғаларды жинақтап, «1916 жыл оқиғасы» атты тарихи жыр жазады. Ел ішінде 1955 жылы ғана сақталған тарихи аңыздар мен әңгімелерді хатқа түсіріп, солардың негізінде жыр-дастандар шығарған. «Бөгенбай батыр», «Сабалақ», «Олжабай батыр» жырларын өз бетінше жырлап, халық арасына ауызша таратады. Оның жеке шығармалары мен жинаған халық мұрасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында жинақталған (жыршының фотосуреті сақталмаған).



Қабанбай батыр.
Суретші Н.Өтепбаев

ҚАБАНБАЙ БАТЫР

«Қабанбай батыр» – ара батырлығымен, қолбасшылық гарынымен, бүкіл ұлы галаға жайылған атақ-даңқымен XVIII ғасырдағы қазақ тарихында із қалдырған айтулы тұлға туралы бірегей тарихи жыр. Онымен үзеңгілес жүріп, елі үшін атқарған ерлік істерін көзімен көрген Бұқар, Ақтанберді, Тәтіғара, Үмбетей секілді жыраулар шығармашылығында Қабанбай есімі халықтың жоқтаушысы, алынбас қорғаны ретінде суреттеледі. Алғаш ел аузында аңыз-әңгіме күйінде тарап, кейін ірі эпикалық жырға айналған туындының барлық нұсқаларында батырдың көзсіз ерліктері, жеңісті жекпе-жектері, жан досына айналған Қубас аттың сипаты бір арнаға тоғысып, бас кейіпкердің тарихи-көркем бейнесін жан-жақты ашып береді. Жырда батырдың тек ерлік істері ғана емес, оның ел ағасы ретіндегі мінез-құлқын, қадір-қасиетін, сол тұстағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін, халықтың мемлекеттілікті, тәуелсіздікті сақтап қалу мақсатындағы аңсар-арманын, Қабанбай өмірінің соңғы кезеңін, ақырғы айқастарын, ақыл-парасатын айқын көрсететін оқиғалар шынайы үйлесім тапқан. Мәселен, Әтекенің өлі генесін сұраған қызының тілегін орындауы, жеңілген жаудың мал-мүлкін талан-таражға салмауы, бауыры Дәулетбайдың кінәсін кешіруі, хал үстінде жатып еліне өсиет қалдыруы оның ағамгершілігі мол, кең жүректі ағам екендігін айқындайды. Туындының тағы бір ерекшелігі, оқиғалар желісінде арнау, жоқтау, көңіл айту, қоштасу, арыздасу сияқты ғұрыптық өлең-жырлар кеңінен орын алған.

Зерттеуші С. Байырбеков Қабанбайға қатысты жырдың алғашқы бір нұсқасын Семей өңірінен жазып алып, 1934 жылы Орталық ғылыми кітапханаға тапсырған. Еліміздің қолжазбалар қорында жырдың Қайырбек Омарұлы, Бағыбай Мергенов, Нұғман Байматайұлы, Дүкенбай ақын, Шаяхмет Кәрібаев, Құдайберген Шонтайұлы, Әзімхан Сағымбаев, Құрманов, Ержан Ахметов, Мәули Сағымбаев, Түсіпхан Мағзиев, Қыдырмолда Әділбеков т.б. жеткізген жиырмаға жуық нұсқалары сақталған. Олардың кейбірі «Әдебиет майданы» (1936, 11–12-сан.) журналында, «Қаракерей Қабанбай» жинағында (1991), «Бабалар сөзі» жұзтомдық сериясында (2010, 58-т.) жарияланды. Туынды туралы С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Аманжолов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Н. Смирнова, С. Қасқабасов, Б. Рақымов, Қ. Алпысбаева т.б. ғалымдар тарихи жырға арналған зерттеулерінде пікірлер білдіргі. Томды баспаға дайындауда жырдың барлық нұсқалары мен басылым үлгілері салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде Түсіпқан Мағзиевтің нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды (821-бума, 2-дөптер).

Бір қисса сөз бастайын Қабанбайдан,
Шын батыр болмаса сөз шығар қайдан.
Соғысқан қазақ, қалмақ заманында
Ерлігі жұртқа мәлім жарық айдан.

Найманның бір руы — қаракерей,
Таралып халық болып қанат жайған.
Руы Қабанбайдың байжігіт еді,
Бақ қонған Қыдыр дарып осы жайдан.

Қабекең талай жаудың тасын шаққан,
Тұсында ер болды ма одан асқан.
Қабекең жауға шапса Қубас атпен
Қойша үркіп жау беттемей тұра қашқан.
Қазаққа кең қонысты алып беріп,
Беттетпей жау біткеннің алдын тосқан.

Қабекең он үшінде жауға аттанған,
Соғыста аты шығып қайраттанған.
Болмаса ұлы ерлігі халық айтар ма еді,
Артқыға сөз қалмас еді құр мақтаннан.

Шұбарым, арғымағым, жұлде алғаным,
Басынан Арқа ауылдың күн шалғаным.
Аузыма «ә» дегенде тола түседі,
Сөзіне ер Қабекең ұйғарғаным.

Қабекең сан соғыста ерлік еткен,
Өтсе де талай заман бізге жеткен.
Қабекең бір жорықта жүрген кезде
Қалмақ кеп бір руын шауып кеткен.

Орта жүз арғын, найман, алысыңды,
Қалайша жауға берсін арысыңды.
Батырдың Қабанбайдай заманында
Дұшпанға беріп пе еді намысыңды.

Есітіп бұл хабарды ер Қабанбай
Қайғырды: «Қалам ба, — деп, — кек ала алмай».
Қайғылы ер Қабанбай дегенді естіп,
Мұрыннан іздеп кепті ер Боранбай.

Әр жақтан келіп жатыр батыр қалмай,
Ұлы күш бола ала ма жұрт жиылмай.
Бас қосты тамам батыр дегенді естіп,
Келіпті Қанжығалы қарт Бөгенбай.

Жүрген жоқ батырлар да бекер қарап,
Бұл сөзді не қыламыз жұрттан аяп.
Есітіп бас қосқанын тамам батыр,
Келіпті көкжарлыдан батыр Барақ.

Жігітке мал да қанат, жан да қанат,
Ұшырған қыран құсты құйрық, қанат.
Есітіп жиналғанын көп батырдың
Келіпті төртуылдан ер Баймұрат.

Жерімде Арқа дейтін арқар-құлжа,
Деген бар «атқа түйе тегін олжа».
Бас қосты тамам батыр дегенді естіп,
Тумадан іздеп кепті ер Шынқожа.
«Жиналды тамам батыр» дегенді естіп,
Шанышқылыдан ол да келді Бердіқожа.

Сол кезде бір мылтық бар күлдір мамай,
Ұл берген, сүйген құлға сары самай.
«Намысын Қабанбайдың әперсін!» — деп,
Қазаққа жарлық қыпты хан Абылай.

Батыры сол заманның үйге жатпай,
Шабады жау көрінсе тізгін тартпай.
«Намысын Қабанбайдың әперем!» — деп,
Атанды Тоғас, Қасен, ер Дәулетбай.

Сөйлесе қызыл тілден шығады өрнек,
Ақынның міндеті ғой айтып бермек.
Бас қосты тамам батыр дегенді естіп,
Керейден ол да келді ер Жәнібек.

Қабекен ұстап мінді Қубас атты,
Ағыны көп батырдың тастан қатты.
Халықтың алды-артын жию үшін
Үш күндік ел шетіне шығып жатты.

Қосыны батырлардың толып жатыр,
Бәрі де жауға шапқан өңшең батыр.
Жиналып қалмақ елін шауып алмақ,
Белгісіз не болары істің ақыр.

Осылай бас қосыпты өңкей ерлер,
Бәрі де топ бастаған кемеңгерлер.
Ақындар, балуандар мен шешендер бар,
Өнерсіз осы топты деп жүрмеңдер.
Ән, күлкі, ойын-сауық күндіз-түні,

Өкінді бұл жиынға келмегендер.
 Құралған әр рудан тамам батыр,
 Шешендер сөз сөйлесе балдай татыр.
 Бірі олай, бірі бұлай гу-гу еткен,
 Бос сөз де арасында толып жатыр.

Жарқылдап қылыш, найза, белде садақ,
 Кигені үстеріне темір жарғақ.
 Батырлар асығуда тез жетуге
 Кейінгі елден шыққан күнін санап.
 Жүрісі ұлы дүбір той сияқты,
 Ән салған екі-екіден өңшең манап¹.
 Жол жүріп бір ай болды деген кезде
 Жақындап Алакөлге келді таяп.

Қалың қол жолда жүрді бір ай қатты,
 Қамшылап астарында мінген атты.
 Жетті де Алакөлге қосын тігіп,
 Тапжылмай ат семіртіп, бір ай жатты.
 Ап жүрген азық-түлік, қор таусылып,
 Бес күндей тамақ таппай жарай қапты.

Батырлар амал таппай қиналады,
 Көп қосын азығы жоқ жиналады.
 Далада атты сойып қаңғыру ма,
 Біле алмай не қыларын ойланады.

Бір сөзді сонда Барақ айтам деді:
 — Жауыңды алдырмайтын қайтем, — деді, —
 «Елің тап есің барда» деген сөз бар,
 Мен тура енді елге қайтам, — деді.

Қабекең: «Асықпалық, жөні болар,
 Сабыр ет, келешекті Құдай білер.
 Тобасы тоқ кісінің жүрмейтұғын
 Ашықсақ азғана күн аран жүрер».

Қабекең соны айтып күлімдеді,
 Жуықта жау қарасы білінбеді.
 Жел жоқ, құз жоқ, нақ талтүс мерзімінде
 Ақ туы Қабанбайдың дүрілдеді.

— Жігіттер, ат дайында, алды барла,
 Ақшабдар, жау келетін жақты шарла.
 Бір шайқас не қылса да болғалы тұр,

¹ Манап — қырғыз ақсүйектерінің лауазымы. Мәтінде «мықты, батыр» деген мағынада.

Киім таста, қару ал, қапыл қалма!
Ақшабдар әр соғыста еретұғын,
Күндіз-түн қарауылда жүретұғын.
Қырағы, көзі өткір адам еді
Түстіктен жау қарасын көретұғын.
«Жау бар, — деп, — пәлен жерде келе жатқан», —
Хабарды батырларға беретұғын.

Ақшабдар «ал» дегенде тұра шапты,
Қарауыл Тесіктастан қарай шапты.
Қалмақтың өз ішінен бүлік шығып,
Бір тайпа ел жақын көшіп келе қапты.

Көшкен ел, жер қайысып келді қалмақ,
Жау болса жіберердей түгел жалмап.
Қосыны көш алдында іріктеліп,
Батырлар келе жатыр алдын барлап.
Көрді де жау қарасын тоқтай қалды,
Бір қырғын, міне, қазір соғыс болмақ.
Соғыста не жеңесің, не өлесің,
Белгісіз екеуінің бірі болмақ.
Батырлар қосындарын сапқа түзеп,
Кәрілер шапқылап жүр көшін қорғап.
Жау күтіп, дайын тұрған қалың қазақ
Қалмақты алды-артынан алды қоршап.

Әтеке батыр

Сарала сауыт алқылдап,
Алтынды тұрман сартылдап,
Қосыннан дара бөлініп
Жалғыз шапты бір қалмақ.

Бес қаруын сайланып,
Қылыш, найза жарқылдап,
Тартынатын ер емес,
Не қылса жаудан артылмақ.

«Жекпе-жек қазақ шықсын!» — деп,
Түз құсындай шаңқылдап,
Көкторғай атты борбайлап,
Найзасын қолда оңтайлап:
«Жекпе-жек, қазақ, жекпе-жек!» —
Шауып келеді айғайлап.

Ер Барақ қарсы шапты көкжалменен,
Көзіне батыр еді жанды ілмеген.

Келді де Әтекеге найза салды,
Соғыстың әдісі жоқ ол білмеген.
Тигізбей Әтеке де қағып қалды,
Дұшпанға бұл да батыр жол бермеген.
Қылса да қандай қайрат болар емес,
Қайраты артық екен өзге ерден.

Әтеке қайта оралып шоқпар ұрды,
Көрмейді ер Барақты адам құрлы.
Шоқпардың зардабынан басы айналып,
Шыдамай батыр Барақ атын бұрды.

Дәулетбай таяу жерде ол да тұрған:
«Қайтеді, — деп, — Барақ ерді мына антұрған».
Ат қойды Әтекеге көре сала,
Қарғытып Керторыны терең ордан.
Қанталап екі көзін ашу қысып,
Ұмтылды бір-біріне екі тарлан.
Қылыш ұрып, найзамен шайқасып жүр,
Мұндайда өлім құшар қапыл қалған.

Дәулетбай орай тауып найза салды,
Әтеке тигізбестен қағып қалды.
Не қылса қапы кетпеу жанталасып,
Істеп жүр соғыстағы барша амалды.

Қабекең қарап тұр еді артын байқап,
Әтеке Дәулетбайды қалды шайқап.
Сауытты жыртып, етке найза батып,
Шыдамай Дәулетбай ер шықты тайқап¹.

Қайратын Әтекенің көзі шалды,
Шақырып Шағалақты қасына алды.
«Кәпірді не болса да көрейін», — деп,
Қубаспен Әтекеге өзі барды.

— Әтеке, маған көрсет қайратыңды,
Жау жеңген арыстандай айбатыңды.
Кез болдың ажалыңа өзің бүгін,
Оп-оңай қағып алам сайтаныңды.

Сөз сөйлеп мұнан әрі керіспеді,
Ұмтылды қылыш шауып өліскелі.
Қалмады жұмсалмаған бес қаруда,
Батырлар оңайлықпен беріспеді.

¹ Тайқап — таю, бас тарту, жалғару.

Салған найза сынып жатыр бытырлай,
Қояр емес бірін-бірі жапырмай.
Қанталап екі көзі жұлысып жүр,
Арты қалай болар екен, япырмай-ай!

Қылыш, найза оңды-солды қағысты,
Қарулары қармақ болып қалысты.
Шоқпармен де ұрды күшін аямай,
Өлтірісіп бітірмекші соғысты.
Бар қарумен не түрлі әдіс қылысып,
Қолдан келген айдаларын тауысты.
Ат үстінен табандасып тіресіп,
Қылыштары қайта-қайта шабысты.
Екеуі де тайсалатын ер емес,
Бір-біріне өлмей бермес намысты.

Шашақты қолда найза, сабы тулы,
Қубас ат шапқан сайын дамытулы.
Көз қыры Қабекеннің түсіп кетсе,
Сауыттың бас түймесі ағытулы.

Найзаны «ә» дегенше оңдап алды,
Дәл көздеп бұғанадан ұрып қалды.
Өкіріп аттан қалмақ құлап түсіп,
Құшақтап қара жерді жатып қалды.
Қансырап аттан қалмақ құлаған соң,
Жібермей астындағы атын алды.

Қабекен әлі мықты бозбаладан,
Кәпірді неге қойған бағанадан.
Сүйсініп жауға қылған ерлігіне
Көргендер Қабекеңе болыпты таң.

Әтеке жазым болды жекпе-жекте,
Қалмақтың ауыр болды тұрған көпке.
Қабаңа жекпе-жекке батыр шықпай
Бөгелді не қыларын білмей текке.

Қиналды Әтеке өліп қалмақ қолы
Жеңілді Қабанбайдан болмай жолы.
Шулаласып не қыларға ақыл таппай
Қалың қол сеңше толқып дел-сал болды.

Енді қол бастайтұғын батыр Серін,
Ол дағы жау қиратқан кемеңгерің.
«Жабыл!» — деп қалмақтарға бұйрық берді:
«Қалма, — деп, — соғысқа енбей бірде-бірің».

Екі қол араласты опыр-топыр,
 Қараңғы шаң боп кетті қалың кәпір.
 Екі жақ қылыш, найза сілтесіп жүр,
 Сілзала болғандай-ақ ой менен қыр.

Топырлап аттан түсті талай қалмақ,
 Бұл жолы қалмақтарға түсті салмақ.
 Қан ақты майдан жерде бұлақтай боп,
 Өмірін талай жастың ажал жалмап.

Жарқылдап қылыш, найза оңды-солды,
 Қалмақтар бұл соғыста қырғын болды.
 Қалмақтың өлігінен ат жүре алмай,
 Сай-сала сансыз өлік қанға толды.
 Қалмақтың қорқақтары көшке қашып,
 Соғысқан мықтыларын қырып болды.

Тығылды көшке барып қашқандары,
 Біле алмай не қыларын сасқандары.
 Қазақпен қарсы тұрып соғыса алмай
 Жан таппай бет-бетімен босқандары.

Соғыстан хабар алды көштегі елі,
 Жеңіліп қырғын тапты қалың қолы.
 Әтеке, Серін батыр қатар өліп,
 Суалды қалмақтардың шалқар көлі.
 Өлгенін әкесінің естіген соң,
 Зар жылап атқа мінді қыздың өзі.

Әтеке қызының қазақ батырларына аттануы:

Әтеке қызы Қабике
 Ойбай салып жылады,
 Көзінің жасын бұлады.
 Өлгенін естіп әкенің
 Қайтіп тағат¹ қылады.

Көк жорғаға мінеді,
 Қолына қамшы іледі.
 Ақбас нарды жетелеп,
 Батырларға жөнелді.

Келе жатыр ойбайлап,
 Бетінің қаны түр қайнап:
 «Жасақты жауға жолығып,

¹ Тағат /араб/ – шыдам, төзім, сабыр.

Келіппіз, ойбай, сор қайнап».
Ақбас атан жетелеп,
Келе жатыр төтелеп,
Жаудан қорқып іркілмей,
Зарлап келді «әкелеп».
Нарға жапқан кілемнің
Шашағы жерде күлтелеп,
Астындағы көк жорға
Ұмтыла басып ентелеп.

Қабекеңнің келді қасына,
Әкесінің басына.
Омырауы боялып
Көзінен аққан жасына.

Әкесін қыз келді де жоқтайды енді,
Ақ туын Қабанбайдың шоқтайды енді.
Естіп зарлап тұрған қыздың зарын
Қайырылып Қабанбай да тоқтайды енді.

Үстінен жібек шапан шешіп алды,
Апарып әкесіне жаба салды.
Тайсалмай жауға келген батыр қызға
Қабекең: «Неткен ер», — деп аң-таң қалды.

Қыздың жоқтауы:

— Алакөл тасыр саяз боп,
Ер сарғаяр малы аз боп.
Елден шықтың бөлініп
Аз нәрсеге араз боп.

Боялған үстің қан киім,
Қайтейін, қайран әтиім.
Қазақтан шыққан Қабанбай
Сүбеден¹ байлап атуын,
Әлгіде жүрген әтекем
Арыстай боп жатуын.

Талауға салды түйенді,
Жұртың бір қалды иенді.
Жесір қатын, жас бала
Не болады күйі енді?

Аузыңнан алды күлкіңді,
Көзіңнен алды ұйқыңды.

¹ Сүбе — қабырға етегіне біткен майлы, қалың ет.

Қазақтан шыққан көп батыр
Қуғынға салды жылқыңды.

Ойылды мен Қиылды
Мұнша батыр жиылды.
Қазақтан шыққан көп батыр
Сойысқа салды қойыңды.

Түйеден алды теңіңді,
Ала алмай өлдің кегіңді.
Бітті ме өмірің, сорлы әке,
Кетіріп Құдай ебіңді.

Өлтірді сені Қабанбай,
Қапысын қалдың таба алмай.
Қара да сені басты ғой
Көкторғай атпен шаба алмай.

Көтере алмай найзаны,
Домалап түстің қояндай.
Найзамен шаншып Қабанбай,
Шағып түсті шаяндай.
Қайран да қайран әтекем,
Сені іздеп қайдан табам-ай?!

Қыздың Қабекеңе айтқан арызы:

— Отырмайын, тұрайын,
Енді амал қылайын,
Қазақтан шыққан батырлар,
Сіздерден сауға сұрайын.
Үш атадан жалғыз еді,
Жеткізбеген Құдайым.
Әкемнің бер сүйегін,
Жаны болса бағайын,
Жаны кетсе кеудеден
Арулап өзім қояйын.

Батыр алса басып жер,
Орын жолды тосып жер.
Бәрің де тудың анадан,
Жетімнің көз жасын көр.

Артқанда түйең нар шығар,
Ішкенде асың бал шығар.
Зарлатып, қазақ, еңіретпе,
Мендей де қызың бар шығар.

Судағы жүзген құндыз ем,
Тауға да біткен жалбыз ем.
Еңіретпе мені, қазақтар,
Мен осыдан жалғыз ем.

Сары ат мінсем, тағам жоқ,
Қамқа кисем, жағам жоқ.
Еңіретпе мені, қазақтар,
Алдымда өскен ағам жоқ.

Сөйлесем, сөзге сапам жоқ,
Көңілімде менің қапам жоқ.
Еңіретпе мені, қазақтар,
Алдымда өскен апам жоқ.

Қасқа бір жорға міндім көп,
Қызық дәурен сүрдім көп.
Зарлатпа мені, қазақтар,
Артымда өскен сіңлім жоқ.

Қайғының көрдім ауырын,
Жайлаушы ек жердің сауырын.
Зарлатпа мені, қазақтар,
Артымда жоқ бауырым.

Зорлықпен мені де аларсың,
Еліңе алып барарсың.
Қасіретпен зарлатып,
Көзімнің жасын оярсың.

Жауыма қатын бола алман,
Сендермен өмір сүре алман.
Өзімді-өзім өлтірмей
Жалғанда тірі тұра алман.
Айырсаң әке-шешемнен,
Өмірге көңіл бұра алман.

Нелер батыр өтпеді
Шөлейтті қанмен суарған.
Мен де соның бірімін
Жас өмірім қураған.

Қыз айтқаны анық-ты,
Зарына қыздың қаныпты.
Қабекең көңілі бос екен,
Қыз сөзіне қамықты.
Қыз жылап, арыз айтып, егіліп тұр,
Елжіреп жас жүрегі бөгіліп тұр.

Әкесі өліп, қырылып азаматы,
Қан жұтып, қабырғасы сөгіліп тұр.

Сұлу қыз бойын сылап өскен өзі,
Он жеті-он сегізге келген кезі.
Қыпша бел, алма мойын, жазық маңдай
Дейтұғын «перизаттың нағыз өзі».

Қайғысы әкесінің жанға батып,
Бозаңдап жүдеу тартқан нұрлы жүзі.
Әйелде мұндай сұлу бола бермес,
Демесең «діні бөлек қалмақ қызы».

Қыз кигені күймелі,
Омырауы алтын түймелі.
Шағалақ жүр жаутаңдап,
Қыз бетінен сүйгелі.

— Әй, Шағалақ, Шағалақ,
Неғып жүрсің жағалап?!
Қолға келіп түсті деп,
Қорлама қызды табалап!

Үзбе қыздың түймесін,
Суырма жалғыз инесін.
Алладан келген бұйрық жоқ,
Көзінің жасы тимесін.

Осы қызға жолама,
Жолап олжа бола ма.
Көзінен аққан қанды жас
Сірә да бізді қоя ма.

Қабекең сонда ақырды,
Дәулетбайды шақырды.
— Тоқтат ана қырғынды,
Жылатпай мына пақырды!
«Қатын, бала қырмақ жоқ»,
Бұрыннан қалған нақыл-ды.
Қарсыласқан жау болса,
Көрсет заманақырды.

Ат, айғыр алсын, түйе алсын,
Азық-түлік, бие алсын.
Үй мүлкін талап, зарлатып,
Ұсақ олжа қылмасын.
Қатын, қызын әкетіп,
Орынсыз зорлық болмасын.

Дәулетбай батырларға келеді енді,
Хабарын Қабанбайдың береді енді.
Тоқтатып жасақтарын қайтарып ап,
Батырлар бұл жарлыққа көнеді енді.

Бөгенбай ақыл айтты кәрі батыр:
— Біткен жоқ, әлі де жау толып жатыр.
«Не ексең, соны орасың» деген мақал,
Қызығып дүние боққа болма ғапыл.
Алалық азық-түлік, күш, көлікті,
Түгел ап малы-мүлкін қылмай тақыр.
Қашаннан қайырымды ел емес пе ек,
Күн көрсін жау да болса жетім-жесір.

Осылай елге қайтты қазақ қолы,
Кек алды жауды жеңіп осы жолы.
Көңілі өскен жауын жеңіп қалың қосын,
Ән мен күй, өлең-жырға орта толы.

Қабекең қызға айтты: «Тұрма бекер!
Зарладың бағанадан, сол да жетер.
Әкеңнің сүйегін ал, бердім саған,
Егесте іс етер ем бұдан бетер.

Қазақты әкең шапты жатқан текке,
Ұрынды өзі келіп жанған өртке.
Кеткен жоқ қапылыста жазым болып,
Түсірдім күшім асып жекпе-жекте.

Әкеңді ырза бол бергеніме,
Сөзіңе жылап айтқан көнгеніме.
«Тек жүрсен, тоқ жүресің» деген сөз бар,
Кінәлі Әтеке өзі өлгеніне.
Мен дайын, өлмей қалса, кегін алсын,
Мәз болмай, тірі қалса жүргеніне».
Қыз кетті әкесін ап елге қайтып,
Батырға құлдық айтып бергеніне.

Қабекең ақ бас нарды бостап алды,
Қайырылып кейін қалған қосқа барды.
Жасақтың артын тосып, өзі қалып,
Қайтарды елге қарай басқаларды.

Соңынан екі күнде Қабаң келді,
Шағалақ жан жолдасы қасына ерді.
Жетелеп малдан бөлек ақбас нарды
Келгенін батырлардың көзі көрді.

Жазған хат ақ қағазға сызықты енді,
Келбеті бұл түйенің бұзық-ты енді.
Нар да емес, қоспақ та емес, сол жануар
Батырлар мұны көрген қызықты енді.

Бауырынан ақ бас түйе ел көшкендей,
Бойы зор бәйтерекпен тілдескендей.
Мінезі сондай жуас, мыңқ етпейді
Бейне бір ботасынан бірге өскендей.

Басы бас жануардың жылқы астаудай,
Көзі бар жануардың тас бастаудай.
Теректей төрт аяғы және жуан,
Бір құлаш жерді алады бір басқандай.

Дәулетбай келді сонда ағам ғой деп,
Қубастан басқа жылқы шабан ғой деп.
Олжаға қалмақтардан келген бір мал,
Сауғаға бір тайлақты алам ғой деп.

— Сұрайсың бұл түйені сөз деп айтып,
Кетпесін бере алмасам көңілің қайтып.
Сексеннің екеуіне жасым келді,
Сұрама, мен жүрейін қосымды артып.

— Айдаушы ең қайда қиын өліміңе,
Артыңа мен даяр ем еруіме.
Қалмақтың маған берсең бір тайлағын
Мақтанып апарайын келіңе.

— Бардық қой осы жолға қару сайлап,
Жауды алып, аман қайттық күліп-ойнап.
Берейін өз малымнан жеті атанды,
Көз салма, менде қалсын ақ бас тайлақ.

— Қабанбай, басшы болдың мың сан қолға,
Батырлық атың шықты оң мен солға.
Сауғаға ақ бас тайлақ берсең алам,
Үйдегі жеңгем малын қылман олжа.

— Тайлақтың ынтық болдың сен несіне,
Бір түйе кәрі ағанда жүрмесін бе?
Алмасаң үйден берген жеті атанды,
Пұстыма менде міндім бермесіме.

— Көз жетті бұл түйені бермесіңе,
Мен дағы ант етемін ермесіме.

Қайсымыз қаза жетіп, бұрын өлсек,
Тепкілеп терең қазып көмбесіме.

Батырлар бұл егеске қатты ойланды,
Жәнібек келіспес деп қой-қойлады.
Істік ине сыдырым тасба алмастан,
Дәулетбай Қосайды ертіп үйге салды.

Көп қосын баяу жүріп кейін қалған,
Дәулетбай үш күн бұрын елге барған.
Түйені өрістегі жия барып,
Кідірмей үйді жығып, қомын салған.

Дәулетбай күндіз көшпей, түнде көшті,
Қабаңмен тайлақ үшін болып өшті.
Үдеріп үш күн, үш түн тынбай көшіп,
Түйенің Ащысу суда қомын шешті.

Арқаның ат суардым бұлағына,
Киіктің оқ тимесін лағына.
«Дәулетбай көшіп кетті» деген хабар
Естілді Қабанбайдың құлағына.

Батырлар түнде жүріп үдереді,
Өкпемен Дәулетбай ер жөнеледі.
Артынан жеті атанды бірдей беріп,
Шынқожа мен Шағалақты жібереді.

Жетелеп жеті атанды бұлар келді,
Келгенін Дәулетбайдың көзі көрді:
— Тастасын Дәулетбай ер өкпесін деп,
Қайнағаң келініне түйе берді.

Дәулетбай жеті атанды көрмей қойды,
Келсін деп шақыртып еді, келмей қойды.
«Атаң бір, енең бөлек ел едің», — деп,
Жіберген жеті нарды алмай қойды.

Шынқожа Шағалақпен қайтып келді,
Жетелеп жеті нарды тартып келді.
— Алмады, не келмеді Дәулетбай, — деп,
Көргенін Қабанбайға айтып келді.

— Бардық қой осы жауға қару сайлап,
Жауды алып, аман қайттық күліп-ойнап.
Істеп ем байжігітке қанша өктемдік,
Болардай оған өкпе жалғыз тайлақ?

Әркімді сақта Құдай өз бетімен,
Жақсылық я жамандық ниетінен.
Дәулетбай көшіп кетсе бара берсін,
Маған да табылар қоныс ел шетінен.

Соны айтып Қабан көшті Сарыбелге,
Байжігіт сәлем айтып қалған елге.
Қазақтың қалмақпенен жер арасы
Қыстады ауылы барып ұлы көлге.

Баянсыз солардан да өтті жалған,
Екі батыр бір түйе үшін кекті болған.
Осы қыс Қабанбайға жайсыз тиіп,
Ұзаған ем қонбайтын дертті болған.

Ауру басқаға сау, өзіне өтті,
Найманға арғын менен хабар кетті.
«Хал-жайын Қабанбайдың білейін», — деп,
Сексеннің сегізінде Бұқар кепті.

Кәрі жырау Қабан көңілін сұрай келді,
Көргеннен Қабанбайды жылай келді.
— Бір бидай арпа ішінде асылым-ай,
Сені де көп көрді ме Құдай, — деді. —

Қазаққа тірек батырым,
Қасыңа келіп отырдым.
Ауырмақ үшін шикі ет,
Қайырлы қылсын ақырын.
Әулие туған қарағым,
Сүйенішім, таяным.
Кетеуің кетіп қалыпты,
Қандай да болар тұрағың?!
Себеп берсін жаныңа,
Бір Құдайдан сұрадым.

Күрік-күрік жөтелді,
Шынашақтап басын көтерді.
— Қанша батыр болсаң да
Дүние шіркін бекер-ді.
Ауру ап тұр алқымнан,
Ажал жақын жетер-ді.
Дәм біткен күні тірлік жоқ,
Ақырғы өмір бітер-ді,
Сексен екі жасымда
Дүниеден білдім кетер-ді.

Көп еді қазақ жаулары,
Бітпей жүрген даулары.
Мен кеткен соң дүниеден
Белгілі дұшпан қаулары.
Алмақ болып кектерін
Аңдыған жаудың саулары.
Берік бол, жауға алдырма,
Баланы жетім қалдырма.
Таптатып жауға жеріңді
Халықтың көңілін қалдырма.
Береке-бірлік кетіріп,
Ауылды шетке қондырма.
Өзіңе-өзің мықты боп,
Жау құрығын салдырма!

Лағын жау алмасын
Барлық қазақ елінің.
Жау баспасын топырағын
Туып-өскен жеріңнің.
Жау ішпесін суынан
Айдын шалқар көліңнің.

Айтуға басқа сөзді келмей шама,
Талықсып біраз жатты демін ала.
Бір күнде топ бастаған қайран батыр,
Ісіне Құдіреттің бар ма шара.

Бұқар айтты: «Дәулетбай келмеген бе,
Хал-жайын Қабанбайдың білмеген бе?!
Араз боп бір тайлаққа мүлдем безіп,
Ауырған ағасын кеп көрмеген бе?!

Дәукеңе кісі жібер, барып келсін,
Хабарын Қабанбайдың анық білсін.
Қабанбай екіталай өмірде тұр,
Көзінің тірісінде көріп қалсын.
Тездегіп күндіз-түні тынбай жүріп,
Қалайда Дәулетбайды алып келсін».

Қабекең есін жиды біраз жатып,
Барады дерт ауырлап, жанға батып.
Сонда да қайратты ер тілге келіп,
Сөйлесті Бұқарменен аз тіл қатып:
— Әуре боп Дәулетбайға жібермеңдер,
Ант етіп «көрмеймін» деп кеткен айтып.
Мен ырза Дәулетбайға келмесе де,
Өзі білсін райына келсе қайтып.

Дәулетбайдың әйелін
 Қыз күнінде көріп ем.
 Дәулетбайға айттырып
 Болмай алып беріп ем.
 Ұнатып ақыл, мінезін,
 Әйелден асқан ақылды
 Болар-ау деп сеніп ем.
 Сәлем айт сол келінге,
 Құтты болсын жолы деп
 Ақ батамды беріп ем.
 Ажал жақын, жас жетті,
 Кім құтылған өлімнен.
 Жетім бала, иен мал,
 Қиямет мақшар¹ күнінде
 Алайын мен келіннен.
 Туысым десе Дәулетбай
 Өкпесін қойып келсін де.
 Издемей мені көрімнен,
 Қан үшін, қазақ жері үшін
 Жан тәніммен берілгем.
 Ел шетіне жау келсе,
 Тайсалмай жалғыз көрінгем.
 Дүниені қолмен теңсеген
 Нелер мықты батырлар
 Жер астына көмілген.

Бұқар:

– Шағалақ күн-түн демей барып келсін,
 Шынқожа тұлпар мініп қасына ерсін.
 Өзі де естіген соң шыдай алмас,
 Келінді Дәулетбаймен алып келсін.

Хабарды Дәулетбайға бермей болмас,
 Тездетіп тіпті қазір жүрмей болмас.
 «Өзі жақсы жыласарға» деген қайда,
 Келмесе Дәулетбайдың өзі де оңбас.

Шағалақ мініп барсын Қубас атты,
 Тоқтамай күндіз-түні жүрсін қатты.
 Басқа мал Қубас атқа ілесе алмас,
 Берейін Шынқожаға мен Бөрте атты.

Бұқар берді астынан
 Шынқожаға Бөрте атын.
 Бабы келген кезінде

¹ Мақшар — өлген адамнан жауап алатын күн.

Бөкенше бұл да жортатын,
 Ылдидағы шабыстан
 Қайқаңға келсе артатын.
 Шағалақ мінді Қубасты
 Жылқыдан мұндай тумас-ты,
 Мінгендері қос тұлпар
 Екі батыр жол басты.
 Қосар алып бір-бірден,
 Қаруларын жанға асты.
 Шыға шапты тоқтамай,
 Шапқанға тұлпар талмас-ты.
 Ертеңгі кешкі бесінде
 Қосар атын алмасты.
 Түн ортасы ауғанда
 Аулына Дәуең жолғасты¹.

Дәулетбай жатыр еді ұйқылы-ояу,
 Дүбірі қос тұлпардың келді таяу.
 — Түн қатып, тұлпар мінген ел ме, жау ма? —
 Деді де, қылыш ұстап шықты баяу.

Батырлар өз заманда бел шешкен бе,
 Үнемі даярлықта белдескенге.
 Ерттеулі тұлпарлары дайын тұрады,
 Бес қару қолдарында ерегескенге.
 Келгендер сәлем берді Дәуең ерге,
 Боялып мінген аттар батып терге.
 Неғылса үлкен сұмдық болған шығар,
 Түн қатып жүрмеген де құр бекерге.

— Асығыс түн ішінде жүріпсіңдер,
 Сайланып, өңшең тұлпар мініпсіңдер.
 Қырғын сап, жау шапқаннан ел аман ба?
 Түрлерің тіпті асығыс келіпсіңдер.

— Батыр-ай, жау келген жоқ, әзір аман,
 Сөйтсе де іс болып тұр тіпті жаман.
 Қабекен қатты науқас, әл үстінде,
 Ағаңыз тез келсін деп айтты сәлем.
 Мұны естіп Дәулетбай ер кетті шошып,
 Сұрауға дәті бармай артын тосып.
 Біле алмай неғыларын тұрып қалды:
 «Көруге жазса екен, — деп, — Алла нәсіп».

¹ Жолғасты — «жолықты, жетті» деген мағынада.

«Тірегім, арыстаным, қайран ағам,
Қас батыр, ел қорғаны, алтын жағам», —
Дат қылмай құр еңкілдеп жылай берді:
«Сақта, — деп, — ажалыңнан Қадыр Ием».

— Қашаннан ауру еді, халі қалай?
Боп кетсе олай-бұлай болдым қараң.
Құласа алтын терек оңымдағы
Оны іздеп тірі күнде қайдан табам?

Естіді үйдегі әйел бұл хабарды,
Зарлады амал таппай неғыларды.
Жүгіріп ойбай салып үйден шығып,
Жетпей-ақ батырларға талып қалды.

Шағалақ тоқтау айтты жеңгесіне,
Мықтылық керек қашан Алла ісіне:
— Қайнағаң әзір тірі, үйінде, бар,
Сенеміз бүгін-ертең өлмесіне.

Дәулетбай отыр бүгіліп,
Қабырғасы сөгіліп,
Қабанбайды ойлап қайғырып,
Көзінен жас төгіліп.
Не болар деп заманым,
Сүйегі бордай үгіліп.
Әйелі келді қасына:
— Отырсың, — деп, — неғылып?
Бір тайлақ үшін ағаңнан
Бөліне көштің қағынып.
Несіне енді жылайсың
Көзіңнің жасы ағылып?
Орныңнан тұр, қайрат қыл
Алласына бағынып.

Аспандағы қыран да
Торға түсер жаңылып.
Қайта оралмас өткен іс
Отырғанмен аңырып.

— Онан да тез қамданып аттанайық,
Даярлап қару-жарақ саптанайық.
Белгісіз ажал деген қас қаққанша,
Жайқалып уақыт жоқ баптанарлық.

Әйелі Дәулетбайдың есін жиып,
Сабыр қылды көзінің жасын тыйып:

— Қарағым, ел қорғаны арыстаным,
Барады-ау ойлағанда ішім күйіп.
Бөлініп бір түйе үшін көшіп кеттің,
Болмаса отырмас па ем сусын құйып.
Бол, қамдан, аттаналық қазір жылдам,
Көмек жоқ құр жасуға қайғы мұңнан.
Ағаңды тірісінде көрмей қалсаң,
Өкініш болар саған тіпті жаман.

Оятты абысынын: «Тұрыңдар, — деп, —
Асығыс көштің қамын қылыңдар, — деп.
Көшіңдер малын жиып ертең ерте,
Үйді жық, жиналыңдар, болыңдар, — деп. —
Қалмасын тай, тайынша, жетім тоқты,
Басқаны көш қамынан қойыңдар», — деп.

Соны айтып үйге кіреді,
Асыл таңдап ішінен,
Жарай ма деп көреді.
Абдырасын ақтарып,
Алтын-күміс алады.
Теңін шешіп ішінен
Асыл бұйым алады.
«Барғанда керек боп жүрер,
Заманым қандай болады?»
Толтырып қоржын асылға
Көтеріп атқа салады.
Олай-бұлай боп кетсе,
Қайтып орны толады.
Ойлап кетсе Қабаңды,
Кейде есінен танады.

Көп тұрмады ойланып,
Ішпеді тамақ жайланып,
Атқа мінді асығыс
Жүруді ғана ойланып.
Таңдап мінді тұлпарды
Азық-түлік байланып.
Дәулетбай батыр келеді,
Бес қаруын сайланып.

Тоқтамай күндіз-түні жүріп келед,
Қабанбай қандай халде, Алла білед.
Асығып дамылдамай келе жатыр,
Аяң жоқ, бірде шауып, бірде желед.

Суыт жүріп жақындап келді ауылға,
Қой өріп, қойшы шықты қарауылға.

Білмек боп Қабанбайдың халі-жайын
Дәулетбай асығуда, үнемі алда.

Қойшыдан жақындап кеп сөз сұрады:
— Қабекең халі қалай, тірі бар ма?!
— Батыр-ай, түні бойы сонда болдық,
Қалған жоқ үйде отырып жанды қарға,
Төмендеп сағат сайын бара жатыр,
Тосқаны «келер-ау» деп сіз болар ма?

Үнемі есік жақта екі көзі,
«Дәулетбай келе ме?» — дейд барлық сөзі.
Мұны естіп тағат таппай Дәулетбай ер,
Жылады жас сорғалап екі көзі.
Ауылға тұра шапты шыдай алмай:
«Болдым, — деп, — сормандайдың анық өзі».

Ауылды үш айналып шауып шықты,
Алам деп садағасын өзінше ұқты:
«Қабаңа келген пәле маған келсін,
Болайын садағасы құрбан тоқты».

Дәулетбай аттан түсіп үйге кірді,
Ауырған ағасының жайын көрді.
«Кешір, — деп, — ағаттығым сізге қылған», —
Құшақтап екі аяғын жылай берді.
Келіні сәлем етіп ол да келді,
Келгенін келінінің Қабаң білді.
«Қайнағам сілекейін ап қалам», — деп,
Қабаңның аузы-мұрнын жалайды енді.
Қабекең талып кетті көргеннен соң,
Келгенін Дәулетбайдың білгеннен соң.
Бұқар айтты: «Жылауды тоқтатыңдар,
Кеудеде жан барында келгеннен соң!»

Бұқар айтты: «Дәулетбай,
Қабаңның көңілін қалдырдың.
Ат шаптырып іздетіп,
Өзіңді зорға алдырдым.
Оныменен қоймадың,
Айнала шауып ауылды,
Әлсіз жатқан адамды
Міне, тағы талдырдың».
Қабекең біраз жатып есін жиды,
Дәулетбай да көзінің жасын тыйды.
Кешіріп Дәулетбайдың қаталығын
Тапсырды халқыменен қалған үйді.

— Дәулетбай, қалқам, бері кел,
 Жақын келіп мені көр.
 Өкпелеген түйенді ал,
 Түйе тұр ғой артымда,
 Қалды ғой өне иен мал.
 Қосай еді қанатым,
 Дәулетбай еді қайратым.
 Басқаға жаман болса да
 Мына отырған жеңешең,
 Жасымнан жолдас тұл атым.
 Жеңгеңнің жайын айтайын,
 Әйелден шыққан қылап¹ ед.
 Қаракерей байжігіт
 Аузына қарап ед.
 Мына отырған жеңгеңе
 Жыртық көйлек кигізбе.
 Құлынды бие мінгізбе,
 «Әкесі өлген жетім» деп,
 Ел қыдырып баламды
 Ауыл үйге кіргізбе.

Соны айтып талықсыды көзін жұмып,
 Қайратты ер жатыр әзір есін біліп.
 «Қайнағам оң батасын ап қалам», — деп,
 Келіні зар жылап жүр сусын құйып.

*Әтеке батыр Қабанбайдың найзасының зарғабынан оңалып,
 Қабанбайдан қалай болғанда кек алу мақсатымен қазақ ішіне жансыздарын жіберіп, үнемі аңдысып жүреді екен.*

Әтеке үнемі аңдып жүретұғын,
 Жансыз сап, хабар алып білетұғын.
 Ішінде мұздай қатқан ескі кекті
 Күн тосқан демін тауып алатұғын.

Жансыздан хабар алды барып келген,
 Аралай қазақ ішін жүріп келген.
 «Қабанбай әл үстінде қатты ауру,
 Анық», — деп хабарлады көріп келген.
 Әтеке елін жиып салды хабар:
 — Елбасы батырларға ақыл табар.
 Қабанбай ауру дейді, әл үстінде,
 Уақыт келді, міне, елін шабар.

¹ Қылап — әділетсіз, қиянатшыл.

Кеудеде жан жатқанда елін шабам,
Зердесі көкірегінде кетсін мұндар.
Еркектен сойыл соғар жан қалмасын,
Қазақ та бекер өлмес, қарсы тұрар.

Бурадай қаңтардағы қалшылдайды,
Көпіріп жоқты шатып былшылдайды.
Қалмақтан жер қайысып жиналды қол,
Алдымда не болар деп қымсынбайды.

Қыз білді соғысатын бұл хабарды,
Алдына әкесінің жетіп барды.
— Қалайша Қабанбаймен соғыспақсың,
Жинап ап жасақталып елде барды?

Қабанбай сені өлтірмей, тірі берген,
Есітіп жылап айтқан қайғы зарды.
Сені өлтіріп, мені әкетсе не істер ең?
Көрмедім, әке, сендей пейілі тарды.

Қазақты жеңу қиын — батыр халық,
Көңіл бұр айтқаныма құлақ салып.
Соғысып қазақпенен көріп ең ғой,
Жеңілдің батыр болсаң сонда нағып?!

Бекерге қырғызасың қалмақ елін,
Жылайды қатын, бала жесір қалып.
Құйрығын жатқан жылан өзің бассан,
Қайырылып у тілімен алар шағып.
Бұл жолға тілімді алсаң «барма» деймін,
Тыныштықпен отыралық малды бағып.

«Барма» деп әкесіне көп айтады,
Әкесі тыңдамаса, қыз қайтеді.
Есіне қыз кеңесін алмақ тұр ғой,
Қосынын онан әрмен көбейтеді.
Тыңдамай қыздың сөзін жүріп кетті,
Еліне Қабанбайдың бұрып бетті.
Дамылдап жол ортада тынбай жүріп,
Бір жеті мөлшерінде келіп жетті.
Жақындап ел шетіне келіп қалған
Жұрт көрді жер қайысқан қалың топты.
Жар салды елге шауып хабаршылар:
— Аңдысқан Әтеке жау өзі кепті!
Ауырып Қабаң жатыр әл үстінде,
Кім бастар жауға қарсы мына көпті?!

Шағалақ үйге кірді асып-сасып,
Біле алмай неғыларын өңі қашып.
Білдірмей Қабанбайға жасақталды,
Бұқармен кәрі жырау ақылдасып:
— Дәулетбай, қаруыңды ал, халқың баста,
Дұшпанмен айқасқа шық қарсыласып.

Қабекең тағы азырақ жиды есін,
Уақыт таяп қалған ұлы бесін.
— Айтыңдар, күбір-сыбыр бұл не деген,
Түсті ме бастарыңа үлкен қысым?

— Бір ауыр іс болып тұр,
Жақындап дұшпан келіп тұр.
Шабамын деп ауылды,
Мың кісіге бас болып,
Әтеке батыр келіп тұр.
Ақыл таппай ел-жұртың
Қысылтаяң болып тұр.

— Құдай-ау, маған дем салшы,
Қубас атқа ер салшы.
Ұлы сәскеде алушы ең,
Күн батқанша кең салшы.
Арасанға ат айтшы,
Қорасанға қой айтшы,
Әлсіреп кеткен денемді
Күн батқанша қатайтшы.
Арасанға ат айтты,
Қорасанға қой айтты.
Талықсып жатқан Қабаңның,
Денесін Тәңірім қатайтты.

Ұшып тұрды ақырып,
Аруағын шақырып:
— Көрсет, дұшпан қай жақта,
Кетейін, — деп, — жапырып!

Үйден шықты ойланып,
Бес қаруын байланып,
Қубастың келді қасына,
Асықпай басып жайланып.
Дайын Қубас тұр екен,
Ер-тоқымы сайланып.
— Ей, Қубасым, Қубасым,
Жауға серік жолдасым!
Ерге серік сендей ат

Білемін енді тумасын,
Соңғы рет жауға шабамын,
Болдыру сенде болмасын.

Байжігіттің баласын
Бөтен жауға жегізбе,
Ел шетіне кіргізбе,
Аруағыма тигізбе.
Сені мінген күнімде
Тартынбай түсіп кетуші ем
Еділ менен Теңізге.
Басқа жылқы мінгенде
Мінгендей болушы ем өгізге.

Тайыңда арда еміп ең,
Тайлақтай торы болып ең,
Құнаныңда арда еміп ең,
Құнылы торы болып ең,
Дөнениңде арда еміп ең,
Дөңбектей торы болып ең,
Бестіңде арда еміп ең,
Белгілі торы болып ең,
Жетіңде арда еміп ең,
Жер жасырған қолменен
Алакөлге барып ем,
Жайратып жауды салып ем,
Бір Құдайға мәлім ең.

Соны айтып атқа мінеді,
«Алла» деп жауға жөнеді.
Жер қайысқан қалмақтың
Тобына жалғыз енеді.
Оң келгенін оңынан,
Сол келгенін солынан,
Қойға тиген қасқырдай
Қиратып жалғыз жүреді.

Жаудан қорқып тайсалмай,
Егескен дұшпан Әтеке
Оған да жетіп барады.
Сөзге келіп тұрмады,
Мойнын да бұрмады.
Қақ жүректің басы деп,
Өлер жерің осы деп,
Толғамалы найзамен
Толғай түйреп алады.
Суырып найзаны алғанда,
Қаны ішіне толғанда,

Қимылдарға дәрмен жоқ
Әтеке аттан құлады.
Дұшпанына қас батыр,
Өз еліне бас батыр,
Қорқырап жатқан қалмақтың
Басын кесіп алады.
Қалғандарын қашырып,
Белден-белге асырып,
Кіші бесін кезінде
Жайратып жауды тынады.
Күн батуға жақындап,
Мерзімді уақыт толады.
Өзер жетіп ауылға
Қабанбай батыр талады.
Қубас аттан түсіріп,
Көтеріп жерге салады.
«Айырылдық, — деп, — батырдан», —
Халқы шулап жылады.
Біраз есін жиған соң
Үйіне алып барады.
Халқыменен қоштасып
Иманын Хақтан сұрады.
Айтар сөзі көп еді,
Дем қысқарып барады.

Сонда да сөзге келіп біраз жатты,
Күшейіп ауруы жанға батты:
— Мен кетем дүниеден, қош болыңдар,
Өмір сүр, ағайындар, тату-тәтті.
Тоздырып ел бірлігін жауға алдырып,
Келтірме аруағыма жаман атты.
«Халқыңа өсиетіңді айтып кет», — деп,
Қабаңа жиналған топ арыз айтты.

— Менен ақыл сұрадың,
Жүрегімді бұрадың.
Жеткізбесе амал не
Тірліктегі мұрадың.
Дұшпаныңа жеңіліп,
Шыбын жаннан түңіліп,
Қайратың кетіп бойыңнан,
Азамат қаны төгіліп,
Күшің кетіп қолыңнан,
Қан жұтсаң қабырғаң сөгіліп,
Жеріңді жауға таптатпа
Еріксіз көнсең беріліп!
Олжаға түсіп қыз, келін,
Зар жыласа егіліп.

Талауға түссе мал-мүлкің,
 Құтырған дұшпан желігіп.
 Бірлік кетіп еліңнен,
 Құт шайқалып жеріңнен.
 Қол бастайтын ерің жоқ,
 Ел бастайтын биің жоқ.
 Қожа болса көрінген,
 Қайрат қылып дұшпанға,
 Шыға алмасаң үйіңнен.
 Қосылмаса бастарың,
 Қайырымаса достарың,
 Сен қиналып жүрсең де
 Болмаса ісі басқаның,
 Мұнан да қорлық өтер ме?
 Зейіл¹ болып дұшпанға
 Бас имендер бөтенге!

Соны айтып ер Қабанбай жұмды көзін,
 Тауыса алмай көкейдегі айтар сөзін.
 Жөнелді бұл пәниден бақи жаққа,
 Зар қылып қалғандарға басқан ізін.

Айырылып Қабанбайдан болды қиын,
 Болар ма бұрынғыдай ұлы жиын?
 Жан кетіп шамшырағың сөнгеннен соң,
 Өлгенге керегі не дүние, бұйым?

Бұқар айтты: «Дәулетбай, есіңді жи,
 Тірілмейді өлген адам, Қабанды қи.
 Досың аз, дұшпаның көп бұл бір заман,
 Сөзімді менің айтқан есіңе түй.

Дәулетбай, білек сыбан, белді буын,
 Кім ұстайды Қабанбайдың қалған туын?
 Қаракерей ауыртпағы сенде қалды,
 Қарсы тұр қайраттанып, Хаққа сиын!»

Осылай Бұқар жырау бата берген,
 Қалғандар Дәулетбайдың соңына ерген.
 Қабанбай осылайша өтіпті деп,
 Естиміз бұрынғыдан қалған сөзден.

¹ Зейіл /араб/ — тоқтау, тоқталу, басылу.

Бірінші мақам

♩ = 90

Байсалды, толғана

Орындаған: Еркін Шүкмәнов

Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

А - у! Бір қис-са сөз бас-та-йын Қа-бан-бай-дан, Шын ба-тыр бол-ма-са
сөз шы-ғар қай-дан. Со-ғыс-қан қаз-ақ, қал-мақ за-ма-ның-дау
Ер-лі-гі жұрт-қа мә-лім жа-рық ай-дан. Най-ман-ның бі-ір ру-уы-ы
қа-ра-ке-рей, Та-ра-лып ха-лық бо-лып қа-нат жай-ған.
(ұ)Ру-ы Қа-бан-бай-дың Бай-жі-гіт е(д)і. Бақ қон-ған, Қы-дыр да-рып о-сы жай-дан.
Тау-ға бе-кем та-лай жау-дың та-сын шақ-қан, Тұ-сын-да ер бол-дым-мау о-дан ас-қан.
Қа-бе-кең жау-ға шап-са Ку-бас ат-пен Қойш(а) үр-кіп, жау бет-те-мей тұ-ра қаш-қан.
Қа-зақ-қа кең ко-ныс тау а-лып бе-ріп, Бет-тет-пей о-оу - у жау біт - ке-сін-нің
ал - дын то - ос - қа - а - а - а - ан - нау!

Екінші мақам


22 Байсалды
А - у! Ме-нен а-қыл сұ-ра-ды-ың, Жү-ре-гім-ді бұ-ра-ды-ың.
26 Жет-кіз-бе-се а-мал не Тір-лік-те-гі мұ-ра-дың. Дұш-па-ны-ца же-ңі-ліп,

29

31 Шы-бын жан-нан тү - ці - ліп, Қай - ра - тың ке - тіп бо - йың-нан,

А - за - мат қа - ны тө - гі - лі - іп...





Қабанбай батыр (Т. Мағзиұлы нұсқасы).

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
қолжазба қоры (821-бума 1-дәптер).

Түсіпқан Мағзиұлы (1906-1990) — халық ақыны, жыршы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданына қарасты Ақарал аулында туып, Алматыға қайтыс болған. Алдымен ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Зайсанда ашылған мектепте білім алады. Отызыншы жылдардың басындағы ұжымдастыру науқанына араласады. Бірақ кейін ауқатты әулеттің өкілі ретінде мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылады. Амалсыз бас сауғалап, 1936 жылы отбасымен Қытай ауып, тіршіліктің тауқыметін көп тартады. Дегенмен көп ұзамай 1955 жылы алғашқылардың бірі болып Қазақстанға қайтып оралады. Түсіпқан ақынның араб, парсы, түркі тілдерін білгендігін Құран аяттарын қазақша мазмұндаған қолжазбаларынан айқын аңғаруға болады. Абай, Шәкәрім, Міржақып ақындардың өлеңдерін, Әсеттің «Ағаш ат» («Қызыл табан Хасен»), «Шеризат» қиссаларын, Маусымбайдың «Майқы» шежіресін, найман мен керей тайпаларының өлең-шежірелерін, «Ер Тәуке», «Сәтбек батыр» жырларын жатқа айтып, халық арасына таратқан. «Қабанбай батыр», «Мырзаш батыр» жырларын жаңғырта жырлап, хатқа түсіріп, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына тапсырған (жыршының фотосуреті сақталмаған).



Өтеген батыр.
Суретші М. Нұрлыбаев

ӨТЕГЕН БАТЫР

«Өтеген батыр» – ХҮІІІ ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ хандығының оңтүстігін, Жетісу мен Шығыс өңірлерін жау шеңгелінен босатуға асқан ерліктің үлгісін көрсеткен батыр-қолбасшының көркем бейнесін айшықтаған жыр нұсқаларының бірі. Туындының басты идеялық ұстанымын елдің тұтастығы мен ынтымақ-бірлігі және тәуелсіздік жолындағы күресі сияқты мәселер айқындайды. Жырда Өтеген Ресей империясының отарлау саясатындағы жымысқы әрекеттерін ерте түсініп, еліне жайлы қоныс іздеуі – Асан қайғының жер шолуына ұқсайтын көне сарындармен ұштасып жатады. Өтеген Жетісу халқының қамын ойлап он жеті жыл бойы жер шолып, басын қатерге тірегі. Қасына ерткен серіктерімен бірге аса қиын кедергілерден өтіп, жол азабын тартады. Сапарластарын төзімділікке шақырып, ел мүддесі үшін алдыға қойған мақсат-мұратқа қол жеткізетіндігіне сендіреді. Туындыға ел аузында аңыз түрінде айтылып жүретін мифтік элементтер де кездеседі. Өтеген бастаған топ қазақ даласының батысына, Ақтөбе өңіріне жеткенде алдынан айдаһар, әбжылан мен жезтырнақтар ұшырасады. Бірақ ержүрек батыр аталған гүлей күштердің бәрін жеңіп, серіктерін аман сақтап қалады. Жыршының бұл әсірелеу әдісі – Өтегеннің асқан батырлығын, ақылдылығын, амал-айласының молдығын асыра дәріптеу үшін байырғы эпикалық дәстүрден алған тәсіл. Бұл әсірелеу амалы туындының көркемдік-эстетикалық деңгейін көтеріп, сюжет желісін шиеленістіріп, тыңдарманның қызығушылығын арттырады.

XIX ғасырда Өтегенге қатысты жырды Күсен жыраудан бергі Сүйінбай, Майкөт, Тілеміс, Жамбыл т.б. ақындар өзінше жырлап, нұсқалары халық арасына ауызша таралып келген. Олардың көбі ұмытылып, кейінгі ұрпаққа туындының Тілеміс Есболұлы, Жаужүрек Қаражанұлы, Жұмат Досқараев, Жамбыл Жабаев нұсқалары ғана жеткен. Жамбылдың айтуынан Т. Жароков жазып алған нұсқа ақынның әр жылдары басылым көрген жинақтарында жарияланып отырды. Алайда, отызыншы жылдары Жамбылдың аузынан Әбдіғалпалар Жаманкеев хатқа түсірген тағы бір нұсқа оқырмандарға беймәлім күйінде Орталық мемлекеттік мұрағатта жатып қалған. Оны тоқсаныншы жылдары әдебиеттанушы ғалым Р. Әбдіғұлов тауып, «Мүйізгі Өтеген» (1999) жинағына, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясына (2010, 59-т.) енгізді. Кеңестік кезеңде «Өтеген батыр» жырына байланысты Е. Ысмайылов, Қ. Тұрғанбаев, Н.С. Смирнова, С. Бегалин, С. Қасқабасов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба нұсқалары мен жарияланымдары толық сараланып, соның нәтижесінде Ә. Жаманкеев жеткізген Жамбыл нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынды (1778-қор, 90-бума).

Біздің қазақ халқы бұрын қалмақ, қырғыз, өзбек болып, төрт ұлтқа бөлініп, бірін-бірі әлі келгенін шауып алып, білегінің күші, найзасының ұшымен бірін-бірі езіп-жаншып жүрген еді. Содан қалмақты жаулап, қазақ жерінен қытай жеріне аударды. Содан қазақ бірбеткей болып, қазақ ішінде Ұлы жүздің баласы қырғызбен өте жауласып, шабысып, бірін-бірі қуғын-сүргінге салып жүрді. Онан соң қазақ халқы үш жүздің баласына бөлініп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып, үш жікке бөлініп жүрді.

Ол уақыттағы билеушілер хандар болды. Ақсүйектің тұқымынан хан көтерді. Хандардың қабырғалы билері болып, олар өздерінің білгенін істеп жүрді. Хандардың мақсаты әлі келгенін шауып алу, талау, қан төгу болды. Содан біздің қазақ халқы орысқа қарамай тұрып өздері: «Орыс деген жұрт бар. Әліміз келсе, орысқа қараймыз», — деп жүрген еді. Сол кезде қазақтың Ұлы жүзінен 1730 жылдар шамасында Өтеген деген батыр шыққан. Өтеген — Ұлы жүз дулат нәсілінен, Сырымбет деген атаның тұқымынан.

Өтеген батыр есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен кейін қоныс қарай бастаған. Ер жетіп, толық адам болғаннан кейін: «Түбі осы Жетісу жеріміз бізге қонысқа жарамайды. Себебі, бұл жерді түбінде орыс деген халық алады. Оған қарсы тұра алмаймыз... Сондықтан оған еркіміз кетіп қарағанша, бір оңаша жер-су табу керек. Ойым — қазақ халқын тегіс қоныстандыру, иә болмаса, тілімді алған қазақты құтқарамын», — деп жар салған. Тегінде «орысқа бағынбаймыз» деген Өтеген батырдың басқа қазаққа пікір-санасы қосылмаған. Қазақ халқының бәрін бірдей көріп, қазақтың қамын жеген.

«Қамалда қалдың-ау!» — деп көп зарлаған. Және өзінің кереметі — нақ төбесінде бір қарыстай екі мүйізі болған екен. Бірақ қан төгуді қаламаған кісі.

Жалғыз-ақ қоныс іздеуде болған. Содан өзінің Аюса деген баласымен, елу кісімен екі айғыр үйірлі жылқы айдап, қару-жарағын асынып, ел-жұртымен қош айтысып, әуелі күн шығысқа қарай бет алған. Сол жүргеннен жүріп Қытай тарапына барып, күннің шығысына жеткен.

Әмударияны көріп, одан төмендеп, күннің батысын көздеген. Одан Ақтөбе беттеп, бір Қазан деген жерді басып, қырық күншілік шөлден, қырық күншілік жолдан өтіп, Жиделі Байсын деген жерге барып қайтқан. Жеті қырғыздың Алатауын тегісінен аралағанға ұқсайды. Оны толық ешкім білмейді, алайда Атбасы, Нарын деген жерлерде Өтегеннің тасқа басылған мүйізді суретін көрген кісілер бар. Ақыры 17 жыл жер қарап келген. Сондағы көріп білген ғажайып әңгімесін Жамбыл қарт өлеңмен суреттеп айтады.

Жер танабын алғаннан
Сөзім болмас жалғаннан.
Бұғыдай мүйіз көтерген
Қасқараудан шыққан Өтеген

Төрт жақтан жер қараған,
Асыл нұрдан жаралған.
Барып қайтты Өтеген
Күннің шыққан жеріне
Тегісімен аралап,
Қытай, Бежің еліне.
Одан қоныс таба алмай,
Орыстың кетті шебіне.
Орысты көріп тұра алмай,
Ішіне оның кіре алмай,
«Мұның жүзі құрысын», — деп,
Одан қоныс таба алмай,
Қорқыттың түсті жолына.
Неше жылдай жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Сырттан жолды таба алмай,
Келіп түсті Өтеген
Қарсықұзар жолына.
Жылқысы болса айдаулы,
Қымызы болса байлаулы,
Жау-жарағы тегіс сай,
Қылыш болса қайраулы.
Жетіп келді батырлар
Ақтөбенің өзіне.
Үстіне шығып батырлар,
Жатты біраз сол жерде.

Өтеген батыр жерді шалып, біраз күн Ақтөбеде жатады. Сол жерде бір айдаһарға кез болады. Енді сол айдаһардың әңгімесі сөйленеді.

Өтеген батыр өткен заманында,
Заманның біраз жүріп қамалында:
«Жақсы қоныс жер жүзінен табамын», — деп,
Қыдырған жаһан кезіп аманында.

Жан білмеген Өтегеннің ақылын-ай,
Кез болып замананың тақырына-ай.
Ат жалын тартып мініп ер Өтеген
Өткізді дүниені сапырып-ай.

Өтеген Ақтөбеде жатты дейді,
Ас құйып, түрлі тамақ татты дейді.
Ішіп-жеп болғаннан соң төсек салып,
Ұйықтап бейхабарсыз жатты дейді.

Ел көзі тегіс ұйқыға батқан кезде,
Шаршағандар демалып жатқан кезде,
Жылқы үркіп, ел ұйықтаған жерге келді,
Тамаша бір іс болды көрер көзге.

Жылқылар үркіп келді қасына енді,
Оянып көтерді олар басын енді.
Бір жаман күлімсі иіс пайда болды
Ағызды қорыққандар жасын енді.
— Бұл неткен жаман иіс, ой, тоба! — деп,
Шуылдап қалды бәрі сасып енді.
Бұрын мұндай қысылшаң көрмегендер
Сескеніп олар қалды жасып енді.

— Не пәле болды, Өтеген батырым-ай,
Бастан кетті қорыққаннан ақылым-ай.
Қарашы жан-жаққа көзің салып,
Бір ажал келді білем, япырым-ай!

Өтеген өзі батыр, мерген екен,
Мехнатты осы жерде көрген екен.
— Жолдастар, сабыр қылып, қорықпаңдар,
Бұл жерге бір айдаһар келген екен.

Байқаса бір айдаһар келген екен,
Келгенін Өтегеннің білген екен.
Зиянсыз айдаһардың келгендігін
Ақылмен ер Өтеген білген екен.

— Жолдастар, енді мұнан қорықпаңдар,
Тәуекел, не де болса сақ тұрыңдар.
Егерде зиян қылса қылар еді,
Бұл да бір мұқтажына келген шығар.

Таң атсын, не де болса көрелік біз,
Мәнісін таң атқан соң білелік біз.
Құтылсақ аман-есен мақұлықтан
Жол тартып жөнімізге жүрелік біз.
Бұл жерге бұл айдаһар бекер келмес,
Келгеннің жай-мәнісін білелік біз.

Егерде қастық қылса аямайды,
Сендердің ажарыңа қарамайды.
Күтелік сабырлықпен істің артын
Қорықпайық, бекер қорқу жарамайды.

Егерде қастық қылса көрген заман,
Ешқандай біздерге бермес аман.
Ендігі бізді қоймай жұтар еді,
Мұнымен күресуге келмес шамаң.

Өтеген ақыл айтып тоқтау салды,
Сонда да аз тоқталып қайғыланды.
Ішінен қатты қорқып жолдастары,
Зар жылап түніменен күйіп-жанды.

Қорқысып бейшаралар жатты сонда,
Таң бозарып біразда атты сонда.
Қараса, бір айдаһар қоршап алған
Жолдасы қатты қорқып, састы сонда.

Достары буыны құрып тұра алмады,
Бейшаралар не қыларын біле алмады.
Қараса айдаһардың түсі суық,
Маңына ешкім батып келе алмады.

Қан сиіп жылқылар тұр жерді тарпып,
Жолдастары жылайды қайғы тартып.
«Батыр, енді күніміз не болды?» — деп,
Көзінен қанды жасын сорғалатып.

Атына ер Өтеген мінеді енді,
Үстіне қару-жарақ іледі енді.
Сабыр деп жолдасына тоқтау айтып,
Аяндап айдаһарға келеді енді.

Жақындап айдаһарға келді дейді,
«Көрдің бе Өтегендей ерді», — дейді.
Бүктеліп, есіліп, жүз бұралып,
Жарқырап екі көзі жатыр дейді.

Боз шұбар айдаһардың түрі дейді,
Ала теңбіл үстінде түгі дейді.
Дуалдай Өтегенді қоршап алған,
Тыныш жатыр, шықпайды үні дейді.

Өтеген айдаһарға мынадай жауап айтады:

— Ей, мақұлық, сен бізді алдың қоршап,
Біз келдік алыс жолдан арып-шаршап,

Қыдырған жаһан кезген біз жолаушы,
Таба алмай жайлы қоныс жүрмін аңсап.

Қоршап бізді ортаңа алғаныңыз,
Қорқытып, қайғы басқа салғаныңыз,
Қоршадың не себепті біздерді енді,
Бар болса білдіріңіз арманыңыз.

Бір жүрген жаһан кезіп мен бір сері,
Жүреді мұндай жерде ердің ері.
Мекен қып айдаланы еркін жүрген
Жаратқан бір Алланың сен бір шері.

Мен келдім жаһан кезіп соның үшін,
Қыдырып жүрген менің бұл жұмысым.
Халқыма жайлы жерден қоныс табам,
Жол ашып бізге рұқсат бергін енді,
Жылаған көздің жасын көргін енді.
Сен де шерлі болғанда, мен де шерлі,
Қамалтпай жолаушыны жүргіз енді.

Айтқанын Өтегеннің білген енді,
Жақындап Өтегенге келген енді.
Жиырылып бір уақытта тыржың етіп,
Бір-екі саржадай жол берген енді.
Қуанып, жол берген соң бейшаралар
Босанып қамауынан жүрген енді.
Көңілден қорқыныш үрей кетті,
Қысылып қалған екен бейшаралар,
Қатты жүріп, бірқатар жерге кетті.

Жолаушы жүре берді елбелеңдеп,
«Құдайдың салғанына бір көнем», – деп,
Бес-алты шақырымдай жер барғанда
Айдаһар ұшып түсті алдына кеп.
Айдаһар көлденеңдеп қалды жатып,
Қойды ғой жолаушыны таңырқатып.
Құтылдық қой деген кезде бір бәледен
Көңілді тағы қойды жабырқатып.

Өтеген сонда батыр сөйлейді кеп:
– Не себептен жолды бізге бермедің? – деп. –
Айтшы маған көңілдегі арманыңды,
Осынша қыр соңымнан қалмадың еріп.

Айдаһар сол уақыт ысқырды енді,
Жер сабап құйрығымен ышқынды енді.
Құйрығымен жіберді жерді ұрып,
Бұларға мұндай істі тұс қылды енді.

Қан сиіп сонда аттары жата қалды,
«Не мұқтажың бар?» — деп Өтеген айта қалды.
Қара қазан, сары баланың қамы үшін
Өтеген бір басына шатақ алды.

Көзі тұр айдаһардың оттай жанып,
Айтуға тілі жоқ, тұр іші жанып.
Айдаһар жолға түсті ажағайлап,
Айдаһар жүріп берді тауға қарап,
Жарқырап екі көзі оттай жайнап.
Бес кісімен ер Өтеген келе жатыр,
Ойлайды бұл қалай деп тамашалап.

Айдаһар келді таудың етегіне,
Өтеген қалмай жүрді жетегіне.
Бес кісімен Өтегенді ертіп алып,
Өзінің келіп жетті мекеніне.

Таудан шығып екі айыр су ағып жатқан,
Мекені айдаһардың батыс жақтан.
Өзінше қазынасы болмақ керек
Отан ғып бұрыннан да бағып жатқан.

Өтеген таң қалады ерің енді,
Үңгірді тамашалап көріп енді.
Жер екен шаңдақтаған ойнағы бар,
Бұрын мұндай нәрсені көрмеп еді.

Айдаһар үңгірге кеп тұра қалды,
Мойынын Өтегенге бұра қалды.
Өтеген ишарат қып «тартынба» деп,
Көңіліне айдаһардың қуаныш салды.

Айдаһар үңгіріне кетті кіріп,
Өтеген қарап тұрды келген еріп.
Біраздан соң әлгі айдаһар шыға келді,
Қараса үсті-басы қан боп кеткен.

— Тартынба, тағы қайта кіргін, — деді, —
Алланың не салғанын көргін, — деді. —

Алысқан сен жауыңды алып шыққын,
Сонан соң ерлігімді көргін, — деді.

Қайтадан таудың асты дүрсілдеді,
Өтеген: «Не болды?» — деп күрсінді енді.
Өтеген ыңғайланып күтіп тұрды,
Намысты қолдан бекер берсін бе енді?

Бір уақытта екі айдаһар шыға келді,
Шыққанын ер Өтеген көзі көрді.
Тіресіп бірін-бірі тістелесіп,
Беттесе қатарынан тіке тұрды.

Қып-қызыл, жылтыр шұбар бір айдаһар,
Аузынан отты жалын шығады зәр.
Мекенін айдаһардың тартып алып,
Жатқан екен ие боп, пейілі тар.
Бір кез басы анадан озып тұрды,
Батырдың ашуы кеп қозып тұрды.
Қараса жас айдаһар күші басым,
Кәріні көп алысып зорықтырды.

Мылтығын ер Өтеген қолына алып,
Бұрыннан қойған еді оғын салып.
Атуға айдаһарды ыңғайланып,
Мылтығын тұра қалды бетіне алып.

Сол жерде айдаһарды атып салды,
Оқ тиіп маңдайынан жатып қалды.
Соғысын екеуінің көргеннен соң,
Азамат қызығына батып қалды.

Айдаһар шалқасынан құлады енді,
Қимылдаған жерінің бәрін шайнап.
Көңілін кәрі айдаһар тындырды енді,
Ерлігін ер Өтеген білгізді енді,
Хош қылып жолдастарын күлгізді енді.
Айдаһар суға аунап тазаланып,
Қайтадан төмен қарай жүргізді енді.

Жолымен қайта жүрді төмен қарай,
Айдаһар бастап келе жатыр қалмай.
Кейінгі жолдасына алып келді,
Айдаһар тағы жүрді тыным алмай.

Артынан кешке шейін ерген енді,
 Ақылға ер Өтеген зергер енді.
 Ілесіп айдаһармен келе жатыр,
 Бір үлкен ну тоғайды көрген енді.

Айдаһар сол тоғайға кіріп кетті,
 Артына қармастан жүріп кетті.
 Жолдасын ертіп келген адастырып,
 Бұларды таң-тамаша етіп кетті.

Сонда Өтеген батыр қайран қалып: «Бұл қалай? Бұл жерге тегін алып келген жоқ қой. Бір ғажайып нәрсе бар ғой», — деп жан-жағына көзін салып қарайды. Сонда бір жалғыз ақ үй көрінеді.

Ер Өтеген ал сонда
 Атының басын бұрады,
 Әңгіме-дүкен құрады.
 «Бұл тоғайда не бар?» — деп,
 Олай-бұлай қарады.
 Қарап тұрса тоғайдан
 Бір үлкен ақ үй көрінді.
 «Айдалада отырған
 Үй екен, — деп, — не қылған?»
 Үйге таман барады.
 Үй артына жетіп кеп:
 «Сөйлес!» — деп хабар қылады.
 Сол уақытта бір адам
 Үйден жауап қылады.

Үйдегі ағам мынандай жауап береді:

— Ер Өтеген, сенбісің,
 Қосын тартып жүрмісің?
 Бейуақытта келіпсің.
 Осынша жерге келгенде
 Қасыңдағы жолдасың
 Тұра қалсын далада.
 Өзің аттан түсіп кеп,
 Жайыңды айтқын, жан балам!

Әдеппен жүріп ақырын,
 Үйге кіріп, сәлем береді.
 «Жол болсын» айтып танысып,
 Жай-мәнісін біледі,
 Ол үйде қожа отыр екен.

Сонда Өтеген сөйлейді.
Сөйлегенде бүй дейді:
— Мен ғаріп айтқан сөзіме,
Қожам, құлақ сал, — дейді.
Арып келген жолаушы
Өтеген деген мен едім,
Жаһан кезген ер едім.
Қатын-бала қамы үшін
Қоныс іздеп кеп едім.
Мекен қылып отырған
Жетісу деген жер еді,
Үш Алматы кері еді,
Қазақ деген ел еді.
Көнелердің айтуы:
«Осы Жетісуды
Орыс алар», — деп еді.
Сол себептен бұл жерге
Өтегендей ғарібің
Қоныс іздеп кеп еді.
Жақсы қоныс бар болса,
Айтып бер, қожа, сен, — дейді.

Сонда қожаның жауабы:

— Ей, Өтеген батыр-ау,
Ел тіліңді алмайды-ау.
Айтқаныңа бағынып,
Назар соған салмайды-ау.
Әуре болып ел үшін
Еңбегің сенің жанбайды-ау.
Шөлдегенің ел үшін,
Сусының сенің қанбайды-ау.

Қамы үшін еліңнің
Құрбан қыпсың жаныңды.
Өтеген, сен ер едің,
Қоныс іздеп кеп едің.
Қамы үшін еліңнің
Еңіреп туған ер едің.
Іздеп кепсің алыстан
Елің үшін, батырым.
Елдің сиқы алты ауыз,
Болмайды-ау сенің көмегің.
Елің үшін туыпсың,

Жұртың үшін күйіпсің,
Әуреге сап басыңды:
«Тие ме, — деп, — жұртыма
Тіршілікте себебім».
Ер Өтеген батырым,
Қырық шілтен, біз қосылып,
Бағып енді жатырмын.
Ел күзетіп олар жүр,
Дүниені аралап
Елдің біліп мәнісін.
Соныменен елсізді
Мекен қылып отырмын.
Ер Өтеген батырым,
Ауыр бейнет көріпсің,
Барсакелмес жолына
Құдай айдап түсіпсің.
Қауіп-қатер жолыңда
Толып жатыр көрерің.
Зияндасты көргенде
Сонда, батыр, сезесің.

Сонда Өтегеннің жауабы:

— Ешкім бұзып жөндемес
Тағдырдың салған қармағын.
Не болса да қайтпаймын,
Көңілімде көп алғаным,
Ішімде кетер арманым.

Өтеген едім елімде
Туғаннан-ақ жағымды.
Дұшпан менің сындырып
Көрген емес сағымды.
Жаһан кездім ел үшін,
Қонысқа жайлы жер үшін,
Осынша жерге келгенде
Бір сынайын бағымды.
Жатыр дейді дос қылып,
Көңілім әбден хош қылып.

Қожаның жауабы:

— Ей, Өтеген, құлақ сал,
Бір ақыл саған айтайын.

Сол ақылды ұғып ал,
Асылыңды байқайын.
Дегеніңе жеткізсін
Орындалып талабың.
Алғыр бүркіт секілді
Көрінеді қабағың.
Түнде барма үйіңе,
Күндіз барғын, шырағым.
Айтқанымды ұғып ал,
Сөзімде екен құлағың.
Әр іске сабыр ет,
Ақылменен жалғанның
Жандыраарсың шырағын.
Осы сапар көрерсің
Бұл жалғанның қыспағын.
Ашуың келсе егер де
Арашалап сол қолың
Оң қолыңды ұстасын.

Қош айтысып қожамен
Өтеген батыр кетеді.
Сәскелікке озып жүретін
Өтегеннің әдеті.
Жолаушылар жол жүріп,
Мезгілінде жерге жетеді.
Бірқатар күн жол жүріп,
Азғана емес, мол жүріп,
Шықты қоңыр беліне.
Адам жақын жүрмейді
Өтегеннің шеніне.
Мақсұты оның көңілінде
Қоныс тауып бермекке
Іздеп жүріп еліне.
Аз дамылдап бұл жерде
Тағы да атқа мінеді.
Қосын тартып ілгері
Тәуекелмен жүреді.
Кент аралдың жолына
Өтеген батыр түседі,
Кент аралды аралап
Одан дағы өтеді.
Тас аралға тағы кеп,
Оған дағы тоқтамай,
Құм аралды аралап,

Байқап барып шамалап,
Кендірлінің тұмсығын,
Басып өтіп Өтеген
Қасқа жолға жетеді.

Қасқадан да асады,
Бірқазан таудан аяңдап,
Жолын келіп басады.
Батыр туған Өтеген
Көңілі судай тасады.
Бірқазан құсты атып ап,
Қызыққа әбден батып ап,
Көз ұшында көрінген
Бір үлкен ну тоғайға
Соған қадам басады.
Тоғайға кіріп, тынығып
Біраз сонда жатады.

Осы жолда Өтеген бейнетті көп көреді. Бір қалың тоғайдың ішінде айдаһарды өлтірмек болып жатқан әбжыланды өлтіреді. Сол тоғайға түнгенде өлімнен құтқарған айдаһар бұларды түнімен қорғап, күзетіп шығады. Таңертең айдаһардың сыйлыққа тығып кеткен кесек алтынын тауып алады. Өтеген одан ай жүріп, тағы қалың шеңгелді жерге келеді. «Тар жер» деп ұнатпайды. Мұнда бір жезтырнаққа кездесіп, айласын тауып, оны өлтіреді. Бірақ тұрақтап демалып жата алмайды.

Одан шығып Өтеген
Қосын тартып жөнөді.
«Тәуекел, — деп, — Құдайға», —
Жолға түсіп келеді.
Неше түрлі көрмеген
Жолын олар көреді.
Қырық күншілік бір көлге
Соған жетіп келеді.
Көлден жолды таба алмай,
Жағалай өрге жүреді.
Көлдің басын айналып
Неше күндер болғанда
Суы жоқ көлге келеді.

Ебін тауып Өтеген
Қырық бес күндер болғанда
Шөлден әрең өтеді.
Шөлден шығып өткен соң,

Қалың қара шеңгелді
 Аспанменен сөйлескен
 Тоғайға келіп жетеді.
 Сол шеңгелдің қасында
 Біраз күн тынығып
 Өтеген батыр жатады.

Өтеген сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бұй дейді:
 – Қалың қара шеңгелдің
 Ар жағында көрмеген
 Бір жақсы жер бар дейді.
 Сол жерге енді баруға
 Енді қайрат сал, – дейді, –
 Енді қарап тұрмалық,
 Бұл шеңгелден кіл қалың
 Көңілімізді алаң қып,
 Басқа жаққа бұрмалық.
 Қазірден бастап қиялық,
 Күшімізді жиялық.
 Аман болсақ, жігіттер,
 Қырқып шығып шеңгелді,
 Абиырды алайық.

Содан қырық күн болғанда қырқып шығып, ар жағындағы Жиделі Байсын деген жерге барады. Бір жылдай аралап, тегіс көріп қонысқа жаратпай қайтады.

Шеңгелді қырқып жол салып,
 Өтіп шықты Өтеген
 Жиделі Байсын жеріне.
 Кім шыдаған ол күнде
 Өтегендей еріңе?
 Құлақ құрышың қанбайды
 Батырдың көрген кебіне.

Айтарлықтай не деген
 Жиделі Байсын жер екен.
 Өз әлінше Өтеген
 Көзі ашық туған ер екен.
 Заманында ер туған,
 Жүректі туған ер екен.
 Жиделі Байсын жеріңіз
 Ағашы қалың жер екен.

Жиде менен пістесі,
Жемісі оның көп екен.
Уылжып піскен жемістен
Дәмін татып жесеңіз,
Алуа шекер, бал екен.
Неше түрлі көрмеген
Хайуанат, құстар көп екен.
Топ-топ болып шіліктер¹
Отан қылған жер екен.
Лақтай болып қояны,
Қарақұрт, шаян, мысықтай,
Төл болып өскен жер екен.

Жылқыдай болып құланы,
Екі еседей бұланы.
Домбай деген тағы аң бар,
Төрт есе үлкен лағы.
Қарасақа деген бір киік
Пілдей болып тұрады.
Жайылған жылқы секілді
Аңдарының көптігі
Салбыраған бұғағы².

Жер шырайын қарасаң,
Түбімен біткен шөптері.
Жұпардай аңқып иісі,
Ішген шығар дерттері.
Таусылмайды бұл жердің
Айта берсек кептері³.
Неше аралға бөлініп
Жалпақ болып кеткені.
Жаңа дүние тапқандай
Өтегендей батырдың
Іштен шері кетті енді.
«Алып келіп елімді,
Қондырам, — деп, — бұл жерге», —
Өтеген сонда серт берді.

Байсынның батыс жағында
Тұмандай болып көрінер
Мана деген дариясы.

¹ Шілік — су бойында өсетін тал тұқымдасына жататын аласа бұта, ағаштың түрі.

² Бұғақ — тамағы, алқымы.

³ Кептері — сөздері.

Дариядан бөлінген
 Толып жатыр жылғасы.
 Батысқа қарап бет алып
 Дарияның ағысы.
 – Өттең сені, дүние-ай,
 Дариядан су алып,
 Көшіп келсе елімнің
 Жарасар еді қонысы.
 Шаруасы көбейіп,
 Өрлер еді табысы.
 Екпей шыққан ол жерде
 Жабайылап шыққан арпасы.
 Сол арпаны көргенде
 Өтегендей батырдың
 Іштен шықты-ау данасы.

– Өттең, сені, елім-ай
 Көшіп мұнда келмейді-ау,
 Қадірімді білмейді-ау,
 Айтқаныма көнбейді-ау.
 Осы жердің қадірін
 Біздің қазақ білмейді-ау.
 Ақыл айтқан кісінің
 Тілін ешкім алмайды-ау.
 Жол бастаған ерлердің
 Соңынан елім ермейді-ау.
 Ел тілімді алмаса,
 Бұл жерге көшіп келмесе,
 Қайтіп жүрем денім сау?
 Алып келсем елімді
 Жиделі Байсын жеріне,
 Қалмас еді-ау арманым-ау! —

деп, Өтеген жұрттың қайғысын жеп, жылдай жатып, аңдарын атып, қызыққа батып, бұдан оңаша жер таба алмай, қайта тартады. Содан неше айлар жүріп, еліне келеді.

Өтеген аман-есен келді дейді,
 Аралап талай жерді көрді дейді.
 Жер қарап он жеті жыл өмір сүріп,
 Ел-жұртын аман-есен көрді дейді.

Ешкімге бұрылмастан жүріп кепті,
 Ауыр бейнет азапты көріп кепті.

Сағынып қатыны мен балаларын
Үйіне күндіз келмей түнде кепті.

Ұйқыға елдің көзі кірген екен,
Малдары бырт күйіске кірген екен.
Кетерінде батырдың бір жас күшік
Еркелеп батыр алдына жеткен екен.

Сағынып сары далада қаңғып жүріп,
Үйіне батыр енді келді кіріп.
Ақырын төсегіне көзін салса,
Жанында бәйбішенің жатыр жігіт.

Жатқанын бір жігіттің көзі көрген,
Сазандай аппақ жігіт түрі келген.
«Мені тоспай бұл байға тиіпті», — деп,
Батырдың көңіліне ашу кірген.

Сапысын жанындағы суырып ап
Ойланды кесуге енді оңтайланып.
Сапысын шабайын деп көтергенде,
Сабыр қып біраз тұрды ой ойланып.

Қожа айтқаны есіне кеп түсе қалды,
Сол қолы оң қолын кеп ұстай алды.
«Өттеген-ай, үйіме күндіз келмей!» —
Деді дағы батырың теріс айналды.
Оянып бәйбіше де сезіп қалды:
— Бұл үйге ешкім батып кірмеуші еді.
Батырым келген екен, — деп оянды. —
Мені сынап батыр үйге кірген екен,
Тарпаңды жанымдағы көрген екен.
Шамасы мені байға тиді ғой деп,
Өкпелеп кейін қарай жүрген екен.

Деді дағы бәйбіше түрегелді,
Артынан Өтегеннің жүре берді.
Далаға бәйбішесі шыға келсе,
Батырды келіп тұрған көзі көрді.

Батырмен амандасып көріседі,
Хал-жайын бір-бірінің біліседі.
От жағып, үйдің ішін жарық қылып,
Батырды үйге алысып келіседі.

– Батыр-ай, көңіліңе бір іс келді-ау,
Сол ісің көңіліңе теріс келді-ау.
Шамасы, мені байға тиді деген
Көңіліңе осындай бір жұмыс келді-ау.

Жерік болып сен кеткенде қалмап па едім,
Уәде аузымнан алмап па едім?
Сондағы ішімдегі туған бала
Сақтаған жәрдем беріп Құдай пана.
Туған соң атын Тарпаң қойдым,
Ер жетіп жігіт болды, міне, қара.

Мінеки, он жетіге жасы толды,
Айырды жақсы-жаман, оң мен солды.
Қайғымды қанша көрген ұмыт етіп,
Көрген соң аман-есен көңілім толды.

Есітіп батырдың да көңілі тынды,
Баласын жанына алып бетін сүйді.
Жол бейнетін ұмытқандай болды батыр
Көрген соң баласын Тарпаң сынды.

Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп,
Еліне қоныс тауып келген жерін
Айтады, түк қалдырмай бастан-аяқ:
– Ел үшін ауыр бейнет қатты көріп,
Жалғанның қыспағынан жедім таяқ.

Мен келдім сіздерге ел-қоныс тауып,
Көп көрдім жүрген жерден қатер-қауіп.
Жиделі Байсын деген жақсы жерге,
Көшелік, тіл алсаңдар, жерден ауып.

Оңаша Жиделі Байсын жақсы қоныс,
Қазаққа қысылғанда болар тыныс.
Егер де айтқаным көнбесеңдер,
Бұл жерді ақырында алар орыс.

Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,
Бір жерде бекер қарап тұрмайды тек.
Келеді осы күнде жерді қаптап,
Өзінің қайрат-күші, айласы көп.
Сол келіп шұрайлы жерінді алар,
Қаратып тегісімен елінді алар.

Көнбесең, басың түгіл тілің кесіп,
Аузыңда сөйлеп тұрған сөзіңді алар.

Жайылған өрістегі малыңды алар,
Басың байлап, аяғыңа тұсау салар.
Егер де оныменен қарсы келсең,
Бір шыбындай тәніңдегі жаныңды алар.

Содан кейін Өтеген батыр көрген-білгенін айтып, жұртымен тегіс ақылдасады. Жұрты:

— Бұған баруға болады екен. Оған қалай жетеміз? — дейді.

— Оған бір жылда жетеді. Биеге айғыр салмай, ту сыртын семіз қыл. Қойға қошқар салмай, сиырға бұқа салмай, түйеге бура салмай, тура бір жылда жетеміз. Қырық күн шөлі бар. Одан қыстың күні өтеміз. Қалың қара шеңгелді қырық күнде қиып өтеміз. Содан соң жетеміз. Жері кең, бір айырығына бес мың үй сыяды. Айырығы көп сол жерде емін-еркін жатамыз. Мен ел үшін он жеті жыл жер қарадым. Сол көрген бейнетімнің арқасында осыны таптым. Ақылдасып, тілді алыңдар, — дейді Өтеген.

Содан жұрт олай-бұлай ақылдасып, Өтегеннен: «Қандай малға жайлы екен?» — деп сұрайды. Сонда Өтеген: «Малдың бәріне жайлы, тек жылқыға жайсызырақ», — дейді. Сонда Ерсары, Байсары деген кісілер:

— Ой, олай болса, жылқы — адамның қанаты, еті — бал. Жылқыдан айырылып, адамның күн көруі кем болады. Оған бара алмайды екен-біз, — деп жұртқа ылаң сап, бұзған дейді. Ақырында жұрт Өтегеннің тілін алмасқа шығады.

Сонда Өтеген елден күдер үзіп, бармағын тістеп: «Әй, әттеген-ай, «жылқыға да жақсы» деп айтпағаным-ай!» — деп өкініп қалады да: «Қайыр жұртым, менен кінә жоқ, кейінгі қара қазан, сары баланың обалы Ерсары, Байсарыға болсын», — деп, Өтеген батыр Құдайға зарланып, жерімен қоштасып, Түркістанға кетеді.

— Жеті қыс, бес жыл дегенде,
Осы сенің жеріңе
Орыс келер, — деп еді, —
Орыс келсе бұл жерге,
Ерік кетер, — деп еді, —
Билік кетіп басыңнан,
Береке кетіп асыңнан,
Дұшпан шығып қасыңнан,
Сенімдік кетер, — деп еді, —

Орыс келсе бұл жерге,
Түймелі шекпен кидіретер,
Түрегелтіп сидіретер.

Аралда жатқан қамалып,
Қазақтың қара халығын
Бытыратып бүддірер.
«Орыс келсе бұл жерге,
Малға жұқпас, — деп еді, —
Қаратаудың шалғыны».
Сары алтындай сөзімнің
Келеді енді балғыны.
Елден шығып залымдар
Тазыдай-ақ мойнына
Тағып алар қарғыны.

Орыс келсе еліңе
Би-болыс шығып сол кезде,
Өтірікті шын қып жандырған.
Сөйлеп кетсе би-болыс,
Есіңді алып тандырған.
Ау, елім, елім, елім-ау,
Айтсам тілімді алмадың,
Дегеніме болмадың.
Аралда қалдың қамалып,
Көрерсің енді залалын.
Солдатқа беріп балаңды,
Міндеткер болдың, білдің бе,
Бәлеге басыңды ілдің бе?
Әжібектің жайлауы
Балды берік бас еді,
Өркештенген тас еді.
Қымызы бар арақтай,
Ішкен кісі мас еді.
Орыс келіп алады-ау,
Билік бастан қалады-ау,
Қайран жерім, қош енді!

Ой, Сарыағаш, Ташкент-ай,
Елдер үшін жаралған.
Ортасында бұлардың
Келес деген су ағып.
Талай адам егін сап,
Сол дариядан таралған.
Әулиеата жерім-ай,
Әулиенің бірі едің!
Бектауата, Бекәлім,

Ықыласпен барған кісіге
Көрінеу шығып сөйлескен.
Одан бері келейін,
Аспара мен Меркім-ай,
Жатушы еді еркін-ай!
Аспара басы – Аршалы,
Елім тілім алмады,
Айта-айта шаршадым.
Судың басы – Арша тау,
Шүкіршілік, денім сау.
Қырғыз, қазақ елдерім
Кейде тату, кейде жау.
Бір жағым қырғыз болғанда,
Бір жағым, қазақ, сен едің.
Судың екі жағынан
Аппақ үйді тіккенде
Жарасушы еді сәндерің.
Орыс алар бөлектеп
Ағып жатқан суыңды,
Құлатады туыңды,
Шығарар бастан буыңды.
Берекесін кетірет
Тоғай болған нуыңды.

Елім, тілім алмадың,
Айтқаным болмадың.
Ата безер күн болар,
Ене безер күн болар,
Білімсіз келіп сөйлесе,
Үн шықпайтын күн болар.
Атаның тілін ұл алмас,
Ананың тілін қыз алмас,
Осындай заман кез болар.



Бірінші макам

Орындаған: Шалдыбеков Ерболат

Ноғаға түсірген: Игілік Баян

Жүрдек

3 О, Жер та - на - бын ал - ған - нан Сө - зім бол - мас жал - ған - нан.

5 Бұ - ғы - дай мүй - із кө - тер - ген, Қас - қа - рау - дан шық - қан Ө - те - ген

8 Төрт жақ - тан жер қа ра - ған, Асыл нұр - дан жа - рал - ған, Ба - рып қайт - ты Ө - те - ген,

11 Күн - нің шық - қан же - рі - не, Те - гі - сі - мен а - ра - лап, Қы - тай, Бей - жің е - лі - не.

13 О - дан қо - ныс та - б(а)ал - май, О - рыс - тың кет - ті ше - бі - не.

16 О - рыс - ты кө - ріп тұ - р(а)ал май, І - пі - не о - ның кі - р(е)ал май, Мұ - ның жү - зі құ - ры - сын, деп,

18 О - дан қо - ныс та - б(а)ал - май. Қор - қыт - тың түс - ті жо - лы - на.

20 Не - ше жыл - дай жол жү - ріп, Аз ға - н(а)е - мес мол жү - ріп,


23 Сырт - тан жол - ды та - б(а)ал - май, Ке ліп түс - ті Ө - те - ген Қар - сы - құ зар жо лы на.

26 Жыл - қы - сы бол - са ай - дау - лы, Қы - мы - зы бол - са бай - лау - лы, Же - тіп кел - ді ба - тыр - лар,

29 Ақ - тө - бе - нің ө - зі - не. Үс - ті - не шы - ғып ба - тыр - лар, Жат - ты бі - раз сол жер - де.

Үс - ті - не шы - ғып ба - тыр - лар, Жат - ты бі - раз, жат - ты бі - раз,

31
2 
Сол жер-де. Е

35 **Желдірте** **Екінші мақам**


Ай, Ө-те-ген ба-тыр өт-кен за-ма нын-да, За-ман-ның бі-раз жү-ріп қа-ма лын-да:

37 
"Жақ - сы қо - ныс жер жү - зі - нен та - ба - мын" деп,


38 
Қы-дыр-ған жа-һан ке-зіп а-ма-нын-да. Жан біл-ме-ген Ө-те ген-нің а-қы-лы-на,

40 
Кез бо-лып за-ма-ны-ның та-қы-ры-на. Ат жа-лын тар-тып мі-ніп ер Ө - те-ген

42 
Өт-кіз-ді дү-ни-е-ні са-пы-рып-ай. Ө - те-ген Ақ-тө-бе-де жат-ты дей-ді,

44 
Ас құй-ып түр-лі та мақ тат-ты дей ді. І-шіп-жеп бол-ған-нан соң тө-сек са-лып,

46 
Үй-ық-тап бей-ха-бар-сыз жат-ты дей-ді. Ел кө-зі те-гіс ұй-қы-ға бат-қан кез-де,

48 
Шар - ша - ған - дар де - ма - лып жат - қан кез - де.

49 
Жыл - қ(ы)үр - кіп, ел ұй(ы)қ - та - ған жер - ге кел - ді,

50 
Та - ма - ша бір іс болды кө - рер көз - ге.



Жамбыл Жабаев.
Суретші А.А. Румтук

Жабаев Жамбыл (1846-1945) — қазақтың ұлы ақыны, жырау, жыршы. Сүйінбайдан кейінгі Жетісудың ақындық, жыршылық мектебінің ірі өкілдерінің бірі. Туған жері — Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Жамбыл атақты импровизатор ақындығымен қоса қазақтың көптеген жыр үлгілерін асқан шеберлікпен орындап, жадында сақтап, жыршылық өнердің тарихында да өшпес із қалдырды. Әсіресе, Құлмамбет ақыннан үйренген «Көрұғлы» дастаны, ұстазы Сүйінбайдан естіп-білген «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», «Жабай батыр», «Саурық батыр» жырлары — жас ұрпақтың рухын оятатын шабытты туындылар. Оның Сарбас ақынмен айтысындағы «Домалақ ене» жыры, «Бақ, дәулет, ақыл» атты поэзиялық ертегісі қазақ сөз өнерінің інжу-маржандары санатына жатады. Ғасыр жасаған ақын екі дәуірдің, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы, орыс отаршыларының Жетісу жерін алуы мен XX ғасырдағы Кеңес өкіметінің орнығуының куәсі болды. Жамбылдың айтыстары, жырлары, жалпы шығармашылық репертуары азаттықты, елдікті, ерлікті дәріптейді. Ол халық мұрасына деген адалдығы мен жеке шығармашылығындағы даралығының арқасында қазақ мәдениетінің тарихында өшпес із қалдырды.



Олжабай батыр.
Суретші А. Игембаев

ОЛЖАБАЙ БАТЫР

«Олжабай батыр» – XVIII ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен аумалы-төкпелі өмірін, Олжабай батырдың ерен ерліктерін көркем баяндайтын тарихи жыр. Туынды Олжабай батырдың дүниеге келуі, он төрт жасар кезінде әкесінің ұрланып кеткен атын қырғыз Әтікеген қайтарып келуімен басталады. Бөгенбай батырмен дос болуы, ұйықтап жатқанда аузына кірген жыланның басын қыршып түсіруі, жоңғар қолынан Абылайды босатып алуы, билікке таласта жеңіліп бас сауғалап келген жоңғар хандығының ханзадасы Әмірсананы қорғап қалуы, Ертіс бойындағы қалмақтармен болған соғысы сияқты оқиғалар суреттеледі. Сондай-ақ жырда Олжабаймен замандас Бердіқожа, Балта Керей Тұрсынбай, Малайсары, Сырым, Жасыбай сияқты қазақ батырларының ерлік істері өрнекті тілмен айшықталады. Алайда шығармадағы кейбір оқиғалар тарихта анық болғанымен, олар Олжабай батырдың тікелей араласуымен, болмаса оның басшылығымен өтпегендігін көреміз. Мәселен, Абылайдың тұтқынға түсіп, кейін еркіндікке шығуына Әбілмәмбет ханның, Төле би бастаған тұлғалы ағамдардың, тіпті Ресей өкіметінің тікелей араласуы себеп болғаны тарихтан белгілі. Ал тарихи жыр тарихтың көшірмесі емес, көркем туынды болғандықтан, мұндай жанама мәліметтердің кездесе беретіні – эпикалық дәстүрге тән сипат.

Олжабай батыр туралы аңыз-әңгімелерді алғаш ел ішінен жинап, хатқа түсірген Мәшһүр Жүсіп Көпеев болды. Ал Сақау ақын, Жаяу Мұса Байжанұлы батыр туралы оқиғаларды өзінше жырлап, елге таратқан. Жаяу Мұсаның өз қолымен хатқа түсірген жырдың бір нұсқасы Қазан университетінің қолжазбалар қорында сақталып қалған.

Кеңестік кезеңде Олжабай туралы шығармаларға тыйым салынып, ел тәуелсіздік алғаннан кейін ғана олардың кейбірі Е. Құлсариевтің «Жыр-керуен» (2004) жинағында, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2010, 59-т.) жарияланды. Жыр туралы Б. Ағамбаев, Б. Рақымов, С. Сәкенов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Еліміздің қолжазбалар қорында Олжабай батырға қатысты жырдың Жаяу Мұса, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ертай Құлсариев, Молдажан Жағайұлы, С. Айманов, Саққұлақ ақын т.б. ақын-жыршылар мен жинаушылар жеткізген нұсқалар сақталған. Томды баспаға дайындауда туындының қолжазба нұсқалары, олардың жарияланымдары салыстырылып, ақын-жыршы Е. Құлсариевтің нұсқасы ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (546-бума).



Халық ақыны хат жазуға қалам алған,
Ешкімнен өтпей тұрмас мына жалған.
Орта жүзде сүйіндік ұранды ел,
Олжабай қатарында батыр болған.
Мәшһүр Жүсіп жазыпты кітабына,
Үшбу¹ сөз тарих болып бізге қалған.
Сақау ақын — белгілі асқан жырау
Мазмұнын көріп тұрып өлең қылған.
Халықтың қатарласқан заманында
Тағылым алып сөйлейін мен де содан.

Әз Тәуке — ақылдының даналары,
Үш жүздің бірге жүрген балалары.
Сыр бойын мекен етіп Арқаменен,
Өсіпті сондай болып саналары.

«Сырдың суы, — деген, — мың нұрдың суы»,
Қызығын көрген екен солар дағы.
«Жері байдың елі бай» дегені рас,
Жайылған жер-жаһанға аруағы.

Мекен қып Ертіс, Алтай, Алатауға,
Құлын жүрмес оралып бие бауға.
Бірлігі бұл үш жүздің сондай артық,
Бермеген ынтымақпен елін жауға.

Жетісу, Алматыны қатар жайлап,
Сыңсытып сары қымыз, бие байлап.
Балдырған, бүлдірген мен жүзім, алма,
Түрлі ағаш бұтағында бұлбұл сайрап.

Ағаштың арасында қызғалдақтай,
Жарасып қыз-бозбала жатыр ойнап.
«Мал баққан шалдар көріп қоя ма?» — деп,
Қарайды жігіт ғаріп бойлап-бойлап.

Ойнаған асыр салып құлын-тайлар,
Бір тайпа ел, ол Асының тауын жайлар.
Асыдан Қаратұрық, Шелек басып,
Шарыннан елі өтіп, қайтып айдар.

Іленің ар жағында тауы шолақ,
Жеріне Қарашоқы болған қонақ.

¹ Үшбу /түркі/ — осы, мына.

Алтынемел, Түлкілі, Күреңбел мен
Сарыноқай Шағанменен қайтқан орай.
Аралтөбе, Терісаққан, Көксу басып,
Қапалды, Талдықорған жатқан қамап.
Малдысары, Кербұлақ, Қараталмен
Ешқандай ада болмас жерді санап.

Баласы Орта жүздің Сыр бойында,
«Мал жұтар», «жау шабар» жоқ ойында.
Жаз жайлауы Арқа мен Баянаула,
Жайқалған бітігінің мал ойында.

Сәні артық талай жерден Қарқаралының,
Көкшетау гүлі екен бозбаланың.
Кезеңнен аса соққан салқын самал,
Қызығын халық көрген ен даланың.
Көкшетау көк кезеңін аса көшіп,
Көш тартқан арманы жоқ қыз баланың.
Есіл менен Ертістің арасында
Семірген құр аттай боп өң¹ жабағым.

Қайдауыл — аққан өзен, жер ағасы,
Айта берсем таусылмас тамашасы.
Орта жүзде сүйіндік аты шыққан,
Ал енді ашылады сөз сарасы.

Айдабол он үш жаста би болыпты.
Алтау екен өзінде бар баласы.
Бәйбішеден Жанқозы, Малқозы деп,
Кішісі — Кенжеқозы бір данасы.
Тайкелтір тоқалынан туған екен,
Бұлар да үшеу екен, бір анасы.

Кенжесі Кенжеқозы жастай өлген,
Мазмұны сөз жүйесі солай келген.
Үйсінде Қаратайдай ер болыпты,
Қызына Қаратайдың қалың берген.

Айдабол би болыпты сегіз қырлы,
Баласы өліп, болыпты іші кірлі.
Тоқалдың баласына — Тайкелтірге
«Әперем, — деп айтады — осы қызды».

«Туғанымның жесірін бермеймін» деп,
Жанқозы осылайша намыс қылды.

¹ Өң — өңкей, бірінғай, бір келкі.

Малқозының баласы Толыбайға
Осыған әперем деп ниет бұрды.
Айдабол егеседі қабылданып,
Қаншалық қалың әскер қасына алып.
Үйсінде Қаратайға бармақ болды:
«Бермесе қайтайын, — деп, — шауып алып».

Солайша Айдабол да жүріп кетті,
Батырлық ойлап келеді, бір ниетті.
Жасанып жау көргенде шоқтай жайнап,
Бір күні Қаратайға келіп жетті.
Айтысып Қаратайға есен-аман,
Сөйлесіп жер жөнінен күш көрсетті.

Қаратай сөз сөйледі Айдаболға:
— Айдабол, бас болыпсың қалың қолға.
Басында Құдай қосып құда болдық,
Ниетің бұзылыпты осы жолда.

Басында құда болдық жақсы сүйіп,
Қалыпсың балаң өліп сен күйініп.
Білсең еді қастық, достық ниетімді,
Өзің кеп қайтсаң етті халім біліп?
Үш жүздің баласында батырсың ба,
Келіпсің қодырайып әскер жиып.
Тәуекел, біреуіміз жеңген кесірінен
Кетеді жоқ нәрсеге жұрт бүлініп.

Ойыңнан жамандықты сіз шығарғын,
Бұрынғы уағдада өзім бармын.
Қайтарғын қасыңдағы көп жолдасты,
Бұрынғы жол-жобамен қызымды алғын!

Айдабол қабыл алды бұл ниетті,
Құдаға көп рақмет, құлдық етті.
Қасында азын-аулақ адам қалды,
Көп жолдасы өз еліне қайтып кетті.

Айдабол сол сапарда қыстап қалды,
Толыбай қызды құшып рақаттанды.
Есбике деп айтады қыздың атын,
Қыз болғанда қызықты, сондай сәнді.
Болғанда шашы — сүмбіл, тісі — гауһар,
Көргенде балқытады шыбын жанды.

Толыбай қыстай жатып қызық көрді,
Мақтаулы Қаратай ер бұл да сері-ді.

Елінен шанышқылы бір қыз әкеп,
 Күңдікке оны дағы жұмсап берді.
 Бөктік деген қыз екен бұл да нұрлы,
 Толыбайға некелеп тағы берді.
 Жаз шығып, ел жадырап, қары кетіп,
 Айдабол енді іздемек туған елді.

Ойлады Айдабол би жақсы талап,
 Ат мінді жан басына еркін балап.
 Екі қыз қыстай ойнап күйеуімен
 Болыпты қатарынан екіқабат.

Жаз шығып соныменен елге қайтты,
 Қаратай қанша етті зияпатты¹.
 Арада бірнеше күн жүргеннен соң,
 Екі қыз қатарымен туа қапты.
 Екеуі де ұл болды тапқанының,
 Айдабол қуанады тіпті қатты.
 «Түзден пайда болды, — деп, — бұл балалар», —
 Біріне Олжабай деп қойды атты.
 Қаратайдың қызынан Олжабай-ды,
 Есбике шешесі де асыл затты.
 Бөктіктің шанышқылы — ата заты,
 Кем емес еш адамнан салтанаты.
 «Қоста жатып туды, — деп, — осы бала», —
 Қосжетер деп қойыпты оның атын.
 «Олжабай аман-есен жігіт болса,
 Қосжетер болады, — деген, — қолғанаты».

Айдабол немересін қолына алып,
 Сондайлық түсіп тұрған ықыласы.
 Баласын оқытыпты алдына алып,
 Қарады порымына көзін салып.
 Жайнаған жай тасындай түрі бөлек,
 Отырды Айдабол би түрін танып.

«Бұл бала туған екен елге ырыс,
 Бақытты ерге өтпейді жауда қылыш.
 Қайырлы, аман болса бұл шырағым,
 Қап түбінде жатпайтын асыл құрыш.

Зұлым болса бұл бала — елдің соры,
 Арамдықпен байланар оның жолы.
 Өзі білмес, білгеннің тілін алмас,

¹ Зияпат /араб/ — сыйлау, ішкізіп-жегізу; тамақ, ауқат; ақ көңілділік, кішіпейілділік, меймандостық.

Ондайды деп айтамыз «елдің қоры».
Жасықтың көп нәрсеге сәндігі жоқ,
Өлшеусіз деген екен білім жөні».
Балаға түсті сондай ықыласы,
Ұлғайды артықша боп бар тұлғасы.
Қақпақтай жауырыңды, орта бойлы,
Шүйделі, қайқы құлақ, қара қасы.
Сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып туған мәртебесі.
Он төртке жасы келді сол уақытта,
Болуға ыңғайланды ел ағасы.

Сүйіндік — Олжабайдың ата заты,
Жайылды жастайынан шаһараты¹.
Толыбайдың жастайынан мініп жүрген
Бар екен Тайкөк деген жүйрік аты.
Бәйгесін Орта жүздің алып жүрген,
Жақсы ат деген болады ер қанаты.

Толыбай Тайкөк атты жүрген бағып,
Бәйгені ерегескен келеді алып.
Бір түнде бұл Тайкөкті ұры алып,
Толыбай қалған екен жабырқанып.
Баласы Олжабайды сынамаққа
Отырды бір осындай сөзге салып.

— Қарағым, бұған қандай ақылың бар,
Қартайып әкең отыр жаяу қалып.
Жоқтаусыз жібермегін тұлпарыңды,
Іздеп шықсаң қайтеді батамды алып?

Бұл сөзді естіп тұрды Олжабай ер:
— Атажан, мақұл, — деді, — батаңды бер.
Ажалды үйде-түзде ешкім білмес,
Жалмайды жан иесін сұм қара жер.
Бақытыңа Құдай берген перзентіңмін,
Талабым қалай екен, бір сынап көр.
«Ер сүрінбей танымас елді» деген,
Бақыты ашылмас жігіттің шықпаса тер.
«Жатқанға жан жуымас» деген сөз бар,
Толқын ұрмас дарияны соқпаса жел.

Әкесі бұл сөзіне ризаланып,
Ақ қошқар ай мүйізді айтып шалып,

¹ Шаһарат /араб/ — даңқ, атақ, мәшһүрлік.

Ағытты бата беріп, көздің жасын,
Кісесін мойнына тағы салып.
— Он сегіз мың ғаламды Жаратушы,
Баламды жамандықтан жүргін қағып.
Қырық шілтен, он екі имам, Ғайып ерен,
Адасса жар болыңыз қолдан алып.

Бір күні сапар тартты бұл жас бала,
Қасында жолдасы жоқ, жеке дара.
— Бір атты іздетем деп намыс үшін,
Болам ба әлдеқалай жүзі қара?
Балам, қайда барсаң, жолың болсын,
Айтамын сен келгенше Аққа сәна¹.

Он төртте Олжабайдың сонда жасы,
Құрбыдан артық туған мәртебесі.
Бір атын Құлынкөк деп айтушы еді,
Ой желке, құлан жадды, келген машы².

Құлынкөк — Олжабайдың арғымағы,
Басына бала жастан қонған бағы.
Қаламдай қия жонған екі құлақ,
Жалтырар екі көзі — жаққан шамы.

Қысқа бел, бауыры жазық, қабырғалы,
Түрілген еліктей боп оның таңы.
Қол еті қоржындай боп бөлек тұрған,
Орақ бас, жай тасындай тістің бәрі.

Бата алып атасынан кетті жүріп,
Сарыала қамшыменен садақ іліп.
Үстінде торлама көз сауыты бар,
Басына батыр жөні қалқан киіп.
Тайкөкті алған қырғыз батыры екен,
Хабары құлағына барған тиіп.

Олжекем сапарына кетті жүріп,
Қоштасып елі-жұрты қабақ түйіп.
Арада бірнеше күн сапар етіп,
Олжекең бір тоғайға келді жетіп.
«Бұл жерге бүгін түнеп шығайын», — деп,
Солайша аттан түсті көңілін бөліп.

Тоғайда атын ұстап жатып қалды,
Тынығып біразырақ демін алды.

¹ Аққа сәна — /араб/ Аллаға мадақ.

² Машы — көркі, кейпі.

Жарым күн шамасында сол тоғайда
Жалтырап бір-екі от пайда болды.

Олжекем: «Бұл қалай?» — деп отырғанда,
Жанған от барған сайын жақындады.
«Қатерлі іс екен, — деп, — мұның өзі», —
Қамшысын екі бүктеп қолына алды.
Басында от көрінген тым алыстан,
Бұл оттан пайда болды бір арыстан.
Жақын кеп жатып қалды жер бауырлап,
Кез болған Олжабайға бұл бір дұшпан.

Оттай боп жалтыраған екі көзі,
Батырдың бір осындай келді кезі.
Біріне-бірі батпай түніменен,
Жатты ғой ол да байқап өзін-өзі.

Арыстан таң атқан соң кетті жүріп,
Олжекем: «Бұл қалай?» — деп қалды тұрып.
Бар екен Олжекемнің жолбарысы,
Арыстан бата алмады соны біліп.

Таң атып, тамақ ішіп, мініп атын,
Амандыққа шүкірлік айтып батыр,
Ер Олжабай далада келе жатса,
Бір жалғыз үй тұр екен, келді жақын.

Ол үйден шыға келді кемпір ана,
Деп айтты: «Қайдан келдің, — дейді, — бала?
Ел-жұртыңды жау шауып, жалғыз қалып, —
Деп айтты: «Боп жүрсің бе жеке дара?»
Батыр айтты: «Елім аман, көңілім жаман,
Осындай бір қасірет бар-ды және.
Жесірлік бір атымды жауға алдырып,
Себеппен келіп тұрмын бұл араға».

Кемпір айтты: «Ей, балам, енді нандым,
Сырыңды ішіндегі сен шығардың.
Жау қолына қойғанша жаутаңдатып,
Бар болса жер жүзінде, тауып алғын.
«Ат — адамның қанаты» деген сөз бар,
Тірі болса, қолға алып, пайдаланғын.
Жайнаған жай тасындай жас баласың,
Боларсың жұрт ағасы талайлардың».

Олжабай сөз сөйлейді лебіз ашып:
— Анажан, сыр сұрастық ұшырасып.

Адамсыз көпті көріп, көп жасаған,
 Қарашы талығымды¹ бір бал ашып.
 Балаға көңіл түсіп кемпір ана:
 – Мақұл, — деп құмалақты қойды жайып.
 Сөйлейді құмалақта көргендігін:
 – Туыпсың, иә, балам, бақытың асып.

Бақытың зор, иә, балам, дұшпаның қор,
 Етпеген екенсің ғой бұрында жол.
 Бағана бір топ адам кетіп еді,
 Дұшпаның, байқап қалдым, екен ғой сол.
 Оңында қырық бірдің Қызыр сынды,
 Бұл сапар, Құдай біледі, болады жол.
 Мен дағы тілеулеспін, жолың болсын,
 Қайыр қош, иә, шырағым, қош-аман бол».

Олжабай кемпірменен амандасып,
 Бұны естіп бек қабақат судай тасып,
 Талас суын қыдырып, Әулиеата,
 Келіпті Тоқпақ, Піспек бәрін басып.
 Ербашы тауын өрлеп Ыстықкөл мен
 Кезенді Әтекеге келді асып.
 Аулына Әтекенің келіп тұрса,
 Тайкөгі байлаулы тұр құп жарасып.

Олжабай атты көріп іші қайнап,
 Садағын қолына алды енді ыңғайлап.
 Ауылға бейқам жатқан салды бүлік,
 Қолына алып жасыл туын «а, Құдайлап».

Қырғыздар бұл жұмыстан жаман сасып,
 Бұлар да шығып жатыр тобын сайлап.
 «Мың қарғаға бір кесек» дегендейін,
 Ақыры қырғыздарды шықты айдап.

Әтеке өз көзімен мұны көрді,
 Тоқтатып қырғыздарды жауап берді:
 – Мұнымен ұрыспаңдар, тілімді алсаң,
 Бұл өзі күшін сынап жалғыз келді.
 Атын беріп, жөніне қайтаралық,
 Біз дағы бүлдірмелік бекер елді.
 Әтеке қорыққанынан Олжабайдан
 Құрметті сөзін айтты бұған енді.

¹ Талығым — «тағдырым, болашағым» деген мағынада.

Әтеке сөз сөйлейді Олжабайға:
— Иә, балам, кез боп қалдың осы жайға,
Талабың таудан үлкен, бақытың асқан,
Мен де жолдас болып ем бірталайға.
Татулықта, шырағым, дүние көп,
Таласпалық қырылып жалғыз тайға.
Достасып алысалық қолда барын,
Қоялық уағданы бір Құдайға.

Олжекем осы сөзге ризаланып,
Дос еткен Әтікенің тілін алып.
Құрметтеп Олжабайды қанша қырғыз,
Батырдың ордасына түсті барып.
Достасып Әтеке мен ер Олжабай,
Жатыпты бірнеше күн демін алып.
Бір тоғыз Тайкөк атқа және қосты,
Еліне қайтты батыр олжаланып.

Қорқытты қырғыздарды жалғыз бала,
Әтеке әрі досы, әрі аға.
«Асудан асырғын, — деп, — Олжекемді», —
Беріпті тоғыз кісі жолдас және.

Кеңқолдан аман-есен асып түсіп,
Барыпты аман-есен Тәшкен қала.
Қасында жолдасымен есендесіп,
Қайтарған қош айтысып сол арада.

Тәшкеннің қаласына келіп жетті,
Көрген жан Олжабайды тамаша етті.
Олжабай сол бетімен төмен құлдап¹,
Еліне Қарақалпақ келіп жетті.
Қоңырат нағашысы Үргеніште,
Ақ жүзін бір көрсем деп ниет етті.
Бабасы Айдаболдың қайын руы
Жиенін аман көріп, шаттық етті.
Жатқан соң аз уақыт демін алып,
Онан соң қош айтысып қайтып кетті.
Кез болып бір қария осы жерде,
Жөн сұрап Олжабайдан жауап күтті.

— Руым Орта жүзде Сырда жатқан,
Сүйіндік — елім аты, емес мақтан.
Қырғызда Әтекемен жекжат едім,
Бұл сапар жолым солай келе жатқан.

¹ Құлдау, құдилау — төмендеу, төмен түсу.

Ол адам сөз сөйлейді жауап беріп:
– Иә, балам, сені тұрмын тәуір көріп.
«Бір жұрты ер жігіттің қайын» деген.
Бір атты қайтпаймысың бізге беріп?
Кел дағы жыл айналып қызымды алғын,
Уағдам тап осылай болсын берік.
Олжекем оған айтты: «Сөзіме бақ,
Қызыр шалса жігітке қонады бақ.
Бұл атты бере алмаймын бұл сапарда,
Осы ат болып еді бізге аманат.

Қиянат аманатқа ете алмаймын,
Бұл сапар сізге беріп кете алмаймын.
Аман болса кеп қалар тағы кезім,
Мәнісін сұрасаңыз біздің жайдың».

Олжабай осы сөзбен жүріп кетті,
Арада бірнеше күн сапар етті.
Ата-ана, туған жерге есен-аман
Бір күнде сау-саламат келіп жетті.
Ат пен бала аман-сау келгеннен соң,
Толыбай мың мәртебе шүкір етті.
Бұл ісін Олжабайдың естіген соң,
Бөгенбай батыр бір күні келіп жетті.

Бөгенбай «құтты болсын» айта келді,
Жас бала аралапты талай жерді.
«Үш жүзде Олжабайдан асар жан жоқ», –
Бөгенбай осылайша баға берді.

Екі батыр дос болып құшақтасты,
Айдыны екі бағлан жұрттан асты.
Орта жүздің ұраны жұрт ұйыған,
Ерген жас екеуіне судай тасты.

Олжабай Бөгенбайды жүрді жандап,
Бар еді сол заманда құба қалмақ.
Бір жылы сол қалмақпен соғыс болып,
Сарысудың өзеніне түскен аңдап.

Олжекем шалқасынан ұйықтап жатса,
Барады бір мезгілде бой шымырлап.
«Олжабай шошыр ма екен жыланға», – деп,
Бөгенбай қарап тұрды мұны барлап.
Бір жылан үстін басып тіл шығарып,
Сол заман аузына болды бармақ.

Олжабай білді мұны хабарланып,
Енуге жылан келді даярланып.
Аузына жылан басы енгенінде
Тіспен қырқып тастады басын алып.
Бөгенбай мынау іске қайран қалды,
Қасында Жанатайға айтты барып:
— Жанатай, саған сондай бір іс болса,
Қалайша құтылар ең амал тауып?

Жанатай сөз сөйлейді Бөгенбайға:
— Аруақ зор осы күні Олжабайда.
Ондайлық қатер іске кез боп қалсам,
Етпеспін қапелімде оған айла.

Тәуке хан құба қалмақ алған жеңіп,
Бір-бірін қалмақ-қазақ тату көріп.
Тәукенің бұл күндері жасы жетіп,
Қартайып кәрілікпен жатқан шөгіп.

Торғауыт қалмақ шығып сол заманда
Қазақты күннен күнге кетті жеңіп.
Абылай, Әбілмәмбет заманында
Қалмақтар жер шыбындай кетті өріп.

Қонтайшы ол қалмақтың болған ханы,
Қазаққа сол уақытта тиді зары.
«Ақтабан шұбырынды» заманында
Қазақтың жауда кетті көп мал-жаны.

Қонтайшы бұл қазаққа зәрін шашып,
Қазақ елі туған жерден босып, қашып,
Сырдың бойын қуалап қалың қалмақ
Түркістан, Ақмешітті қалған басып.

Қазақтың ол заманда батырлары —
Қабанбай, Бөгенбай мен Олжабайы,
Сырымда Малайсары, Жанатай мен
Өмірлік жолдас болған Жасыбайы.
«Дос болған ту ұстасып екі батыр», —
Деп айтар Олжабай мен Бөгенбайды.

Бөгенбай ол уақытта асқан батыр,
Болыпты өз еліне алтын шатыр.
Соғысып бір жорықта Қонтайшымен,
Қалмаққа салған екен заманақыр.

Қонтайшы жеңіп жүрген одан бұрын,
Қазақта қастығы бар, ниет қырын.
Қалмақтың ортасына қырғын салып,
Алыпты Қонтайшының екі қызын.

Қыз атын деп айтады «Лағба», «Лаба»,
Ұқсаған екі сұлу күн мен айға.
Таңдауға түскенінде екі қызды
Бөгенбай былай деген Олжабайға.

— Олжабай, жасың кіші, ақылың дана,
Бұл күнде олжа болды бұл қыз бала.
Қайсысын көңілің қалар, сіз алыңыз,
Олжа алғын қалауыңша бұл арада.

Олжабай Бөгенбайға ырзаланып,
Лағбаны алған екен түрін танып.
Лаба қыз Бөгенбайға жар болыпты,
Өмірді өткізіпті рақаттанып.

Солардан туған бала кейін күнде
Жүріпті «қалмақ» деген атақ алып.
Бөгенбай ол баланы алғаннан соң
Дүниеге «Саққұлақ» деп бір ұл келген.

Туыпты Саққұлақтан тағы бір ұл,
Бөгенбай «Олжабай» деп атақ берер.
«Болсын, — деп, — Олжабайдай ел ұраны», —
Солайша Олжабайды артық көрер.

Баласы Орта жүздің арғын, найман,
Тәукеге заманында бақыт қонған.
Үш жүздің балалары бір қоныс боп
Барлығы Сырдың бойын мекен қылған.

Бас қосып арғын, найман бір қоныста,
Олжекем Орта жүзге ұран болған.
Сарысу, Арқа есігі — Арғанаты,
Айдабол Төртуылды қоныс қылған.

Жайлауы Нияз тауы еді мұның,
Сала мен Домбыралы, Бетегелім.
Моншақты, Құланөтпес, Шідерті өзен,
Сілеті, Қарасеңгір, Шалқар белім.
Сапырып сары қымыз қаздай қалқып,
Шарықтап тамашамен жатқан елім.

Батырдың Малайсары жөні басқа,
Қырық жігіт күндіз-түні алды қасқа.
«Өлген жерде өлелік бәріміз», — деп,
Бір-бірін жау қолына тастамасқа.
Қазаққа қастық етіп күндейтұғын
Қонтайшы дұшпан болған сол уақытта.
Қалдан хан қабаттасып бұл да қалмақ,
Қастасып қазақпенен мінген атқа.

Қастығы Қалдан Шерін қатты өтті,
Қазақты қансыратып алып кетті.
«Бұл қалмаққа бір тыю салайын», — деп,
Ойлады Абылай хан бір ниетті.
Сол уақытта Абылайдың батырлары —
Уақ Сары Баян мен жұртқа дәрі:
Балтакерей Тұрсынбай, Бердіқожа,
Көкжарлы Көкжал Барақ — асқандары.
Сырым да, Малайсары ескі батыр,
Олжабай барлығының болған жары.
Қаншалық көп әскерін ертіп алып,
Абылай Қалдан ханға қанат жайды.

Бұларсыз жауға Абылай аттанбайды,
Олар жоқта көңілі шаттанбайды.
Еліне Қалдан Шерін келіп түсіп,
Бір жерден тауып алды жақсы жайды.

Әскерін түсіріпті үшке бөліп,
Үш түрлі үшеуіне атақ беріп.
Айтады: «Кезеуілші — біріншісі.
Екінші — тосқауылшы, — тәуір көріп.
Үшіншісі, — айтады, — салықшы», — деп,
Олжабай жүреді екен соған еріп.

Келгенін Абылайдың Қалдан білді,
Ой ойлап: «Соғыссам», — деп неше түрлі.
Жасанып, жан-жағының бәрін жиып,
Қазақпен қарсыласып бұлар тұрды.

Аттанып Абылайдың батырлары,
Сол күні есебі жоқ қырғын болды.
Қазақты бұл өнермен алмаспыз деп,
Қалмақтар дарбазаның құлпын ұрды.
Кеш түсіп сол заманда уақыты болып,
Батырдың барлығы да қайта жүрді.

Қазақтың батырлары сондай мықты,
Ол күні қанша қалмақ қырылыпты.
Абылай сонда тұрып батырларға:
«Бұл түрлі іс еткін!» — деп бұйырыпты.

— Сөз тыңда, — деп айтады, — Малайсары,
Ел үшін құрбан деген ердің жаны.
Бердіқожа, Көкжарлы Көкжал Барақ,
Балта Керей Тұрсынбай, Уақ Сары.
Қақпаға кіріп алып жол бермей тұр,
Қалданның жанын аяп қалмақтары.
Сендер барып дауалды¹ қамап тұрып,
Далаға шығармастан атқын оны.
Бұл істі қабыл көрді батырлары,
Қалмаққа бет-бетімен шапты бәрі.
Айналып дауалдарын қамап тұрып,
Қардай боп жауып тұрды садақтары.
«Қалмақтар қандай халде тұр екен?» — деп,
Дауалға бой созыпты Малайсары.
Қырылған есебі жоқ қалмақтары,
Ағыпты көшесінен қызыл қаны.
Малайсары көрді де қайта түсті,
Оқ жаудырған батырға көріп оны.
Оқ тиген сол заманда қайран ерге,
Киреңдеп ат үстінен кетіп сәні.
Батырдың жазым болған халін көріп,
Жиылды жолдасының сонда бәрі.

Қалыпты Малайсары жараланып,
Белінен оқ тиіпті қаны ағып.
Олжабай Малайсары халін көріп,
Отыр еді жолдасына қапаланып.
Сонымен өз қосына алып барып,
Қойыпты дәрі жағып, белін таңып.

Атына екі жақтан қамшы ұрып
Бір қалмақ келді дағы жалғыз шауып:
— Олжабай, орда бұзып, олжа алғанда,
Сен дағы тұрсың, — дейді, — құр қалып!

Қалмақтың сөзін есітіп
Олжабай атқа мінеді.
«Аруақ маған қонар» — деп,
Пірінен медет тіледі.
Бұл сөзге қатты қуанып,

¹ Дауал — қабырға, қорған.

Жарыла жаздады жүрегі.
Тайкөкті тайдай ойнатып,
Торкөз сауыт жайнатып,
Қолына алды ыңғайлап
Алтынды садақ, жебені.
— Қолдаушы пірім дөп осы,
Қалмақ болып қасыма,
Хабарын айтып келгені.

Бұл сөзді айтып Олжабай
Абылайға келеді.
— Туды маған бергін, — деп, —
Қайратымды көргін, — деп,
Қолында алмас берені.
Бере салды Абылай
Ешбір жауап демеді.
Мылтықтан түтін тұман боп
Қақпаға жетіп келеді.

Абылайдың ақ туын
Қолына батыр алып тұр,
«Олжабайлап» оқ атып,
Ұранын айтып салып тұр.
Барлық қазақ жабылып,
Өкпелері қабынып,
Қалмақтарға оқ атып,
Қыран-топан салып тұр.
Қалмақ қорғап қаласын,
Қатын менен баласын,
Асырып атқан оқтары
Бұршақтайын жауып тұр.

Ақиқат сөз бұл өзі,
Ішінде жоқ мақтаны.
Басқасымен жұмыс жоқ,
Келе салып Олжабай
Бүкірмен¹ шапты қақпаны.
Есі шығып қалмақтар
Олжабайды атқаны,
Қалмақтың тиіп бір оғы
Кетті жұлып қоспаны.
Батыр туған Олжабай
Сонда дағы саспады.
Атқан оғы қалмақтың

¹ Бүкір /көне/ — қылыштың түрі.

Олжабайдың қолынан
Тиіп, өтіп кетпеді.
— Қақпасын бұзып өтем, — деп, —
Мұратыма жетем, — деп,
Қалмаққа сондай өшікті.
Оқ тигенін білген соң:
— Әлдеқалай болады, — деп, —
Туды маған бергін, — деп,
Тұрсынбай батыр жетіпті.
Мақұл көріп Олжабай,
Тұрсынға туды беріпті.
Бір қақпаға таласып,
Оқ тигендер өліпті.
Қақпаның бұзып бір жағын,
Қалаға қазақ еніпті.
Қорған толған көп қалмақ
Ашылып есігі қалған соң
Шыбындай өріп келіпті.
Қалмақ, қазақ қосылып,
Қызыл қаны жосылып,
Білтелі мылтық береннен
Бір зор қырғын көріпті.

Аянбай соғыс етгі атпен шауып,
Оқ тиер деп асылында етпес қауіп.
Қылыштасса қырылмай жан оңа ма,
Талай қалмақ қалыпты қырғын тауып.

Екі күн соғыс болды бір күн тынбай.
Соғыста қарап тұрмас қылыш ұрмай.
Астында сары қасқа атқа садақ тиіп,
Сол жерде жаяу қалды хан Абылай.
Қалмақтар көптігімен қаптай шауып,
Оны Құдай атып па байлап алмай?
Айырылды осылайша Абылайдан,
Олжабай бір жақ шетте абайламай.

Қалмақтар Абылайды кетгі алып,
Қазаққа бастан-аяқ болды анық.
Олжабай шын ақиқат естіген соң
Қапа боп тұра алмады ашуланып.

Қара Ертістің бойында қалмақтарды
Сол күні қырғын салды қайта айналып.
Олжабай соғыс салды қаны қайнап,
Батырдың арыстандай көзі жайнап.

«Абылайдан айырылған маған өлім», —
Осындай қапалықты қатты ойлап.

— Абылай қолға түсті қайран ерім,
Ол кеткен соң сынады менің белім.
Атақты Абылайым қолға түсті,
Бұл жұмыс бола түсті маған өлім!
Жасымнан «Олжабай» деп атым шығып,
Қайтіп көрем Арқаның енді жерін?
Ел үшін ер жігіттің басы құрбан,
Бүгін шықса бойдағы ащы терім.

Қайырылды Абылайдай ағасына,
Қайраттың түсті Олжабай сабасына.
Қақ жарып қалың қолды сол уақытта
Барыпты Қалдан Шерін қаласына.
Оқ атып қақпасын да бұзса дағы
Қалмақтар жібермеді арасына.
Өліктер төбе-төбе болып жатты
Көп жан өлді бір кештің арасында.

Олжабай жүрді сөйтіп қырғын салып,
Қалаға енгізбейді қанша халық.
Қалмақтың бір батыры Шарыш деген
Бұрыннан атақ алған мағлұмданып.
Соғыста Олжабайға тура келіп,
Екеуі бір-біріне найза салып.
Олжабай арыстан ғой, қалмақ — қоян,
Қалмақты қайтқан екен байлап алып.

Шарышты осы жерде байлап алды,
Онан соң өз қосына қайтып барды.
Қайғырып Қалдан хан да батырына,
Сонымен Олжабайға кісі салды.

«Сәлем де Олжабайға, ерді берсін!
Сөзіме достық айтқан шындап сенсін.
Көнбесе бұл жауапқа батыр болса,
Жекпе-жек соғысамын, өзі келсін!
Қорықса ұрысуға меніменен,
Кісімді берсін дағы кете берсін».
Осылай келген елші айтып отыр:
— Бұл сөзге, әй, Олжабай, сен не дерсің?

Олжабай ашуланды мына сырға,
Сөйлейді қаһарланып қалмақ сұмға:

– Қашатын қатын емес айтқан серттен,
Қалдан да қалауынша келсін мұнда.

Ол қалмақ осы сөзбен кетті қайтып,
Көргенін Олжабайдан берді айтып.
Қалдан да қатуланып, қабақ түйіп,
Жабдықтап арғымағын ойнақтатып.
Қалдан Шерін шығыпты ол майданға,
Қазақтан келді жүріп Олжабай да.
Қалдан айтты: «Қамданғын, Олжабай ер,
Іс істе өз ойыңда болса арна».

Қалданның осы сөзін тұрды ұғып,
Садақтың жезайылын һәм суырып.
Олжабай шауып келіп атқанында,
Мылтығын Қалданшаның кетті үзіп.
«Өмірде мұндай жан да бола ма?» — деп,
Қалданша өз жанынан күдер үзіп.
— Олжабай, кеше сені байқап едім,
Қашаның¹ босағасын кеттің бұзып.
Қалданша ерлігіне бек сүйініп,
Жіберді тамашалап қатты күліп.

Ойлап ем: «Қақпа бұзған қандай қазақ?
Сындырып мылтығымды, салдың азап.
Мылтықты қақпаменен талай бұздың,
Қанеки, осы жерде берші жауап?»

Сөз тыңда, жамағаттар, Олжабайдан,
Ажалдыға оқ тиер әлде қайдан.
Атқан оқпен ісім жоқ шындығында,
Қақпа бұзу мақсатым маған арман.
Мұнымен ерегесіп оңбасын деп,
Қалдан Шерін онан кейін достық қылған.
Сары ала туын беріп, сауыт-сайман,
Дулыға, қалқанменен құрмет қылған.

Ат берді алтын жауып, бір арғымақ,
Достасып болмақ қылды жақсы талап.
Дүниеде татулықпен тұрмақ болып,
Серттесіп, ақ мылтықтың аузын жалап.

Олжабай қайтып алды Абылайын,
Қалдан Шерін біліпті батыр жайын.

¹ Қаша — қоршау, діңгек.

Қалмақтың батырын да қайтып берді,
 Ұзатып басқа сөзбен не қылайын?

Олжабай олжалы боп қайтты еліне,
 Жан көрінбес батырдың бір өзіне.
 Жасыбай — бәсентиін, таз руы,
 Жас батыр бірге жүрген өмірінде.
 Осындай Олжабайға бақыт қонған,
 Қошемет келіп жатыр оң мен солдан.
 Атқан оқ Олжабайға тимеген соң
 Абылай «Қужарғақ» деп атын қойған.
 Бақыты асқанның басына таяқ тимес,
 Дұшпанға ерегескен салады ойран.
 Олжабай өз еліне келгеннен соң
 Орта жүз «он сан» болып тойын қылған.

Орта жүз қуанысты барлық елі
 Қадірлеп алдырыпты Едігені.
 Олжабай Орта жүзге ұран болып,
 Бастады осылайша әңгімені.
 Барлық ел қойдай шулап бата беріп,
 Сары ала туды беріп белгіледі.
 Олжабай, Бұқар жырау Едігемен,
 Мұнан жоқ Орта жүздің өтер ері.
 «Ақтабан шұбырынды» заманында
 Айтайын бір хадиса¹ әңгімені.

«Ақтабан шұбырынды» заманында,
 Қазақтың қоныс таппай қалғанында:
 «Қазаққа қоныс тапсам, — деп айтады
 Олжабай, — шыбын жаным аманында».

Арқаның барлық жонын аралады,
 Еділ мен Жайық, Ертіс аралары.
 Есіл мен Алтай тауы, Арғанаты,
 Ұлытау, Сарысумен шамалады.
 Бұл жердің қыры — киік, ойы — балық,
 Көргеннің сүйсінеді шыбын жаны.

Мың жылқы жатса дағы көрінбейді,
 Жаз жайлау, қыс қыстауы, жалғыз сайы.
 Күрең түс бетегеден ат жүрмейді,
 Көрінген құр аттай боп құлындары.

¹ Хадиса, әдиса /араб/ — таңғажайып оқиға.

Аралап ер Олжабай бәрін көрді,
Тауына Баянаула тағы келді.
Бетегеден ат жүрмес сондай шүйгін,
Бұл жерді талай жерден тәуір көрді.

Көкшетау, Қарқаралы, Өлеңті мен
Шідерті ұзын аққан өзендері.
Бес ата қоныс етіп осы жерді,
Жанқозы, Малқозы мен Қоңырбелді.

Қыстауы болды сонда Баянтауы,
Қалмақ боп тұр қазақтың сонда жауы.
Жаз жайлауы Ерейменнің сырт жағында
Құланөтпес, Қушоқы деген тауы.
Сән-салтанат, сәулеті сондай артық,
Бетеге, қарақияқ көздің жауы.
Көрінбес жатқан жылқы шыққан шөптен,
Оралған бір ыңғай боп бие бауы.

Нұраның өзені аққан саласында,
Ұлытау, Ортатаудың арасында.
Өлеңті, Шідертінің өзендері
Алакөл құйылады сабасына.
Сапырып сары қымыз сансыз жылқы,
Орта жүз орда болған баласына.
Сол уақта құба қалмақ қайта жау боп,
Бір жанжал түскен екен арасына.
Әмірсана қалмақ қашып өз елінен,
Жүріпті Абылайдың панасында.
Олжабай Қонтайшының қызын алған,
Туысқан жақын екен о басында.

Әмірсана жүрген екен қашып келіп:
«Олжабай – күйеуім», – деп жақын көріп.
Олжабай Нияз тауын жайлап отыр,
Ішінде нашарлардың халін көріп.
Күңгірлек кезеңіне әскер шықты,
Сол жерде барлық ел де тұрды көріп.
Ішінен жеті кісі бөлек шығып
Аулына Олжабайдың келді жүріп.

Қалмақтар сөз сөйлейді Олжабайға:
– Тыныштық сіз бен бізге болар пайда.
Сұратты Әмірсанды құба қалмақ,
Сонымен келіп тұрмыз осы жайға.
Достық етсең бересің Әмірсанды,
Олжабай, қай жақ пайда, өзің ойла.

Бермесен, тірі болып кетер жан жоқ,
Кез болдың бүгінгі күн жиын-тойға.

Қаһары Олжабайдың келді қайнап,
Қызарып екі көзі оттай жайнап.
— Әмірсана — жар түбінде жетім тоқты,
Қолымнан бере алмаймын оны байлап.
Тұрмаймын Әмірсанды қолдан беріп,
Мықты болсаң алып кет мені жеңіп!
Осындай бір-біріне қарсы сөйлеп,
Батырдың ойларына түсті желік.

Қалмақтар өз қосына қайтып барып,
Жау сұрын бір-бірінің жаман көріп.
Сарыала туын алып Олжабай ер,
Шақыртып ел-жұртын хабар беріп.

Атқа мінді Олжабай
Қолына жасыл ту алып,
Жауатын күндей сұрланып,
Түсі қашып қуарып,
Алмастан соққан ақ семсер
Заһарға салып суарып.
Қырық жігіт қырланып,
Жасыбай батыр ырғалып,
Асып туған Олжекең
Алтынды садақ — сары жай.
Тайкөк деген тұлпарға
Мінді сонда оңданып.
Батыр туған Олжабай:
«Мәдет ет, — деп, — бір Құдай!» —
Сиынып Жаппар Құдайға.
Жай тасындай жайнатып,
Уаң тұлпарды¹ ойнатып,
Шықты сонда бұрқырай.
— Әмірсанды бергін, — деп, —
Қайратымды көргін, — деп,
Сөйледі қалмақ шамшылдай².

Шідертінің басында,
Күңгірлектің тасында,
Арыстандай ақырып
Олжабай барды сонымен
Қалмақтардың қасына.

¹ Уаң тұлпар /қытай/ — патша тұлпары.

² Шамшыл — ашушаң, жеңіл мінезді.

Садақтың алды астына,
Шоқпар ұрды басына,
Қарсыластың қалың қол,
Дұшпандық деген осы да.
Бір-бірінен қайтыспай
Ақты бір қандар жосыла.
Бақыты зор Олжабай,
Сондайлық тұрса оқ жауып
Тимейді садақ басына.

Қамданып келген қалмақтар
Қайтар емес соғыстан,
Бұлт орнаған таудай боп
Біріне-бірі тоғысқан.
Өлгендердің саны жоқ,
Қызыл қанға шомылып,
Тамаққа тойған сауысқан.
Бетін бұрмас қалмақтар,
Қатты қырып жүрісті
Олжабайдай арыстан!
Ат бауырынан ағышты
Қалмақ, қазақ қандары.
Бір-бірімен салысып,
Жараланған тәңдері.
Он күндей ұдай ұрысып,
Аянбастан қырысып,
Көптігімен қалмақтың
Қазақтың кетті сәндері.
Жара түсіп тәніне,
Өзі сенбей әліне,
Қазақтың кетті әлдері.

Бұл қалмақты жеңе алмай,
Қызығын қашқан көре алмай,
Қанша қазақ қырылып
Жолдасына сене алмай,
Жаратқанға жалынып
Жылады сонда Олжабай:
– Қор қылмағын қалмаққа,
Жаратушы бір Құдай!
Нағашым едің үйсінде,
Қуат бергін, Қаратай!
Өмірде бетің қайтпаған
Жар бола көр, Бөгенбай!
Орта жүзге ұран боп,
Абыройым кетті ме,
Қамдана гөр, Жасыбай!

Қашпаған соң қалмақтар
Олжабай батыр сасыпты.
Шақырып аруақ сиынып,
Көзінің жасын шашыпты.
«Сапарым қабыл болсын», — деп,
Тұйғынкөк деген тұлпарын
Бауыздап қанын шашыпты.
Әптиек¹ айтып Олжабай,
Мінәжат² Хақтан сұрады.
Тайкөктің тартып тартпасын
Толғап мойнын бұрады.
Жасыбайды қасына ап,
Енді қырғын салады.
Бір күн тағы соғысып,
Қалмақ сонда ығады.
Шідертінің басында
Қатты соғыс болады.
Олжабай тартты садақты
Рүстемдей талапты.
Он бір күндей шабылып,
Тайкөк деген тұлпары
Жолбарыстай жарапты.
Қашты қалмақ сол кезде
Ойдағы тастап талапты.
Көш жолымен шұбырып,
Есепсіз қалмақ қырылып,
Баян тауын жанапты.
Қалмақ енді бір сайға
Садақты қардай боратты.
Атысты сайға тығылып,
Оқ тиген жатыр қырылып,
Өзен өрлеп шапқанда,
Қайқайып садақ тартқанда,
Қалмақтың тиіп бір оғы
Жасыбай қалды жығылып.
Астындағы Қоянкөк,
Қайта тұрды сүрініп.
Атының жалын құшақтап
Кейін қайтты Жасыбай

Пірлеріне сиынып.
Жасыбайдан әл кетті,
Жалғыз жүріп Олжабай
Қалмақтарды дендетті.

¹ Әптиек /парсы/ — әліпби мен әбжаттан кейінгі діни оқу, құранның жетіден бір бөлігі.
Діни медреседе өтілетін міндетті пәндердің бірі.

² Мінәжат /араб/ — жалбарыну.

Баян таудың ішінен
Қуып шықты қалмақты,
Қашқан жаудың соңынан
Мылтық оғын зырлатты.
Қалың қазақ бір сергіп,
Қалмақтан иығын босатты.

Шідертінің басынан
Қалмақ қашты құйылып.
Өлген қалды далада
Қорым тастай үйіліп.
Бір сергіді қазақтар,
Дүние тауып сүйініп.

«Қалмаққырған адыр» деп,
Бұл күнге шейін білініп.
«Қалмаққырған» атанды
Сондағы жүрген жерлері —
Баянтаудың көлдері,
Қоңыр асқар белдері.
Қара Ертісті қаптатып,
Қалмақты атқа таптатып,
Бір сын болды қалмаққа
Алтай таудың белдері.
Олжалы болып ұранды ел,
Орта жүздің ерлері.
Алтай таудан әрі асып,
Артын бағып қарасып,
Еліне қайтып жөнелді
Қалмақтың сынып белдері.

Қалмақты таудан асырып,
Дұшпанын елден қашырып,
Өлігі қалды қалмақтың
Бір адырды жасырып.
Оқ жыландай орғытып,
Тайкөк атты Олжабай
Тобылғыдай қатырып.
Орта жүздің ұраны,
Олжабайдың аруағы
Жаһанға кетті шашылып.
Олжекең елге келді қайта айналып,
Ерлігі Орта жүзге болған қанық.
Ел қорыған ерлерге өлшеу бар ма,
Жатыпты күніменен бір дем алып.

Ал тағы бір әңгіме басталады,
Халайық, тыңдаңыздар құлақ салып.

Құба қалмақ тұсында тыным бар ма,
Ерлерді қобалжытқан неше айналып.
Сақау ақын айтады екен бұл сөздерді,
Солардан бізге қалған мирас болып.

Олжабай Орта жүзде ту ұстаған,
Балапан түйғын құстай құныстаған¹.
Қолының қоспасынан оқ тисе де
Ту ұстаған жерінен жылыспаған.

Осындай дәурен кешкен ер Олжабай
Дұшпанын ерегескен ала берген.
Арқаның айдын шалқар даласында
Олжабай ойнап-күліп қызық көрген.

Бітіріп дау-жанжалды жұрт ішінде
Қарамай жақындыққа билік берген.
«Олжабай есен болса, ел аман», — деп,
Абылай осылайша сондай сенген.

Олжабай болған еді шарапатты,
Ел-жұртына көрсетті рақатты.
Жасанып отырады күндіз-түні,
Кермелеп байлап қояр Тайкөк атты.

Жағалап Ертіс бойын қалың қалмақ
Арқада қазақтарды тағы шапты.
Әбілмәмбет еліне қалмақтар кеп
Бір күні байқаусызда қырғын тапты.

Бектері келген сайын елді шауып,
«Ел екен» деп етпепті биттей қауіп.
Сырын деген қалмақтың батыры бар,
Қазақтар қала берген қырғын тауып.
Ел болып ақылдасып, басты қосып,
Бір күні Олжабайға барған шауып.

Атқа мінді Арқадан
Орта жүздің баласы,
Қалмақтан келіп қалың қол
Жыртылған соң жағасы.
Тоғыз күндей соғысып
Келмеген соң шамасы:
«Олжабайға барсақ, — деп, —
Етекке басты салсақ», — деп, —
Келеді жұрттың ағасы.

¹ Құныстанған — «кемеліне келген» деген мағынада.

Қалмақтан жеп таяқты,
 Халқының кетіп мазасы:
 «Орта жүздің ұраны еді,
 Толыбайдың баласы».
 Қос атпенен шапқыншы
 Олжабайға келіп тұр.
 Жайын айтып басынан,
 Көздің жасын төгіп тұр.
 — Бізге қалмақ жау болып,
 Жазаны жұртқа беріп тұр.
 Тілегенің, Олжеке,
 Орта жүздің баласы.
 Алдыңа келген туғанның
 Арызын тыңдап қарашы.
 Елімізді жау шауып,
 Қызыл қанға бояды
 Бұл Ертістің жағасын.
 Сырын деген бір қалмақ
 Бүлдірді келіп жұртыңды.
 Сарыарқаны шаңдатып
 Жылқыға салды қиқуды.
 Күнде келіп шабады,
 Бұзып тұр сөйтіп ұйқыңды.
 Ажыратқын ажалдан
 Қалмақ деген көп халық
 Кетіріп барады сиқымды.
 Айтып тұрған сізге кеп,
 Бұл сөзімде күмән жоқ,
 Тоғыз күндей соғысып,
 Тағалы тайын алмады
 Бәсентин Сырымбет
 «Батыр», «батыр» деуші еді,
 Тыныштықта үні көп.

Олжекем бұл хабарды естіп қанды,
 Орғытып Тайкөк атқа мініп алды.
 Өмірлік жан жолдасы қырық жігіт,
 Дабылдың даусын сонда бір шығарды.
 «Жау шапты елімізді» дегеннен соң,
 Сауытын дулығамен киіп алды.
 «Затсыз қалмақ қайда, — деп, — ел шабатын», —
 Тұлпарды пырылдатып жолға салды.
 Ер мен тұлпар келіссе жер алыс па,
 Ертіске бір күндері келіп қалды.

Қалың найман соғысқан бұдан бұрын,
 Жау алудың білмеген тіпті ығын.

Қалмақтар өз білгенін істеп жатқан,
Қазақтар ұшараған күнде шығын.
Бәсентиін айтады Олжабайға
Қалмақтың әуел-ақыр ішкі сырын:
— Сырын деген батырға кез боп тұрмыз,
Қайратты бір антұрған екен зұлым.

Мен бұған таппай тұрмын ешбір айла,
Көрінсем деп ойлап ем осындайда.
Қалмақтың көптігі сол қарағайдай,
Бекініп бұл Ертісті жатыр сайда.

Естіп білді Олжекең
Қалың найман жауабын.
Дулығаның сыртынан
Баса киді телпегін.
«Қор етпе, — деп, — дұшпанға», —
Пірден медет сұрады.
Белде қылыш найза мен
Жез айыл берен садақ-ты.
Қырық жігіт қырынып,
Етек-жеңін түрініп,
Қалмаққа қойды енді атты.
«Олжабай» деп ұрандап,
Ертістің бойын шаңдатты.
Қарсыласып қалмақпен
Мылтық, садақ зырлатты.

Қалмақ деген зәнталақ¹
Қырық жігітті көрген соң,
Жиылды бұл да анталап.
Екі ғәскер² қосылып,
Қызыл қанға жосылып,

Бірін-бірі паршалап,
Қалмақ-қазақ екеуі
Араласып кетіпті.
Ажалдыға оқ тиіп,
Қазасы сол күні жетіпті.
Тайкөкпенен Олжабай
Суда жүзген жайындай
Қақ жарып ішіне өтіпті.
Мылтықтан түтін тұман боп,
Бірі — айдаһар, біреуі —
Жылан болып кетіпті.

¹ Зәнталақ /парсы/ — арамза, қараниет, оңбаған.

² Ғәскер /араб/ — әскер, қол.

Шоқпарлары күрсілдеп,
Ат тұяғы дүрсілдеп,
Найза, қылыш үні жоқ,
Жарқ-жұрқ етіпті.

Олжабай мен Сырынның
Бір келмеді кездері,
Қызыл қанға толыпты
Батырлардың көздері.
Сайдан ақты қызыл қан,
Қалмақтың өлген жерлері.
Кешке шейін соғысып
Бірін-бірі жеңбеді.
Күн батқан соң соғыстан
Барлығы да тарады.
Барабанын қағады
Жаудағының жауабы.
Өз қосына барған соң
Қазақтарды санады —
Екі жүздей қазақтан
Отыз бопты сол күні
Соғыста өліп қалғаны.
Қалмақтан ешбір хабар жоқ,
Тауып алып өлгенін
Апарып отқа жағады.
Түніменен Олжабай
Қайғыланды қамығып,
Ішпепті тамақ терленіп,
Қалмақтың беті қайтпады.
«Жеңбедім, — деп, — не қылып?
Соғысқанда бұрында
Көрмеп ем, — деп, — тарынып».
Сарғайып таң атқаннан
Қалмақ бейғам жатқанда,
Жөнелді ерің шабынып.
Қарамады Олжабай
Қазақтың қалған қолына.
Тайкөкпен тау асып
Бір сайдың түсті жолына.
Қалмақтың артын айналып,
Бір түссем деп соңына,
Ертiс суын жағалап,
Көп ағашты паналап,
Шықты сөйтіп оңына.
Сары ала туын жайнатып,
Бір кезеңнен Олжабай
Шыға келді тұйғындай

Тайкөк атты ойнатып,
Шақырлап сулық шайнатып,
Шашақты найза қолға алып,
Жұлдыздай көзін жайнатып.
Барабан соғып ұрысқа,
Шығамыз деп қалмақтар
Отырған асын қайнатып.
«Олжабайлап» ұрандап
Қалмаққа тиді сонымен,
Садақ, мылтық зырлатып.
Жер астынан жау шығып,
Босатты қалмақ жосынын.
Сасқалақтап қалмақтар
Етігін басына киеді,
Оң мен солын байқамай
Атқа теріс мінеді.
Қылышым деп садағын
Салбырата іледі.
Сабыры кеткен қалмаққа
Олжабай сөйтіп кіреді.

Асып туған Олжабай
Ойлады сонда айланы.
Шіреніп тартып садақты
Елді аузына қаратты.
Сансып жатқан қалмақты
Жеке жүріп жайғады,
Түске шейін соғысып,
Қазақ та келді болысып.
Қалмақтың кетіп сәндері:
«Болмады, — деп, — жолымыз,
Олжабай болды сорымыз,
Қашып соғыс қылам», — деп,
Бұзылды қалмақ ойлары.
Бір топ қарға ішінде
Бүркіттейін ойнады.
Бестау, Сырым тауынан
Қалмақты қуып асырды.
Бір өзінен зор шығып,
Түсірген соң жасылды.
Бір кезеңнен асқанда
Қия жол жартас шатқалда,
Сонда көрді Олжабай,
Сырын деген асылды.

Сырын менен Олжабай
Қарсыласып алысты,

Қарсы найза салысты.
 Екеуі де атақты ер,
 Бірдей ойлар намысты.
 Бір-бірінің басына
 Шоқпар жатыр ұрылып,
 Бір-бір салып өтеді,
 Қайта айналар бұрылып.
 Олжабай шапты қылышпен,
 Сырын ердің сол кезде
 Бір қолы қалды жұлынып.
 Қашты қалмақ сонан соң
 Атқа қамшы ұрылып.
 Қия жол қалың шатқалда
 Ылдилап төмен шапқанда,
 Жан аямай қашқанда,
 Бір тас қағып тізесін,
 Қалды Сырын жығылып.
 Құтылмасын білген соң,
 Олжабайдан өтініп,
 Қол қусырып Сырын ер
 Құлдық етті иіліп.

— Жан сауға, — деді, — батырым,
 Бар емес пе ақылың?
 Қолға түстім, құлыңмын,
 Байқайын істің ақырын.

Сол жерде Сырын ерді байлап алды,
 Өзінің тұлпарына мықтап таңды.
 Қырғыннан қалған қалмақ көп еңіреп,
 Тоз-тоз болып еліне кетіп қалды.
 Ұрыста көп олжаға қарық болып,
 Қазақтар көп нәрсені пайдаланды.
 Ер жігіт ел-жұртының ырысы ғой,
 Жаудан қорғап және де олжа салды.

Басқа да елде батыр толып жатыр,
 Арада жер мен көктей парқы бар-ды.
 Ерлігін Олжабайдың көзі көріп,
 Бәсентиін Сырым батыр сөз шығарды.

Көп алғыс айтып еді Олжабайға:
 — Бақытты бала туса елге пайда.
 Он күндей біз соғыстық бұл қалмақпен,
 Бітпедік олжаланып жалғыз тайға.
 Олжабай екі күндей араласып,
 Қалмақты қырып бітті жалғыз сайда.

Нағашың Қаратайға тартыпсың-ау,
Ол ер де сұмдық еді осындайда.

Олжабай сөз сөйлейді бәсентиге:
— Оқ тимес ажалсызға жүрсе қайда.
Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз,
Сырым-ау, бұрынғының сөзі қайда?
Беттесе, бірі алмайтын жау бола ма,
Сыр ептесе, бітпейтұғын дау бола ма?
Қас батырдың мінезі қарсы тұру,
Қаймыққан соң дұшпаннан сау қала ма?
Орта жүздің ұраны бола тұрып,
Қалмақтан жеңілгенім жөн бола ма?
Елді қорғап, олжаға бөліспесем,
Ет жегелі келіп пе ем бұл араға?!

Ел-жұрты Олжабайға ризаланды,
Қаншалық дүние алып пайдаланды.
Қашқан қалмақ тамтығы қайтып барып,
Қалдан Шерін ханына сөз шығарды.
— Олжабайдан қорлықты көрдік, — дейді, —
Қолға түсіп Серін ер сонда қалды.
Қалдан Шерін бұл іске қапаланып,
Сонан соң Олжабайға кісі салды.

Қалдан Шерін хат жазды Олжабайға:
«Батырым, еткін, — дейді, — жанға пайда.
Әуелгі қастық етпеске сертім бар еді,
Ұрындым уағдаға осы жайда.

Кемдігімді кешіргін, білімің бар,
Біздің кісі барыпты сіздің сайға.
Сырын ер сіздің қолға түсіп қапты,
Бір сапар ашуыңды бізге байла.

Тартуға Тиынсайын қызымды алғын,
Қырық қыз, қырық жігіт бұған нанғын.
Тоқсан ақ, тоқсан қара ат, бір ақ орда,
Осыны, Олжабай ер, пайдаланғын.
Бәрін де өз қолыма қайтып беріп,
Ашуды ойыңыздан һәм шығарғын».

Осылай Қалдан Шерін хатты берді,
Елшілер Олжабайға бір күн келді.
Сөз жөнін бастан-аяқ естіген соң,
Олжабай барлығын да қабыл көрді.
Сырынды байлауынан босатты да:
«Біз дағы барамыз» уағда берді.

Босанып Сырын батыр кетті жүріп,
 Өлімнен қалғанына шүкір қылып.
 Олжабай қырық жігіт нөкерімен
 Бұлар да сапар етті өңшең күлік.
 Қанша жан қарсы шығып Олжабайға,
 Қалдан Шерін батырдың қадірін біліп.
 Тиынсайын сұлуды бермек болды,
 Ел жиып, бірінші күн тойын қылып.

Олжабай күйеу болып сонда жатты,
 Өткізді ойын-сауық мұхабатты¹.
 Той тарқап, тамашасы біткеннен соң
 Ұзатты Тиынсайын перизатты.
 Қырық қыз, қырық жігіт пен тоқсан қара ат,
 Тағы да тоқсан боз ат сыйға тартты.
 Алты қанат ақ орда бір үйменен
 Олжабай қуанышпен елге қайтты.

Уақытында бақыты асқан ер Олжабай,
 Бақтысын ашқан екен бір Құдайым.
 Орта жүздің ордасы сол уақытта,
 Хан болған Орта жүзге Абылай хан.
 Олжабай мен Абылай арасында
 Бір оқиға болыпты, тағы айтайын:

Абылай хан болыпты заманында,
 Естіген, білген есін аманында.
 Ордаға рұқсатсыз адам келсе,
 Салыпты ұрып-сабап табанына.
 Хан болып, Орта жүзге тұтқа болып,
 Көндірген қалай айтса амалына.
 Алдына келгене жандар «алдиярлап»,
 Болмайды ешкім қарап жамалына.

Хан болған ол Абылай қаһарланып,
 Келмейді маңайына ешбір халық.
 Қаракесек елінде Бошан деген
 Қолында Абылайдың өлгені анық.
 Құдыққа салып қойып өлтіріпті,
 Қатарға ешкім келмес теңдік алып.
 Қолынан сонда жұрттың келері жоқ,
 Ішінен қалған екен қапаланып.

Көп уақыт осыменен күндер өтті,
 Қаздауысты Қазыбек әділетті.

¹ Мұхабат – махаббат.

Бекболат — Қазыбектің бел баласы,
Ол дағы заманында хукім етті.
Бекболаттың баласы Жанатайдан
Айталық бір хадиса болған кепті.

Қадірін Жанатайдың әркім білді,
Айттырмай білер болды ішкі сырды.
Ауылында Абылайдың бір төлеңгіт
Бір күні қыз ұзатып тойын қылды.

Жанатай жүрген жігіт тойды бағып,
Той дегенде тұрады жігіт нағып.
Бозбаланың тұрған жері ойын-сауық,
Бір-бірін сөйлеп тұрған сөзден шалып.
Абылайдың ауылында бір баласын
Басынан түсіріпті бөркін қағып.
«Хан ұлына қара да тиісті», — деп,
Сол жерде бұлар қалған намыстанып.

Жанайдан көрген ісін бастан-аяқ,
Арыз қып Абылайға айтқан барып.
Абылай ашуланып мына сөзге,
Жанайды байлап қойған кісен салып.

Жанайды осылайша байлап салды,
Бұл істен елдің бәрі хабарланды.
Сол жерде барлық мейрам намыстанып,
Алдына Олжабайдың бұлар барды.

— Көрген қорлық бұл болды Абылайдан,
Жазықсыз Жанайыңды ұстап алды.
Хан етіп біз қарадық Абылайға,
Сүйіндік арыз болды Олжабайға.
Жазықсыз Жанайыңды байлап отыр,
Олжеке, етесіз бе бұған айла?
Ауылына барған жанды бүйте берсе,
Абылайдың пайдасы бізге қайда?
Ботақанды сұраусыз жіберіп еді,
Әрқашан қастық етті ғазиз жанға.

Бекболат сырын айтты ерге шағып:
— Тұрамыз бұл қорлыққа біздер неғып?
— Сүйіндік атқа мінсін, — дейді Олжабай, —
Шабам, — деп, — Абылайды! — ашуланып.
Айтқанын Олжабайдың қабыл көріп,
Жеті жүз адам болды даярланып.
Жасыбай Олжабайға сөз айтады:

– Бекболат Абылайға келсін барып,
Абылай адасқаннан қайтар ма екен,
Барған адам қайтады түрін танып.
Олжабай деп айтады: «Өзім барам,
Туымды ұстап қырында жақын тұрам.
Өз лағым өзіме теке болды,
Өзім барып ашуды бір шығарам.

Олжабай жасыл туын қолына алып,
Сол заман жолдас болған қанша халық,
Гүлетіп Сарыарқада сары дала,
Ауылына Абылайдың тұрды барып.
Көтеш ақын дейтұғын бір азамат,
Бұлардың қалай келген туын танып?
«Жанатайды жоқтаған Олжабай» деп,
Сөйледі Абылайға сыр шығарып:
– Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Жақсыны жазығы жоқ неге өлтірдің?
Ботақанша Жанайды байлаймын деп,
Үстіне ақ ордаңның ту келтірдің.
Хан тайса әділеттен қара болар,
Хан басыңа қарадан сөз келтірдің.

Абылай, күйіп кетсін ағаш қалаң,
Бошанға қалай еді жапқан жалаң?
Ботақанша Жанайды байлаймын деп,
Жем болды қарашаға қатын-балаң!

Көтеш ақын айтыпты барлық сөзін,
Абылай адам дейсің мұның өзін.
Олжабай топтан шығып жалғыз өзі
Айтайын Абылайға болған кезін.

Олжабай батырдың Абылайға айтқаны:

Олжабай келіп сөйледі:
– Абылай деген ханым ең,
Бұл Орта жүз ішінде
Лаулап оттай жанып ең,
Батыр да болсаң басында,
Ұлы жүзде үйсіннің
Төле бидің түйесін
Сонда неғып бағып ең?
Жаман тоның үстіңде,
Жалаңбұт неғып қалып ең?!
Орта жүзге хан болып,
Бақ қонып жұртты танып ең.

Қалмақпенен соғысып,
 Қолға түсіп қалғанда
 Ажыратып алып ем.
 Сарттығыңа бақпасаң,
 Жөнімді байқап қалып ең.
 Ботақанды өлтіріп,
 Басына қаза келтіріп,
 Одан бір аман қалып ең.
 Жазықсыз неге байладың
 Бекболаттың баласын?
 Алалықпен ұстама
 Орта жүздің арасын.
 Ерегіссең, Абылай,
 Ордаң түсіп ортаңа
 Олжа болып қалмасын.
 Қатын-балаң жесір боп,
 Сыр бойына сарғайып
 Итше шұбап бармасын!
 Орта жүзде сүйіндік,
 Хан болсаң, Абылай,
 Сеніменен жауласып,
 Көрсетіп тұр қарасын.

Абылай естіп тұрды сөздің түрін,
 Біледі Олжабайдың бұрын сырын.
 — Я, батыр, қателігім кешкін, — дейді, —
 Әгарда¹ айып болса менің мұным.
 Босатып Жанайды да қолға беріп,
 Тарту беріп етіпті қанша сыйын.

Олжабай достықпенен елге қайтқан,
 Олжаға Абылайдан әбден батқан.
 Қазыбектің жиені Едіге би
 Сол жолда Олжабайға бір сөз айтқан:
 — Ұл туса сендей тусын, я, шырағым,
 Абылайдың жоқ еді беті қайтқан.
 Ақиқат көзім көріп айтып тұрмын,
 Бұл дағы сырым емес көзге мақтан.
 Олжабай, бақытың өрлеп аса берсін,
 Төрт ауылдың қорғаны бір ғана сен.
 Ел-жұрты риза болды Олжабайға,
 Жау жеңіп, тигізіп жүр елге пайда.
 Сонымен қалмақ-қазақ атыс-шабыс,
 Өмірін өткізіпті Баянтауда.
 Өзінен қару кетіп қартайғанда

¹ Әгарда — егерде.

Олжабай түсті тағы бір түрлі ойға.
Ел-жұртын барлығында жиып алды,
Сөйледі бастан-аяқ болған халді:
— Бұл Арқа қоныс болмас сіздерге, — деп, —
Халайық, тыңда, — дейді, — оқиғаны.
Жау келер екі жақтан бірдей қысып,
Тұрамыз қалай бағып мал мен жанды?

Ағайын, түсіп тұрмын осы оқиға,
Бұл күнге қызықпаңдар, түбін ойла!
Осы жер түбі бізге қоныс болмас,
Байсынға көшу жақтың қамын ойла.

«Жиделі Байсын» деген жерге барсақ,
Қойға қошқар, бұқа мен айғыр қойма.
Алпамыс батырдың да балалары
Алатау, Жапарменен кеткен сонда.
«Жиделі Байсын» деген жер ағасы,
Айтқанмен ада болмас тамашасы.
Өлмесе адам ұлы айырмайды,
Жүзге бармай тоқтамас ердің жасы.
Бір жылда қой қоздайды екі мәрте,
Осылай деп естідім сөз расы.
Олжабай түсіндіріп айтқаннан соң
Ел-жұрттың түсті сөйтіп ықыласы.
Үш жылда жетеміз деп мойынға алып,
Орта жүз мақұл болды жұрт ағасы.

Байсынға көшпек болды барлық елі,
Олжабай айтқаннан соң асқар белі.
Сонымен тәуекел деп кетті көшіп,
Ішінен қайғырып жүр елдің көбі.
Қимастан ата қоныс туған жерін,
Артында болды солай елдің көзі.
«Ереймен» деген жерге келгенінде
Бір қайғы Олжабайға келген дейді.

Жиылды елі-жұрты жерді жоқтап,
Білместер білгендерді сырттан боқтап.
Бір күні ер Олжабай науқастанып,
Қуығы қалған екен жүрмей тоқтап.

Көшкен ел соныменен тұрып қалды,
Сыртында Ерейменнің малды топтап.
Бұл науқас Олжабайды кетті жеңіп,
Өлеріне ақиқат көңілі сеніп.

«Атқан уақта шыдаған Олжабай ем,
Зәрім жүрмей барады бойды керіп.
Пендеге тағдыр қаза жақын келсе,
Адамзат қалады екен босқа өліп».

Едіге Олжабайды дәпін етті¹,
Ел сонан жай-жайына тарап кетті.
Дүниеге кім жолдас болады дейсің,
Не жүйрік, не шолпандар өліп кетті.

Олжабай жас шағында елін күтті,
Қарауыл атығайды қайын етті.
Сол елді талай елден тәуір көріп,
Өзі өлгенше тым жақсы құрмет етті.

Бірінші қарауылдан алған еді,
Екінші қалмақ қызы Лағбан еді.
Барғанда қарақалпақ елдеріне
Үшінші содан болып қалған еді.
Қырмызы деген қызды Абылай хан
Қырғызға барған жерде алған еді.
Қояныштағай елінде бір батырдың
Қатыны жесір болып қалған еді.
Ол қатын Олжабайға қалап тиіп,
Бес қатын осылайша болған еді.

Айдабол — Олжабайдың арғы атасы,
Сөзімнің бар ма, жоқ па көп қатесі.
Толыбайдың Олжабай бел баласы,
Орман би деп айтады жұрт ағасы.

Дулат би — Олжабайдың бел баласы,
Шоң, Торайғыр тұсында замандасы.
Құлжа деген ағадан Көшет батыр,
Олар да болып өтті елдің басы.
Солардың тұрпағынан Жаяу Мұса,
Осымен аяқталды сөз сарасы.



¹ Дәпін ету /араб/ — жерлеу, арулап қою, көму.

Бірінші мақам

Орындаған: Әдікеев Қазыбек
Ноғаға түсірген: Жекен Махаббат

Жәй

4 Ей, Ха - лық а - қы - ны хат жа - зу - ға қа - лам ал - ған, _____

6 Еш - кім - нен өт - пей тұр - мас мы - на жал - ған. Ор - та жүз - де Сүй - ін - дік ұ - ран - ды ел,

8 Ол - жа - бай қа - та - рын - да ба - тыр бол - ған. Мәш - һүр Жү - сіп жа - зып - ты кі - та - бы - на,

10 Үш - бу сөз та - рих бо - лып біз - ге қал - ған. Са - қау а - қын бел - гі - лі ас - қан жы - рау,

Маз - мү - нын кө - ріп тұ - рып ө - лең қыл - ған.

Екінші мақам

13 Ха - лық - тың қа - тар (л) ас - қан за - ма - нын - да, Тағ - лым а - лып сөй - лей - ін мен де со - дан.

15 Өз - Тәу - ке а - қыл - ды - ның да - на - ла - ры, Үш жүз - дің бір - ге жүр - ген ба - ла - ла - ры.

17 Сыр бой - ын ме - кен ет - кен Ар - қа - ме - нен, Ө - сіп - ті сон - дай бо - лып са - на - ла - ры.

18 Сыр - дың су - ы де - ген мың нұр - дың су - ы,

Қы - зы - ғын көр - ген е - кен со - лар да - ғы.

Үшінші мақам

Қал - мақ - тың сөз - ін е - сі - тіп, Ол - жа - бай ат - қа мі - не - ді. А - ру - ақ ма - ған қон ар деп,

2

26



28 Пі - рі - нен ме - дет ті - ле - ді. Та - й - көк - ті тай - дай ой - на - тып,



31 Тор-көз сау-ыт жай-на-тып. Қо-лы-на ал-ды ың-ғай-лап, Ал-тын-ды са-дақ же-бе-ні.

қайыру



39





Құлсариев Ерта́й (1886-1958) — халық ақыны, жыршы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі аулында туып-өсіп, сонда қайтыс болған. Ол Жетісу өнер мектебінің өкілі болғандықтан, Күсел, Қабан жыраулардан бастау алып, Сүйінбай, Құлмамбет, Жамбыл, Бақтыбай, Бөлтірік т.б. ақындар жеткізген ақындық, жыршылық дәстүрді қатар жалғастырып келді. Өлеңдері түрлі жинақтарда, жергілікті, республикалық газет, журналдарда жарияланды. Ақын отызыншы жылдары Шығыс желісіндегі «Мың бір түн», «Жамшиг патша», «Жамал палуан», «Күлпан палуан», «Мұңлық—Зарлық», «Мекей», «Мәлік», жалпы түркілік «Көрұғлы», төл туындыларымыз «Орта жүз Олжабай батыр», «Арқалық батыр» т.б. жыр, дастандарды өзінше жырлап, халық арасына ауызша таратты. Кейін оларды хатқа түсіріп, еліміздің қолжазбалар қорына өз қолымен тапсырған. Бұл ретте жыршының «Мың бір түннің» 100 оқиғасын алып жырлаған дастандар циклының қолжазбасы бүгінгі күнге дейін қалың оқырманға да, зерттеуші қауымға да белгісіз күйінде мұрағатта жатқанын атап өткен жөн.

Елтәуелсіздігін алғаннан кейін Е. Құлсариев жеткізген «Олжабай батыр», «Арқалық батыр», «Көрұғлы» жырлары «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында, бір топ дастандары ақынның «Жыркеруен» (2004) атты жеке жинағында жарияланды.



Ер Жәнібек.
Суретші Ә. Жақыпбек

ЕР ЖӘНІБЕК

«Ер Жәнібек» — қазақ халқының XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін, ынтымақ-бірлігін суреттейтін, ерлік пен елдікті жырлайтын тарихи туынды. Жырда Жәнібектің батырлық тұлғасы, ел басшысы ретіндегі келбеті кең эпикалық дәстүрге бейнеленеді. Мәселен, оның батырға лайық ат таңдауы, ханның сынынан өтуі, жекпе-жекте ерлік көрсетіп, жаудың бас батырын жеңуі, жауға қатал, елге қамқор болуы, керей тайпасының биі әрі көсемі қызметін атқаруы, есімі ел ұранына айналуы сияқты мотивтер — тайпалық эпос қаһармандарына тән қасиет. Жыршы Олжабайдың көркем образын сол батырлардың бейнесіне сәйкестендіре суреттейді. Қазақ хандығының аумағында Жәнібек ханнан өзге екі Жәнібектің есімі халыққа мәлім. Оның бірі — XVIII ғасырда Әбілхайыр ханның маңында болып, жоңғар шапқыншыларына қарсы азаттық күресте танылған даңқты батыр, әйгілі сардар Жәнібек тархан Қошқарұлы болса, екіншісі — осы Керей Жәнібек Бердәулетұлы.

Жәнібекке байланысты аңыз-әңгімелер алдымен Алтай аймағында (Қазақстан, Ресей, Қытай, Монғолия) қоныстанған қазақтар арасында ауызша айтылып, кейін жыр үлгісіне айналған. Оның алғашқы үлгілері XX ғасырдың басында ғана хатқа түскені байқалады. Атап айтқанда, Керей Жәнібек батырдың бесінші ұрпағы Ыбырай Ботайұлы 1927 жылы туындының бір нұсқасын Тарбағатай өңірінен жазып алып, халық арасына таратқан. Батырдың өміріне байланысты оқиғаларды, деректерді жинастырып, көлемді тарихи жыр жазған ақындардың бірі — белгілі гін қайраткері, ағартушы Ақыт қажы Үлімжіұлы. Батырға қатысты жырдың кейбір нұсқалары ҚХР Шыңжаң өлкесінде шығып тұрған «Мұра» журналында (1989, №2), «Шіңгіл ауданының қисса-дастандары» (1991), «Дастандар» (2011, 1-т.), «Ер Жәнібек» (2006) жинақтарында, ал Қазақстан шеңберінде «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясында (27, 59-т.) және Жәнібек батырдың 300 жылдығына байланысты шыққан «Ер Жәнібек» кітабында жарияланды. Туынды туралы А. Байбосынұлы, Т. Кәкішев, З. Сейітжанов, Ш. Құмарұлы, Ж. Шәкенұлы, Н. Нәбиолла т.б. зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың аталған екі нұсқасының басылым үлгілері салғастырылып, текстологиялық тұрғыда зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде көлемі ауқымды, тілі шұрайлы Ыбырай Ботайұлы нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Жыр мәтіні «Алтай аясы» журналынан алынды (1989, №2).



«Я, Алла, тілегімді бере көр!» – деп,
Осы іс тоқтатпады ойды кернеп.
Жарандар, құлақ салып аңдасаңдар,
Жазбақпын Жәнекемнен қалам тербеп.

Керейдің бәйбішесі – Абақ апам,
Айтпақпын бұтағыңды санап, апам.
Ұрпағың «Он екі абақ» болып өсті,
Берген соң ақ батасын қалап апам.

Керейдің бел баласы Жаубасар-ды,
Білмеген ататегін алжасады.
Баласы кемеңгер би – Майқы болып,
Немере – Алдаберді жалғасады.

Баласы Алдаберді – Бағаналы,
Бастадық ата тегін санағалы.
Екінші ұлы болып Байлау туып,
Еркелеп әкесіне жағалады.

Байлаудан туған екен Бердішора,
Жантекей одан туған құтты бала.
Ұрпағы үш Жантекей болып өсті,
Бақ қонып, қыдыр дарып шаңырағына.
Сүйіншәлі, Сүйіндік пен Сүйінбайды
Деп айтады «Үш жәнтекей» осыларды.
Қысқартып айтпақ болсам арғы жағын,
Абақтың бірі болып қосылады.

Ішінде жантекейдің сүйіндік біз,
Бастан-ақ ел қамын жеп күйіндік біз.
Қалеке, Алты деген екі ұлы боп
Көркейіп ел көзіне көріндік біз.

Құлмамбет Қалекеден жалғыз болып,
Нағашы жаққа кеткен бір ел болып.
Сонымен араласпай кете берді,
Өндірқан, Бұлан қалған, басқасы өліп.

Алтының кіндігінен он бес ұлы,
Бейне бір жеткендей еді көкке қолы.
Жанына он төрт отау қатар тігіп,
Құлпырған масатыдай оң мен солы.

Заман еді ол кездері ел шабысқан,
Тайынар қандай адам мол табыстан?

«Алтының ақ жылқысы-ай» деп атанған
Бар еді бірнеше мың жер қайысқан.

Ел көшті жұма күні мекеніне,
Көз жетпес ертеңінің не екеніне.
Ұлы апам көшпей қойды шомбал¹ үшін,
Амал не, өзіне-өзі өкіне ме?

Ел айтты: «Сенбіге қалмаңыз, — деп, —
Ел қонбай, бел шешіп дем алмаңыз, — деп. —
«Жау бар ғой жар астыңда» деген қайда,
Бұл сөзді құлақ салып, аңдаңыз, — деп.

Ел айтты: «Бұл айтылған салсын толғау,
Жөн болар жұртшылықтың сөзін қолдау.
Деген бар «жарылғанды жау алады»,
Қашан да сау қоймайтын торыған жау».

Ел айтты: «Қауіп-қатер жақын, — деді, —
Білсеңіз біздің айтқан ақыл», — деді.
Өлаят апамызды көндіре алмай,
Баласы Алты дағы: «Мақұл», — деді.

Ел-жұрты үш қайтара айтты ақыл,
Шықпады апамыздан әсте мақұл.
Еру боп жайбарақат жата берді,
Бір ауыл осылайша қалды қапыл.

Кірмеді құлағына елдің сөзі,
Шелденіп түк көрмеді екі көзі.
Асқақтық пендесіне пайда бермес,
Артықша сеніп кетті өзіне-өзі.

Адамға не келтірмес күпіршілік,
Ондайда жан табылмас есіркелік.
Көз көріп, құлақ естіп жолықпаған
Тап болдық зобалаңға түршігерлік.

Осылайша еру қалды шет-қиырда,
Тұрмады айтқан ақыл бір тиынға.
Ойында дәнеме жоқ жатты бұлар,
Жау шапты таңға жақын тұтқиылда.

Ел дағы алыс емес, таяуда еді,
Бұлардың қарекеті баяу еді.

¹ Шомбал /диалек./ — өкпе, наз

Тым құрыса елге хабар бере алмады,
Лажы жоқ, бәрі атсыз жаяу еді.

Сайланып келген еді жаулар тағы,
Алысты жанталасып бұлар дағы.
Құр қолмен тырп ете алмай қапы қалды,
Не өндірмек, қансырап кеп құлар дағы.

Бар ауыл қан сасыды өлгендермен,
Өш алмай арманда өтті келгендерден.
Қан жұтып қалды қауым қапияда,
Не пайда шығар дейсің күңіренгеннен?

Ауыл еді шөберелі толықсыған,
Кезінде бұларды кім олқысынған.
Қалмады еркек кіндік бала дағы,
Бас кетті, байлық кетті бұлықсыған.

Қалмақтар үсті-үстіне шаба берді,
Төрт түлік малды тегіс ала берді.
Ит ұлып, бала жылап, зар-зар болып,
Аңырап бүкіл ауыл қала берді.

Ол кезде елге қақпан құрулы еді,
Жау жақтың құлағы да түрулі еді.
Елменен бірге көшсе дәнеме жоқ,
Қалмақтар ала алмас еді ерулі елді.

Көрші де, қолаңы да сау қалмады,
Бұл ауылда еркектен жан қалмады.
Жемсіреп екі көзі қанданған жау
Алдына жолыққанды құр қоймады.

Есназар жоқ қарауға кеткен еді,
Ізімен барған жерге жеткен еді.
Жазмышта су ішері болғаннан соң
Құдайым оған шапағат еткен еді.

Дүние-ай, мынау қандай жалған еді,
Жөргекте жылап Сары қалған еді.
Жасырып жер ошаққа бір жеңгесі
Қатерден аман сақтап қалған еді.

Осылай қалды екі ұрпақ әрең зорға,
Есназар, Сары аман қалды осында.
Құдайға шүкірлік етеміз біз,
Қалғаны ұрпақтықтың үлкен олжа.

Есназарға келеді енді аялдау,
 Ауылдың басы, міне, өзі болды-ау.
 Тұңғышы Базарбайдан төмен қарай —
 Байқасқа, Бұқарбай мен Күнту, Жайлау.

Алтының Сары еді сүт кенжесі,
 Айырылған әкесінен жетпей есі.
 Бердәулет, Кердәулетпен екі ұл тапты,
 Ала алмай қалмақтарда кетті кегі.

Бердәулет өткенді ойлап қайрандаған:
 «Келсе, — дейді, — толықсыған қайран заман!»
 Қайғымен ауыл тозып жүргенінде
 Көрінді бір саңылау армандаған.

Шаше апам¹ жерік болған бөрі етіне,
 Ырымдап арта түсті үміті де.
 Ұстатып бөрі етін жеп, мауқын басып,
 Сымбаты құп жарасқан келбетіне.

Ұл туды жұрт қызығып қарасқандай,
 Денесі тал шынармен таласқандай.
 Жоталы, тұтас мойын, кең жауырын,
 Бітіпті сом иықпен жарасқандай.

Мықынды, биік кеуде, бұлан сынды,
 Жалы бар арқасында құлан сынды.
 Шынтақты, бұлшық етті қос білегі,
 Топшысын жайған ашкөз қыран сынды.

Балтырлы, жіліншікті, қасы шалғай,
 Ат жақты, шара көзді, жазық маңдай.
 Сабаздай жай қозғалып тыныш жатыр,
 Көрген жан мүсініне таңғалғандай.

— Екенін Шақшақ Жәнібек біліп ек, — деп, —
 Келгенін осы жаққа көріп ек, — деп,
 Жұрт айтты: «Ат қойғызып, батасын ал,
 Киелі жан екенін сезіп ек», — деп.
 Бұл сөзбен іздеп келіп жөнін айтты:
 — Алғалы батаңызды келіп ек, — деп. —
 Бердәулет бастап келіп өз үйіне,
 Ырымдап зор тілекке жүріп ек, — деп. —

¹ Жәнібектің анасының шашы ұзын болғандықтан, руластары «Шаше ене», «Шаше апа» деп атаған.

Сынаңыз да балаға ат қойыңыз,
 Атыңа ықыласыңызды беріп ек, — деп.
 Бөбекті қолына алды Жәнібек қарт:
 — Жиенге ат қоятын жөнім-ақ, — деп. —

Мүшесі толық екен айтағасын,
 Түр екен батырлыққа келіп-ақ, — деп. —
 Бесігін көргенімде көңілім толды,
 Қояйын өз атымды Жәнібек деп.

Басқаға атын атап боқтатпаңдар,
 Ер жетсе алған бетінен тоқтатпаңдар.
 Берейін шын ықылас батамды мен,
 Халайық, қолың жайып, ал, құптаңдар:

— Керей деген елің көп,
 Ел айналар шешен бол.
 Шалғайда-шалғай жерің көп,
 Иелеуге көшер бол.
 Бұзатын қамал шебің көп,
 Ақыл тауып шешер бол.
 Жағаласар жауың көп,
 Жауға шапсаң, есер бол.
 Ел ішінде дауың көп,
 Жұрт алдында көсем бол.
 Жабылған жауды жапырып,
 Шайқасқанда есен бол.
 Жекеге шықсаң желденіп,
 Жауыңның басын кесер бол.
 Долданғанда тоқтамас
 Сіркіреп жауған нөсер бол.
 Ер топтайтын,
 Ел жоқтайтын,
 Жұрт құптайтын,
 Белдескенді жығатын,
 Алып жерге ұратын,
 Тізерлеп басып тұратын
 Азулы сырттан өсер бол!

Халайық бұл батаға: «Әумин! — деді, —
 Баланың оңғара көр жолын, — деді. —
 Дарытып қарияның батырлығын,
 Қайратын асыра көр мығым», — деді.
 Баланың туудан-ақ даңқы асқан,
 Шығады жақұт-меруерт асыл тастан.
 Жаратқан рақметін жаудырған соң,
 Көк бөрі қонып еді бала жастан.

Бесіктен белі шықпай «аттанды» естіп,
Осындай заманда өскен тайталасқан.
Жәнібек он екіге келгенінде
Ереуіл зор шайқасқа араласқан.

Жәнекең осылайша атқа мінген,
Уақтан Бармақ батыр қасына ерген.
Жайқалтып көк дөненмен жүргенінде
Барша жан таңғалысты көзі көрген.

Шын құрыш шыңдалмай ма шой балғада,
Жігітке сын дайын ғой осындайда.
Сынауын атқарған соң разы болды
Қазақтың батыр ханы Абылай да.

Жұрт көрді жалындаған мына жасты,
Өлімнен қорықпайды тігіп басты.
Абылай өзі бастық зор шайқасқа,
Жәнібек тұңғыш рет араласты.

Қайтармақ ата-бабам кеткен қанын,
Түспекші қан майданға арыстаным.
Қатпаған бұғанасы жас болса да
Айқаспақ жауыменен тігіп жанын.

Жәнекең жаудың алды жекпе-жекін,
Кетпеді ата-бабам қаны тегін.
Асқынған Садыр сұмды қанға бояп,
Дәриға-ай, қайтты алғаш кеткен кегім.

«Майдан!» — деп Ер Жәнібек айғайлайды,
Көрген жан айбатына қайрандайды.
Шыға алмай жекпе-жекке қарсы жағы
Сеңделіп жеңілген қол «пай-пайлайды».

Қалмақ жақ барады енді тұрыстықты,
Жуасып тастады олар қырыстықты.
Сайланып келген қолды бас идіріп,
Алғашқы ерлігімен аты шықты.

Жеткені қалың қопа талды екен,
Бұл күнге Тәңірім қалай салды екен.
Оқ тиіп Ақтаңгерге хан Абылай,
Қалайша атсыз жаяу қалды екен.

Құтқару Абылайды тырнақалды,
Жәнібек бұл сайыста қунап алды.

Есе алып қан майданда бергеннен соң,
Қазақ жақ жеңіс тауып жырғап қалды.

Бар қауым Жәнібекке алғыс айтты,
Жеңіспен кейінгі елге қайта қайтты.
«Ту алып, сарбаз ұстап, таңба алсын!» — деп,
Абылай дабыралы жарлық айтты.

Абылай оң тізеден орын берді,
Керейді «үлкен ел» деп мөрін берді.
Жәкеңді қолбасыға бекітті де
Сандаған сайыпқыран қолын берді.

Жәнібек батыр еді елден ерек,
Кезінен бұл керейге болған тірек.
Ел еркі, ер намысын әперем, — деп,
Әр жақпен сайысқан еді табан тіреп.

Бұл сөздің сыры жатыр арт жағында,
Өмірдің нелер жатпас қатпарында.
Кикілжің болып тұрды қазақ іші
Қалмақпен үлкен сайыс астарында.

Қалмақтар кезек соғып екі жағын,
Кереймен қырғиқабақ тобықты арғын.
Арасы керей, найман егес болып,
Көресің бұл пәленің қоздағанын.

Керейлер жеңіледі найман жақтан,
Өзі еді әуел баста тыныш жатқан.
Үш қыз бен отыз қаймал¹, үш жүз байтал,
«Үш кесек» айып еді бұл жығылған.

Басылмай бұл жаңқышақ² сызат алған,
Шықпады кейбіреулер ғибрат алған.
Найманның ішіндегі бір бөлегі
Әр жылы санат құрып бұны алған.

— Япыр-ау, осылайша асқақтай ма,
Қағатын кеудесіне жан шықпай ма?
Ел болып бір жағадан бас шығарып,
Қылығын мынау өрескел тастатпай ма?

Бола ма осылайша зорлағаны,
Емес пе бұл қылығы қорлағаны?

¹ Қаймал — жас ұрғашы түйе, інген.

² Жаңқышақ /диалек./ — жанжал, дау-дамай.

Туысын қас жауындай көргені ме? —
Деп айтып жас Жәнібек долданады.

— Үй тігетін жабылып,
Зыр жүгіріп қабынып,
Қыз бен қаймал, байталды
Дайындайын сабылып.
Ағайынға не қылдық,
Елде жоқ бастап ырымды,
Қыздан кесіп бұрымды,
Әңгіртаяқ үйіріп,
Қайдан келген жырынды,
Мынасы қай қылығы?

Бұйдасын кесіп қаймалдың,
Құйрығын кесіп байталдың,
Сұғыңды қадап, ағайын,
Жаудай неге сайландың?

Алғанбысың кәнігіп,
Үштеп салық салатын,
Күштеп қырына алатын,
Қайда кеткен кіндікқан
Оқыранып табатын?
Кетеміз бе жауығып?

Ол деді: «Не үшін бізді ел демеді,
Кимелеп оған ешкім кел демеді.
Алты арыс туысқан ек Орта жүз боп,
Елдессең қадір тұту жөн келеді.

Ағайын, айтпақшымын зардабын мен,
Тамшыдан асқынғанда сел келеді.
Сен болсаң тоғыз таңба, мен он екі,
Терезем қай жақтан да тең келеді».

Жәнібек осыны айтып ашуланды,
Екі қас көзін жауып қатуланды.
— Кәріме мен де міндім, нар тәуекел! —
Деп ашуы осылай басымдалды.

— Осыдан кетпекпіз бе болып телім,
Халқым-ау, аңғарсаңшы, мынасы өлім!
Шаш кескен бас кескеннің баламасы, —
Деп кесті тымақтарының төбелерін.

— Құйрық-жал кескенің ғой аяғымды,
Кесейін мен де сенің балағыңды.

Астырып үш үйіңе бір қазанды,
Осылай тарттырамын табағыңды.

Бұйданы кескендігің — белді кескен,
Болмай ма «жұртта қал» деп ерегескен.
Етегін шапандарының кесіп алып,
Деп айтты: «Осы болсын «үшті кескен».

Бұл зәурен¹ өтіп жатты ерегеспен,
Бұл жөнінде ел ішінде не деспеген.
Табағы екі жақтың тең тартылып,
Қалмақтар ырғындады бұл егестен.

Бұл кесік жалғасқан еді ұзын заман,
Кейінгі ұрпақтарға арты жаман.
Құтқуарлап² көп сұраудан не шығады,
Бәрінен болсын күллі қазақ аман.

Кей істер заман өте болады жат,
Сөйтсе де көңілімізде қалар сызат.
Қалдырам тәрбие етіп өкінішті,
Кейінгі ұрпақтар алсын ғибрат.

Абылай қормал еді берекелі,
Тоқтатты арадағы әрекені.
Топтады бүкіл қазақ сахарасын,
Хан екен зиыныңа³ бәрекелді!

Ол кезде шабындылық заман еді,
Қашан бір ел іргесі аман еді?
Бел шешпей, ат жібермей сай тұратын,
Қан жұтқан қазақ күні қараң еді.

Абылай қолды бастап жүрмек болды,
Ілесіп барлық батыр ермек болды.
Шешуші шонжар сайыс басталмақшы,
Бұл өзі ел сабылтқан дүрмек болды.

Қалмақшы қазақ-қалмақ бір алысып,
Ежелден келген еді сыр алысып.
Екі қол бір-біріне таяу келді
Көрінбей алды-арты жер қайысып.

¹ Зәурен /диалек./ — дәурен, өмір.

² Құтқуарлап сұрау /диалек./ — ізіне түсіп, түбін қазып сұрау.

³ Зиын — зейін.

Қалмақтан батыр шықты қан майданға,
Айбаты жаннан бөлек көрген жанға.
Барғанды шілше бұрап тастайды ол,
Сірә да тояр емес қызыл қанға.

Барыстай гүрілдейді Серін қалмақ,
Қазақтан батырлардың зорын алмақ.
Басшыдан қазақ қолын «тұржағұн»¹ қып,
Дәмесі осылайша орындалмақ.

Танытып батырлығын дүйім көпке:
«Келсін, – деп, – шайқасатын шығып шетке!» –
Қазақтап, янаттап боқтаса да
Шығатын жан болмады жекпе-жекке.

Қазақ жақ мұны көріп сасады енді,
Серіннің салауаты асады енді.
Білдірмей қол ішінде кейбір қорқақ
Жылыстап, жан сауғалап қашады енді.

Қысылып Абылай да тер басады,
Ол дағы жөнін болжап бек сасады.
Теңселіп қазақ қолы кетті түгел:
«Ойпыр-ай, бұл жендеттен кім асады?»

Жасақтар: «Келді біреу, көрдім, – дейді, –
Жәнібек болмаса егер бұл кім?» – дейді.
Тұрғанда есі шығып қазақ қолы
Білгендей дереу жетіп келді дейді.

Мінгені бұл қалмақтың сандал екен,
Айдарын әсем өріп алған екен.
Қарсы келген Жәнібекті көзге ілмей,
Асқақтап, елеуреп болған екен.

Жәнібек бұны көріп буырқанды,
Найзаны қаратамақ қолына алды.
Бөрісі ұстаған соң батырым-ай,
Айғайлап зор дауыспен ұран салды.

Екені Жәнібектің айқын болды,
Сайысы екі батыр жойқын болды.
Астына мінген атын хан Абылай
Бата қып сол майданда айтып сойды.

¹ Тұржағұн – мәтінде «тып-типыл» деген мығынаны береді.

«Қазақтап», «абақтап» кеп айқасады,
Өзара екі батыр байқасады.
Өшіккен қан майданда екі алып
Бурадай зіркіреп кеп шайқасады.

Аңырып тұрсын ба олар арыс салмай,
Бірінен-бірі өктем қалыса алмай.
Дәт қылмай ұмтылысты көре салып,
Жүргендей сағынысып көрісе алмай.

Аттар да әлсін-әлі тайқып кетсе,
Қалады батырлар да жанаса алмай.
Шошынып жақын келмей үркеді олар,
Осқырып, қарғып кетіп қабыса алмай.

Жұлқынып, арпалысып, айқасса да
Ебдейлі жерін тауып қағыса алмай,
Найзаны үйіріп кеп сілтеседі,
Әлі де қоян-қолтық алыса алмай.

Тістері шықырлайды бурадайын,
Бір-бірін ақ жарғы қып жарыса алмай.
Көздері тұнып кетті айғырдайын,
Найзаны қызыл қанға жаныса алмай.

Маңайын қопа қылды бұқадайын,
Тұрғандай кең алқапқа сиыса алмай.
Айғайлап найзаны кеп салысса да
Балуандай ебін тауып, шалыса алмай.

Кей-кейде еңкейеді ауа жаздап,
Байыздап ер үстінде тұрыса алмай.
Қаққанда тайып кетеді қайта-қайта,
Найзаны нықтап, дәлдеп соғыса алмай.

Қан майдан ойран-асыр, шаң-топырақ,
Айдаһар құйрығымен сабағандай,
Ішінен шаң-тозаңның дамыл алмай
Найзадан от жарқылдар нажағайдай.

Найзалар шақыр-шұқыр қағысқанда
Болады құзардан тас құлағандай.
Тоқымдар сартылдайды тебінгіде,
Тулақта қатындар жүн сабағандай.

Түгілген жерді көрсең таң қаласың,
Қазылып жерошақтай қалғанындай.

Бұрқырап маңайында боран гулейді,
Түнеріп қара дауыл соққанындай.

Түседі ат қапталына анда-санда,
Найзаны бір-біріне салғанында,
Адамды бұрай салу оңай емес
Қарымы білектердің талғанында.

Еріндер кеберсиді, шөліркейді,
Болмаса бір қалақ су ұрттаса алмай.
Ат шаршап, өздері де діңкеледі,
Жүрген жоқ күштерімен таныса алмай.

Найзаны қайыра кеп басысқанда
Аттары бүгіледі шыдаса алмай.
Дірілдеп аяқтары тала береді,
Ақ көбік олар дағы тыныс алмай.

Тең келді екі батыр күш-қайратта,
Аянып жүргені жоқ ұрыса алмай.
Қарманып қанша қайла істесе де
Найзаны деген жерге салыса алмай.

Алыс қызып барады барған сайын,
Көздерін көздерінен бұрыса алмай.
Бір кезде көзі шалды Жәнекемнің
Жүргенде деген жерге барыса алмай.

Бауы үзіліп түйменің кетті бірі,
Қала ма ажал келсе пенде тірі?!
«Бәлемнің талмау жері осы ғой», — деп,
Жәнібек найза салды ұстап пірі.

Сонымен қанға батты қалмақ батыр,
Дөңбекшіп жан үзе алмай жерде жатыр.
Қолы қан, аузы боқтық бұл мықтыдан
Есені осылайша алды ақыр.

Айдардан ұстап, кесіп басын алды,
Мойнында «батыр» деген тасын алды.
Алдына шауып келіп Абылайдың
Қазандай басын әкеп тастай салды.

Бар қауым Жәнібекке таңданады,
Жау жағы жапырылып таңғалады.
Оларға жеңілгенін мойындатып,
Осылай бұл майданда оңғарады.

Әзәзіл арадағы жанасады,
Жыландай жеті оралып жармасады.
Болған соң қанды қырғын ел өшігіп
Зор шайқас арт-артынан жалғасады.

Тоқтамай қазақ-қалмақ жүр арбасып,
Айтпаймын көпірме сөз жаза басып.
Қабанбай, Бөгенбайлар жасанған соң,
Жәнібек шыққан екен орнын басып.

Салмақшы қалмақтар да күш-зорлыққа,
Қазақ та шыдамады бұл қорлыққа.
Жәнібек қазақ қолын бастағанда
Есе алған он екі рет зор жорықта.

Атағы Жәнібектің жел ескендей,
Жауынан жерге тықты егескенді.
Қол бастап, айбат шегіп жүргенінде
Болмады оған ешкім теңескендей.

Өзі еді ерен шешен, ерен батыр,
Бұның да айтылатын сыры жатыр.
Топта тіл, шайқастарда қару жұмсап,
Екеуін тең істеткен бастан-ақыр.

Шешендік, шынын айтсақ, нақыл еді,
Аузынан шығатыны ақыл еді.
Айшықтап, мысал алып сөйлегенде
Ел-жұрты айтқанына мақұл еді.

Қазыбек шешен еді «ағалаған»,
Жәнекең өнеге алып жағалаған.
«Бұл кезде шешендіктен жан өтпес», — деп,
Қазекең Жәнібекті бағалаған.

Жұрт сүйген адам еді ғаламатты,
Кішіпейіл, мейірімді, қасиетті.
Мал жиып, дәулет топтап көрген емес,
Аруақты жан болғанмен салауатты.

Жау десе, қаны қайнап тасушы еді,
Аптығын алысқанның басушы еді.
Соғыста ерен ерлік көрсетсе де
Олжадан бойын алып қашушы еді.

Ақкөңіл, ашық-жарқын адам еді,
Мінездің жақсылығы содан еді.

Мұң-мұқтаж, жарлыларға болысқан соң,
Адамдар жанасатын оған енді.

Жан еді ойламды да, толғамды да,
Болмайтын өзін бұлдау сірә да онда.
Кәделі қиын істер жолыққанда
Абылай сынайтұғын әрқашан да.

Абылай сенуші еді Жәнібекке,
Сондықтан кеңесетін әр кезекте.
Қорытып әрі-бері толғанып кеп
Жәкеңді салмақ болды бір керекке.

Абылай көп ойланды кеңшілікте,
(Таңдауы Жәнібекті кемшілік пе?)
«Қолына қазақ халқы қарасақ», — деп,
Жіберді Ежен ханға елшілікке.

Басшы қып Жәнібекті белгіледі,
Бұл сырды орда ішінде әйгіледі.
Қосады нәсілінен алты адам,
Бармақшы өкіл болып әлгілері.

Еженге хатты апарып тапсырады,
Қуанып қабағы оның ашылады.
Жәнекең жай-жапсарды талдап айтып,
Аруағын Абылайдың асырады.

Хан деді Жәнекеңді қабыл алып:
— Бірінші — алынбайды алман-салық,
Екінші — тату-тәтті жақын отыр.
Үшінші — бұзылмайды осы жарлық.

Жәнекем Ежен ханға болды разы,
Жол жүрді жарым жылдай қысы-жазы.
Жұмыстың сәті оңға беттеген соң,
Білінбеді арадағы жол азабы.

Сәлемін Ежен ханның айтып келді,
Жолдаған сауғат-тартуын артып келді.
Тоқтатып Абылайдың барар жолын
Табыспен Ер Жәнібек қайтып келді.

Мұнымен тоқтап тұрсын осы табыс,
Тоқырау азаматқа болар намыс.
Естіген, ұққанымды жасырмастан
Абақтан сөз бастайын құлаққағыс.

Шашылған керей елі бұдан бұрын,
Мұң-зары асқынған еді анағұрлым.
«Ақтабан шұбырынды» кесірінен,
Бір мезгіл мекендеген Сырдың бойын.

«Сырғауыл Сыр бойынан мен бұтайын,
Бал берсең тәтті аузыңмен мен жұтайын...»
Осы өлең естелік боп қалған жоқ па,
Жарандар, бұны қайтіп ұмытайын?!

Жанекем көп ойланып-толғанады,
Тарихтан көп мысалды ойланады.
Еселі, сыбағалы ел етпек боп,
Жұмысын бұл керейдің қолға алады.

Жинады он екісін Ер Жәнібек:
— Бас құрап жиналалық, — дер Жәнібек.
Елбасын жиып алып ақыл салды:
— Андыздап босқын жүру неге керек?

Мыңғырған он екі ру ел болыппыз,
Адамның мүшесіндей тел болыппыз.
Он екі мүшедей боп жаралсақ та
Өткенде біріге алмай жер болыппыз.
Тарихта хан да шыққан, батыр шыққан,
Ойлаңдар, біздер кімнен кем болыппыз?

Он екіміз он екі ай болғанымыз,
Қосылсақ бір жылға дәл толғанымыз.
Аяғы, тілі шығып бір жасында
Бәбек те бой жазады, ойланыңыз.
Ел болып, тіршілік қып, бас құралық,
Бір жерден шықсын солай толғамымыз.

Он екің бірден қоссам мүшел болар,
Өткен күн енді еске түсер болар.
Мүшелге толған жігіт болып тұрып,
Қозғалмай босқа жатсаң кесір шығар.
Жұм болып бүкіл абақ қосыла алсақ,
Ортадан нелер алып есіл шығар.

Аспанда Темірқазық көресің бе,
Емес қой ол да жалғыз, сенесің бе?
«Қарақшы», «Ақбозат», «Көкбозат», «Екі арқан» —
Он екі осыменен білесің бе?
Тұрыңдар табан тіреп қазықтай боп,
Мойныңа артылған несібең де.

Айбатпен Қарқарадай тұр басында,
Он екі сала мүйіз бір басында.
Бұғының мүйізіндей шоқтай болып,
Он екің топталып бір кел қасыма.
Өлгенде басын жерге салмаушы еді,
Жігерді үйреніңдер осыдан да.

Озальық шын жүйріктей жарыстағы,
Топтансаң қолға келер алыстағы.
Өрбітіп әрі асыл, әрі алып,
Бір туар он екі жыл барыс тағы.
Жүлдені басқа жаққа жібермейтін
Болайық біз жолбарыс арыстағы.

Болалық жүк көтерер қара нардай,
Берсеңші сондай қуат, Құдайым-ай!
«Шөлге де, аштыққа да шыдаймын», — деп,
Құрсақта он екі ай жатқанын-ай.
Тым құрыса осындай да болмаймыз ба,
Тобыңа тәмсіл қылып айтқаным-ай.

Бар еді мұсылманда он екі имам,
Бұрын-соң осылардың бәрі болған.
Он екің осылардай адал болсаң,
Жар болар жаратқан бір Қадыр Аллам.
Басыңа іс түскенде жұп-жұмыр боп,
Он екің жұбың жазбай таста қадам.

Түс жору он екі деп болған аңыз,
Ертеден көп тараған осы уағыз.
Ұқыптап ойлап көрсең осыдан да
Біздерге пайдаланар шықпақ маңыз.
Он екің енді ұйықтап жата берме,
Түс емес бітіргенің болсын нағыз.

Жасымда жүрдім алыс кісі елінде,
Жігіттің адам болар кісесінде.
«Әркімге өз елі Мысыр шәрі», —
Бұл жайлы ойланғаным әлі есімде.
Аруағы он екі абақ қолдаған соң,
Аттандым он екі жас мүшелімде.

Адамның кім сүйеді қатағанын,
Жұрт сүйер жанасымды жатағанын.
Шашылған абақ елін жимақ болып,
Есіме осы оралып жата алмадым.

Он екі зор жорықта жүлде алдым,
Он екіге бірден болсын атағаным!

Ең басы жүген, тізгін, шылбыр, ноқта,
Құйысқан, өмілдірік осы топта,
Қанжыға, тоқым, айыл, үзеңгі, ішпек,
Ерменен бұл он екі болған жоқ па?!
Ат тұрманы толық болған азаматтай
Сақадай сай тұрыңдар зор жорықта.

Осымен болды, міне, дәл он екі,
Ел үшін бәрін атау ердің серті.
Ер бастап жойқын жұмыс істер болса,
Болмай ма, ойланыңдар, елдің көркі?
Он екі сұрақ қойдым алдарыңа,
Қайтпекші азаматтар, өзі еркі.

Тындырар қандай істі қабыл дене,
Жыл толып уақытта келмеді ме.
Ұзын жыл сұлық жаттық қарекетсіз,
Ал, қамдан, қарап жаттық енді неге?!
Мүшелге жеткен толық азаматпыз, —
Деді ол, — он екі абақ, ұмтыл қане!

Және кең мысалдарды көптеп алды,
Естірмен мұны ұғып қайран қалды.
Қайласы, ақылы мол ардагерің,
Осылай жиып топты ойға салды.
Ел-жұртына сөзі бал, тілі тәтті,
Жауына қара боран ділі қатты.
Тұнжырап кеткен екен жарықтығым,
Тебіреніп жиын топқа мынаны айтты:

— Мына жақта орыс бар,
Қызыңды берсең, қоныс бар,
Ағайындар, біліп қал!
Мына жақта қалмақ бар,
Басыңды кесіп алмақ бар,
Барлықтарың есіңе ал!

Мына жақта қырғыз бар,
Жүрегінде бір мұз бар,
Бұны дағы біліп қал!
Мына жақта қытай бар,
Ырысы бар, құты бар,
Ұзын етек, кең қолтық,
Осы жағын ойлап қал!

Тобына осыны айтып сөз тастады:
– Сараптап, салмақтандар, – деп бастады.
– Аузыңа дұға біткен батырым-ай,
Дұрыс, – деп кейінгісін жұрт қостады.

– Бұл сөзім қураған бір емес жалған,
Айтпасам көңілімде кетер арман.
Артыңнан ердік, міне, өзің баста, –
Деп жиын осылайша қаулы алған.

Зейінді, ақылы мол, көшелі еді,
Жәнекем бұл түйінді шешеді енді.
Бұрынғы атамекен құтты Алтайға
Керейді өзі бастап көшеді енді.

Осымен керей елі кенеледі,
Ел болып жұрт көзіне еленеді.
Ту алған ірі ел боп саналған соң,
Бақыт та, кісілік те келеді енді.

Жер еді дегенменен сыр алмаған,
Ел әлі бой көрсетіп сыналмаған.
Дәрбіт пен торғауыттың арасында
Жәнекем әсте бейқам тұра алмаған.

Арманы көкейкесті еркін қоймай
Жәнекең абыржиды елін ойлай.
Егер де төресі жоқ жата берсе,
Елдікке саналмайды, салт осылай.

Сондықтан ел шақырып кеңеседі,
Тыңдаңдар бұл кеңесті не деседі.
«Төресіз ел болмайды, төбесіз жер»,
Бір төре алысуға келіседі.

Сонымен бастық сайлап Тауасарды,
Жұрт болып он жеті адам жол тартады.
Баласы Әбілпейіз Көгадайды
Керейге төрелікке алдырады.

Шешімі Жәнекемнің дұрыс болды,
Бір мезет осыменен тыныш болды.
Дегенмен сөнген шоғы қозданатын
Айнала тұтанған бір жыныс болды.

Есіне Жәнекемнің келді бір іс,
Жарай ма ел бастығы бекер жүріс?!

Ақсақал бейғамси ма бостан-босқа,
Шалынды құлағына осы сыбыс.

Ниеті елді жаудан сақтандыру,
Амалдап қарсы жағын жасқандыру.
Ойына қайта-қайта оралады
Еженге Көгадайды аттандыру.

Бұл жөнінде ел басымен болды жиын,
Бүкіл ел құлшынса емес қиын.
Әзірлеп тоғыз-тоғыз тарту тартпақ,
Ішкітен бұлғын¹, сусар, құндыз, тиін.

Тоғыздап дайындады түрлі жамбы,
Алтынды жетерліктей жиып алды.
Жұпар мен бөкен, бұғы мүйіздері,
Шетінен таңғалдырды көрген жанды.

Жұмысы осылайша ыңғайланды,
Барушы ақылдасып көп талданды.
Барлыбай, Шегетай, Шуаш, Жанторылар
Баруға бұл сапарға ыңғайланды.

Төртеуін ақылшыға ол алады,
Азықты, атқосшысын мол алады.
Кезінде көктеменің Көкбектіде
Көгадай салтанатпен жол алады.

Төре әкеп топтастырды бұл керейді,
Өйтпесе бұл керейді кім елейді.
Жіберген Ежен ханға Көгадайы
Таңба алып, мансап алып қайтып келді.

Тілегін Көгадайдың жөн көріпті,
Еженге төте қарап болды ерікті.
Ортадан жеп кетерді ығыстырып,
Керейлер қолға алды бұл билікті.

Осылай бас құраған он екі абақ,
Бұрынғы сәтсіздіктен алып сабақ.
Қаймағы үйірілген ел болған соң,
Келмеске кетті тарихы түрген қабақ.

Аңыз боп қалды елге шешендігі,
Көреген, парасатты көсемдігі.

¹ Бұлғын — сусар тұқымдас терісі бағалы аң.

Сұрайтын елдің қамын адам шығып,
Керейдің туды енді есендігі.

Дүниеден өткен екен нелер дейді,
Жәнекем ел ұстауға шебер дейді.
Азғана өте шыққан өмірінде
Керейді игілікке жетелейді.

Жауынан болған емес тайсаңдаған,
Соққан ол нелер сұмды қайқаңдаған.
Артына шаңырақ пен мұра тастап,
Жүрегін көрсетті елге тайсалмаған.

Ол айтты: «Елім енді теңеледі,
Бұйырса, мекенімен кенеледі.
Өлгенде орным орнықты болды менің», —
Деп айтып бұл дүниеден жөнеді енді.

Бұл сөзі — ең ақырғы өсиеті,
Қолдасын ұрпақтарын қасиеті.
Толықсып елің қалды толған айдай,
Тарқаған бастан қайғы-қасіреті.

Өмірі ел қамын жеп өткен кісі,
Дәл жасы сексен төртке жеткен кісі.
Қабірі Қызылсу — Шар жағасында,
Артына ту қалдырып кеткен кісі.

Арадан кетті ардагер осылайша,
Мың жеті жүз тоқсан сегіз жыл, маусымда.
Керейге Қап тауындай қорған болған
Батырды ұмытармыз біз қалайша?!

Батыр боп шықты дара бұл абақтан,
Жауына соққы беріп аты шыққан.
Соңдықтан бүкіл керей жауға аттанса
«Жәнібек! Жәнібек!» деп ұрандаған.

Оңшады ізгі жаққа бет алысын,
Ел-жұртын желпіндіріп кетті арысым.
Жәнекең бастап берген осы жолмен
Бұл керей сақтай білді ар-намысын.
Жәнібек өзі баулып Көгадайды,
Ұқтырып кеткен еді әрбір жайды.
Кезінде бауыры жылы, қолы жұмсақ,
Болып еді берекелі елге жайлы.

Көгадай өлгеннен соң елдің басы,
Мұрагер Ажыға қалды оның тасы.
Гүң деген атақты ол көтере алмай
Бдырап кете берді ел арасы.

Ажекем ел-жұртына болды тарпаң,
Ақыл кем, айласы тар — қортаң-қортаң.
Қымс етсе қара күшке салмақшы ол,
Сондықтан сырғауаңдап ел де жалтаң.

Ажыдан осылайша жасқанады,
Азамат нар кешпеуде тас қалады.
Ішінен төрт би сайлап төрелікке,
Өз ісін керей өзі басқарады.

Бұл билер әлі есінде халқымыздың,
Ел ұстау жобасы бұл салтымыздың.
Бейсенбі, Көкен, Топан, Құлыбектер
Қормалы болған еді жалпымыздың.

Бұл дәурен осылайша өтіп жатты,
Дүниеден нелер саңлақ көшіп жатты.
Дариға-ай, баяны жоқ бұл жалғанның
Үлесі барлығына жетіп жатты.

Толықсып өркендеді бұл абағым,
Құдайым көтерген соң оң қабағым.
Тарихты кейінгілер жалғап жазар,
Көп созбай қысқартайын сөз аяғым.

Тектемей ата тегім неге жатам,
Тыңдаушы, түзетіндер болса қатам.
Сұрасаң, атым — Ыбырай, руым — сары,
Болады Ер Жәнібек бесінші атам.

Іріктеп кесектерін ғана жазғам,
Емес бұл барлығына берген бағам.
Мың тоғыз жүз жиырма жетінші жыл жазылды,
Осымен сөз аяғы тамат-тәмәм.

Бірінші мақам

Орындаған: Қостыбай Нұражитан
Нотаға түсірген: Жекен Махаббат

Жәй, әндете

3 "Я, Ал-ла, ті-ле-гім-ді бе-ре көр!"-деп, О-сы іс тоқ-тат-па-ды ой-ды кер-неп.

5 Жа-ран-дар, құ лақ са-лып аң-да-саң-дар, Жаз-бақ-пын Және-кем-нен қа-лам тер-беп.

Ой-ым-нан жат-сам-тұр-сам бір кет-пей-ді, І-с(і)е-мес қо-лы бос-тың ет-кен ер-мек.

Екінші мақам

7

9 Е-ке-нің Шақ-шақ Жән(і)бек бі-ліп ек, -деп, Кел-ге-нің о-сы жақ-қа кө-ріп ек,-деп.

11 Жұрт айт-ты: Ат қой-ғы-зып ба-та-сын ал, Ки-е-лі жан е-ке-нің се-зіп ек", -деп.

13 Бұл сөз-бен із-деп кел-іп, жө-нің айт-ты: -Ал-ға-лы ба-таң-ыз-ды ке-ліп ек, -деп,

Бер-дәу-лет бас-тап ке-ліп өз үй-і-не, Ы-рым-дап зор ті-лек-ке жү-ріп ек, -деп.

Үшінші мақам

15

18 Ке-рей де-ген е-лің көп, Ел-г(е)ай-на-лар ше-шен бол. Шал-ғай-да шал-ғай же-рің көп,

21 И-е-леу-ге кө-шер бол. Бұ-за-тын қа-малше-бің көп, А-қыл тау-ып ше-шер бол.

23 Жа - ға - ла - сар жау - ың көп, Жау - ға шап - саң е - сер бол.

Ел і - шін - де дау - ың көп, Жұрт ал - дын - да кө - сем бол.



Ер Жәнібек (Ы. Ботайұлының нұсқасы).
«Мұра» журналы, 1989 № 2.

Ыбырай Ботайұлы (1898-1963) — ақын, жыршы. Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағына қарасты Толы ауданының Майлы-Жайыр жайлауында туған. Керей тайпасынан шыққан атақты Жәнібек батырдың бесінші ұрпағы. Ел ішінде ақындығымен қоса шешендігімен, жыршылығымен, саяткер-мергендігімен ерте танылды. Оның «Ер Жәнібек қиссасы» жыры, «Тұрмыстағы отыз тістің темігі», «Жер-су өлең», «Бектас жігіттеріне», «Омарға», «Қамзыға» т.б. сияқты толғаулары мен арнаулар, әзіл өлеңдері халық арасында кеңінен таралған. Елге сыйлы, құрметті адам болғандықтан, туған жеріндегі «Ыбырайдың теке атқан жайлауы», «Ыбырай жайлауы», «Ыбырай қыстауы» сияқты қоныстар ақынның есіміне байланысты аталған (жыршының фотосуреті сақталмаған).



Райымбек батыр.
Суретші Т.Есбергенова

РАЙЫМБЕК БАТЫР

«Райымбек батыр» – XVIII ғасырдың екінші жартысында Жетісу өңірін жоңғар шапқыншылығынан азат етуде ерен ерлігімен танылған батырдың қолбасшылық даралығын, жорық жолдарын, майдан төріндегі қиян-кескі шайқастарын, қол жеткізген жеңістерін көркем баяндаған тарихи жыр. Туындыға Райымбек батырдың Түргендегі Қорын хан, Көкпектегі Секер хан (Ойрантөбе соғысы), Жалаңаштағы Ағанас хан, Темірліктегі Арыс хан, Жаркенттегі Төре хан бастаған жоңғарлармен болған қанды шайқастарын, соғыстарда қолданған әскери айла-тәсілдерін, сарбаздардың ынтымақ-бірлігін, есімінің ел ұранына айналуын суреттейтін оқиғалар арқау болған. Шығарманың сюжетінде қалың оқырманға есімдері белгілі болғанымен, өмір деректері, елеулі ерліктері беймәлім болып келген Ханкелді, Бақай, Сатай, Бөлек, Тілеуке, Биеке, Ырыскелді, Қожағұл, Аралбай сынды батырлардың ерлік істері, олардың өзара ынтымақ-бірлігі, Райымбекке достық көмегі кестелі тілмен өрнектеліп, әсерлі баяндалады.

Райымбек батырға қатысты аңыз-әңгімелерді, өлең-толғауларды алғаш ел арасынан жинап, хатқа түсірген – ақын, жыршы Қабылбек Сауранбаев. Ол Райымбектің тікелей ұрпағы 105 жастағы Нартұлы Қашағанның айтуынан (1922) және Сатай батырдың ұрпағы 115 жастағы Әділбек Кезеңқараұлының аузынан (1924) жазып алған «Райымбек батырдың сапарлары» атты аңыз-әңгімелердің қолжазба жинағы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорында сақталған. Жыр туралы С. Дәуітов, С. Мегетбеков, А. Дауылбаев т.б. зерттеулер жазды.

Еліміздің қолжазбалар қорында батырға қатысты жырдың екі нұсқасы сақталған. Оның бірін жетісулық халық ақыны Мөкен Болысов жырлап, хатқа түсіріп, институт қорына өз қолымен тапсырған. Ал екіншісі өмірдеректері белгісіз Сабғалы деген жыраудан қалған. Олар әр жылдары «Жетісу» (2005, 15 маусым), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш», 1990) газеттерінде, «Райымбек батыр» жинағында (1992), «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (59-том, 2009) жарияланды. Томды баспаға дайындауда туындының қолжазбалары, басылым үлгілері өзара салыстырылып, М. Болысовтың нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорынан алынды (813-бума).

– Айналайын жан ана,
 Рұқсат маған бер, ана!
 Кеткен қолдың артынан
 Мен де жетіп барайын.
 Қалмақтан кекті алайын,
 Қайтпасын менің талайым.
 Жаратқан ием жар болса,
 Жауға ойран салайын!
 Бір Құдайым жар болса,
 Қалмақтан кекті алайын,
 Көпке олжа салайын.
 Осы жолдан тоқтатпа,
 Қайтпасыншы талайым.
 Артынан барып атама
 Араласып қалайын.
 Сыртынан жүріп атамды
 Жаудан қорғап қалайын.
 Атаңа нәлет ит қалмақ
 Жетісудан айырды,
 Қыз бен ұлың құл болды,
 Табаныңда жүн болды.
 Бұл ызасы қалмақтың
 Өтірік емес, шын болды.
 Енді, ана, кетемін,
 Атам кеткен ізімен
 Әлі-ақ қуып жетемін.

Сонда баласының кететініне көзі жеткен соң, анасының батасын беріп тұрып айтқаны:

– Ей, балам, жай қолыңды,
 Жәрдем болсын Құдайым!
 Медет тілеп пірлерден
 Бір Құдайға жылайын.
 Алла оңғарсын жолыңды!
 Сенің үшін, ей, балам,
 «Мен құрбан» деп жылайын.
 Ғайып ерен Қырық шілтен¹,
 Адасса, жолға салып жүр,
 Сыртынан қорғап, бағып жүр!
 Су атасы Сүлеймен,
 Жаратқан Құдай жар болып,
 Аруақтар бағып жүр.
 Алла оңғарсын талабын,

¹ Ғайып ерен Қырық шілтен /парсы/ — мұсылмандарды желеп-жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.

Ашсын Құдай талайын!
 Шын тіледі шырағым,
 Не деп алып қалайын?!
 Қалмақтан кекті алдырып,
 Көңілдің бітір жарасын.
 Құл етер күн болар ма
 Ит қалмақтың баласын?!
 Сескенбей жүр, шырағым,
 Атаңа кетіп барасың.
 Жолбарыс болсын жолдасың!
 Пірлер сені қолдасын!

Сонда Райымбек батыр анасының батасын алып, сауыт-қалқанын киіп, жауға керекті құралдарын толық асынып, атасы Ханкелді бастап кеткен көп сарбаздың артынан ізіне түсіп, Аллаға сиынып, жолға түсті:

«Оңғар, Алла, жолды!» – деп,
 Пірлеріне сиынып,
 Сауыт-сайман киініп,
 «Алла!» – деп батыр жөнелді.
 Кеткен қолдың соңымен,
 Атасының жолымен,
 Басына киген қалқаны,
 Жарастықты тонымен.
 Бүкектетіп келеді,
 Кейде аяңдап, желеді.
 Ойпаң жерден сырғытып,
 Жарлау жерден қарғытып,
 Аш бөрідей бүгіліп,
 Сызып кетіп барады.
 Астындағы Көкойнақ
 Бауырынан жарады.
 Қолтығынан аққан тер
 Тебінгіден сылпылдап,
 Төрт тұяқтан шыққан от
 Шақпақ тастай жылтылдап,
 Келе жатыр Көкойнақ
 Ұршық еті бұлтылдап.

Құдай берген балаға
 Айласы көп сананы.
 Тауыса алмай кетіп барады
 Алыс жатқан даланы.
 Жүрген жолын байқады
 Кеткен қолдың шамалап,
 Бір тоғайға кіреді
 Іле өлкесін сағалап.

Жолбарыс шықты алдынан
Жүрер жолын қамалап,
Айдаһардай ақырды
Құйрығын жерге сабалап.
Жолбарысты көрген соң
Садағын қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Батырдың тартқан жебесі
Жолбарысқа жетеді,
Жүректен барып өтеді.
Сонда батыр қуанып,
Бас салып, мұны өлтіріп,
Терісін сойып бітеудей,
Шөп жұлып тығып ішіне,
Тірі кейпіне келтіріп,
Мінгізіп ап артына,
Алға қарай кетеді.
Мұның аты — жолбарыс,
Кейде жүні бір қарыс.
Бүкек-бүкек желеді,
Кейде «шулеп» жас батыр,
Кейде аяңдап келеді.
Алдыда тұрған белеске
Сыдырып шығып қараса,
Кеткен қолды көреді.
Қарасын елдің көрген соң,
Жетіп келді жас батыр
Кеткендердің қасына,
Жалаң құрал асына.
Сәлем беріп бұл тұрды
Үлкен-кіші жасына.
Алған киіп қалқанын
Жарқыратып басына,
Алмас қылыш белінде,
Садағын алған асына.
Тақымына тұрмайды
Көкойнағы секіріп.
Келген жерін байқаса,
Ілеге кеткен сең жүріп.
Жолын тауып өте алмай,
Сарбаздардың бәрі де
Жатқан екен бекініп.
Райымбек батыр бұл тұрды
Іленің суын жағалап,
Түсуге суға ойланды
Қанатын құстай сабалап.
Мінгескен жүр жолбарыс,

Жиналды халық қамалап.
 – Қайдан мұны алдың? – деп,
 Сұрады көп жұрт шамалап.
 – Жолбарыс шығып алдымнан
 Арыстандай ақырды,
 Атып алдым жүректен
 Садағыммен «батырды».

Жиналған сарбаздар Райымбек батырды көріп, қасына келіп:

– Балам, руың қай ел, кімнің баласысың? – деп сұрады. Сонда Райымбек батыр тұрып:

– Әкелерім, құрбыларым, сіздер менің кім екенімді қазір сұрамаңыздар. Мына сең жүріп жатқан суға түсемін. Алла жол берсе, сіздерді өткіземін. Сонан кейін танысалық. Сіздер маған баталарыңызды беріңіздер! – деп бата сұрады.

«Бала ыңғайлы екен, бата берелік», – деп көпшілік шуылдап, батасын берді. Райымбек батыр көптің батасын алған соң өз атын өзі «Райымбек! Райымбек!» деп шақырып, тасып жатқан суға іркілместен түсіп, ар жаққа өтіп, ар жақты жағалап көріп, қайта бері өтіп келеді. Қалың сарбазға айғай салады:

– Сіздер енді демалып жатыңыздар. Маған қырық кісі, сексен арқан беріңіздер. Бәрінің қолдарында айбалтасы болсын, – деді.

Айтқанын дайындап берді. Қырық жігітке қамыс, тал орғызып, оны құшақ жетпес етіп байлатып, ұзындығын Іленің еніне жететіндей етіп дайындайды.

– Бір басынан арқан байлап, мен тақымыма басып, арғы жаққа өтемін, сіздер артқы жағынан итеріп суға түсіріп, дем беріп айдандар, – деп, өзі Көкойнақпен тақымына басып ала жөнелді. Байланған қамыстың басын ар жаққа аман-есен алып өтіп, мықтап бір ағашқа байлап, қайта өтіп келіп, екінші басын байлап қойды. Содан кейін демаламыз деп тамақтанып, жатып қалды. Ертеңіне қараса, екі ат қатар өтетіндей күзер¹ болып байланып қалған. Сарбаздарға хабарлап, барлығын жиып алып, аман-есен судан өткізіп алды. Судан өткен соң жиылып тұрған сарбаздарға аттан түсіп, сәлем беріп тұрып, айғайлап өзін таныстырды:

– Менің руым – албан, оның ішінде алжан, Ханкелдінің немересі, Түкенің баласымын, – деді. Сонда жиналған халық Ханкелдіге айтты:

– Мынау менің немерем деп кешеден бері бірден айтпадың ба, қандай шыдамды едің? – деді. Ханкелді тұрып:

– Менің немерем деп мақтаныш қылып айтудың қажеті жоқ. Болар бала өзін ерлігімен танытсын. Мен бұл баланы жас деп, жылқы ішіне тастап кетіп едім. Міне, артымыздан қуып жетіп, өте алмай, қамалып жатқан бізді судан өткізді. Енді бала сіздердікі, – деді.

Сонда топ басы батырлар:

– Осы соғысқа Райымбек басшылық етсе дейміз, – деді. Барлық сарбаз бірауыздан шуылдап, тілегін қауым қабыл алыпты.

¹ Күзер – мұз үстіне салынған жол, өткел, көпір.

— Жалпы, жаумен соғысқанда ұран біреу-ақ болсын. Бәріміз Райымбектің атын шақырып, «Райымбек! Райымбек!» деп ұрысқа кірелік! — десті. Бұған да барлығы қосылып, солай болсын десті.

Сонда Райымбек батыр тұрып:

— Олай болса, шын ықыластарыңызбен баталарыңызды беріңіздер! — деді. Рыскелді батыр бастап, барлығы батасын берді. Райымбек батыр:

— Мен халқым үшін, осы батасын беріп тұрған сіздер үшін, бұл соғыста қасықтай қаным қалғанша, аянбай ерлік етуге уәде берем! — деді.

— Алпыс кісі алып, мына Іле жағалап жатқан қалың қалмақтан мінуге ат, ішуге азық дайындаймын, — деп Райымбек батыр жүріп кетті.

«Аллалап» батыр ұмтылды,
Қалмақтың көріп қарасын.
— Төрт түлік малын айдалық,
Қалдырмастан танасын.
Дұшпаннан малды айырып,
Құрталық сөйтіп шарасын!

Шеттен кіріп жылқысын
Бір-бір бастан айдатты.
Қарсы келген қалмақтың
Екі көзін жайнатты.
Райымбек батыр көк атты
Қалмаққа келіп ойнатты.
Заманақыр қалмаққа
Осы жерде орнатты.
Құлдықта жүрген қазақты
Бір-бір бастан босатты,
Мінгізіп оған жақсы атты.
Жетелетіп тағы алды
Кісі басы қос атты.
Жылап жүрген қазақты
Келе сала босатты.
Іледегі қалмаққа
Тағалы тай қоймайды.
Айдап жүріп малдарын
Райымбек терең ойлады.
Осыменен батырың
Қайта келді қосына,
Заманақыр орнады
Тексіз иттің басына.
Қалмақ шыдап келмеді
Райымбектің қасына,
Найзасы бар қолында,
Беліне қылыш асына.
Айдаған малды көрген соң,

Сарбаздары қазақтың
 Жиылып бәрі келеді
 Райымбектің қасына.
 Райымбек сонда айтады:
 – Қалмақ шауып сіздерді
 Әкеткен малың осы ма?
 Мен сиынып Құдайға
 Ақырзаман орнатам
 Кәрісі мен жасына.
 Жараулы атын ұстаңдар,
 Кел, жиылып, қасыма!
 Алда жатыр көп жұмыс,
 Ағалар, енді жасыма!

Сонда Қорын ханның жақсы атын бағатын Әжіке деген бай қалмақ бар екен. Іледегі малының амандығын білейін деп келсе, тағалы тай қоймай, қазақ сарбаздары шауып алып кеткен. Бір Әжікенің малы емес, Іле өлкесіндегі қалмақтардың малын тұтас сипаған, сарбаздарын өлтірген. Әжіке мұны анықтап байқайын деп тоғай аралап келіп қараса, жер қайысқан қазақ сарбаздарын көреді.

– Бұл қазақтар қалай келіп кірді? – деп қалмақтардан сұрады. Қалмақтар айтты:

– Райымбек деген жас жігіт бар, сиқыр екенін, шайтан екенін білмейміз. Қарсы шыққан атты омырауымен соғып жығады. Қылыш шапқанда көз ілеспейді. Астындағы аты да сағым сияқты. Өзі ат үстінде жүріп ойнайды. Осындай бір пәле сияқты адам көрдік, өзі «Райымбек! Райымбек!» деп айғайлайды.

Бұл қазақ сарбаздарын әбден көріп, Әжікенің Қорын ханға жылап айтқаны:

– Айналайын ханымыз,
 Қиналды біздің жанымыз.
 Қазақтан келіп сарбаздар,
 Талауға түсті малымыз.
 Ішінде бар жас жігіт,
 Ат ойнатып келеді.
 Ұшқан құстай атылып,
 Тізесін бұл жіберді
 Қалмақтарға батырып.
 Жылқыдан түк қоймады,
 Ұрса, шалма түседі
 Асауға барып атылып.
 Төрт түлік малды айдады,
 Шеттен сойып жеп жатыр,
 Сонда дағы тоймады.
 Райымбек деген жас батыр –
 Нажағайдың отындай

Жарқыратып қылышын,
 Ауылға келіп ойнады.
 Қолға түскен қалмақты
 Домалатып байлады.
 Астына мінген Көкойнақ
 Тақымын қысып қойғанда
 Ұшқан құстай кетеді,
 Көзді жұмып ашқанша
 Көз ұшына жетеді.
 Бір мезгілде қарасаң,
 Ат үстінде тік тұрып
 Соққандай жел өтеді.
 Тік тұрып қылыш сілтесе,
 Алмадай басты кеседі.
 Жалғыз шауып келгенде
 Қанша кісі жабылса,
 Қас қаққанша қоймайды.
 Екі көзін қарасаң
 Жанған оттай жайнайды.
 Қазақ жатыр, ей, ханым,
 Шабуға бізді қамданып,
 Ашуланба, ей, ханым!

Сонда Қорын хан Әжікеден бұл хабарды естіген соң бас уәзірі Серкені шақырып алып былай дейді:

— Мына Әжіке Іледегі малдарды аралап барса, қазақтан қалың сарбазды бастап келген Райымбек деген біреу Іле өлкесіндегі малдарды жиып алыпты. Қаншама адамдарды да өлтірген. Бұл рас болса, қазақты Құдай айдап, олар бізге құлдыққа келген екен. Сен қасыңа үш адам алып, барып біліп кел, — деді.

Серке үш адамды ертіп алып, Іле жағасында жатқан қазақ сарбаздарына келді. Сол уақытта Райымбек батырдың ат ойнатып, қылышпен тал шауып, ат қарғытып жатқан кезі екен. Серке мұны көріп қайран қалады: «Мынау қандай әдіс? Тіпті аты да сағым сияқты ғой. Қалай болса да тілдесейік», — деп бір адамын жіберді. Мұның елші екенін білген соң Райымбек батыр қасына Бақай батыр мен Аралбай батырды ертіп Серкеге келді. Жөн сұрасқанда Серке былай деді:

— Мен Қорын ханның бас уәзірімін. Қорын хан сіздерге: «Қазақтар бізбен шабысамыз деп әуре болмасын. Қолындағы малдарын қайырып, келген айыбын тартсын да аманында қайтсын. Қайтпайтын болса, бірі де тірі қалмайды», — деді.

Сонда Райымбек батыр айтты:

— Сен Қорын ханыңа барғын. Арманда қалмай, үш күн ішінде толық дайындалсын. Төртінші күні Қорын ханның ордасын бұзып, талауға түсіремін, тез қайт! — деді. Серке Қорын ханға келіп:

— Қазақ сарбаздарының келгені рас екен. Райымбек деген бір жас жігіт: «Арманда қалмай, үш күн ішінде дайындалыңдар», — деді. Бірақ менің

байқауымша, осы келісі өте қауіпті. Біз барсақ, Райымбек кәдімгі сиқыр сияқты ат ойнатып, қылышпен тал шауып жүр. Қылыш шабуы мен атының ойнауы сағым сияқты көрінеді.

Сонда Қорын ашуланып: «Өлімге келген қазақты сонша мақтадың», — деп, Серкені зынданға жапты. «Үш күн ішінде Түргеннің аяғындағы қара далаға құралдарымен жиналсын!» — деп қалмақтарға бұйрық берді. Қалмақтар үш күн бойы жиылып, қара құрттай болып келіп жатыр. Қазақ сарбаздарына таяп келіп қалды. Жақындап, таяу келгесін, қазақ сарбаздарына Райымбек батыр былай деді:

— Сіздер осы жерде дайындалып тұрыңыздар. Мен сонау жиылып жатқан қалмақтың ішіне кіремін. Қорын қалай деп бұйрық беріп жатыр екен? Қасыма қалмақша киіндіріп, қалмақша тіл білетін төрт жігіт аламын. Өзім сыртымнан қалмақтың үлкен қара шапанын киемін. Мен сол жиылып тұрған қалмақтың өз ішінен бастаймын соғысты. Алла қуат берсе, Қорынның басын алып, анау желбіреп тұрған туды жерге түсіргенде, сіздер «Райымбек! Райымбек!» деп кірісіңіздер! — деп, жүріп кетті. Сол жүрген бойда құжылдап жатқан қалың қалмақтың ішіне кірді. Біреудің біреу кім екенін біліп болмайды. Келсе, Қорын хан қалың қалмақтың ортасында, тудың түбінде тұрып, былай деп бұйрық беріп жатыр екен:

— Анау қаптаған қазақтарды ажал айдап, қырылғалы келді. Көбін қырып, өлтіріп, қалғанын мал бағатын құл етіңдер. Райымбек деген біреу бар дейді, соны маған тірі ұстап беріңдер. Оны мен зынданда шірітіп өлтірейін. Мақтаған Райымбекті Серкенің қасына қосып, зынданға жабайын.

Райымбек: «Не айтып тұр?» — деп қасындағылардан сұрады. Қасындағылар Қорынның не айтқанын толық айтып береді. Сонда Райымбек батырды ашу кернеп, үстіндегі шапанын лақтырып жіберіп, Қорынға қарай ұмтылды.

Сөйлеп тұрған Қорынға
Көк атты құстай ұшырды.
Жетіп келіп қасына
Тастады шешіп шапанын.
Қылышын алып қолына,
Қорын ханның сол жерде
Алмадай басын ұшырды.
Тігіп қойған жалауын
Сындырып, жерге түсірді.
«Райымбек!» деген шу шықты,
Қазақ та жетті аралас.
Екі жақ кеп айқасты,
Қара жер қанға тұншықты.
Кешке дейін шабысып,
Кей адамның қолдары
Көтере алмай қарысты.
Райымбек батыр түзеді
Қалмаққа қылыш шабысты.

Қылышын шауып, батырың
 Ай шетінен кіреді,
 Күн шетінен шығады.
 Қарсы келген қалмақты
 Қылышпен ұрып жығады.
 Кез келгеннің басын ап,
 Қара жерге тығады.
 Өзінен өзі кей қалмақ
 Аттан ұшып құлады.
 Көк аттың еті қызған соң
 Түзеді енді шабысты,
 «Бағындық», — деп кей қалмақ
 Шығарды оқыс дауысты.
 Оған дағы қарамай,
 Қанын судай шашады,
 Шыдай алмай қалмақтар
 Тауға қарай қашады.
 Қалмақ қашып жөнелді,
 Тау бөктерлеп, жабындап
 Қазақ шауып келеді
 Арт жағынан жабырлап.
 Күн батқан соң қалмақтар
 Сай-салаға тығылды.
 Жолда өліп қалмақтың
 Қаншасы аттан жығылды.
 Тау-таспен қашып жөнелді
 Секер ханға бармаққа.
 Қалың қалмақ жөнелді
 Келе жатқан қазақты
 Көкпектен тосып алмаққа.
 Райымбек батыр келеді
 Алатаудың бөктерін
 Қалмақтардан тазалап.

Райымбек батыр хан қазынасын бір жерге жинатып, зынданының есігін бұзып қараса, елшілікке барған Серкені көреді. Саған не болды деп сұрағанда, Серке айтты:

— Мен өзіңе елші болып барып, сенің айтқаныңды айттым. Екінші, сенің өнеріңді айтып мақтап едім: «Сен өлімге келген қазақты мақтадың», — деп, осында әкеліп жапты. «Райымбекті ұстап, екеуіңді бірге дарға тартып өлтіремін!» — деді.

— Бізді дарға тартатын Қорын ханның өзі далада қалды, — деді Райымбек. Сонда Серке тұрып:

— Мен сізбен өмірлік жолдас болып, мұсылман дініне кіремін! — деп, Райымбекке еріп, жолдас болды. Қалмақ байларының көмбесін тауып беретін болды. «Ханның ордасын қайта тінту керек», — деді.

Серкені алып қасына,
Қайта кірді ордаға
Көкойнағын ойнатып,
Орданы бұзды батырың,
Қатын менен баланың
Екі көзін жайнатып.
Тағы қойды сол жерге
Қызы менен ұлының
Екі қолын байлатып.
Қазақтарға жіберді.
Құл етуге айдатып.
Өстіп алға жөнелді
Қалмақты шауып қазақтар.
Райымбек батыр келеді
Қалмақтарға шығарып
Неше түрлі өнерді.
Көкойнағы астыңда,
Алғандай түлкі келеді
Сай-саланы қақтырып.
Тыққан мүлкін қалмақтың
Серкеге алды таптырып.
Қалмақтардың басына
Қара тұман орнатты.
Қылышы қолда жарқылдап,
Қарсы келген қалмақты
Шауып кетіп барады.
Астындағы көк аты
Аш бөрідей жарады.
Шелекті басып келеді
Малыбайды бетке алып.
Тынбай қашты қалмақтар
Тоқтамастан ер салып.
Райымбек батыр тоқтады
Малыбайға жеткен соң.
Пірлері қолдады,
Қарасудан жол алып.
Дариядан өткен соң
Зәбірлеп еді қазақты,
Қалмақ қашып қырылды.
Аладан тағдыр жеткен соң
Қазақ келіп қаптады.
Сарбаздары қазақтың
Қалмақтың берді жазасын.
Қазақты шауып қалмақтар,
Жылатып еді баласын.

Райымбек батыр қазақ сарбаздарын Малыбайға толық жинап алып, былай деді:

— Біз Алатаудың бірсыпыра жерін қалмақтардан тазарттық. Енді Көкпектегі қалмақтардың бас ханы — Секер ханды қолға алу үшін соғыс ашамыз. Мен астыртын кісі жіберіп, Секер ханнан хабар алдым. Ол Қарауылдағы Ағанас ханды шақырып алыпты. «Қазақты Көкпектен тосып, ұстаймыз», — деп дайындалып жатыр екен. Қалмақтар арманда қалмай, дайындала берсін. Біздің сарбаздар бес күн демалсын, аттары нашарлағандар ат жаңалап мінсін. Сонан кейін екінші соғысты Секер ханға ашамыз!

Қорын ханның қарауындағы қалмақтардан қашып шыққандары Секер ханға келіпті. «Қазақ сарбаздары енді сізге бет алды», — деп хабарлап, жылап айтқаны екен:

— Айналайын Секер-ау,
 Айтпаймын сөзді бекер-ау.
 Қазақ шауып, малдарды
 Топ-тобымен айдады.
 Қарсы келген қалмақты
 Домалатып байлады.
 Қорын ханды, ей, ханым,
 Қылышпен ұрып жайпады.
 Астында бар көк аты,
 Қалмақты қойдай айдады.
 Тышқан алған мысықтай
 Қалмақтарды жайлады.
 Астындағы көк аты
 Бейне құстай ұшады,
 Жетіп келіп қалмақты
 Тақымына қысады.
 Ертерек қамдан, ей, ханым,
 Қалмаққа келген нышаны.
 Қара дала қан болды,
 Қалмақтың басы дал болды.
 Райымбек келді де,
 Қалмақтарды жүн қылды.
 Солқылдаған Қорынның
 Басын кесіп, ти қылды.
 Қой жайып жүрген қазақты
 Қалмақтарға би қылды.
 Әжікенің айтқанын
 Өтірік емес, шын қылды.
 Малыбайға қазақ қаптады,
 Енді жаса қимылды.
 Ажыратар күн бола ма
 Қазақтардан ұл-қызды?
 Сарбаздары қазақтың
 Қалмақтарды қор қылды.

Қайтіп кекті аламыз?
 Қолында қалды қазақтың
 Ардақтаған баламыз.
 Қатын менен қыздарды
 Айырып қалай аламыз?
 Ішім күйіп барады,
 Тым болмаса қалмады
 Сойып жеуге танамыз.
 Жан қалмақтан қалдырмай
 Кескілесіп өлелік,
 Қайтіп тірі қаламыз?
 Жи қалмақты, басқарып,
 Райымбек келгенде
 Ұсталық біз де бас салып.
 Жылайды балаң аш қалып,
 Қазынаңда жүрмесін
 Қамданбасаң, тас қалып.
 «Құлдыққа қазақ келді», — деп,
 Қорын өлді мастанып.
 Айдарлының басынан
 Тастады жұлып шашты алып.

Секер хан қашып келген қалмақтардан Қорын хан өліп, қалмақты қазақ сарбаздары шауып келе жатқанын анық естіп, Ағанас хан мен Арыс ханды шақыртып алып, былай деп тапсырма берді:

— Қазақ сарбаздарын Райымбек деген біреу бастап келіп, Қорынды өлтіріп, елін шауып, енді бізге бет алып келе жатыр дейді. Сен екеуің тез қайтып, жауға жарайтын адамдарыңды екі күн ішінде жинап, менің қарауыма жібер. Бұл соғысты өзім басқарамын, — деді. Секер хан:

— Барлық сарбаз Көкпектің қара даласындағы Ойрантөбеге жиналсын. Сен екеуің сай-саладағы малдарды бір жерге шоғырландырып, қарауыл қойыңдар. Қолдан мал кетсе, елден күш кетеді. Қазақтың жырынды қулары келіп, малдан айырып жүрмесін! — деп тапсырма берді.

Секер хан Ойрантөбеге ту тігіп, Барақ деген батырына Ойрантөбені басқарып тұруды тапсырады. Қалмақтар дайындалып тұра берсін. Ендігі сөзді қазақ сарбаздарынан естіңіздер.

«Алла» деп қазақ жөнелді
 Секер ханға баруға,
 Барып, ойран салуға.
 Тізесі өткен қалмақтан
 Сөйтіп кегін алмаққа
 Көкпекті өрлеп келеді.
 Кез келсе қалмақ алдынан
 Алмадай басын алмаққа.
 Райымбек батыр жөнелді
 Мойнын созып жан-жаққа.
 Шықса қалмақ алдынан,

Ұшқан құстай бармаққа.
 Сарбаздарын қазақтың
 Райымбек бастап келеді,
 Кейде аяңдап, желеді:
 «Секер ханға барған соң
 Шығарам», – деп өнерді.
 Жайлаған соң Қорынды
 Олжаға қазақ кенелді.

Көкпектің жиылды даласына,
 Қалмақтың көзі жетпей қарасына,
 Топтасышты құрттай боп қалың қалмақ,
 Жылқының таңдап мініп аласына.
 Көкпектің жаңа шықты жазығына,
 Алланың кім көнбейді жазуына.
 – Қазақты зәбірлеген Секер ханның
 Найзаны ұрам ба, – деп, – азуына?
 Құдайым көмек берсе осы жерде,
 Қалмақты сыйғызар ем
 Бір тарының қауызына.

Торайғырдың тауынан
 Төгіліп қалмақ кеп жатыр.
 Тіккен тудың жағдайын
 Райымбек батыр сұрады:
 – Секер ханың осы ма?
 Пірлерім жар болса,
 Заманақыр орнатам
 Секер ханның басына!
 Жиналды қалмақ төбеге,
 Қаз-қатар боп тізіліп.
 Қазақ та жақын кеп қалды
 Қалмақты көріп, қызынып.
 Райымбек батыр келеді
 Ұшқан құстай сүзіліп.
 – Айналайын ағалар,
 Жиылсын қалмақ, асықпа.
 Барып ойран салайық
 Кірін жумас сасыққа!
 Дайындалып тұрыңдар,
 Арамыз енді қашық па?
 Жиылды ма қалмақ толық кеп?
 Көкойнағын баптады,
 Түйіліп тұр батырың,
 Қалмақты барып шапқалы.
 Сарбаздары дайын тұр
 Қалмаққа қанат қаққалы.

Сонда қазақ сарбаздарының қарасын көрген соң Секер хан Ойрантөбенің басына тіккен туының қасына шығып, айғай салып, қалай соғысу жөнінде кеңес беріп: «Қазақтарды қырып, Райымбекті тірі ұста!» — деп Барақ батырына бұйрық беріп тұрған екен. Райымбек қалмақ тілін білетін, қалмақша киінген адамдарымен құжылдап жатқан қалмақтың ішіне кіріп кетіпті. «Қазақты қырып, Райымбекті тірі ұста!» деген бұйрығын естіген соң:

Ыза кернеп, батырың,
Садағын қолға алады,
Толғап тартып қалады.
Сөйлеп тұрған Секерді
Садақпен атып құлатты.
Барақ деген батырын
Қылышпен шауып сұлатты.
Тігіп қойған туларын
Сындырып жерге жайратты.
Қазақ та жетіп, аралап,
Қылыш сілтеп шайқасты.
Қара жерден шаң шығып,
Бірін-бірі байқасты.
Қалмақтарды сол жерде
Шулатып қойдай жылатты.
«Райымбек!» деген шу шықты.
Кескілесіп екі жақ,
Қара жер қанға тұншықты.
Сарбаздары қазақтың
Аянбай кіріп майданға,
Қара жерден шаң шықты.
Салысып жатыр екі жақ,
Қанша адамнан жан шықты.
Райымбек батыр сол жерде
Көк атпен кірді ойнатып,
Сілтеп қылыш қалмаққа,
Жығып салды майданда
Екі көзін жайнатып.
О шетінен кіріп майданға,
Бұ шетінен бір шықты.
Қарсы келген қалмақты
Қылышпен ұрып жығады.
Айғайлап келген батырын
Қара жерге тығады.
Кешке жақын болғанда
Қалмақ қашып жөнелді
Торайғырдың тауына.
Қуып жетіп қазақтар
Ұрды қылыш жауына.

Көк ат кетті қызған соң
 Атқан оқтай атылып.
 Түсті қалмақ қолына
 Қазақтардың бас ұрып.
 Қалмақты қойдай шулатып,
 Шапқандай қасқыр ақырып,
 Сарбаздары қазақтың
 Келе жатыр жапырып.
 Ағызды қалмақ қандарын
 Қара судай сапырып.
 Жеткендерін ұрады
 Қылышпен шауып, жапырып.
 Тықты тауға қалмақты
 Жолбарыстай ақырып.
 Шапты қылыш қазақтар
 Шапқандай шөп жапырып.
 Қалмақ келіп тығылды
 Торайғырдың тасына.
 Ақырзаман орнады
 Қалмақтардың басына.
 Шыдап қалмақ келмеді
 Қазақтардың қасына.
 Қазақты талап жеп еді,
 Сондағы қалмақ осы ма?
 – Серке аға, енді тарт
 Секер ханның ордасына!

Қазақ сарбаздары Секер ханның ордасына келіп, толық жиылып тұрды. Райымбек батыр қазақ сарбаздарын үшке бөлді. Бақай батыр бастаған бірінші қол Алатаудың оңтүстік жағын тазалап шығып, Шөладырдан табысуға уәде жасады. Екінші қолды бастаған Сатай батырды Бұғытыны басып, Іле өлкесін қалмақтардан тазартып, Көктас асып, Шөладырдан табысуға жібереді. Атасы Ханкелді батырға айтты:

– Сіз жер жағдайын білесіз, бізді бастап Ағанас хан мен Арыс ханға апарыңыз. Ақырында барлығымыз Шөладырда бас қосалық, — деді.

Аралбай батырға айтты:

– Сіз мына қалмақтан түскен малға ие болып, тиісті жеріне жайғап қоярсыз. Халайық, қалмақтан күш кетті, шеттеп, қашып, сай-салаға мал тығып жүргендері болса, малдан айырып, жерді тазалауымыз керек, — деді.

Ағанас ханға Райымбек батыр бет алып жөнеледі.

Райымбек батыр келеді,
 Таң да қазір ағарды.
 Көкпек қалды, Торайғыр
 Қалмақтардан тазарды.

Енді батыр ұмтылды
Ағанасқа баруға,
Қалмақтардан біржола
Босатып жерді алуға.
Ағанас ханды өлтіріп,
Қалмақты шауып алуға.
Келсе жетіп ханына
Қалмақ қашып кетіпті,
Үйі қапты жалаңаш.
Мұны көріп батырың,
Алға қарай ұмтылды
Қашқан қалмақ ізімен.
Ақтоғайдың суынан
Өте қашқан қалмақты
Райымбек батыр көреді.
Көре сала батырың
Қамшы басты көк атқа,
Екпіндетіп жөнелді.
Екпіндетіп батырың
Шыбышының тауына
Енді жетіп келеді.
Қаптап келген қазақты
Қашып жүрген қалмақтар
Артына қарап, көреді.
«Қазақ қуып жетгі!» — деп,
Малын тастап қалмақтар
Алға қарай жөнелді.
Қалған малды қазақтар
Әрбір жерге топтады,
Ағанас хан мен Арысты
Шабуға қылыш саптады.
Жауынгері қазақтың
Шөладырдың тауына
Енді келіп тоқтады.
Жаңалай атты мінді де
Суытып оны баптады.
Ашу кернеп кей адам,
Әгар қалмақ көрінсе,
Садақпен тура атқалы.
Құдайдан жетіп қалмаққа,
Қазаққа қалды тапқаны.
Таңдап мініп жақсы атын,
Басына салды ноқтаны.
Райымбек батырың
Алды-артын жиюға
Шөладырға тоқтады.

Райымбек батыр алды-артын жиюға жата берсін. Ендігі сөзді Бақай батырдан естіңіздер

Бақай батыр жөнелді
 Түргенді басып, Асыға.
 Сарбаздары қазақтың
 Келе жатыр сабылып,
 Алмас қылыш асына.
 Тінту салып келеді
 Сай-саланың тасына.
 Қолдарында найзасы,
 Үкі таққан басына.
 Қазақ қуып жөнелді
 Қашқан қалмақ соңынан.
 Малың жиып тағы алды
 Далашықтың жолынан.
 Қалмақ тынбай жөнелді
 Таушелекті сағалап.
 Қашып келеді тоқтамай
 Үш Меркені жағалап,
 Сарбаздары қазақтың
 Түсірді малын қамалап.
 Өте шықты Бақай да
 Қарқараны сағалап.
 Тоқтамай қалмақ қашыпты
 Шұбарталды бұл басып.
 Шөладырдың тауында
 Бақай да кеп қосылды
 Райымбекке ұласып.
 Амандасты қазақтар
 Бір-бірімен шуласып.

Енді Сатай батырдың сапарына келейік.

Сатай бастап бір топты:
 «Қайда қалмақ қалды?» — деп,
 Бұғытыны бөктерлеп,
 Қалмақтан жерді тазалап,
 Сай-саланы тексермек.
 Қорын мен Секер өлген соң
 Қалмақ қашып жөнелді
 Шарынға қарай бет алып.
 Сартоғайға тоқтады,
 Біразырақ ес алып.
 Қазақ қатты келеді,
 Ізіне түсіп қалмақтың.
 Қазақ та қуып жетеді,

Қалмақтың көріп қарасын,
Алға қарай кетеді.
Түсіріп қазақ тағы алды
Айдап қашқан малдарын,
Кемпір менен шалдарын.
Қарсы келіп қалмақтар
Төкпей қашты қандарын.
Қалмақ қашып жөнелді
Қалжатты басып Қытайға.
Тыныш жүрсе басында
Қуғынға түсіп, жұтай ма?!
Сарбаздары қазақтың
Қырғызсайды бет алып,
Өрге қарай басыпты.
Келсе жетіп Ақсуға,
Қойын тастап қалмақтар,
Ірі малмен қашыпты.
Қуалап жүріп айдады
Кірін жумас сасықты.
Сарбаздары қазақтың
Іле жақтан тазартып,
Көктасқа қарай басыпты.
Көз жіберіп қараса,
Күнгеіінде Көктастың
Қойын жайып біреу жүр,
Енді оны көреді.
«Қалмақ тосып тұр ма?» — деп,
Қазақ та көңіл бөледі.
Найзасын ұстап қолына
Бұған жетіп келеді.
Қой шетінде бір шал жүр,
Анықтап мұны біледі.

Қазақ сарбаздары қой жайған шалдың қасына келіп жиылды. Сонда шал алдарынан шығып, бас қойып жылап, өз жағдайын айтты:

— Менің атым Мөңке, өзім кедей, екі қызым, бір кемпірім бар. Бір үйде төрт адам едік. Жылқы малдан — осы астымдағы жалғыз ат, басқа малым жоқ. Секер хан мен Қорын ханды қазақ сарбаздары өлтіріпті. «Қалмақты қазақ шауып келе жатыр», — деп, Көктастағы қалмақтар бірі қалмай қашып кетті. Осы Көктасты асып қашуға атым болмай, жалғыз үй қалдым. Осы қашқан елдің тастап кеткен бір отар қойына ие болып бағып, осы қойды жеп жатырмын. Мен мұсылман дініне кіріп, қазақ болуға уәде берем. Осы Көктастың сай-саласында көп мал қалды, — деді. Сонда Сатай батыр тұрып:

— Бұл шалдың айтып тұрғаны рас. Көктастағы қалған малды жиып, мына шалды көшіріп, Темірлікке орналастыр, — деп жарлық беріп, біраз адамды тастап, сарбаздарымен ілгері кетеді.

Көктастан шығып сарбаздар
 Көміршіге басады.
 Қашқан қалмақ жиылып,
 Алдарынан тосады.
 Тосқан қалмақ қазақпен
 Енді ұмтылып шайқасты.
 Біразырақ қан төгіп,
 Бірін-бірі байқасты.
 Қалмақ қашып жөнелді
 Қошқарға қарай сағалап,
 Қалмақты қолға түсірді
 Шибұтқа жетпей қамалап.
 Биеке батыр келеді
 Жүрген жерін тазалап.
 Тірі түскен қалмақтың
 Екі қолын байлатып,
 Тастап қашқан малдарын
 Жиғызып алды айдатып.
 Райымбек те қосылды,
 Қарсы келген қалмақты
 Бір-бір бастан жайратып.

Қазақ сарбаздарына Райымбек батыр айтты:

— Біздің адамдар сабылып кетті, сондықтан бес күн демалсын. Содан кейін Текеске қашып барып отырған Ағанас пен Арыс хандарға бет аламыз, — деді.

Қазақ сарбаздары демалып жата тұрсын. Енді Ағанас ханнан естіңіздер. Қашқан қалмақтар Ағанас ханға келіп, жылап айтқаны екен:

— Айналайын ханым-ау,
 Ойрантөбе ойылды,
 Секер ханым жойылды.
 Райымбек келді де
 Алмадай қақты мойынды.
 Шауып алды малымды,
 Шеттен қырып жеп жатыр
 Айдап баққан қойымды.
 Жалаңаш пен үш Мерке
 Тағы бізден бұл қалды.
 Райымбек тұрғанда,
 Енді бізге жоқ, — деді, —
 Әзір барсаң, ол жатыр,
 Шөладырға тоқтады.
 Астында бар көк аты,
 Райымбек деген сиқыршы
 Қылышын сізге саптады.
 Ұшқан құстай көк аты,

Оны әбден баптады.
 Тезірек қамдан, ей, ханым,
 Өтірік неге айтайын,
 Сізге жала жапқандай.
 Ұл мен қызды шулатып,
 Малға қосып ап қалды-ай!
 Айырылады сізден де
 Құшағыңдағы ақ маңдай.
 Қалмақты көрсе қазақтар
 Ұмтылады сақпандай.
 Райымбек деген біреу бар,
 Мініп алып көк атын,
 Ұшқан құстай атылад.
 Қарсы шықсаң алдынан,
 Қаныңды судай сапырад.
 Қанша қалмақ жиылса,
 Қасқыр тиген қойдай ғып
 Бір шетінен жапырад.
 Еңбекпен жиған мал қалды,
 Кемпір менен шал қалды.
 Екі қызым, бір ұлым
 Бозторғайдай шырылдап,
 Жау қолында бұл қалды.
 Талай жігіт қырылып,
 Талай қатын тұл қалды.

Мына хабарды естіген соң Ағанас хан мен Арыс хан ақылдасып, былай дейді:

— Қазақ сарбаздары Шөладырға келіпті. Енді бізді шабады. Мұнымен біздің шабысуға халіміз жетпейді. Сарбаздарымызды Секер ханның қарауына беріп едік, Секер ханның өзі де өлді. Біз бұрынғы Қытай жеріндегі атақонысымызға кетелік. Барлық қалмақтарға хабарлап, қалған еліміз бен малымызды айдап, үш күн ішінде Қытайға өтелік, — деп, еліне хабарлап, көше бастады. Қалмақ шегарадан өтіп қашатынын естіген соң қалмақтың қолында мал бағып, құлдықта жүрген қазақтар бір түнде баққан малдарын айдап қашып, Райымбек батырдың қарауына келді. Бұл босып келген адамдардан қалмақтың шегарадан өтіп қашып жатқанын естіп, қазақ сарбаздарына Райымбек батыр былай дейді:

— Қалмақтар шегарадан өтіп кетіп жатыр дейді. Ағанас өтіп кетіпті. Енді тез атқа мініңдер! Алла бұйырса, бір мұншасын түсіріп қалалық! — деп атқа мінді.

Райымбек батыр жол тартты
 Текеске қарай бет алып,
 Қашқан қалмақ соңынан.
 Шапса қылыш өтпейтін
 Жасалған сауыт тонынан.

«Ағанас түссе қолыма,
 Алсам, — деп, — шылбыр жонынан».
 Сарбаздары қазақтың
 Жұлдызы туып оңынан,
 Олжаға батты қазақтар,
 Кенеліп енді молынан.
 Қылышы бар белінде,
 Найзасы түспей қолынан.
 Тыныш жатқан қазақты
 Талап еді қалмақтар,
 Өз-өзінен қағынып.
 Құдайдан жетіп ақыры,
 Қытайға қашты ағылып,
 Қазақтарға шабылып.
 Қолға түсті ақыры
 Қазақтарға бағынып.

Ханкелді батыр тұрып айтты:

— Мына еңіске қарай ағып жатқан су — Сүмбенің суы. Бұл судың ар жағы — Қытай жері. Бұдан өтуге болмайды.

Райымбек батыр:

— Сіздер «Шалкөде өрлеп, тау асып, қалмақ қашты» дедіңіздер. Ол тау қалай аталады? — деп сұрады. Сонда Бақай батыр:

— Осы жатқан Сүмбе суын өрлей берсе, нақ сол қалмақ қашып жатқан Құмбел деген асудың дәл өзіне айқасады, — деп жауап берді. Мұны естіген Райымбек батыр:

— Олай болса, біз Аралбай батырдың тобын алып, Құмбелге шығып, Шалкөдені басып қайталық. Қалған сарбаздар Бурадасынның Көлтұзына барып жатсын. Біз қайта оралып, Көлтұзда бас қосалық, — дейді.

Бәрі «мақұл» деп, уәделесіп, екі жағы да жүріп кетті. Райымбек батыр Сүмбені өрлеп, Құмбелге шықса, көшіп жатқан қалмақтардың үстінен түседі. Қазақ сарбаздарын көрген қалмақтар малын тастап қаша жөнеледі. Қазақтар бұл малды айдап, Шалкөденің басынан түсіп, Шалкөде суын жағалап Шекарамбалға келеді.

Ханкелді батыр айтты:

— Енді соғыс аяқталды. Темірлік пен Жалаңаштан ары қарай жұртты қоныстандырайық. Ұлы жүздің халқын туған жеріне жайғастырып, сонан кейін жер ыңғайына қарай қанат жаялық, — деді.

Барлығы осы сөзді мақұлдап, елге тартты. Сонда Райымбек батырдың елге қарай бет алған сарбаздарының айтқаны:

Қазақ қайтты еліне,
 Қалмақты қырып, шаттанып.
 Қазақты қалмақ қуып еді,
 Алдық деп жерін, мақтанып.
 Секер хан мен Қорын хан
 Өлді деді тапталып.

Түсті малы қалмақтың
 Әрбір жерде топталып.
 Райымбек батырдың
 Қайраты мен айласы,
 Қазаққа тиді пайдасы.
 Белінде бар қылышы,
 Қолында бар найзасы.
 Қалмақты қуып Қытайға,
 Қазақ, енді жайнашы!
 Олжаға батты қазақтар,
 Омырауы алқылдап,
 Алатауды бөктерлеп,
 Жұртына қайтты жарқылдап.
 Сүйінші сұрап елінен,
 Кейбіреуі кетті сартылдап:
 – Айналайын ағалар!
 Өсіп-өнген жеріне
 Көшірелік елді енді.
 Қалмақтан босап Жетісу
 Жағдайымыз жөнделді!

Райымбектің толғауы:

– Енді, ағалар, айтарым,
 Тентіреп кеткен халқыңды
 Жетісуға көшіргін!
 Бәрін жинап бір жерге,
 Тел қозыдай өсіргін!
 Ел үшін өлді кей адам,
 Қабағына қаралық
 Артта қалған жесірдің.
 Сіздер кеттің аттанып,
 Жеттім қуып артыңнан.
 Рақмет алсам деп
 Жетісудың халқынан.
 Ілеге кеп жатыпсыз
 Өте алмай судан шалқыған.
 Түсуге суға ойландым
 Батасын алып халқымнан.
 Титтей жерім болмады
 Жаудан да судан тартынған.
 Кегін алып қалмақтан,
 Жетісуды босатып,
 Батасын алып мен қайттым
 Ұлы жүздің халқынан.

Орындаған: Шалдыбеков Ерболат
Нотаға түсірген: Жекен Махаббат

Жүрдек

5 Ей, Ай-на-лай-ын жан а-на, Рұқ-сат ма-ған бер а-на! Кет-кен қол-дың ар-ты-нан

8 Мен де же-тіп ба-рай-ын. Қал-мақ-тан кек-ті а-лай-ын. Қайт-па-сын ме-нің та-лай-ым.

11 Жа-рат-қан и-ем жар бол-са, Жау-ға ой-ран са-лай-ын! Бір Құ-дай-ым жар бол-са,

14 Қал-мақ-тан кек-ті а-лай-ын, Көп-ке ол-жа са-лай-ын. О-сы жол-дан тоқ-тат-па,

17 Қайт-па-сын-шы та-лай-ым. Ар ты-нан ба-рып а-та-ма, А-ра-ла-сып қа-лай-ын.

19 Сыр-ты-нан жү-ріп а-там-ды, Жау-дан қор-ғап қа-лай-ын.

21 А-таң-а нә-лет ит қал-мақ Же-ті-су-дан ай-ыр-ды,
қайыру
А-там кет-кен і-зі-мен, Ө-л(і)ақ қу-ып, ө-л(і)ақ қу-ып же-те-мін...





Болысұлы Мөкен (1907-1994) – ақын-жыршы, әдеби мұраларды жинаушы. Алматы облысы Райымбек ауданының Қарасаз аулында өмірге келіп, сонда қайтыс болған. Ауыл молдасынан сауатын ашып, кейін кеңес өкіметінің Саржаз ауылында ұйымдастырған сауаттандыру курсына оқыған. Отызыншы жылдары «Мирзоян» ұжымшарының төрағасы, аудандық атқару комитетіне қарасты Казторг кооперативінің бастығы қызметтерін атқарады. Кейін күдіктілер қатарына ілігіп, «халық жауы» деген желеумен қудаланып, 1938 жылы он жылға сотталып, Сібірге айдалады. Туған аулына 1955 жылы ғана оралып, ұзақ жылдар құрылыс саласында қызмет атқарады. Жұмыстан тыс уақыттарында шығармашылықпен айналысып, өлең-толғаулар жазды. Жыршылық өнерге де бет бұрып, «Өтеген батыр», «Райымбек батыр» сияқты жырларды өзінше жырлап, халық арасына таратты. Халық әдебиетінің үлгілерін жинаумен де айналысып, Қазақ КСР Ғылым академиясының штаттан тыс жинаушысы болды. Ел жадынан шығып, ұмытыла бастаған Жетісу ақындарының, би-шешендердің мұраларын іздестіріп, хатқа түсіріп, еліміздің қолжазбалар қорына тапсырып отырды.



Барақ батыр
Суретші Ж. Оңайбаев

БАРАҚ БАТЫР

«Барақ батыр» — XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы қазақ тарихында өзіндік ізін қалдырған, ерлігімен ел есінде қалған атақты батырдың тәуелсіздік жолындағы күресін баяндайтын көркем туынды. Жырда Табын Барақ батырдың Егіл мен Жайық бойын жайлаған қалмақтармен шайқасы, қалмақ билеушілері Алакөбекпен, Қатты Сыбанмен болған жеңісті жекпе-жектері, даңқты Сырым Датұлымен, Тіленшімен, ганышпан қарт Түтелмен, Досы бимен арадағы қарым-қатынасы, Ресей империясының қолшоқпары Ақсақ майормен соғысы және туған ұлы Асаудың ерлік істері нанымды суреттеледі. Туындының тарихи шынайылығы басым болғанымен, кейде көркем қиялдың қоюланып, тарихи нақтылықтан ауытқып кететін тұстары аз емес. Мысалы, Ақсақ майормен болған соғыста он екі жасар ұлы Асау асқан ерліктің үлгісін көрсетеді. Бұл ретте жыршы эпикалық дәстүрдің әсерімен оның жасын тым кішірейтіп жібергені аңғарылады. Шындығында, туындыда көрсетілген оқиға 1791 жыл өткендігі Сырым батырға қатысты ресми құжаттардан мәлім. Асау Барақұлы ол кезде ес тоқтатқан ересек азамат болғандығын оның өмірбаяндық мәліметтері айғақтайды. XVIII ғасырда қазақ даласына Барақ есімді бірнеше тарихи тұлға танылғаны белгілі. Оның алғашқысы Орта жүздің сұлтаны болса, екіншісі — орта жүз найманнан шыққан Көкжарлы көкжал Барақ, соңғысы — осы жырдың басты кейіпкері, Кіші жүз табын руының өкілі Барақ Сатыпалдыұлы.

Барақ батырға қатысты жырлар XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап хатқа түсіп, халық арасына тарап келді. Туынды жөнінде М. Вяткин, Қ. Жұмажанов, С. Сәкенов т.б. ғалымдар қалам тартып, зерттеулерінде құнды-құнды пікірлер айтты. Жыр нұсқалары әр жылдары «Асау—Барақ» жинағында (1993, 2004), «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2010, 60-т.) жарияланды. Еліміздің қолжазбалар қорында туындының қарақалпақстандық Ерқожа Құлпыбаев, Қайролла Иманғалиев, Наурызбек Раманқұлов, Алдаберген Тасқынбаев, Мүстежеп Ахметов, Ережеп Тілеумағамбетұлы, Ережеп Білеуов т.б. жырлаған нұсқалары сақталған. Томды баспаға әзірлеуде аталған нұсқалар, олардың басылым көрген үлгілері өзара салыстырылып, текстологиялық саралаудың негізінде Ерқожа Құлпыбаев нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды (480-бума).



Қолыма қалам алайын,
 Ақ қағаздың бетіне
 Қарадан сия жағайын.
 Жазайын деп ойлансам,
 Сөзге толық сарайым.
 Бір нұсқа артта қалуға
 Келтірген шығар орайын.
 Ер Барақты жыр етіп,
 Жазуға тұрмын мұғайым¹.
 Қатесі болса сөзімнің,
 Кешірерсіз, ағайын.
 Құлақ салсаң, жігіттер,
 Ер Барақтың сөзінен
 Азырақ қозғап қарайын.

Бұрынғы өткен заманда,
 Айтқан сөз босқа кетеді
 Сөз білмейтін наданға.
 Қалмақ пен қазақ сөздері
 Айтылып жүр жыр болып
 Осы күнгі адамға.
 Мекені еді қалмақтың
 Арқаның алты саласы,
 Жалпы жатқан даласы.
 Мекенінен қозғаған
 Біздің қазақ баласы.
 «Жалған» десең сөзімді,
 Шежіреден қарашы.

Асу, асқар белі бар,
 «Себер» деген жері бар,
 «Қара қалмақ» дейтұғын
 Есепсіз қалың елі бар.
 Сол қалмақтың елінде
 Алакөбек ері бар,
 Қатты Сыбан дейтұғын
 Халық сұраған ханы бар.
 Ала алмай жүрген қазақта
 Қалмақтың кеткен кегі бар.

Бір күндері болғанда
 Қатты Сыбан желігіп,
 Халқына жарды салады,
 Жұртын жинап алады:
 – Аттануға қазаққа
 Бар ма екен, – деп, – талабы?

¹ Мұғайым /араб/ – дәл, анық; расында, шынында.

Қол жиылып қалмақтан,
Алты мыңдай болады.
Алакөбек бас болып,
Мұсылманменен қас болып,
Қазақтың елін шабуға
Аттанып қалмақ барады.

Атғанды қалмақ белменен,
Қазақты шаппақ ойменен.
Қалмақ жүріп келеді,
Босқандағы өзінің
Салып кеткен жолменен,
Жылмиып жатқан қу дала,
Адам жүрмес жерменен.
Төтелеп асып келеді
Асу да асқар белменен.
Күн-түн қатып жол жүріп,
Ай жарымдай күн жүріп,
Жеріне қазақ келеді,
Ел қарасын көреді.
Қосынын төгіп көп қалмақ,
Ат жеңілтіп мінеді.
— Бүгін жатып демалып,
Тиелік ертең, — деп еді.

Сол күндері қазағым —
Бейқұт¹ жатқан ел еді.
Үстіне келген қалмақтан
Хабар таппай тұр еді.
Орта жүздің ішінде
Түгел батыр бар еді,
Аруағы зор еді.
Ақылы артық данышпан
Патшалармен тең еді.
Үш жүздің қазақ баласын
Ақылымен жайғарып²,
Басқарып тұрған сол еді.
Айтқанына Түгелдің
Қазақтың халқы көнеді.
Ақылмен ойлап алды-артын,
Халқының қамын жеп еді.

Қалмақ елінен шыққан соң бір жарым ай жол жүріп, қазақтың жеріне кіреді. Елдің қарасын көріп, бір өзеннің бойына қосынды төгіп: «Бүгін

¹ Бейқұт — хабарсыз, тыныш.

² Жайғарып — жайластырып, басқарып.

жатып демалып, ертең қазақты талқандап шауып алайық», – деп жатып қалды. Бұл күндері қазақтың елдері дұшпаннан қауіпсіз отырған ел еді, ел сүйгендей қазақтың арасында атақты батыры жоқ, бұрынғы Бөкенбай, Есет, Жәнібек деген аруақты ерлерінің қайтқан кезі екен. Солардың заманын көріп қалған Түгел деген бір ақылды, данышпан қарт адам бар екен. Сол кезде үш жүздің қазақ баласын тегіс басқарып тұрған осы Түгел қарт екен. Елдің шетіне ауыр қолдың түнегенінен хабарсыз Түгел қарт ордасында жатып қалды.

«Таң атқан соң қазақтың еліне тиерміз» деген түні Түгел қарт жатып, ұйқысында қорқынышты түс көреді. Көрген түсінен шошып оянып, түн ішінде үш жүздің қазақ баласын ат шаптырып, ордаға жинап алды. Басшы адамдарын ордаға алып, Түгел қарттың мезгілсіз халық жинағаны туралы сөйлеген сөзі:

Түгел қарт сонда сөйледі:
 – Келдің бе, жұрт, жиналып,
 «Не айтар?» деп ойланып,
 Шақырды, – деп, – не үшін?»
 Жүрмеңіз, жұртым, қиналып.
 Мен бір түнде түс көрдім,
 Түсімде мүшкіл іс көрдім.
 Елдің аулақ шетінен,
 Күннің шығар бетінен
 Бір айдаһар келіп жүр,
 Мұны көзім көріп жүр.
 Иреңдеген көп жылан
 Шағайын деп өріп жүр.
 Айдаһардың үстіне
 Аспаннан келіп ақ бұлт,
 Түсейін деп төніп жүр.
 Түсім шайтан болмаса,
 Ата жауым бұрыннан –
 Елімді қалмақ торып жүр.
 Айдаһардың үстіне
 Төніп жүрген ақ бұлт –
 Ерлерімнің аруағы –
 Елімді жаудан қорып жүр.

Көрген түсім аян-ды,
 Түсімнен шошып ояндым.
 Болмас едім жалғаншы
 Еліме берсең хабарды.
 Бір Аллаға сиынып,
 Қазағым салсын ұранды.
 Аттанып келсе жау қалмақ
 Халқыма берер зиянды.
 Жау қалмаққа жорыдым

Айдаһар менен жыланды.
Айдаһар болып көрінген —
Алакөбек қалмағың,
Төніп жүрген ақ бұлт —
Ақтан келген аруағым.
Алдынан қарсы аттансақ,
Кәпір жауға ат қойсақ,
Оң болар еткен талабым.
Бұл түсімді «жалған» деп,
Қапыл болма, қазағым.
Обалына қаларсың
Жылаған қатын-баланың.
Алакөбек аттанса,
Ауыр қолмен қаптаса,
Алмай кетпес алмағын,
Салмай кетпес салмағын.
Қырып кетер елімді,
Өлтіріп кетер ерімді.
Өртеп кетер көлімді.
Хабарсыз жатқан қазаққа
Көрсетіп кетер көрімді.
Аттанар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен қалса, қиын-ды.
Түсім шайтан болмаса,
Жеріме дұшпан құйылды!
Осылай деп Түгел қарт
Көрген түсін жорыды.

Осы түннің ішінде үш жүздің қазақ баласын жинап алып, Түгел қарттың аттанысқа шыққан жері.

Жиналып келген көп қазақ
Түгелге құлақ салады,
Айтқанына нанады.
Үш жүздің қазақ баласын
Ат шаптырып жинады.
Елдегі қару жинатып,
Жау құралын сайлады.
Үш жүздің қазақ баласын
Жау алдына айдады.
Бұл жігіттің ішінде
Кімдер бар да кімдер жоқ,
Аты шыққан ерлер көп.
Есет пенен Бөкенбай,
Арғыннан шыққан Жәнібек,
Тілегін берген бір Құдай.
Заманында ер болып

Қалмақты қырған бірталай.
Олардың өлген шағы екен,
Абылай сұлтан хан екен.
Үш батырдан басқасы
Сол сапарда бар екен.
Сол уақытта Түгел қарт
Сексенге шыққан шал екен.

Қарт та болса сайланып,
Беліне қару байланып,
Түгел батыр келеді
Азғана халқын айналып.
Түгел бастап келеді
Жасыл ала туменен,
Алтын жыға тонменен,
Жинап алған қазақтан
Мың жарымдай қолменен.
Сиынып Аққа келеді,
Рауан¹ жолға кенелді.
«Барлап жүр!» — деп алдына
Қарауылшы жіберді.
Жер қайысқан қалмақты
Қарауылшы көреді.
«Қалмақ жауың келді!» — деп,
Түгелге хабар береді.
Көп деген соң қалмақты,
Елге қайғы енеді.
«Бір тәуекел, Алла!» — деп,
Түгел батыр жөнелді.
Жаудан қорқып қайтпаған,
Атының басын тартпаған
Аруақты ер еді,
Кереметті пір еді.
Сол уақыттар болғанда
Шұбалған шаңды көреді.
Шаң астына қараса,
Алты мыңдай қол шықты,
Алты жерден көтерген
Желбіреген ту шықты.
Қанаты бар қара атпен,
Үсті толған болатпен,
Көк бүркіттей шаңқылдап,
Дулығасы жарқылдап,
Алакөбек ер шықты.
Көрінді жаудың қарасы,

¹ Рауан — «жарық, анық, түзу» деген мағынада.

Енді болды тамаша-ай!
Қарсыласып екі жау
Жақындап қалды арасы-ай.
Екі жақтан екі қол
Тұра қалды сап түзеп,
Бір-біріне оқ кезеп.
Алакөбек шығып тұр:
«Бір қазақ кел, — деп, — жекпе-жек!»
Қанын құйып қалтаға,
Басын ұрып балтаға,
Өзі батыр болғансын
Өлемін деп қорқа ма?
Алакөбек шығып тұр:
«Біреуің кел, — деп, — ортаға!»
Айтулы ердің бірі еді,
Қолында оғы кезеулі.
«Батырына қазақтың
Жекпе-жек шықсам!» — деп еді.
Ат ойнатып, ақырып,
Маңдайын аттың тіреді.
Ақырып қалмақ тұрады,
Адырнасын құрады.
Жыға деген бір батыр
Қалмаққа қарсы шығады.
Барған жерден Жығаны
Қалмақ атып жығады.
Жыға батыр өлген соң
Қазақтың белі сынады.
Бөкенбай, Есет, Жәнібек —
Соларды жоқтап, жылады.
Астында қара ат ойнайды,
Ішіп, қанға тоймайды.
«Батырың болса, шыққын!» — деп,
Қазақты сөгіп, қорлайды.
Алакөбек қалмаққа
Шығатын батыр болмайды.
Енді батыр шықпады,
Шыққанды қалмақ мықтады.
«Батырың болса, келгін!» — деп,
Қазақты сөгіп боқтады.
Қалмақтың айтқан бұл сөзі
Сүйектен өтіп кетеді,
Ту ұстап тұрған Түгелдің
Құлағына жетеді.
Сексенге келген Түгел қарт
Бұған не амал етеді?
Енді Түгел шықпаса,

Қазақтың ары кетеді.
 Кеткенменен тұрмайды,
 Қазақты шауып ұнтайды.
 Сонда Түгел толғайды,
 Жасыл туын бұлғайды,
 Жасы ағып көзінен,
 Қысылып қалмақ сөзінен,
 Жыламасқа болмайды:
 – Қайран қазақ елім-ай!
 Сыңды жаудан белім-ай!
 Белім сынбай не қылсын,
 Қырылды жаудан елім-ай!
 Есет пенен Бөкенбай,
 Арғыннан шыққан Жәнібек,
 Тілегін берген бір Құдай.
 Заманыңда ер болып
 Қалмақты қырдың бірталай.
 Қартайып тұрған шағымда
 Қысылды жаудан інің-ай!
 Осы бүгін жар болып
 Бір көрінсе көзіме-ай,
 Тарқар еді ішімнен
 Менің қайғы-шерім-ай!
 Қайтып келсейші баяғы
 Өткен жастық күнім-ай!
 Қайтып келсе сол күнім,
 Осы күнде өзім-ақ
 Жіберер едім қалмақты
 Жеті тамұқ¹ түбіне-ай!
 Өткен күнім келмейді,
 Қазасыз пенде өлмейді.
 Қартайып тұрған шағымда,
 Қайтып тұрған бағымда,
 Алакөбек кез болып:
 «Жекпе-жекке кел!» – дейді,
 Енді бұған не шара? –

Осылай деп, бейшара
 Жылап, толғап, еңірейді.
 Жылап тұрған өз көзі,
 Түгелдің айтқан бұл сөзі
 Жиналып тұрған қазақтың
 Құлағына кірмейді.
 Және Түгел толғайды:
 – Бір жаратқан Құдайым,

¹ Тамұқ — діни ұғым бойынша күнәһар адамға о дүниеде азап көрсететін жер, тозақ.

Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жәрдем берсең, Құдай-ай,
Пендеге бар ма уайым?
Қартайсам да халық үшін
Енді өзім шығайын.
Шығатұғын батыр жоқ,
Тумаса қайдан табайын?
Қазам жетсе қалмақтан,
Өлсем өліп қалайын.
Ақ шейітке қосылып,
Ұжмақтан¹ орын алайын.
Егер қазам жетпесе,
Бұл қалмақты қағайын.
Қайтер екен әлі де,
Сабыр етіп тұрайын.
Кешегі көрген түсімді
Осы бүгін сынайын.
Айдаһардың үстіне
Төніп тұрған ақ бұлт,
Сол бұлттан бар үміт.
Қалмақтың тобын бұзғандай
Шықпас па екен бір жігіт?

Сол уақыты болғанда,
Екі көзден жас ағып
Түгел қарт толғап тұрғанда,
Қабағын тастай түйінген,
Көк бүркіттей иілген,
Қас-қабағы бүрілген,
Қалың қолды қақ жарып
Шыға шапты бір шырақ.
Жауға шапқан баланың
Он сегізде жасы бар,
Қиылған қалам қасы бар.
Жас та болса баланың
Балаған мыңға басы бар.
Астында ақ боз аты бар,
Мойнында тұмар хаты бар.
Ескендірдей баланың
Басына біткен шахы бар.
Бір Аллаға сиынып,
Қалмаққа шапты қар құдар.
Баланы көріп қалмағың
Атының басын бұрады.
Атайын деп баланы,

¹ Ұжмақ — жұмақ, о дүниедегі рақатты, жайлы мекен.

Қалмақ оғын құрады.
 Атпай тұрып баланың
 Аты-жөнін сұрайды.
 Сонда қалмақ толғады:
 – Сен не қылған баласың?
 Оттай қаулап жанасың.
 Жас жаныңды аямай,
 Маған неге шабасың?
 Атайын деп мен тұрмын,
 Атсам, өліп қаласың.
 Ажалың айдап бара ма,
 Қайда шауып барасың?
 Қай батырдың сойысың¹,
 Қай қазақтың ұлысың?
 Жылдам білдір жөніңді,
 Қай қазақтан боласың?

Сонда бала сөйледі:
 – Мен қазақтан шыққан баламын,
 Қаулап, оттай жанамын.
 Байқап қара, қалмағым,
 Жас та болсам, аламын.
 Сендей көпір қалмақты
 Отқа өртеп жағамын.
 Абырой берсе Құдайым,
 Ит қалмақ, сенің басыңды
 Қанжығама таңамын.
 Менің жөнім осылай,
 Сені алмаққа барамын!
 Сонда қалмақ сөйледі:
 – Әй, жас бала, жас бала!
 Бола берме мас, бала!
 Қолым тимей жағаңа,
 Атыңнан жылдам түс, бала!
 Қолым тисе жағаңа,
 Боларсың көпке масқара.
 Тарта сөйле тіліңді,
 Міндет қылма дініңді!
 Қай қазақтың ұлысың,
 Қай батырдың сойысың?
 Жылдам білдір жөніңді!
 Сонда бала сөйлейді:
 – Мен айтайын жөнімді,
 Алаулаған қалмағым,
 Тыңдап қара сөзімді.

¹ Сой — түп тегі, ата тегі.

Бір Құданың құлымын,
Мұхаммедтің үмбеті,
Шын мұсылман өзіммін.
Анамның аты — Қарқара,
Сатыбалды ұлымын.
Нағашым Серке батырдың,
Сүйекті Серке сойымын.
Кіші жүздің ішінде
Руым менің табын-ды,
Аллаға сырым мәлім-ді.
Жіберуге келемін
Жеті тамұқ түбіне
Бір шыбындай жаныңды.
Қолыңнан келсе, аяма
Өзіңдегі барыңды!

Алакөбек қалмақтың үшінші сөйлеуі:

Сонда қалмақ сөйледі:
— Арқаның алты саласы,
Жалпақ жатқан даласы,
Мекені еді қалмақтың
Жайлаған ата-бабасы.
Байтақ¹ жатқан халқымды
Мекенінен қозғаған —
Сіздің қазақ баласы.
Сол себепті қазақтан
Алуға тұрмын кегімді,
Қыруға тұрмын еліңді.
Өлтірдім талай, жас бала,
Ортаға шыққан еріңді.
Әуелгі кезек менікі,
Кезегімді бер енді.
Қалаған жерден атамын,
Батыр болсаң, тұр енді!
Кезектесіп атысқан
Ерлерден қалған жол еді.

Барақтың үшінші жауабы:

Сонда бала сөйлейді:
— Алакөбек батырсың,
Дін дұшпаны — кәпірсің.
Қазақтың қатын-баласын
Қыруға келе жатырсың.

¹ Байтақ — «кең, бейбіт» деген мағынада.

Құдай білер мұныңды,
Ала бер, қалмақ, жолыңды.
Қалаған жерден ата бер
Кезеулі тұрған оғыңды.
Қазам жетсе, өлермін,
Бейнетім болса, көрермін.
Егер қазам жетпесе,
Мен де саған төнермін!
Осылай деп ер Барақ,
Қарсы қарап тұрады,
Алладан жәрдем сұрады.
Кәпірдің атқан оғына
Бір тәуекел қылады.
Сол уақытта жау қалмақ
Тұттай көзі жанады,
Күшін жинап алады.
Қорамсаққа қол салып,
Көп оғына жол салып,
Толықсып тұрған баланы
Толғап тартып салады.
Бала киген сауыт жоқ,
Не қылып аман қалады?
Ажалсыз жанға өлім жоқ,
Кәпірдің оғын қағады.
Оғы жөніне кетеді,
Алакөбек қалмақты
Ер Барақ енді не егеді?
Балаға кезек жетеді.
Астындағы боз атпен
Алдынан шауып өтеді.
Сауыттың ашық жеріне
Көзі түсіп кетеді.
Айналып батыр бұрылды,
Сауыттың ашық жеріне
Найзаны бала бұйырды.
Қабаттап киген ақ сауыт
Найза тиіп жырылды.
Қазақ байғұс «Аллалап»,
Бір Құдайға сиынды.
Түсіре алмай қалмақты
Бала көрді қиынды.
Әрлі-берлі ырғайды,
Аттан қалмақ аумайды.
«Кезегім менің бітті», — деп,
Қалмақ қарап тұрмайды.
Бұл да салды найзаны,
Алдырмасқа бұл кәпір
Істеп жатыр айланы.

Екі батыр алысты,
Бермеймін деп намысты.
Бірін-бірі ала алмай,
Алатын амал таба алмай,
Бірталай жерге барысты.
Малды салды қонысқа,
Бөтен амал таба алмай,
Алакөбек қалмағың
Балта салды ұрысқа-ай.
Ұрған балта өтпеді,
Шапқан қылыш кеспеді.
Алакөбек батырдың
Бұл жұмысы бітпеді.
Қанша ұрысып жүрсе де
Нағашысы Серкеден
Қалап алған ақ алмас
Батыр туған Барақтың
Сірә, есіне түспеді.
Мінді батыр күшіне,
Тұрсын қарап несіне?
Қылышты көзі көрген соң,
Беліндегі ақ алмас
Сонда түсті есіне.
Кәміл пірге сиынып,
Суырды белден алмасын.
Қиялай тартып қылышпен
Екі бөлді кеудесін,
Тастады кесіп кәлласын¹.
Қалмақ аттан құлады,
Ұзынынан сұлады.
Шын алтыннан соқтырған
Дулығасы бар екен,
Еңкейіп аттан алады.
Қанаты бар қара атты
Қосарлап батыр шабады.
«Батырың болса, келгін!» — деп,
Қалмаққа қарсы тұрады.
Алакөбекті өлтіріп,
Басына бақыт қонады.
Алакөбек өлген соң,
Ерлікті көзі көрген соң,
Жекпе-жекке шыға алмай,
Қалмақ қаптай шабады.
Жабыла қалмақ шапқанда
Қазақ қалай тұрады?

¹ Кәлла /парсы/ — бас.

Араласып екі жау
Жалпы соғыс болады.
Лалаулаған қалмаққа
Барақ қырғын салады.
Өліп жатқан қалмақтың
Қаны судай ағады.
Қалмақ қашып қазақтан
Сай-салаға бұғады.

Ерлікті Барақ асырды,
Қалмақты қырып, қашырды.
Бір Құдайым жар болып,
Алакөбек басылды.
Қартайса да Түгел қарт,
Бұл да қырып келеді.
Айтпай неғып кетейін
Сол секілді асылды?
Олжа көрсе, басатын,
Жауды көрсе, қашатын,
«Ер» деп неғып айтамыз
Мойынға түскен масылды?
Барады қашып қалмақтар,
Келеді қуып қазақтар.
Қашқан жауға қатын ер,
Бәрі де батыр боп кетті,
Алакөбек қалмаққа
Шыға алмай тұрған шырақтар.
Қалмақ қашты салатан,
Он сегіз жасар баладан.
Қашқанын біліп қалмақтың
Қуды қазақ даладан.

Бір уақыттар болғанда
Ер Барақтың қасына
Жетіп келді бір адам,
Ақ шалмасы басында,
Иман жүзді нұрлы адам.
— Қолыңдағы найзаңды,
Балам, бер! — деп сұраған.
Аруағын байқаса,
Қардай жауып бораған.
Бұл адамды көрмейді
Шауып жүрген аламан.
Қолыңдағы найзасын
Батыр Барақ береді,
Пірі екенін біледі.
— Қалмай, балам, ізімнен,

Адаспай ергін, – деп еді.
Әлгі алған найзамен
Қалмақты қырып келеді.
Қайратына қызығып,
Ізінен бала ереді.
Асқар төбе бел еді,
Кейде шауып жөнелді.
Ақ сәлделі адамның
Аруағы өрледі.
Қарсы келген қалмақтың
Жарылып өлді жүрегі.
Ізінен жетсе, қалмақты
Көк сүңгіменен түйреді.
Қалмақты қырып болған соң
Әлгі алған найзасын
Қайтып келіп береді.
– Бәрекедді, балам! – деп, –
Мен – Әзірет бабаң, – деп,
Ғайып болып жөнелді.
Әзіреті Қызыр бабаның
Шылауында жүргенін,
Қалмақты қырып бергенін,
Мұны ешкім білмеді.
«Алты мыңдай қалмақты
Барақ қырды», – деп еді.
Құдай артық жаратқан,
Оқ өтпейді Барақтан.
Жібермеді бір адам
Алты мыңдай қалмақтан.
Қалмақты қырып болған соң
Қас қарайып, күн батқан,
Бір мезгілде таң атқан.
Таң атқан соң Түгел қарт
Жар салып, халықты жинатқан.
Жинады батыр олжаны,
Сапарын Құдай оңдады.
Көп жиылған қазаққа
Сонда Түгел толғады.

Келген алты мың қалмақты өлтіргенін өлтіріп, өлтірмегенін тірідей ұстап, жау әскерінің ат-тонын олжалап, ертеңгі сәске кезінде бір төбенің басына Түгел қарт халқын жинап:

– Кешегі күні Алакөбек қалмаққа жекпе-жек шығып өлтірген бала қайда? Соны менің алдыма алып кел! – деп, Түгел қарттың толғағаны:

– Атқа міндік алмалап,
Қалмаққа шаптық «Аллалап».

Бір Құдайым жар болып,
 Қалмақты жеңдік олжалап.
 Көп жиналған Алашым,
 Бұл сөзіме сал құлақ.
 Алакөбек батырға,
 Бүкіл қазақ, бәрің де
 Шыға алмадың, қорғалап.
 Кәрілік, саған сене алмай,
 Бұл қорлыққа көне алмай,
 Сол уақыттар жыладым
 Көзімнен жасым сорғалап.
 Сол уақыттар болғанда
 Жыға батыр оққа ұшып,
 Қалмақ сөгіп тұрғанда,
 Қалың топты қақ жарып
 Шыға шапты бір шырақ.
 Аруағын байқадым
 Сол уақытта мен сынап.
 Зікір айтып пірлері
 Ортаға алды қоршалап.
 «Заманыңда ер болып
 Екі Барақ келер», — деп,
 Аян берді аруақ.
 «Әуелгі Барақ» дегенім —
 Қоныстың ұлы Құлбарақ,
 Заманыңда ер болып
 Өтіп еді сол Барақ,
 «Екінші Барақ» дегенім —
 Сатыбалды ұлы — бұл Барақ,
 Асынғаны — жау-жарақ,
 Алакөбек кәпірге
 Ұмтылып еді «Аллалап».
 Алакөбек кәпірді
 Өлтіріп еді паршалап.
 Кешегі бала сол шығар,
 Осы көпте бар шығар.
 Сол баланы алып кел,
 Қандай екен, көрейін!
 Егер Барақ сол болса,
 Жасыл туды ұстатып,
 Ақ батамды берейін, —

деп Түгел қарт толғап тұрғанда, қазақтың басты адамдары: «Кешегі Алакөбек батырға жекпе-жек шығып өлтірген бала қайда?» — деп жар салады. Баланы тауып, Түгел қарттың алдына алып келген жері:

Қазақ кеңес құрады,
 Алладан жәрдем сұрады.

Көп жиылған қазаққа
Түгел қарт толғап тұрады.
Түгелдің айтқан бұл сөзі
Көпке мақұл ұнады.
«Алакөбек қалмақты
Өлтірген бала қайда?» — деп,
Кіші жүзден сұрады.
Сол уақытта Кіші жүз
«Барақтап» ұран салады.
Барақтың ұран болуы
Сол заманнан қалады.
Кіші жүздің ішінен
Баланы іздеп табады.
Түгел қарттың алдына
Бала жетіп барады.
Сәлем беріп, иіліп,
Қолын барып алады.
Көрді Барақ батырды,
Алдына Түгел шақырды:
— Өлтірген бала сенбісің
Алакөбек көпірді?
«Көрейін», — деп көп қазақ
Баланың үстін жапырды.
Сол уақытта Түгел қарт:
«Кейін тұр!» — деп ақырды.
Сонда Түгел сөйледі:
— Айналайын балам-ай,
Алла болсын панаң-ай!
Рақмет болсын, шырағым,
Сені туған анаң-ай!
Балам, білдір затыңды,
Балдай сөзің татымды.
Ата-анаң, нағашың,
Білдірші маған баршасын,
Кім дейді қойған атыңды?
Қайырлы қылсын Құдайым
Басыңа біткен шахыңды!

Сонда бала сөйледі:
— Кереметті бабайым,
Жар болсын бізге Құдайым!
Қартайсаң да, бабам-ай,
Ақылға толық сарайың.
Сізді жауға шығарып,
Мен қалайша тұрайын?
Мен айтайын жөнімді,
Тыңдап қара сөзімді.

Сатыбалды баласы —
«Барақ» дейді өзімді.
Кіші жүздің ішінде
«Табын» дейді затымды.
Анамның аты — Қарқара,
Жібермен жауға ақымды!
Жеті атадан дұғалы
Нағашым — Серке батыр-ды.
Құдайым жәрдем болған соң
Өлтірдім қалмақ кәпірді.
Алайын деп батаңды,
Көрейін деп атамды,
Алып келдім жетелеп
Түсірген жаудан атымды.

Сонда Түгел сөйледі,
Бір Аллаға Түгелдің
Тілегі қабыл ер еді.
Алдындағы Бараққа
Қол жайып, бата береді:
— Айналайын Барағым,
Ойнасын жауда жарағың!
Кәпір жауға барғанда
Көтерілсін талабың!
Жүрген жолың ашылсын,
Атысқан жауың басылсын!
Атың шығып жаһанға,
Топырағың көпке шашылсын!
Жеті атаңа барғанша
Сары алтындай азбайтын
Айнымайтұғын асылсың,
Ерегіскен дұшпаның
Аяғыңа бас ұрсын!
Дәреже қонсын басыңа,
Өмір берсін жасыңа!
Кәпір жауға барғанда
Ақсарыбас қу болып
Аруақ қонсын қасыңа!

Осылай деп Түгел қарт,
Қол жайып берді батасын.
Жасыл туды ұстатып,
Түзеді пірдің сапасын.
Қанаты бар қара атты
Түгел қартқа мінгізіп,
Сыйлады батыр атасын.
Олжаға батып көп қазақ

Үлесіп олжа алады.
 Әр адамның басына
 Бірнеше аттан болады.
 Кірелеп нарға артылды
 Қырылған жаудың жарағы.
 Дұшпанын жеңіп, тыншайып,
 Еліне қазақ тарады.

Қалмақты жеңіп, ат-тонын олжалап, қазақтар әрқайсысы өз еліне аман-дасып, айырылысты. Келген алты мың әскерден еліне біреуін қайырмай, өлтіргенін өлтіріп, өлтірмегенін тірідей тұтқынға алды. Қазақтың еліне алты мың әскер аттандырған қалмақтың халқы не болғанынан хабарсыз қалды. Барақ батыр қазаққа жар салды:

— Қалмақтың еліне аттаналық! Біз өзіміз барып, қаласын бұзып, халқын талқандап шауып алмасақ, қалмақ бізге тыным бермес! Алты мың әскердің әлек болып, Алакөбектің өлгенін өзіміз естірмесек болмайды! — деді.

Барақтың осы бұйрығы бойынша байтақ қазақтың елінен қырық жігіт даярланыпты. Досы би дейтін ақылды данышпан би бар екен. Сол Досы биді басшы қылып, келген алты мың әскердің сүрлеу ізімен қырық жігіт пен Барақ қалмақтың елін іздеп кетті. Қызылдың қия шөліне шыққан соң, жосылған ізден адасып, қу мекен шөлге шығып кетіп, жолды таба алмай, аттары шөлдеп, қырық жігіт: «Кейін елге қайтайық», — деп уағдаласады.

Ер Барақ қырық жігітінің торыққанын біліп, Аллаға мінәжат етіп, көк найзаға сүйеніп тұрып толғаған жері:

— Байладым қару беліме,
 Олжа салып еліме.
 Және аттанып, қалмақтың
 Келемін түсіп ізіне.
 Жосылған ізден адасып,
 Шығып кеттім шөліне.
 Жанның басқан бір ізі
 Көрінбейді көзіме.
 Мінәжат етіп сиындым,
 Бір Жаратқан, өзіңе.
 Жаратып бізді шығардың
 Бұл дүниенің жүзіне.
 Қырық жігітке бас болып,
 Ерлігіме мас болып,
 Шығып ем елге көріне.
 Тілекті берсең, Құдайым,
 Қандырғын рақым көліне.
 Су таба алмай шөлдедім,
 Жан таба алмай меңдедім.
 Тілегімді берместей,
 Сүймейтін пендең мен бе едім?
 Ылдиы жоқ, өрі жоқ,

Құдығы жоқ, суы жоқ,
 Бұйра құмды қу дала,
 Су бітетін жері жоқ.
 Маңдай түзеп жүретін
 Жанның басқан ізі жоқ,
 Шығып кеттім адасып,
 Қу мекиен¹ далаға-ай,
 Енді қайтсам бола ма-ай?!
 «Жаяу айдап аттарды
 Барақ қайтып келді», — деп,
 Қалдырма бізді табаға-ай
 От басында отырған
 Елдегі қатын-балаға-ай!
 Мінәжат етіп сиындым,
 Бір Жаратқан, панаға-ай!
 Тілекті берсең, Құдайым,
 Аспаннан жаңбыр жаудырып,
 Бүгін суға қандырып,
 Жеткізсейші қолымды
 Қалмақ салған қалаға-ай!

Сол уақыттар болғанда,
 Көк найзаға сүйеніп,
 Батыр толғап тұрғанда,
 Сапарын Құдай оңдады.
 Бір сағаттай болмады,
 Қазандай қара бір бұлт
 Жауайын деп торлады.
 Су таба алмай тентіреп,
 Найзасымен жер тіреп,
 Бір Аллаға сиынып,
 Тұр еді батыр су тілеп.
 Қазандай қара бір бұлт
 Жауайын деп күркіреп,
 Бұлт ойнап келеді,
 Келе құя береді.
 Су сарқырап ағады,
 Тарыққанда осындай
 Тілегі қабыл ер еді.
 Шөлдеп тұрған батырлар
 Аттан түсе қалады.
 Аты менен өздері
 Суға мықтап қанады.
 Бір күн жатып, демалып,
 Ат оттатып алады.

¹ Қу мекиен /диалек./ — қу медиен, шөл дала.

Суға қанып алған соң,
Тілегі қабыл болған соң,
Жолды іздеп табады.
Жолға түсіп, батырлар
Қуанысып, шабады,
Қалмақтың елін табуға,
Қаласын бұзып, шабуға,
Күн-түн қатты жол жүріп,
Іздеп кетіп барады.

Батырлар бірнеше күн жол жүріп, қалмақтың бір бөлек қаласының үстінен шықты. Қырық жігіт қалаға көріне шабуға жүрексініп тұрғанда, Ер Барақтың қаланы көріп, қайраттанып, қырық жігітін қайрап, ағасы Досы биден ақыл сұрап толғаған жері:

Суға қанып алған соң,
Тілегі қабыл болған соң,
Көңілден қайғы кетеді,
Қалмаққа талап етеді.
Күн-түн қатып жол жүріп,
Не жерлерден өтеді.
Алакөбек жеріне,
Қалмақтың қалың еліне
Бір күндері жетеді.
Қалмақтың көрді қаласын,
Енді табар айласын.
Қаланы көріп алған соң
Қолына алды найзасын.
Басшы қылған алдында
Дос би деген ағасын:
«Шабайық, — деп, — қалаға!» —
Қайрады батыр жолдасын.
Енді іркіліп тұрмады
Қаланы көріп алған соң.
Жолдасына Ер Барақ
Біразырақ толғасын.
Сонда Барақ сөйледі:
— Ай, қырық жігіт, жолдасым!
Ақылдасым, мұңдасым!
Сендерді жауға бермеспін
Кесілмесе бір басым.
Қырық жігіттің ішінде,
Дос би, басшы ағасың.
Тар жерде ақыл табатын
Сен ақылға данасың.
Бүгін көрсет, Досеке-ау,
Көп ақылдың пайдасын!

Биікке шығып, қалмақтың
 Көріп тұрмыз қаласын.
 Қаласын бұзып, құлатып,
 Көл құсындай шулатып,
 Шығалық айдап қалмақтың
 Қатыны менен баласын.
 Іздеген жауым табылды-ай,
 Құдай ашқай бағымды-ай!
 Шаппаймысың, жігіттер,
 Жаулап келген жауыңды-ай,
 Аулап келген ауыңды-ай?
 Қырық жолдасым, шабыңдар,
 Қайтарма жаудан тауымды-ай!
 Өзім бастап шабамын,
 Ердің ісі – тәуекел,
 Керек пе елге уайым?
 Қаласын бұзып қалмақтың,
 Бір талқандап шығайын.
 Бізге жәрдем бере көр,
 Жаратқан ие Құдайым!
 Бүгін шауаш етелік!
 Өлсек, өліп қалармыз,
 Өлмесек, бұзып алармыз.
 Тұлымдысын тұл етіп,
 Аруларын күң етіп,
 Ат көтіне салармыз.
 Қырғын салып қалмаққа,
 От жіберіп шарбаққа,
 Қанын төгіп кәпірдің,
 Жіберелік тозаққа.
 Келіп тұрып бос қайтсақ,
 Болмай ма намыс Бараққа,
 Болармыз мазақ қазаққа.
 Ғазатқа шыққан ерлерді
 Жеткізген Тәңірім мұратқа.
 Кел, жігіттер, шабыңдар!
 Хабар тапса бұл қалмақ,
 Өтіп кетер ар жаққа,
 Хабар салар жан-жаққа.
 Сібірден әрі өткен соң
 Қиын болар алмаққа.

Барақ батыр қырық жігітіне бұлайынша кеңес айтты. Барақ батырдың кеңесін тыңдап тұрып, сонда Досы бидің айтқан ақылы:

¹ Шауаш ету /орыс/ – орыстың "шабашить", яғни біту, аяқтау деген мағынасында. Мәтінде «қырғын салайық» деген ұғымда.

Досы би сонда сөйледі:
– Айналайын Барағым,
Ойнасын жауда жарағың,
Жасы үлкен аға деп,
Ағаңнан ақыл сұрадың.
Ақылыма түсінсең,
Сабырлыққа шыдаңыз.
«Сабырдың түбі – сары алтын»,
Естіген жоқ па құлағың?
Сабырлықпен іс қылсаң,
Асыл болар мұратың.
Қалмаққа келдік аттанып,
Айтамын ақыл, сақтанып.
Айласыз батыр тез өлер
Ерлігіне мақтанып.
Жау қарасын көрген соң
Шабуға тұрмыз оқталып.
Алакөбек қалмаққа
Тұрғаның жоқ тоқталып.
Екі бөлдің кеудесін
Шамырқанып, шаттанып.
Мұны көріп, қуанды
Қазақ байғұс мақтанып.
Байлап қару белеңе,
Олжа салып еліңе,
Және аттанып қалмақтың
Келіп тұрмыз жеріне.
Айналырған қырық жігіт
Ер болсақ та көріне
Байтақ жатқан қалмақтың
Тие алмаймыз еліне.

Мен бір ақыл айтайын,
Көрінсе мақұл көбіңе.
Бұл сөзімді, Барағым,
Арнап айттым өзіңе.
Айбынды туған Барағым,
Құлағыңды сал сөзіме.
Қырық жігіттің ішінде
Қалмақтың тілін білетін
Ысылған жігіт бар болса,
Жансыз қылып қалмақтың
Жіберелік еліне.
Батырлық деген он түрлі,
Ақиқат батыр бір түрлі.
Алатын жауды найзамен
Тоғыз түрлі батырлық.

Болады батыр айламен,
Ақиқат батыр сен едің,
Тар жерде ақыл табатын
Ағаң Дос би мен едім.
«Әзір шаппай тұралық
«Лалаулаған» қалмақты,
Алармыз оңай», – деп едім.
Әзір шаппай тұралық,
Барағым, етпе балалық.
Жансыз болып қалмаққа
Біреуіміз баралық,
Өзі болып қалмақтың
Барып, жарды салалық.
«Алакөбек ел шауып,
Аман-сау қайтып келеді», – деп,
Сүйіншіні сұралық.
Біреудің кеткен баласы,
Аттанып кеткен қалмақтың
Атасы менен анасы
Алдыңнан шығар шұбалып.
Қыз-келіншек, әйелі
Қалмай шығар қуанып.
Қаладан аулақ шыққан соң
«Лалаулаған» қалмақты
Айламен сөйтіп алайық.
Айласыз батыр тез өлер,
Айламен нашар теңелер.
Айламенен іс қылсаң,
Сапарың сенің оңалар!

Досы би бұлай дегенсін,
Қасындағы қырық жігіт
Бір жерге қойды кеңесін.
Досының сөзін байқады,
Атының басын тартады.
Тайша деген бір жігіт
Сонда көпке айтады.
Тайша сонда сөйледі:
– Ақылын айтты Досекең,
Ақиқат ақыл осы екен.
Хабар таппай тұрғанда
Қаланың аузы бос екен.
Айтқанын мұның істелік,
Бұл ақылды кісі екен.
Мен барайын қалмаққа,
Құмар болып мен тұрмын
Жансыз болып бармаққа.

Қалаға жалғыз кірейін
Сиынып ата-аруаққа.
Жеті жасар күнімде
Қалмаққа түскен мен едім,
Тоғыз жылдай қалмақтың
Түйесін бағып жүр едім.
Он алты жасқа келгенде
Елге қашып келгенмін.
Сол себепті қалмақтың
Сөйлеп тілін білемін.
Жіберсең барып келейін,
Хабарын анық берейін,
Қазам жетсе өлейін.
Егер қазам жетпесе,
Қаласынан қалмақты
Бір шығарып берейін.

Тайша батыр қалмақша киініп, қабағын тастай түйініп, бір Аллаға сиынып, қалмақтың қаласына жалғыз кірді. Көп жиылып тұрған қалмақтардың ортасына барып, Тайшаның толғап тұрған жері:

Тайша деген ер еді,
Ерлігінің белгісі —
Аузы қанды бөрі еді.
Қаласына қалмақтың
Тайша жалғыз кіреді.
Барған күні Тайшаның
Қалмақтың мейрам күні еді.
Көп жиналған қалмаққа
Тайша тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Аттанып кеткен қазаққа
Алакөбек ер еді,
Аламаны көп еді.
Қазақты шауып, олжалап,
Аман-сау қайтып келеді.
Қазына-жасау жайнатып,
Аяқты малды тулатып,
Жесір айдап, шулатып,
Жүргізе алмай келеді.
Кештен қалмай қалаға
Осы бүгін кіреді.
Қасындағы жолдасы
Еріп жүрген мен едім.
«Елімді барып қуант!» — деп,
Мені жұмсап жіберді.
Алдынан шықсаң қуанып:

«Батыр, сауға!» – дегенге
Қалағанын береді.

Мұны естіп қалмақтар,
Қаладан шыға береді.
Тапқаны көлік мінеді,
Таппағаны жаяулап,
Жаяу жүгіре береді.
Тайша жарды салады,
Ақылсыз қалмақ нанады.
Қыз-келіншек, әйелі
Қалмай, шауып барады.
Қаладан аулақ шыққан соң
Аңдып тұрған батырлар
Қаршығадай шабады,
Еркегін қоймай қырады.
Қыз-келіншек, әйелін
Қамап ұстап алады.
Қайта кіріп қалаға,
Қазыналы жасауын
Кірелеп нарға артады.
Алды толған мал алып,
Шулатып жесір, жан алып,
Жолы болып Барақтың,
Аман-сау елге қайтады.

Барақ батыр қалмақтың бір бөлек елін шауып алып еліне қайтады. «Қаланы қазақ шауып алды», – деп, қалмақтың ханы Қатты Сыбанға хабар береді. Қатты Сыбан хан «халқымды қазақ келіп зәбірлейді» дегенді ойлап жүрген жоқ еді. «Алты мың әскермен Алакөбек батырымды қазаққа аттандырдым. Қазақты шауып, олжа алып келеді», – деп жүр еді. «Елді қазақ шапты!» дегенді естіп, халқынан үш жүз батыр ертіп, Көксуын деген тұлпар атын мініп, елін шапқан қазақтың артынан қуған жері:

Қатты Сыбан ер еді,
Ерлігінің белгісі –
Аузы қанды бөрі еді.
«Хан болып өзім тұрғанда,
Қаласына қалмақтың
Дұшпан келмес», – дер еді.
«Алакөбек батырым
Қазақты шауып олжалап
Келеді», – деп жүр еді.
Үш жүз қалмақ ертіп,
Елін шапқан қазақты
Баса қуып жөнелді.
Астындағы Көксуын

Маядай мойнын созады,
 Шапқан сайын қызады.
 Үш жүз атты қалмақтан
 Көксуын басып озады.
 Басын тартса тұрмады,
 Артына мойнын бұрмады.
 Сүйегі қызып кеткен соң
 Дегенді тұлпар қылмады.
 Көксуын тұлпар есірді,
 Төрт аяғын көсілді.
 – Айырып алып қалам, – деп, –
 Шулаған жетім-жесірді.
 Келе бергін артымнан,
 Жалғызбын деп тартынбан.
 Мың кісіге бір өзім,
 Сұраман көмек халқымнан.
 Көксуын тұлпар шапқан соң
 Жер танабы тартылған.
 Айырып алып қалайын
 Көп ұзатпай жақыннан.
 Кегімді алып қалайын
 Елімді шапқан батырдан.

Астындағы Көксуын
 Оқ жыландай атылған.
 Астына мінген көк атқа
 Сыбан хан қамшы басады.
 Шаңы шығып аспанға
 Күдірден күдір асады.
 Шаң-тозаңын суырып,
 Жер танабын қуырып,
 Қанатты құстай ұшады.
 Сол уақыттар Көксуын
 Арандай аузын ашады,
 Аяғын топтап басады,
 Бір төбенің тозаңын
 Бір төбеге қосады.
 Шапқан сайын оянып,
 Қара терге батады.
 Елін шапқан қазаққа
 Жететін қалмақ ұсады.

Қалмақтың елін шауып, жесір алып, мал айдап бара жатқан қазақтың батырларына Қатты Сыбан хан шаңы аспанға шығып қуып жететін болды. Қуғыншыны көріп, қырық жігіттің көңіліне қорқыныш, алаң кірді. Қасындағы қырық жолдасының қорқынышын сезіп, Ер Барақтың Досы биден ақыл сұрап, қырық жігітін қайрап, толғап тұрған жері:

Сонда Барақ сөйледі:
— Ай қырық жігіт, қырық жігіт!
Қуғыншы келді, тұр, жігіт!
Жауды көрсе, шабатын
Бәріміз де ер жігіт.
Қалмақ қуған ұсайды,
Енді ұрыстың қамын ет!
Бізге жәрдем бере гөр,
Бір Жасаған Құдірет.
Көрген жауың осы ма?
«Жау келді», — деп шошыма,
Аптықпа көңілім, сабыр ет.
Арт жағыма қарасам,
Будақтаған шаң шықты.
Шаң астына қарасам,
Бізді қуған жау шықты.
Алдымызда көгеріп
Аққан өзен су шықты.
Досеке, басшы ағасың,
Тар жерде ақыл табатын,
Сен ақылға данасың.
Бүгін көрсет, Досеке-ау,
Көп ақылдың пайдасын.
Көріп тұрмыз алыстан
Қуғыншының қарасын.
Ер жігіт қайтып бере ме
Қолындағы олжасын?
Ұйқы көрмей түн қатқан
«Қара қалмақ» дейтұғын
Қатты Сыбан болмасын!
Бір жолықпай қалар ма
Артымыздан қуғансын?
Қасымдағы қырық жігіт,
Қатты Сыбан қалмаққа
Қайсысың тұрып қаласың?
Арыстандай білекті,
Жолбарыстай жүректі
Қатты Сыбан қалмаққа
Батыр жігіт керек-ті.
Абыройлы боларсыз,
Тәңірім берсе тілекті.
Осы сапар, Досеке-ау,
Сендерге бердім кезекті.
Барақ сынды ініңе
Бермейсіңдер ме көмекті?

Досы би сонда сөйледі:
— Батыр туған Барағым,

Ойнасын жауда жарағың,
Жасы үлкен аға деп,
Ағаңнан ақыл сұрадың,
Тар жерде ақыл табатын
Ағаң — Досы би мен едім.
Жау жағымда тұратын
Аруақты інім сен едің.
Тар жерде ақыл таппасам,
Қол қайратқа кем едім.
Қасымда жүрсең, Барағым,
Дұшпанға бермес деп едім.
Қара тастан жаралған
Айнымаған жүрегің,
Беріп тұрсың кезегің,
Жау көрінбей тұрғанда
Бір кісіменен бір едің.
Жау қарасын көрген соң
Мың кісіменен теңелдің.
Қара тастан жаралған
Айнымаған жүрегің,
Қырық жігіттің кезегін
Берсең де бұлар ала алмас,
Қарсы тұрып қала алмас.
Буынғаның белеңе —
Балдағы алтын ақ алмас.
Сен тұрғанда бұлардың
Біреуі ұстап, шаба алмас.
Жасыңнан Барақ атанып,
Шамшырақтай тұтанып,
Аттанып едің қалмаққа
Түгел қарттан бата алып.
Артымыздан қуғыншы
Жау келеді тақалып.
Қатты Сыбан қалмаққа
Өзіңіз тұрып қалмасаң,
Біз қалармыз шаталып.
Малды айдап қуалық,
Ағып жатқан Есілдің
Өткелін тауып алалық.
Өткелін тауып алмасақ,
Бұрын өтіп қалмасақ,
Алдымыздан су шығып,
Артымыздан жау қуып,
Біз қалармыз қамалып.
Кетпесін жауға арымыз,
Алла болғай жарымыз.
Судың бергі жағында

Қалмасын олжа малымыз.
Тілімді алсаң, Барағым,
Қатты Сыбан қалмаққа
Өзіңіз тұрып қалыңыз!

Сонда Барақ сөйледі:
— Он сегіз мың ғаламға
Пана болғай, Құдайым!
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жәрдем берсең, Құдай-ай,
Пендеге бар ма уайым?
Олай десең, Досеке-ау,
Өзім-ақ тұрып қалайын.
Бұл секілді қалмақтың
Көрермін әлі талайын,
Иен аулақта ұрысып,
Бір құмардан шығайын.
Қырық жігітім, барыңыз,
Алла болғай жарыңыз!
Судың бергі жағында
Қалмасын олжа малыңыз.
Барақ інің сау тұрса
Дұшпанға кетпес арыңыз.
Досеке, жолға бастаңыз,
Жау келді деп саспаңыз.
Мынау Барақ ініңді
Жау бетіне тастаңыз.
Қазам жетсе өлермін,
Ақтың жөнін көрермін.
Егер қазам жетпесе,
Келе жатқан қалмақты
Бір тоқтатып берермін.
Абырой берсе Құдайым
Қанын жерге төгермін.
Ағып жатқан Есілге,
Аман болсам, Досеке-ау,
Артыңнан қуып жетермін!

Осылай деп Ер Барақ,
Қарсы тұрып қалады,
Алладан жәрдем сұрады.
Келе жатқан қалмаққа
Бір тәуекел қылады.
Шаң-тозаңын суырып,
Жер танабын қуырып,
Бала қарсы тұрады
Бір Аллаға сиынып.

Үш жүз атты көп қалмақ
Келе жатыр құйылып.
Кезеулі оғы қолында,
Аламаны соңында,
Келе жатқан қалмақтың
Тұр еді бала жолында.
Тұр еді жалғыз оңаша,
Енді болды тамаша.
Келе жатқан қалмақтың
Кескініне қараса —
Басы қара қазандай,
Кірпіктері сабаудай,
Екі көзі қалмақтың
Жанып тұрған панардай¹.
Аузын байқап қараса,
Қазып қойған ұрадай.
Аузынан шыққан түтіні
Бұрқырайды тұмандай.
Келе жатқан қарқыны
Арқадан соққан борандай.
Айбатына қараса,
Күркірейді қабандай.
Әр саусақтың жуаны
Жаңа туған баладай.
Тұрпатына қараса,
Балшықтан үйген моладай.
Түгі шығып сыртына,
Ысқырады жыландай.
Екі аяғы салақтап,
Екі көзі алақтап,
Сыбан қалмақ таянды-ай.
Сыбан жетіп келеді,
Жалғыз тұрған баланы
Сыбан қалмақ көреді.
Баланы көріп жау қалмақ
Сонда тұрып сөйледі:
— Мен бір жүрген лашын,
Жазып келдім құлашым.
Лашынның алдында
Қарға тұрар бола ма?
Не қылып тұрған баласың?
Өлмей тұрып жөніңді айт,
Елімді шауып, бүлдіріп,
Қайда қашып барасың?

¹ Панар /орыс/ — фонарь, шам.

Сонда бала сөйледі:

– Келдің бе, қу қалмағым,
Сенде көп-дүр алмағым.
Кәпір болдың сен қалмақ,
Дегенін қылмай Алланың.
Аллаға қарсы болған соң,
Сол себеп сені жауладым.
Жаулығым әлі біткен жоқ,
Жағаңнан қолым кеткен жоқ.
Батыр болсаң алып қал,
Көзіңнің қырын салып қал,
Есілден малың өткен жоқ.

Сонда қалмақ сөйледі:

– Қазақ деген ел едің,
Ежелден жауым сен едің.
«Қазақ шапты» деген соң,
Баса қуып келемін.
Алакөбек батырдың
Ағасы Сыбан мен едім.
Алты мыңдай қолменен
Аттандырдым қазаққа
Алакөбек ерімді.
Ол да барып бір жерден
Шапқан шығар еліңді.
Жылдам қайыр малымды,
Қазына-мүлік барымды.
Өлмей тұрып тастап кет
Қатын-бала, жанымды.
Қайырмасаң төгермін
Бір қасықтай қаныңды.
Менің атым – Сыбан ер,
Қашаннан халыққа мәлім-ді.
Өзің қандай, мен қандай,
Білемісің әліңді?

Сонда бала сөйлейді:

– Бір Аллаға жылармын,
Пірден медет сұрармын.
Сыбан болсаң, бола бер,
Мен де саған құмармын.
Көп сөйлеме, қалмағым,
Басыңды жерге тығармын.
Абырой берсе Құдайым,
Ит қалмақ, сенің басыңды
Қанжығама тағармын.
Батыр болсаң алып қал,

Көзіңнің қырын салып қал.
Алакөбек ініңді
Жекпе-жек шығып өлтірдім.
Еліңді шауып, бүлдірген,
Найзаға жүрек ілдірген,
Тұқымыңды тұл қылып,
Аруыңды күң қылып,
Ат артына мінгізген
Барақ атты баламын.
Өзіңменен жекпе-жек
Бір айқасып қаламын.
Атым — Барақ, танып қал!
Сен — бір жүрген қабансың,
Қарсы келдім, шалып қал!
Егер шалып қалмасаң,
Аларсың орын тамұқтан!

Осылай деп Ер Барақ
Қалмаққа өзін танытқан.
«Алакөбек ініңді
Мен өлтірдім», — деген соң,
Берейін хабар қалмақтан.
Қаһарланып, қарланып,
Қар жаудырды қабақтан.
Талап етті жау қалмақ
Алакөбек батырдың
Алуға қанын Барақтан.
Қорамсаққа қол салып,
Қардай оғын боратқан.
«Түсірем, — деп, — Барақты», —
Бір атқанда, мың атқан.
Қанша Сыбан атса да
Оқ өтпейді Барақтан.
Кереметті ер еді
Құдай артық жаратқан.
Қабыл болған секілді
Түгелдің берген батасы.
Қабыл болған батаның
Бар ма мұның қатасы.
Болып еді Түгел қарт
Қияметтік атасы.
Оқты қағып, тигізбей,
Қасында жүр баланың
Алла ұранды-ай қожасы.
Қабыл еді баланың
Жас күнде қылған тобасы.

Балтаменен салысты,
Қылышпенен шабысты,
Күшіменен қарудың
Бәрі қирап қалысты.
Тастай беріп қаруды,
Жағаға қолды салысты.
Қатты Сыбан ақырып,
Қайыра берді жапырып:
«Бермейін, — деп, — намысты».
Қатты Сыбан ер еді,
Өзі мықты, зор еді.
Жағадан ұстап баланы
Көк бүркіттей бүреді.
Пірлер жәрдем болған соң
Түсіре алмай келеді.
Батыр туған Ер Барақ
Екі қолы босанып,
Беліндегі алмасын
Суыра алмай жүреді.
Ғайып Ерен пірлері
Келіп, жәрдем береді.
Сол уақыттар болғанда,
Барақ мінген бурыл ат
Тізесін жерге бүгеді.
Сыбан мінген Көксуын
Қарқынмен жүріп кетеді.
Аты жүріп кеткен соң
Қолын жазып жіберді.
Айырылып қалды Барақтан,
Қолы кетті жарақтан.
Қайта айналып келгенше
Беліндегі алмасты
Суырды бала қынаптан.
Бір айқасып қалғанда,
Шапты батыр сағақтан¹.
Қан сорғалап тамақтан,
Қылыш өтіп кетіпті
Үстіне киген сауыттан.
Шамырқанып ұрғанда,
Жан қалмайды болаттан.
Таудай болған қалмақты
Ер Барақ аттан құлатқан.

Қалмақ аттан құлады,
Ұзынынан сұлады.

¹ Сағақ — тамақ, иек асты.

Балықтай шоршып қалмақтың
Жаны шықпай тұрады.
Сол уақытта Ер Барақ
Жәрдем болды аруақ,
Аттан түсе қалады.
Басын кесіп қалмақтың,
Ұртын тесіп танадай,
Шылбырменен ноқталап,
Қанжығаға таңады.
Бурыл аттың бір жағын
Бір басының салмағы
Қисайтып кетіп барады.
Қатты Сыбанды өлтіріп,
Басына бақыт қонады.
Көксуынды жетелеп,
Қосарына алады.
«Батырың болса келгін!» — деп,
Қалмаққа қарсы тұрады.
Сыбан батыр өлген соң,
Ерлікті көзі көрген соң
Кеудесін бағып Сыбанның,
Иіріліп қалмақ тұрады.
Батыр туған Ер Барақ
Сыбанды жеңіп, олжалап,
Көп қалмаққа қарамай,
Ағып жатқан Есілге
Қос тұлпарды салады.
Сөгерліктен келмеді,
Салып өте шығады.

Қырық жігітке Ер Барақ
Аман-сау келіп қосылды.
Ақылы толық Досыға:
— Маңдай түзеп, Досеке-ау,
Көшір, — деп айтты, — қосыңды.
Досы би елге жөнелді,
Рауан жолға кенелді.
Бірнеше күн жол жүріп,
Еліне аман келеді.
Атасы Түгел батырға
Көксуын атты береді.
Және батыр бата алып,
Қош айтысып жөнелді.
Бір өзіне батырдың
Он екі жесір тиеді.
«Батыр — сауға» дегенге
Үлестіріп береді.

Атқан мылтық тимеген,
 Шапқан қылыш өтпеген
 Кереметгі ер еді.
 Ақ некесі болмаса,
 Кісінің жарын сүймеді.
 Өзінің малы болмаса,
 Кісінің ақын жемеді.
 Қара жерді Ер Барақ
 Дәретсіз басып жүрмеді.
 Сол себептен Бараққа
 Кәпірдің оғы тимеді.
 Тисе де оғы өтпеген,
 Қасынан пірлер кетпеген.
 Егескен жауы болмаса,
 Мұсылман қанын төкпеген.
 Заманында ер болды
 Үстінен дұшпан өтпеген.
 Елдің болды қорғаны,
 Елін жаудан қорғады.
 Бөтен міллет¹ аттанып,
 Бұған көзін салмады.
 Заманында ер болып,
 Жайылды жұртқа аңызы.

Ауазынақтың тұсында,
 Қызылбастың патшасы —
 Нәдірше келіп әскермен,
 Хиуаның шәрін қамады.
 Қырдағы жатқан Бараққа
 Келді мұның хабары:
 «Келсін, — деген, — аттанып»,
 Ауазынақтың қағазы.
 Досы биді бас қылып,
 Аттанып Барақ барады.
 Нәдіршені қашырып,
 Аламанын қырады.
 Құлақ салсаң, халайық,
 Нәдіршенің шолақ топ²
 Сол заманда қалады.
 Дұшпанын жеңіп берген соң,
 Хиуаның ханы сыйлады.
 Досы биді би қойып,
 Барақ жарлық алады:
 «Үргеніштің байлары,

¹ Міллет /араб/ — ұлт, ел, жұрт.

² Шолақ топ /парсы/ — екі дөңгелекті бітелелі зеңбіректің түрі.

Бағып ақша, жайлары,
Ала шапан, ақ мата,
Қырға шыққан жайдары.
Бес мата мен бір шапан
Бересің, — деген, — Бараққа»
Хиуа ханының пәрмені.
Хан жарлығы болған соң
Бермеске бар ма амалы?
Мұнша артық жаратқан
Бір Аллаға Барақтың
Бар ма екен арманы?

Атасындай ер болып,
Арыстандай шер болып
Барақтан Асау туғаны.
Он екі жаста аттанып,
Беліне қару бұғаны.
Осы жерден басталар
Барақ пен Асау болғаны.
«Асау, Барақ» атанып,
Алты алаштан озғаны.
Ақсақ қара майырды
Көп солдаттың ішінен
Асаудың ұстап алғаны.
Сібірге кеткен жерінен
Айшуақ ханды алдырып,
Басына бақыт қонғаны.
Құлақ салсаң, жігіттер,
Сол жерден бастап қозғалы.

Енді «Барақ батыр» қиссасының екінші бөлімінің мәнісі мен мағынасын оқып, түсінерсіздер.

Ол заманда сұраған
Әбілқайыр хан еді.
Қара қазақ халқына
Ағарып атқан таң еді.
Атасы өлсе, баласы
Мұрасын ұстар заң еді.
Теңдіктің тапқан қапысын
Нашардың күні зар еді.
Әбілқайыр ханның
Бес баласы бар еді.
Айшуақ пенен Нұралы,
Еділ, Есім, Ералы —
Әбілқайыр өлгенсін,
Хан болып халыққа тарады.

«Хан болам», — деп Ералы
Бесқалаға барады.
Байұлына хан болды
Отыз ұлды Нұралы.
Қаратай менен хан Бөкей
Нұралы ханды аулады.
Әлім менен жетіру
Айшуақ ханды қалады.
Жетіруға хан болып,
Алтын тағын құрады.
Айшуақ ханның дәуірі
Нұралы ханнан озады.
Күншілдік деген қиын ғой,
Жақындықты бұзады.
«Кіші жүздің еліне
Өзім сұлтан болам», — деп,
Айшуақ хан да қуанды.
Ол заманда сұраған
Паулы патша дер еді.
Күннен күнге көбейіп
Келе жатқан кезі еді.
Орынборды сұраған
Ақсақ майыр төре еді.
Дәрежесі зор еді,
Патшадан соңғы сол еді.
Ақсақ қара майырға
Нұралы хан келеді.
Айшуақ ханның үстінен
Шағым арыз береді.
Арызының ішінде
Жазған сөзі бұл еді:
«Айшуақтың бұл күнде
Қазақ деген елі бар,
Елек, Қобда жері бар,
Барақ деген ері бар,
Жайықтан өтіп, орыстан
Жезие¹ алар көңілі бар».

Осылай деп майырға
Нұралы сөзін бастады,
Жақындықты тастады.
Нұралы ханның бұл сөзін
Ақсақ майыр қоштады.
Айшуақ ханды шақыртып,
Орынборда ұстады.

¹ Жезие /орыс/ — лауазымды, шенді білдіретін белгі.

Айшуақ ханы ұсталып,
Көңілінен кетті хоштығы.
Айшуақ ханның бар еді
Барақпенен достығы.
Оқыған жастан өнері —
Қаламға жазғыш шебері.
Сәлем жазып Айшуақ
Інісі Әділ төрені
Самдағы Барақ батырға
Күн-түн қатып жіберді.
Құстай ұшқан күреңді
Қайырып, баптап мінеді.
Самдағы Барақ батырға
Қамшы басып жөнелді.
Құстай ұшқан күреңмен
Күн жарымда келеді.
Айшуақ ханның сәлемін
Батырға келіп береді.
Айшуақ ханның сәлемін,
Пешеттеп берген қағазын
Ашып, оқып көреді.
Сәлемінің ішінде
Жазған сөзі бұл еді:

«Қолыма алдым хат-қалам,
Алладан басқа жоқ панам.
Айдынды туған Бараққа
Дұғай-дұғай көп сәлем!
Бұл сәлемнің соңынан
Біздің халді сұрасаң,
Бұрылуға жоқ шамам.
Ақ сүйекті хан едім,
Дұшпанға түсіп қор болдым.
Қай қазақтан кем едім,
Қылыш ұрған кәпірге
Аруақты ер едім.
Арқама таңып қазақты,
Дұшпанға табан тіредім.
Қазақ үшін ұсталып,
Айдалып Сібір жөнелдім.
Бар қуушы інім Әділді
Сізге арнап жібердім,
Елімде біреу жоқтаса.
Шағымменен шақыртып,
Ақсақ майыр ұстады,
Нұралы сөзін қостады.
«Ақсақ майыр» дейтұғын —

Патшадан соңғы бастығы.
Шағымменен ұстатқан
Нұралы ханның қастығы,
Отыз ұлдың мастығы.
Нұралы берді шағымды,
Ұшырды бастан бағымды.
Суық теңіз өткеріп,
Ел-халқымнан айырды.
Болғаным бекер, Барағым,
Мені жоқтап аттанып,
Ақсақ қара майырға
Көрсетпесең зайырды.
Келер едім Сібірден,
Мендей қылып ұстасаң
Ақсақ қара майырды.
Дұғай-дұғай көп сәлем
Айдынды туған Бараққа!
Үш ананың баласы —
Дін мұсылман қазаққа!
Қазағымның ерлері
Қалмай шықсын ғазатқа.
Ғазатқа шыққан ерлерді
Жеткізген Құдай мұратқа.
Ұсталдым деп білдірді,
Патша менен санатқа.
«Аттанып Барақ келер, — деп, —
Қаланы бұзып кірер», — деп,
Мұнанайды толтырды
Атты казак солдатқа.
Мені Барақ жоқтасын,
«Досым» десе, жатпасын.
Көк арбаға таңылып,
Мен Сібірге жөнелдім
Тұтқынның киіп ноқтасын.
Қазағыма көп сәлем!
Аты болса, баптасын,
Қаруларын таптасын,
Ақ сүңгісін саптасын.
Қазағымның ерлері
Көңіліне қайрат сақтасын.
Ат шаптырып халыққа
Орынборға аттансын!
Ер Бараққа көп сәлем,
Сәлемімді сыйласын,
Мұның түбін ойласын.
«Құдай» дескен дос болса,
Ердің қолы бос болса,

Мен үшін жанын қинасын.
Аз етпесін, көп келсін,
Бір ерлікке сенбесін.
Қатуланып, қарланып,
Аз кісімен келмесін.
Жасыл туды байласын,
Жау жарағын сайласын.
Үш жүздің қазақ баласын
Ат шаптырып жинасын.
Бір жағында адай бар,
Адай түгіл, талай бар.
Он екі ата байұлы,
Дін қарындас ноғай бар.
Алты аталы әлім бар,
Жеті аталы жетіру,
Алты алашқа көп сәлем,
Менің мұндай әлім бар!
Ер Барақтан қалмасын,
Жалтылдатып найзасын,
Жай бұлтындай жайнасын!
Қазағымның ерлері
Ішіп, қанға тоймасын.
Сөйтіп көрсін Барағым
Ақсақ майыр қаласын.
Майырды тірі ұстасаң,
Құртасың сонда шарасын.
Тез келтіріп Сібірден
Сонда мені аласың,
Қолыңа майыр түспесе,
Бір көре алмай қаласың
Айшуақ ханның қарасын.
Әрқашан да бұл сөзім
Жадында болсын, Барағым,
Білдірдім істің шамасын».

Хан сәлемі келгенсін,
Ашып оқып көргенсін,
Шамырқанды, шаттанды,
Әр тарапқа хат салды.
Шөміштінің ерлерін
Жинап алып аттанды.
Қаражонда Маман бар,
Маман бұзған қамал бар.
Ақыл тауып беретін
Досы бидей дана бар.
Аты жоққа ат берген,
Құдай артық бақ берген

Алдасүгір мырза бар,
Қатарлап тіккен орда бар.
Асан қожа пірі бар,
Батыр Барақ ері бар.
Сол заманда қазақтың
Қай халықтан кемі бар?
Алдасайдың баласы —
Бармақ батыр тағы бар.
Жалпақтілді Құламан —
Батыр жігіт Таламан,
Жау қарасын көргенде,
Бір басын мыңға балаған.
Ішінен Барақ шыққан соң
Құдай ісін қалаған.
Жалтылдатып жарағын,
Алдына салып Барағын,
Аттанып шықты аламан.
Атқа мінді азаннан,
Батыр шықты Сазаннан
Көней менен Тауасар
Туғаннан туға таласар.
Желбіреген жасыл ту
Ер Бараққа жарасар.

Аттан жері «Сам» екен,
Қару-жарақ сай екен.
Қалмай батыр аттанды,
Тартқаны садақ-жай екен.
Асау батыр сол күнде
Он екі жасар бала екен.
«Иман ислам» үйреніп,
Молдаға оқып жүр екен,
Қасым қожа пірі екен.
«Қалма, балам, аттан!» — деп,
Асамен түртіп оятып,
Бермеді маза қожекең.
Қойшының мініп көк атын,
Беліне байлап болатын,
Қол соңынан жөнелді.
Ізінен Асау келгенсін,
Көлденең Жемнен өткенсін,
Жан-жақтағы қазаққа:
«Аттан!» — деп хабар бергенсін,
Жоғарылы-төменнен,
«Үш ананың баласы —
«Мен қазақпын» дегеннен,
Аттанды батыр қазақтан,

Тілеу менен Қабақтан.
Алты әлімнің баласы:
«Қалмайын, – деп, – Барақтан»,
«Бақтыбайлап» ат қойып,
Қосылды келіп ұзақтан.
Мұнан бөтен тағы да
Атғанды батыр адайдан,
Жәрдем тілеп Құдайдан.
Адайлардың батыры
Ер Бараққа қосылған.
Байұлында батыр көп
Жауменен ұрысып ысылған.
Он екі ата байұлы,
Аузын бірлеп мұсылман,
Тап-табымен аттанып,
Өзінің жүрген жерінен.
Байұлыға бас болып,
Аруаққа мас болып,
Атақозы менен
Сырым би келіп қосылған.
Жағалбайлы, тілеулі
Батырлары елеулі.
Бес қаруы белінде,
Қолында дайыр білеулі.
Керейіт пенен кердері,
Тама, табын, рамадан –
Жетірудың елдері.
Осы емес пе ерлердің
Көрінетұғын жерлері?!
Бөкенбай ұлы Тіленші
Нарға артып қосыңды,
Тастама жауға досыңды.
Жетіруға бас болып,
Алтын ерге қас болып,
Тіленші келіп қосылды.
Аттанбай батыр қалмаған,
Тілек тілеп Алладан.
Тамам батыр бас қосып,
Жөнеліп кетті құбыладан.

Жөнелді батыр Електен,
Аузы кетпей тілектен.
Атақозы, Сырым би
Електен бәрі бір өткен.
Електен әрман өткен соң
Байұлының ерлері
Әскерін бөлек жөнелткен,

«Күйік» деген қаланы
Шабамыз деген ниетпен.
Он екі ата Байұлы
Етек-жеңі жаюлы.
Байұлының ерлері
Орта жолға барғанда
Аламанын айырды.
Батыр Барақ жөнелді:
Ұстайын деп майырды,
Аузы түкті кәпірге
Көрсетуге зайырды.
Сырым батыр жөнелді
Күйік қалаға баруға,
Байұлы болып бөлініп,
Бөлек олжа алуға.
Намыс етіп Бараққа
Нөкер болып еруге.
Поселке¹ қылып Бараққа,
Жөнелді Күйік қалаға.
Күйік қалаға жете алмай,
Сол күні қонды араға.
Араға сол күн қонады,
Басқа болды талабы.
Атақозы батырдың
Көзі ұйқыға барады.
Түсінде көрді Барақты,
Қасында көрді батырдың
Ақ сәделі қожаны.
Жауайын деп ақ бұлт
Төбесінде батырдың
Торлап кетіп барады.
Құс қырғыны — бидайық
Ер Барақтың үстінде
Ойнап кетіп барады.
Жез бұйдамы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында
Боздап кетіп барады.
Ақ сәделі пірлері
Ер Барақтың қасында
Қолдап кетіп барады.
Осы түсті көреді,
Атақозы оянып,
Сырымның келіп қасына
Атақозы сөйледі:
— Көлденең жатқан су Жайық,

¹ Поселке /орыс/ — ауыл.

Су жүзінде қу қайық,
Батыр Сырым, жолдасым,
Көп жиылған халайық,
Мен бір түнде түс көрдім,
Көрген түсім ғажайып.
Ер Барақтың үстінде
Бір ақ бұлт барады.
Жауайын деп тұр жайып,
Қанат қағып барады.
Ер Барақтың үстінде
Құс қырғыны — бидайық,
Жез бұйдалы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында
Боздап кетіп барады,
Жез мұрындық сарғайып.
Ақ шалмалы пірлері
О да кетіп барады
Дұға беріп, қол жайып.
Жорысын деп түсімді,
Сізге келдім оянып.

Сырым би түсін жорыды:
— Жақсы ниет ойға алып,
Жорыдым, батыр, түсінді,
Алла оңғарғай ісіңді!
Он екі ата байұлы,
Біріктірдің күшіңді.
Аттанды Барақ ар үшін,
Біз аттандық мал үшін.
Бұл ниетпенен жүргенде
Бізге қалай дарысын?
Бұл ниетті тасталық,
Ақ жолына басталық.
Аруақ аунап кетіпті,
Біз Барақтан қашпалық,
Хас масқара болармыз
Абыройдан бос қалып.
Барақпен бірге болайық,
Төбесінде Барақтың
Қанат қағып ойнаса
Құс қырғыны — бидайық.
Бидайықтай қуырып,
Ақ алмасын суырып,
Барақ тиер майырға.
Ұстап алып майырды,
Айналар ісі қайырға.
Жауайын деп ақ бұлт

Төбесінде торласа,
 Ол — аруақтың иесі.
 Боздап жүрген нар тайлақ —
 Пірлердің мінген түйесі.
 Жезден болса бұйдасы —
 Мойнындағы кресі.
 Арағын ішкен ақыртып,
 Нар тайлақтай бақыртып,
 Ұстап алар майырды,
 Заманасын қапылтып.
 Алдырып берер Сібірден
 Айшуақ ханды шақыртып.
 Ақ сәлделі пірлері
 Алдында жүрсе, қол жайып,
 Ердің жолын ашқаны.
 Біз Барақтан қашпалық,
 Түсіңді жорып қарадым.
 Барақта емес, бізде айып,
 Қосылайық Бараққа,
 Мініңдер атқа, халайық.

Атақозының көрген түсін Сырым би жорып: «Біз аруаққа кінәлі болған екенбіз», — деп, пікірін өзгертіп, қайтадан аттанып, Барақтың тобына келіп қосылды. Атақозы мен Сырым би әскерін бөліп, бөлек жөнелген кезде Барақ батыр еш нәрсе айтқан жоқ, қайтып қосылғанда да еш нәрсе айтпады. Батырлар аузын бірлеп, Орынбордың қаласына жетеді. Ақсақ майыр: «Айшуақ ханды айдап жібергені туралы қазақтың ерлері аттанып келер», — деп әскер жиып, сақшы қойып отырады екен. Қазақтың әскерінің аттанып келгенін барлаушыдан естіп, патшалық туын көтеріп, әскерімен қазақтың ерлерінің алдынан шықты.

Ақсақ майырдың әскер жиып, құралданып алдынан қарсы шыққанын көріп, қазақтың ерлері кеңес құра бастады. «Бұрынғы қазақтың аруақты ерлерінен қалған кереметті туды Барақ ұстап келеді. Басшылық абырой Барақта тұр. Туды ұстайтын жол Барақтікі емес еді», — деп, әр рудың ерлері туға таласқан нышанын білдіріп тұрды. Ерлердің көңіліне алалық кіргенін біліп, батыр Барақтың ту ұстайтын орынды қазақтың ерлерінің алдына салып сөйлеген сөзі:

Аттанды батыр саладан
 Аузы кетпей тобадан.
 Аттанып Барақ келгенсін
 Отряд шықты қаладан,
 Қаласына кіргізбей
 Ұрысайын деп даладан.
 Ақсақ майыр Романов
 Солдатын айдап шығарған.
 Көп солдаттың ішінде

Ақсақ майыр тұрады,
Ортасында ту алып.
«Ұстаймыз, — деп, — майырды», —
Батырлар тұр қуанып.
Батырлардың алдына
Барақ келді ту алып.
Батыр шыққан Алаштан,
Ер қайратын сынасқан.
Желбіреген жасыл ту
Ер Бараққа жарасқан.
Жау қарасын көргенсін,
Атганып келген батырлар
Ұстауға туға таласқан.
Таласып тұрған ерлерге
Барақ келіп жол ашқан.
Сонда Барақ сөйледі:
— Он сегіз мың ғаламның
Бір Құдайым панасы.
Алла пана болғасын,
Пенденің болмас шарасы.
Келіп тұрған жеріміз —
Текенің мықты қаласы.
Ұрысайын деп тұрған жер —
Қаланың сыртқы даласы.
Бірлесіңіз, халқым-ай,
Болмасын ауыз аласы!
Жау қарасын көргенсін
Тудың болды таласы.
Таласып тұрсың ұстауға
Үш ананың баласы.
Үш ананың ішінде
Әлім еді ағасы.
Әлім аға болғансын
Жол сенікі, ұстаңыз,
Ұстап жауға бастаңыз,
Ұстамасаң туыңды,
Ала алмасаң жолыңды,
«Ағамын» деген сөзіңді
Мұнан былай тастаңыз!
Әлімнен қалса, байұлы,
Байұлының ұстайды
Ішіндегі шайыры.
Ту ұстайтын батырдың
Енді келді қайымы.
Байұлының бастығы —
Атақозы, Сырым би,
Орта жолға келгенде,

Аламанын айырды.
Атақозы түс көріп,
Әжептәуір іс көріп,
Әскерін тағы қайырды.
Байұлының бастығы –
Атақозы, Сырым би,
Жасырдың бізден сырыңды,
Жөн деймісің мұныңды?
Жасырсаң да сырыңды,
Беріп тұрмын жолыңды.
Бастап айтып келемін
Ту ұстайтын орынды.
Жолдасым, бірің ту ұстап,
Босатып жібер қолымды.
Ұстамасаң туыңды,
Ала алмасаң жолыңды,
«Батырым» деп мақтама
Жылқы ұрлаған ұрыңды!

Жақсының сөзі баянды,
Батырлар туға таянды.
Сырым би бөлек кеткенде,
Ер Барақтың пірлері
Берген екен аянды.
Ер Барақтың сөзінен
Атақозы, Сырым би
Төмен қарап ұялды.
Байұлының соңынан
Енді келді жетіру,
Жауды көрсе құтыру.
– Батыр шыққан ішінен
Тама, табын – екі ру.
Бөкенбай, Есет, Жәнібек!
Осы бүгін жар болып,
Кереметті бір көрсет!
Есеттің ұлы Құрымшы,
Жасанған жауға ұрыншы.
Атаның туын өңгеріп,
Халықты аузыңа меңгеріп,
Бүгін жауға көрінші!
Ұстамасаң туыңды,
Азып туған атадан
Сен бір жүрген көрімші.
Ту ұстайтын бір орын –
Бөкенбай ұлы Тіленші,
Көк темірге бөленші.
Атаның туын көтеріп,

Бүгін жауға жөнелші.
Қайтпасын жаудан тауың-ай,
Шаппаймысың жауыңа-ай?
Айтып тұрмын бұл сөзді
Біріңе емес, бәріңе-ай.
Беріп тұрмын жолыңды,
Бастап айтып келемін
Ту ұстайтын орынды.
Жолдасым, бірің ту ұстап,
Босатып жібер қолымды.
Екі қолым бос болса,
Ашар едім жолымды.
Ұстар едім өлтірмей
Ақсақ майыр көрімді.
Ұстағанша майырды
Таба алмаспын тынымды.
Майырды тірі ұстасам,
Алар едім арымды.
Келтірер едім Сібірден
Айшуақтай ханымды.

Сол уақыттар болғанда,
Батыр толғап тұрғанда,
Әлім болып кеңесті.
Кеңескенде не десті?
Мөңке бидің баласы
Ішінен шыққан данасы
Сонда көпке сөйледі:
– Мен шешейін бұл істі.
Біздің тілді алсаңыз,
Бітірейін жұмысты.
Құдай артық жаратқан,
Бақты өзіне қаратқан
Кереметтей ер еді
Озып туған қазақтан.
Біздің тілді алсаңыз,
Қозғама туды Барақтан!
Жұрттың бәрі Мөңке емес,
Мөңкеден шыққан бұл кеңес.
Жасы үлкенге тартатын
Қойдың басы бұл емес.
Жолдасы шапан киетін
Ұзатқан қыздың тойы емес.
Тілімді алсаң, таласпа,
Бұл – ағалықтың жері емес.
Кім көрінген ұстайтын
Бұл келемежді ту емес.

Оқ қағарың болмаса,
Ұстағанмен ер емес.
Тілімді алсаң, таласпа,
Таласқаның жөн емес!
Көз жасына қазақтың
Шыққан батыр бұл еді,
Қасиеттен кем емес!
Әй, шектінің баласы,
Қыруға келген қазақты
Қалмақтың қалың шерігін
Қырған батыр емес пе?
Алмаңыз туды қолынан,
Қалдырмаңыз жолынан.
Бараққа туды ұстатып,
Қалмаңыз, жұртым, соңынан.
Аруаққа қарсы болмасақ,
Айналар ісің оңынан.

Мөңке бидің баласы,
Ішінен шыққан данасы,
Танытып тудың иесін,
Шектіге айтғы кеңесін.
Тыңдады халық ақылын,
Жинайды елдің батырын.
Ақылменен білдірді
Болашақ істің ақырын.
Батырлар құлақ салады,
Айтқанына нанады,
Тудың иесін біледі:
– Жауыңа, батыр, баста! – деп,
Бараққа туды береді.
Мұнан шығып Ер Барақ
Байұлына келеді.
Байұлының бастығы,
Үш ананың ішінде
Байұлы кеңес құрады,
Ту ұстамақ мұраты.
Ер Барақтың жасыл ту
Ортасында тұрады.

Байұлының бастығы –
Атақозы, Сырым би.
Сырым би сонда сөйледі:
– Байұлының баласы-ай,
Қойылсын тудың таласы-ай.
Бұл жерде туға талассақ,
Ауыздың болар аласы-ай.

Аузымыз ала болғансын
Алдырмас майыр қаласын.
Үш ананың ішінде
Әлім еді ағасы-ай.
Бараққа берді жолдасын
Алты әлімнің баласы-ай.
Бараққа біз де берелік,
Тудың иесін білейік.
Бараққа туды ұстатып,
Соңынан қалмай ерейік.
Әлімменен таптанып,
Олардан кейін қалмайық.
Ақсақ қара майырға
Талап етіп қаралық.
Майырды тірі ұстасақ,
Сонда алармыз ағалық.
Берелік туды Бараққа,
Басшы болсын қазаққа.
Ғазатқа шыққан ерлерді
Жеткізгей Тәңірім мұратқа.
Аруаққа қарсы болмасақ,
Жетерміз сонда мұратқа!

Тамам батыр жиылды,
Бір Құдайға сиынды.
Ту кеңесін біткеріп,
Көрсетті Сырым орынды.
Атақозы батырдың
Сырымға көңілі бөлінді.
Сырым би нағыз ер еді,
Ту кеңесін біткеріп,
Бараққа жетіп келеді.
— Туыңды, батыр, ұста! — деп, —
Жауыңа өзің баста! — деп,
Бараққа рұқсат береді.
Мұнан шығып Ер Барақ
Жетіруға келеді.

Жиылды енді жетіру,
Ту кеңесін бітіру.
Батыр шыққан ішінен
Тама, табын — екі ру.
Тұлпар мініп ту алған,
Алмасын қанға суарған,
Жауды көрсе, қуанған
Жетірудың бастығы —
Тіленші батыр толғаған:

– Екіталай жер еді,
Тілегіміз бір еді.
Ерлігі асқан Ер Барақ
Қолды бастап келеді.
Әлім менен байұлы
Ту кеңесін біткеріп,
Бараққа жолды береді.
Аруақты ер қол бастау –
Бұрыннан қалған жол еді.
Берелік туды Бараққа,
Басшы болсын қазаққа.
Кереметгі туды ұстап,
Салмайық басты азапқа.
Аруаққа қарсы болмасақ,
Жетерміз біз де мұратқа.
Тіленші батыр ер еді,
Айтулы ердің бірі еді.
– Туыңды өзің ұста! – деп, –
Жауыңа, батыр, баста! – деп,
Бараққа рұқсат береді.
Туды беріп Бараққа,
Басшы болып қазаққа,
Ат қойған жері сол еді.

Аттанды қазақ саладан,
Аузы кетпей тобадан.
Жабыла қазақ шапқанда,
Қатар тұрып солдаттар
Оқпенен атып сыбаған.
«Ер» деп соны айтамыз
Атқан оққа шыдаған.
Оқ жаңбырдай жауады
Тас бұршақтай сабалап.
Атқан оқты қақ жарып
Алдыменен шапты Ер Барақ.
Қазағымның ерлері
Желекті найза қолға алып,
Әскерге тиді «Аллалап».
Жауға шапқан батырдың
«Аллалаған» ұраны,
Жігіттің сайыпқыраны.
Ақсақ майыр Романов
Атайын деп Барақты,
Жез айыл мылтық құрады.
Дүрбіменен сығалап
Қарсы алдынан қарады.
Ер Барақтың пірлері

Қаратаудай көрініп
Ақсақ майыр үстіне
Құлайын деп тұр еді.
Арт жағына қараса,
Жалғыз қылдай көрініп.
Қарауылға ілінбей,
Есебін тауып ата алмай,
Айласы құрып тұр еді.
Сол уақытта Ер Барақ
Он екі жасар Асауын
Жау шетінде көреді.
«Жас бала» деп ертпей,
Тастап кеткен ұлы еді,
Он екі жасар күні еді.
Ол баланың талабы —
Ақсақ майыр төре еді.
Тамам батыр ат қойып,
Талап етіп жүреді.
Асау кірді бір жерден,
Көк найзасын ыңғайлап,
Шаншайын деп жағдайлап.
Жақындап келіп бір солдат
Асауды атып жіберді.
Оқ дарымай етіне,
Түтінменен аралас
Дәрісі тиді бетіне.
Атып тұрған солдатты
Найзамен Асау түйреді.
Көктей өтіп найзасы
Солдатты аттан сүйреді.
Суырғанда найзамен
Ере шықты дұшпанның
Өкпе-бауыр, жүрегі.
Баласының қайратын
Тамаша етіп көреді.
Сол уақытта баланың
Күйеменен аралас
Маңдайдан аққан тері еді.
Екі көзін ашытып,
Ашып-жұмып жүр еді.

Он екі жасар Асауға
Сонда Барақ сөйледі:
— Айналайын балам-ай!
Алла болсын панаң-ай!
Атгандырып соңымнан
Жіберді қалай анаң-ай?!

«Бала» деп сені ертпей,
Тастап едім ауылға.
Енді, балам, шаба гөр,
«Алла» деп жауға тайынбай.
Шамаң келсе жете гөр,
Соған талап ете гөр,
Ақсақ қара майырға-ай.
Алып шықсаң бақыртып,
Шашынан ұстап, айырылмай,
Менен туған ұл болып,
Сапарың, балам, оң болып,
Ілінерсің ауызға-ай.
Тапсырайын бір сөзді,
Алып жүрсең жаңылмай.
Жасаған Алла жар болса,
Қолдайтын пірің бар болса,
Оқ дарымас етіңе
Күйеменен аралас
Дәрісі тиер бетіңе.
Сол уақыттар бетіңді
Сыпырғаның жарамас.
Ақ аруақ шамданып,
Кәпірдің оғын қаға алмас.
Батамды бердім, балам-ай,
Тартынбай жауға шаба гөр,
Ақсақ қара майырды
Ұстап, балам, ала гөр!

Барақтың Асау ұлы еді,
Он екі жасар күні еді.
«Әкем көрсе, ұрысар», — деп,
Жасырынып жүр еді.
Әкесі көріп қалғансын
Алдына жетіп келеді.
Қол қусырып иіліп
Келіп сәлем береді.
Батасын беріп атасы
Жауап беріп жіберді.
Аруағы тасып баланың
Көсіліп шауып жөнелді.
Түтеген мылтық ішіне
Бала шауып кіреді.
Тіленші батыр бір жерден
Қанға бояп найзасын,
Өкшесін жауға тіреді.
Шауып жүрген Асауды
Тіленші батыр көреді.

– Мынау бала кім? – деді, –
Тусаң ту, бала, сен! – деді.
– Ер Барақтың баласы –
Асау батыр бұл! – деді.
Соғысты Асау қыздырды,
Жаудың түбін бұздырды.
Он екі жасар ер Асау,
Ерлікті Асау оздырды.

Туды Барақ ұстады,
Соғысты Асау бастады.
Қарсы тұрған Барақтан
Кәпірдің оғы аспады.
Жабысқан оқты үстінен
Төгіп жерге тастады.
Үш ананың ерлері
«Оқ тиер» деп қашпады.
Сондағы жұрттың талабы –
Ақсақ майыр қастары.
Алтын бедел үстінде
Жарқырайды тастары.
Көп солдаттың ішінде
Тұр еді майыр көрініп.
«Ұстаймыз, – деп, – майырды!» –
Батырлар шапты тебініп,
Үш ананың батыры
Нар түйедей желігіп.
Шапқан сайын көп солдат
Барады кейін шегініп.
Біреу қалып барады
Балта тиіп жығылып.
Біреу қалып барады
Қылыш тиіп бөлініп,
Домаланып бастары,
Қаны жерге төгіліп.
Бір уақыттар болғанда
Отряд қашты жеңіліп.
Ұстатпады майыры,
Қаласына тығылып.
Қуды қазақ даладан,
Бір Аллаға сиынып.
Дарбазаның аузына
Батырлар келді жиылып.
Балта ұрды есікке
Үш ананың ерлері
Қарқыныменен килігіп.
Барақ салды «Алашты»,

Ерлер жазды құлашты.
Түгел қарттың жасыл ту
Ер Бараққа жарасты.
Екі жақтан екі жау
Дарбазаға таласты.

Айтайын Барақ батырды,
«Алаштап» ұран шақырды,
Аруағы батырдың
Тасыған судай сапырды.
Қолына қара балта алып,
Дарбазаны жапырды.
Сол уақыттар болғанда,
Жарқылдаған жарақтан
Көргенде көзің қамасты.
Алты әлімнің батыры
Бұзайын деп қапыны,
Түйіп тастап аттарын
Бәрі қалмай жүгірді.
Қазағымның ерлері
Бәйге атындай бөлінді.
Байұлына бас болып,
Аруаққа мас болып,
Қапталында Барақтың
Сырым би батыр көрінді.
Айтайын Барақ батырды,
«Алаштап» ұран шақырды.
Дарбазаның аузында
Арыстандай ақырды.
Аруағы батырдың
Тасыған судай сапырды.
Қолына қара балта алып,
Дарбазаны жапырды.
Сол уақыттар болғанда
Тарсылдап мылтық атылды.
Атылған сайын өшікті.
Бір уақыттар болғанда
Қазақ бұзды есікті.

Есігін бұзды балталап,
Дарбазасын жаңқалап,
Қазақ кірді қалаға
Аш бөрідей анталап.
Солдат қашты қазақтан
Жаралысын арқалап.
Алдыменен қашты ұстатпай,
Ақсақ майыр зәнталақ.

— Майырды тірі ұста! — деп,
Айғай салды Ер Барақ,
Есік ойран, дал болды,
Ала тұман шаң болды.
Тұрған жері майырдың
Баруға қиын тар болды.

Әкесінің дауысын
Асау батыр есітті.
Бітіруге жұмысты,
Қиялай сермеп қылышты,
Көп солдаттың ішіне
Оқжыландай жылысты.
Жалғыз өзі Асаудың
Қиындық көріп келеді.
Ұстайын деп ұмтылды
Ақсақ майыр төрені.
Кәпір сонда қамалап,
Көбейді солдат жаңалап,
Алып қалды көп қазақ,
Дарбазаны тағы алып.
Жетіп барды Ер Асау,
Солдаттың ішін қақ жарып.
Дауылпаздай дабысты:
— Бермейін, — деп, — намысты, —
Ақсақ қара майырға
Барып Асау жабысты.
Қойға тиген бөрідей
Сүйреді Асау терідей.
Қасына келген солдатты
Соғып кетеді перідей.
Жалғыз көріп баланы,
Айырып алмақ талабы —
Көп жерге дейін көп солдат
Ізінен қалмай қамады.
Тіленші батыр ер еді,
Көп солдаттың ішінде
Асауды жалғыз көреді.
Қанға бояп найзасын,
Өкшесін жауға тіреді.
Он екі жасар Асауға
Сыртынан көмек береді.
Тіленші батыр келгенсін,
Ерлікті көзі көргенсін,
Қамаған әскер көп солдат
Бәрі де кейін қалады.
Сүйретіп Асау келеді

Ақсақ майыр төрені.
Солдаттар атқан мылтықтың
Оқ дарымай етіне,
Дәрісі бетке тиеді.
Дәріменен аралас
Маңдайдан аққан тер еді.
Екі көзін ашытып,
Жүрер жолын көрмеді.
Қолындағы олжасын
Қамаған жауға бермеді.
Майырды басып тақымға
Қиялай қылыш сермеді.
Әкесінің айтқанын
Асау батыр ұмытты.
Маңдайдан аққан терлерін
Бір сыпырып жіберді.
Ақ аруақ шамданып,
Арт жағынан бір мылтық
Сап етіп келіп тиеді,
Оқ тигенді біледі.
Оқ тисе де жібермей,
Ақсақ қара майырды
Сүйретіп Асау келеді.

Мұны көріп қазақтар
Айғайын салып шабады.
Бәйгі атындай көтеріп
Алып кетіп барады.
Жарадан аққан қызыл қан
Ағып кетіп барады.
Оқ тисе де жібермей
Ақсақ қара майырды
Ер Асау алып шығады.
Тірідей ұстап майырды
Батырдың көңілі тынады.
Қаланы бұзып, қан төкпей,
Соғысты енді қояды.
Ортаға алып майырды,
Айшуақ ханды сұрады.
Көкше көзі ойнақшып,
Тіл қатпай майыр тұрады.
Көрейін деп көп қазақ
Алды мен артын орады.
Біріне бірі жол бермей
Қамшыласып та алады.
Сол уақытта Ер Барақ:
— Кейін тұр! — деп ақырып,

Халқына айғай салады.
Батырдың даусын есітіп,
Шегініп халық тарады.
Көңінен салып алқаны
Халықтың бәрі қарады.
Асылы орыс төре екен,
Туысы артық ер екен,
Көңіліне жұрттың жарады.
Алдырып тілмаш қазақтан,
Сұрақтар қардай борады.
Жауап беріп, құтылмай,
Тізесін бүгіп отырмай,
Жан-жаққа мойнын бұрады.

Бермеді жауап сұраққа,
Ойнатып көзін жан-жаққа.
Ер Барақтың қасына
Мөңке бидің баласы
Жетіп келді сол уақта.
Сонда келіп сөйледі:
— Бұл тұрғанда біздерге
Бермейді жауап бұл, — деді.
Әділетті ер жігіт,
Орыстан болған төрені.
Орыс пен қазақ жау болып,
Ел бүлінген жоқ еді.
Болып тұрған бұл ұрыс —
Нұралы ханның себебі.
Шағым, арыз бергенде:
«Жайықтан өтіп, орыстан
Жезие алар», — дегені.
Жауықтырған екі елді,
Хан баласы, қасқырдың
Бұрыннан жолы сол еді.
«Әділетті төрелік,
Ақылдың көзі ашылып,
Орыстан шығар», — деп еді.
Тілімді алсаң, Барағым,
Сыйлайық мына төрені.
Сыйластықпенен жеңбесек,
Жүрегі болаттан шығар,
Осылай тұрып өледі.
Астына төсек салайық,
Достасып, қолын алайық,
Қаланың ішін босатсын
Аттанған біздің халайық.
Көңілінің кірін кетіріп,

Айшуақ ханды сұрайық,
 Патшалы халықпен өшігіп,
 Орынсыз тентек болмайық,
 Айшуақты алдырып,
 Осымен бітім болайық,
 Ақылмен ойлап қарасам,
 Сол болар бізге лайық,
 Көрдің бидің ақылын,
 Аңыз қылып айтады
 Ақылды жанның нақылын.

Ақылмен айтқан бұл кеңес
 Көңіліне қонып батырдың,
 Ер Барақ сонда сөйледі:
 – Осы екен біздің жөніміз,
 Қаладан шықсын қолымыз.
 Жазықсыз елді бүлдірген
 Ұят болар мұнымыз.
 Қаладан шығып көбіңіз,
 Бір төбенің басына
 Орнатып шатыр құрыңыз.
 Ат оттатып, демалып,
 Халайық, сыртта болыңыз.
 Тіленші, Сырым жолдасым,
 Әскерді сыртқа бөліңіз.
 Көбіңіз шығып қаладан,
 Қалайық шағын тобымыз.
 Төремен бітім жасасақ,
 Табылар біздің жоғымыз.

Осыны айтып Ер Барақ
 Қаладан қолды шығарды.
 Тоқтатып ұрыс тәртібін,
 Жинады қару-құралды.
 Сыртқа шықты аламан,
 Алмады олжа қаладан,
 Шатырын құрып көп қазақ,
 Бір жерге барып орнады.
 Қазақтың көріп қайтқанын,
 Майырдың жүзі нұрланды.
 Ишарат¹ қылды Бараққа:
 – Достастым, – деп, – қазаққа.
 Қалтасынан шығарып,
 Аударды жазған журналды².

¹ Ишарат /араб/ – ым, белгі көрсету.

² Журнал – журнал.

Қағазын оқып отырып,
Манифес¹ жолын ойланды.
Ойланды төре ойға алып:

«Тимегенге тиетін
Тентек емес бұл халық.
Өзіне тиген жау болса,
Қалмайды одан қорғанып.
Қазақтан шығады әр уақта
Батырлық пен мырзалық.
Жау болды неге бізбенен
Өзінен өзі тұлданып?
Орыста қандай кегі бар?
Жайықтан өтіп қол салып,
Айшуақты хан қойып,
Жезие жинау, ақша алып.
Айшуақ хан ойлады
Хандықты қойып, патшалық,
Үстінен түскен арызбен
Айшуақ кетті айдалып.
Соқтыққан барып адам жоқ,
Өзінен өзі шырмалып.
Арызын жазып Нұралы,
Ордама келді жиналып.
Әбілқайыр тұқымы,
Қашаннан жүріп меңгеріп,
Қазақтың халқын құлданып.
Әбілқайыр тұсында,
Зәбірледі қазақты,
Арғымақ ат пен малды алып.
Қазақ үшін мен тұрмын
Қара қылды қақ жарып.
Қалайша маған жау болды
Хандардың кегін арланып?
Қалаға кіріп Ер Барақ,
Ұстады мені қолға алып.
«Өзіме дұшпан» дер едім,
Тұрғаным жоқ қорланып.
«Халқыма дұшпан» дер едім,
Кеткен жоқ елден олжа алып.
Ұрысар тағы дер едім,
Бірсыпыра ерлері
Қаладан шықты қолды алып».
Осыны ойлап болды да
Сөйледі Майыр торланып...

¹ Манифес — кешірім, бас бостандық беру құжаты.

Бірінші мақам

Орташа

Орындаған: Елемесов Жеңіс
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

3 А - е - - Қо - лы - ма қа - лам а - ла - й(ы)ен,
5 Қо - лы - ма қа - лам а - ла - й(ы)ен. Ақ қа - ғаз - дың бе - ті - не
7 Қа - ра - дан си - я жа - ға - йын. Жа - за - йын деп ой - лан - сам,
9 Сөз - ге то - лы са - ра - йым. Бір - нұс - қа арт - та қа - лу - ға,
11 Кел - тір - ген шы - ғар о - ра - йын. Ер Ба - рақ - ты жыр е - тіп.
13 Жа - зу - ға тұр - мын мұ - ға - йым. Қа - те - сі бол - са сө - зім - нің
Қайыру
15 Ке - ші - рер - сіз, а - ға - йын. А - қыл - мен ой - лап ал - д(ы)ар - тын
Хал - қы - ның қа - мын жеп е - ді а - ей а - ей!

Екінші мақам

Орташа

17 А - е - Бай - ла - дым қа - ру бе - лі - ме, Ол - жа са - лып е - лі - ме.
20 Жә - н(е)і ат - та - нып қал - мақ - тың Ке - ле - мін тү - сіп і - зі - не.
22 Жо - сыл - ған із - ден а - да - сш, Шы - ғып кет - тім шө - лі - не.
24 Жан - ның бас - қан бір і - зі Кө - рін - бей - ді кө - зі - ме.

26
 Мі - нә - жат е - тіп си - ын - дым, Бір Жа - ра - ғат - қан ө - зі - не.
 28 Жа - ра - тып біз - жі шы - ғар - дың Бұл дү - ни - е - нің жү - зі - не.
 30 Қы - рық жі - гіт - ке бас бо - лып, Ер - лі - гі - ме мас бо - лып,
 32 Шы - ғып ем ел - ге кө - рі - не. Ті - лек - ті бер - сен, Құ - да - йым,
 34 Қан - дыр - ғын ра - қым кө - лі - не. Күн - түн қат - ты жол жү - ріп,
 Қайыру
 Із - деп ке - тіп ба - ра - ды а - ей а ей -

Үшінші мақам

Жүрдек

А - е Ол за - ман - да сұ - ра - ған, Ол - за - ман - да сұ - ра - ған
 Ә - біл - қа - йыр хан е - ді. Қа - ра қа - зақ хал - қы на А - ға - рып ат - қан таң е - ді.
 А - та - сы өл - се, ба - ла - сы Мұ - ра - сын ұс - тар заң е - ді. Тең - дік - тің тап - қан қа - пы - сын
 На - шар - дың кү - ні зар е - ді. Ә - біл - қа - йыр тө - ре - нің Бес ба - ла - сы бар е - ді.
 Ай - шу - ақ пе - нен Нұ - ра - лы Е - діл, Е - сім, Е - ра - лы
 Ә - біл - қа - йыр өл - ген - сін Хан бо - лып халық - қа та - ра - ды.
 Қайыру
 а - ей а - ей



Құлпыбаев Ерғожа (1908-1981) — халық ақыны, жыршы, Ұлы отан соғысының ардагері. Ол қазіргі Қарақалпақстанның Мойнақ ауданына қарасты «Үшсай» ауылының аумағында дүниеге келген. Төрт жасында әкесінен жетім қалып, жасөспірім шағынан балықшылықты кәсіп еткен. Ерғожа Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, еліне жеңіспен оралады. Халық арасына тараған жыр-дастандарды үйреніп, кейбірін өзінше жырлайды. Солардың бірі — «Барақ батыр» жыры. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкерлері Балташ Ысқақов пен Талиға Бекқожина 1962 жылғы ғылыми іссапар кезінде жыршымен кездесіп, шығармашылығымен танысып, «Барақ батыр» жырын өз қолынан қабылдап алған. Ардагер ақынның соңында қалған өлеңдері, толғаулары мен термелері, жыр-дастандары институттың қолжазбалар қорында сақталған.



Ағыбай батыр

АҒЫБАЙ БАТЫР

«Ағыбай батыр» – тарихи оқиғаларды, ерен ерлікті, ел тәуелсіздігі үшін болған әділетті күресті, батырлар арасындағы адал достықты, жастардың кіршіксіз адал махаббатын суреттейтін көркем туынды. Ағыбай батырдың есімі көбінесе XIX ғасырдың 30–40 жылдарындағы Кенесары, Наурызбай бастаған ұлт-азаттық көтерілісімен байланысты айтылады. Туындының сюжет желісі Ағыбайдың Кенесары ханның сенімді серігі, бас сардары ретінде Ресей империясының отаршыл әскеріне қарсы соғыстары, батырлық тұлғасы, асқан найзагерлік шеберлігі, «Ақжолды Ағыбай» атануы сияқты сан алуан оқиғалар мен аңыз-әңгімелердің жиынтығынан құралған. Туындының мазмұны, композициялық құрылымы, суреттеу тәсілдері де тартымды және онда романтикалық сарын да басым. Кейде тарихи нақтылықтан ашақтау кететін оқиғалар да кездеседі. Мысалы, бірге Ағыбай қалмақ қолымен бетпе-бет келіп шайқасқа түседі. Мұны эпикалық дәстүрді бойына сіңірген жыршының батырды «ежелгі жау» қалмақпен соғыстырып, әсірелей дәріптеу үшін қолданған өзіндік әдіс-тәсілі деп түсінуге болады.

Ағыбай батырға байланысты алғашқы жыр үлгісін XIX ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын Шортанбай Қанайұлының шығармашылығынан көруге болады. Ал туындының өзге нұсқаларын хатқа түсіру, жинау, зерттеу жұмыстары отызыншы жылдардан бастау алғандығы аңғарылады. Кеңестік кезеңде және ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары аталған жыр туралы Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, З. Ахметов, Р. Бергібай, Ж. Дәдебаев, С. Күзембаева, С. Қорабай, А. Ісімақова, М. Әбсемет, А. Әлтай т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды. Түрлі нұсқалары батырдың туғанына 190, 200 жыл толуына орай басылым көрген «Ақжолтай Ағыбай батыр» (1992, 2002), «Алмас қылыш» (1993) жинақтарында, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2010, 63-т.) жарияланды.

Еліміздің қолжазбалар қорында Сансызбай Қарамысов, Тәужі Айнатасов, Хамит Жаманұлы, Нұрғали Бейсенов және белгісіз жыршылардан қалған тағы екі нұсқа сақталған. Томды баспаға дайындау барысында жырдың барлық қолжазба нұсқалары мен жарияланым үлгілері қайта сараланып, нәтижесінде Қайнарбаев Қажыбек жинаған жыршысы белгісіз нұсқа таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (1296-бума).



Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.
Кешегі Кенесары заманында
Ерлігін көрсетіпті елге талай.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Теңеліп қарсыласар ер болмаған.
Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,
Басынан дұшпан ісін асырмаған.
Жалғызы Ағыбайды бөгеген жоқ,
Қандай жан есіл ерге тор құрмаған.

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,
Соғысқа шеттерінен шебер болған.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы
Теп-тегіс бәрі оларда қыс пен жазы.
Айт пен той, ойын-сауық үзілмейтін,
Және көп неше түрлі өнер болған.

Жүрмеген қару алмай жігіттері,
Шорлатқан¹ алтын-күміс белдіктері.
Садақ пен сапы қанжар, айбалта екен
Жауына көрсететін ерліктері.

Байлаулы тағы белде қорамсақтар,
Жайы бар жауға тиіп жарамсақтар.
Бәрі әзір, жандарында күндіз-түні,
Қарумен ел ерлері елін сақтар.

Сол кезде жаугершілік заман екен,
Халықтың әдеттері жаман екен.
Кездесіп дұшпандары бір-біріне,
Тоналып тырдай болып қалады екен.
Кездесіп бір жорықта кәпір қалмақ,
Ағыбай соны есіне алады екен.

Бір күні қалың қалмақ қамап алып,
Жорықта жатқан жерін біліп алып.
Ағыбай қараңғыда ерін көрмей,
Бір батыр қолда қалған жараланып.

Жолдасы еді Ағыбайдың ер Көлебе,
Келгенде екі ұдайда жеме-жемге.
Жекпе-жек Ағыбайдан кем соқпаған,
Сүйінген халқы талай ерлігіне.

¹ Шорлатқан /көне/ – аптаған.

Тұрысы сұлу еді сұңқар қабақ,
Айдыны Ағыбайдан да артығырақ,
Жерінде нояндары байқаушы еді,
Өрт мінез, алғырт еді батыр бірақ.

Атақты Алтай атты таудан арман
Бар екен қалың қалмақ қоныс ауған.
Батыры кәпірлердің Қолаба атты,
Сол еді Көлебені ұстап алған.

Өзі хан, өзі батыр — ол Қолаба,
Қалмақ жоқ одан мықты ол арада.
Найзагер, садақ тартқыш сырттан екен,
Талайдың жанын пәниден қылған жұда.

Денесі еңгезердей, түсі суық,
Келмейтін ашуланса ешкім жуық,
Соғыста жалғыз өзі жүз кісілік,
Сұм қалмақ жұрттан асқан үздік туып.

Бар екен Қолабаның жалғыз қызы,
Жолындай құмырсқаның басқан ізі.
Онан сұлу аспанның астында жоқ,
Жаудырар қарақаттай екі көзі.

Елінде талай қалмақ болған ғашық,
Жалғызы бата алмаған аяқ басып.
«Қаракөз қайсымызға тиеді», — деп,
Қоятын талай бекер сыр сырласып.

Ағыбайдың Көлебені ізген шыққаны:

Бір күні жұртын жиды ер Ағыбай,
Келіпті нояндары бірі қалмай.
Іріктеп сексен жігіт нөкер алып
Атанды Қолабаға содан былай.
Күреңше жер тебініп астындағы,
Оқ бойы алдында отыр ер Ағыбай.

Көк найза көлденеңдеп, белде садақ,
Сауыты үстіндегі күміс жарғақ.
Өзгелердің бәрінде қос-қос аттан,
Ішінде дара мінген Ағыбай-ақ.

Осы тұрған Баянның басын құлай,
Кезіпті Сарыарқаны ер Ағыбай.
Шырылдаған бозторғайға үнін қосып,
Ән салған сексен жігіт дала шулай.

Не жұмбақ — ертедегі ерлер жұмбақ,
Өмірінде керуен боп өткен талай.

Шашағы найзалардың желп-желп етіп,
Жарқылдап қару-сайман жарқ-жұрқ етіп,
Бір түнеп, Қызылтаудан арман өтіп,
Шығыстан бара жатыр көктей өтіп.
Хантауы мен Қарауылдан өткен кезде,
Сыртында бұл қалады бұлт күзетіп.
Батырлар сол бетімен он төрт қонып,
Қара Ертіс өлкесіне келді жетіп.
Осы жерде екі-үш күн тынықтырып,
Қарауылда қалмақты тұрды күтіп.

Қалмақтың Көлебені өз еліне алып барғаны.

Қолаба Көлебені байлап алған,
Мақтанып өз еліне алып барған.
Бекітіп қол-аяғын кәпір қалмақ,
Шұңқырлап терең қазып, жерге салған.

Көлебе неше күндей сонда жатты,
Өткенде екі-үш күн бір нәр татты.
«Тұтқында Көлебедей батыр бар», — деп,
Қаракөз бір күн түнде іздеп тапты.

Бұрыннан естиді екен Көлебені,
Жас сұлу ғашық екен бір көргелі.
Үңгірден Көлебені шығарып ап,
Отырды төмен қарап сөйлегелі.

— Рас сіз Ағыбайдың жолдасы ма?
Атақты ер Көлебе қолбасы ма?
Мен сізді босатуға ант берейін,
Төгілген қарайсыз ба көз жасыма?

Қиямын сіз үшін мен ел-жұртымды,
Ойлама өтірік деп бұл сертімді.
Қайтсем де босатамын, көңілім ақ,
Жалғыз-ақ білдір маған өз дертіңді.

Көлебе жауап берді Қаракөзге,
Бар сөзін айтып сұлу болған кезде:
— Сіз сүйсең, мен де сүйдім, көңілім ақ,
Атам Абылайдың аруағы айғақ осы сөзге.

Көлебе құшақтайды Қаракөзді:
«Ендеше мен сенікі», — деген кезде.

Күміс ай көкте тұрып бата берді,
Жұлдыздар жымыңдайды көріп қызды.

Үндемей түн түншықты жым-жырт болып,
Сүйісіп жан түншықты көңілі тынып.
Құмармен Көлебені құшқан шақта
Балдағы Қаракөздің кетті үзіліп.

Екеуі кетпек болды осы түнде,
Қалмақтан құтылғалы сәтті күнде.
Қаракөз екі тұлпар алып келді
Қалдырмай қаруы мен кимін де.

Шаңқайтып екі бозды ерттегенде
Үміті екі жастың жүрегінде.
Алтайдың Ақтау алқап асуынан
Тоқтамай тағы да өтті ертең түнде.

Қалмақтың қызын іздеп қуғаны:

Қолаба ертеңінде бүлік салды,
Кеткенін Қаракөзбен біліп қалды.
«Кетті, — деп, — дұшпаныммен дұшпан болып», —
Қууға қасына бес жүз кісі ертіп алды.

Көпіріп аузы-басы, көбік болып,
Жеке өзі нөкеріне қарамады.
Қос жирен, құс алғанның қос бедеуі,
Ішінен Аршакөкті таңдап алды.

Жарысты ұшқан құспен арам қатқыр,
Жетпеген Көлебеге несі қалды.
Жаңылтпаш жартастардан кетсе қарғып,
Тау кезіп, жалғыз қалмақ асыр салды.

Мінгені өзгелердің ылғи жүйрік,
Сонда да түгел ері ере алмады.
Бұлдырап сағым қуып Қолаба ұшты,
Соңынан қарасын жұрт көре алмады.

Ағыбайдың Көлебені іздеп келе жатқаны:

Ағыбай үш күн жатып демін алды,
Жан-жақты қарауылдап көзін салды.
Басына Кеңдірлінің шығып тұрып,
Таңбайдың бір қараны көзі шалды.
«Аттан» деп нөкерлерін үлгергенше,
Жақындап екі құйын келіп қалды.
Жырынды Таңбай тушы тағы қарап:
— Дәл осы — Көлебе, — деп айтып салды.

Көтерді Абылайдың ала туын,
Биікте қолында еді ер Таңбайдың.
Көлебе қарсы жүрді ер Таңбайға
Көрген соң Ағыбайдың қарауылын.

Батырлар аман көріп, көңілі тынды,
Қаракөз аттан түсіп, сәлем қылды.
Ағыбай разы болып келініне:
— Жарқыным, көп жаса! — деп бата қылды.

Таңкең тағы шалып айналаны,
Көреді келіп қалған Қолабаны.
— Аттан! — деп нөкерлерге хабар беріп,
Майдан қып күтіп тұрды бір даланы.

Қолаба тұра қалды жақын келіп,
Сайдағы Ағыбайдың қолын көріп.
— Ең мықты, жекпе-жекке тез шығындар,
Ішейін қандарыңды ұрттап тұрып!

Ағыбай Күреңшеге өзі мінді,
Шақырып ескі аруақ кәрі жынды.
Көлебе: «Мен шығамын, кегім бар», — деп,
Өтініп, ағасына жол бермеді.

Қаракөз жетіп келіп Ағыбайға:
— Сауыты жоқ ініңіздің, түспепті ойға,
Әкемнің ашуланған түрі жаман,
Қоймайды ініңізді енді жайға.

Айтқанша осы сөзді бітті жұмыс,
Сілкініп батырлар да бастады ұрыс.
Қолаба Көлебені салып өтті,
Тегінде сұм қалмақтың беті дұрыс.

Көлебе тигізбеді, қағып қалды,
Қолаба айналып кеп найза салды.
Дәлдетті алып қолдың ырғауымен,
Өкпеге сағасынан найза барды.

Көлебе аттан түсті жер бауырлап,
Қолаба кегін алды, қанын ішті.
Ес кетті Ағыбайдың нөкерінен,
Қаракөз Көлебені барып құшты.
Қан ақты Көлебеден дір-дір етіп,
Қара жер жұта берді есі кетіп.
Қаракөз жансыз тәнді қалды құшып,
Жетпеген сорлы жасын мөлтідетіп.

Көп сорлы бұл секілді қалған талай,
Күн жоқта жетім болған алдымен ай.
Күнәсіз жас сорлыны отқа салған
Рақымсыз, жазмыш пейіл бұ да қалай?!

Ұмтылды Қаракөзге ол Қолаба,
Қанды бас, көк найзаны алып қолға.
Ағыбай одан бұрын қағып қалды,
Түр еді қылыш даяр сол қолында.

Ағыбай Қолабаға өзі барды,
Кәпірге өзіндей қып найза салды.
Жығылып аттан қалмақ құлағанда
Қаракөз ақ семсермен басын алды.

Басынан Қолабаның дәурен өтті,
Кешікпей көп нөкері о да жетті.
Қаракөзді Таңбай тушы кейін сақтап,
Өзгелері соғысқа түгел кіріп кетті.

Батырлар қылыштарын қанға былғап,
Топылдап аттан түсті талай қалмақ.
Аттанып уыттанған ер Ағыбай
Тобына жалғыз кірді көзі жайнап.

Сай-сала сансыз өлік дертке толды,
Жарқылдап найза, қылыш оңды-солды.
Қалғаны қалмақтардың қашып кетіп,
Қашпаған мықтыларын қырып болды.

Найзаның қылышы мен қанын сүртпей
Ағыбай Қаракөзге қайта келді.
— Өле-өлгенше құныңды жоқтармын, — деп,
Құшақтап Көлебені еңіреді.

Сүйегін елге қарай алып жүрді,
Тоқтаусыз Таңбай тушы жылай берді.
Соғыста ту ұстаған соңын бағар,
Таңбайдың ұмытылмауы содан еді.

Еліне сөйтіп қайтып келді Ағыбай,
Көп қайғы бұл жолында көрді Ағыбай.
Тетелес Көлебенің өз ағасы
Таңбайға Қаракөзді берді Ағыбай.

Бірінші мақам

Орындаған: Әдікеев Қазыбек
Ноғаға түсірген: Жекен Махаббат

Асықпай

3 Е _____ Ер - те - де бол - ған е - кен ер А - ғы - бай,
5 Ол кез-де ер бол-мап-ты А - ғы-бай-дай. Ке-ше-гі Ке-не-са-ры за-ма-нын-да,
7 Ер-лі-гін көр-се-тіп-ті ел-ге та-лай. Біл-ме-ген А - ғы-бай-ды ел бол-ма-ған,
9 Те-ңе-ліп қар-сы-ла-сар ер бол-ма-ған. А - ғы-бай еш-бір жан-ға бас ұр-ма-ған,
11 Ба-сы-нан дұш-пан і-сін а-сыр-ма-ған. Жал-ғы-зы А - ғы-бай-ды бө-ге-ген жоқ,
13 Қан-дай жан е-сіл ер-ге тор құр-ма-ған. Ба-тыр-да бес жүзкі-сі нө-кер бол-ған,
15 Со-ғыс-қа шет-те-рі-нен ше-бер бол-ған. Жүй-рік ат, қы-ран бүр-кіт, ал-ғыр та-зы,
17 Теп-те-гіс бә-р(і)ол-ар-да қыс пен жа-зы. Айт пен той, ой-ын-сау-ық ү-зіл-мей-тін,
21 Жә-не көп не-ше түр-лі ө-нер бол-ған. **қайыру**

Екінші мақам

29 Е, _____ А - тақ - ты Ал - тай ат - ты тау - дан ар - ман,

2

31

33 Бар е - кен қа - лың қал - мақ қо - ныс ау - ған. Ба - ты - ры кә - пір - лер - дің Қо - ла - ба (а) т - ты,

35 Сол е - ді Кө - ле - бе - ні ұс - тап ал - ған. Ө - зі хан, ө - зі ба - тыр ол Қо - ла - ба,

37 Қал - мақ жоқ о - дан мық - ты ол а - ра - да. Най - за - гер, са - дақ тарт - қыш сырт - тан е - кен,

42 Та - лай - дың жа - нын пә - ни - ден қыл - ған жұ - да.

48

Қайыру





Жанқожа батыр.
Қазақстан тарихы (Алматы, 2006)

ЖАНҚОЖА БАТЫР

«Жанқожа батыр» – XIX ғасырдағы қазақ даласында өткен аса ірі ұлт-азаттық көтерілістердің біріне басшылық жасап, елінің бостандығы үшін күресте жанын қиған атақты батырдың ауыртпалыққа толы өмір жолын, жорықтарын, тарихи тұлғасын шынайы суреттейтін көркем шығарма. Жырдың сюжет желісіне Жанқожа батырдың қарақалпақ Тықы, Хиуа бегі Бабажан, түрікпен Әйімбетпен жүргізген соғыстарын, Жанкент, Қазалы аумағын жаудан босатуын, Сырдың ортаңғы бөлігіндегі Созақ, Қосқорған, Сайрам қамалдарын қиратып, жергілікті қазақтарды Қоқан езгісінен құтқарған жеңістерін, Ресей империясының отаршыл әскеріне қарсы шайқастарын баяндайтын оқиғалар арқау болған. Туындыда, әсіресе Жанқожаның түрікпен Әйімбетпен жекпе-жегі, Кенесары ханмен тізе қоса отырып Созақ бекінісін алудағы жанкешті ерлігі, өз айналасындағы Беласар, Дабыл, Қыстаубай, Бекбауыл, Бажақ, Жұмабай, Құрманай, Құттық сияқты жаужүрек серіктерінің қаһармандық іс-әрекеттері шынайы әрі көркем бейнеленеді.

Жанқожаға байланысты аңыз-әңгімелер мен өлең жырлардың хатқа түсіп, жариялануы XIX ғасырдың аяғынан басталады. Бұл шараны іске асырғандардың арасынан И.В. Аничков, Л. Мейер, А.И. Маев, А.И. Макшеев сияқты орыс зерттеушілерін кездестіруге болады. Батырға арналған алғашқы жыр үлгілерінің бірі – Мұсабайдың нұсқасы И.В. Аничковтың ықпалымен «Известия общества археологии, истории и этнографии при императорском казанском университете» журналында (1894, Т. XII), кеңестік кезеңде «Жаңа мектеп» басылымында (1926, №5), ел тәуелсіздігін алғаннан кейін «Ел қорғаны – ер Жәкең» (2007), «Жанқожа батыр туралы жырлар» (2007) жинақтарында, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2010, 62-т.) жарық көргі. Жыр туралы С. Мұқанов, Б. Шалабаев, Н. Төрехұлов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Ж. Тілепов, Б. Рақымов, С. Сәкенов, М. Қаназұлы, Н. Нұрмаханов, Б. Жүсіпов, С. Қосан т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Еліміздің қолжазбалар қорында Жанқожа батырға қатысты Мұсабай жырау, Лұқпан Кенжеұлы, Қарман Сұлтанұлы, Жөкей Шаңғытбайұлы, Орнықпай Сұлтанов, Боспан Меңдібаев және бір белгісіз жыршының нұсқалары сақталған. Томды баспаға дайындау барысында барлық нұсқалар, олардың басылым үлгілері толық сараланып, соның нәтижесінде Лұқпан Кенжеұлының нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (1320-бума, 1–2-дәптер).

Құр тарқатып болмайды
Әлеуметтің құрмауын.
Шын данышпан бітірер
Шиелескен ел дауын.
Ағалар аңсап келгенде,
Құрбы құрсап келгенде,
Шешейін сөздің құрсауын.
Айта алмай кетсем осыдан,
Әңгіме болар артымнан:
«Көрдің бе, — деп, — бұлдауын?»
Атақты жүйрік емеспін
Тапқандай сөздің паңдауын.
Ертек пенен терменің
Сендерге бердім таңдауын.
Өлімнен ешкім құтылмас
Ажалдың көрмей арбауын.
Көтібар, Есет, ер Бекет
Ойлаған елдің азбауын.
Исатай менен Махамбет
Қылыш ұрып көуірге
Жеткерген ерлік шыңдауын.
Олардан кейін бір батыр,
Заманның көрген алғауын¹.
Сырдариядан су ішпей,
Құдықтың қазған шыңырауын.
Бұқардан ақ ұн алдырып,
Жемеген бидай ұндауын.
Аз да болса маңызды,
Ел ішінде аңызды —
Жанқожа батыр атамыз
Құттықтан шыққан тәрізді,
Сұрастырсам саңылауын.
Бұлт ашылып ай туар,
Ағысын тастап су тұнар.
Мен сөйлесем, әлеумет,
Ер Жәкеңнің толғауын.
Күздің күні көрерсің
Суық күздің дауылын.
Бедеу ат жақын тартады
Алыс жердің бауырын.
Тықы батыр құрапты
Қарақалпақтың қауымын,
Сырдарияның ойынан
Жердің алып тәуірін,

¹ Алғау — қулық.

Көрсетті кемдік қазаққа
 Баса тоқып жауырын.
 Ектіріп, тиыш¹ қоймады
 Арпа, бидай, қауынын.
 Бір түнде шауып кетіпті
 Дәрменқұл бидің әкесі
 Жылқыайдардың ауылын.
 Өзін тағы өлтіріп,
 Жараның салды ауырын.
 Атақты ерлер арланып,
 Шаншуға құмар кәуірін².
 Қазақтың басы құралмай
 Өткерді жаздың сәуірін.

Әлім, шөмен еліне
 Хан болып еді Қылышбай.
 Беласар батыр, ер Дабыл,
 Тоқым тыққан Қыстаубай,
 Бекбауыл, Бажақ, Жұмабай —
 Мұны да алды тастамай.
 Жеті жүздей әскермен
 Жауға аттанды жылыстай.
 Ердің көңілі тынар ма
 Ауыр қол бастап, ұрыспай?!
 Есерленген тентектер —
 Бас білмеген асаудай.
 Қолбасы болып Бекбауыл,
 Басқалары таласпай,
 Қаласына Тықының
 Таң ата барды адаспай.
 Қорғаннан өтіп кіре алмай
 Дағдарды ерлер сынаспай.
 Тықының қолы тығылды,
 Білдіріп сыртқа сыр ашпай.

Бір мезгілдер болғанда,
 Қамалап қазақ тұрғанда,
 Жекелеп шықты ер Тықы,
 Кететіндей арманда.
 Қарсылап ешкім шыға алмай,
 Қазақтың қолы талғанда,

¹ Тиыш /диалек./ — тыныш.

² Кәуір /араб./ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] кәпір деп аталған. Басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Жабылау тайы астында,
 Өзі он жеті жасында,
 Арғы атасы — Киікбай,
 Нұрмамбетұлы Жанқожа
 Шыға шапты майданға.
 «Әлдеқандай болад»? — деп,
 Халқы күмән қылғанда.
 «Қайт» дегенге қайырылмай,
 Ұмтылды батыр арланға.
 Айқасып қалған кезінде,
 Айбалтамен ұрғанда,
 Жалаңдаған Тықының
 Тұрмады жаны бұл маңда.
 Ақ боз аттың сауырынан
 Аунады Тықы ақ шаңға.
 Атын алып шығарды,
 Басын шалып құрбанға.

Қамалға қайта ат қойды,
 Артынан әскер лап қойды.
 Тастаған қозға¹ тоқтамай,
 Қалаға салды атойды.
 Дарбазаны талқан қып,
 Бір «қасқыр» қуды мың «қойды».
 Ұрттап ішіп, қан төгіп,
 Арандары бір тойды.
 Жас та болса Жанқожа
 Атадан артық бір сой-ды.
 Қоралап айдап малдарын,
 Толтырды батыр Қараойды.
 Екі жесір тағы алып,
 Жанқожа жазды бір бойды.
 Шауып, шаншып ұрыста
 Дұшпанның басын көп жойды.
 «Өзім жазым болам», — деп,
 Кей жамандар екі ойлы.
 Алаңғасар кей батыр,
 Ұрыстан қорқақ үрейлі.

Жаңадария өзені
 Суы ағып жатқан сала екен.
 Қорғанның іші бекінген
 Екі бөлек қала екен.
 Ауыздағы қалада

¹ Қоз — шоқ, екінші мағынада — әшекей зат.

Құжынаған қазына-мал екен.
 Төр жағында, түкпірде
 Хан сарайы бар екен.
 Төрт аяқты малдары
 Жылқы мен қызыл нар екен.
 Аман қалған қылыштан
 Кәрі-құртаң шал екен.
 Ауыр олжа көп алды,
 Бұзау, баспақ, танамен.
 Батырлар қайтып бет алды,
 Тапқандай жерден жеті кен.
 Қалың қол қайтып келатыр¹
 Керуен жол, ашық даламен.
 Ер Дабыл елден сұрапты:
 – Тықыны өлтіріп жол салған,
 Қамалды бұзып олжа алған
 Жас бала қайда қалды екен?
 Ол заманда халқына
 Хан Қылышбай қорғаны.
 Түсуі қиын қолына
 Ер жігіттің арманы.
 Қарақалпақпен ұрысып,
 Тайдырған жерден табанын
 Дабыл батыр тұрғаны,
 Сол арада Дабылдың
 Садақ пен бөркі қалғаны.
 Бөркі қалса, көркі жоқ,
 Жағы қалса, жаны жоқ,
 Ағаны қырсық шалғаны.
 «Жаудан айырып алуға
 Кейін қалдым, батыр», – деп,
 Ер Дабылдың алдына
 Жанқожа батыр барғаны.
 Сонда Дабыл сөйледі:
 – Ұмыттым мынау таңбаны.
 Жаудан айырып мүлкімді,
 Абыройды алғаны.
 Алаштың басқа ерлері
 Тықыға қарсы бармады.
 Сол Тықыны өлтіріп,
 Ортаға салды олжаны.
 Осы бала ержетсе,
 Ұрыстың болар палуаны.

¹ Келатыр /диалек./ – келе жатыр.

Алғыс айтып балаға
Ер Дабыл берді батасын.
Үлкендер қылар кешірім
Кішінің көрсе қатасын.
Халықтың ханы алжасса,
Кім жазады шатасын?
Жаудан алған олжаның
Түйесі мен ботасын
Үлестіріп, бай қылды,
Хан Қылышбай өзінің
Күйеуі мен атасын.
Өкпелеп бұған Жанқожа
Кетірді ханның сапасын.
Қалың қолдың ішінде
Ханды шауып балтамен,
Шығарды іштен қапасын.
«Жанқожа ханды шапты», — деп,
Хабарландырды атасын.
Өтеген мен Нұрымбет
Ашуланып қызған соң:
«Шаламыз, — деп, — жолыңа», —
Алып келді баласын.

Қылышбай жылап: «Қой, — дейді, —
Балаға азар бермеңдер,
Өле кетсем осыдан,
Дұшпанға қылыш сермеңдер.
Жанқожа тірі тұрғанда
Басқаның тіліне ермеңдер.
Қор қылмайды ешкімге
Дегеніне көнсеңдер.
Анталап тұрған дұшпан көп,
Алауыз болып жүрмеңдер.
Мен кешемін қанымды
Қадірімді білсеңдер.
Жанқожаны қолдаған
Жеті ғайып ерендер.
Өзімнен болды білместік,
Бетіне келіп жүрмеңдер.
Маған ұрған балтасын,
Жауға қарсы тигендер».

Осыдан кейін Жанқожа
Нағыз ер болды «келсең кел».
Жанқожа батыр ер болды,
Ел ішінде бір болды.

Аңдып жүрген дұшпанның
Жүрегіне шер болды.
Ығысқан қазақ елаты¹
Паналап ерді көп қонды.
Патшалық құрған іргелі
Үргеніш, Қоқан ел болды.
Елші келіп хандардан,
Қатынасы мол болды.
Атағы шығып аспанға
Күннен-күнге зор болды.
Тыныштық болып бір заман,
Таныды батыр оң-солды.
Екі адам басы қосылса,
Жанқожа батыр сөз болды.
Жас ортадан асқанда
Ірі жаулар кез болды.
Сол сияқты ерлердің
Ақырында, жігіттер,
Өз елаты не қылды?

Өзбек ханның тұсында
Атамыз қазақ дін баққан.
Алтын Орда хандары
Жердің жүзін шаңдатқан.
Олардан кейін бұл қазақ
Патшалығын жоғалтқан.
Ноғайлы тозып кеткен соң,
Хиуалық сарттар ел билеп,
Сырдың бойын шулатқан.
Ақмырзаны өлтіріп,
Бабажан сарт суға атқан.
Бұл хабарды есітіп,
Кіші жүз болып ар тұтқан.

Жанқожа сынды батырдың
Аулында жатқан кезі еді.
Шаһар толған мал-бақта,
Ақмырзаның өлгенін
Батырға барып айтуға
Жеке батыр жол тартқан.
Асығыс жүріп, тез жетіп,
Жанқожадай батырға
Былайша деп сөз қатқан:
— Алты алаштың ұлына

¹ Елат /араб/ — халық, тайпа.

Пана болған ер едің
 Өрлеген бақыт, талаптан.
 Қысымшылық қылып тұр
 Бабажан сарттың әлегі:
 Салық салып, мал жинап,
 Қазақты жиды жан-жақтан.
 Бабажанның тырнағы
 Сырдағы елге тым батты.
 Күннен күнге дәуірлеп,
 Озбырлық қылды Тәңір атқан.
 Бұл күнде сізбен ісі жоқ,
 Өзіне болды бір батпан.
 Әлібек, Нұртай батырды
 Қаразымнен¹ алдырып,
 Бағып жатыр сіз үшін
 Қайратын сынап ант атқан.
 Бес шектінің баласы
 Жаратып, сайлап, бағып тұр
 Үй басына бір аттан.
 Бәрі де сізді күтіп тұр
 Бір шақырып ұранды
 Құтылуға сол сарттан.

Жанқожаның көк аты
 Кетпеген, сірә, белдеуден.
 Ерегісіп келгенде
 Жауы бар ма жеңбеген?!
 Айбаты суық арысландай,
 Көрген дұшпан қалмайды
 Жанынан күдер үзбеген.
 Осы келген Жеке батыр
 Ер еді бір еңіреген.
 Ақмырзаның өлгенін
 Естірте алмай батырға,
 Айтуға тілі жүрмеген.
 Айтпаса да батырдың,
 Ісі бар ма сезбеген?
 Сағынып көрген батырлар
 Атқызды таңды көзбенен.
 Ертеңіне аттанып
 Сырға қарай жол тартты,
 Бет алып құла түзбенен.
 Астындағы аттарын
 Екі мезгіл жемдеген.

¹ Қаразым – Хорезім.

Жарауы түскен жануар
Еттері қызып желдеген.
Иә жортып, иә желіп,
Қызған сайын өрлеген.

Жанқожаның жайлауы
Көкдомбақ деген жер еді.
Астындағы Көкешкі
Бүкең-бүкең желеді.
Екпіндетіп батырлар
Жуықтап Сырға келеді.
Сол заманда белгілі
Ақирек, Ақбай көлі еді.
Әйімбет, Нұртай — екі бек,
Отыз сартқа бас болып,
Ел зекеттеп жүреді.
«Жанқожа келеді» дегенмен
Аттанып бұлар тұр еді.

Батыр Әйімбеттің Жанқожа батырға қарсы шыққандағы өзінің ерлік көрсеткені:

Осы жүрген Әйімбет
Масатыдай құлпырған
Қаразым жұртын тындырған.
Көк найзадан қолы өткір,
Найзағайдан оғы өткір.
Сілтеуіне келгенде
Желден жылдам қолы бар.
Астына мінген арғымақ —
Ала аяқ торы жануар.
Жүреріне келгенде
Жолын Құдай қалаған,
Бір өзін мыңға балаған
Түрікпеннен шыққан ер еді.
Ерлігінің белгісі —
Суырылып шығып сол топтан
Жәкеңе қарсы жөнелді.
Астында бедеу ойнақтап,
Түлкідей көзі жайнақтап,
Ат үстінде ойнайды
Екі жаққа бой тастап.
Аспанға балта лақтырып,
Ат бауырынан оралып,
Алады қағып қайта ұстап.
Балтаны қойып, найзамен

Ойнайды тағы ойқастап.
Бауырында жатып бедеудің,
Сілтейді найза қиғаштап.
Бір кездері Әйімбет
Қылышын алды шалқақтап.
Оңды-солды сілтейді
Ат жанында қапталдап.
Осы түрлі сыңайтпен
Көрсетті өнер алшақтап.
Ар жағынан Жанқожа
Төбеге шықты жылыстап.
Жау қарасын көргенде
Жолдасын қойды кейінге:
«Тұра тұр, — деп, — тұрақтап».
Бұрынғы жүрген қалпымен
Көкешкі аты балпақтап,
Асып-сасып не қылсын,
Жоққа қорқып, қалтақтап.
Әйімбет сонда ұмтылды
Күн секілді күркіреп.
Қабақтан аққан қара тер
Жаңбырдай жерге сіркіреп,
Басқа сөзге келмей-ақ
Сілтеді қылыш тітіреп.
Екі батыр сол жерде
Келе қалды жекпе-жек.
Балтасымен қылышын
Қағып тастап Жанқожа,
Жетіп барды: «Келші», — деп.
Жағасынан ұстап ап
Төмен қарай тартқанда
Әйімбет батыр құлады
Екі қолмен жер тіреп.
Домалап түсіп атынан,
Кездігін қойды тамаққа
Жанқожа батыр: «Үһ!» — деп.
Уыстап қанын бір ұрттап
Орнына түсті көкірек.
— Тие берсін, Ақмырза,
Қаныңа қан алдым! — деп,
Жылады батыр еңіреп.
Жеке батыр келіпті
Не болды деп бұларға?
Кегін алмай дұшпаннан
Ердің көңілі тынар ма?
Жеміт үшін бөктергі

Бүкті бүрген бүркіттей
 Жанқожа батыр сонарда
 Қорқыратып қан ішіп,
 Әйімбеттің үстінде
 Отыр екен құмарда.
 Нұртай шықты артынан
 Гулетіп кеулін¹ самалға.
 Жақындап жуық келгенде
 Жанқожа мінді қиялға,
 Шолақ қара қылышпен
 Бірді сілтеп қалғанда,
 Бұл да бір кетті ажалға.
 Екі басшы кеткен соң,
 Қалған бәрі құралма² —
 Екі ақ сұңқар кез болды
 Жайсында жатқан құланға.
 Бас кесіліп, ат босап,
 Дұшпандар түсті табанға.
 Ат-тондарын олжалап,
 Ел адамы кенелді
 Қызыл жон олжа шұбалма.
 Жауды қырып жай тауып,
 Жеке батыр, Жанқожа
 Бастарын қосып демалды,
 Аттарын қойып ыраңға³.

Осы арадан Жанқожа
 Кейін қайтты еліне.
 Сәлем айтты Сырдағы
 Ақтан атты еріне.
 «Қыстың күні болғанша,
 Дария суы тоңғанша,
 Жинай берсін адамын
 Келгенінше ебіне.
 Қырдың елі қайтқансын,
 Бабажан сартты қазақтың
 Жолатпаспын шеніне.
 Оған дейін шыдасын
 Сарттардан көрген кегіне».

Жеке батыр түсінді
 Мына сөздің тегіне.
 Ақтанға барып айтуға
 Жол тартты бұл да жөніне.

¹ Кеуіл /диалек./ — көңіл.

² Құралма /диалек./ — құрама, жиналған.

³ Ыраң /диалек./ — көктемнің басында құмдауыт жерде өсетін дәнсіз, аласа шөп.

Бекбауыл, Бажақ, Ер Ақтан
Жолдасы еді батырдың
Қолдаушы болған көбіне.
Солардың ісін айтайын,
Бұл сөздің жетіп шегіне.
Ақмырзаның ары үшін
Не қылар екен? Көр енді.
Көп әлеумет, құлақ сал
Жорғаңыздың кебіне.
Қызыл тілдің үлгісі —
Жиырма тоғыз қаріп-ті¹.
Ол қаріпті шығарған
Араб деген халық-ты.
Күншығыстан нұр шығып,
Бізге түскен жарық-ты.
Қайыптың ұлы Жанғазы
Хан болыпты дәріпті.
Сырдарияны жағалай
Көп қаланы салыпты.
Өкім қылып осы елге,
«Бабажан» деген бір сарттың
Қолына берді жарлықты.
Біздің Алаш баласы
Бабажан сартқа қанықты.
Бабажанның қорлығы
Қазақтарды налытты.
Налытқан емей немене,
Алмады қошқар, саулықты.
Үй басына салыпты
Қозыдан жорға салықты.
Меңсіз қара қозыдан,
Елде жақсы жар болса,
Елде жақсы мал болса,
Бабажан соны алыпты.
Бастан кетіп ықтияр,
Тамам қазақ тарықты.
Қазақтың тәуір әйелі
Бетіне күйе жағыпты.
Қырда жатқан Жәкеңнің
Келуіне шыдамай,
Ақтан батыр жанықты,
Ерлігін сөйтіп ағытты.
Егіншілерді жинап ап
Дариядан өтіп барыпты.

¹ Қаріп /араб/ — әріп.

Ерлер мінген бедеуге
«Дария» деген арық-ты.
Қара аруағы Ақтанның
Қара түнек бұлт болып,
Қара боран дауыл боп,
Айғай-сүрен салыпты,
Өлімге сартты жарытты.
Төбелеске келгенде
Сарттың күні ғаріп-ті.
Дарияға атып өлгенін,
Тойындырды балықты.
Майқара деген баласын
Мінгестіріп Бабажан,
Ордан атын қарғытты.
Орға құлап тұлпары
Аяқтан ажал шалыпты.
Қарғығанда бедеуі,
Сыпырылып Бабажан
Ор ішінде қалыпты.
Майқараны бекітіп,
Бір үйге қамап салыпты.
Бабажанды байлап ап,
Қуып сабап, арытты.
Ізіндегі көп адам
Қуа-қуа шалықты.
Бір жерлерге келгенде
Бабажан шаршап қамықты.
Сол арада бір тентек
Жидеден алды қазықты,
Құлаш жарым қу жиде
Құйрығына қағыпты.
Табан тіреп тепкенде,
Тар алқымға жеткенде,
«Қизың-қизың», – деп жатып,
Өзі-ақ өліп қалыпты.
Ыңыранып бейшара,
Жан кеудеден шығыпты.
Жанғазы ханды өлтіртпей
Төремұрат жырау бағыпты.
Осы жүрген Жанғазы
Бір ер еді кәдікті¹.
Бабажан өліп қалған соң,
Ертеңіне жиналып,
Жанғазы ханды қозғасын.

¹ Кәдік – күдік, күмән.

Былайша деп Жанғазы,
 Көл қылады көз жасын:
 – Алған жерім жоқ еді
 Мұсылманның олжасын.
 Пенде болып отырмын
 Басымнан бақыт озғасын.
 Қырда жатқан Жанқожа
 Көпті көрген сырласым.
 Әрдайым да жүруші ем
 Жәкеңнің алып ыңғасын¹.
 Бөрі де жауға бермейді
 Ізіне ерген жолдасын.
 Мен Жәкеңе барғанша
 Обалыма қалмасын.
 Тым болмаса батырдың
 Өтейін көріп бір басын.
 Әр не қылса ықтияр
 Өз қолына барғасын.
 Өліп кеткен Бабажан
 Жаңылып еді тобасын.
 Қылмысы жетіп басына,
 Тайдырып алды сырғасын.
 Пәтуа қылды көп адам:
 «Батырдың өзі берсін, – деп, –
 Жанғазы ханның қолқасын».
 Балаларын шұбыртты,
 Түйеге артып қазынасын.
 Ханның көркі не болар
 Бұқараға жазғасын?
 Жанғазының жанға өлшер
 Қара тұлпар жорғасын
 Төремұрат жырау мініпті,
 Асырып жұрттан поrmасын.
 Жанғазы қырға жол тартты
 Батырдың іздеп ордасын.
 Қара жорға тұлпарды
 Салдырып кетіп баратса²,
 Тұр екен күтіп жол басын.
 «Мінгестіре кет», – депті,
 Байқағасын тұрмасын.
 Күтіп тұрған ханыңа
 Айтпай кетті «армасын»³
 Арып-ашып қырдағы

¹ Ыңғасын – ыңғайын, ретін, жөнін.

² Баратса /диалек./ – бара жатса.

³ Армасын – амандағын, сәлемін.

Жанқожаға барғасын,
Демеді батыр еш нәрсе,
Болар ісі болғасын.
Тілеп алды Жанғазы
«Шыбын жан» деген сауғасын.
Кім кемітер пендені
Басына бақыт қонғасын.
«Хан баласы Майқарабек
Өлмей-ақ тірі көрсін, — деп, —
Төлектің ертіп ізіне,
Төреге белгі болсын», — деп,
Кене ханға жіберді
Тигізбей жерге жамбасын.
Сыр бойында ер Ақтан
Сарттарға таңба салғасын,
Халықты жинап сөз айтты,
Олжалап айдап болғасын.

— Жасымның білдім жеткенін,
Көзді мұнар шалғасын.
Өзі қырда жатуға
Батырдың аты қалмасын.
Әйімбет, Нұртай батырдың
Қырда басын алғасын,
Артымызда сол сүйеу,
Бата алып тұрғасын.
Сартты шапқан атағы
Жанқожаға қалсын, — деп,
Істеді Ақтан батасын.
Қанша баптап қосса да
Шабады жүйрік пардасын.
Қызыл тіл деген сары май,
Сөз — еріген қорғасын.
Бұл сөз тұрсын бір жерде,
Бұдан бұлай, бектерім
Тағы бір толғау қозғалсын.

Қайыптың ұлы Жанғазы
Өз жанын өзі құтқарып,
Халайықты томсарып,
Жинап алды даладан
Жазған сартты бұлтарып.
Бұрынғы сәннің бірі жоқ,
Итшілеген бір ғаріп.
Алты Асанның баласы
Хан көтерген қол алып.

Кек алуға кірісті,
Жау болғандарға шамданып.
Билер жиды алдына
Елатына жар салып.
Талайды дарға тарттырды
Бабажанға арланып.
Ел азамат ерлері
Бағынбады қорланып.
Бейқуат болып отырмай,
Сақ болды сарттар қорғанып.
Қырдан батыр қайтқан соң
Аттанды батыр қомданып.
Қалған сартты қырмаққа,
Жанғазыдан құтылып,
Тиыш болып тұрмаққа.
Бес жүздей адам ертіп,
Жанқожа мінді көк атқа.
Шыққаны жалғыз бұл емес,
Жол шеккен талай жыраққа.
Бес-он сартқа бас болып,
Жанғазы болды лақпа.
Қайыпалды ханның уәзірі
Раманқұл би еді
Киіз туырлықты қазаққа.
Ақылгөй қылып ауылына,
Бұны да қойған сол шақта.
Раманқұл бимен қатынап,
Іс қылыпты батыр сол шақта.
Бірден барып қамалап,
Қашырмады жан-жаққа.
Ішті-тысты былғасып,
Оп-оңай елді шаппай-ақ,
Бабажанға келгенде
Мұны да салды азапқа.
Хиуалық сарттан тынышайып¹,
Алғыс айтты қазақтар
Жанқожадай шыраққа.

Қазақтың асылзадасы,
Үш алаштың данасы —
Кенесары, Наурызбай —
Төре тұқым тазасы.
Еңсегей бойлы Ер Есім,
Абылай-Мансұр бабасы.

¹ Тыншайып /диалек./ — тынышталып.

Өз атасы Қасымның
Қоқаннан болған қазасы.
Ойда — Қоқан, қырда — орыс,
Қазақтың кетті мазасы.
Еркімен көшіп жүруге
Таршылық болған сияқты
Екі жаудың арасы.
Жайлауы болды біраз күн
Арқаның кеңіс даласы.
Қасым ханның асына
Жанқожа барған шамасы.
Қоқаннан кегін ала алмай,
Тұр екен құрып санасы,
Ішінің бітпей жарасы.
Жанқожа батыр барған соң,
Жүректің тасты қанасы.
Батыр мен төре бас қосып,
Созаққа болды барасы.
Жалықпай әркім тыңдайды,
Табылса сөздің сарасы.
Оншама толық демеймін,
Болса керек шарасы.

Еліне келіп Жанқожа
Адамын жинап бекінді,
Бармағанға жекірді.
Аттары ойнап, секірді,
Мырзалар қояр кекілді,
Батырлардың арманы —
Созақтан алмақ жетімді.
Аттанатын хабары
Әр тарапқа жетілді.
Басты-басты батырға:
«Жүріңдер», — деп өтінді.
Елеуреген жігіттер
Екпіндесіп жұтынды.
Бір күндері болғанда
Елдерінен құтылды.
Бірнеше күн жол жүріп,
Хан Кененің қолына
Кеседен соққан секілді,
Қалың қолды көрген сон
Хан Кене тасып есірді.
Жол тартып бұлар жосылды,
Тап Созаққа келгенде
Екі мың әскер қосылды.

Бөлек-бөлек қаласын
Жөнекей шауып, көшірді.
Қаптаған қазақ қолынан
Сарттардың жолы кесілді.
Жуықтап келіп Созаққа,
Түсірді төре қосынды.
Қол қарасы аз емес,
Ханның көңілін өсірді.
Демалыс қылып сол жерде
Тыныш жатып, көсілді.
Бір күндері болғанда,
Қорғанды бұзып, жол салды.
Қожа, төре осында
Ордан аттап өте алмай,
Қожалар тегіс шошынды.
Жарлық қылып хан Кене
Тал жібектей есілді.

Екінші кезек төрелер,
Елді бастар кемеңгер.
Ақ киініп, ат мініп,
Барабан қағып жөнелер.
Бастығы Ержан төре еді,
Ізіне еріп өңгелер,
Қалаға қарай жол тартты:
«Көрсетем, — деп, — бір өнер».
Қамалға жақын барғанда
Сарттардың атқан оғымен
Талайы болды қара жер.
Сирақты қара мылтықпен
Оқ жаудырып сарттар тұр
Дегендей болып «Келе бер».
Ат қоя алмай қамалға
Төрелер болды арам тер.
Бұлардан кейін аттанып
Ұлы жүз бен Орта жүз
Кезекке шықты оқталып.
Қамалға жуық бара алмай,
Оққа қарсы тұра алмай,
Кіре алмай қайтты қамалға
Аттанса да мақтанып.
Олардың қайтқан жерінен
Бұлар да қайтты тоқтамай,
Бесінші күні хан Кене
Жанқожаны шақыртты:
«Тұрмысың, — деп, — сақтанып?
Атқа құмар батырлар

Бос сабылып қайтып тұр,
 Өлгені топырақ жастанып.
 Ендігі кезек — сенікі,
 Кіші жүздің ішінде
 Сен қалдың жалғыз сақтанып.
 Қолың жеңіл ер едің,
 Енді, батыр, өзің бар,
 Ертеңге шейін тақталып!»
 Хан жарлығы тиген соң,
 Жанқожа шапты шаттанып.

Төремұрат жырауға
 Жанқожа айтты: — Тұрғайсың,
 Келісті сөзді төпелеп,
 Қызыл тілмен шалғайсың.
 Бір ақыл бар істейтін,
 Жан жиналып, алмайсың.
 Биік қара нар мініп,
 Омыраулай қалғайсың.
 Бес шектінің ішінен
 Он жігіт таңдап алғайсың.
 Ерлерді мақтап, қыздырып,
 Қызулы күйге салғайсың.
 Өлең айтып қол бастап,
 Қамал жаққа барғайсың.
 Егер мұны қылмасаң,
 Биік қылып ту ұстап,
 Өзің кейін қалғайсың.

Желбіреген туменен
 Күннің көзі байланып,
 Бұл қалаға қамалып,
 Сарттар жатыр сайланып.
 Кіші жүздің адамы
 Жанқожаны құрмалап,
 Ат қоюға айланып.
 Оны батыр қылмайды:
 «Асықпа», — деп ойланып.
 Не қыларын біле алмай,
 Тыным таппай Жанқожа,
 Қаланы көрді айналып.
 Он жігіт алды іріктеп,
 Жалаң қылыш байланып.
 Ызылдаған жаяулар
 Батырға еріп жөнелді
 Мақтауға балқып, найқалып¹.

¹ Найқалып — «жайқалып, ырғалып, тербеліп» деген мағынада.

Нарға мініп, күй тартып,
Төремұрат сөйлейді
Былайша деп толғанып:
— Арғы атамыз — Кіші жүз,
Баласы еді бес шекті.
Жанқожадай ер шығып,
Беріпті Құдай тілекті.
Үш алаштың ішінде
Сендерден артық кім текті?
Сарт пенен қалмақ зарынан
Әзіреттен ауып ел кетті.
Жалпақ ауа кезінде
«Ақтабан» деген жұт өтті.
Қыл белбеулі қырық жігіт,
Әсіресе ішінде
Қыр мұрынды бір жігіт,
Басқасынан келбетті.
Елді жауға шалдырмай,
Кеседен жауға алдырмай,
Сырға қарай шұбыртты.
Қашаннан халық боп отырған
Қара қалмақты үдертті.
Жер мен суға ие қып,
Бізді мұндай көлбетті.
Қайырлы болып бұл қоныс,
Біздердей тұқым дүр етті.
Атаның арын арлайтын,
Мінеки, ерлер, күн жетті.
Атаға ұқсап ұл туса,
Жүрген жері жеңдет-ті.

Дүниені оймен ораған,
Хан болып халқын сұраған.
Шын ашуы келгенде,
Жауға қардай бораған.
Салтанатың кем емес
Нәріктің ұлы Шорадан.
Айғыр дауыс Таттыбай
Дұшпанды еттей тураған.
Онан туған Мырзалы
Қайратың асқан тумадан.
Қыл белбеулі қырық ердің
Біреуі мынау — Киікбай.
Бекбауыл, Бажақ сол ерден
Асылдан түскен қиықтай.
Анық батыр ат қояр

Дұшпанды көрсе ұйлықпай.
Арқаңа сүйеу – Жанқожа
Қара мойыл, сырықтай.
Кене хан қалды кейінде,
Дұшпаннан кеулі тынықпай.

Аққа сиын, Беласар,
Беліңе садақ жарасар.
Екіталай жер болса,
Ердің көңілін ер ашар.
Ұмтылыңдар қалаға,
Сендерден қалса, хан ашар.
Дарбазасы ашылса,
Кейінгі әскер, қол басар.
Ежелден абырой, үлгі алған,
Қамалды бұзып жол салған,
Қанды көз туған жақсылар,
Екпініңнен жау қашар.

Шал Төртқара, Таттыбай
Қожа, төре бұзбады,
Ақырында хан Кене
Жанқожаны қозғады.
Батырды жұртқа мат қылмай,
Абырой алып берсеңдер,
Сендерден ешкім озбады.
Жанқожа десе бұл күнде
Қай мұсылман қызбады?
Баққүндес болған төрелер,
Жол берді кетіп ызғары.

Екі жүзді семсердің
Балдағы қолда қалғанша.
Ат басындай сом жүрек,
От болып, қаулап жанғанша.
Мөлдіреген екі көз,
Жұмылып қанға толғанша.

Тыным алып ас ішпей,
Ат бауырынан қан кешпей,
Ел бетін көрмес күн бүгін.
Көбеңсіген батырлар
Бала да болса, атадай.
Батырдың сәні болмайды
Өз елатын қорғамай.
Жігіттің болмас ажары

Санды сапырып былғамай.
Ажалы жеткен адамдар
Үйде жатса да өледі
Көзінің жасы құрғамай.
Көпжасар, Бажақ, Айдарқұл,
Сатыбалды, Жұмабай,
Аталарың аруақты —
Құттық пенен Құрманай.
Құланбике, Қоңырдың,
Кереметі белгілі —
Жарқырап мысал туған ай.
Шағырай, Сәдір, ер Дабыл,
Тоқым тыққан Қыстаубай,
Іс көрсетер күн бүгін,
Құр атаққа мәз болмай!

Көбең өскен батырлар.
Ерте жатып, кеш тұрар,
Елде қалған қатындар.
Қатуланса нағыз ер,
Бұлтты күндей түнеріп,
Қарт бурадай сақылдар.
Бәрі де сізге тілектес,
Ғұлама ишан, ақындар.
Жан аямай, сілтесіп,
Кеселеп жауды атыңдар.
Созақты алсақ осыдан,
Дұшпаның дос боп жақындар.
Келе жатып жолда жөнекей,
Жиырма бір қала біз шаптық,
Үлкенін тұтып қылышқа,
Жастарын қойдай шулаттық.
Бүгін тату, ертең қас,
Сарттардан шықпас тұрақтық.
Созақты алсақ осыдан,
Қоқанның туын құлаттық.
Сүйекті туған ерлерге
Табылмас мұндай ғазаттық,
Қазақ үшін қан төккен
Өздеріңдей ерлерге
Батагөй біздей тасаттық!
Төремұрат соны айтып,
Қала берді ту ұстап.
Жаяу шыққан он батыр
Жалаң қылыш қолға алып,
Арқалары құрыстап,

Қалаға жетті жылыстап.
Сол арада іркіліп,
Бастарын қосты дұрыстап.
Есі шықты ерлердің,
Шапса да білмес қылыштап.
Созақтың халқы мол екен,
Айнала қазған ор екен.
Он төрт қатар арбаны
Сыртынан оның қоршалап,
Қамал қылып тұр екен.
Биік қорған басында
Мергендері тұр екен.
Дарбазаны күзеткен,
Қоз¹ тастайтын қол екен.
Мергеннің атқыш бастығы
«Жеке батыр» деген дер екен.
Аты қазақ ұлында
Ұзақтан тиер мылтық жоқ,
Айнып қалар құлқы жоқ.
Оққа қарсы ататын
Қарбой садақ, саржа² оқ.
Жанқожаның нөкері
Садақ атқан өнері,
Оққа қарсы шабушы еді
Бетінің қайтпай бедері.
Садағын алды қолына
Сатыбалды, Майрам дегені.
Қоқан арба астында
Кідіріп жатып кезеді.
Сатыбалдының саржасы
Жеке батыр мергеннің
Бүйірін қанға бөгеді.
Сирақты мылтық саймандап
Жаңа құрып жатқанда,
Сол садақтан өледі.
Он жігіттің ішінде
Жанқожа батыр пішінді,
Екпіндеген бойымен
Қалаға жеткен сықылды.
Дарбазаның алдында
Жанқожа батыр күрсінді,
Қатуланып, ұмтылды.
Аш қасқырдай бұлқынды.

¹ Қоз — шоқ, от.

² Саржа — сүйекпен әшекейленген әдемі садақ.

Артындағы көп әскер
Көріп тұрды бұрқылды.
Бұрап үзіп тастады
Дарбазадағы құлпыңды.
Қарсы тұтып қалқанын,
Шоқ тигізбей жұлқыңды.
Тығылған екен қалаға
Жан-жақтан қашқан іркінді.
Қорғаннан ішке кірген соң,
Қиямет қылды бір күнді.
Қолындағы ақ семсер
Оңды-солды сілкінді.
«Әкажандап» қашқан сарт
Тыйғызбады күлкінді.
Екілесіп келгенде
Қоқанның сарты ұтылды.
Батырдың кеуілі бір тынды.
Қалаған жерден қан алды,
Әзірейілдей жан алды.
Артындағы көп әскер
Көшеге кіріп таралды.
Алдыңғы кеткен батырлар
Шырмауықтай оралды.
Қарқындап барып, қашырмай,
Ханның басын тағы алды.
Кенесары, Наурызбай
Бір көшені бұл да алды.
Әлім, шөмен ерлері
Бет-бетімен жол салды.
Бағанағы қалың қол
Ордаға барып қамалды.
Қылыштан қалған бұқара
Тіледі ханнан аманды.
Хан сарайын олжалап,
Төрт түліктен мал алды,
Көз көрмеген олжа алды.
Жалғыз атты жарлылар
Алтын алып, пұлданды.
Жеті жүз түйе қазына алып,
Көштің басын қыз тартып,
Қайтып елге бет алды.
Небір сұлу жесірлер
Түйені тартып ырғалды.
Елде қалған жамандар
Көп олжадан құр қалды.
Опасы жоқ сұм дүние,

Көшпелі болған заманда,
Сол ерлерден бұл күнде,
Ойлашы, бектер, кім қалды?

Ұзамай-ақ арасы
Орыс келіп арқадан,
Біріне-бірі жамадды.
Тыңдаушы адам табылса,
Тағы бір толғау қозғалды.
Мына бір заман түрінен,
Баянсыз жалған сүрінен,
Небір-небір ер өткен.
Өткен ердің белгісі –
Залымдарды еңіреткен.
Қиядан шыққан қиқуға
Бірнешеулер шыдамай,
Маң даланы күңіреткен.
Сол күндері Құдайым
Түркістанның даласын
Қалмақтарға билеткен,
Қамырдай қылып илеткен.
Ар жағынан Жайықтың
Шүлдірлеген ел өткен.
«Орыс» деген көп халық
Ізіне арба сүйреткен.
Қазақтан қырғызды айырып,
Ағыбай сөзді үйреткен.
Кенесары, Наурызбай
Алатауды күңіреткен.
Басты-басты батырлар
Өзді-өзімен қас болып,
Үш алаштан күш кеткен.
Қазақтың қорқақ кезі еді,
Жаңа шыққан сүгіретген¹ –
Нұрмамбет ұлы Жанқожа
Күркіреген белі өткен.
Қаһарлы қара найзамен
Кәуірді талай түйреткен.
Орыстар соққан қамалға
Баруға батыр мейіл² еткен.
Мекалайға³ салдырмай,
Тиіп-қашып орысты,
Бір қалаға індеткен.

¹ Сүгірет – сурет.

² Мейіл – пейіл.

³ Мекалай – Ресейдің соңғы императоры Николай Александрович Романов.

Бірен-саран шыққанын
Малдарын талап олжа еткен.
Жанқожаның қорлығы
Орыстарға күнде өткен.
«Райым» деген түбектен
Тамам қазақ жиналып,
Қарсы келді бір беттен.
Команда беріп полковник,
Жанқожаны көздеткен.
Бес жүз солдат атқанда
Түспеген жара тұщы еткен.
Қалың қол қаптап келгенде
Қарсы жауып қабағын,
Жанқожа батыр түнерткен.
Жалаң қылыш қолға алып,
Балдағынан қан төккен.
Он жеті адам өлтіріп,
Орыстарды үркіткен.
Көкешкі атқа оқ тиіп,
Батырың ыза көп шеккен.
Жаяу қалып Жанқожа,
Ортаға орыс қамады,
Сонда да қолға ала алмай
Орыстар қайтып бір кеткен.
Пәтуа қылып қаладан,
Барған соң елші жөнелткен.
Тарту беріп жіберді
Неше түрлі мүліктен.
Бір мінезі батырдың
Қолына нәрсе алмайды
Кәуір, қалмақ, жүйіттен.
Ағайын ермей ізіне,
Орыстан батыр үріккен,
Ақбеткей деген бір тауда
Жалғыз жатып зеріккен.
Болмашыны өкпе етіп,
Жау болып табын бір шеттен
Байқаусыз жатқан батырды
Жетіру барып еңкейткен.
Үстіне дұшпан келгенде,
Асықпай батыр отырды:
«Ел шығар, – деп, – еріккен».
Тостағандап шақырған
Ұранның даусын есіткен.
«Мұсылманның ұлына
Еш жазығым жоқ еді,

Япырым-ай! – деді, – неліктен?»
Алдырғаны дұшпанға
Мінер атын батырдың
Ұрлап алып табындар
Айырған екен көліктен.
Өз әулеті қарсы боп,
Сындырды бұтақ теректен.
Қанеки, одан не тапты,
Зары кетпес жүректен?!
Романовтың тұсында
Жанқожаның суретін
Аттырушы еді Мекалай,
Белгіні қойып Үстірттен.
Сол сияқты ерлерім
Бір кеткен соң қайтпады
Тарламат атты түнектен.
Бейорын жұмсап қайратын,
Пайда бар ма жүрмектен?!
Сыпайы сөздің белгісі
Өткерген ұндай електен.
Сүйекке сіңген сыр мінез
Сынғанша қалмас шөлмектен.
Көркеймейді еткен іс
Үлгі алмаса өрнектен.
Көктей өткен темір жол
Ақмешіт, Арыс, Жөлектен
Бір ашық жер қалған жоқ
Қаразым, Төрткүл, Хоженттен.
Екі басты бүркітке
Жұмыла жұртты түнеткен.
Мың шүкірлік қыларсың,
Құтылған соң сол дерттен.
Тақысы жоқ таза сөз
Тыңдаған сайын шөдеткен.
Қалам алған бес саусақ,
Сен де құтыл міндеттен.
Молла Ұлықман Кенжеев
Ерініп қалған жері жоқ,
Қиялдап жазған ермектен.



Бірінші мақам

Орындаған: Қуаңбаев Әділхан

Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

Орташа

4 Кұр тар қа-тып бол-май-ды Ә-леу-мет-тің құр-ма-уын.

6 Шын да-ныш-пан бі - ті - рер Ши - е - ле - ніс - кен ел да - уын.

8 А - ға - лар аң - сап кел - ген - де, Кұр - бы құр - сап кел - ген - де,

10 Ше - ше - йін сөз - дің құр - са - уын Ай - гал - май кет - сем о - сы - дан

12 Өң - ті - ме бо - лар ар - тым - нан: "Көр - дің - бе, - деп, - бұл да - уын".

14 А - тақ - ты жүй - рік е - мес - пін Тап - қан - дай сөз - дің паң - да - уын.
қайыру

16 Ша - ла - мыз деп жо - лы - ңа оу А - лып кел - ді ба - ла - сын ей - - ей

Екінші мақам

Орташа

18 Қы лыш-бай жы-лап Қой, дей - ді, - Ба - ла - ға а - зар бер-мең-дер.

20 Ө - ле кет-сем о - сы - дан Дұш-пан - ға қы-лыш сер-мең-дер.

22 Жан - қо - жа ті - рі тұр - ған - да Бас - қа - ның тілі - не ер - мең-дер.

24 Қор-қыл-май-ды еш-кім-ге Де-ге-ні-не көн-сең-дер. Ан-та-лап тұр-ған дұш-пан көп,

2 27

29 А - ла - уыз бо - лып жүр - мең - дер. Мен ке - ше - мін қа - ным - ды
30 Қа - ді - рім - ді біл - сең - дер.

30 қайыру
Тұр е - дің ей

Үшінші мақам

33 Асықпай

35 Ей о - сы жүр - ген Ә - йім - бет, Ма - са - ты - дай құл - пыр - ған
37 Қа - ра - зым жүр - тын тын - дыр - ған. Көк най - за - дан кол(ы) өт - кір,
40 Най - за - ғай - дан оғ(ы) өт - кір. Сіл - те - уі - не кел - ген - де, Жел - ден жыл - дам қо - лы бар.
42 Ас - ты - на мін - ген ар - ғы - мақ - Ал(а) - а - яқ то - ры жа - ну - ар.

42 Қайыру
Жаз - ға - сын ей

Төртінші мақам

45 Асықпай

47 Жан - ға - зы - ның жанғ(а) өл - шер, Қа - ра тұл - пар жор - ға - сын
49 Тө - ре - мұ - рат жы - рау мі - ніш - ті, А - сы - рып жұрт - тан пор - ма - сын.
51 Жан - ға - зы қыр - ға жол тарт - ты Ба - тыр - дың із - деп ор - да - сын.
53 Қа - ра жор - ға тұл - пар - ды Сал - ды - рып ке - тіп бар - ат - са,
Тұр е - кен кү - тіп жол ба - сын. Шап - та - нып ей

Қайыру



Бесінші мақам

Баяулата

58

60 Тө - ре - мұ - раг жы - рау - ға Жан - қо - жа айт - ты: - тұр - ғай - сың,

62 Ке - ліс - ті сөз - ді тө - пе - леп, Қы - зыл тіл - мен шал - ғай - сың.

64 Бір а - қыл бар іс - тей - тің, Жан жи - на - лып ал - май - сың.

66 Би - ік қа - ра нар мі - ніп О - мы - рау - лай қал - ғай - сың

68 Бес шек - ті - нің і - ші - нен Он жі - гіт таң - дап ал - ғай - сың.

70 Ер - лер - ді мақ - тап, қыз - ды - рып, Қы - зу - лы күй - ге сал - ғай - сың.

72 Ө - лең ай - тып қол бас - тап Қа - мал жақ - қа бар - ғай - сың.

74 Е - гер мұ - ны қыл - ма - саң, Би - ік қы - лып ту ұс - тап,

Ө - зің ке - йін қал - ғай - сың.



7/11 Жанқожа батырдың, Жанқожа
 Әрине бойында Әр аманшыл біріздікелі
 Жолақ - айдардың аңсаған шауыт
 Әзіл Әлімнің кейіпін үшін Сүр
 Бойындағы ерлерді ертіп барып 17 жасында
 Қара, қаламқас Әділді батырмен Жанқожа
 Батырдың соғысқан Басыммен
 ✗ Күр тор қайта болмайды,
 Әлдеу әлдеуіңіз күр мауың.
 Шын драмыннан тігірер,
 Шилекемен ел ағуын.
 Аңсаған аңсап келгенде,
 Күрөп күрсеп келгенде
 Сөз әлдеуіңіз күрсөуын.
 Айтпай кейсіңіз өседіңіз
 Әзіл мен боғар ортамың.
 Қорғау без деп құрауын.
 Айықты жұртқа елестің,
 Тіп қондай сөздің маңдауын.
 Ермен менен тер менің.
 Сендерге бердім маңдауын.

Жанқожа батыр (Л. Кенжеұлы нұсқасы).

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (1320-бума).

Лұқпан Кенжеұлы (1898-1930) — ақын, жыршы. Қазіргі Қызылорда облысының Қазалы ауданына қарасты Амангелді ауылының аумағында туып-өскен. Бала жасынан Жиенәлі деген ишаннан хат танып, кейін Қазалыдағы қазақ-орыс мектебінде оқып, білімін жетілдіреді. Өмірінің соңына дейін Аудандық халық сотының хатшысы болып қызмет атқарды. Жұмыстан бос уақыттарында халық арасынан Жанқожа, Ақтан батырлар туралы аңыз-әңгімелерді жинап, тарихи жыр жазуды мақсат еткен. Бірақ мезгілсіз қайтыс болып, көп жырлары аяқталмайды. Дегенмен соңына даңқты Жанқожа батырдың бірнеше ерлік істерін баяндайтын бас-аяғы бүтін, тілі өрнекті, кейінгі ұрпаққа өнегелі ірі жыр нұсқасын қалдырған (жыршының фотосуреті сақталмаған).

СУРЕТТІ СӨЗДІК

Адырна — жақтың (садақтың) ату қызметін атқаратын негізгі серпінді бөлігі. Адырнаның иіні, екі басы, белі әртүрлі ағаштан жасалып, иіні серпінді болу үшін мүйізбен, белі берік болу үшін сүйекпен күшейтіліп, өн бойына тарамыс жапсырылып, сырты қайыңның тозымен қапталады. Ату үшін адырнаға қайыстан, тарамыстан немесе жібектен керме жіп — кіріс байланады. Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауының орнына метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауы магиялық жанама атау ретінде қолданылды. Бұл магиялық ғұрып бойынша, әскери істе қолданылатын заттың өз атын басқа атауымен ауыстыру оның зиянды кесірінен сақтайды деп саналған. Сондықтан «адырна» атауы жақтың негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі болғандықтан, ол жақ атауының орнына, оның эвфемистік жанама атауы ретінде де қолданылған.





Айбалта — жүзі өткір, жалманы жарты ай сияқты дөңгеленте соғылған жауынгерлік балта. Жүзінің дөңгеленген түрде жасалуы айбалтамен шабу арқылы да, кесу арқылы да зақым салуға мүмкіндік береді. Кейбір айбалталардың шүйдесі балға түрінде жасалып, қосымша ұру, соғу арқылы зақым салу үшін де қолданылған. Орта сапты айбалта ат үстінде соғысуға арналса, ұзын сапты айбалтаны хан ордасының күзетшілері ұстаған.



Ақ алмас — қару жасауға қолданатын шынықтырылған асыл болаттың бір түрі. Суғарылған құрыштың қазіргі атауы — «болат (фулад, пулад)» сөзі түркі тіліне парсы-араб тілінен ауысқан, түркі тіліндегі асыл құрыштың бұрынғы төл атауы «алмас» болатын. Алмастың суғару барысында қабылдайтын түсіне қарай оның «ақ алмас», «қызыл алмас» деп аталатын түрлері болды.



Алмас — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса қаттылығымен және иілгіштігімен ерекшеленетін шынықтырылған асыл құрыш темірдің түркі тіліндегі көне атауы. Кейін түркі тіліндегі «алмас» атауын араб-парсы тілінен енген «болат» (ар. фулад) сөзі ауыстырған (қараңыз: **болат**). Балқыту барысында пайда болатын сапасына сәйкес алмас ақшыл немесе қызғылт түске енетіндіктен, оның түрлерін «ақ алмас» және «қызыл алмас» деп атаған. «Қызыл алмас» сапасы жағынан алмастың ең асылы саналған. Алмастан найза, қылыш, семсер, айбалта бастары, дулыға және сауыттар соғылған.



Ақ балдақ (көк балдақ) — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін эвфемистік жанама атауы. Қылыштың, семсердің сабы мен басының арасында көлденең орналасқан тірегіш темірі — «балдақ» жауынгердің қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды конструкциялық элементтің қызметін атқарады. Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімде-

рі бойынша, әскери істе қолданатын құралдың өз атын атамай, оны метонимиялық әдіспен бөлігінің немесе материалының атауымен ауыстырып, эвфемистік жанама атаумен атайтын болған. Бұл магиялық ғұрып бойынша, қолдану барысында құралды және адамды зиянды рухтардың кесірінен сақтайды деп есептеледі. Балдақ қарудың маңызды бөлігі болғандықтан, соғылған болатының — ақ алмастың түсіне байланысты «балдақ» атауына «ақ» сөзі қосылып, темірден жасалса, «көк» сөзі қосылып айтылып, метонимиялық әдіспен «ақ балдақ (көк балдақ)» атауы қылыштың, семсердің өз атауының орнына олардың магиялық жанама атауы қолданылды.

Ақ берен — жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің эвфемистік жанама атауы. Берен сөзі тілімізде «асыл болат» деген мағынаны білдіреді (қараңыз: **берен**). Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауы метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауымен ауыстырылып айтылған. Дәстүрлі кәсіби істе қолданылатын заттың өз атын атауға тыйым салу қолдану кезінде оның зиянды кесірінен сақтайды деп сенген. Сондықтан қазақ тілінде «ақ берен» сөзі ақ болаттан соғылған кейбір қару-жарақ түрлерінің өз атауының орнына қолданылған эвфемистік жанама атауы болып қалыптасты. Халық

ауыз әдебиетінде «ақ берен» сөзі үш мағынада қолданылды: 1) оқпаны ақ береннен соғылған ескі мылтықтың бір атауы ретінде; 2) жүзі ақ береннен (болаттан) соғылып жасалған қылыштың (семсердің) бір атауы ретінде; 3) қорғаныс тақталары береннен соғылған сауыттың бір атауы ретінде.

Ақ сауыт — металдан жасалған сауыттар тобының ортақ атауы. Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ атауларында металдан жасалған қару-жарақ атауларына кейде «ақ» сөзі қосылып айтылып, олардың ақ алмастан (болаттан) соғылғанын көрсетеді. Сондықтан болаттан соғылып жасалған сауытты кейде «ақ сауыт» деп те атайды. Осы мақсатта металл сауыттардың «көбе», «кіреуке», «берен сауыт» сияқты жеке түрлерінің атауына кейде «ақ» сөзі қосылып, «ақ көбе», «ақ кіреуке», «ақ берен» деп те атайды. Органикалық материалдардан (сүйек, мүйіз, теріден) жасалған сауыттар атауында «ақ» сөзі қолданылмайды.

Ала балта — басы, сабы әшекейленіп жасалған жауынгерлік балта. Қазақ ұсталары кейбір балталардың басын алтынмен және күміспен булау, алтынмен және күміспен қақтау әдістерін қолданып, әшекейлеп жасаған.




Алдаспан — басының жалманы жалпақ болып келген, қынсыз, жалаң ұстайтын үлкен, ауыр қылыш. Ауыр қару түрі болғандықтан, алдаспандарды тек мықты батырлар ғана ұстап, оны иыққа қойып алып жүрген. Алдаспан негізінен жаудың темір сауытпен қаруланған жауынгерлеріне қарсы қолданылды, ал отқарудың пайда болуына байланысты ауыр қаруланған атты әскердің жоғалуымен алдаспан да XIX ғасырда жауынгерлік қолданыстан шықты.



Алты қырлы мылтық — оқпанының ұңғысы алты қырлы болып соғылған мылтық атауы. Ескі мылтықтарда оқпанның ұңғысының ішін қырлап жасау мылтықты атқанда оқтың түзу, алысқа ұшу мүмкіндігін арттырған. Ұңғысының қырлылығына сәйкес оқпанның сырты да алты қырлы болып соғылған.



Алтын балдақ — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін бір атауы. Балдақ — қылыш, семсер, қанжарлардың адам қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды құрылымдық элементі. Қолға ұстағанда да, қында тұрғанда да қылыш, семсерлердің балдағы көрініп тұрады. Бұл ерекшелік асыл, бағалы қылыш, семсер балдақтарының сәнді, әсем болуын қажет еткен. Сондықтан балдағы алтындалып әшекейленген қылыш, семсерлерді жанамалап «алтын балдақ» деп те атаған.



Алтын дулыға — төбесі алтынмен әшекейленіп жасалған дулыға. Мұндай дулыға адамның биік әлеуметтік мәртебесінің белгісі болып саналған. Сондықтан алтын өрнектеліп әшекейленген дулығаларды хандар, атақты батырлар киген.




Алтын садақ — жақтың алтындалып әшекейленген қабы. Садақтың қабы теріден, матадан тігіліп жасалып, беттері өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әсемделіп, түсті жібек жіптермен кестеленген. Алтын әшекейлермен көркемделіп, алтынмен кестеленіп жасалған сәнді садақтар «алтын садақ» деп аталған. Мұндай садақты көбіне хандар, сұлтандар, қолбасшылар сән-салтанат үшін таққан.



Арғымақ — жүйріктігімен, алысқа шабар ұшқырлығымен ерекшеленетін асыл тұқымды жылқы. Арғымақтың дене бітімі сұлу, шоқтығы биік, белі ұшқыр тазының беліндей иілген, жіңішке мойынды, басы кішкене келген, аяқтары ұзын, жіңішке, тұяқтары кішкентай, құйрық, жалы қысқа, жүні тықыр болады. Яғни, оның тұла бойында жүйріктік пен шабысқа бейімділік көрініс тапқан. Арғымақ — қазақтардың жергілікті табиғи ортаға бейімдеп өсірген өзіндік асыл жылқы тұқымының бірі.

Қазақ арғымақтарының негізі таза қанды түрікменнің ақалтекесі (теке-жәуміт) немесе таза қанды араб жылқысы болды, бірақ қазақ даласына, оның климатына сәйкес бейімделіп өсірілгендіктен, ыстық-суыққа төзімділігі, алыс қашықтыққа шабуға шыдамдылығы жағынан олардан асып түседі. Арғымақ жақсы күтімді, ерекше баптауды қажет ететін бағалы асыл тұқымды жылқы болғандықтан, оларды хандар, билер, батырлар, байлар мінген.



Әзірет Әлі/Ғали — төртінші халиф (656—661 жылдары билік құрған), мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры, Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Тарихи тұлға Әлі ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киеленіп, мұсылман мифологиясының мифтік кейіпкеріне айналды. Мұсылман аңыздарында Әзірет Әлінің жасаған бірнеше қаһармандық ерліктері мен кереметтері, дана биліктері, одан қалған көптеген нақыл сөздері айтылады. Мұсылман бейнелеу өнерінде

Әзірет Әлі оның киелігін көрсететін белгісі — басының сыртын қоршаған жалынмен, қолында Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған екі басты қылышы — зұлпықармен, жауынгерлік аты — Дүлдүлмен бейнеленеді. Ислам дінін қабылдаған соң Әзірет Әлі қазақ батырларының қолдаушы киелі пірлерінің біріне айналды. Қазақ батырлары жорықта, соғыста, пайқас алдында, жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда басқа пірлерімен бірге Әзірет Әлінің де киелі есімін атап, сиынып, одан қолдау сұрайтын

болған. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Әзірет Әлінің есімі батырлықтың символына, атақты қылышы — зұлпықар асыл қылыштың символына, эпитетіне, оның жауынгерлік аты — Дүлдүл батырдың тұлпарының эпитетіне айналды. Әзірет Әлі қазақтың халық ауыз әдебиетінде «Алланың Шері», «Арыстан», «Шер Әлі», «Әлі шер», «Шаһимардан» деген бірнеше лақап аттарымен де аталады.

Баба Түкті Шашты Әзіз — қазақ батырларының аңызға айналған пірі, ол қазақ фольклорында әулие кейпінде суреттеледі. Бұл батыр-әулиенің шашы ұзын, денесін түк басқан, қасиетті күш иесі болғандықтан Баба Түкті Шашты Әзіз аталған. Бұл мифтік тұлға қазақтың батырлар жырында бас кейіпкерлерге қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мұсылман аңыздары бойынша, ол — халиф Әбу Бәкірдің ұрпағы, Меккеде патша болған әулие саналады. Ортағасырлық түркі тілді жазба әдебиеттерде Баба Түкті Шашты Әзіз түркі халықтарына ислам дінін таратқан әулие батыр, қолбасы ретінде суреттеледі. Қазақ ауыз әдебиетінде Баба Түкті Шашты Әзіз Алтын Ордада билік жүргізген Едіге бидің бабасы ретінде көрінеді. Баба Түкті Шашты Әзіз мазары Жамбыл облысы Құмкент ауылының маңындағы Жылыбұлақ деген жерде орналасқан. Қазақ арасында тараған аңыз бойынша, оны салдырған бабаның жетінші ұрпағы Едіге батыр көрінеді.

Бадана көзді кіреуке — ірі темір шығыршықтардан тоқылған кіреуке сауыт түрі (қараңыз: **кіреуке сауыт**). Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі халықтық терминология бойынша «көз» деп аталды. Әр кіреукеде шығыршықтардың көзі (ішкі диаметрі) әртүрлі болатындықтан, бұл параметр кіреуке тиісін анықтайтын басты өлшем (критерий) болды. Шығыршық көзінің көлемі «бадана» атты өсімдік пиязшығының көлеміндей болатын кіреуке сауыт түрін қазақтар «бадана көзді кіреуке»/«бадана кіреуке»/«бадана» деп атаған. Ірі шығыршықтардан тоқылып жасалған бадана кіреуке сауыттардың ішіндегі ең берігі саналды. Сәнді баданалардың жеңі, етегі бірнеше қатар жез шығыршықтармен, жағасы алтындалған шығыршықтармен тоқылған.



Байрақ — ағаш сапқа, қару-жараққа, тағы басқа заттарға тағылатын арнайы айыру белгі. Байрақ жібектен, болмаса аттың, қодастың құйрығының қылынан жасалған шашақ, қабыланның (барыстың) құйрығынан және түсті матадан тігілген бау түрінде жасалып, ағаш сапқа не найзаның басына жекелеп немесе қосарлана тағылған. Байрақтардың басы

киелі символдармен, бейнелермен әшекейленген. Түркі халықтарының әскери ұйымдарында ағаш сапқа немесе найза басына тағылған байрақ әдетте әскер қосындарындағы ондық, жүздік бөліктерінің әскери белгісі болды. Осы әскери бірліктерді басқаруға әскербасылық қызметке тағайындалған батырларға, әскербасыларға лауазым белгісі, әскери билік белгісі ретінде байрақ тапсырылған. Шайқаста әскерді басқару барысында әскербасы байрақты түрліше қозғау — сілтеу, айналдыру, бұлғау арқылы әскерге түрлі дыбыссыз сигнал беру үшін де пайдаланды. Қыл, жібек шашақ, мата бау түріндегі байрақтар ту дәрежесінің жоғарылығын білдіретін белгілер ретінде әскери тудың басына тағылып, оның бір құрамдас элементі де болды.



Балта — шабу арқылы зақым салатын жауынгерлік қару. Жауынгерлік балталардың басы болаттан, темірден соғылып, сабы қатты ағаштан жасалып, шығып кетпес үшін басы сабына қосымша екі темір бекітпелер арқылы ұстатылады. Қазақ балталарының жүзі әдетте күміс қақтау, алтын-күміспен булау, қырнау әдістері арқылы, ал металмен қапталған саптары баспалау әдісі арқылы өсімдік өрнекпен әшекейленеді.



Батыр/бахадүр — көшпелі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілі. Адамзат қауымында қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде соғыс ісімен, әскери іспен кәсіби деңгейде айналысатан адамдар қоғамда жеке әлеуметтік топ болып қалыптасты. Көшпелі түркі-моңғол халықтарында кәсіби әскерилерді «батыр (бахадүр)» деп атаған. Бірақ кәсіби әскерилер әулетінен шықса да «батыр» атағына адам соғысқа қатысып, өзінің жеке ерліктерімен көзге түсіп, жауынгерлік қасиеттері арқылы ие болған. Батырлар айыру белгісі ретінде баскиіміне, дулығаға құс қауырсында-рынан жасалған «жыға» шаншып, найза

мен сүңгілеріне өздерінің жеке туларын тағып жүрген. Батырлар көшпелілердің көп ғасырлық әскери тәжірибесін жинақтаушы, соғыс ісі дәстүрін сақтаушылар болды. Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты сипаты — олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Әскери кәсіп батырлар әулетінде атадан балаға мұра болып қалатын кәсіп болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан жауынгерлікке, батырлыққа дайындалып, соғысқа қатысып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды.

Бек сауыт — жиектері темір шығыршықтармен жалғасқан жіңішке кішкене болат пластиналардан теріліп жасалған шығыршықты-пластиналы сауыт түрі. Бұл сауыт атауының түбірін қазақ тілінде «берік» деген мағынаны білдіретін «бек» сөзі құрайды. Яғни, «бек сауыт» атауы «берік сауыт» дегенді білдіреді. Бұл сауыт түрі ауыз әдебиетінде «бек сауыт» деп аталса, жазба дереккөздерде бұл сауыттың түркі тіліндегі басқа атауы — «бектер» атауын кездестіреміз.



Берен — қару-жарақ соғуға қолданылатын асыл болаттың қазақ тіліндегі бір атауы. Асыл болаттың соғу барысында қалыптасатын өзіндік құрылымынан туындайтын ерекше өрнегі болады. Шығыста болаттың бұл өрнегін асыл матаның өрнегіне ұқсатып арабша-парсыша «пиринд»/«фиринд» деп атап, метонимиялық әдіспен өрнекті болатты да «фиринд» деп атаған. Қазақ тілінде бұл атау «берен» болып өзгеріп, асыл болаттың атауы ретінде қолданылды.




Берен оқ — жебесі берен болаттан соғылған садақ оғы. Береннен әдетте сауытбұзар оқтың жебесі соғылды. Берен оқты батырлар жекпе-жекте сауытпен жарактанған жауға қарсы қолданған.



Берен мылтық — оқ атқанда жарылмас үшін оқпаны береннен (асыл болаттан) соғылып жасалған мылтықтың эвфемистік атауы. Берен болаттан соғылған оқпанда асыл болатқа тән өзіндік өрнегі көрініп тұрады.

Берен сауыт — болат тақталарды жұмсақ астардың ішінен бекітіп жасаған сауыт түрі. Оларды бекітетін қайырма шегелердің бастары сауыттың мата тысының сыртына шығып тұрды да, белгілі бір өрнек құрап орналасты. Сәнді болу үшін әдетте шегелердің бастары түрлі пішінді болып жасалып, алтынмен әшекейленді. Қазақтар бұл сауыт түрін «беренді (беренгілі) сауыт»/«берен» деп атаған, яғни «берен (болат) тақталы сауыт» деген сөз.



Болат/полат — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса беріктігімен және иілгіштігімен ерекшеленетін арнайы суғарылған құрыш темір. Асыл құрыштың атауы ретінде болат (арабша «фулад») сөзі түркі тіліне араб тілінен ауысқан. Болаттың ерекше жалқынды өрнегінің арабша «жауһар» аталуына сәйкес қазақтар өрнекті болатты «жауһарлы болат» деп те атаған.

Бұлғары/былғары садақ — жақтың жақсы иленіп, жұмсақ өңделген теріден жасалған қабы. Орта ғасырларда көне Бұлғар елінде жұмсақ иленген тері өндірісі жақсы дамығандықтан, өңделген тері және теріден жасалған бұйымдар сыртқа экспортталды. Шыққан жеріне қарай бұл жұмсақ өңделген терілер басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұлғары (былғары)» аталып кеткен. Осы былғары теріден тігіліп жасалған садақ түрін қазақтар «бұлғары (былғары) садақ» деп атады.



Бұхаржай/бұхаржа — орта ғасырларда Шығыста қолданылған жақтың бір түрі. Бұхара қаласы орта ғасырларда жақсы жақ жасайтын орталықтардың бірі болды да, онда өндірілген жақтар сыртқа экспортталды. Жасалған жеріне байланысты бұл жақтар басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұхаржақ/бұхаржай/бұхаржа» деп аталған.


Гүрзі/күрзі/күрсі — басы металдан бөлек жасалып, сапқа орнатылатын ауыр шоқпар түрі. Бұл атау түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқан. Гүрзінің бастары шойыннан, қорғасыннан құйылып жасалып, сыртынан

болат темірмен қапталды. Басы ауыр болғандықтан, соққы кезінде сын-бас үшін гүрзінің сабы да металмен қапталып, осал жерлері металл сақиналармен буылды.




Ғайып ерен, Қырық шілтен — түркі халықтарының мифологиясындағы көзге көрінбейтін, адамдарды қорғап жүретін киелі 40 батыр рух. «Шілтен» сөзі парсыша «қырық тұлға, дене» дегенді білдіреді, яғни көзге көрінбейтін қырық адам түріндегі рухтар. «Ғайып ерен» олардың басшысы саналады. «Ғайып» — арабша көзге көрінбейтін деген сөз, «ерен» көне түркі тілінде «ер», «батыр» дегенді білдіреді.

Дауылпаз — әскерге арнаулы дыбыстық сигналдарды беруге арналған үлкен, көне, ұрмалы музыкалық аспап түрі. Дауылпаздың шанағы металдан жасалып, аузына мембрана түрінде тері тартылады. Өткен ғасырларда дауылпаз әскери оркестрдің құрамына кіретін. Әскери оркестрде басқа аспаптармен бірге екі дауылпазды аттың немесе түйенің ерінің алдыңғы қасына екі жағынан іліп алып жүрді. Дауылпазды қолмен немесе басы домалақ таяқшалармен ұрып ойнады.



Дабыл — соғыста және аңшылықта түрлі дыбыстық сигнал беруге арналған, ердің қасына байлап алып жүретін ұрмалы музыкалық аспап. Дабылдың шанағы жарты сфера формалы, түп жағы сәл шығыңқы болып металдан (жезден) соғылып, түбіне қайысбау тауға арналған шығыршық бекітіледі. Дабылдың шанағының аузына көн тері тартылды. Сәнді дабылдардың шанақтары алтынмен қақталып, қырнау, қарала жүргізу әдістерімен ою-өрнек салынып, көркемделіп, әшекейленеді. Әр батырда ердің алдыңғы қасының оң жағына байлап алып жүретін жеке

дабылы болды. Дабылды белгілі бір ырғақпен ұру арқылы батырлар соғыста жау жағының батырларын айқас алдында жекпе-жекке шақыру, жауынгерлерге айқастың басталуы туралы белгі беру сияқты түрлі сигналдар беруге пайдаланады.



Дулыға — басты қарсыластың қаруынан қорғау үшін киілетін, металдан жасалатын жауынгерлік баскиім. Дулыға дәстүрлі мәдениетте қорғаныс қызметінен басқа белгілік (символдық) сипатқа да ие болған. Дулығаға құс қауырсынынан жыға, түсті матадан жалау және жібек жіптен немесе аттың қылынан жасалған шашақ сияқты адамның әлеуметтік мәртебесін көрсететін түрлі дәреже және әскери айыру белгілері тағылды. Әлеуметтік дәрежесі жоғары жауынгерлерге арналған салтанатты дулығалар көркем әшекейімен де ерекшеленеді.



Дүлдүл — мұсылмандардың аңызға айналған батыры, төртінші халиф Әзірет Әлінің (Али ибн Абу Талиб) соғыста мінген атының атауы.

Дүлдүл шындығында жылқы мен есектің буданы — қашыр болған. Мұсылман бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында қасиетті қылыш — зұлыпқармен, осы дүлдүлдің үстінде, ал дүлдүл қашырға тән ерекшеліктерімен (ұзын құлағымен, үлкен басымен) бейнеленеді. Ерлігімен аты шығып, аңызға айналып, исламда мифтік киелі кейіпкерге айналған Әзірет Әлінің соғыста мінген



аты да қасиетті сипатқа ие болып, киелі тұлпардың символына айналды. Мұсылмандықты қабылдап, Әзірет Әліні пір тұтқан қазақ батырлары өз тұлпарларын да дүлдүлге теңеп, қазақ тілінде «дүлдүл» сөзі батырлардың тұлпарының, жүйрік аттың эпитетіне айналған.

Ер Дәуіт — Құранда айтылатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбар жас кезінде сақпанмен Джалут алыпты (Голиафты) өлтіріп, ерлік көрсеткендіктен, қазақтар оны Ер Дәуіт деп атайды. Мұсылман мифологиясында Дәуіт пайғамбар — темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды игерген бірінші адам. Құранда Алла Тағаланың Дәуітке темірді балқыту және сауыт жасау өнерін үйреткені айтылады, сондықтан сауыт жасау өнері мұсылман халықтарында Дәуіт пайғамбармен байланыстырылады. Арабтарда кіреуке сауытты «Дәуіттің сауыты» деп атаған. Исламды қабылдаумен бірге қазақ ұсталары Ер Дәуітті өздерінің пірі санай бастайды. Қару-жарақ жасарда ұсталар арнайы дұға оқып, Ер Дәуіттен қолдау сұрайтын болған. Қазақ түсінігінде ұсталардың жасаған қару-жарақтарында Дәуіттің балғасының ізі болады, оны Дәуіт соғады деп сенген. Өзі батыр, өзі сауыт жасаушы киелі кейіпкер болғандықтан, Ер Дәуіт пайғамбарды қазақ батырлары да өздерінің пірі тұтып, айқас алдында одан медет тілеп, сыйынған.

Ер киімі — соғыста жаудың қаруынан қорғану үшін тері, металл, сүйек сияқты әртүрлі материалдарды қолдану арқылы, түрлі әдістермен жасалып, денеге киілетін қорғаныс жарақтары. Қазақтардың жауынгерлік қару-жарақты жіктеудің қалыптасқан дәстүрлі халықтық жүйесі бойынша, «ер киіміне» дулыға, сауыт, шарайна, жеңсе, тізелік, балтырлық сияқты жауынгердің денесінің әр бөлігін: басты, кеудені, қолды, белді, санды, тізені қорғап тұратын қорғаныс жабдықтарының бірнеше топтары жатады.




Ер қаруы – бес қару — қазақтардың дәстүрлі жауынгерлік шабуыл қаруының толық кешені. «Ер қаруы – бес қару» сөз тіркесінде қазақтардың жауынгерлік қаруды жіктеудің — қару-жарақ түрлерін бөлудің, топтаудың қалыптасқан халықтық дәстүрлі жүйесі көрініс тапқан. Қазақтар «ер қаруы» деп кәсіби әскерилер ғана ұстайтын, соғысқа ғана қолданылатын жауынгерлік қару түрлерін аталған. Ер қаруына өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленетін жауынгерлік қарудың негізгі бес тобы — ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сүңгі), кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан)

жатады. Әскери өнердің талабы бойынша, кәсіби әскерилер ер қаруының бес тобын қолдануды түгелдей жетік меңгеруге және олармен қарулануға міндетті болды. Фольклорда ер қаруы — бес қаруды асыну — қаруланудың, жорыққа шығудың, соғысқа аттанудың символы ретінде қабылданды.



Жазайыл/жазайыр/жезайыл/жезайыр — оқпаны үлкен калибрлі ауыр, көне мылтық түрі. «Жазайылды» жеке ұрыста да, майдандағы шайқаста да, қамал қорғанысында да қолданды. Ату әдісі бойынша «жазайыл» шоқтанған пілтемен от беріп атылатын пілте мылтық түріне жатады.



Жақ/жай/жа — адам қолының күшін қолдану арқылы атылатын дәстүрлі ату қаруы. Жақ негізгі екі функционалды бөліктен тұрады: серпінді етіп бірнеше материалдан жасалған, негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі — «адырна», оған керілген, оқты тіреп қоятын жібі — «кіріс». Жақ көшпелі халықтардың басты қаруы болды. Ерте заманнан көшпелі халықтар «жақ атушы» мергендер ретінде танымал болған.



Жалаңқат — жалаң (бір) қабат металдан тұтастай соғылып немесе теріден тұтастай сомдалып жасалатын жауынгерлік сауыт (кираса). Бұл сауыт түрі екі бөліктен — кеуделік және арқалық бөліктен тұрды. Сауыттың бұл екі бөлігі бір бүйірінен топсалар арқылы, бір жағынан және екі иық тұсында бау, ілгек арқылы байланды. Сыртқы формасы

жағынан жеңсіз кеудеше (жилет) пішіндес, етегі белден сәл ғана түсіп тұратын қысқа болған. Теріден сомдалып жасалған жалаңқаттар кеуде тұсында қосымша болат айналармен, жеңі, етегі, мойыны, белі металл таспалармен күшейтілген. Бұл сауыт түрін ортағасырлық қыпшақ батырлары киген, сондықтан оның бейнесін қыпшақтардың балбал тастарынан көреміз.



Жалау — түсті матадан жасалған әскери айыру белгі. Бұрынғы кезде, арнаулы әскери униформа болмаған жағдайда, шайқас кезінде өз әскерін жау әскерінен айыру үшін, әр әскери қосындардың жауынгерлері айыру белгі ретінде дулығаның төбелдірігі мен найзаның (сүңгінің) басына біркелкі түсті жалау тағатын болған. Жалау түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты кішкене желек түрінде жасалып, соғыс жағдайында жақсы көріну үшін жалауға қызыл, жасыл, сары, көк, күлгін сияқты ашық, шаңқай түстер пайдаланылған. Әдетте жалау әскери қосынның байрағының, туының түсіне сәйкес болады. Әскери белгі ретінде жалаудың әскери тудан айырмашылығы — ту киелі әскери белгі ретінде әр әскер бөліктерінде біреу ғана болса, жалауды әр қосынның барлық жауынгері дулығаға да, найзаға да тағып, оның түсі жауынгердің қай қосынға жататынын көрсететін белгі болды.




Жалаулы найза — басына әскери айыру белгі ретінде түсті матадан жалау тағылған найза атауы. Жалау ашық түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты пішінде жасалып, әскери қосындардың айыру белгісі болды.



Жебе — жақ оғының, найзаның, сүңгінің басындағы зақым салуға арналған негізгі құрылымдық элементі. Көшпелі халықтарда «жебе» металдан (темірден, болаттан, қоладан), сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалып, ағаш сапқа орнатылады. Қолдануына қарай қазақтарда оқтың металл жебесінің «қозыжауырын», «сауытбұзар», «көбебұзар» деген түрлерін айырады. Сүйектен, мүйізден «доғал оқтардың», «ысқырғыш» оқтардың жебелері жасалады. Тілдегі метонимиялық құбылысқа байланысты «жебе» сөзі ауыз әдебиетінде садақ оғы атауы орнына да қолданылады.


Найза, сүңгі жебелері темірден, болаттан жалпақ немесе бірнеше қырлы болып соғылды.



Жекпе-жек — майдандағы үлкен шайқас алдында кәсіби әскерилердің — батырлардың жауынгерлік жеке ұрысы. Көшпелі халықтардың әскери өнерінде соғыс кезінде батырлар жекпе-жегін өткізу дәстүрі өте маңызды орын алды. Жауынгерлік жекпе-жекке қатысу батырлардың соғыстағы басты міндеттерінің бірі болды, жауынгерлік борышы саналды. Жеке айқаста жау батырларын жеңу батырдың атын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, кәсіби жауынгер үшін оған қатысу үлкен абырой болды. Көбіне жауынгерлер батыр (баһадүр) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болатын. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби әскерлердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шыңдалып, ерлігі жетілді.



Жеңсе — жауынгердің білегін қарудың соққысынан қорғау үшін киілетін қосалқы қорғаныс жарағы. Жауынгерлік жеңселер металдан соғылып немесе кішкене пластиналардан көбелеп теріліп, темір шығыршықтардан тоқылып




жасалады. Сәнді темір жеңселердің беттері оюланып алтындалып, қолға жұмсақ болу үшін іші мақпалмен, барқытпен астарланады. Мұндай жеңселер «**алтын жеңсе**» деп аталды.

Жеңсіз берен — берен сауыттың бір атауы (қараңыз: «**берен**»). Үлкен болат тақталар негіздікке қозғалмайтын болып бекітілетіндіктен, берен сауыт әдетте жеңсіз жасалды, сондықтан берен сауытты «жеңсіз берен» немесе «жеңсіз» деп те атайды. Қорғаныс элементтері тысы мен астарының арасында жасырын орналасқандықтан, бұл жауынгерлік жарақты әскери киім ретінде де кюге болатын. Берен сауыттың тысына қымбат, әдемі маталар қолданылып, сәнді етіп жасалатын, оны көбіне хандар, қолбасшылар киген.



Жеті кәміл пірлер — батырлар жырында айтылатын батырлар пірлерінің ортақ атауы. Әдетте «жеті пірлер» немесе «жеті кәміл пірлер» деп аталады. Халық әдебиетінің деректеріне сүйенсек, олардың ішінде Ықылас ата, Баба Түкті Шашты Әзіз, алғашқы халифтер Әзірет Әлі, Омар және Оспан сияқты пірлер болған.

Жыға — бас киімге тағылатын құс қауырсыны түріндегі адамның биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі. «Жыға» атауы түркі тіліне парсы тілінен енген, парсы тілінде «жикка», «жига» сөзі «құстың төбесіндегі айдары» деген мағынаны білдірді. Әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу құқына әміршілердің, хан, патша, шахтардың әйелдері және ұл, қыз балалары




(яғни ханзадалар, ханымдар, ханшайымдар), ақсүйек текті атақты адамдар ие болды. Жығаға қырғауылдың, тырнаның, құтанның, түйеқұстың қауырсындары қолданылған. Қауырсындар металдан (күмістен, алтыннан) жасалып, өрнектелген, асыл тастардан көз салып әшекейленген түпке орнатылып, түбінің төменгі ұшы ине, түйреуіш түрінде жасалды да, сол түйреуіші арқылы жыға баскиімнің төбесіне, маңдайына, желкесіне немесе екі шеке тұсына шаншылды. Мұны қазақтар «жыға шаншу»,

«жыға қадау» деп атайды. Жығаның қауырсындары біреу, екеу, үшеу болып келуі мүмкін. Адамның атақ, дәрежесіне қарай оның баскиімінде бір не екі жыға қадалатын болған. Кейде жығалар қауырсын пішінінде түгелдей алтыннан да жасалып, асыл тастармен әшекейленген. Мұндай жығаны Шығыста «алтын жыға», «тіллә жыға» деп атаған. Көшпелілердің хандары да, соның ішінде қазақтың хандары да, батырлары да, қоғамдағы биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі ретінде алтындаған жыға таққан. Дәреже белгісі болғандықтан хандар, қолбасылар, атақты батырлар соғыс кезінде жығаны дулығаларға да қадады. Жыға дулығаның төбелдірігінде, кейде дулығаның маңдайында немесе төбесінде арнайы орнатылған түтікшелерге шаншылды.


Зұлпықар — басының ұшы екіге бөлініп жасалған ерекше қылыш түрі. «Зұлпықар» (арабша зу-л фикар — «жасын» деген сөз) — Әзірет Әлінің (Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші халиф Әлі ибн Әбу Тәлібтің) аты аңызға айналған қасиетті екі басты семсерінің (қылышының) жеке атауы. Тарихи деректер бойынша Бадра шайқасында олжаға түскен бұл қылышты кезінде Мұхаммед пайғамбар ұстаған. Мұхаммед пайғамбардың бүкіл мұсылман үмметінің басшысы мәртебесін білдіретін белгі ретінде мифологиялық тұрғыдан санкцияланып, бұл қылыштың пайда болуы құдайдың әмірі түрінде түсіндіріліп, киелеу процесінен өткен. Аңыз бойынша зұлпықар жаннаттан арнайы түскен төрт қасиетті қылыштың бірі саналады. Кейін Мұхаммед пайғамбар бұл қылышты күйеу баласы Әзірет Әліге берген соң, зұлпықар ислам үшін соғыста жауынгерлік ерлігімен даңқы шығып, мұсылмандардың қасиетті батыры болған Әзірет Әлінің жауынгерлік атрибутына айналды. Шығыс бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында осы екі басты қылышы — зұлпықармен бейнеленеді. Осы аңызға айналған қылышты қасиеттеу, оған еліктеу барысында мұсылман Шығысында ұшы екіге айырылатын, «зұлпықар» деп аталатын қылыш түрі пайда болды. Басының ерекше пішініне байланысты бұл қылыштың соққысымен салынған жара өте ауыр да қауіпті болған. Сондықтан зұлпықар қылыштар Шығыста өте жоғары бағаланған.



Керней — жезден, мыстан жасалған ұзын үрмелі музыкалық аспап. Бұл аспап түркі тілдес халықтар арасында кең таралған. Бұрынғы заманда керней соғыста әскери сигналдар беру үшін қолданылып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірді. Қазақтарда кернейді ағаштан да жасап, жарылмас үшін сыртын түйенің өңешімен қаптаған.



Кіреуке сауыт/кіреуке — пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан тоқылған торлы сауыт. Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі дәстүрлі халықтық әскери терминологияда «көз» деп аталды да, шығыршық көздерінің көлемі кіреуке сауыттың түрін анықтайтын негізгі типологиялық белгі болды. Қазақтар шығыршық көзінің көлеміне сәйкес кіреукелердің «шөже көз кіреуке», «торғай көз кіреуке» және «бадана көзді кіреуке» деп аталатын үш түрін айырады.




Көбе сауыт/көбе — металл, сүйек, тері тіліктерін астарға тігіп немесе астарсыз қайысбаумен өзара байлап, бір-бірін бастыра (көбелеп) бекіту арқылы жасалған жауынгерлік сауыт. Сауыттың бірінбірі баса орналасқан қорғағыш элементтері — сүйек, металл тіліктері де «көбе» деп аталады. Сондықтан осы қорғаныс элементінің



атауымен сауытты «көбелі сауыт», «көбе сауыт» немесе «көбе» деп атайды. Түркі заманынан бастап XV – XVII ғасырларға дейін көбе сауыт көшпелі түркі-моңғол халықтарында ең жиі қолданылған сауыт түрі болды.

Қазанат – батырлар соғысқа міну үшін арнайы сұрыпталып, бапталып өсірілген жауынгерлік ат. Қазанат – ауыр сауыт киіп, қару асынған батырды көтеретін, жорықта ұзақ жолға шыдамды, соғыста шаршамайтын, айқаста қару тіресіне мықты т.б ерекше қасиеттері бар қазақы әскери жылқы тұқымы болды. Мұндай асыл жылқы тұқымын қазақтар арғымақтар мен далалық қазақы жылқы тұқымдарын (арғымақтар айғыры мен жабы биелерін) будандастыру арқылы алған.



Орта Азияда бұл тұқымды «қарабайыр» деп те атайды. Қазақтарда да қазанатты кейде «қарабайыр» деп атау кездеседі. Қазанат бойында арғымақтың жүйріктігі, ұшқырлығы және жабының беріктігі, қиындыққа төзімділігі, аштыққа, суыққа шыдамдылығы бар. Қазанаттың сырт келбеті (экстерьері) де жауынгерлік атқа сай болып, дене бітімінен жүйріктік те, күш те бірдей сезіліп тұрады. Оның омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұяғы үлкен, жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық, жалы қысқа және сұйық, басы онша үлкен емес, танауы кең, мойны жуан болды. Қазанаттар арнаулы әдістер арқылы бапталуымен қоса соғысқа да арнайы жағтықтырылған. Қазанат батырдың өзі сияқты еш қауіптен тайынбайтын көзсіз ерлігімен ерекшеленді. Қазанат тұқымын әскери іспен кәсіби деңгейде айналысқан, көшпелі қазақ қоғамында билеуші тап өкілдеріне жататын, белгілі дәрежеде материалдық байлық иелері болған батырлар әулеттері ғана ұстаған.


Қалқан – жаудың қаруынан қорғану үшін қолға ұстап қолданылатын қорғаныс жарағы. Қалқандар қалың теріден сомдалып, металдан соғылып жасалған. Болат темірден соғылып жасалған қалқан түрі «**болат қалқан**» деп аталды. Қалқандардың формасы дөңгелек, дөңес болып жасалып, қолға ұстайтын баулары және иыққа асып алып жүруге арналған қайысбауы бекітілетін ілгектері орналасқан жерінде төрт кішкене



күмбезшелері болады. Сәнді болат қалқандардың беттері оюланып, алтындалып әшекейленеді, құраннан аяттар жазылады.

Қамбар ата – Орта Азия халықтарының мифологиясындағы жылқының киелі пірі саналатын мифтік кейіпкер. Батырлар үнемі жорықта, жолда жүретіндіктен, өздерінің тұлпарларының пірі – Қамбар атаны да пір тұтып, оған да сиынды. Қамбар ата туралы халық арасында аңыз-деректер әртүрлі. Кейбір зерттеушілер Қамбар ата есімін Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, төртінші халиф Әзірет Әлінің атбегісі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен де байланыстырады.

Қанжар – басы қысқа, түзу, екі жүзді, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Түркі тіліне «қанжар» атауы араб тілінен ауысқан. Қанжарды арнаулы қынына салып, белге іліп жүреді. Жауынгердің жанында, белдікте тұрақты ілініп жүретіндіктен, ертеде қазақтар қанжар, пышақтарда батырдың жаны орналасады деп сенген.




Қарумен серттесу – әскери қаруды магиялық серт сөздерімен арбау арқылы шайқас алдында орындалатын әскери магиялық ғұрып. Қаруды жанды нысан ретінде қабылдау магиялық ойлау жүйесінде түрлі әскери және тұрмыстық магиялық ырымдарды қалыптастырды. Соның бірі – «қаруды арбау». Дәстүрлі мәдениетте «арбау» – белгілі бір затты қолданғанда магиялық сөздік формулалардың көмегі арқылы заттың жанды рухының және адамның арасындағы шарттасу, яғни материалды дүниеге табиғаттан тысқары жолмен әсер ету үшін қолданылатын магиялық ырым. Қазақтың қаһармандық эпостарында кездесетін батырдың қарумен серттесу сөздері – әскери магиялық ырымдарда қолданылған жауынгерлік қаруды арбау сөздерінің бізге жеткен үлгісі. Бұл қаруды арбау сөздері эпосқа ырымдық фольклордан енген. Серттесудің сөздік формулаларында қарудың әр түріне мадақ айтылып, оларды жасау кезінде орындалған магиялық ырымдар еске түсіріліп, қолдану кезінде қаруға дұрыс, нәтижелі әрекет ету бұйырылып, әрекеті нәтижесіз болса – қаруға, ал дұрыс қолдана алмаса, батырдың өзіне жаза болуына серттеседі. Магиялық арбау ырымын жасау барысында жауынгерлік қарудың өз аты аталмай, оның орнына магиялық жанама атауы қолданылады.

Кесер – әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қылыштың әрекетін көрсететін сөзге негізделген эвфемистік бір атауы.

Қырқар — әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым (лингвистикалық табу) салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қарудың әрекетін атайтын сөзге негізделіп жасалған, қылыштың, семсердің эвфемистік бір атауы.

Кездік — аңшылық пышақ. Кездіктің басы пышақтікіндей тұзу, бір жүзді, бірақ жай пышақтан үлкендеу болады. Кездікті қынға салып, белге тағып алып жүреді.



Қаттау/қаттама сауыт — бірнеше қабат матадан сырылып тігілетін жұмсақ сауыт. Бұл қорғаныс жарағының атауы «қат» — қабат деген түбір сөзден туындаған, «қаттау» — қабаттау, қабатталып жасалған деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сауыттың атауында оның қорғаныс қасиетінің жасалу әдісі көрініс тапқан. Бұл жарақ жауынгерлер үшін әрі жылы киім, әрі қарудан қорғайтын сауыт болды. Жұмсақ матадан тігілетіндіктен бұл сауыттың ұзын етегі, ұзын жеңі және тік жағасы болған.

Қозы жауырын жебе — пішіні қозының жауырынына ұқсас болып келетін, жалпақ етіп соғылған жебе. Жебесі осындай оқты «қозы жауырын оқ» деп атайды. Мұндай жебе, мұндай оқтар сауытсыз қарсыласқа қарсы қолданылады.



Қоңыраулы найза — басына қоңырау тағылған найза атауы. Халық ауыз әдебиетінде «қоңыраулы найза қолға алу» жорыққа шығуды түспалдайды. Найзаның басына қоңырау тағу өте ертеде қолданылған дәстүр


болады. Мұндай найза ұстаған батыр бейнесін көне түркілердің тастағы суреттерінен көреміз. Кейінгі уақыттарда найзаға қоңырау тағу дәстүрден шығып қалған.




Қылыш — басы бір жүзді, сыртына қарай қайқы болып келген, кесушабу-түйреу арқылы зақым салатын қару. Ертеде магиялық түсініктерге байланысты әскери жорықта қылыштың өз атауын атауға лингвистикалық тыйым салынып, оның орнына эвфемистік жанама атаулар қолданылған. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінде қылышты кейде жасалған материалының немесе басты бір бөлігінің атымен атай береді. Ауыз әдебиетінде қылышты соғылған болатының реңіне қарай «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас», «қызыл алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деп атау кездеседі. Бірақ бұлар қылыш типінің атауларына жатпайды, бұл қаруды киелеуден туындаған қылыштың эвфемистік жанама атаулары. Бұл эвфемизмдер алғашқыда тілдегі метонимиялық құбылысқа сәйкес заттың өз атауының орнына жүріп, кейін қарудың бір атауына айналып кеткен.



Қорамсақ — жақтың оғын салып жүруге арналған қап. Қорамсақты теріден, матадан жасап, оның бетін теріге бедерлеп салған ою-өрнекпен, түсті жібек кестемен, өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әшекейлеген.



Құрама дулыға — металдан соғылып, төбесі бірнеше сайдан (пластиналардан) құралып жасалатын дулыға. Бұл әдіс ұсталарға дулығаны тез, оңай жасауға мүмкіндік береді.




Қызыр-Ілияс — Шығыс мұсылман аңыздарында айтылатын, жер бетінде мәңгілік өмір сүретін әулие-пайғамбарлар. Қызыр баба Шығыста ислам дініне дейін де әулие саналып, кейін ислам діні кең тарауымен мұсылман әулиелерінің қатарына енген. Мұсылман мифологиясы бойынша, оған және Ілияс пайғамбарға Алла Тағала мәңгі өмір сыйлаған. Кейбір аңыздар бойынша олар мәңгі тірлік суын ішіп, өлмейтін қасиетке ие болған. Көбіне Қызыр ата мен Ілияс әулиенің аттары Қызыр-Ілияс болып бірге айтылады. Мұсылман халықтарының наным-сенімі бойынша Қызыр-Ілияс көрінбей жер бетінде жүреді. Қызыр ата құрлықта, Ілияс әулие суда жүретін жолаушыларды қорғап, көмектеседі деген сенім бар. Сондықтан қазақ батырлары жорықта, жолда жүретіндіктен өздерінің



қолдаушы пірлері ретінде Қыдыр (Қызыр) ата мен Ілияс пайғамбарға да сыйынған. Мұсылман өнерінде Қызыр-Ілияс бастарының айналасын әулиеліктің, пайғамбарлықтың белгісі саналатын нұрлы жалын қоршаған қария адамдар түрінде бейнеленеді.

Қылшан — жақтың оқтарын салып алып жүруге арналған жеке жабдық. Көшпелі халықтарда орта ғасырларда қолданылған қылшандар түбіне қарай сәл кеңейтілген цилиндр пішінде, қайыңның тозынан, ағаштан, теріден жасалады. Қылшан көшпелі халықтарда көне түркі заманынан бастап қолданыла бастады. Қылшанға оқтар жебесі жоғары қаратылып салынады.



Мылтық — оқ-дәрімен атылатын қол отқаруының негізгі түрі. Бұл қару түрінің атауы арабтың «мултук» сөзінен шыққан. Қазақ мылтықтары оқпанындағы дәріге от беруге арналған тетігі — шүріппе жүйесімен айырықшаланатын бірнеше түрге бөлінеді. Оқпанның қазынасындағы оқ-дәріге шоқтанған пілтемен от беру арқылы атылатын мылтықтар «пілтелі мылтық», ал дәріні шақпақпен тұтататын мылтық «шақпақты мылтық», пистонмен атылатын мылтық «шиті мылтық» деп аталды. Сонымен бірге ауыз әдебиетінде қазақ жауынгерлері қолданған мылтықтардың «жезайыр», «құлдыр-мамай», «самқал» (шамқал) деп аталатын түрлері айтылады.



Найза — түйреу, шаншу арқылы жарақат салатын, ұзын сапты қару. Металдан соғылып жасалатын, зақым салуға арналған жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Найза сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілгектер» тағылады. Жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алады. Жауынгерлер соғыс кезінде найзаның басына әртүрлі әскери дәреже және айыру белгілерін — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жаулар (желектер) таққан. Ту — қолбасылық, байрақ — әскербасылық,

батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналады. Түсті жалау әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.



Наркескен — басы өте қайқы болып соғылған өткір қылыш түрі. Қылыштың бұл түрінің қайқылығы бірден алқымынан басталды, сондықтан кесу күші жоғары болады. Наркескендерді қазақтар өздері де соққан, басқа елдерден, басқа халықтардан да сатып алып отырған. Басының өте қайқы болып келуі әдетте исфахан (парсы) қылыштарына тән болды. Ш. Уәлиханов қазақтардың мұндай қылыштарды да «наркескен» деп атағанын жазады.



Нөкер — әскери қызмет атқаратын вассал. Түркі тіліне «нөкер» сөзі монғол шапқыншылығы кезінде монғол тілінен енген. Моңғол тілінде «нухур» сөзінің мәні — «дос, жора-жолдас», «өз көсеміне қызмет етуге міндет алған жауынгер» дегенді білдірді. Жазба және ауызша деректерде нөкерлер ханның немесе феодалдардың әскери қызметінде жүрген кәсіби жауынгерлер ретінде айтылады. Әскери қызметі үшін нөкерлер феодалдар тарапынан тамақ, киім және қарумен қамтамасыз етілді, кейін әскери олжаның бөлігін иеленді, ал ірі әміршілерден нөкерлер елді мекендерді, жер бөліктерін (халқымен бірге) уақытша иелікке алды. Бұл оларды ірі феодалдардың әскери қызметін атқаратын вассалына айналдырды.




Түркі халықтарында да нөкер – «әскери серік», «әскери қызметші» деген мағынаға ие. Түркі халықтарының эпостарында нөкер ханның, батырдың жанындағы жауынгер серіктері ретінде сипатталады. Әдетте олардың саны 40 болып келеді. Көшпелі түркі халықтарының тілінде «нөкер» атауына «жора», «шора» атауы сәйкес келеді. Қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде жора, шора – эпостық батырлардың әскери серіктері. Бірақ қазақ ауыз әдебиетінде бұл атаулармен бірге осы мағынадағы «нөкер» сөзі де қолданылады.

Пырақ – мұсылман мифологиясында пайғамбарларды аспанға көтеру үшін Алла тарапынан жіберілетін қасиетті қанатты жануар. Ислам дінімен бірге енген «бурақ» сөзі қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріске түсіп, «пырақ» болып айтылады. «Пырақ» (ар. бурақ, әл-бурақ) сөзі «жасындай жылдам» дегенді білдіреді. Мұхаммед пайғамбар ғалай-хиссалам бұл ғажайып жануарды қасиетті «Мифраж» түні Құдыс (Иерусалим) қаласына түнгі сапар шеккенде және Жәбірейіл періштенің бастауымен жеті қат аспанға көтеріліп, Алланың тағының алдына барғанда мінген. Аңыз бойынша, бұл қасиетті жануар оған дейін басқа пайғамбарларға да қызмет еткен, оны Алла Тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырған. Мұсылман дәстүрінде Пырақ ақ не шұлан түсті, денесі жылқыға ұқсас, адам басты, алдыңғы аяғында ақ қанаттары бар ғажайып жануар түрінде сипатталды. Әдетте мұсылман бейнелеу өнерінің каноны бойынша, шығыс миниатюраларында пырақ басының айналасында, оның киелілігінің белгісі ретінде, жалын бейнесімен, ал құйрығы тотықұстың құйрығындай түрлі түсті болып салынады.



Пышақ – басы түзу, бір жүзді, ұшы сыртына қарай дөңгелене үшкірленген, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Пышақ атауы көне түркі тіліндегі «кесу» дегенді білдіретін «пышу» («пішу», «бышу») түбірінен туындаған, «кесетін зат» деген сөз. Пышақтар негізгі қызметіне байланысты соғыста жауынгерлер қолданатын жауынгерлік пышаққа, аңшылар аң аулауға шыққанда қолданылатын аңшылық пышаққа,



күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тұрмыстық пышаққа бөлінеді. Өткен ғасырларда қазақтар кісе белдікке міндетті түрде қынға салынған пышақ іліп жүретін, сондықтан белдікке ілінген пышақ қазақтың ұлттық ерлер киімінің бір тұрақты элементіне айналған.

Пілте/білте мылтық — оқпандағы оқ-дәріге шоқтанған білтемен от беру арқылы атылатын мылтық түрі. Пілтелі мылтықта дүмінің оң жағында теріден жасалған, пілте салуға арналған «қалтасы» болды. Пілтелі мылтықта оқ-дәріге от беру екі иінді рычагтан тұратын шүріппе арқылы іске асты. Шүріппенің жоғарғы иінінің ұшы — шаппасы екі айыр болып жасалып, арасына мақтадан жасалған тез тұтанғыш «пілте» (фитиль) қыстырылды, ал шүріппенің төменгі иінінде оны кері қайтарып тұратын серіппе бекітілді. Мылтықты ату үшін шүріппенің шаппасында қыстырылған пілтені «шақпақпен» тұтатып, шүріппені басып, оқпанның құлағына салынған тұтатқыш дәріге тигізіп от бергенде, оқпанның түбіндегі тесік арқылы оқпан ішіндегі негізгі оқ-дәрі тұтанып, мылтық атылады.



Пір (парс. — ақсақал, қарт кісі, әулие) — Кіші және Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарда белгілі бір кәсіптің киелі қолдаушысы. Шығыс халықтарында кәсіптің иесі туралы түсініктер исламға дейінгі дәстүрлерден басталады. Кейбір пірлер шығу тегі жағынан исламға дейінгі жергілікті киелі мифтік кейіпкерлер болды. Ислам дінінің енуімен көне киелі құдіреттердің кейбірі олардың қызметтерін қабылдаған мұсылман мифологиясының кейіпкерлерімен ауыстырылды. Қазақтарда да әрбір кәсіптің киелі пірі болады деген сенім, кәсіби жұмысты істеуде сол пірге сиыну дәстүрі ертеден қалыптасты. Көне діни түсініктер бойынша, бұл қолдаушы пірлер кәсіп иелеріне өз саласында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге көмек беріп, істерін бағыттап, қорғап отырады-мыс. Сондықтан бір істі бастарда кәсіп иелері міндетті түрде өз пірлеріне сыйынып, дұға оқып, олардан медет сұраған. Көшпелі қазақ қоғамында әскери істі тұрақты кәсіп еткен кәсіби әскерилер қазақ батырларының да кие тұтып, көмек сұрап, қолдау тілеп сыйынған киелі пірлері болды. Олардың кейбірі мифтік, аңыздық қаһармандар немесе тарихта болған, аттары аңызға айналған тарихи тұлғалар, кейбірі ислам дінімен енген мифтік кейіпкерлер. Бірақ олардың бәрін біріктіретін басты ерекшелік — олардың бәрі де атақты батыр болып, соғыста ерен ерлік көрсеткен тұлғалар. Олар — түркі-иран халықтарына ортақ, Иран, Тұран батырларының пірлері, аңызға

айналған мифтік қаһармандар Рүстем мен Дастан, мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры Әзіреті Әлі, ұсталықтың иесі, өзі де батыр болған Ер Дәуіт пайғамбар, түркі халықтарына ортақ мифтік кейіпкері — Баба Түкті Шашты Әзіз.

Рүстем-Дастан — иран және түркі халықтарының мифологиясындағы мифтік қаһармандар. Рүстем мен Дастан — көне замандағы систан немесе сақ-соғдылық эпикалық шығармалар циклының кейіпкерлері. Систан — Ирандағы әкімшілік аймақтардың бірінің атауы, оның қазіргі Иран жеріне кіретін бөлігі — Забул өлкесі саналады. Б.з. дейінгі II ғасырда Систан аумағын және онымен шегаралас аймақтарды Қазақстан даласын мекен еткен сақ, массагет тайпалары жаулап алды. Бұл аймақтарға орныққан сақтар бұл өлкеге өзінің тайпалық атауын беріп Сакастан («Сақтар елі») деп атады. Кейін уақыт өте келе Сакастан/Сигистан/Сиджестан/Сеистан/Систан болып өзгерген бұл мекеннің тұрақты тұрғындарына айналған сақтар иран әлеміне Забул батыры Рүстем туралы көне аңыздар циклын енгізді. Кейін Рүстем парсының ұлы ақыны Фирдоусидің шығармашылығында көне аңыздар мен тарихи деректердің негізінде жазылған Иранның даңқты эпосы «Шахнаменің» басты қаһарманына айналды.





«Шахнамеде» Рүстем — сақ тайпалары мекен еткен Систан елінің даңқты батыры. Рүстемнің әкесі — мифтік патша Жәмшидтің әулетінен шыққан Самның баласы Заль батыр. Көне мифологиялық аңыз бойынша, шашы, кірпігі ақ, денесі қызыл (альбинос) болып туғандықтан әкесі Зальді орманға апарып тастатқызып, оны мифтік алып құс — Самұрық асырап өсіріп, бойына алып күш дарытып, әртүрлі ғылым, білім, жетпіс екі тіл үйретіп, баланың атын Дастан қояды. «Дастан» — айлакер, әділетсіз деген мағынаны білдіреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Дастан шашы, қас, кірпігі ақ түсті батыр түрінде бейнеленеді. Заль батырдан (Дастаннан)

туған Рүстем батыр жойқын күш иесі болып, атса — оқ, шапса — қылыш өтпейтін батыр болып, 500 жыл өмір сүреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Рүстем дулығасына жолбарыстың бас терісін, сауытына жон терісін жамылған, Рахш атты күрең тұлпар мінген батыр түрінде бейнеленеді. Жолбарыс терісінен жасалған жауынгерлік сауыт Рүстемнің басты атрибуты саналады. «Шахнамеде» Рүстем мен Дастан иран батырлары болып айтылғанмен, олар түркі тілдес халықтар үшін де белгілі мифтік қаһармандар болған. Олар қазақ батырларының да сыйынатын киелі пірлері саналады. Қазақ эпостарында бұл әкелі-балалы мифтік батырлардың есімдері қосарланып Рүстем-Дастан болып айтылады. Қазақ батырлары соғыста, шайқас алдында жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда Рүстем-Дастаннан медет тілеп, қолдау сұрап, сиынатын болған.


Сарыжа/Сарыжай — жақтың көне бір атауы. «Сарыжа», «сарыжай» сөзі «сары жақ» сөзінің бір нұсқасы. Бұрынғы кезде кеппеу үшін, дымқыл тартпас үшін жақтың сыртын қайыңның тозымен қаптайтын болған. Тоздың сарғыш түсіне байланысты жақты кейде жанамалап «сары жақ/сарыжай/сарыжа» деп те атаған. Жақты кейде «садақ» деп те атайтындықтан (қараңыз: «садақ»), ауыз әдебиетінде бұл сөздің «сарсадақ» нұсқасы да қолданылады.



Садақ — жақты салып алып жүруге арналған қабы. Садақты матадан, теріден тігіп жасады. Беттері баспалап бедерлеу, түсті жібек жіппен кестелеу әдістерімен көркемделіп, асыл тастармен, өрнекті металл шытырлармен әшекейленеді. Бойға асыну үшін садақ пен қорамсақ «садақбау» деп аталатын арнаулы белдікбауға (портупеяға) тағылады. Қазақ тілінде оқ салынған қорамсақ және жақ салынған садақтың садақбауымен қоса біртұтас жиынтық атауы да — «садақ». Сонымен бірге «садақ» атауы эфемистік атау ретінде жақтың өз атауының орнына да қолданылып, жақтың бір атауына айналып кеткен.



Сайыс — үлкен ас пен тойларда өткізілетін найзаласу жекпе-жегі. Түркі тілінде «сай» сөзі «түйреу», «шаншу» дегенді білдіреді. Бұл сөздің осы мағынасы кейбір түркі халықтарының тілінде сақталған. Яғни, «сайысу» — найзаласу, найзамен жекпе-жек деген мағына береді. Соғыс кезінде майданда өтетін батырлардың жауынгерлік жекпе-жегі батырлардан ер қаруының барлық түрін қолдану тәсілдерін шебер меңгеруді, жеке айқасты жүргізудің әдістері мен тактикасын толық игеруді талап ететін. Бейбіт уақыттарда әртүрлі үлкен ас пен тойларда өтетін жамбы ату, бәйге, көкпар тартыс, аударыспақ, балуан күрес және сайыс кәсіби әскерилер үшін қажетті әскери жаттығулар болатын. Мұндай сайыс шарты бойынша, сайыскерлер қолдарына ұзындығы 2,5 – 3 метрдей ұшы доғал найза алып, сол найзамен бір-бірін аттан аударып не итеріп түсіруге тырысқан. Сайыс бүкіл халық жиналған астарда, тойларда өтетіндіктен, сайыста да батырлар майдандағы жауынгерлік жекпе-жектегі сияқты ел намысы үшін сынға түсіп, өз руының атынан шыққан.



Сапы — басы түзулеу келген, бір жүзді, сабы балдақсыз, шабу-кесу арқылы жарақат салатын қару түрі. Сапымен негізінен шабу арқылы зақым салады, қарудың осы жұмсалыу ерекшелігі оның атауына негіз болған. Бұл қару атауының кейде «шапы» нұсқасының да кездесуі «шабу» түбірінен туындағанын айғақтайды. Сапыны «қынап» деп аталатын арнаулы қабына салып, белге тағып алып жүреді.



Сауыт — айқаста қарсыластың қаруынан қорғану үшін денеге киілетін дәстүрлі қорғаныс жарағы. Бұл атауда осы қорғаныс жабдығының жауынгер денесін қаптап тұратын ерекшелігі көрініс тапқан. Сауыт түрлі технологиялық әдістермен — бір-бірімен бекітілген металл шығыршықтардан өріліп, металл пластиналардан және тақталардан теріліп, металдан тұтастай соғылып немесе жұмсақ материалдан қабаттап тігіліп

жасалады. Кейбір сауыттарда бұл қорғаныс жасау әдістері аралас қолданылады. Қорғаныс қасиетін қалыптастырудың осы әдістеріне байланысты бұл қорғаныс жарағы қазақтарда «кіреуке сауыт», «көбе сауыт», «берен сауыт», «жалаңқат сауыт», «қаттама сауыт» деп аталатын бірнеше түрге жіктеледі.



Сауытбұзар оқ — сауытпен жарақталған қарсыласқа қарсы қолданылатын садақ оғы, оқтың жебесі. Көшпелі халықтарда садақ оқтарының соғыста және аңшылықта әртүрлі мақсатта қолданылатын бірнеше түрі болды. Оқ жебесінің пішіні, жасалу материалы оның қолданылу қызметімен анықталды. Сауытпен жарақталған жауға қарсы қолданылатын оқ жебесі металдан төрт қырлы немесе үш қырлы болып соғылды. Қолданылуына байланысты мұндай жебелі оқты қазақтар «**сауыт бұзар**» немесе «**көбе бұзар**» деп атаған.



Селебе — пышақтың қанжар сияқты үлкен түрі. Оның басы түзу, бір жүзді болып келеді. Бұл пышақ түрі қылыш, сапы сияқты соғыста қолдануға арналған. Бұл қарумен кесу арқылы да, шабу арқылы да зақым салады.



Семсер — басы екі жүзді, түзу келген, сабы балдақты, шабу-түйреу арқылы жарақат салатын қару. «Семсер» арабтың «шамшир» сөзінің (екі жүзді кесу қаруы атауының) өзгерген түрі. Шығыста (иран, үнді халықтарының тілінде) «шамшир»/шемшир/шамшер» сөзі қылыш түрінің атауы ретінде қолданылады. Кейде қылышты «семсер» деп атау қазақтарда да кездеседі. Қазақ ауыз әдебиетінде семсерді соғылған болатының реңіне қарай «ақ семсер», «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деген эвфемистік атаулармен де атай береді.



Сүңгі — түйреу-шаншу арқылы зақым салатын, жебесі үшкір, жіңішке, бірнеше қырлы болып жасалынған, сауыт киген жауынгерлерге қарсы қолданылатын ұзын сапты қару түрі. Зақым салуға арналған, металдан соғылып жасалатын жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Кейбір сүңгілердің екі басында да жебесі болады. Сүңгі негізінен сауытпен жарақтанған жауынгерлерге қарсы қолданылатын қару. Сүңгі сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілгектер» тағылып, жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алып жүреді. Соғыс кезінде сүңгінің басына әртүрлі әскери белгілер — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жалаулар (желектер) тағылады. Ту — хандық билік, қолбасылық билік, байрақ — әскербасылық, батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналды. Түсті жалау — әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.




Сүрен — әскердің өз рухын көтеру үшін салатын қатты айқайы. Сүрен қатты айқай түрінде болатындықтан, кейде «айқай-сүрен» деген нұсқада да айтылады. Соғыс кезінде әскер өзінің рухын көтеріп, жаудың мысын басу үшін майданда жау әскерімен қарама-қарсы тұрғанда және айқасқа кіргенде бір-бірін ұрысқа шақырып, қатты айқайлап сүрен салады. Сүренді жеке жауынгер емес, өзінің біртұтастығын, бірлігін, біріккен күшін сезіну үшін бүкіл әскер бірігіп айқайлайды. Сүрен де ұран сияқты жұртты ұрысқа шақыратын айқай болғандықтан «ұран-сүрен» деген қос сөз түрінде де айтылады.

Сыпай — Шығыста (Орта Азияда, Иранда, Түркияда) әскери қауымнан, яғни феодалдық аристократиядан құрылған атты әскер жауынгерінің атауы. «Сыпай» парсыша «сипах» сөзінің қазақшаланған нұсқасы. Көне парсы тілінде бұл сөздің түбірі «асб», «аспа», парсыша «ат» деген сөз. Сипахтар — өзі де, аттары да сауытпен жарақтанған жауынгерлер. Қазақ тілінде бұл сөз «сыпа» және «сыпай» болып екі фонетикалық нұсқада кездеседі. Ауыз әдебиетінде «сыпай/сыпа» сөзі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер қауымның өкілі — батыр атауының баламасы ретінде қолданылады.



Сырнай — алдыңғы жағы кеңейіп келген қысқа түтік түріндегі үрмелі музыкалық аспап. Сырнайды жезден, мыстан, ағаштан, мүйізден жасаған. Өртүрлі дыбыстар шығару үшін өн бойында бірнеше тесіктері болады. Бұрынғы заманда сырнайды керней, дауылпазбен бірге соғыста әскери белгі беру үшін қолданып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірген.



Темір телпек/жез телпек — металдан соғылып және шығыршықтан тоқылып жасалған жауынгерлік жеңіл баскиім. Темір телпек негізгі екі бөліктен: темірден немесе жезден соғылып жасалған дөңгелек төбеліктен және оған ілінген кіреукелі мойын жапқыштан тұрады. Темір телпектің формасы да, қолданылуы да телпекке (тақияға) ұқсас. Тақияның сыртқы баскиімнің ішінен де, жеке де киілетіні сияқты, темір немесе жез телпек те әдетте дулығаның астынан қосымша қорғаныс ретінде де киілді, жеке де қолданылды.



Темір тон — денені қарсыластың қаруынан қорғауға арналған темір сауыттардың жалпы атауының ескі нұсқасы. «Тон» сөзі көне түркі тілінде «денеге киілетін киім» деген мағынада қолданылды. «Темір тон» атауында «тон» сөзінің осы көне мағынасы сақталған, батырлар киетін «темір киім», «темір сауыт» дегенді білдіреді. Халықтық әскери терминологияда сауыттың синонимі ретінде «тон» сөзі жауынгерлік сауыттың жеке түрлерінің атауларында да қолданылып, кіреуке сауыт — «кіреуке тон», көбе сауыт — «көбе тон», берен сауыт — «берен тон» деп атала береді. Ауыз әдебиетінде басынан аяғына дейін осындай темір сауыттармен жарақтанған батырлар әдетте «темір тон киген», «сауыттан тон жамылған» адамдар ретінде сипатталады.

Торғауыт сауыт/торғауыт — теріден жасалған сауыт. Әдетте ауыз әдебиетінде бұл сауыт түрі бес қабат, тоғыз қабат болып сипатталады. Италиян саяхатшысы Плато Карпини орта ғасырда моңғолдардың теріден бірнеше қабаттап сауыт жасайтынын сипаттап жазған. «Торғауыт сауыт» та осы әдіспен бірнеше қабат теріден жасалған болса керек. Торғауыт — моңғол тайпасының бірі. Оларда ортағасырлық моңғолдарда қолданылған, бірнеше қабат теріден сауыт жасау дәстүрі сақталған сияқты. Теріден бірнеше қабаттап жасалғандықтан, «торғауыт сауыт» өте берік болды. Батырлық жырларда мұндай сауытты көбіне қалмақ (жоңғар) хандары, батырлары кигені айтылады.



Ту — киелі әскери белгі. Ағаштан сапталып, матадан тігілген желектен және металдан жасалып, тудың басына орнатылатын киелі рәмізден — тудың ұштығынан тұрады. Тудың желегі әдетте үшбұрышты, төртбұрышты немесе трапеция формалы болып жасалып, желектің негізгі бөлігіне түсті матадан жасалған бірнеше (бір, екі, үш) таспалар түріндегі ту құйрықтары бекітіледі. Майданда жақсы көрінуі үшін тудың желегі мен құйрықтарына әдетте ашық қызыл, көк, жасыл, сары түсті маталар пайдаланылды. Тудың желегіне түрлі киелі бейнелер (қасиетті аңдар мен жануарлар, зұлпықар қылыш, періште, айдаһар, т.б. суреттер) салынып, киелі жазулар (әртүрлі



ұран, қасиетті сөздер) жазылады. Мысалы, орта ғасырлардағы көне түркілердің туларында олардың тотемдік символы болған бөрінің басы салынған. Тудың ұштығында әр халық өздеріне тән киелі діни рәміздерін бейнелеген. Бұл рәміз туға күш, киелілік беруге тиіс болды. Мұсылман халықтарында, оның ішінде қазақтарда да, тудың ұшында ислам дінінің символдары бейнеленді — жарты ай бейнесі салынып, Алланың есімі, Құран сөздері жазылды. Кейбір туларда ұштығының астына қылшашақтан, мата таспадан байрақтар тағылды. Ту мыңдық, түмен, лек сияқты үлкен әскери қосындардың киелі әскери белгісі болды. Киелі белгі болған тудан айырылу әскердің жеңіліске ұшырауымен бірдей саналғандықтан, соғыста туды ұстап жүруге ержүрек, батыр жауынгерлер тағайындалған.

Тұлпар — қазақтың көне дүниетанымындағы қасиетті ат түріндегі мифологиялық бейне. Мифтік сипаттағы ертегілерде, эпостарда тұлпар мифтік қаһармандардың — батырлардың көмекші қасиетті жануары ретінде көрсетіледі. Қазақтар болашақ батыр туғанда оның тұлпары онымен бірге туады деп сенген, яғни мифтік қаһарманға оның қанатты тұлпары аспан әлемінен арнайы түсіріледі. Қазақтар тұлпардың қолтығының астында көзге көрінбейтін қанаты болады деп санайды. Тұлпар — көшпелі халықтардың мифологиясында үш мың жылдай бұрын қалыптасқан көне мифтік бейне, ол аспан дүниесін мекен ететін, мифтік қаһармандарға көмектесу үшін арнайы жерге түсетін киелі рух түрінде суреттелген. Көне мифтік қанатты тұлпардың бейнесін біз үйсін, ғұн, сақ-скиф тайпаларының көне өнер ескерткіштерінен көре аламыз. Эпостық қаһарман Қобыланды батырдың аспанға ұшатын Тайбурылы — осындай қанатты тұлпар.




Шақпақты мылтық/шақпақты — шақпақты шүріппелі ескі мылтық түрі. Шақпақты мылтықта шүріппе шаппасының басы шақпақты бекітуге



арналған, бұрандамен тартылатын қысқаш түрінде жасалған, тұтатқыш дәрі салатын құлақ оқпанға емес, мылтық құлыбының тақтасына орнатылып, оқпан қазынасының тұтатқыш тесігімен жалғасқан. Құлақтың үстінде ашылып-жабылып отыратын арнаулы темір оттық түріндегі қақпағы болады. Шүріппені басқанда шаппаның шақпағы оттыққа ұрылып, соққыдан шыққан от ұшқыны құлақтағы тұтатқыш дәріні жандырып, одан тесік арқылы оқпандағы дәрі зарядына от берілді. Пілтелі шүріппемен салыстырғанда шақпақты мылтықта атылу процесі біршама жеделдетілді.

Шарайна – қайыс баулармен жалғанған бірнеше төртбұрышты немесе дөңгелек болат тақталардан құралып жасалған, сауыт сыртынан кеудеге, белге киілетін қорғаныс жарағы. Бұл жарақ тақталарының беттері айнадай жалтыратылып қоятындықтан, олар «айна» деп аталған. Жарақ атауындағы «шар» сөзі – «төрт» дегенді білдіретін парсы тілінен ауысқан сөз («шардақ», «шарбақ», «шарқат» сөздеріндегідей), яғни «шарайна» – «төрт айна» дегенді білдіреді, бұл жарақ көбіне төрт тақтадан тұратындықтан, осылай аталған. Тақталары болат темірден соғылып жасалғандықтан, шарайнаны кейде «шарболат» деп те атайды, яғни «төрт болат тақта» деген сөз.



Шоқпар – ұру, соғу арқылы зақым салатын қару. Бұл қару атауының түркі тілдеріндегі шокбар/чокмар/чокум/чокмак/токмак сияқты әртүрлі нұсқалары бұл атаудың түбірі соғу сөзі екенін, яғни соқпақ (соғатын, ұратын зат) дегенді мағыналайтынын көрсетеді. Шоқпарды жауынгерлер алдыңғы не артқы жақтан белге қыстырып алып жүрген. Ұзақ жолда, жорықта жүргенде шоқпарларды тақымның астына бастырып немесе алдыңғы қанжығаға байлап алатын болған.



Қалиолла Ахметжанов,
өнертану ғылымдарының кандидаты

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абсадықов А. Абылай хан ғұмырнамасы. Миф пен шындық. — Астана, 2005.
2. Абылай хан / Құраст. С. Дәуітов. — Алматы: Жазушы, 1993.
3. Ақжолтай Ағыбай батыр. — Алматы: Ғылым, 2002.
4. Ақылбек Сабалұлының қиссалары / Түсінігін жазып, баспаға дайындаған Ж.Қамалқызы. — Түркістан: Мирас, 1998.
5. «Алтай аясы» журналы // Алтай (ҚХР). — 1980. — № 2.
6. Арабско-русский словарь. — Москва, 1968.
7. Әлібек Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. Қазақ фольклоры текстологиясының кейбір мәселелері. — Алматы, 2004.
8. Джембул в изобразительном искусстве: Альбом / Сост. Л.Г. Плахотная, Н.А. Полонская. — Алма-Ата: Өнер, 1989. илл.
9. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
10. Дүзелханов А. Д 87 Альбом. — Алматы: Өнер, 2005. — 104 б.
11. Еңсегей бойлы ер Есім. — Алматы: Жалын, 2005.
12. Ер Жәнібек / Құраст. Ақын Байбосынұлы, Шәміс Құмарұлы. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2006.
13. Жетісу энциклопедиясы. — Алматы: Арыс, 2004.
14. Жыр-керуен. — Алматы: Ана тілі, 2004.
15. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т. 3. — Алматы: Ғылым, 1975.
16. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы, 1979.
17. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1–10-том. — Алматы: Ғылым, 1974–1986.
18. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001.
19. Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. 1-том / Құраст.: А. Сейдімбек, Б. Әзібаева, М. Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995.
20. Қисса-дастандар. — Жеменей (ҚХР), 1991.
21. Қожамқұли-бек Балхи. Тарих-и Қыпшақи. — Алматы: Принт, 2017. — 800 б.
22. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдине, 1991.
23. «Мұра» журналы // Үрімжі (ҚХР). — 1989. — № 2.
24. Нұрмұхаммедұлы Жанқожа. Зерттеулер мен мақалалар / Құраст. М.Қаназ. — Алматы, 2014.

25. Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006.
26. Өтеген батыр. — Алматы: АБА «АЙКОС», 1999.
27. Персидско-русский словарь. I—II т. — Москва, 1970.
28. Райымбек (ұжымдық жинақ). — Астана: Елорда, 2005.
29. Сағатжанұлы С. Қазақ батырларының деректемесі. Т. 1. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2001.
30. Сәнік З., Садыхан Б. Қаракерей Қабанбай. — Алматы, 1991.
31. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. — Алматы, 1961.
32. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Шығыстың бес елінің тарихы). — Алматы: Қазақстан, 1992.
33. Халық ауыз әдебиетінің қазынасы. Дастандар. Т. 1. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2011.
34. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1993.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова приступает к изданию 10 томов «Антологии Степного фольклора», которая является частью программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), предложенной Первым президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым в программной статье «Семь граней Великой степи». Ключевым моментом этой статьи явилось поручение издать антологию «Тысяча лет казахского фольклора и музыки», с наиважнейшей воспитательной целью показать молодому поколению истоки духовного богатства народа.

Результатом этого начинания и является издание антологии избранных образцов казахского фольклора. В третий том серии включены исторические сказания, в которых затрагиваются многочисленные темы, касающиеся становления казахской государственности в XV в., формирования казахской народности, трудности, возникшие в процессе развития ханства, межродовые распри, борьба с внешними врагами, судьбы предводителей казахского народа, стяжавших славу на пути достижения великих целей; подвиги в деле защиты свободы народа, целостности государства.

В редких фондах библиотек страны сохранились свыше сотни образцов исторических сказаний, многие из них имеют различные варианты. В данный том включены избранные сказания, достоверно отображающие важнейшие исторические события казахской истории, а также отличающиеся особой художественной выразительностью. В их числе историческое сказание «Сатбек батыр», в котором повествуется о борьбе батыра с Ермаком, русским завоевателем Сибири XVI в., в том числе и казахских степей. В сказании «Енсегей бойлы Есим хан» показана борьба казахского народа в первой половине XVII в. как с внутренними, так и с внешними врагами, рисуются общественная жизнь и военные походы блестящего предводителя народа Есим хана; также включено сказание об Абылай хане, прославившегося подвигами на поприще борьбы казахов за свободу и независимость, ставший символом свободы. Также вошли сказания, отображающие исторические реалии XVIII в., связанные с борьбой казахского народа с джунгарскими завоевателями, — это были выдающиеся батыры, окружавшие хана Аблая: «Абылай хан», «Богенбай батыр», «Кабанбай батыр», «Утеген батыр», «Олжабай батыр», «Ер Жанибек батыр», «Райымбек батыр», «Барак батыр». К сказаниям, отображающим события XIX в., когда отдельные казахские батыры, в том числе



Кенесары, возглавили борьбу с экспансией Кокандского и Хивинского ханств, а также с российской империей, относятся «Хан Кене», «Агыбай батыр», «Жанкожа батыр». В общей сложности в том вошли 13 произведений. В ряде случаев были отобраны варианты сказаний, бытующие в среде казахской диаспоры зарубежья.

В процессе подготовки тома, была проведена текстологическая работа по сравнительному анализу существующих рукописных вариантов и опубликованных ранее текстов произведений. Даны краткие аннотации к каждому сказанию, краткие пояснения, сведения об исполнителях и пересказчиках. В тексты некоторых произведений внесены редакционные правки и уточнения, а также устранены ранее допущенные при чтении рукописей ошибки в текстах на староарабском, тюрки; исправлены различные текстологические и стилистические погрешности. Структура тома соответствует требованиям, предъявляемым для издания Антологии. Произведения снабжены комментариями, портретами, биографиями сказителей, включены также иллюстрации, фотоснимки, ноты произведений.

В конце книги размещены: этнографический указатель, библиография, резюме на русском и английском языках. В постраничных сносках даны переводы и толкования древнетюркских, арабских, персидских и русских слов. Записи эпосов даны в исполнении казахских сказителей, приглашенных из разных регионов страны представляющие разные музыкальные направления, существующие в Казахстане.

С помощью указанного на обложке книги QR кода читатель может получить доступ к электронным и аудио версиям издания, размещенным на сайтах.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art starts publishing 10 volumes of "Anthology of the Steppe Folklore", which is part of the program "Rukhani zhangyru" ("Spiritual Revival"), proposed by the First President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in the program article "The Seven Facets of the Great Steppe". The key point of this article is the order to publish the anthology "A Thousand Years of Kazakh Folklore and Music", which has an important educational goal to show the origins of the spiritual wealth of the people to the young generation.

The result of this endeavor is the publication of the anthology of selected patterns of Kazakh folklore. The third volume of the series includes historical legends, which touch upon the numerous topics relating to the formation of Kazakh statehood in the 15th century, the formation of the Kazakh nation, the difficulties that arose in the development of the khanate, inter-clan strife, the struggle against external enemies, the fate of the leaders of the Kazakh people who gained fame in the way of achieving great goals; feats in protecting the freedom of the nation, the integrity of the State.

More than a hundred patterns of historical legends have been preserved in the rare collections of the country's libraries, many of them have various options. This volume includes selected legends that reliably reflect the most important historical events of Kazakh history, as well as being distinguished by special artistic expressiveness. Among them is the historical legend "Satbek Batyr" which tells about the battle of the batyr with Ermak, Russian conqueror of Siberia of the 16th century, including the Kazakh steppes. In the legend "Yensegey boyly Yesim Khan" describes the struggle of the Kazakh people in the first half of the 17th century with both internal and external enemies, social life and military campaigns of the brilliant leader of the people Esim Khan; also the legend about Abylay Khan, who became famous for his exploits in the field of the struggle of the Kazakhs for freedom and independence, which has become a symbol of freedom. Also it includes the legends reflecting the historical realities of the 18th century related to the struggle of the Kazakh people with the Dzungarian conquerors - these were the outstanding batyrs who surrounded Khan Abylay: "Abylay Khan", "Bogenbai Batyr", "Kabanbai Batyr", "Utegen Batyr", "Olzhabay Batyr", "Yer Zhanibek Batyr", "Rayimbek Batyr", "Barak Batyr". Legends, which depict the events of the 19th century, when individual Kazakh batyrs, including Kenesary, led the struggle against the expansion of the Kokand and Khiva khanates, as well as the Russian



empire, include Khan Kene, Agybay Batyr, and Zhankozh Batyr. The volume includes in total 13 works. In a number of cases, the variants of the legends that exist among the Kazakh diaspora abroad were selected.

In the process of publishing the volume, textual work was carried out on a comparative analysis of existing manuscript versions and previously published texts of the works. Brief annotations for each epic are presented, illustrations with images of batyrs, brief explanations, information about performers and storytellers are included (in some cases facsimiles of manuscripts are presented). Editorial amendments and clarifications were introduced into the texts of some works, and the mistakes made earlier in reading manuscripts in Old Arabic, Türkic were eliminated; various textual and stylistic errors have been eliminated. The structure of the volume complies with the requirements for the publication of the Anthology. The volume, which begins with annotation and ends with portraits and biographies of the storytellers, also includes comments, illustrations, photographs, notation of the works with audio recordings.

At the end of the book given: ethnographic indexes, bibliography, summary in Russian and English. The footnotes contain translations and interpretations of ancient Turkic, Arabic, Farsi and Russian words. Dastans have been recorded in various versions, performed by the storytellers from the different regions of the country, they have presented different kinds of performance techniques, existing from ancient times in Kazakhstan.

With the help of the QR code indicated on the cover of the book, the reader can access the electronic and audio versions of the publication posted on the websites.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	7
Тарихи жырлар	9
Еңсегей бойлы ер есім	13
Абылай хан	171
Хан кене	201
Сәтбек батыр	240
Бөгенбай батыр	256
Қабанбай батыр	283
Өтеген батыр	315
Олжабай батыр	340
Ер жәнібек	382
Райымбек батыр	407
Барақ батыр.....	433
Ағыбай батыр.....	498
Жанқожа батыр.....	509
Суретті сөздік.....	540
Әдебиеттер	576
Резюме.....	578
Summary	580



ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ

3-том

ИСТОРИЧЕСКИЙ ЭПОС (на казахском языке)

Утверждено Ученым советом
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор Ө. Әбдішүкірұлы
Компьютерде терген Ә. Әлияқбарова
Аудиожазбаны дайындаған Е. Елгезек
Дизайнер Т. Сорокина
Беттеген А. Жұмағалиев, Ф. Қапезова

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 ×108 ¹/₁₆ Көлемі 36,5 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды



